

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ: «БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ
ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ДАМУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН
АРТТЫРУ»**

**ОБЛЫСТЫҚ ОНЛАЙН ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ**



МАТЕРИАЛДАРЫ

Түркістан, 26 ақпан 2021 жыл



МАТЕРИАЛЫ

**ОБЛАСТНОЙ ОНЛАЙН НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

**К 30-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН: «ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ
УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГОВ В УСЛОВИЯХ
ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ»**

Түркістан 2021

КБЖ 74.204

Қ18

Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан облысының әдістемелік орталығы» КММ-нің әдістемелік кеңесінде баспаға ұсынылған, № 1 хаттама 21.01.2021ж.

Редакция алқасы:

Турсынбаев Абай Закирович (ред. басқарған)

Панова Айгүл Нәбижанқызы, Дуйсебекова Алия Макулбековна,

Тойшиева Жадыра Ыдырыскызы

Қ18 **Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай: «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру»** облыстық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы областной научно-практической конференции к 30-летию независимости Республики Казахстан: «Повышение качества знаний учащихся через развитие профессиональной компетентности педагогов в условиях обновления содержания образования» /ред. басқарған А.З.Турсынбаев .– Түркістан 2021.- 579 б.

Облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағына ЖОО ғалымдары, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің математика, жаратылыстану, қоғамдық, эстетикалық пәндер бағытындағы әдіскерлері, облыстың жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің (математика, физика, информатика, химия, биология, география, тарих, көркем еңбек) білім сапасын арттыруға арналған ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік материалдары енгізілген.

Жинақ білім саласының қызметкерлеріне арналған.

КБЖ 74.204

©Түркістан облысының

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті қонақтар, әріптестер!

Биыл біздің халқымыз, ең қастерлі мерейлі мерекені атап өтуде, ол- ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы! Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл - қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес» -деп атап өтті.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде әлемдегі елдердің озық тәжірибесін тиімді пайдаланып тұлға қалыптасуының негізін қалайтын орта мектептің білім беру жүйесінде оң өзгерістер жасауды қажет етеді.

Қазіргі кездегі білім берудің басты мақсаты - жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Бүгінгі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» тақырыбындағы облыстық он-лайн ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты - жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың жаңа әдіс, тәсілдерін меңгеруде педагогтерге ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету.

Конференция барысында математика және жаратылыстану пәндерінде оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді жолдары қарастырылатын болады. Бүгінгі іс-шарада 9 секция жұмыс жүргізіп, оған әр ауданнан іріктеліп алынған құнды мақалалар қорғалады.

Сондай-ақ бүгінгі конференцияға ЖОО ғалымдары, біліктілікті арттыру орталығының оқытушылары, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің математика, жаратылыстану, қоғамдық, эстетикалық пәндер бағытындағы әдіскерлері, облыстың жалпы орта білім беру ұйымдарының математика, физика, информатика, химия, биология, география, тарих, көркем еңбек пәндерінің педагогтері қатысып отыр. Бүгінгі конференция жұмысы көтерілген мәселелерге, жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білім берудің дамуына жол ашып, білім сапасының артуына оң ықпал етеді деген сенімдемін. Олай болса, еліміздің ертеңі болар шәкірттерімізді дайындап, өмірлік тәрбие мен білім берген шығармашыл ұстаздардың жұмысына сәттілік тілеймін!

Турсынбаев Абай Закирович
Түркістан облысы әдістемелік
орталығының директоры

ЕЛБАСЫ ИДЕЯСЫМЕН ЖАҢҒЫРҒАН ТҮРКІСТАН - ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Садықов Сейдулла

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, Түркістанның еңбек сіңірген қызметкері

Ұлт ретінде жұтылып кетудің қара бұлты торлаған ауыр саяси-экономикалық жағдайда еліміз өз Тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басқан болатын. Міне, осындай сын кезеңде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев ел тұтқасын қолына алды.

Біздің республикамыз бен халқымыз қиын да қайғылы жолдан өтті. Сталинизм жылдарында Қазақстанда концентрациялық лагерьлер орналасып, оған кейбір халықтар тұтасымен жер аударылды, атом сынақтары жасалды. Космодром мен сынақ аландарының да көбі осында. Сырттан 2 миллион адам күштеп көшірілгендіктен көп ұлтты елге айналдық. Тағы 2 миллиондай адам тың көтеруге жіберілді. Бұл – әрине, демографиялық естен тандыру еді.

Ұзақ жылдар бойы адамзат көшінен көз жазып, азаттық, еркіндік дегеннің, иелік, қожалық, егемендік дегеннің байыбына барып көрмеген ұрпақ ойламаған жерден империяның казармалық бұғауынан босап, бостандық әлеміне шыққанда, қайда бет аларын білмей абыржып қалған-ды.

Бірінші кезекте тәуелсіздік жағдайында мемлекет ретінде қалыптасуға бағыт алу міндеті алға қойылды. Биліктің мемлекеттік институттарын құруға, түрлі деңгейдегі дүниежүзілік ұйымдарға кіруге алғашқы қадамдар жасау ауадай қажет еді. Осы орайда 1992 жылдың басында дүниеге келген «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» тұңғыш жоспарлау тәжірибесі болды. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен жасалған Стратегия қазақстандық ұлттың өзін-өзі танып білу жөніндегі мәселенің идеологиялық іргетасын қалаған республиканың тұңғыш ресми құжаттарының бірі еді.

Сол тұста жарық көрген Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» деп аталған тұғырнамасы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған, өтпелі кезеңді жан-жақты сипаттаған, болашақтың бағдаршамы іспеттес аса маңызды еңбек болды. Онда азат елдің алдында тұрған ұлы міндеттер – тағдырдың ұрпақ мандайына жазған мемлекет құру, ел басқару ісін демократияландыру, осымен бір мезгілде нарықтық экономикаға көшу жан-жақты сараланды. Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында империялық шовинистік пиғылдағылар ұлттық мүддеге нұқсан келтіру, азаттық жолына түскен жергілікті халықтың тілін, дінін, мәдениетін, басқа да рухани қазыналарын жандандыруға қалай да тосқауыл жасау әрекеттеріне ашық түрде барып жатты. Олар Кеңестер Одағының құрамында болған республикаларға жөнсіз тиісіп, олардың ішкі өміріне араласуды дағдыға айналдырды.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында ғасырға пара-пар маңызды істер атқарылды. Республиканың тұңғыш Ата Заңы қабылданды. Қазақстан өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар тәуелсіз дербес елге айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымына, Шанқай Ынтымақтастық Ұйымына, Ислам конференциясына, тағы басқа бірқатар беделді ұйымдарға мүше болды, шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды, шетелдік іскер адамдардың егемен елімізге деген ынтасы арта түсті. Осылардың бәрі тұтас ұлт болашағының алтын дінгектеріне айналды. Ұлттық сананың өрлеуі ұлттық жаңғырудың тұтас жүйесін қозғалысқа келтірді. Осынау ұлы істердің басы-қасында Тұңғыш Президент Н.Назарбаев жүрді, тендессіз маңызға ие болған сан қырлы игілікті шаралардың ұйытқысы болды. Республикамыз әлемдік дамуда өз орнын алып, оң-солын тани бастаған тұста, яғни 1997 жылы 10 қазанда еліміздің Парламентінде 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясы ресми түрде жарияланды. Сол күні Елбасы Қазақстан халқына ең алғашқы Жолдауын арнады. Бұл жыл сайынғы дәстүрге айналды.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың керегесін кеңге жайған тәуелсіз мемлекет құру идеясын жанына жалау ететіні, тұған халқына берген антына адалдығы осы кезге дейін атқарып келе жатқан жасампаздыққа толы айшықты істерінен айқын аңғарылады. Елбасының өз қолынан шыққан төл туындылары – «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Евразия жүрегінде», «Қазақстан жолы», Бейбітшілік кіндігі» атты еңбектеріндегі жүрекжарды ой-пікірлері, нақты тарихи тұжырым-толғаныстары кім-кімді болмасын терең ойларға жетелеп, көкірек көзін ашады.

Көпұлтты Қазақ елінің тәуелсіздік тұғырындағы ұлан-ғайыр табыстары, еңсесін көтеріп, әлемдік өркениет көшінде өзін-өзі әлемге таныта білуі ең алдымен сан алуан ұлттардың ынтымақ-бірлігінде, тізе қоса қамылдауында десек артық айтпаймыз. Республика халықтарының ұлтаралық, дінаралық, қоғамдық келісім-ынтымағы қалыпты өмір салтына, барлық жетістіктердің қайнар көзіне айналғаны нақты өмір шындығы. Қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттер – кеңпейілдік, дархандық, толеранттық өзге ұлттармен сыйластық, құрмет сезімінің негізіне айналған. Ынтымағы жарасқан елдегі жасампаздық салтанатының бүгінгі айшықты бейнесі әлем алдындағы беделді биікке көтеріп, алға бастауда. Қазақстан халқы Ассамблеясының Тәуелсіз еліміздегі алар маңызы да ерекше сипатқа ие болып отырғандығы да сондықтан.

Қазіргі қазақ қоғамындағы өркениетті елдер қатарына шүбәсіз алып баратын бірден-бір жол елдегі тыныштық, сан алуан ұлттар арасындағы өзара келісім болып табылатындығын арта түскен абырой-бедел, «Қазақстан» деген елдің, «қазақ» деген халықтың бет-бейнесі мен өзіндік үнінің асқақтай түсуі, еліміздің Орталық Азия көшбасшысы ретінде таныла бастауы айқын дәлелдегендей. Осы абыроймен көмкерілген ұлы жолда Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев әлем таныған шоқтығы биік тұлғаға айналды.

Кеңестік дәуірде қазақ халқының бастан кешірген ең үлкен қасіреттерінің бірі – өз жұртында жүріп-ақ азшылыққа айналуы. Қазақ тілінің толық мағынасында кең құлаш жаюы үшін ана тілінде сөйлеп, ойлай алатын ұлттық орта қажет. Патшалық-отаршылдық экспансия, сталиндік-голощекиндік

геноцид, куғын-сүргін кезінде қатал тағдырдың тәлкегімен әлемнің түпкір-түпкіріне тарыдай шашырап кеткен қазақтарды Атажұртқа қайтару ғана ұлттық ортаны қалыптастырудың ең маңызды шарты болмақ. Өзге елдердегі төрт миллионнан астам қандастарымызды құшағымызға басқанда ғана ана тілімізде сөйлейтін ортаның орнығары анық. Тұңғыш Президенттің пәрменімен Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Ұлы көш басталып кетті.

Қазақтардың идентификациялануы мен ұлттық бәсекелестікті, өзге ұлттармен пара-парлыққа ұмтылысты ту етіп көтерген Тұңғыш Президентіміз атажұртқа ансап жеткен қандастардың Қазақстан азаматтығын алуына түпкілікті қоныстануына қолайлы жағдай туғызуды әрдайым басты назарда ұстап келеді. Қазіргі таңда Атажұртта қайта қауышып, азаматтығын алған бір миллионға жуық өз бауырларымыздың түтін түтетіп, шат-шадыман өмір сүріп отыруы осының айқын айғағы болып табылса керек.

Түркілік дәуірде бабаларымыз ұстанған ислам діні кеңестік дәуірде атеизмнің ұранымен құбыжық етіп көрсетілді. Патшалық Ресей мен кеңес заманында ислам дінін ығыстыру мақсатымен қаскөйлектің адам айтқысыз шаралары жүзеге асырылды. Мешіттер мен медреселер түгелге жуық жабылды, діни кітаптар өртелді, «дін - апиын» деген ұғым белең алып, қазақ қоғамын құдайсыздар жайлады, рухани жұтандық бел алды.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұғырына көтерілгенде ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген ислам дінінің гуманизмге толы бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарын барынша дәріптеуге айқын бағыт алынды. Кеңес дәуірінде елімізде 25 мешіт қалса, тәуелсіз елімізде мешіттердің саны 2 мыңнан асты. Ел саясатында дінге кең жол ашылды.

Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүше Қазақ елінің соңғы онжылдықта әлем мұсылмандарының құрмет-қошеметіне ие болып отырғанын ешкім де теріске шығара алмайды. Тұңғыш Президент Н.Назарбаев діндераралық үнқатысуларға, ортақ келісімдер мен басқосуларға айрықша мән береді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен еліміздің Елордасында жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері қазіргі заманғы діндер арасындағы жаһандық үнқатысудың жарқын да іскерлік көрінісі ретінде әлемдік қоғамдастықтан жоғары баға алуда.

Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Әлемдік ядролық қарусыздану бағытындағы тендесі жоқ еңбегі ел Тәуелсіздігінің елең - алаңында, яғни 1991 жылғы 29 тамызда «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойған күнінен бастау алады. Қазіргі таңда Қазақстанның Тұңғыш Президентінің осыдан жиырма сегіз жылдан астам уақыттағы тарихи Жарлығы жер шарында мойындалып отыр. Сол тұста Елбасының адамзат тарихында бұрын-сонды болмаған қадамға баруын асқан көрегендік пен даналықтың жарқын символы ретінде бағалаған жөн.

2012 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Оңтүстік Кореяның астанасы Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі екінші жаһандық Самитте әлемнің 53 мемлекет басшылары алдында сөйлеген сөздерінде АҚШ Президенті Барак Обама, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун, тағы басқа алып мемлекет басшылары Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жер бетінде ядролық

қарусыздану жөнінде тұңғыш үн көтеріп, ядролық полигонды жапқанын, сөйтіп адамзат болашағына өлшеусіз үлес қосқанын зор ризашылық сезімдерімен айтты. Осылайша, Тәуелсіз Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жұмыр жер бетіндегі Бейбітшілік генераторына айналып отыр! Мұны көкірек-көзі ояу әр қазақтың, күллі Қазақстан халқының мақтан етуге хақысы бар. Президентіміздің әлемдік беделінің асқақтай түсуі Қазақ елінің, ұлтымыздың мәртебесін көтеріп, мерейін асыра түсті!

Қазақ елінің 2010 жылғы желтоқсан айында Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына байсалдықпен табысты төрағалық етуі ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының содан бергі аралықтағы сессияларында ұдайы айтылып келеді, Астана Саммитінде қабылданған Астана Декларациясының орасан зор маңызы лайықты бағалануда. Қазақ елінің әлем алдында танылып, мойындалуының бұдан асқан жарқын дәлелдерін келтіріп жатудың қажеті де бола қоймас!

Елін сүйген, елі сүйген Елбасы жөнінде, оның әлемдік деңгейдегі абырой-беделі тұрғысында аз жазылып жүрген жоқ. Осы орайда Қазақ елінің Тәуелсіздік жылдарында қалың оқырмандарына жол тартқан қабырғалы кітап-естеліктердің сөрелердің шырайын келтіріп тұрғанын ризалықпен айтуға тиіспіз.

Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың 2017 жылы сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рухани өрлеуіміздің нақты бағдарламасы ретінде қабылданғаны баршамызға аян. Елбасының елімізде үлкен серпіліс туғызған «Ұлы даланың жеті қыры» атты кезекті мақаласы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қабылданды.

Әрбір халықтың баршаға ортақ қасиетті жерлері болады. Осы тұрғыдан келгенде Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Идеяның түп төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және тағы басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» деп ежелгі тарихи жәдігерлерімізді тілге тиек ете келе, мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайтынын айтады. Президент «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын әзірлеу барысында ішкі және сыртқы мәдени туризмді өркендету мақсатымен осы қастерлі мұраларға сүйене отырып, мәдени маңыздылығы тұрғысынан келгенде Түркістан мен Алтайдың ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар екеніне баса назар аударады.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» атты екінші бөлімінде дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты жұмыстарды бастауға бағытталған ірі жобаларды ұсынады.

Адамзат баласы тарихындағы түркі әлемі деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани шаңырағы ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің отаны – қасиетті Түркістанда бабалар рухы жаңғырып жатыр. Ежелгі Түркістан – тегі

бір, ділі бір, діні бір күллі түркі халықтарының рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы.

Қазіргі киелі Түркістанда классикалық философиялық, археологиялық, тағы да басқа бағыттарды кең өріс алдыру үлкен маңызға ие екенімен ешкім де дауласа алмайды. Бұған білім ордасының ғалымдары өз үлестерін қосуға дайын. Олай дейтіміз, ғылыми әлеует бар. Бір таңқаларлығы сол, күні бүгінге дейін Ахмет Ясауи терең зерттелмеген, ұлы ғұламаның жеке өмірі, тарихы жөнінде там-тұмдап қана білеміз. Ясауи музейі қажет-ақ. Сондай-ақ осында жерленген хандарға, батырлар мен билерге арналған ашық аспан музейін іске қоссақ, қала мәртебесінің биіктей түсері сөзсіз. Осы орайда мына мәселелерге де баса назар аударсақ нұр үстіне нұр болар еді. Біз «Түркістан – мұражай қала» концепциясын ұсынамыз. Түркістан атырабында ескі шаһарлар тұтасып жатыр. Дәлірек айтар болсақ, 60 шақырым жерде Арыстанбаб кесенесі, 40 шақырым жерде ежелгі Сауран қаласы, Қаратау бағытына қарай 50 шақырым жерде Үкаша ата, Жылаған ата және басқа да әулиелі жерлер, 40 шақырым жерде Сырдария өзені, жылы су көздері орналасқан. Туризмді дамытуға сұранып тұрған қолайлы аймақ.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында білімге айрықша назар аударады. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек, - дейді Мемлекет Басшысы. – Жастарымыз басымдық беретін мәселелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Тәуелсіздік жылдарында елімізде білім-ғылым саласына барынша мән беріліп, жан-жақты жағдай жасалуда. Мұның жарқын дәлелдерін жүздеп келтіруге болады. Осы ретте бір ғана мысал келтіре кетейік. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылғы 6 маусымда бұрын аудан орталығы болып келген шағын қалада Түркістан Мемлекеттік университетінің ашылып, оған ұлы ақын және ойшыл, алғашқы түрік ислам сопысы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімі берілуі күллі түркі дүниесінде тарихи оқиға еді. Келесі жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Келісім бойынша Түркістан Мемлекеттік университеті түркі дүниесіндегі тұңғыш Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесіне ие болды. Содан бері арада отыз жылға жуық уақыт өтті. Халықаралық білім ордасы Орта Азиядағы іргелі оқу орындарының бірінен саналады. Қазірге дейін оқу орнын 80 мыңнан астам жас бітіріп шықты. Олар елімізде және шетелдерде өндіріс, білім, бизнес секілді қызметтің көптеген өзекті салаларында жүр.

Жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – терең білімді, іс-тәжірибесін жүзеге асыруға қабілетті білікті маман даярлау. Киелі топырақта бой көтерген білім ордасы Италияның Болон университетінде үдерістің негізі болып қаланған университеттердің Ұлы Хартиясына қол қою арқылы білім берудің әлемдік кеңістігіне қосылды. Болон декларациясының талаптарына сәйкес құрылымға бірсыпыра өзгерістер енгізіліп, жаңа стратегиялық бағыттар белгіленді.

Университет әлемдік деңгейдегі білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша да білім тарататын, тәжірибе алмасатын орталық болып табылады. Университет шетелдегі 50 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық келісім-шарттар жасаған.

Саналы ғұмырын білім және ғылым саласына арнап келе жатқан айтулы азамат Болатбек Серікбайұлы Абдрасиловтың университет басшылығына келуі тың үрдістерге кең өріс ашып отыр. Айталық, Түркістан қаласының облыс орталығы болуы – аймақты дамытуға, инфрақұрылымдық жобалардың қарқынды өсуіне тың серпін беретінін, алдағы уақытта білікті мамандарға деген сұраныс артатынын ескере отырып, педиатрия, құрылыс, архитектура, ветеринарлық медицина, агрономия, қоғамдық денсаулық сақтау, ақпараттық қауіпсіздік мамандықтарын ашу үшін жұмыс жүргізілуде.

Алдағы тұрған өзекті мәселенің бірі оқытушы-профессорлардың сапалық құрамын талапқа сай жоғары дәрежеге көтеру болып табылады. Оқу орнында 70-тен астам ғылым докторы, профессор, 300-ге жуық ғылым кандидаты, доцент, 200-ден астам ғылым магистрі қызмет етеді. Мұнан тыс Түркияның бірқатар университеттерінен 200-дей профессор кезек-кезегімен келіп, лекция оқуда.

Университетте қазіргі кезде 29 ұлт өкілі саналатын 10 мыңнан астам жас білім алуда. Оның ішінде түркітілдес 17 мемлекеттен келген 1200-дей студент пен тыңдаушы бар. Студенттер негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылады. Сондай-ақ барлығы 54 мамандық бойынша білім алуға мүмкіндік болса, 30 мамандық бойынша магистратура, 4 мамандық бойынша резидентура және 11 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылған.

Жыл сайын қазақстандық талапкерлерге Түркия Республикасы тарапынан 500 білім гранты бөлінеді. Түркия гранттары бірінші кезекте республика бойынша ҰБТ мен КТ қатысып, жоғары ұпай жинағанмен Қазақстан грантына түсе алмаған талапкерлерге беріледі.

Университетте аумағы 13 мың шаршы метр болатын 120 орындық жаңа клиника ашылған. Клиника Түркиядан арнайы алынған қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Халықаралық білім ордасында Ғылым орталығы жұмыс істейді. Оның құрамында Түркология, Ясауитану, Экология және Археология ғылыми-зерттеу институттары бар. Университеттің ғылыми-зерттеу институттары Елбасының ұлттық бәсекелестікке қол жеткізу үшін білім мен ғылымды өндіріспен ұштастыру, отандық инновация жүйесін қалыптастыру бағытындағы алға қойып отырған талаптарды орындау жөнінде ғылыми-зерттеу аясын кеңейте түсуде.

Елбасы – Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының екінші бөлімінде қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларды қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап ететіні алға тартылып, таяу жылдары атқарылуы тиіс міндеттер белгіленді. Осы орайда Елбасы ең бірінші қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажеттігіне тоқталды.

Тұңғыш Президенттің қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлығы Тәуелсіз еліміздегі ең басты оқиғалардың біріне айналып отыр. Білім ордасының оқытушы-профессорлары мен студенттері латын әліпбиіне көшу – Қазақ елінің рухани жаңғыруындағы жаңа қадам екенін терең түсіністікпен қабылдап, барынша қолдауда.

Жарлықта нақты көрсетілгендей, латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің бекітілуі, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшуін қамтамасыз ету, осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы шаралар қабылдау мақсатындағы Қаулы баршамызды жігерлендіріп, қуанышқа бөлеуде.

Елбасының бағдарламалық мақаласында алға қойылып отырған ұлтымыздың рухани жаңғыруына бағытталған таяу жылдардағы міндеттер біртұтас ұлт болуға, мәдени және сана ашықтығына ұмтылуға, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлетуге бастайды. Сондықтан да білім ордасы студенттерінің рухани жан-дүниесін байыта түсудің маңызына мән бере отырып, Рухани жаңғыру орталығын ашты. Қазіргі таңда бұл орталық Түркістан облысы мен қаласының тиісті бөлімдерімен бірлесе отырып, өз жұмыстарын жандандыра түсуде.

Елбасы «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынына кәміл сене отырып, Қазақ елін мекендейтін әрбір жанның бойындағы туған жерге деген сүйіспеншіліктің Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатынын қадап тұрып айтты. Әрбір қазақстандық өз елінің патриоты болуға міндетті. Патриотизм өз тарихы мен тамырын білумен тікелей байланысты болса керек.

Ежелгі Түркістанда шаңырақ көтерген Халықаралық білім ордасы тек ғылым мен білімнің нәрімен сусындатып қоймай, қалаға көрік беретін үздік сәулеткерлік шеберлікпен салынған оқу ғимараттарымен, оқытушы-профессорларға арнайы салынған коттеждерімен, спорттық сауықтыру кешендерімен, зәулім Мәдениет орталығымен, жатақхана, асхана және кітапхана кешендерімен де ерекшеленеді. Аумағы 160 гектарды алып жатқан таңғажайып ботаникалық бақ та қасиетті Түркістанның көркіне көрік қосып тұр.

Сан ұлтты студенттер арасындағы достық білім ордасының қабырғасыда жүргенде мәңгілік нығая түседі. Бүкіл түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылатын да солар. Олар өзара қарым- қатыныста жүріп, туыстас халықтардың тарихын, мәдениетін және тілін терең ұғынады. Білім ордасының студенттері өзге студенттерден білім сапасымен ғана емес, сонымен қатар патриоттық рухымен де ерекшеленеді. Университет еліміздің нағыз патриоттарын даярлауда. Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен салауаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз атындағы Халықаралық университеттің рухани астанамыз – қасиетті Түркістанда шаңырақ көтеруі жастар жүрегін нұrlандырады.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің отыз жылға жуық уақыт ішінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгілікті істердің белең алуына бастауда.

Осыдан үш жыл бұрын Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Түркістан облысының дүниеге келіп, Түркістан қаласының облыс орталығына айналуы Түркі әлемінде тарихи оқиға болды. Бұрын аудан орталығы болып келген шағын шаһар қазір мәдени орталықтары көз тартатын жасыл желекті, көрікті қалаға айналып келеді. Қасиетті мекеннің жасарып-жаңғыруында, өсіп-өркендеуінде Қазақ елі Тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес. Білім ордасы еліміз Тәуелсіздігінің символына, түркі халықтарының білімі мен ғылымының, мәдениеті мен өнерінің алтын бесігіне айналды.

Елбасының киелі Түркістанға жиі-жиі ат басын бұратыны мәлім. Кеңес Одағының кезінде-ақ университетті ашу жөніндегі Жарлыққа қол қойған оның білім ордасының болашағына үміт-сеніммен қарағаны күмәнсіз. Әлем түркілерінің рух астанасы – қасиетті Түркістанның бүгінгідей жасарып-жаңғыруында білім ордасы жетекші рөл атқарып отырса, түркілер бірлігі жолындағы ұлы іске тас-түйін жұмылған мыңдаған шәкірттер университет қабырғасынан түлеп ұшып жатса, бұл сенімнің ақталғаны емес пе! Тұңғыш Президент қасиетті Түркістан топырағына қадам басқан сайын алдымен университетке соғып, оқытушы-профессорлармен, студенттермен жүздесетіні, өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі сұрастырып, аландаушылық білдіретіні де дәл сондықтан болар. Зиялы қауым мен шәкірттер білім ордасын мақтаныш сезіммен «Елбасы құрған университет» деп атайды.

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 30 ЖЫЛ

Султанбеков О.У., Танкыбаев М.А., Уразымбетова А.Е.

Түркістан облысының әдістемелік орталығы, Түркістан қаласы
sultanbekov_orynbasar@mail.ru

ҚР тәуелсіздігіне биыл 30 жыл толады. Тәуелсіздіктің бұл кезеңінде қазақ елі дербес мемлекет, дамушы қоғам ретінде қалыптасты. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанда алғаш болып Америка Құрама Штаттары, Қытай, Ұлыбритания сонан соң Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран ислам республикасы сияқты мемлекеттері мойындады.

Қазақ халқының туелсіздікке деген ұмтылысы бұл аталған 30 жылмен шектелмейді. Патшалық Ресейдің отарына айналғаннан бастап қазақ елінің асыл ұлдары қанша көтерілістерге (қазақтардың Кенесары хан, И.Тайманов бастаған патшалық Ресейге қарсылықтары және т.б.), ресейдің империяшыл қызыл көз идеологтарымен жарыс сөздерге (Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы) шығып жатты. Осы айтылғандардың жарқын мысалы, А. Байтұрсынов бастаған қазақ делегациясының қазақ елінің территориясы туралы Ленинмен жүргізген келісімдері. 1920 жылдың 26 тамызында Қазақ автономиясын құру

және оның жер көлемін белгілеу жөнінде декрет дүниегекелді. Кремльде өткен ұзақ тартыстан соң, қызыл пролетариаттың көсемі – Ленин арнайы қаулыға қол қойды. Бұл – жеке азат ел болуды аңсаған Алаш арыстарының жанқиярлық еңбегінің арқасы еді.

1991 жылы Ресей империясының шарықтау шегі Кеңестер Одағы ыдырап тәуелсіздік Тәңірінің сыйы ретінде қазақ халқына да келіп жетті.

Осы Кеңестер Одағы жиырмасыншы ғасырда қазақ халқының басына небір зобаланды келтірді. Кеңестер билігін орнату барысында орын алған жиырмасыншы жылдардағы ашаршылық, отызыншы жылдардың басында жүргізілген ұжымдастырудың нәтижесінде туындаған ашаршылық – қазақ халқына қарсы жасалған геноцид деп айтуға болады. «Халықтардың мұртты әкесі» кәнішер Сталин ұйымдастырған саяси жаппай репрессия қазақ халқының қаймағы болып саналатын асыл азаматтардың өмірін қиды. Ұлы Отан соғысындағы қан майданда қазақ ұлтының қаншама боздақтары опат болды. Одан кейін сексен алтының желтоқсандағы аязында алаңға шыққан қазақ жастарының қаны төгілді. Міне, біз осы Тәуелсіздікке қаншама тартыс, күрес, төгілген қан, тамған тер, көз жасы арқылы жеттік. Біз үшін бұл Тәуелсіздіктің, еркіндіктің қасиеті жоғары

Осы 30 жылдың ішінде тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы көптеген жетістіктерге жетті. Тәуелсіздіктің белгісі ретінде солардың бірқатарын атап өтейік.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылында тәуелсіз мемлекеттің өкілі ретінде Тоқтар Әубәкіров ғарышқа сапар шекті.

1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі елі болып жарияланды. Осы жылы мемлекеттік рәміздер — Әнұран, Елтаңба және Туды жасауға конкурс жарияланып 1992 жылдың 4 маусымында Президент Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны туралы» заңға қол қойды.

1993 жылдың 15 қарашасында ұлттық валютамыз - теңге айналымға енді.

1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумның негізінде Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданып, 5 қыркүйек күні өз күшіне енді.

1997 жылы 20 қазанда Н. Назарбаев Ақмола қаласын Қазақстанның жана астанасы деп ресми түрде жариялады. Осы жылдың 8 қарашасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін Алматыдан Ақмолаға шығарып салу рәсімі өтті. Сондай-ақ, 3 желтоқсанда Премьер-Министрдің кеңсесі Ақмола қаласына көшті. 1998 жылы Ақмола қаласы Астана деп аты өзгертілді.

2006 жылдың қаңтарында мемлекетіміздің жаңа Әнұраны қабылданды. Әнұран негізіне Ж.Нәжімеденовтің сөзіне жазылған композитор Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні алынды. Әнұран мәтініне президент Н.Назарбаев өзгерістер енгізіп, оны Парламент қабылдады

Қазіргі Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі 2010 жылы Еуропа, Орталық Азия және Солтүстік Американың 56 елін біріктіретін ірі өңірлік құрылым - Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етуі болды. Қазақстанның төрағалық етуінің қорытындысы

ретінде 2010 жылғы 1-2 желтоқсанда Астана қаласында ЕҚЫҰ елдерінің саммиті болды.

2015 жылдың 27 шілдесінде Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етті.

Қоғам өмірі тек қана жетістіктерден тұрмайды, республикамыздың алдында көптеген шешуін талап ететін қиын мәселелер де тұр. Солардың бірі еліміздің тәуелсіздігін сақтап тұру. Бұл бағытта халқы үшін адал қызмет ететін, қоғам өміріне белсене араласатын білімді қоғам мүшелері қажет. Еліміздің қазіргі кезі, келешегі осындай тұлғалардың қолында.

Әдебиет:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев "Тәуелсіздік бәрінен қымбат", «Егемен Қазақстан» 5 қаңтар 2021

2. Тұрсын Жұртбай «Алаш арыстары қазақ шекарасын қалай бекітті?»

<https://ult.kz/post/alash-arystary-kazak-shekarasyn-kalay-bekitti1>

3. Кенжебала Байдулатова «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер»

«Edunews.kz».

ТӘУЕЛСІЗДІК-ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ, ҰЛТТЫҢ ТІЛІ, ДІЛІ

Басқараева Рапия Тухтабаевна

Түркістан облыстық әдістемелік орталығы
тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдіскері

Тарих тереңінде қалмай сан мәрте сындарлы кезеңнің сызатын жарып, дүние көшіне ілескен қазақ елінің өткен жолы алмағайып. Ауыздықпен алысып, етігімен су кешкен ауыр күндерге төтеп көнбіс те болды, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заманда барын шайқап, аста төк жомарт та болды. әуірім зор заманға тән сұрқылтай күйін де кешті. Болмыстың осы кейпін көріп, ұлы Абай «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзелсе, Жұбан ақын «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деп күңіренді. Ұлан-байтақ елімізге көз салушылар көп болды. Қаннен қаперсіз жатқан елімізге жоңғар қалмақтары тұтқиылдан шабуыл жасап, қалың жұртты қан жылатты. XV ғасырдың басында дүрліккен ел шұбыра қашып, ақтабан шұбырынды болды. Жұрт Алқакөлге аялдап, қасиетті Қаратауға бас сауғалады. XVII-XIX ғасырларда халқымыз еркіндік пен тәуелсіздігінен аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар. Тіліміз бен дінімізден, салт-дәстүрімізден айырылып қала жаздадық. Халқымызды сол қастерлі жолдан қызғыштай қорыған біртуар асыл арыстарымызды жоғалттық. Еркіндік аңсаған бабалардың қандай күйге түскенін көре, сезе тұра, ұрпақтың тілі

кұлыпта, рухы бұғауда болды. Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ – нағыз батыр халық екенін мойындайсың. Жүгі нарда, қазаны теңде болып, көшіп, қонып өмір сүрген ата-бабаларымыз үш нәрсені бойтұмардай сақтап қадірлеген. Ол ел мен жер және ана тілі. Қандай халық болмасын осы үшеуінсіз егемен ел екенін дәлелдей алмайсың. Төзімді серік етіп, «Үнсіздерге күн болған» лениндік саясат салмағын, сталиндік ақтаңдақ азабын, брежневтік тоқырау тоспасын, горбачевтік қайта құру баспасын бастан кешкен халқымыз ауыртпашылықтың бәрінен арымай өтіп, аңсаған күнге де жетті. Бодандықтың бұғауын бұзған егемендік сағаты сыртылдай соғып, Тәуелсіздіктің нұрлы таңы келіп жетті.

Егеменді ел атанып, тәуелсіздік жолымен дербес дамудың қиын да, ұзақ сапарына шыққанымызға да отыз жылдың жүзі болды. Талай ғасырлар бойы ата-бабаларымыз еркіндік пен тәуелсіздік таңын аңсап келген. Иншалла олар көксеген арманға ХХ ғасырдың соңына қарай қол жеткіздік. Соның арқасында бүгінгі таңда өз бағыт-бағдарын ұстанған, өркениет елдер мойындаған жеке мемлекетке айналдық

Тәуелсіздік жолында ту тіккен халқымыздың бойындағы қуат-кернеуінің күштілігі сондай, біз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға»да төтеп бере алдық. Халық жеңіске батырларымыздың білек күшімен, хандардың даналық ақылымен, би-шешен, ақындардың семсердей өткір тілімен жетіп отырды. Енді міне, тәуелсіздігімізді алып, мемлекетіміз аз ғана уақыт ішінде тұтас ғасырға жүк боларлық аса ірі тарихи істерді жүзеге асырды. Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданды. Бір кездері тынысы тарылып, талықси бастаған тіліміз қайта жанданып келеді. Әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз жаңғыруда. Қоғамдық санамыз оянып, еңсеміз көтеріліп келеді. Міне, жаңарған Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар ел болдық. Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Біз үшін тәуелсіздіктен асқан мұрат, бірліктен асқан мақсат жоғы анық.

Сөзімді қорытындылай келе, мыңға жөн айтып алқалы топты аузына қаратқан қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың сөзімен айтқанда «Біз мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз». Бір сөзбен айтқанда қалайтынымыз бейбітшілік, тыныштық, бостандық, еліміздің босағасын нығайту. Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолмен алға баса береміз. Тәуелсіздігіміздің ерекше белгілерін қастерлеу, қадірлеу мына біздердің, жас ұрпақтың қолында екенін ұмытпайық!

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын-қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да, мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те, ерлік те біздің қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз- Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет. ХХІ-ғасырда

қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін баянды еткей!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН Тұлғалар

Темирбаева Ақмарал Мейрбековна

Түркістан облысының әдістемелік орталығының кітапхана ісі әдіскері

«Тәуелсіздік» деген ұғымның мағынасы өте терең. Тәуелсіз ел болуымызды аңсаған уақыт кездері мен соған жету арман жолдары ата – бабаларымыздың аманаты іспеттес. Тәуелсіз ел болу деген сөздің астарында қаншама мағына, қаншама қасиет, өлшенбес дүние жатыр. Халқымызда «Елу жылда – ел жаңа» деген сөз бар. Ал біз елдің жаңаруына, түлеп-өркендеуіне небәрі отыз жыл ішінде қол жеткіздік. Мұның бәрі, ең алдымен, Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев ұстанып отырған сындарлы саясаттың нақты жемісі. Тәуелді ел болу қиын болса, тәуелсіздік алу да қиын. Бабаларымыз хандық құрған кездегі ел билеу саясаты қолдан сусып кеткен кезді қайтару үшін сан жылдар мен бірге уақыт кемесімен алға ұмтылу мен талайлы күндер өтіп, тау жоталары шөгіп, құм жағалауы сусып тұрақтамайтындай кезеңдер болды. Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Сондықтан да егемендігімізді көздің қарашығындай сақтап, ұлықтауымыз қажет.

Әлем тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі Махатма Гандидің: «Дүниені өзгерту үшін өзіміз өзгеруіміз қажет», - деген ойлы сөзі бар. Өркениетті, көшбасшы елге айналу, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру мақсатындағы іс-қимылды әр азамат өзінен бастауы қажет.

Елдің тұтастығы мен тыныштығы – өмірін сарп еткен ерлер мен батырлардың өлшеусіз ерлігінің, асқақ рухының арқасында келді. Бұл қасиетті ерлік шежіресі – бүгінгі буын арқылы келер ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік. Осы өнегені, елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді жастардың бойына дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеу – бүгінгі таңда әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы.

Тәуелсіздік – әрбір қазақ үшін оның өзі өмір сүрген ортасына, жеріне, ұлтына, ұрпағына аманаттай алатын асыл сезім, құдіретті күш, баға жетпес байлық. Тәуелсіздікке ұмтылу кезеңдерінде елі үшін еңіреген ерлер, қайсар тұлғалар хан Кене, Исатай, Махамбеттей ардақтыларымыз тартысса, қолындағы қалам қаруымен алысқан Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов «Алаш азаматтары» атанған ерлер ерлігі дәріптеліп, жас ұрпақ санасын жаңғыртатын, ұлт болашағын үлгі тұтар, жол көрсетер тарихи тұлға болып, мәңгі біздің жүрегімізде орын алды. Одан бері еңбек майданы мен соғыс майданында ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен батырларымыз Бауыржан

Момышұлы, Қасым Қайсенов аталарымызбен бірге Қазақ елін өркендетуге үлес қосқан бірегей басшы, ұлт мақтанышы Д.А.Қонаев ағамыздай ардақтыларымыз қайталанбас өнегелі тұлға.

Қазақ елі болып қалыптасуымызға, тәуелсіз ел болуымызға үн қосқан жас батырлармен қалай мақтанбасқа. Желтоқсанда елдің егемендігін аңсаған жастар алаңға шықты. Желтоқсан желі дауылға айналып, өрттей лаулаған жастар ұлттың намысын, тәуелсіздік үшін күрестің күдіретін әлемге паш етті. Ол күн - тәуелсіздік туын ең алғаш көтерген әйгілі 1986 жылдың 16 желтоқсаны еді.

Әлі де бостандық деп атар таңдар,

Қайрат, Ләззат, Ербол, Сабиралар.

Осылар Желтоқсанда қаһармандар, - деп ақындарымыз жырлағандай, тәуелсіздік елімізде орнап, егеменді ел болдық.

Тәуелсіздік қырандары болып сап түзеген, 1986 жылғы «Желтоқсанның ызғарына» қақталған, ел үшін, тәуелсіздік үшін өздерін атуға үкім етілсе де қайыспаған қаһарман жастарымыз, бізге үлгі өнеге болып қала береді. Тарих бетінде орны бар Қайрат, Ербол, Ләззат тағы басқалар желтоқсан қаһармандарына мәңгілік алау жағып, келесі ұрпаққа: келісті тарихи тұлғалар сараланып, тау алыстаған сайын биіктей береді деген ұғымға сай уақыт пен тарихтың төрінен орын берейік. Тәуелсіз ел болуымызға бар жан дүниесімен қызмет еткен тұлғалар дараланып, еңбегімен сараланып ұрпақтарына өнеге бола бермек. Тәуелсіздік бізге тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жаңғыртуға жол ашты. Осы 30 жылда еліміз көптеген жетістікке жетті, Қазақстанды әлем таныды.

Қазақстан ел болып өзі тұңғыш қазақ тілінде "Халықтың Көш-қоны" заңы пайда болды. Айтарым, 30 жылда осы заң аясында елімізде қазақтың саны арта түсті. Мен тәуелсіздікке үлес қосқан тұлға дегенде осы тұңғыш қазақ тіліндегі заң Қазақстан парламентаризмінде тұңғыш қазақ тілінде «Халықтың көші-қоны туралы» заңының авторы Әкім Ысқақ ағамызды айтар едім. 1992 жылдан Ордабасы ауданы білім бөлімінің меңгерушісі болған. Балаларға арналған «Котлет» атты тұңғыш сықақ әңгімесі 1977 жылы «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде басылған. Әкім ағамыз Түркістан қаласында өз оқырмандарымен өткен кездесу кешінде, ең алғаш өте қиын болғандығын және тәуелсіз ел болсақ та орыс тілінің рөлі өктем болатындығын тілге тиек етті.

Алыпсыңдар, батырсыңдар, мәңгі ұрпаққа аманатсыңдар, тәуелсіздік тұлғалары!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың салихалы саясатын қолдап, осы күнге жеткізген ардақты жандар жайлы айтар сөз де, жазар шығарма да біздің еншімізде деп білемін.

Елімізде 2007 жылдан бері «Бір ел – бір кітап» акциясы бастау алып келеді. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне 30 жыл толу құрметіне орай аталмыш акция «30 жылға – 30 кітап» атауымен де жүріп жатыр. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмасы аясында «Оқуға құштар мектеп - Оқуға құштар ұлт» жаңа жоба дүниеге келді. Еліміздің Тәуелсіздігіне үлес қосқан тұлғаларды жастарымыз әдебиеттер оқу арқылы танып өседі. Ендеше,

жобаны жандандыру мақсатында барша қазақ елін кітап оқып, рухани бай болуға шақырамын!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Көсемәлі Сәттібай. Менің елім. Алматы, 2016 ж.
2. Еркін Нұразхан. Өз елім менің — өзегім менің. Алматы, 2013ж.
3. Қазақстан мектебі. Тәуелсіздік тұғырым. №12, 2012 ж
4. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. 2017ж.
5. Тәуелсіздік тұғырым
6. Егемен қазақстан газеті; 2019ж.
7. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2178>

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту-оқушылардың білім сапасын арттырудың басты факторы

Панова Айгүл Нәбижанқызы

ТО әдістемелік орталығының «Оқу пәндерін әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімінің басшысы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында :«Сондай-ақ, ең маңызды мерекеге – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты тиісті іс-шараларды іске асыруымыз қажет. Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін» -деп атап өтті. Сонымен қатар аталған Жолдауда білім беру сапасын жақсарту, ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасындағы алшақтықты жою мәселесіне аса мән беру қажеттігіне тоқталды.

Жолдауды іске асыру барлық білім беру деңгейлерінде оқытудың сапасын, педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай жасауды талап етеді.

Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик А.Қ.Құсайынов салыстырмалы педагогиканы зерттеуші әлемдік деңгейдегі ғалымдардың бірі. Ол өз еңбектерінде үздік әлемдік тәжірибені және отандық білім беру жүйесін зерттей отырып, білім сапасының 8 құраушыларын атап көрсетеді:

$$C_{\text{біл}} = C_{\text{ст}} + C_{\text{о}} + C_{\text{ккб}} + C_{\text{мс}} + C_{\text{т}} + C_{\text{ғзж}} + C_{\text{бас}} + C_{\text{мтб}}$$

$C_{\text{біл}}$ – білім сапасы;

$C_{\text{ст}}$ – білім стандарттар мен оқу бағдарламаларының сапасы;

$C_{\text{о}}$ – оқу әдебиетінің сапасы;

$C_{\text{ккб}}$ – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі;

$C_{\text{мс}}$ – білім мониторинг сапасы;

$C_{\text{т}}$ – рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы;

$C_{\text{ғзж}}$ – ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасы;

$C_{\text{бас}}$ – басқару жүйесінің сапасы;


$C_{\text{мтб}}$ – материалдық-техникалық база сапасы.

Бұл формулаға сәйкес жоғарыда аталған құраушылар сапасы жоғары болағанда ғана оқушылардың білім сапасы артады. Осы білім сапасын құраушылардың ішінде білім стандарттары мен оқу бағдарламаларының, оқу әдебиетінің, ғылыми зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру республикалық көлемде атқарылады. Ал облыс, аудан көлемінде педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін, білім мониторинг сапасы, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасы, басқару жүйесінің сапасы, материалды-техникалық база сапасын көтеру жұмыстарын жүйелі жүргізу керек.

Педагогтердің кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін дамыту – жоғарыда аталған білім сапасы құраушыларының ішіндегі ең маңыздысы болып табылады, себебі білікті ұстаз-кемел білім кепілі.

«Құзыреттілік» (латынша *competenens* – қабілетті) – орындалатын жұмыстың мәнін, қойылған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын жан жақты білу, сонымен қатар сол жұмысқа сәйкес келетін іскерлік пен дағдының болуы. Кәсіби құзыреттілік – адамның өзі таңдаған қызметінде өз білімін көрсетіп, нені, қалай және не үшін үйренетінін алдын-ала айқындап, білікті маман болуға бағытталуы, қорытындылай айтсақ, өмір бойында үйренуге ұмтылу.

Мұғалімдердің құзыреттілігіне оқушылардың білім сапасының тәуелділігі



Шартты белгілер:

* – ең үздік 20% мұғалім санына кіретін;

** – нашар 20% мұғалім санына кіретін.

11 жаста үлгерімі нашар болған оқушылардың 14 жаста қажетті деңгейге (стандартты талаптарға сай) жетуге 25 пайыз ғана мүмкіндігі болады.

Білім сапасын көтерудегі ұстаз рөлі

Білім беру саласы дамыған елдердің тәжірибесі көрсетеді:

- білім жүйесінің сапасы онда жұмыс жасайтын мұғалімдердің сапасынан жоғары болмайды;
- білім беру нәтижесін жақсартудың бірден-бір жолы оқытуды жақсарту болып табылады;

- сапалы оқытуды әр балаға жеткізбей тұрып, барлық оқушылар білімінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мүмкін емес;
- мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін көтерудің тиімді және әртүрлі жүйесін енгізу керек;
- мектепте кәсіби құзіреті төмен бір мұғалім жұмыс жасайтын болса, онда балаларға қырық жыл сапасыз білім берілетін болады.

Әлемдік тәжірибеде педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін көтеру төмендегідей іске асады:

- сырттан әкелінген идеялар сыныпта және мектепте өзгерістердің болуына автоматты түрде әсер етеді деген түсінік жалған болып есептелінеді;
- жақсы мұғалімді тек қана жақсы мұғалімдер тәрбиелей алады, ал ол үшін жас мұғалімдер тікелей тәжірибелі тәлімгерлердің сыныбында оқуы керек;
- жас мұғалімдер толық мөлшерлемеде жұмыс жасайды, бірақ бір жыл көлемінде аптасына екі күнге дейін оларға жеке тәлімгер тағайындалады
- аға мұғалім және шебер мұғалім тағайындалады, олар тәлімгерлік және басқа мұғалімдердің кәсіби құзыретін көтеру жұмыстарын атқарады.

Елімізде мұғалімдердің өз білімдерін жүйелі дамыта отырып оқушылардың білім сапасын арттыруда бірнеше бағытта жұмыс жасауды талап етеді:

- біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыратын іс шаралар (семинар, конференция, ашық сабақ, шебер сынып, байқаулар, тренингтер, т.б.);
- мұғалімнің өз бетінше үздіксіз білім алуы;
- белсенді әдіс – тәсілдерді сабақ барысында қолдану;
- саралап оқыту (оқушының қажеттілігіне қарай оқыту);
- рефлексивті практика (іс әрекеттегі зерттеу, сабақты зерттеу тәсілдері)

Осы бағыттар мұғалімдердің жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі факторлар болып есептеледі.

Облыстық, аудандық әдістемелік кабинетер Педагогикалық шеберлік орталықтары, «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталықтары, Назарбаев зияткерлік мектептерімен бірлесе отырып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда облыстық, қатар өз бағыттары бойынша жұмыстар жүргізуде. Бүгінгі конференция да мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға үлес қосары сөзсіз.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту – педагогикалық инновацияларды қабылдауды, өзгеріп жатқан педагогикалық ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Құзыретті мұғалім жұмыстарына жеткілікті уақыт бөліп, оқушының білімі мен дағдыларын дамытып қана қоймай, оның оқуын барынша даралау және оқушының бойында метасананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытуы тиіс. Сонда ғана заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі -оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана алатын болады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін кең ауқымды дағдылардың мәні де осында.

Мен өз ойымды ұлы педагог Ш.Амонашвилидің төмендегі сөзімен аяқтағым келеді: «Кез келген пайдалы реформа ұстаздан басталады. Егер мен жаман ұстаз болсам, менің қолыма жақсы бағдарламаларды берудің қажеті не? Ал егер мен жақсы ұстаз болсам, қолымдағы жаман бағдарлама сапасы білім беруге маған кедергі бола алар ма? Әдістемені өзіңше көріп, өзіңше түсініп, бар жан-тәніңді балаларға бағышта. Әуелі шығармашыл, ойшыл, тәуелсіз ұстазды тәрбиелеу керек. Оларды ұрыспай, керісінше мадақтау керек. Олар өмір суретшілері емес пе? Бүгінгі ұстаздар 21 ғасыр бейнесін салуда».

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы 2021ж.
2. А.Құсайынов «Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс: шығу жолдары»- Алматы 2016ж
3. К.Құдайбергенова «Құзырлылық амалының негіздері»-Алматы, 2006ж.

ӘДІСКЕР - БАҒЫТТАУШЫ, ІЗДЕНУШІ, ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА

Орынбасар Данияр Шәріпұлы

Түркістан облыстық әдістемелік орталығының «Басқару және білім сапасының менеджменті» бөлімінің шағын жинақты және ауылдық мектептерді дамыту жұмыстарының әдіскері

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты бәсекеге қабілетті де білімді, зерделі маман дайындау. Мектеп – шәкірт тәрбиелейтін орта, оның жүрегі-мұғалім десек, ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп өткізе отырып, шәкірт жүрегіне жол таба білуді болып табылады. Ұстаз атана білу, оны қадірлеп-қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Мұғалім – ол өз пәнін, кәсібін шексіз қадірлейтін барлық шәкіртті, мектебін шексіз сүйетін адам, сондықтан өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға екендігі даусыз.

Осындай маман иелерінің кәсіби шеберлігін арттыруда олардың маңдай тері еңбектерінің жемісін көруге көмегін тигізетін әдіскер қауымының атқарар еңбегі қашанда ауқымды, маңызды, қажетті және жауапты іс болып қала бермек. Демек әдіскер қызметінің нақты міндеттерін анықтап мақсаттарын белгілеу маңызды. Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырып отырушы әдіскер қызметінің мақсаттарын белгілеуде басшылыққа алынатын нәрсе:

1. Білім беру үдерісінің базалық даму бағыты.
2. Мұғалімдер мен жетекшілердің кәсіби қиыншылықтары.

Осыларды нақтылау дәрежесіне сәйкес мақсаттар иерархиясы пайда болады.

I-деңгей мақсатына білім беру қызметінің «білімділіктен» - «күзiреттiлiкке» өтуiн жатқызамыз. Әдiскерлер осы өтпелi кезеңде педагогтарға жағдай жасап бiлiм беру мекемелерiнiң даму парадигмасына сәйкес жұмыс жүргiзедi, соның арқасында базалық бiлiм беру үдерiсi мыналарға қол жеткiзедi:

- түлектердiң мамандық таңдау әлемiнiң өзгерiсiн түсiнуi;
- өзгерiстерге бейiмделi механизмдерiн жасау;
- бiлiм алушылардың инновациялық бiлiмдi iздеу, табудағы өзiн-өзi басқару, бағыттау, ұйымдастыру қабiлеттерiне қол жеткiзетiн өзiндiк тетiктердi қалыптастыру.

Басқаша айтқанда әдiскер қызметiнiң стратегиялық мақсаты, жаңаша бiлiм беру құндылықтарын басшылыққа алған жаңаша әлеуметтiк «тапсырыспен» анықталады.

II -деңгей мақсаттары былай болады:

- бiрiншiден педагогтар мен жетекшiлердiң өздерiнiң кәсiби әрекеттерiн қанағаттандыруына жағдай жасау;
- екiншiден, әдiскер мұғалiмдердiң қажеттiлiктерiн қамтамасыз етiп қана қоймай, олардың дамуына жағдай туғызуы керек.

III- деңгей мақсаттары кәсiби дайындалған әдiскер атқаруға тиiстi мiндеттер: әдiскердiң шешетiн шынайы кәсiби мiндеттерi өз атқаратын бiлiк жүйесiне сай болуы, сонымен қатар қазiргi таңдағы кәсiби әдiскерлердi дайындау мазмұнына кiруi шарт.

Осылайша әдiскер қызметiнiң мынадай формаларын ажыратуға болады:

- бiлiмдiлiк – технологиялық;
- зерттеушiлiк;
- ендiрушiлiк;
- ақпараттық;
- кеңес берушiлiк;
- сараптамалық;
- жобалаушылық.

Бiлiмдiлiк – технологиялық қызмет – бұл басқа бiлiм беру саласы мамандары шеше алмайтын арнайы қызмет әрекетi. Бұл әрекеттiң мәнi мынада- әдiскер педагогикалық технологиялар мен бiлiм беру үдерiсiндегi басшылыққа алынған жайттардың бәрiнен хабардар болады. Осылайша әдiскер өз бiлiмiн жетiлдiрумен қатар өзгенi де қамтиды.

Зерттеушiлiк қызметi – бұл қызмет бiлiм беру ұйымдары жетекшiлерi мен педагогтары кезiктiрген қиындықтардан туындап отыр. Инновациялық әрекетке қосылған олар өздерiнiң педагогикалық жұмыстары мен ұжым жұмысына талдау жасау қажеттiгiн;

Сондай ақ, бiлiм беру ұйымын дамыту идеясы мен оны жүзеге асыру формаларын iздеу қажеттiгiн түсiндi. Зерттеушiлiк қызмет 3 бағытта жүргiзiлуi мүмкiн:

- теориялық зерттеулер;
- ғылыми практикалық немесе тәжiрибе –эксперименттiк зерттеулер;
- әдiстемелiк құралдар мен iс-тәжiрибеге бағытталған зерттеулер.

Ендірушілік қызметі – білім беру жүйесіне еніп жатқан жаңа инновациялық технологиялары мен педагогтардың жемісті еңбегінің арқасында пайда болған озат тәжірибелерді тарату, білім беру үдерісіне ендіру керектігінен туындап отыр.

Ақпараттық қызмет – жаңаша ақпараттық құралдар мен интернет жүйесі арқылы жүргізілетін мұғалімдер жұмысын ұйымдастыру. Оларға қарапайым күнделікті сабақ презентацияларын жасау мен интерактивті тақтадан бастап, онлайн сабақ, интернет олимпиадалар мен байқаулар, электронды жүйе мен электронды үкіметке дейінгі қасалатын жұмыстар.

Сараптамалық қызмет – мектептердегі инновациялық әрекет нәтижесінде сараптама жасауды талап ететін жұмыстар көбейіп отыр. Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан сапалы өсуге талпынысы, олардың біліктілік аттестациясы жұмысын бағалау критерилеріне де мұқият түзетулер жасауды талап етіп отыр. Бұл туралы тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында «Педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арқаулық педагогтік білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет» делінген.

Осы орайда әдіскер қызметі маңызды рөл атқарады. Ол критерилер құрастырушы. Осылайша әдіскерлік қызметтің сараптамалық деп аталатын түрі қалыптасты. Білім берудегі оқу-тәрбие жұмыстарының жай-күйін, оның нәтижелігін талдайды. Авторлық, байқау оқулықтары мен бағдарламаларын, оқыту технологияларын, оқу-әдістемелік құралдарды сараптауға қатысады.

Талдау – диагностикалау әрекетін жүзеге асырады. Оқу үрдісі сипатының әлеуметтік тапсырысқа, мектептің даму тұжырымдамасы мен бағдарламасына, жоспарланған нәтижеге сәйкестігін анықтайды, басқару жүйесінің ықпалының деңгейін, оқу-тәрбие үрдісінің дамуы мен сапасын анықтайды. Озат педагогикалық іс-тәжірибенің қалыптасуына, жинақталуына, таратылуына белсене қатысады.

Кеңес берушілік қызмет – мұғалімдердің сапалы сабақ беру, өз жұмысын жүйелі ұйымдастыру қажеттілігінен туындайды. Әсіресе жас мамандарға әдістемелік көмек беруде әдіскердің білімділігі мен технологиялық «қарулану» қызметі сипатталады. Әдіскер жас мамандарды ғана емес әр ұстазды 40 минуттық сабаққа 5 қаруы сай батырдай даярлықта болуға және өз білімін қой іздеген «аш қасқырдай» талаппен жетілдіріп отыруына ықпал етуі тиіс.

Сонымен қатар педагог-қызметкерлердің ғылыми-зерттеу мен тәжірибесынақ жұмыстарына жетекшілік етеді. Зерттеу мәселесі және өз бетімен білім көтеру тақырыптары бойынша кеңестер береді. Ғылыми - әдістемелік кеңес жұмысына жетекшілік етеді, педагогтардың шығармашылық пен инновациялық бағытта жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Педагогтардың ғылыми-әдістемелік жұмысын ұйымдастырып, мамандардың біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастырады. Жобалаушылық қызметі мектеп жұмысын жоспарлау мен бағдарлау кезінде көрініс табады. Олар мектеп директорымен мектептің кешенді - мақсатты даму бағдарламасын, ғылыми-әдістемелік және эксперименттік жұмыстардың жоспарын, білім беру мекемесінің моделі мен оның құрамдас жүйесін жасауға қатысады.

"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы шықты. Мұндағы әдіскердің лауазымдық міндеттері:

- педагогтермен әдістемелік жұмысты ұйымдастырады, курсаралық кезеңдегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін зерделейді;

- білім беру ұйымдарын жетекшілік ететін мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

- мамандықтар бойынша педагогтердің біліктілігін арттыруды болжайды және жоспарлайды;

- педагогтердің оқу-әдістемелік құжаттарын (дидактикалық материалдарды), семинарларын, конференцияларын, конкурстарын, олимпиадаларын әзірледі, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады;

- педагогтер мен білім беру ұйымдарының инновациялық және тәжірибелік-эксперименттік қызметінің нәтижелерін талдайды және қорытады;

- білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтарына оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын ұйымдастыруда консультациялық және практикалық көмек көрсетеді;

- педагогтерге көмек ретінде библиографиялық анықтамалар, әзірлемелер, тестік және басқа да материалдар жасайды, оларды әдістемелік кабинеттерге, аудан (қала) педагогтарының назарына жеткізеді;

- оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық тәжірибесі туралы ақпаратты жинақтайды және таратады;

- мониторинг жүргізеді және педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының неғұрлым нәтижелі тәжірибесін таратады;

- педагогикалық қызметкерлердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;

- білім алушылардың конкурстарын, көрмелерін, олимпиадаларын, слеттерін, жарыстарын өткізу бойынша қажетті құжаттаманы ұйымдастырады және әзірлейді.

Сонымен әдіскер жұмысының нәтижелілігі педагогтермен оқушылардың жетістігі. Педагогтың әрбір жетістігі, әрбір аттаған қадамы биікке жетелейтін сатыны қалыптастырады. Ол сатының алғашқы баспалдағы – үлкен тәжірибе, үлкен өмір мектебінің бастауы екені мәлім. Әдіскер, үйретуші, бағыттаушы, жаңалықты жеткізуші, шығармашыл тұлға. Олай болса, әдіскер де ұстаздардың аталған факторлардың барлық сатысынан өтуіне бірден-бір ықпал етуші адам.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім саласындағы жаңару – заман талабы. В.Утегенова. [bilimger.kz](https://bilimger.kz/25225/)
<https://bilimger.kz/25225/>

2. Жоба.Әдіскер қызметі. <https://www.referat911.ru/Psihologiya/zhobadsker-ymet/69657-1574955-place1.html>
3. Әдістемелік қызмет арқылы педагог қызметкерлердің кәсіби-педагогикалық құзіреттілігін арттыруды ұйымдастыру. О.А.Жалғасова. <https://kopilkaurokov.ru/zavuchu/>
4. Білім беру ұйымдары әдіскері қызметінің моделі. А.Қ. Балғалиева. <https://vseuroki.pro/doc/blm-beru-yumday-dsker-ymetn-model.html>

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА, ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМІН КӨТЕРУГЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Саипов Динмұхаммет Абибуллаұлы

Түркістан облысы әдістемелік орталығының информатика пәні әдіскері

Біттібаева Гүлмира Мейірханқызы

Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
информатика пәні әдіскері

Қазіргі қоғамның талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

(К.Д.Ушинский)

Қашықтықтан оқыту (distance – Learning) – мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желісінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті» деп Аристотель айтқандай, білім мен өнер - сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Осы орайда, педагогтер қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру барысында басшылыққа алатын негізгі нормативтік-құқықтық актілерді білуі қажет. Олар: «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізбейтін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, бекітілген нормативтік-құқықтық актілер, қашықтықтан білім беру технологиялары негізінде оқу процесін ұйымдастыру ережелері және мектептерде қашықтықтан оқытуды енгізу бойынша ҚР БҒМ бұйрықтары негізінде жүзеге асырылады.

Орта білімді беруде педагогикалық қызметкерлер нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптеріне байланысты ақпаратты меңгере отырып, ақпараттық білім

беру ортасы, аддитивті технологиялар, қашықтықтан оқыту, қашықтықтан оқыту технологиялары, цифрлық технологиялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электрондық оқыту, онлайн курстар, ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық мәдениет, ақпаратты қорғау, цифрлық сауаттылық, цифрлық имфрақұрылым ұғымдарын білуі тиіс.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты заманауи талаптарға сәйкес қоғамды дамытудың тиімді де сапалы технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Сол себепті, өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әрбір педагог өз кәсіби тәжірибесін жаңашылдыққа бағыттап, әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануы шарт. Осыған орай қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді.

Педагогтің міндеттері мен жауапкершілігі: оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидағтарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартта көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санатының деңгейін бес жылда кемінде бір рет арттыруға, қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына жәрдемдесуге, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзіреттерін, дербестігін шығармашылық қабілеттерін дамытуға міндетті. [1]

Қашықтықтан оқыту жағдайында білім беру сапасын арттыру өзекті мәселердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің шешуі білім беру мазмұнын модернизациялауды, білім беру үдерісін ұйымдастыру тәсілдері мен технологияларын жетілдіруді, яғни білім берудің мақсаттары мен нәтижелерін қайта ой-елегінен өткізуді талап етеді. Қоғамымыздың болашағы дұрыс бағытта дамуы жас ұрпақтың іс-әрекетіне, тәлім-тәрбиесіне, сана-сезіміне, дүниетанымына тікелей байланысты. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі мен білімі мәселесі кезек күттірмейтін, тәуелсіз еліміздің болашағын айқындайтын ең маңызды міндеттердің бірі. Ал осы міндетті шешу педагогтың еншісінде. Осындай күрделі мәселенің шешімін табу жолында педагогтер өз педагогикалық іс-әрекетінде сол жаңалықтарды, инновациялық технологияларды, әдіс-тәсілдерді жете ұғынып, тәжірибеде ұтымды қолдана білуі керек.

Педагог өзін-өзі кәсіби жетілдіру мен дамытуға кіріспес бұрын, өз іс-әрекетінің қандай да бір өткен кезеңіне SWOT-талдау қорытындыларын жасап отыруы керек. Өз әрекетінің үдерісі мен нәтижелерін талдай отырып, мұғалім рефлексия жасайды. Рефлексия (латын сөзінен аударылған reflexio – өткенге сүйену) – толғану, өз-өзін байқау, өзін-өзі тану. Кәсіби сана-сезім өзін-өзі тану негізінде қалыптасады. Осының нәтижесінде педагог білім беру үдерісінің заңдылықтарын түсініп, педагогикалық шеберлікке бір адым болса да жақындай түседі. [2]

Ғалым Е.Н. Волкова педагог субъектілігінің құрылымының негізгі компоненттерін атап көрсетті. Олар: белсенділік, рефлексияға қабілеттілік, таңдау еркіндігінің болуы және оған жауапкершілік, субъектінің бірегейлігі,

басқаны түсініп қабылдау, өзіндік даму. Осы аталған білімдендіру кәсіби өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің жетекші компоненті болып табылады. Өзін-өзі білімдендіру дегеніміз педагогтың педагогикалық үдерісті жетілдіру үшін қажетті жалпы адапаттық тәжірибені, әдістемелік және арнайы білімді, кәсіби біліктілік пен дағдыны меңгертуге байланысты мақсатты жүзеге асырылатын танымдық әрекеті. Өзін-өзі білімдендіру – мұғалімнің маман ретінде өсуінің негізі.

Өзін-өзі білімдендіруді реттеу мақсатында ұстаздарымыз портфолио дайындауды қолға алған. Портфолионың негізгі мақсаты – педагогтың өзін-өзі білімдендіруі бойынша жұмысын, оның іс-әрекетін сипатын бағалау, педагогтың шығармашылық және кәсіби өсуін қадағалау, рефлексия дағдысының қалыптасуына жағдай жасау болып табылады. Портфолионың жобасын құру әр педагогтың жекелік ерекшеліктеріне байланысты. Маңыздысы, педагог өз жұмысын, өзінің нәтижелерін талдай отырып, педагогикалық жетістіктерін жалпылай және жүйелей алуы қажет, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалап және қиыншылықтарды жеңу тәсілдерін көре білуі керек, сонымен қатар одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуге тартылғаны дұрыс.

Педагогтердің өз білімдерін ұдайы жетілдіріп, дамытуына және бір-бірімен іс-тәжірибе алмасып отыруына әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Padlet» онлайн қызметін пайдаланамын. Бұл виртуалды тақта интернет арқылы жасалып, педагогтердің смартфондарында тиімді қолдану негізінде жүзеге асырылады. Педагогтерге портфолио ретінде пайдаланып және оны ұстаздармен бөлісемін. Білімді өзектендіру үшін барлық қажетті материалдарды, ұстаздардың жетістіктері мен фотосуреттерін виртуалды тақтаға қоямыз. Педагогтер аталған тақтаға өз жетістіктері мен сабақ барысында білім сапасын көтеруге арналған шығармашылық жұмыстарын, сабақ барысында пайдаланатын әдіс-тәсілдерін жүктейді және көшіріп ала алады. Сонымен қатар педагогтер қашықтықтан оқыту кезінде виртуалды тақтаны оқушылармен сабақ өту барысында өте тиімді пайдалануға болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жаңа формация мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты» деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында әртүрлі технологияны саралап, оны сабақ барысында пайдалану барысында жанашыл педагогтер бір-біріне қолдау көрсетері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы №645 қаулысы
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ МЕҢГЕРУДЕ БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫНА Л.АНДЕРСОН ЕНГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Түйебаев Мейірбек

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Х. Ғ. К., аға оқытушы

Мақалада критериалды бағалаудың технологияларын дұрыс пайдаланудың жолдары мен таксономияның Андерсон ұсынған үлгісін қолданудың тиімділігі көрсетіледі.

Кіліт сөздер: критерий, дескриптор, айдарлар, бағалау, оқу мақсаты, іс – әрекеттер, жаңартылған білім.


Бағалау тек қана оқу процесінде ғана емес адамның қоғамдағы өзін қоршаған ортамен байланысында да ерекше орын алады. Адамның өмірдегі өз орнын табуы, өзінің жеке кәсібін ашуы оның өз мүмкіншілігін білуіне байланысты. Ал, адамның өз мүмкіншілігін білуі өзгені және өзін – өзі объективті түрде бағалай білу дағдысын қалыптастырумен тығыз байланысты. Заман талабына оқытуда зерттеушілік іс – әрекеттердің кеңінен қолданылуы қазіргі талаптарға сай келетін жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді. Оқушы өзінің жұмысын өзі талдауға, рефлексия жасай білу тәжірибесін үйренуге, оқу үдерісіне қатысуда ғана емес, бағалау үдерісінің де белсенді қатысушы болуы керек. Бұл жағдайда өзін – өзі бағалауға және бірін –бірі бағалауға да аса назар аударылуы керек. Өзгенің жұмысын бағалағаннан өз жұмысын бағалау әрине қиын, сондықтан оқушы өз жұмысына сәйкесті баға қоя алуы үшін ол жұмысты бағалау эталондарын білуі тиіс. Ол эталон түсінікті тілмен, нақты әділ бағаны көрсете алатындай болып жазылған болуы шарт. Мұндай мүмкіндікті заманауи бағалау жүйесі – критериалды бағалау ғана бере алады. Бағалау – оқу жүйесінің бөлінбес бөлігі ғана емес, сонымен қатар бағалау арқылы әрбір адам өзі атқарған жұмыстарына ары қарай жетілдіру үшін түзетулер де жасай алады. Оқу процесінде дұрыс қолданылған бағалау тұлғаның қалыптасуына да тигізер әсері өте мол[1].

Критериалды бағалауды қарастырумен қатар, біз мына мәселелерді нақтылап алғымыз келеді. Біз осыған дейін “оқушыға білімді мұғалім береді” деген оймен яғни мұғалім білімді оқушыға трансформация жасайды деп келдік. Қазіргі уақытта барлық ел “білімді беру мүмкін емес” деген пікірмен келісіп отыр. Білім берілмейді, берілетін тек қана ақпарат. Білім қажырлы еңбектенудің, талмай жүргізілген ізденістің арқасында меңгеріледі, бұл біріншіден. Екіншіден мұғалімнің сабақ басталар алдындағы мақсаты деп, біз нені түсінеміз? Мұғалімнің “мен сабақ барысында мынаны түсіндіремін,

мынаны көрсетемін деген сияқты мұғалімнің сыныпта атқаратын әрекеттерінің тізбесі ме, жоқ әлде оқушының өз еңбегімен немесе мұғалімнің көмегімен қол жеткізген, меңгерген білім дәрежесін айтамыз ба?”. Диқанның мақсаты – көп өнім алу сияқты, мұғалім мақсаты – алдына қойылған мәселелерді жоғары дәрежеде атқара алатын жастарды тәрбиелеу. Міне, осы тұрғыдан қарағанда, қойылған мақсат нәтижеге бағытталған болуы керек. Ал, біздің жағдайда нәтиже дегеніміз – мұғалімнің сыныптағы іс – әрекеті емес, оқушының меңгерген білімі мен қалыптастырған дағдылары.

Біз енді критериалды бағалаудың теориялық негіздеріне тоқталайық. Бағалау процесі, ең алдымен, алынған нәтижелер мен жоспарланған мақсаттардың арақатынасы болып табылады. Бағалау – оқытудың ағымдағы және қорытынды сатыларындағы оқушылардың үлгерімі туралы ақпаратты жинау және талдау болып табылатын білім беру процесінің қажетті құрамдас бөлігі. Бағалаудың мақсаты, міндеттері, пәні, объектісі, қағидаттары, әдістері, нысандары мен құралдары білім беру процесінің барлық субъектілеріне – мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушылардың өздеріне түсінікті болуы тиіс.


Біз бұған дейінде критериалды бағалау туралы мақалалар жазғанбыз[2,3]. Ол мақалада критериалды бағалаудың технологияларына және қалыптастырушы балаудың оқушыларға ететін әсеріне тоқталғанбыз. Ғылым адамның ізденісі барысында қалыптасатын пікірі мен көзқарасына негізделген тұжырымдардан тұратынын білеміз. Сонымен қатар, өзен ағысы сияқты ғылымның үздіксіз өзгеріп, алға жылжып даму үстінде болатыны сияқты осы еңбегімізде жоғарыда жарияланған мақаламыздағы[3] пікірлерімізге түзетулер енгізіп, ойымызды ары қарай өрбіткіміз келеді. Біз ол мақалада, ”...жалпы білім беру бағдарламасының мақсаттарынан оқу мақсаты туындайды. ...оқу мақсаты деп мұғалімнің сабақ барысында мынаны түсіндіремін немесе мынаны көрсетемін деген мақсаттары емес екендігін айтқымыз келеді. Сабақ мақсаты деп - оқу барысында күтілетін нәтижелерді, яғни оқушылардың сабақ барысында жететін жетістіктерін айтып отырмыз”- дей келе, критериалды бағалау технологиясының сызбасын 1- сурет бойынша келтіргенбіз.



1 – сурет

Қазіргі Қазақстандық мектептерде критериалды бағалау технологиясын осы формада қолданып та келеді. Біз критериалды бағалаудың осындай нұсқасы дұрыс емес деген ойдан аулақпыз. Мәселе критериалды бағауды

қолданушылардың қабылдауында болып отыр. Бірінші суретте көрсетілген нұсқа бағаланатын нәрсе оқу нәтижесі емес, оқу мақсаты сияқты болып көрінуі мүмкін. Оқу мақсаты болсын немесе кез келген мақсат болсын, ол мақсаттың қандайда бір нәтижесі болуы керек. Мәселе ол нәтиженің оң немесе терістігінде де емес, мәселе сол нәтиженің барлығында және шын мәнінде бағалаланатын да сол нәтиже екендігінде.



2 – сурет

Сондықтан, түсіндіру сызбаларында оқу мақсатынан кейін оқу нәтижесін орналастырған дұрыс. Себебі, бағаланатын тек - нәтиже.

Біз, осы мақаламыздың басында оқу мақсаты деп оқушының сыныптағы сабақ барысында меңгерген білімі мен қалыптастырған дағдылары екендігін келтіргенбіз. Егер оқушылардың оқу нәтижесінің сапасы төмен болған жағдайда оқытушы әр оқушының қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа оқу траекториясын құра алады. Яғни, сапалы нәтиже алуға ықпал ететін тапсырмалар мен тәсілдердің сан алауан түрлін қолданып оқу нәтижесін жақсарта алады.

Біз енді критериалды бағалауды меңгеруде Блум таксономиясына Л.Андерсон енгізген өзгерістерді қолданудың тиімділігін қарастырамыз. 1999 жылы Лорин Андерсон және оның әріптестері Блум таксономиясының оқытуға және оқуға әсер ететін факторлардың кең спектрін ескеретін жаңартылған нұсқасын жариялады. Нақтыланған таксономияда бастапқы таксономиядағы кейбір қателерді түзетуге әрекет жасалды (1 – сызба).

1 – сызба

№	Блум бойынша Критерийлер	Андерсон бойынша Критерийлер
1	Білу Фактілерді, жағдайларды, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы өткен материалдардың есте сақталғанын растау	Есінде Қажетті ақпаратты есіне түсіру
2	Түсіну Негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілер мен	Біледі Фактілерді, жағдайларды, негізгі тұжырымдамалар мен жауаптарды көрсету арқылы өткен

	идеяларды түсінетіндігін көрсету		материалдардың есте сақталғанын растау
3	Қолданау	Меңгерілген білімдерді, әдістерді және ережелерді тәжірибелерде қолдану	Қолданады Меңгерілген білімдерді, әдістерді және ережелерді тәжірибелерде қолдану
4	Талдау	Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау	Талдайды Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау
5	Жинақтау	Жаңа үлгіде әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпаратты жүйелеу немесе балама шешім ұсыну	Бағалайды Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау, бірқатар критерийлердің негізінде идеяларды негіздеу және жұмыс сапасын бағалау
6	Бағалау	Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау, бірқатар критерийлердің негізінде идеяларды негіздеу және жұмыс сапасын бағалау	Жетілдіреді Жақсарту амалдарын қарастырады, ұсынады.

Біздің ойымызша Бастапқы таксономияның бастапқы үлгісінен соңғы Андерсон ұсынған үлгі ауқымды және оқушылардың түсінуіне ыңғайлы. Себебі, Блум үлгісіндегі төменгі деңгейдегі «Білу» және «Түсіну» терминдері бір – бірінің синонимі тәрізді мағана жағынан өте жақын. Сондықтан оқушы қандайда бір материалды меңгергенде оның есінде «не қалды?» дегенен бастаған дұрыс та, түсінікті де. Әрине, Блум үлгісіндегі «Білуде» оқушының есінде не қалғанын да ескеріледі деген уәжді алға тартады. Дегенмен, әр нәрсе өз тауымен аталғаны да дұрыс деп есептейміз. Бұл біріншіден, екіншіден Блум үлгісінде соңғы ең жоғары деңгей «Бағалау». Бағалау – барлық уақытта салыстыру арқылы іске асатын процесс. «Бағалау» деңгейінде де оқушының өзіндік ізденістерін, жаңа қосқан тың идеяларын да ескереміз деуге де болады және солай жасалынып та

жүр. Дегенмен, «Бағалау» деңгейінің өзі өте күрделі деңгей болғандықтан, оны жеке қалдырып, оқушының шығармашылығын – жаңа идеяларын Андерсон үлгісіндегі «Жетілдіреді» деңгейіне орналастырған дұрыс деп есептейміз[4,5]. Біз, таксономияның Андерсон үлгісінің ыңғайлылығын көрсету үшін мысалы ретінде көпшілігімізге таныс «Мақта қыз» ертегісіне критериалды бағалаудың осы үлгісін келтірдік (2 – сызба).

“Мақта қыз” ертегісі бойынша оқушылар жетістігін бағалау критерийлері

2 - сызба

№ критерий	дескриптор	ұпай
1 Есінде	1.есінде түк жоқ.	0
	2.берілген тапсырманың бір бөлігін ғана біледі.	10
	3.берілген тапсырманы сырттан берілген көмек арқылы толық айтады(шатастырады).	10
	4.тапсырманы жаттанды түрде айтады.	10
2 Түсінеді	1.тапсырманы сенімді айтады.	10
	2.кейіпкерлердің орнын ауыстырған жоқ(шатаспайды).	10
	3.ертегіні айтудағы дауыс екпіні өте жақсы (интонациясы)	10
3 Жетілдіреді	1.сөз қорының байлығы.	10
	2.конфликтінің жақсылыққа апармайтынын түсінеді.	10
	3.мысықтың өз мақсатына жетудегі табандылығын түсінеді.	10
	4.мақсатқа жетудігі ләпсісін тыйуы.	10

Әрине «Түсінеді» критерийнен кейін «Бағалау» критерийін орналастыруға болады және солай жасаған да дұрыс. Біздің мақсатымыз «Жетілдіреді» критерийі арқылы мұзтаудың су астында көрінбей қалған бөлігі сияқты, ертегіде айтылмай қалған маңызды бөлігін оқушының терең ой елегінен өткізіп жеткізе білуін бағалауды көрсету. Яғни оқушының ертегінің философиялық мағанасын ашып көресете білуін бағалау.

Әдебиеттер

1. Шилибекова А. С., Абсатова М. Б., Мустафина А. А. Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы қалыптастырушы бағалау. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ., Педагогикалық өлшеулер орталығы., VIII NIS Халықаралық Конференциясы, 27-28 қазан, 2016 ж.

2.Түйебаев М.Қ., Сайдахметов П.А., Сайдахметов М.А.Формативті бағалау және оның оқушылардың психологиясына оң әсері. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі,-Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал,- Астана, 2020. №5/5 – Б. 265-269.

3.Туйебаев М.К., Құдайберген С., Батырбекова А. Критериалды бағалау технологиясы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі,-Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал,- Астана, 2019. №5/2 –Б.295-.2298.

4.<https://teacher.yandex.ru/posts/stavim-tseli-v-obrazovanii-taksonomiya-bluma>

5.<https://moluch.ru/archive/97/21698/>

ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ӨСУІ-БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ШАРТЫ

Кульбаева Гульмира Абдуатовна

Түркістан облысы әдістемелік орталығының «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» бөлімінің басшысы
gulmira 18.67@mail.ru

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында үздіксіз білім берудің бастапқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда баланың бойында оқу қызметін меңгеруге қажетті жеке қызметтерді тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Қазақ елінің дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы үшін ең әуелі халықтың білім деңгейін, оқыту мен тәрбиелеу сапасын бүгінгіден әлдеқайда биікке көтеру қажет. Өйткені білім- әрбір өркениетті елдің алдымен назар аударатын өзекті саласының бірі. Халықтың бүкіл болашақ тағдыры, тыныс тіршілігі, өмір шырағы оқу біліммен тікелей байланысты.

Өзінің жеке кәсібилігі мен біліктілігін арттырумен үнемі айналысатын педагог қана сапалы педагогикалық жұмыс жүргізе алады, өзінің іс-тәжірибесін талдап, басқа педагог қауымымен әрекеттеседі, одан рахат табады. Педагог ұлттық оқу бағдарламасы талаптарын іске асырады, әр баланың үйлесімді дамуына, оқуына қолдау көрсетеді.

Педагог өзінің өнегесін балаларға көрсетеді, ол үшін қажетті дағдылардың бала бойында қалыптасуына жағдай жасайды, өмірде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерді қабылдайды. Заманауи техникалық құралдарды пайдалануды игереді. Барлық педагогикалық іс-шараларға активті қатысады, өзінің кәсібилігінің деңгейін көтереді, өз мамандығының мәртебесін көтеріп, сапалы білім насихаттауда алғырлығы мен қабілеттілігін көрсетеді.

Принцип

Педагог балаларға жоғары сапалы білім мен тәрбие беру жолында, кәсіби жігерлік танытып, жеке тұлғалық дағдылары сапасын заман өзгерістері мен талабына қарай жетілдіріп, жақсартып отырады.

Сапа индикаторы

1. Білім алудың өмірлік маңыздылығын түсінеді, жеке және кәсіби дамуы үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады.

2. Үнемі ой үстінде жүреді, өз педогогикалық қызметін, кәсіби білімін сыни тұрғыдан бағалайды және осының бәрін негізге ала отырып, өз тәжірибиесіне қажетті өзгерістер енгізеді.

3. Өз тәжірибиесінің, сонымен қатар кіші жастағы балалардың даму аймағының жалпы деңгейінің сапасын жақсарту үшін басқалармен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

4. Өз білімі мен сыни тұрғыдан ойлау дағдыларына сүйене отырып шешім қабылдауға қабілетті.

5. Әр баланың сапалы білім алуға қолжетімділігінің маңыздылығы мен педогог мамандығына деген құрметті насихаттау үшін жергілікті қауымдастықтың іс-шараларына қатысады.

Бұл аймақтар тәжірибиелік жұмыстарды жоғары сапамен қамтамасыз етеді, өйткені олардың негізінде гуманистік және социосындыларды қағидаттар жатыр. Мұнда балалардың даму деңгейіне оқытудың сәйкес келуі, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің іс-әрекет барысында өзара тіл табысуы мен түсінуі қажет екендігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Өзара әрекеттестік

Баланың бірінші тәрбиешісі ретінде отбасының басымдылығын педогогтерінің түсінуі мен тануы маңызды. Балалар бақшасына келген бала бойындағы бар қасиетті ата-анасынан, отбасынан алғандықтан, бала дамуындағы отбасының мәнін бағалау өте қиын. Педогог отбасының қажеттілігін, қызығушылығын, басымдылығын білуі тиіс. Отбасымен тығыз байланыс орнату өте қажет, өйткені отбасымен қарым-қатынаста болу - педогогикалық ұжымның міндеттерінің маңызды бөлігі. Мектепке дейінгі уақытта баланы тәрбиелеуді, оқытуды ұйымдастыру сияқты мәселелер төңірегінде отбасы мен педогогтер арасында ашық және еркін әңгімелесулердің болуы өте маңызды. Мұндай жағымды тәжірибие болашақта ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыстың негізін құрайды.

Ынтымақтастықта болу мүмкіндіктері: ақпаратпен алмасу, бірлесіп жоспарлау, іс-шараларға, сабақтарға қатысу, жетістіктер мен мәселелерді талқылау, бірлескен шешім қабылдау.

Ата-ана үшін пайдалы:

- Бала дамуына қатыстылығын сезіну.
- Ерте дамудың маңыздылығын түсіну.
- Балалармен үйде айналысу тілегінің оянуы.
- Балалармен үйде айналысуға болатын жұмыс түрлерін оқып алу.
- Ұжым мүшелері мен тәрбиешіге құрметпен қарау.
- Басқа отбасылармен қарым-қатынаста болу, тәжірибие алмасу.

Педогогикалық ұжым үшін пайдалы:

- Кейбір балалармен жеке жұмыс істеуге уақыттың мол болуы.
- Ата-аналардың балаларын қалай негіздейтінін түсіну.
- Мәселелерді шешу кезінде ата-аналармен сенімді қатынас.
- Ата-аналардың қызығушылығы мен әуестенуін анықтау мен түсіну мүмкіншілігі.

Балалар үшін пайдалы:

- Бақытты сезіну.

-Өзіне жағымды, оң қатынас.

-Қызметкерлердің ата-анасына құрметпен қарауы мақтаныш сезімін тудырады.

-Шығармашылыққа бет бұру, өз жетістіктерін көрсетуге деген ұмтылыс Отбасын тарту.

1. Жоспарлауда шешім қабылдау үрдісіне қатысу

2. Тәрбиешінің көмекшісі ретінде ерікті қатысушы

3. Отбасы кеңес беру комитетінің мүшелері

Отбасымен бірлесе отырып шешім қабылдау екі жақты жауапкершілікті қамтамасыз етеді, балаларды дамыту мен оқытуда қажет тығыз әріптестік қатынастың орнауына септігін тигізеді. Балалардың әлеуметтік дамуы үшін өте маңызды өзара әрекет-балалар бақшасы/мектеп, отбасы/жергілікті қоғамдастық арасында көпірлер салынады.

Отбасының ерікті түрде қатысуы ата-ананың ұсынысымен жүзеге асырылатын іс-әрекет түрлерімен қамтамасыз етеді, жергілікті қоғамдастық, мектеп және отбасылар арасында тиімді коммуникативті қатынас орнауына жағдай жасайды. Көмекші ретінде отбасылар сабақ, серуендеу, саяхат барысында тәрбиешіге көмектеседі.

Отбасы кеңес беру комитетінің мүшелері топтың/сыныптың ішкі жағдайынан: тамақтану туралы, барлық баланың денсаулығы туралы, сол ортада болу шарты туралы, балалардың бақшада өмір сүру деңгейін жақсарту шаралары туралы жақсы хабардар болады және түрлі мәселерлерді шешуде белсенділік танытады.

Отбасымен қатынас стратегиясы (бейресми әдіс)

-ата-ананың кез-келген уақытта келіп-кетуін қадағалау

-іс-шараны талқылауға қатысуын талдау

-жазу/күнделік жүргізу

-хабарландыру тақтасын пайдалану

-ақпараттар қағазын қолдану

-алғыс жариялау

Ресми қатынас стратегиясы:

-жиналыстар

-есеп берулер

-үйге барулар

-отбасы бөлмесіндегі кездесулер

Жекелену

Жекелену не үшін қажет? Жекелену әр баланың даму деңгейін, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін тәрбиешінің ұсынысы және жоспарымен байланыстырады. Жекелену баланың өзін жақсы сезінуіне, құзіреттілігін қалыптастыруына және өзін сыйлауына жағдай жасайды. Ол әр баланың өз қарқынымен өсуіне, дамуына мүмкіндік береді, ал тәрбиешілер топ кеңістігінде жағымды жағдайды ұйымдастырып, балалардың даму деңгейіне сәйкес іс-әрекет түрлерін жоспарлайды.

Жекелену баланың даму деңгейіне, жасына сәйкес оқыту ортасының және түрлі тәжірибенің бар болуын қамтамасыз етеді, баланың әлеуметтік, интеллектуалдық, эмоционалдық және физиологиялық қарым-қатынасының дамуына жағдай жасайды.

Топтың/ сыныптың тамаша материалдық ахуалы, жағдайы әр баланың дамуына, жетістікке жетуге деген ынтасының оянуына мүмкіндік береді.

Дамуға сәйкес іс-әрекет дегеніміз не?

Балаларға білім беру Ұлттық ассоциациясы(National Association for the Education of Young Children/NAEYC), АҚШ-тағы ерте балалық шақ бойынша алдыңғы қатардағы ұйым, «**дамуға сәйкес**» терминіне екі түрлі анықтама береді (Bredenkamp, 1987)-1) жасына сәйкес, 2) жеке ерекшелігіне сәйкес.

«Жасына сәйкес»-тәрбиешілер жасына сәйкес топтағылардың жеке ерекшеліктерін білуі тиіс және балалардың қимылы, қарым-қатынас дағдысы, сөзді түсінуі, ауызша сөйлеу тілі, когнитивті, өзіне қызмет ету және әлеуметтік дағдыларының айырмашылығы болатынын түсінуі тиіс. Ұйымдастырылып отырған іс-әрекет балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес келмеген жағдайда жетістікке жете алмаудан олар қамығып күйзеледі. Тәрбиешілерді тағы да іс-әрекетті қысқартып тастаудан сақтау керек, педагог әр баланың даму деңгейіне сәйкес қиын іс-әрекеттерді қолдана білуі тиіс.

«Жеке ерекшеліктеріне сәйкес»-бұл түсінік жоспарлау барысында баланың мүмкіншілігін, қажеттілігін, темпераментін, оқу стилін есепке алу үшін баланы үнемі және жіті бақылауға алу керектігін талап етеді. Топта/сыныпта құрылған белсенділік орталығында бекітілген неғұрлым мақсатқа жеткізетін мүмкіндіктерді пайдалану қажет.

Жоспарлау

Қысқа мерзімді

Ұзақ мерзімді

Қысқа мерзімді жоспарлауда тәрбиешілер баланың қызығушылығы мен қажеттіліктерін есепке ала отырып, біршама нақты жобаларға шешім қабылдайды, отбасы мүшелерін қоса отырып, жауаптарды анықтайды, өзгерістер ендіреді. Кішігірім топтардағы жұмыстарды жоспарлайды, жеке жұмыс үшін уақыт белгілейді, мерекелер мен туған күндер сияқты нақты іс-шаралардың нұсқасын жасап қояды.

Ұзақ мерзімді жоспарлау тәрбиешілер ұжымына даму кезеңін елестетуіне мүмкіндік береді, ол бойынша балалар жетістікке жету үшін алға жүруі тиіс, осы жолда балаларға қолдау көрсететін іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру қажет. Әр аптада жоспарланатын сабақтардан басқа, баяндама, конференция, экскурсия, театрға бару сияқты іс-шараларды да жоспарлау қажет.

Қорыта келе, педагогикалық үдерісті құруда көрнекі-тәжірибелік әдістерге жеткілікті мән берілуі тиіс, сондай-ақ бақылау, экскурсия, қарапайым тәжірибелер, өзекті жағдайлық ойындар мен басқа да әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдерін қолдануға басымдық танытылуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. К.Әуелбекова «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту технологиясы және әдістемесі, технологиялар жүйесі» Шымкент 2015ж.
2. Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасы (әдістемелік ұсынымдар) Астана 2016ж.

ПЕДАГОГТИҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒАСЫН ДАМУДАҒЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Орынбасарова Гульмира Оралбаевна

«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ

Елмуратова Улжан Яхияевна

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, А.Шерімқұлов жалпы орта мектебі

Білім - адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогестік, әлеуметтік тұрақтылықпен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «менің» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарды өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Біз жаңа технологиялық тасқынның куәгері болып отырмыз. Қазір ғылыми-техниканың, өркениеттің даму заманы. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдары, ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізеді. Ал білім сапасын жоғарылату, құзыретті маман тәрбиелеу – барлық оқытушыларды толғандыратын маңызды мәселе. Мына заманда білім алушылардың да алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде.

Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзыретті бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді.

Білікті ұстаз, білімді маман болу үшін- әрбір мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру-мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері,білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттің дамуының құралы болып табылады.Тұлға құзіреттілігін дамыту – ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек.

Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету. Үздіксіз білім беру принципі әр адамның қызмет саласын еркін таңдауы мен кәсіптік білімнің қол жетімділігін білдіреді. Инновациялық білім беру кеңістігінде аталған принципті жүзеге асыру болашақ педагог-психологтің интеллектуалдық, кәсіби, шығармашылық, рухани-адамгершілік, дене және мәдени деңгейінің өсуін талап етеді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса,оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін және білім берудің нәтижесі.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдістәсілдерді жүзеге асыруды, білім беру барысында оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын білім беру орындарындағы педагогикалық тәжірибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Дж.Равен мен Р.Джонсон құзыреттілікті дамытуда өзіндік мотивацияның рөлі жоғары екендігін алға тартады:

- ❖ құзыреттілік компоненттері адамның өзін қызықтыратын қызметті орындау барысында көрінеді, дамиды. Қабілетті мотивациядан бөліп жеке қарастыруға болмайды;
- ❖ құзыреттілік сырттан берілген тапсырмаларды еріксіз орындау барысында танылмайды.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»-деп түйіндейді белгілі оқымысты Т.Г.Браже. Осылайша, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңейеді. Ол – пәнаралық және жобалық қызмет, оқыту мен басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, білім беру қажеттіліктері ерекше балаларды интеграциялау және ата-аналарды консультациялық қолдау.

К.С.Құдайбергенова біліктілікті арттыру жүйесіндегі құзыреттілік амалының құндылықтарын төмендегі үлгіде жүйелейді:

- білім философиясы деңгейінде педагог-психологты «үйренуші» статусында қабылдауды емес, әрбіреуінің бойынан даралық адами қасиетті көре білу;

- білім парадигмасы деңгейінде педагог-психологқа жеке пәндік білімнің берілуін емес, жеке пәндер арқылы білімнің жеке тұлғаға бағытталуын қамтамасыз ету;

- білім тұжырымдамасы деңгейінде нәтиженің білім, білік, дағдымен шектелуін емес, күтілетін нәтиже ретінде білім, білік, дағдымен қоса, тұлға қасиеті мен тұлға қабілеттерін есепке алу;

- білім стандарты деңгейінде білдіру, оқыту, үйрету т.б. қызметтің орынына, әр педагог-психологтың өз бетімен әрекет жасауына жағдай туғызу;

- нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі деңгейінде қарым-қатынасты субъект-субъектілік деңгейде ұйымдастыру.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің ісәрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр.

Оқыту формасында білім алушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын тіл үйренушілер ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Сонымен, құзыреттілік – тек білім ғана емес, оқушының оқу үдерісінде меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін іс жүзінде дұрыс, орынды, тиімді пайдалануы.

ұзыреттілік тәсіл бірінші орынға білім алушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Б.Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады».

Оқушы қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс.

Оқушының шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап, таңдап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік оқушытың оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді. Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы анкета толтырып, хат, арыз жазуды, сұрақ қойып, пікір таластыруды т.б. білуі тиіс. Бұл құзыреттілікті оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны, олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың аспектілерін көрсетеді:

Түйінді құзыреттер;

Жалпыланған пәндік біліктіліктер;

Қолданбалы пәндік біліктіліктер;

Өмірлік дағдылар.

Білім беруде оқыту мен тәрбиелеудің жеке тұлғаға бағытталуы басты орынға шығуына байланысты, мұғалім баланың қызығушылығын, бейімін, таным процестерінің даму деңгейін білуі маңызды.

Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына ықпалын тигізетін сапалар да айқын:

1. жоғары интеллектуалдық деңгей (мақсат белгілеу, ойдың ширақтылығы, өз бетінше шешім қабылдауы, педагогикалық жағдайды сезінуі, бақылау қабілеті т.б.);

2. креативтілік қабілеттің қалыптасуы, еңбек сүйгіштік пен мақсатқа ұмтылысы;

3. кәсіби қызметте жауапкершілікті сезінуі, нәтижені болжай білуі;

4. белсенділік, бастамашылдық, тәуекел ету қабілеті;

5. төзімділік, ұстамдылық пен өзіне-өзі және қоршаған адамдарға талап қоя білуі;

6. ұйымдастырушылық және басқару қабілеті, инновациялық идеяларды іске асыра білуі.

Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Әдебиеттер

1. Тұрғанбекова Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы: Рауан, 2005. – 250 б.
2. Сазонов А.Д. Современные образовательные технологии. Уч.пособие. –М.:Народное образование, 1998. -256 с.
3. Аничкин С.А. Творчество и диалектика. –М.: Наука, 1995. -175 с.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ: САБАҚТЫ ТИІМДІ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Сапарбаева Замира Абдикадировна, Бейсебаева Улжамал Жаксылыковна

Назарбаев Зияткерлік Мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
Шымкент қ. филиалы

COVID-19 таралуы мектептер, колледждер мен университеттердің уақытша жабылуына ықпал етіп, бірқатар қиындықтар алып келді. Ал, бұл білім беру мекемелеріне оқыту үдерісін онлайн режиміне көшіруді жүктеді. Осы жағдайдан шығу үшін оқытушыларға біршама жаңа дағдыларды үйрену қажет болды.

Қашықтан оқыту жағдайында оқушының назарын оқу үдерісіне аудару қиын деп жиі айтылады. Егер мұғалімдер нақты әрі тиімді іс-шаралар жоспарына ие болса, оқушылардың назарын оқыту үдерісіне шоғырландырып, қызықтыру аса қиындық тудырмайды.

Оқытушылар бетпе-бет оқытудан онлайн режимінде оқытуға сәтті көшу үшін белгілі бір стратегияларды меңгерулері қажет. Оқыту үдерісіне белсенді қатысып отырған оқушылар - бұл белсенді аудитория болып табылады. Бұл сыныпта белсенді ортаның қалыптасуына алып келеді және оқушыларды күтілетін нәтижеге жетуге ынталандырады. Интерактивті оқыту мен геймификация элементтері бар жоспардың көмегімен мұның бәріне қол жеткізу мүмкін. Осылайша оқушылардың оқу үдерісіне толықтай қатысуы мотивацияға, ал мотивация көп ұзамай әдетке айналады [1].

Қолжетімді, тиімді құралды таңдау

Алғашқы онлайн-сабақты өткізбес бұрын оқушылармен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін бейнеконференция құралын таңдау қажет. Мысалы, Zoom, Google Classroom, Teams және т.б. Қандай құралды таңдасаңыз да, оны қалай дұрыс пайдалану керектігін меңгеруге уақыт бөлу керек. Нұсқаулықты оқып, оқулықтағы бейнелерді қарап және функцияларын тексеріп көру керек. Оқытушының мақсаты оқушыларға қандай да бір сұрақтар немесе қиындықтар туындаған жағдайда, оларды қолдап, қажеттілікке қарай көмек көрсету.

Дидарыңызды және келбетіңізді көрсету

Камераны қосып, аудиториямен тікелей байланыс орнату өте маңызды. Олардың назарын аудару үшін камерамен тікелей байланыс болу керек. Бұл оқытушыларға оқушылармен жеке байланыс орнатуға көмектеседі. Бірақ камераға жақын отырмаған дұрыс, тым алыс та отыруға болмайды. Ыңғайлы аймақты тауып, бөлмедегі жарықтандыруды тексеріп, акустиканың жақсы екендігіне көз жеткізу керек [1].

Сабақ беріп отырған жер жақсы ұйымдастырылған екеніне көз жеткізіңіз. Оқушылардың барлық әрекеттері мен жауаптары сізді қызықтыратынын сезіндіруге тырысыңыз.

Визуалды материалдар сапалы болуы керек, сондықтан слайдтардың нақты және түсінікті болып көрінуіне және қолданатын кез-келген бейнелердің сапалы болуына назар аударыңыз. Сабақ қарқынды өту үшін дауыс ырғағын өзгертіп көріңіз. Слайдыңызда көп текст болмағаны абзал. Бір қатарда алты сөз, бір слайдта алты қатар сөйлем деген 6x6 ережесін ұстаныңыз.[2]

Негізгі ережелерді орнату

Табысты онлайн оқыту стратегияларды қажет етеді. Негізгі ережелердің болуы оқушыларды сыныптағы іс-шараларға байыпты қарауға шақырады. Бұл ережелер қажетсіз үзілістер мен алаңдаушылықтарды шектеуге, қауіпсіз оқу ортасын қамтамасыз етуге және барлығына бірдей мүмкіндіктер беруге мүмкіндік беруі тиіс.

Оқушылармен онлайн режиміндегі этикет ережелерін талқылап, күтілетін нәтижені нақтылау керек. Мысалы, егер оқушының сұрағы болса, ол оны қалай қояды, тыңдап отырған кезде олар «үнсіз» болуы керек пе? Оларға «чат» функциясын қолдануға рұқсат етілген бе? Әр сабақтың басында негізгі ережелер тізімін жазып, оларға шолу жасауға кеңес береміз [1].

Микро оқыту принциптерін ұстану

Оқушының зейіні белгілі бір уақыт аралығында ғана шоғырланады, содан соң сейіле бастайды. Балаларды дамыту бойынша сарапшылар зейіннің шоғырлану ұзақтығы аудиторияның жасына байланысты өзгертетінін айтады.

Мысалы, 6 жасар балалар тақырыпқа 12 - 18 минут аралығында назар аудара алады. Ал 12 жасар балалар 24-тен 36 минутқа дейін назар аудара алады. Сабақ жоспарын құрғанда аудиторияның жасын ескеру маңызды болып табылады.

Оқушылардың зейінін дұрыс ұстауға көмектесу үшін келесі микро оқыту принциптерін ұсынамыз. Бұл оқыту мазмұнын тез меңгерілетіндей етіп, шағын фокустық бөліктерге бөлуді қажет етеді. Үлкен тақырыптарды кішігірім бөліктерге бөлуге болатындығын ойланыңыз. Содан кейін әр элементті қалай байланыстыруға болатынын жоспарлау қажет.

Тиімді онлайн сабақтар әр алуандылықты қажет етеді. Мысалы, тақырыпты таныстырудан бастаңыз, содан кейін видео көрсетіңіз, содан соң топтық сессияны өткізіп, шағын сауалнамамен аяқтамас бұрын сұрақтар қойыңыз.

Аудиторияны терең тану

«Өзіңді таны» деген ұғымды жиі кездестіреміз. Кейде сабақтағы сәтсіздіктер оқытушының оқушыларды түсіне алмағандығынан орын алып жатады. Оқытушылар оқушылардың құндылықтары мен мүдделерін ескеруге біршама уақыт бөлуі керек.

Ең тиімді сабақтар - оқушылардың өздері білім алып жатқанын тіпті сезбей де қалатын сабақтар болып табылады. Егер мұғалім мұны ұйымдастыра алса, оқушыларды қызықтыратын тақырыптар мен материалды таба алса, олар оқу үдерісіне толықтай қатысуға тырысады. Аудиторияны неғұрлым жақсы танысаңыз, соғұрлым олардың назарын аударып, ұстай аласыз [3].

Оқушыларға өздерін құнды екендігін сезінуге жағдай жасау

Онлайн оқу оқушылардың оқшаулануына және көңіл-күйінің төмендеуіне әсер етті. Мұны шешудің ең жақсы әдісі - оқушыларға сыныпта оларды бағалайтындығын сезіндіру.

- Оқушының есімін бүкіл сабақ барысында атап отыру өте маңызды.
- Оқушының қызығушылықтары туралы біліп, оны сабақта мүмкіндігінше қолданыңыз.
- Оқушылардың жұмысына үнемі кері байланыс беріп отырыңыз.
- Оқушылардың сабаққа қатысуын жігерлендіріп, ынталандыруды ұмытпаңыз [3].

Уақытылы тексерулер жүргізу

Бетпе-бет оқытудағы секілді оқушылармен үнемі байланыста болып, оларды тексеріп отыру керек. Оқушылардың ұсынылған мәліметті немесе тақырыпты қаншалықты түсінгенін тексеріп отыру маңызды. Күрделі сұрақтар қойыңыз, оқушыларды қосымша сұрақтар қоюға ынталандырыңыз.

Оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша білім деңгейін анықтау үшін қандай-да бір формадағы сауалнаманы қолдануды ұсынамыз. Айталық, Teams-тегі Forms қосымшасын қарастырсаңыз болады.

Интерактивті әрекеттерді ұсыну

Оқу тәжірибесі белсенді қатысушысы болған кезде тиімді, нәтижелі болатыны белгілі. Мысал ретінде мұзжарғыштар, басқатырғыштар, таныстырылымдар, диалог алаңдары, сайыстар, миға шабуылдар, ойындар және тіпті виртуалды экскурсияларды қарастыруға болады.

Өзгелермен салыстырғанда аз сөйлейтін оқушыларды оқу үдерісіне тарту тәсілдерін іздеңіз. [1].

Сабақты жоспарлағанда, оқушылар үш-төрт минут сайын жауап беріп отыру керек екенін назарда ұстаңыз [3].

Геймификацияны қолдану

Геймификация біраз уақыттан бері білім беру ортасында талқыға алынуда. Кейбіреулер бұл ішкі мотивацияға кедергі келтіруі мүмкін деп сендірсе, көптеген мұғалімдер ойындарды қолдану арқылы оқушылардың оқу үдерісіне қатысуы жақсарғанын атап өтті.

Ойындар сабақта оқушылардың көңіл күйлерін көтереді, бірақ оларды мақсатты түрде қолданғанымызға көз жеткізуіміз қажет. Басқаша айтқанда, нақты оқу мақсатын ескере отырып ойын ойнаған дұрыс болады. Ойындарды тек ермек үшін ойнауға болмайды. Сонымен қатар, бәсекелестік кейде жақсы болуы мүмкін, бірақ ынтымақтастық әрдайым жақсы. Мүмкін болса, ойындарды оқушыларды бірлесіп жұмыс істеуге ынталандыратындай етіп құрастыру керек. Егер оқытушы ойын түріндегі кері байланысты ұсынуды ұйымдастырса, сыныптың мақсатқа бірігіп жұмыс жасауын қадағалау мүмкін болады [3].

Тапсырмалар және топтар

Үлкен сыныпты кішігірім, тапсырмаға бағытталған топтарға бөлу мүмкіндігін қолданыңыз. Бұл жақсы іске асады, өйткені ол құрдастардың қатысуын, тәлімгерлікті ынталандырады және шығармашылыққа жетелейді. Бұл тәсілді онлайн-сыныптағы тәжірибеден алып тастауға ешқандай себеп жоқ. Шынында да, бейнеконференциялардың көптеген құралдары «сессиялық залдар» функциясын ұсынады. Мысалы, бір кездесуде елуге дейін бөлек сессия өткізуге мүмкіндік береді.

Оқушылар өз топтарында тақырыпты талқылауға мүмкіндік алғаннан кейін, олар негізгі сынып сессиясына оралып, өз нәтижелерін ұсына алады.

Оқушылардан кері байланыс алу

Оқушылардан үнемі пікір сұрауды ұмытпаңыз. Бұл аудиторияның қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оқыту тәсілін жақсартуға көмектеседі. Кері байланыс мәселелерді шешуге, өзгерістер енгізуге және сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Кері байланысты қандай жолмен алу өзіңізге байланысты. Мұны сессиясының соңында сауалнама алу арқылы ұйымдастыруға да болады.

Онлайн сабақтарды қызықты ету оңай емес, оқытушылардан ізденуді, дамуды талап етеді. Онлайн сабақтар біршама шектеулерді талап еткенімен де, олар жаңа виртуалды оқу тәжірибелеріне есік ашты. Бұл тәжірибені үйрену үшін цифрлық ойлау, дұрыс құралдар және мақсатқа бағытталған тәсілдер қажет.

Егер оқытушы оқушылардың назарын оқу үдерісіне аудара алмаса, онда ол тиімді оқу тәжірибесін ұсына алмайды. Егер сіз жоғарыда аталған кеңестерді ұстанатын болсаңыз, онда өз аудиторияңыздың мотивациясын күшейтіп, оқу үдерісіне толықтай қатысуын ынталандыра аласыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Genie Authoring Tool, Online Learning. Мамыр, 2020.
2. “5 ways to create engaging classes online” Шілде, 2019.
<https://medium.com/@eeoclassin/5-ways-to-create-engaging-classes-online-1e9f5a563e75>
3. “8 ways to make lessons fun and engaging in an online classroom” Joanna York, мамыр, 2020.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: ІЗДЕНІС ПЕН ТӘЖІРІБЕ-ШЕШУ ЖОЛДАРЫНА АПАРАР ЖОЛ

Қалиева Хадиша Алиасқарқызы

«ӨРЛЕУ» БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу және бастауыш оқыту» кафедрасының аға
оқытушысы

Педагог тұғыры – қоғам мен мемлекет тұғыры. Ұстаз мәртебесі – философиялық, психологиялық, тарихи, әлеуметтік астары бар қадірлі ұғым және қоғам жауапкершілігін анықтайтын өлшем. Елбасының: «Халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ, болуы да мүмкін емес» деген тамаша тағылымды сөзі бар. Бұл – ұстаздың ғана емес, кез келген ұстамды жанның бағдаршамы. Бұл ретте Президент Қ.К.Тоқаевтың: «Мұғалімнің еңбегі – адамзат игілігімен астасқан өлшеусіз еңбек» деп айтқаны да мәлім.

Қазақстан Республикасында сапалы білім берудің стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруда педагогтердың кәсіби күзиреттілігін дамыту негізгі шешуші рөл атқарады. Білім беру жүйесінде білім берудің ұлттық үлгісіне өту арқылы білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізетін, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытатын кәсіби күзиретті ұстаз.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев қазақтандықтарға «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында білім саласына қатысты мәселелерге ерекше тоқталды.

Барша адамзат дамуының шамшырақ тұлғасы және ел мен елдіктің, білім мен біліктің ұйытқысы – ұстаз. Әлемдік деңгейде – педагог, өз ұстанымызда ұстаз ұғымының сипаты, мән-мағынасы қашанда айқын: ол – мазмұны бірыңғай ізгіліктен ғана тұратын кәсіп, ол – ұрпақ пен ұлтқа, адамзат пен болашаққа арналған өмір сүру салты. Тіпті дүниенің асылын іздеп тауып, соны өзгеге үйретпекке ұмтылған жан қалауы. Заманауи қоғамның өсуі, өркендеуі тікелей білім берумен байланысты екені анық. «Өзгеріс, жаңару, даму, өркендеу» - бүгінгі күннің басты кредосына айналған негізгі ұғымдар болып табылады. Қазіргі кезде қоғам өзгеріп, күн сайын жаңашыл тұрпатта әлемдік деңгейге сай қарыштап дамып келеді. Соған байланысты заманауи сұраныстарға сәйкес тың идеяларға қолдау табылып, оң бастамалардың қолданысқа енуіне жол ашылғаны рас.

Қазақстанның отаншыл ұл-қызын оқытудың мақсаты мен мазмұны жылдан-жылға айқындалып келеді. Атап айтсақ, мақсат – бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру, ал білімнің мазмұны – елдік тәлім-тәрбие мен адамзат ақыл-ойының інжу-маржаны деп білеміз. Оқытудың әдіс – тәсілдері де өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңаша ой-пікір пайда болды. Осыған байланысты мұғалімдер алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірде – бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша саралау.

Критериалды бағалау жүйесіндегі ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін – өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату оқушылар жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше амал – критерий арқылы бағалау болып табылады. Критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу – танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, белгілі бір критерийлер арқылы бағалау болып табылады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым - қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану .

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін шынайы өмірлік қажеттіліктерге асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек.

Ұстаздардың шығармашылық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі, физиологиялық және психикалық сапасы, педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді. Рухани тұлғаларымыздан Жүсіп Баласағұни: «Ізгі атымен ғана ер алғысқа бөленеді» десе, Махмұд Қашқари: «Ізгі ердің сүйегі шіріп кетсе де, аты өшпейді» деп жазады. Осы ізгіліктің бәрі – ұстаз болмысынан, ұстаз білігінен, ұстаз тәлімінен даритын қасиеттер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Н.Деменева «Оқыту үрдісінде төменгі сынып оқушыларына қолданатын саралау тәсілі». //Бастауыш мектеп, 2004 ж., №2.
2. «Математика» пәні бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2016.
3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ДИАГНОСТИКА, ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ, КЕҢЕС БЕРУ, АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ОҚУШЫ-АТА-АНА-МҰҒАЛІММЕН ОНЛАЙН ЖАҒДАЙЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Тлеубердиева Газиза Сабидулаевна

Түркістан облысы әдістемелік орталығы психологиялық жұмыстар жөніндегі әдіскері

Әлемде таралған індет Қазақстандық білім беру жүйесіне өзгеріс енгізгені анық. COVID-19 коронавирусының таралуының алдын алу кезеңінде психологиялық қолдаудың маңызы да арта түскендей. Ал осы бір сындарлы сәтте педагог-психологтардың өз жұмыстарын жоспарға сай уақытылы жүргізілуі үшін де заман талабына сай соңғы технологияларды пайдаланып, барлық бағыттарды толық қамтуға жағдай жасауда.

Әрине, бұл кезең ата-ана үшін де, оқушы үшін де өзіне тән ауыртпашылығы мен қиындығымен есімізде қалары анық. Дегенмен әр өзгеріс бізді алға ұмтылдырып, жетістікке біртабан жақындатады. Өмірдің өзі өзгерістен тұрады. Ал осы кезде педагог-психологтардың жұмыс бағыттары туралы да сөз қозғағанымыз жөн-ақ.

Білім беру мекемелеріндегі әр педагог-психолог өз жұмысында негізгі бес бағытты негізге алады. Олар: диагностикалық, түзету-дамыту, ағартушылық, кеңес беру және алдын алу жұмыстары. Қашықтықтан оқыту кезеңінде бұл бағыттарды одан әрі жандандырудың тиімді жолдарын қарастырып көрелік.

Қашықтықтан оқыту барысында диагностикалық бағытты ұйымдастыру.

Психодиагностикалық бағытта балалар мен жасөспірімдердің психоэмоциялық жағдайын зерттеу, бейімделудегі қиыншылықтарды зерттеу,

педагогтарда эмоциялық күйіп кету мен стресс деңгейін өлшеу, өзгерістерді бақылау және талдау, сұрату бойынша диагностика жасау, кәсіби қызығушылықтар мен бейімділіктер, қатыгездік, зорлық-зомбылық бойынша әдістемелер алу жатады.

Диагностикалық жұмыстарды жүргізу үшін:

Дайын онлайн тестілер, сауалнамалар мен тестілер жасауға арналған бағдарламалар: таңдалған мақсатқа сәйкестігін бағалау, диагностиканы психологтардың қатысуынсыз жүргізу мүмкіндігін қарастырамыз. Ол үшін экспресс-анкеталар және сауалнамалар пайдалану, қойылатын сауалды анықтауға ден қоятын мазмұны нақты және анық, саны мейлінше аз сұрақтар болғаны жөн. Егжей-тегжейлі нұсқама (жазбаша немесе бейнеүндеу түрінде): мақсат, дереккөзге сілтеме, кері байланыс тәсілі, байланыс мәліметтері дайындалғаны жөн.

Алдын ала диагностикалық байқау жүргізілетіні туралы мессенджерлер, әлеуметтік желілер және кез-келген басқа қолжетімді құралдар, соның ішінде, сынып жетекшісі арқылы хабарлау; хат-хабар тарату қажет. Сауалнамаға қатысушылардың жеке мәліметтерінің бүтіндігін және құпиялығын, мәліметтердің қорғалуын және оның жеке хабарламаларда ақпарат алмасу арқылы қадағалаусыз таратылмауын қамтамасыз ету, топтық чаттарда мәлімет жинауды шектеу.

Осыған орай ауданымызда диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру үшін арнайы «Google forms» платформасы тиімді қолданылуда. Алдын ала дайындалған сауалнама мен тесттерді платформаға енгізе отырып, оны ата-аналардан, ұстаздардан және оқушылардан әлеуметтік желі арқылы алып, жауабын кесте түрінде жинақталған форматта оңай алуға болады. Бұл уақыт жағынан да, өнімділігі жағынан да өте тиімді.

Консультациялық бағытта қалай жұмыс істейміз?

Бұрын анықталған мәселелер бойынша, әрі жүргізілген экспресс сауалнамалар, толтырылған анкеталар негізінде кеңес беру бағыты жүзеге асады. Сондай-ақ оқушылардан, ата-аналардан немесе педагогтардан бұрын не қазір түскен сауалдарға сай сұрату арқылы, көмекке жүгінген тұлғада кідіріссіз көмек көрсетуді талап ететін өткір күй (жағдай) байқалған жағдайда (аффект, шектен тыс үрей, агрессия, дәрменсіздік, шарасызды, т.с.с. белгілері), Қысқамерзімді, ұзақ уақытқа кейінге шегерілген, көмекке жүгінген тұлғада бұрын не қазір туындаған жағдаймен байланысты өткір емес симптомдар байқалады. Консультациялық көмек көрсету ҚР Психологтарының әдеп кодексінің барлық талаптарына сай әрі қарай бағыт сілтеу.

Оны қалай ұйымдастырамыз?

Алдын-ала насихаттау-ағарту жұмысы ретінде көмек көрсете алатын қызметтердің телефондары мен нөмірлері көрсетілген жадынамалар, есімхаттар, нұсқаулықтар әзірленеді. Мессенджерлер, смс-хабарламалар, т.б. арқылы жұмыс кестесі көрсетілген психологиялық қызмет мамандарымен

байланыс мәліметтерін таратылады. Әлеуметтік желілерде жарияланатын контент дайындалады. Консультация өткізу кезінде қажет болуы мүмкін ақпарат (бланктер, нұсқаулықтар, байланыс мәліметтер) ойластырылады және әзірленеді.

Жеке консультация келесі жағдайларда ұйымдастырылады:

➤ педагог-психологтың бастамасымен

➤ көмекке жүгінген тұлғаның бастамасымен бейне және дыбыстық байланыс орнату мүмкіндігі бар коммуникация құралдары арқылы (Zoom, Skype, WA бейнебайланысы, телефон, мессенджерлер, т.б.)

Ағарту-профилактикалық бағытта не істейміз?

Педагогтарға, ата-аналарға балаларды жас және жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде көмек көрсету, соның ішінде қашықтан оқытуды психологиялық сүйемелдеу мәселелері бойынша нақты ұсынымдар әзірлейміз. Оқушыларда (1, 5, 9-10 сыныптар) бейімсіздену құбылыстарының пайда болуына жол бермеу үшін вебинарлар, онлайн-трансляциялар арқылы өз тәртібін өз бетінше реттеу дағдыларына үйрету (түрлі жас, мақсаттық топтар), стресс пен дағдарыстың алдын алу. Зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің алдын алу (орта және жоғарғы буын) шаралары, психологиялық саулық деңгейін көтеру және дағдыларды нығайту, ғаламторға тәуелділік және қауіпсіздік, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас мәселелері, мәтіндік және/немесе өзге форматтарда (презентациялар, бейнероликтер, т.б.) ақпарат, жадынамалар, ұсынымдар дайындау) жатады.

Оны қалай ұйымдастырамыз?

Онлайн ағарту жұмыстарын Skype, Whats App, Viber, т.с.с. құралдарда қызықты видеоконтент, тікелей эфир, вебинар, бейненұсқаулық, электронды кітапхана, психологиялық кинозал ұйымдастыру үшін бейнефильмдер топтамасын әзірлеу арқылы жүргізуге болады. Қажет болса, оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен топтық форматта кез-келген білім беру платформаларында ақпараттықпрофилактикалық кездесулер ұйымдастырылады. Бұл ретте презентациялар, бейнероликтер, ақпарат алмасуға болатын чаттар қолданылады. Білім беру мекемесінің сайтында, қауымдастықтардың парақшаларында тақырыптық профилактикалық материалдарды жариялау, оларды месенджерлер, т.б. арқылы тарату ұйымдастырылады.

Түзету-дамытушылық бағытта бұрын немесе қашықтан оқыту барысында жүргізілген экспресс сауалнамалар, толтырылған анкеталар көмегімен анықталған бұзылыстарды түзеу мақсатымен топтық және жеке жұмысты онлайн тәртіпте ұйымдастыру.

Оны қалай ұйымдастырамыз? Кез-келген білім беру платформалары пайдаланылады. Онлайн-ойындар, тапсырмаларды орындау марафондары, вебинар, трансляция, эфир, сабақ, презентация, т.б. – қолда бар ресурстарға қарай дәріс түрлері өткізіледі.Түзеу бағдарламаларының мазмұны қашықтан

оқыту форматын ескерумен түрлендіріледі. Оқушылармен чат, мессенджерлер, дәріс барысындағы түсіндірмелер арқылы міндетті түрде кері байланыс орнату жоспарланады. Дәрістерді оқушыларға ыңғайлы уақытта жоспарлау қажет, көлемді тапсырмалар беруді және шамадан тыс жүктеме артуды болдырмау қажет. Дәріс ұзақтығы ҚР БҒМ ұсынымдарына сай өткізіліп, дәрістерді есепке алу Психологиялық қызметтердің жұмыс жасау ережелерінде көрсетілген Құжаттама жүргізу талаптарына сай жүзеге асырылады.

Әлемдегі коронавирустық инфекциясының таралуы бүгінде біздің елімізде де орын алып отыр. Төтенше жағдай жарияланғаннан бері қашықтық білім алудың кез-келген тетіктері қарастырылып жатырғаны мәлім. Бүгінде оқушылар, студенттер барлығы интернеттің көмегімен қашықтықтан білім алып жатыр. Оған тек компьютер, ноутбукпен қалта телефоны интернет желісіне қосылса болды. Күнде әлемде не болып жатырғанын оп-оңай біле аласыз. Дамыған елдер онлайн арқылы білім алуды бастағаны қашан. Бізде қалыс қалып жатырған жоқпыз. Педагог-психологтар өз жұмысында диагностика бағытында сауалнамалар және Google онлайн сауалнамалар жүргізуді үйреніп, Психологиялық ағарту және профилактика ZOOM құралында кездесулер ұйымдастырып жатыр.

Сорндай-ақ әр аптаның сенбі күні мектеп әкімшілігі жанынан құралған колл-центр жұмыс жасау қажет. қашықтықтан оқыту кезеңінде әлеуметтік желілерді пайдалана отырып сыныптарды буындарға бөліп, бірлесіп, мектептегі психологиялық ахуалды реттеуге, тәуекел топқа 2-4, 5-7,8-9,10-11 сыныптары мен ата-аналарынан құралған уатсап желісінен арнайы чаттар ашылады. Барлық чаттарға мектеп әкімшілігі тіркелуі қажет. Бұл чаттарда оқушылар және ата-аналармен бірлесе жұмыс жасауға, «Бестерек» жобасын жандандырып, түйіткілді мәселелерді оңтайлы шешуге болады.

Басты мақсат – мектеп әкімшілігінің бірлесе жасайтын жұмыстарын жандандыру, мәселелерді дер кезінде алдын алып, шешу болып табылады.

Бұл іс-шара білім бөлімінің бұйрығымен бекітіліп, әр мектептің директорының тікелей басшылығымен жүргізіліп, екі аптада бір қорытындыланып, мәліметі жинақталады.

Үйде болудың басты идеясы – жаза емес, жаңа дағдыларды игеру, білім алу үшін және жаңа қызықты істермен айналысудың көзі болып табылады. Карантин кезінде өміріңізді ақ парақтан бастауға керемет мүмкіндік кезеңі туды. Алға ұмтылыңыз. Білім алыңыз. Қандай жағдай болса да ең бастысы өзіңізге сеніңіз. Қашықтықтан білім алу - заман талабы. Жан дүниеніңді байытуға, қашықтықтан біліміңізді жетілдіруге, дамытуға, көбірек отбасыңызға көңіл бөлуге, өткен шақта уақыт тапшылығынан іске асыра алмаған істеріңізді, арман-тілектеріңізді жүзеге асыруға керемет мүмкіндік туды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. – 209б.

2 Төлешова Ұ. Б. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 142 б.

3 Нұрмұханбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. 1-бөлім. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің мазмұны мен әдістемесі. – Шымкент, 2012.

ЖЕТКІНШЕК ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Н.К. Айменов
А.А.Мираманов

Түркістан облысының әдістемелік орталығының әдіскерлері

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлттық ойындарды оқушылардың тәрбиесінде қолданудың кейбір өзекті мәселелері көтеріліп қарастырылады.

Аннотация. Данная статья поднимает и рассматривает некоторые актуальные вопросы применения национальных игр в обучении школьников.

Abstract. Given clause lifts and considers(examines) some urgent questions of application of national games in training the schoolboys.

Түйінді сөздер: негізгі бағыт, баланың ынтасы, ұлттық ойындар, жас кезеңдері, баланың қабілеті, дамыту жолы.

Ключевые слова: основные направления, детский энтузиазм, национальные игры, возрастные стадии, способности ребенка, путь развития.

Key words: main directions, childrens enthusiasm, national games, age stages, childs abilities, way of development.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдауында: Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс. Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби диагностика жүргізу маңызды» - деген болатын. Сондықтан қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет - өзінің өмірін жалғастырушы сапалы ұрпақ тәрбиелеу. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен соң жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру міндеті уақыт талабымен бірге келген игілікті мақсат екені даусыз. Адамның денсаулығы - өмір тіршілігінің ең бірінші шарты болып табылады. Сондықтан үкіметіміз денсаулық сақтау ісіне, адамдарымыздың дені сау, ағзасының күшті болуына үнемі қамқорлық жасап отыр. Дені сау болса, адамның өзі де, жан-жағындағы адамдар да бақытты. **Бұл талаптарды жүзеге асыру бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің ең алғашқы сатысы - бастауыш мектепте оқушылардың білімге деген құштарлығын қалыптастыра бастағанның маңызы өте зор. Әсіресе, болашақ қоғам мүшелерінің нарықтық экономика жағдайында өмір сүріп, нәтижелі**

қызмет етуіне математикалық білімнің жасайтын ықпалының молдығына кейінгі кезде аса көңіл бөлініп жатқаны көпшілікке мәлім.

Қазақстан Республикасының орта білім мемлекеттік стандарттарында жалпы білім беретін мектептерде оқытудың мақсаты - жеткіншек жасындағы балаларды оқыту барысында оқушылардың алған білімі жоғарғы сыныптарда оқытудың тірегі болатындай шығармашылықпен, өз бетінше ойлай білетін оқушыларды тәрбиелеу екендігі айтылған. Осы мақсаттарға жету үшін оқушылармен оқу-тәрбие үрдісінде ойды және денені дамытушы ойындар күнделікті сабақ тақырыптарына сай іріктеп, тиімді және ұтымды әрі оқу мотивациясының мәнін арттырады. **Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында Білім беру жүйесінің міндеттері: «...азаматтық пен отанжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республикасының басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру» - деп көрсетілуіне орай, халықтық педагогикасының элементтерін мектепте оқытудың, баланың бойына ұлттық сананы сіңірудің маңызына ерекше көңіл аударылғанын байқауға болады.** Сондықтан, білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі - оқушылардың бойында білімге деген қызығушылықты, күштарлықты дамыту, соның ішінде жеткіншек жасындағы мектеп оқушыларының белгілі бір пәнге қызығушылығын қалыптастыру болып табылады. Бұл бағдарлама өзінің көкей тәстілігімен ерекшелініп, қазақтың халық психологиясы мен педагогикасындағы идеялармен үндестік тауып жататындығымен де құнды [1].

Оқытудың ойын формасын қолдануда екі жақты дидактика байқалады: біріншіден, ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шет елдік педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б.Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын зерттеуші Қазақстандық ғалымдар: Н.К.Ахметов, Ж.С.Хайдаров және т.б. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылтатын нәрседе бір жаңалық болу керек», - деп жазады Ж.Аймауытов.

Жеткіншек жасындағы балаларды оқытуда ойды және денені дамытушы ойындар қолданудағы психологиялық ғылыми ой-пікірдің қалыптасуының бұлақ-бастауларының бірі - халық педагогикасы мен психологиялық идеялары болып табылады. Олар: Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі: ертегі, аңыз әңгімелер, ойын өлеңдері (санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ), мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жыр-термелер, айтыс-өлеңдер, эпостар, дастан-толғаулардың мазмұнына тереңірек үңілсек, ерте заманнан-ақ жас баланың ақыл-ойын дамытуда, қарапайым ұғымдарды қалыптастыруда, оның ерекше орын алатындығын айқын көруге болады. Бабаларымыздың даналық ойлары, мақал-мәтелдері мен нақыл сөздері терең пайымдаулары балаларды тәрбиелеудің, олардың психологиялық дұрыс дамуын сондай-ақ, білімнің қажеттігін

насихаттауда да кең орын алған. «Ескісіз жаңа болмайды, есепсіз дана болмайды», - деген мәтел осының дәлелі сияқты [2].

Халық ойындарын - пән сабағында пайдалану оқушының алған білімін күнделікті өмірімен берік ұштастыра түсуге қолайлы мүмкіндік жасайды. Сыныпта берілген білім мен тәрбие сыныптан тыс жұмыстармен тығыз байланыста бірлікте болып, бірін-бірі толықтырып отыруы тиіс. Халық ойындарын пайдаланудың дұрыс әдіс-тәсілін тапқан жерде, ол тәрбиенің басқа да құралдары мен астаса отырып, бұл олқылықтың орынын толтырады.

Баланың оқуға тартудағы мүмкіндігін, оқуды табысты әрі қолайлы етуге мән берген белгілі педагогтар дәлелдеп тұжырымдаған. Ұлттық ойындардың өзіндік психологиялық ерекшеліктері мен орындалу шарттары жөнінде қазақтың белгілі ғалымдарының еңбектерінде жан-жақты талдау жасаған. Көптеген зерттеушілердің ойынша оқушылардың ойлау қабілетін дамытудың неғұрлым тиімді жолы ол халық ойындарын пән сабақтарында қолдануына көңіл бөлген. Ұлттық ойындардың пән сабақтарында тиімді пайдаланудың ұжымшылдық рухты қалыптастыру қажеттілігіне педагог ғалымдар айтарлықтай көңіл бөлген. Оқушылардың логикалық ой-өрісін ойын арқылы арттыруда және оларды пәнге қызықтыру мәселесімен белгілі ғалымдар айналысқан. Мұнда оқушылардың оқу процесіндегі инициативасын, шығармашылық іскерлігін арттыру мақсатындағы сыныптан тыс жұмыстың түрлерін жүргізу қажеттілігі ұсынады. Педагог ғалымдар оқушының ынтасын, зейінін қалай арттыру қажет, оның әдістемелік әдіс-тәсілдерін қарастырады.

Пәннен сыныптан тыс жұмыстарды өткізудің белгілі әдіскер маманы Қ.Қаңлыбаев оқушылардың оқуға, білімге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын түрлерін қолданудың да көздейтінін көрсетеді. Белгілі ғалымдар пәннен сабақ өткізу кезінде өз бетінше жұмыс ұйымдастыруды және өткізуде тұлғаның белсенділігінің қалыптасуы қарастырылады [3].

Бала өзінің қоршаған дүние туралы алғашқы түсінікті ойын үстінде алады. Ол дүние сырларын түйсініп аңғарады, тәжірибе жинайды. «Адам ата-анадан туғанда есті болмады: Естіп, көріп, ұстап, тартып, ескіре дүниедегі жақсы-жаманды, таниды дағы, сондайдан білгені, көргені, көп болған адам білімді болады» - деді ұлы ақын Абай Құнанбаев.

1) Осыған орай бірінші топқа туылғаннан бір жасқа дейінгі нәрестені тәрбиелеудегі «Бесік жыры» жырлары жатады.

«Баланы жастан» - дегендей нәресте дүниеге келгеннен бастап тәрбиеге алынады. «Бесік жырында» ең әуелі ырғағы бесіктің тербелісіне сәйкес келетін сабырлы екпінде айтылатын қоңыржай әуен нәрестенің сезім мүшелері арқылы оған сүйкімді, сүйсінерлік әсер етіп, жан-жүйесін жадыратады, яғни ұнамды, ұнасымды әсермен баланы жұбатады. Екіншіден, баланың келешегіне үміт артып, тілек айта отырып оны жұбатұшы ана болашақтың шамшырағымен нұр сәулесінен қуат алғандай әсерленеді.

2) 1-ден 3-жасқа дейінгі кезең бөбектер жасы. Бөбектер жасындағы ойындарға келер болсақ. Бұл кезең баланың тілі шығып, денесі нығайып ойнай бастау кезеңі. Бұл бөбектер жасында «саусақ санау» ойынын ойнатады.

Қазақ халқында кең тараған саусақтың атаулары бар: бас бармақ, сұқ саусақ, ортан саусақ аттары балалар тілінде ұғымды да жеңіл айтылуы үшін басқаша айтылады: бас бармақ, балалы үйрек, ортан терек, шылбыр шүмек, кішкентай бөбек.

3) 3-тен 7-жастағы сәби жас кезеңіне арналған ұлттық ойындар көп.

Халық өмірін ой арманға меңзейтін шытырман оқиғалы ғажайып қиялы әңгімелер тіл дамыту, ой өрісін кеңейту мүмкіншілігін байыту, тілінен туған жаңылтпаш, жұмбақ, балалар ертегілері, балалар ойынын ойын-сауық жоралғыларын туғызды. Балалардың тілін, ақыл-ойын дамытып, денесін шынықтыратын ойындарды топтастыруымызға болады. Олар жаңылтпаштар, жұмбақтар, өтірік ойын өлеңдері, ертегілер, ақтерек-көктерек, айгөлек және т.б. халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған.

Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге шығарған. Бала тілінде көбінесе «е» дыбысы, «и» дыбысы, «ш» дыбысын «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Әсіресе тілдің алдыңғы дірілмен айтылатын «р» дыбысын айту алғаш көптеген сәбилерге қиын сияқты болып көрінеді. Сондықтан жаңылтпаштарды көбінесе, сол «р» дыбысы мен «л» дыбысымен қатар айтуға құрылған [4].

4) 12-16 жас аралығындағы балалар ойыны.

Тапшы кімнің дауысы? Ойын алдында, спорт залында өтеді. Ойынға көз байлайтын орамал керек. Ойыншыларының санына шек қойылмайды. Ойын басқарушы бір баланы шеңбер бойымен қатар шығып оның көзін байлайды.

Ойын ережесі: осы кезде барлық ойыншылар хормен:

Секір-секір деген кім,
Білгіш болсаң таба ғой,
Тауып ал да өзің кеп,
Сол орынға тұра ғой,

Деп өлеңдетіп шеңберді айнала қозғалып тұрады. Хор айтылып біткен соң, ойын басқарушы белгіленген оқушы «секір-секір» дейді. Айтылып болған соң, басқарушы ортадағы тұрған баланың көзін шешеді. Ол «секір» деп айтқан баланы іздеуге кіріседі. Тапса, айтқан бала ортаға шығып, ойын басқарушы көзін байлайды. Егер таба алмаса өзінің көзін қайта байлайды. Осылайша ойын жалғаса береді. Бұл ойын балада есте сақтау қабілетін және дыбыстарды ажырата білу қабілетін ашады.

Ұлттық ойындардың психологиялық-педагогикалық мәніне тоқталатын болсақ «Кедеймін деп қысылма, өнерің болса бойыңда», «Өнерлінің өрісі кең» деген халық даналықтары өте дәл айтылған. Бүгінгі қазақ жастары қандай өнерді таңдап алып, соған деген мүмкіншілігі мол. Спортта өнер ретінде қарастырылады. Бірі-күштің толысуына әсер етсе, екіншісі жылдамдықты, үшіншісі - тапқырлықты, төртіншісі - адами қасиеттерді қалыптастырады [5].

Қазақ халқының әдет ғұрыптары негізінде дамыған алуан түрлі ұлттық ойындары көшпелі өмірге, дала табиғатына сай дами береді. Әр түрлі өнер белгілі бір жүйеленген ортада көріне алатындықтан, халық ойындары болғаны да даусыз. Қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын баланың жеке басын тәрбиелеудің, олардың адамгершілік қасиеттерін, адалдығын, шыншылдығын,

ұстамдылығын, тәртіптілігін, жолдастық сезімін дамытудың бағалы құралы ретінде пайдалана аламыз. Әр түрлі дене тәрбиесі жаттығулардың ішінде ойынның артықшылығы, оның ерекше тартымдылығынан балалардың күшін жұмылдыратын, қуанышпен қанағат сезіміне бөлейтін әсерлігінен, ірі бұлшық еттерінің (жүгіру, секіру, лақтыру) айтарлықтай бөлігінің жұмысына көмектесетін қозғыштық қызметін, қимылдың қарқынымен күш-қуатын балалардың өздерінің реттей білу мүмкіншілігінен, жеке бастаманың және батылдық, тәртіп, тапқырлық т.б. психологиялық қасиеттерді дамытуынан деуге болады. Қимыл қозғалыс ойындары тірек-қимыл аппараттарына дамыту және жетілдіру жолымен ағзаны күшейтуге көмектеседі [6].

Сонымен, ұлттық ойындар балаларды әдептілікке, ұқыптылыққа, тәртіптікке, әрекетті жинақтауға және жоспарлауға үйретеді. Терең ойды талап ететін ойындарға дойбы, тоғызқұмалақты жатқызамыз. Қызығына ешбір тоймайтын халықтың даналығы қалдырған ойындардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы.-Алматы: Мек1989 - 259 б.
2. Қойшыбаева Н.И., Жунисбекова Ж.А., Абитиярова А.А. Педагогикалық психология. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2017. – 369 б.
3. Қойшыбаева Н.И., Жунисбекова Ж.А. Педагогикалық психология. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2013. – 170 б.
4. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д.Р., Кенеш Ә.С. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. - Алматы: Білім, 1998. - 206 б.
5. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары.-Алматы: Рауан,1991 - 189 б.
6. Елубаев С., Елубаева С. Дидактикалық ұлттық ойындар мен логикалық есептер. // Бастауыш мектеп. – 1998. - №6. – Б. 17.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Мусабаета Мадина Тельжанована

Түркістан облысы әдістемелік орталығы
«Әлеуметтік-психология» бөлімінің басшысы

Тұңғыш Президент - Елбасы Н.Назарбаев: "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласын мемлекеттегі идеологияны анықтайтын, рухани жаңғыруға бағытталған құжат деп ойлаймын.

Әр, халық, әр мемлекет болсын ғасырлар бойы жаңарып отырады. Рухани жаңғыру мен жаңаруда білім беру үлкен рөл атқарады. Біз өзіміздің ерекшеліктерімізді ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерді қабылдай алуымыз керек. Әр адам өз жері мен оның байлығын көру үшін, жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша білім алып, жаңаша заман

талабына сай өмір сүруге тиіс. Ғасыр, жылдар, күндер өткен сайын еліміз көркейіп, дамыған ел қатарына кірудеміз.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және психологиялық, әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті білім беруді іске асыру отбасының белсенді қатысуымен, коррекциялық-педагогикалық және баланың жеке қажеттіліктерін әлеуметтік қолдау мен балалардың жеке ерекшеліктерінің білім алу ортасына бейімделуі және білім алуына қатысты қажеттіліктерін, яғни білім алуға толық жағдайларды жасау жолымен жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беретін мектептерде оқыту, балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ереше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын туғызады.

Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға; денсаулығында ауытқуы бар балалар (ерекше қажеттіліктері бар балалар).

қоғамға әлеуметтік бейімделуі қиын балалар (девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық дәрежесі төмен отбасыдан шыққан) оралман, мигрант, қашқын отбасыдан шыққан балалар жатады.

Әлеуметтік-бейімдеу бағыты

- баланы әлеуметтенуіне, қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасау;
- баланы шығармашылыққа тарту;
- баланы мектепшілік, мектеп аралық мереке, ісшараларға қатыстыру;
- баланы әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға үйрету;
- мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйретеді.

Сонымен қатар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауда әлеуметтік-бейімдеу бағыты оқушылардың, қоғамның толерантылығын қалыптастыруды жүзеге асырады.

«Бейімделу» (адаптация) ұғымы психологияда адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін білдіреді. Бұл ұғым индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстырады туралы гештальтпсихология, ақыл-ойдың даму теориясы

сияқты психологиялық концепцияларда да орын алады. Бұл терминде енгізген Г.Селье. Үш стадиядан тұрады:

1. Аландау стадиясы – бір неше сағат немесе екі күн созылуы мүмкін, мұнда адамға белгілі әсер келіп адам одан қорғануға тырысады;
2. Қарсы шығу стадиясы – адам әсерге қарсыланады;
3. Тұрақтану немесе әлсіздену стадиясы.

Бейімделудің негізі түрлері - сенсорлақ бейімделу мен әлеуметтік бейімделу.

Сенсорлық бейімделу түйсіктердің бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу – бейімделудің еңжоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, екенші жағынан, бұл процестің нәтежесі. Осы екі компоненттің өзара қатнасы индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді.

Бейімделу үздіксіз жүретін процесс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның аусуымен байланыстырады. Психологиялық бейімделудің негізі көрністері – адамның айналасындағы адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы. Психологиялық бейімделуің басты құралы-тәрбие, білім, еңбек және кәсіби даярлық болып табылады.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізіл. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

-мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

-мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық

бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы.^[4,5]

Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.
- Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.
- Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.

2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.

3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.

4. Барлық адам бір-біріне қажет.

5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістік кезетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ .

Пайдаланған әдебиеттер:

Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г

1. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004ж
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
5. Саламан Декларациясы ЮНЕСКО 1994 ж

ҚАШЫҚТАН САБАҚ ӨТУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Тағаева Гулмира Батырханқызы

Сарыағаш ауданы әдістемелік кабинетінің математика пәні әдіскері

g_tagaeva84@mail.ru

Андатпа

Бұл мақалада қашықтықтан оқыту жағдайында математиканы оқытудың ерекшеліктерін баяндауға және оқушылардың оқу дәрежесін арттыруға бағытталған тиімді тәсілдерді сипаттауға тырыстым. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Оқушылардың ынталандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін математика сабақтарында қолданылатын тиімді әдістер туралы қарастырдым.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз-қашықтықтан оқитын оқушылар мен мұғалім арасындағы байланыс қызметін атқаратын ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқыту. Қашықтық мектепте мұғалім болмаған кезде және оқушылар басқа елді мекендердегі мұғалімдерден көмек сұрауға мәжбүр болған кезде, балалар ауырып, мектепке бара алмайтын кезде, стандартты емес балаға сыныптан тыс жеке сабақтар ұйымдастыру қажет болған кезде пайда болады[1].

Қашықтықтан оқыту нысаны білім алушыларға білім беру бағдарламаларын өздеріне ыңғайлы уақытта және орналасқан жеріне қарамастан, компьютер мен интернет бар кез келген жерде игеруге мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, мұғалімдер балалармен жұмыс жасаудың әртүрлі формаларын қолданады, олардың ішінде Skype-сабақтар, web-сабақтар, онда балалар білім беру ресурстарын өз бетінше оқиды, тапсырмаларды орындайды, ал мұғалім оны тексереді және жеке кездесуде орындалған тапсырмаға міндетті шолу жасайды. Оқушылар үнемі белсенді рөл атқарады. Әр сабақтың оқыту формалары балалардың қабылдау және ақыл-ой әрекетінің ерекшеліктеріне, нақты сабақтардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Қашықтықтан оқытуды осындай ұйымдастырумен әр оқушының жеке білім беру траекториясы жүзеге асырылады. Оқу сабақтарының көлемі, олардың мазмұны мен өту қарқыны қатаң түрде жеке мөлшерленеді. Арнайы оқу ортасы оқушының әр жұмысына түсініктеме беруге, қатені түзету бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік береді – оқу мәселесі толық шешілгенге дейін әр баламен жұмыс жасаймыз[2]. Мұғалімнің міндеті-оқушыға белгілі бір білім көлемін беру емес, оның тәуелсіз танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру, оны өз бетінше білім алуға және оны іс жүзінде қолдануға үйрету. Осылайша, ақпараттық-білім беру ортасын құру балалардың мүдделері мен бейімділіктеріне сәйкес толыққанды сапалы білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз етеді және әлеуметтік коммуникация мен бейімделуге ықпал етеді. Қашықтықтан оқыту мүмкіндіктері шексіз, виртуалды орта кедергілерді жеңуге көмектеседі, бастысы – оларды жеңгісі келеді. Өйткені, біз өзіміз алға қойған кедергілер ғана шешілмейді.

Математиканы қашықтықтан оқыту кезінде оқытудың әр түрлі типтерін, соның ішінде гипермәтіндік мультимедиялық материалдар жиынтығын, тестілік жүйелер пайдаланылады. Қашықтан оқыту кезінде әртүрлі виртуалды конструкторларды қолдануға болады. Бүгінгі таңда мұғалімнің қолында осындай материалдар көп. Қашықтан оқыту әртүрлі сандық емес материалдармен жұмыс істеуді де қамтуы мүмкін. Бұл жағдайда қашықтықтан оқыту жүйесінде білім алушының қызметінің нәтижелері ғана тіркеледі.

Қашықтықтан оқыту жүйесі бұрында білім алушылардың таңдауы бойынша әр түрлі себептермен жүзеге асырылып келген. Ал қазіргі таңда елімізге түскен қиындыққа қарамастан білім саласы өз ісін тоқтатпай қашықтықтан оқытуда барлық техника мен жаңа технологияларды қолдана отырып, білім алушыларға үздіксіз білім беруде. Бүгінгі таңда Білім және ғылым министрлігінің білім саласындағы әрбір шешімі оң нәтиже беруде. Күнделікті өткізіліп жатқан вебинарлар мен семинарлар, әр түрлі қиындықтармен оқылықтарды түзету барысында жасалынып жатқан іс-шаралардың барлығыда қашықтықтан әр түрлі платформалардың көмегімен іске асуда. Атап айтсақ: Zoom.microsoft тems сияқты тікелей эфирге шығу арқылы іске асуда. Осы сипаттамадағы негізгі сандық құралдардың бірі-ZOOM онлайн конференцияларын өткізуге арналған бағдарлама. Бүгінгі таңда бұл қызмет мұғалімдерге кеңінен танымал.

Математикадан қашықтықтан сабақ өткізу кезінде математикалық өрнектерді жазу керек, сондықтан презентацияны көрсету және оны түсіндірмелермен толықтыру жеткіліксіз, кем дегенде мұндай презентацияны дайындау көп уақытты алады – барлық формулаларды теріп, сызбаларды дайындау керек. Математика пәнін қашықтықтан оқытудағы әдіс тәсілдер: Қолданылатын құрал жабдықтар: смарт телефондар, компьютер, ноутбук, планшет. Электронды оқулықтар, интернет желісі әрине қалам дәптерлер.

1. Оқушылардың мүмкіндігін ескеру[3, 114б]:

Электронды почта- Барлық мұғалімдермен шәкірттердің ақпарат алмасуға болатын тамаша жүйе.

WhatsApp – топ құрылуы керек. Сұрақ жауап алмасып, онлайн режимді сабақтарды уақытында белгілеуге, дискуссия жасап, бір шешімге келуге, топпен пікір талас жасауға ыңғайлы жүйе.

Telegram – чат өте ыңғайлы телефон жадысын толтырмайды, фото видео сапаларының сақталуы жақсы, көптеген артықшылықтары бар қосымша.

Zoom – қосымшасын телефон, ноутбук, компьютерге жүткеп алу арқылы қолданады. Бұл видео конференция жүргізуге ыңғайлы платформа.

Google classroom – жазбаша тапсырма алмасуға өте ыңғайлы платформа. Бірнеше мұғалім бірігіп жасауға болатын, бірнеше функциялары біріктірілген ұтымды платформа.

Instagram мен **Facebook** – парақшаларына каментария қалдыру немесе тікелей эфирге шығуға қолайлы жүйелер.

Google форма – сабақ тақырыбына байланысты тест тапсырмаларын құрастыруға арналған платформа.

Әр оқытушы өзінің білім алушыларына қандай платформада жұмыс жасау ыңғайлы екенін таңдап алған дұрыс. Сол кезде ғана ол өзінің жұмысын жоспарлы түрде іске асыра алады. Математика сабағын дәстүрлі емес әрі қашықтықтан оқыту оңай жұмыс емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Дегенмен стандартты орындау, оқушыға сапалы білім беруге міндеттіміз.

Математика сабағын түсіндіру үшін әр мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануда. Бірі слайд жасап түсіндірсе екіншісі WhatsApp желісі арқылы видео, аудио жіберіп жатты. Ал кейбірі білімланд платформасындағы дайын тапсырмаларды берсе тағы біреулер телесабақтармен маршруттық парақтармен жұмыс жасап жатты. Әрине бұл платформалардың барлығын қолдана отырып оқушылардың білімін арттыру үшінгі жасаған ұстаздардың еңбегі ерен. Дегенмен оқушылар өз ұстаздарының бет бейнесін көріп дауысын есту оларға басқаша әсер қалдыратыны сөзсіз. Сондықтан сабақ барысында жаңа тақырыптың тақырыбын ашу үшін Қараевтің модульдік технологиясын қолданып трек сызба бойынша модуль жасап тақырыпты ашуға әрекет ету. Ол үшін тақырыпты ашатын бірнеше сұрақтар қою, сол сұрақтарға жауаптар табу арқылы жаңа сабақтарды талдауға болады[4].

Idroo бағдарламасы: Бұл бағдарламада көптеген функциялар бар. Математикалық клеткалы парақ ашылады сол жерге кәдімгідей дәптерге жазғандай жазып, сызып тікелей жаңа сабақты үйретуге болады. Барлық онлайн түрде көрініп тұрады. Бұл бағдарламамен алдын ала үйрететін сабақты жазып ссылақ жасап қоюға болады.

Тапсырмаларды орындату үшінгі қолданылатын әдіс – тәсілдерін жүзеге асыру бағдарламалары:

1. Kahoot бағдарламасы – бұл сабақты бекітуге, білімді тиянақтауға қолдануға болады. Бұл жерде бірнеше тест тапсырмасы беріледі оқушыларға жеке код арқылы кіреді кім қанша тест жасады яғни сабақты қаншалықты түсінген түсінбегенін көретін анализ бөліміне қарап біле алатындығымен ерекшеленеді.
2. Quizizz.com бағдарламасы – бұл бағдарламамен тест тапсырмаларды орындатуға болады. Бұл сабақты қорытындылауға қолдануға болады. Яғни бірнеше дұрыс жауабы бар тестмен жұмыс жасауға болады.

3. Simpoll бағдарламасы – Бұл бағдарлама бойынша жиынтық бағалау, немесе тоқсандық жиындық бағалау жұмыстарын жүзеге асыруға болады. Әр оқушыға кері байланыс жасауға болады. Әр түрлі критерийлерге қарай бағалауға болады.

4. Оқушыларға кері байланыс жасау үшін қолдануға қажетті смайликтерді жасау.

Смартфон телефондағы дайын смайликтерден басқа өзіңнің бет бейнеңмен әр түрлі смайликті өз қалауыңша жасауға мүмкіндік беретін бағдарлама.

Математика сабағын қашықтықтан оқытуда тиімді әрі қол жетімді бағдарламаларды қолданып, оқушылармен дер кезінде кері байланыс жасап отыру дұрыс деп санаймын[5].

Қашықтықтан оқыту мен оқу үшін платформалар мен бағдарламалар оқытушылармен оқушылардың техникалық, ақпараттық құзыреттілігін арттырды. Сонымен қатар, АКТ сауаттылығы артып әр түрлі ресурстармен жұмыс жасауға үйренді. Интернеттегі байланыс-бұл балаларды қашықтан да, мұғалімдермен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрететін маңызды сәт. Грамматикалық қателіктер жібермеуге, анық жазуға, жақсы оқып, тез суретке түсіруге (мәтін, шешім, сурет), файлды қалыпты түрде жіберуге, хабарламаларды уақытында жіберуге және бір — біріне төзімді болуға - бұл оқушылардың негізгі міндеттері болып табылады. Мұғалімнің заманауи құзыреттілігі оқушылардың кейде ақпараттық технологияларды өз мұғалімдерінен гөрі жақсы білетін уақыт талаптарына сәйкес келуі керек. Мұғалім грамматикалық қателіктерсіз жылдам теру дағдыларына ие болуы керек, жауаптарға тез жауап беруі керек, оқушыларды сөздермен жігерлендіруі керек (жақсы, керемет, ақылды), кейде эмодзи мен стикерлер салуы керек. Балаларға бұл өте ұнайды және оларға жұмыс істеуге өте ыңғайлы.

Ақпараттық технологиялар негізінде немесе олардың элементтерін (мәтіндік бағдарламалар, электрондық оқулықтар, компьютерлік презентациялар және т.б.) қолдана отырып, математикадан оқу тапсырмаларын ұйымдастыру, математикадан мәтіндік оқу бағдарламасының аяқталған жобасын жасау немесе пайдалану (нақтылау), сабақта қолдану үшін презентациялар жиынтығын құру қажет. Жаңа білім беру стандарттары білім алушылардың зияткерлік дамуына, атап айтқанда математиканы оқу арқылы жаңа талаптар қояды. Бұл мәселені тиімді шешудің бір нұсқасы-заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Бүгінгі таңда мен математика сабақтарын өткізу кезінде қашықтықтан оқытудың келесі ыңғайлы және тиімді технологияларын атап өтемін:

1. Кейс-технология-мәтіндік, аудиовизуалды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығын (кейстерін) пайдалануға және оларды оқытушыда тұрақты консультациялар ұйымдастыру кезінде білім алушының өз бетінше оқып-үйренуі үшін жіберуге негізделеді.

2. Теледидар технологиясы-оқушыларға оқу-әдістемелік материалдарды жеткізу және мұғалімде үнемі кеңес беруді ұйымдастыру үшін теледидар жүйелерін қолдануға негізделген[6].

3. Желілік технологиялар. Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалмен қамтамасыз ету және мұғалім мен білім алушы арасындағы интерактивтіліктің әртүрлі дәрежесімен өзара іс-қимыл жасау үшін телекоммуникациялық желілерді пайдаланатын желілік технологиялар.

Қашықтықтан оқыту процесінде оқушы мен мұғалім келесі режимдерде өзара әрекеттеседі:

* оқушы мен мұғалімнің нақты уақыт режиміндегі синхронды - қарым-қатынасы (online қарым-қатынас);

* асинхронды түрде, оқушы қандай да бір өзіндік жұмысты жеке қарқынмен орындаған кезде, ал мұғалім оның дұрыс орындалуын бағалайды және оқу іс - әрекетінің нәтижелері бойынша ұсыныстар береді (off-line).

* аралас қашықтықтан оқыту-бұл оқыту бағдарламасы синхронды және асинхронды элементтерден құрылатындығын білдіретін режим.

Қашықтан оқыту-бұл көптеген жаңа және белгісіз нәрселерді жасыратын өте қызықты процесс. Қашықтықтан білім беру саласындағы зерттеу саласы өте үлкен және оларды практикадан бастау керек.

Мен сәтті оқытудың негізгі маңызды факторы – мотивация деп санаймын. Білім алушылардың уәждемесін қолдауда мазмұны, оқу материалын ұсыну және Қызметті ұйымдастыру (әдістер, тәсілдер, формалар) маңызды рөл атқаратыны белгілі. Қашықтықтан оқыту формасы мұғалімнің жеке қатысуын білдірмейтіндіктен, мұғалім мен оқушы арасындағы жазбаша және ауызша онлайн қарым-қатынас маңызды рөл атқарады [7]. Сонымен қатар, тәжірибеге сүйене отырып, қашықтықтан оқыту кезінде мотивацияны қалыптастырудың бірнеше әдісін атап өтемін, мысалы: оқу материалын ұсынудың стандартты емес әдістерінің көмегімен назар аудару; оқушының қабілеттеріне қолдау көрсету; практикалық құндылықты қоса отырып, маңыздылығын көрсету.

Қорыта келгенде, қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеді оқытушы оқушының жұмыстарын, жеке қызығушыларын ескереді. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Қашықтықтан оқыту кезінде интерактивтіліктің жүйелілігі және тиімділігі қамтамасыз етіледі. Қашықтықтан оқытуда күндізгі бөлімде оқытылатын материалдар қолданылады. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білім беру сапасын бақылауда үнемі кері байланыс жасалынып отыру тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беру ақпараттандыру IV Халықаралық формуның мақалалар жинағы 18-19 бет
2. С. И. Заир-Бек, И. В. Муштавинская, Развитие критического мышления на уроке. Пособие для учителей общеобразовательных учреждений. Москва «Просвещение» 2011, 223 с.
3. Е. В. Сергеева, М. Ю. Чандра, Современные технологии оценивания учебных достижений обучающихся. Учебное пособие — Волгоград Издательство ПРИНТ 2013, 115 с.

4. Д. Рахымбек. Оқушылардың логика методологиялық білімдерін жетілдіру. Алматы. РКБ, 1998ж.
5. С.Мирсеитова, «Оқыту ізденіс ретінде және Ізденіс оқыту ретінде.»
6. Андреев, А. А. Средства новых информационных технологий в образовании: систематизация и тенденции развития: Сб./ Основы применения информационных технологий в учебном процессе вузов. М.: ВУ,2015.
7. Полат Е. С., Петров А. Е. Дистанционное обучение каким ему быть? [Электронный ресурс] <http://distant.ioso.ru/library/publication/razvitie.htm>

САПАЛЫ БІЛІМ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕШЛІ

Усенбеков Марат Кабылханулы

Түркістан облысының әдістемелік орталығының тарих пәні әдіскері

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісі барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп аталуы қазақ елінің жарқын болашағы және кемелденген ертеңімен тығыз байланысты. Қазіргі таңдағы басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Бұл – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауындағы (2020 жылғы 1 қыркүйек) коронавирус індетінің салдарынан мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгерту қажеті -деп, «Қолжетімді әрі сапалы білім» бағытында мәлімдеді.

Сапалы білім алу үшін азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында қазіргі таңда әр түрлі платформалар («Daryn.online», «Kundelik.kz», «Bilimland.kz» т.б) мемлекетінің тарапынан әзірленген. Қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында білім сапасын сақтап қалу мақсатында аталған платформада оқушыларға, мұғалімдерге электронды оқылқтар мен ресурстар қолайлы қол жетімді болып тұр. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да, сапалы білім алу керек деген болатын.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру

үшін жағдайлар жасау керек», – деп атап көрсетілген. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — балаларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Еліміздің ертеңі – бүгінгі жастар. Бұл үшін қоғамда білімді де құзыретті мамандар көп болуы керек.

Білім беру үрдісінде көзделген міндеттер мен мақсатты жүзеге асыруда мектептің ондағы мұғалімдердің атқаратын еңбегі ерекше. Қазір білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Әлемдік білім кеңестігіне кіру үшін оның алғы шарттары да жасалуда. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру, дарын көзін ашу сынды келелі мәселелер сөз жоқ, ұстаз жұмысын да жаңа арнаға бұруда.

Мұғалімнің кәсіби шеберлілігі алған білімнің көптігінен емес, сол білімді практикада қолдана алуымен маңызды. Мұғалімнің басты мақсаты тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттеліп, сараланған білім беру үлгісінің басын бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің өркениеті негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Ғұлама ғалым әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», - деп ең алдымен, балаға тәрбие берілуі керектігін алға тартады. Демек, тәрбие мен оқыту – біртұтас үрдіс. Олай болса, жаңашыл ұстаздың басты міндеті – оқушыларды тәрбиелей отырып, сапалы білім беру.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында, озық көштің бұйда ұстар тұсында тұрады десек, қазіргі кезеңде еліміздегі білім саласында жүріп жатқан реформаларға байланысты білім беру жүйесі терең құрылымдық өзгерістермен сипатталады. Қазіргі ғылыми-техникалық өрлеу ғасырында жоғарғы деңгейде сапалы білім беру мәселесі-ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл бағытта балаларға жоғары деңгейде білім беретін, еңбекке баулитын, талабын оятып, қозғау салатын орын – мектеп. Бүгінгі өркениетті қоғамда білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге көтеру.

Қашытықтан оқыту негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Сол себепті тарихшы ұстаз өз пәнінен ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуы қажет, әрі оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта АКТ құралдарын қолдана білу керек.

Қашытықтан жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен сапасын арттырып, білім берудің табысты болуына оң ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны барлық деңгейлерде жүйелі пайдалану арқылы оқушы сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай білуге, ақпаратты дұрыс тандау жауапкершілігін қалыптастыруға және өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады.

Мектеп мұғалімдері сабақта сапалы дайындауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ұтымды әдіс-тәсілдері пайдалану қажет. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың талаптары:

-ақпараттық-коммуникативтік технолгиялармен жұмыс істей білуге үйрету;

-тарих пәніне деген қызығушылығын тудыру;

-өз бетінше орындауға берілген жұмыстарға жауапкершілікпен қарауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;

-өзіндік пікір, тұжырым, түсінік келтіру;

-дайынды көшіріп алмай, салыстырмалы жұмыс істеу;

-пікірін, тұжырымын дәлелдей және қорғай білуге дағдыландыру;

Жоғарыда айтылған мақсатқа жету үшін оқытушының әрекеті:

-мұғалімнің білімділігі, тың идеяларды жеткізуі, компьютерлік сауаттылығы;

-сабақтың тақырыбына сай мақсаттың айқын болуы;

-білім мен тәрбиенің бірізділігі;

- сабақтың жүйелілігі;

- әр оқушының психологиялық ерекшелігін ескеру;

- әр сабақта интерактивті тақта мүмкіндіктерін кең түрде пайдалану;

- өз талаптарын бұйрық түрінде емес, кеңес түрінде ұсыну;

-оқушылар пікірлерімен санасу, ерекше идеяларға қолдау жасау;

- үйге берілетін тапсырманың уақтылы және нақтылы берілуі;

-бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы.

Ұстаздың рөлі ақпаратты жай ғана жеткізіп қоймай, оқушылар тек қана тыңдаушы рөлін емес, ізденуші де рөлін атқарып, білім алуға деген қызығушылығын арттырып, ол жаңа ақпарат алып қана қоймай, мәселенің негізгі түйінін табуына ықпал ету маңызды. Мұғалім өз түсіндірмесі кезіндегі сабақтың негізгі түйінін «Ерте сақта!», «Бұл маңызды» «Көңіл аудар» деп қайталап отырса, оқушының есте сақтауына тиімді болады.

Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез-келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен

проблемалық жағдайлардан шыға алуымен айқындалады. Оқу процесі кезінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану оң тәжірибе беріп отыр. Оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Тек сабақ кезінде ғана емес сабақтан тыс кезде де оқушылар компьютермен жұмыс жасауға арналған тапсырмалар беремін [3, б. 198]

Қазіргі кездегі оқытушының басты мақсаты – білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Тарихты оқыту – өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі үрдіс. Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Бұл ретте өзім тарих сабағымда оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістерін қолданамын. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады [<http://tak-to-ent.net/load/259-1-0-17303>]

Жалпы тарих пәні мұғалімі ретінде сабақтан тыс оқушылар арасында әртүрлі тақырыптарда конференциялар, дөңгелек үстелдер, зияткерлік ойындар, тарихи оқиғаларға байланысты кештер өткізіп отырамын. Бұл шараларды ұйымдастыруда мен оқушыларға тек қана бағыт беріп отырамын, ондағы мақсатым оқушылардың жан-жақты шығармашылық, терең ізденіс, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Барлық шараларды өткізген кезде ақпараттық технологиялар – интерактивті тақта, компьютер, видеокамера қолданылды [<http://www.bsh.kz/news/1316766022.html>].

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологияларды тарих сабағында қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

- оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;
- тіл байлығын дамытады;
- өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
- шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
- өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі — білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіл әлемдік коммуникация желісіне шығу.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен, ұлы ағартушы Шоқан Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген. Бұл міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне, оқулыққа ендіру – ұстаздар үшін парыз деп білемін. Ең басты міндетіміз-жас ұрпақ бойында еліне, туған жеріне деген патриоттық сезім, ұлттық игіліктер мен мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып, әлеуметтік өмірге бейімделген өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысында жауапты шешімдер қабылдай алатын, дені сау, рухани бай, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру.

Әр мұғалім болашақ үшін қызмет істейді. Ол әр оқушыны жеке тұлға ретінде көріп, оның өміріндегі өз орнын табуына, жағдай жасайды. Әр мемлекет ғасырлар тоғысында рухани жаңғырып, жаңарып отырады, жаһанданады, ғаламдық прогреске ұмтылады. Біз де өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап, жаһандық жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді меңгерген адам сонша елдің білімін игереді. Озығы мен кенжесін саралайды, керегін сараптап, мемлекет мүддесі жолында пайдаға жаратады. Елі мен жеріне сүйіспеншілігі мол, ұлттық құндылықтарға бай, рухы мықты, тілі мен діліне, әдебиеті мен мәдениетіне, тарихына, ұлттық салт-дәстүріне деген құрметі зор, ғаламдық жаһандануға ұмтылысы жоғары, еліне адал қызмет ететін жас буын қалыптастыруда ұстаздарымызға зор жауапкершілік жүктеліп отыр.

Жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы сауатты, терең білімді болуы шарт. Сол білімді ұрпақты ерінбей тәрбиелеу, бейімдеу – ұстаздардың қолында. Кәсіби дағды қалыптастыра отырып, жауапкершілікті арттыра білуіміз қажет. Қай істе де әділдікке жүгінсек, ол қоғамның алға басуының маңызды шарты болып табылады. Бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыру үшін адалдық, тазалық, тиянақтылық, ұқыптылық сынды құндылықтарды нағыз қазақ ұрпағының бойынан көруіміз үшін аянбай үлес қосуымыз керек деп ойлаймын.

Біздің басты мақсатымыз – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, яғни ұлттық құндылықтармен сусындату – біздің басты парызымыз деп білемін.

Қорыта келгенде, тарих сабағында компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану-заман талабы. Жаңа замандағы – Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процессіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Т. Мұхамбетжанова, Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.-301бет
2. Ақылдың кені /Ұлағатты сөздер/-Алматы, 2008 жыл.-213бет
3. Қисымова.Ә.К.Оқыту технологиялары. - Алматы, 2007 жыл.-270бет
4. <http://tak-to-ent.net/load/259-1-0-17303>
5. <http://bilim-all.kz/>
6. <http://www.bsh.kz/news/1316766022.html>
7. <http://kazustaz.kz/lessons/1009-stazdara.html>
8. <http://www.zkoipk.kz/kz/2016smart5/2442-conf.html>
9. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек <https://www.akorda.kz/>

БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Тойшыбеков Руслан Есболганович

Түркістан облысының әдістемелік орталығы
Әлеуметтік-психологиялық бөлімінің
әлеуметтік сала әдіскері

Бұл мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушымен және оның ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қалыптастыру қарастырылады.

Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы. Баланың құқықтары мен еркіндігі бұлтартпай орындалуы және кез келген өркениетті Елде қорғалуы тиіс, сондықтан Қазақстанда аталмыш мәселелер мемлекеттің жіті қадағалауында. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында аналықты және балалықты қорғау мемлекеттің жаңа сатыдағы әлеуметтік саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде белгіленген. Осы саладағы заңнаманы түбегейлі қарастыру, оның ішінде аналық пен балалық шаққа қарсы бағытталған қылмыстар үшін кесілетін жазаны қатандату міндеті қойылған. Осы саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру шеңберінде кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықтары мен еркіндігінің қорғалу деңгейін арттыруға, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен еркіндігіне қол сұғуға қатысты барлығына дерлік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу қажет болып табылады.

Бала тәрбиесінде тәрбиелілікке жетудің жолы - еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа үйрету. Осылардың барлығын балалардың бойына сіңіріп, күнделікті өмірде әдетке айналдыру тәрбиенің басты мақсаты болмақ. Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі тәрбиелілікке үйретудегі пәрменді тәсіл - адамдардың өзара тәлімі мен үлгісі екенін айтқанымыз жөн.

Халық даналығы «Адамнан - адам тәлім алады, ағаштан – ағаш мәуе алады» деген сөз бекер айтылмаған. Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесіндегі қос босаға - тәртіп пен мәдениет күллі адам атаулының күнделікті әдеттеріне айналған кезде, біздер мейірімі мол қайырымды қоғамды құрып қана қоймай, зорлық - зомбылықсыз балалық шақтың шаңырағын биіктете түскен болар едік. Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Оның етек алуы отбасынан басталады.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары

Баланың қиын жағдайға тап болу себептері:

- Ата-анасының ажырасуы;
- Ата-анасынан айырылуы (қайтыс болу);
- Ата-ананың зиянды ішімдікке, нашақорлыққа әуес болуы;
- Ата-ананың қаңғыбастыққа, жеңіл жүріске салынуы;
- Ата-ананың бала тәрбиелеуден жауапкершілігінің жоқтығы;
- Ата-анасының жүйке аурулары немесе психикалық ауытқушылықтары;
- Ата-анасының баласын қиын, қолайсыз ортада қалдырып кетуі;
- Ата-аналардың баланы күндіз-түні жалғыз қалдыруы;
- Өгей әке немесе ана мәселелері;
- Қамқорлыққа алған қамқоршының тәрбиесінің дұрыс болмауы;
- Отбасындағы үздіксіз жанжал, ұрыс-керіс;
- Отбасындағы зорлық-зомбылықтың күннен-күнге ұлғаюы;
- Бала еңбегін шамадан тыс пайдалану, баланы аса қатал бақылау, тәрбиелеу;
- Жанұя мүшелерімен ортақ тіл табыспаушылық қиындықтары;
- Нәпсіқұмарлық (жыныстық қарым-қатынас) іс-әрекетке итермелеу, немесе мәжбүрлеу;
- Баланы ұрлыққа, өтірік айтуға, қылмыс жасауға, ішімдік, темекі немесе денсаулыққа зиян келтіргіш заттарды қолдануға мәжбүрлеу;

Негізгі жұмыстың бағыты

- Ана мен баланың қоғам алдында құқығы қорғалып, қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасау;
- Балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өңдейді;
- Социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсыну;
- Баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын ала сақтандыру шараларын жүргізеді;
- Үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтер мен балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету.
- Зорлық-зомбылыққа душар болған отбасы мүдделі органдармен қорғауға алынып, мемлекет қамқорлығында болады.

Жұмыс жүргізудің әдіс тәсілдері

- Балалардың әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттеу;
- Зерттеу материалдарының қорытынды құжаттарына сәйкес мақсат-міндеттерді анықтау, проблемалық шешуге тиіс жағдай болғанда, тіркелген субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алу және жұмысты жоспарлау;
- Әрбір іс пен әлеуметтік педагогикалық қызмет кезеңдеріндегі зерттеу нәтижелері мен жоспардың іске асырылу барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау жұмысын жүзеге асыру;
- Отбасына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;
- Отбасы мен балаларға психологиялық кеңес беру;
- Балаларды күйзелтетін даулы мәселелерді шешуге көмектесу;
- Мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;
- Профилактикалық шаралар ұйымдастыру.
- Мүдделі органдармен бірлескен жұмыс жүргізу;

Білім беру ұйымдары мектеп әкімшілігінің мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу іс әрекеті (алгоритімі)

1. Мектеп әкімшілігі қауіпсіз мектеп жағдайын орнатуды қолға алу.
2. Қауіпсіз мектеп командасын (әрбір мектепте) құру.
3. Мектеп әкімшілігі білім алушылар арасында зорлық-зомбылық фактілерінің орын алмауына барынша жағдай жасау:
 - білім алушыларды достық, жағымды қарым-қатынастық іс-шараларға тарту;
 - білім алушыларды қосымша білім алуға, үйірмелерге тарту;
 - қоғамдық жұмыстарға тарту.
4. Мектеп әкімшілігі барлық сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта балалар арасында әлімжеттік, зорлық-зомбылық жағдайларының орын алмауын қадағалау.

5. Сыныпқа жаңадан келген оқушымен сыныптастары арасында жағымды, қолайлы (достық, мейірімді, қамқор) қарым-қатынас орнатуға бағыттау.
6. Мектеп әкімшілігі ата-аналармен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізу:
- жалпы ата-аналар жиналыстары;
 - ата-аналармен коучингтер;
 - акциялар;
 - АТТ ағарту жұмыстары:
7. Өткізген жиналыстар мен түсіндіру жұмыстардың хаттамасын түзу, хаттамаға таныстым деген ата-аналардың қолдарын қойғызу.
8. Мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтердің білім алушылар арасында зорлық-зомбылық фактілерінің орын алмауына кешенді іс-шараларды (тренингтер, кештер, дөңгелек үстел, КТК, диспут т.б.) ұйымдастыру.
9. Сынып жетекші оқушыға үйрету керек:
- Мектептегі этика ережелерін ұстануға;
 - Мектептегі зорлық-зомбылықты айыра білуге үйрету,
 - Жағымды мінезді дамытуға.
 - Өзінді және өзгелерді сыйлауға.
 - Кішілерге әлімжеттік жасамауға.
 - Кез-келген оқушыға құрметпен қарауға.
10. Сынып жетекші оқушының бойындағы күрт өзгерісті байқаған жағдайда, ата-анасымен, оқушының өзімен сөйлесу, анықтау жолдарын қарастыру, мектептің психологтары мен әлеуметтік-педагогтерін іске қосу.
11. Зорлық-зомбылық фактісі орын алған жағдайда барлық құзырлы орындарды хабардар ету.

Отбасындағы салауаттылық – өркениетті қоғамның талабы, өйткені ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар көбінесе отбасында дамып, қалыптасады. Адамды өзара түсіністікке жеткізетін шынайы да, тұрақты сүйіспеншілік дәстүрлері де тек салауатты отбасында ғана қалыптасады.

Балалар – еліміздің болашағы. Оларды тәрбиелеу, оқыту, білім беру, болашаққа қадам бастыртып осы өмірде өз орнын таптыру әр ата - ананың міндеті. Ананың бесік жырынан басталатын қарым-қатынасы, іс-әрекет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр осылардың бәрі адамның дүниетанымын, сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыратын тәлімдік мұра. Нәтижесінде баланың өмір сүру ортасы дұрыс және оң жағына шешіледі. Баланың отбасы алдындағы құқығы қорғалып, зорлық-зомбылықтың болдырмаудың алдын алады. Қазақстанның жаһандануы, қоғамның ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеруі жағдайындағы болашағы балаларды тәрбиелеу, оқыту, олардың дене бітімі мен рухани дамуы, оларды өмірге дайындау деңгейімен айқындалады. Өмірде қиын жағдайға тап болған зорлық-зомбылыққа ұшыраған кәмелетке толмағандарды - әлеуметтік бейімделмеу, бұл жасөспірімдердің арасында ұлғайып отырған қадағалаусыздық, панасыздық, қылмыс сонымен қатар оларды бала еңбегінің ең нашар түріне тарту қоршаған орта үшін де қауіпті. Бейімделмеген балалар санының көп болуы елдің болашағы үшін қауіп.

Әлеуметтік педагогтың білімі, біліктілігі, шеберлігі, еңбектегі табандылығы, адамгершілігі мен қарапайымдылығы қоғамдағы жетістіктердің негізгі күші болып табылады. Өскелең ұрпақтың болашаққа зор үмітпен қарайтыны сөзсіз.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Түркістан облысы әдістемелік орталығы

Н.Д.Жунисова – Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы,
А.М.Сердалиева - Техникалық және кәсіптік білім беру бөлім әдіскері,
Ж.Ж.Дуйсебаева - Техникалық және кәсіптік білім беру бөлім әдіскері

Шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміз — студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, дәстүрлі өнерді, білімді қолдана білу, жан-жақты ізденуге бағыттауды қалыптастыру. Дәстүрлі оқытуда ұстаз өзіне мәлім ақиқатты жария қылып, шәкірттерінен өзінің айтқанына ғана иланып, соларды қайталап беруді талап етеді. Мұндай ұстаздың пікірі де біржақты болады, басқа көзқарастарды тіпті де қарастырмайды, оның қолданатын әдістері мен тәсілдері жұпыны, өз ұстанымдарын шәкірттеріне сөз арқылы жеткізе білетіндігіне кәміл сенеді. «Мен айтып берсем білімгер түсінеді» деген қарапайым дидактикалық қағиданы ұстанады. Неліктен біз өз сөзіміздің құдіретіне кәміл сеніп кеткенбіз? Бұған қоса біз түсіндіргенде оқулықтағы берілген барлық материалдарды тек өз сөзімізбен айтып беруге құмармыз? Ал мүмкін білімгерлерде шартты рефлекс қалыптасқан болар: біз түсіндіре бастағанда, құлақтары тас бітіп, олар біздің айтқанымызды тыңдамай, өз жұмыстарымен айналысатын шығар?... «Мен айтып берсем ғана білімгер түсінеді» деген түсінік бүгінгі күні тіпті де ескірді. Баяғы патриархалдық заманда емес пе сөздің маңызды да қасиетті құрал болғаны? Ол кездері сөзге иланған, сенген, сөзді силаған, сөзге тоқтаған. Алысқа бармай-ақ қояйық, қазақ қоғамында да сөз құдіреті деп қабылданған емес пе еді? Бір ауыз сөз жауларды бітімге келтірген, ел ішінде бірлік орнатқан, ел жақсыларын пендешілік әрекеттерден тоқтатқан, жуандарды бассыздықтан тоқтатқан. Ата-бабаларымыз «Айтқан сөз – атылған оқ» деген қағиданы ұстанған. Олар сөзді қастерлеген, сөзден қаймыққан. Ал қазіргі күні сөз өзінің қадірін жоғалтқан, бүгінгі қоғам – сөзден әбден жалыққан, айтылған сөздің жауапкершілігін сезінбейтін қауым. Бүгінде сөз – арзан. Сол себепті де сөйлей саламыз, уәдешіліміз, айтқан сөздерімізге еш жауап бермейміз. «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын» (Конфуций). Шәкірттеріміз де сөзге илана қоймайды. Көп жағдайда сөзіміз айтылған жерде қалып қояды.

Бүгінде педагогикада тек сөз арқылы ғана үйрену мүмкін емес деген қағида дәлелденіп отыр. Керісінше, білімді әрекет арқылы ғана игеруге болады. Адам бірінші кезекте өз қолымен жасағанды жадында сақтайды, осы әрекеттерінің

негізінде туындаған билік пен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана алады: «Өзіме жасатсаң – үйренемін!» (Конфуций). Сондықтан да әр сабақта үйренушілер бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қана қоймай, белсенді әрекеттер атқаруы керек: ойлау, оқу, сөйлеу, өз ойын келтіру, талқылау, жазу, пікір таластыру, талдау.

Мұғалім неліктен оқушыдан көбіне-көп өзіне мәлім нәрселерді сұрайды – олардың бәрі де өзіне белгілі ғой?! Мүмкін ол өзінің білмейтінін сұрауы керек болар. Әрине кейбіріміз «Мұғалімнің білмейтіні бар болса, ол несіне ұстаз болып жүр!» деп ойлау да ықтимал. Пән бойынша мағлұмат тұрғысынан алатын болсақ, мұғалім көп нәрсеге қанық, өйткені бұл пәнді ол жылда шәкірттеріне үйретеді. Алайда оның білмейтіні де шексіз дүние!...

Ұстаз нені білмейді? Ол шәкіртінің ішкі жан дүниесінің болмысы мен ахуалын білмейді, оқушының қандай ойы, пікірі, идеялары, дүниетанымы, көзқарасы, ұстанымы, түсінік пайымдауы, дәлелдері, ұсыныстары бар екендігін білмейді. Сол себепті де ұстаз шәкірттерінен білмейтінін сұрап, олардан тілейтіні – тақырып бойынша өзінің ойларын, түсінігін, толғаныстарын, сезімдерін, тұжырымдауларын, талдауларын келтіруі. Мысалы, «Екі жердегі екі қанша болады?» деп сұрамай, «Неліктен $2 \times 2 = 4$ болады деп ойлайсыздар?» деп сұраған дұрыс болар?! Ал бұл сұраққа әрбір оқушының қалайша жауап беретіндігін біз білмейміз ғой!...

Не нәрсеге үйрену/үйрету керек? Бүгінде оқушыға бағытталған білім беру жүйесі жастарда шығармашылықтың өмір шығармашылығы деп аталатын жаңа түріне ынталандырады. Оның негізі Жак Делор (ЮНЕСКО) айқындаған білімнің басты төрт құндылықтарымен анықталады: 1. Өмір сүре білу. 2. Жұмыс жасай білу. 3. Басқалармен бірге өмір сүре білу. 4. Үйрене білу. (Болонский процесс). Бұл мақсаттар бүгінгі күнгі қоғам мүшелерінің міндеттерін келесідей анықтайды:

- тұлға білім алу ісіне өмір бойы берілу арқылы әлеуметтік-моральдық кеңістіктің жаңа энергетикасында бақытты түрде өмір сүруге міндеттеледі;
- тұлға әлеуметтену, ұйымдасу мен өндірістік қатынастардың жаңа формаларында жұмыс жасай білуге міндеттеледі;
- тұлға жаһандану мен мәдениеттердің сан алуандығы жағдайында өзге мәдениеттермен, өмір салттарымен, ұлттармен, этностармен, конфессиялармен ынтымақты өмір сүре білуді үйренуге міндеттеледі;
- тұлға өзінің өмірлік проблемаларын тиімді және рухани тұрғыдан (әлеумет талаптарына сәйкес) шеше білетіндей өмір сүре алуды үйренуге міндеттеледі. (Болонский процесс)

Өмір сүруге, адам және тұлға болуға үйрену/үйрету. Француз жазушысы әрі философы Жан-Жак Руссо өзінің «Эмиль, немесе тәрбие туралы» атты кітабында «баланы өмір сүруге үйрету керек» деп жазған болатын, өйткені өмір сүру – адамның ең басты мақсаты мен міндеті. Ал өмір сүру дегеніміз өмірдің әрбір мезетін, әрбір көрінісін толыққанды, бар мүмкіншіліктеріңмен, мүшелеріңмен сезіну: дана деп көп ғұмыр сүрген адамды емес, өмірді жан-жақты сезіне білген адамды атамаймыз ба?!

Сондықтан да шәкірт оқу орнының табалдырығынан қандай да бір ғылым иемденіп қана емес, бірінші кезекте адам болып шығуы қажет. Ол өз жүрегі мен

жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, жалған қағидаларды ұстанбайтын, дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлға болуы керек. Адам болу дегеніміз адамгершілік қағидалар мен құндылықтарды ұстану, өмірдің мәнін өзіңнен емес, басқадан көру, «Өзің үшін!» қағидасының «Өзге үшін!» ұстанымынан бәсең болуы. Адамгершіліксіз білімнің еш қажеті жоқ екендігін ХХІ-ші ғасыр дәлелдеді емес пе?!

Сол себепті де ұстаздың басты мақсаты – шәкірттерін адам болуға баулу деп тұжырымдауға тұрарлық. Әрбір пән, әрбір сабақ, әрбір тақырып осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталуы керек. Керек десеңіз, олардың барлығы да тек осы мақсаттың құралы ғана. Ал егерде оқушы қандай да болмасын бір тақырыпты немесе тіпті бір пәнді білмесе, бұл қынжылуға тұрарлықтай жәйт емес, өйткені мұндай жетіспеушілікті аталған биік мақсат толықтырады. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт оқу нәтижесінде қандай да болмасын пәнді біліп емес, адам болып қалыптасуы керек. Ғұлама хакім Абайдың негізгі ұстанымы «Адам бол!» еді ғой... Жан-Жак Руссо ХVІІІ ғасырда «Бізде физиктер, геометрлер, химиктер, астрономдар, ақындар, музыканттар, суретшілер бар, алайда бізде азаматтар жоқ» деп налып айтқан екен. Бір ғасырдан кейін орыс педагогы Н.И.Пирогов педагогикалық процестің мақсаты оқушылардың « саудагер, теңізші, солдат, заңгерлерді тәрбиелеу емес, адам мен азамат қалыптастыру» деп Абай мен Жан-Жак Руссоға үн қосады. Үйренуші өзіне қажетті білімді өзі таңдап, оны ұстаздың көмегімен игеруі керек. Ұстаздың басты мақсаты – шәкіртіне білімді өздігімен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік түсінік қалыптастыруына тиімді жағдай жасап, бағыт-бағдар сілтеу. «Аш адамға балық берме, қармақ бер!» деген көне қытай нақылы осындай идеяны меңзейді. Ұлтты жаңа интеллектуалды белеске көтеру туралы Ел президенті қабылдаған үндеуге сәйкес жүргізіліп жатқан білім беру жүйесіндегі деңгей биік болуы үшін мұғалім әрбір сабағын өзіндік ойы, шиеленісуі мен шешімі бар өнер шығармасындай ойластырып, дайындауы қажет. Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

«Маршрут» ойыны. Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шыңжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады. Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,-қарбыз т.б.

«Екі әріп» ойыны. Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

«Еске түсіру» ойыны. Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға,

қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«Екі ассоциация» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

«Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

«Жолға шығу» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

“Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, алдымызда отырған өрендеріміздің болашағы ХХІ ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан – 2050»: Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы. — 2010. 6 б.
3. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. — 2004. — 3–4 б.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Астана. — 2004. — 28 б.
5. Құдайбергенова К. Құзырлылық — тұлға дамуының сапалық критерийі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықарал. ғыл.-практ. конф. материалдары. — 2008. — 30–32 б.
6. Б.Тұрғынбаева, А.Әлімов. Оқытудың инновациялық әдістемесін колледждерде қолдану тәжірибесі. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы 2011

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байдарбекова Эльмира Садуовна

Түркістан облысы әдістемелік орталығының қосымша білім беру әдіскері

Жалпы қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагогтың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асыратын оқыту түріне жатады. Бұл жүйе әлем әлдерінде жақсы дамыған. Соның ішінде алдыңғы орында Ұлыбритания, АҚШ елдері тұрғанын айтуға болады. Ал елімізде сырттай білім алу жүйесінің орнына қашықтықтан оқыту жүйесі енгізілген еді. Карантин жарияланғалы қашықтықтан оқыту жүйесінің мектеп оқушыларына арналған бірнеше форматы да ұсынылған болатын. Қашықтықтан оқыту – мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа дүние, ал жаңа дүниенің қызығы мен қиындығы қатар жүретіні белгілі. Сондықтан болар, мұғалімдер оқытудың ең тиімді әдістерін қолданып, оқушылар сабақты мұқият тыңдап, тапсырманы бар ынталарымен сапалы орындауға тырысып жатыр. Сондай-ақ, бұл оқыту түрі оқушылардың көбірек өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік беріп, компьютерлік сауаттылығын жетілдіруге үлес қосады деп ойлаймын. Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда. Білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттілікке қарай толықтырып отыруды талап етеді. Осындай қоғамда келешек ұрпақты қалай оқытқан тиімді?

Бұл сұрақ әрбір педагогті толғандырады сөзсіз. Баланың білім алуына мұғалім маңызды роль атқарып келді. Дегенмен де білім беруде балаға не білу керектігін түсінсек те оны қолдана алуды қалай үйрету керектігін білмей қиналып жүрген шақтарымыз болды. Заман ағымына ілесе алатын, мол ақпаратты меңгерте білетін әлеуметтік қарым қатынасқа түсе алатын оқушыларды даярлау үшін мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамыту – басты міндет болып табылады. Яғни Ұстаз «үйретуші мен білім көзі» емес, «үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер», «үйренуге жағдай жасаушы». Бұл ұстанымнан «Шәкірт өздігімен үйрену керек»,-деген түсінік қалыптасады. Бұл дегеніміз Ұстаз еңбегінің маңызын төмендетпейді. Мұнда мәселе – ұстаз міндеттерінің түбегейлі өзгеруінде. Педагог – білім тасушыдан-Білім әлеміне жол көрсетушіге айналуы тиіс. Сонымен Жанаша білім беру жағдайында ұстаз қандай болуы тиіс: . - педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, қашықтықтан білім беру технологияларын жетік білетін, оқушы қажеттігіне қарай жұмыс жасайтын, ақпараттық технологияны дұрыс үйлестіре алатын болуы шарт. Бұл ретте, ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктелетіні белгілі. Сондықтан, олар оқушылардың оқу бағдарламасын толық игеріп, сапалы білім алуына бар күш-жігерін салуы қажет. Білім алып жатқан оқушылардың да қазіргі қалыптасқан жағдайға тез икемделуі де бұл жерде үлкен рөл атқарады. Мәселен, олар ақпараттық-технологиялар жүйесі арқылы өз білімдерін шыңдауға мүмкіндік алды. Осының барлығы – оқушылардың

болашағы үшін жасалған жұмыстар. Ұстаздарымыз оқушыларға білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерін саралап қолданады.

Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың деңгейі білім беру жүйесіне әсер етеді. Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде педагогтердің назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына аударуда. Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан оларға терең де, сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Елімізде орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздың басты міндеті деп білемін. Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың қолында болғандықтан, ең бастысы білімді, дарынды ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты құндылығымызға айналды. Демек, олар ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы қажет. Бұл жолда ұстаздар қауымы өздеріне артылған сенім үдесінен шығуға атсалысады деп ойлаймын.

– Менің ойымша, қашықтықтан оқытудың білім алушыларға жаңа мүмкіндіктерді алып келетіні рас. Жалпы бұл жүйе өзге мемлекеттерде ертеректе жүзеге асқаны баршамызға белгілі. Кейбір елдерде ата-аналардың қашықтықтан оқыту мен мектепке барып білім алуды таңдауына да болады. Бұл жаңа жүйеде баланың өздігінше білім алып, сабаққа дайындалуына мүмкіндік көбірек. К.Д.Ушинский заман талабына сай, әрбір ұстаз өз білімі мен біліктілігін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды күнделікті білім беру барысында қолданса, өткізілетін сабақтың тиімді, қонымды болатындығын айтқан болатын. Сондықтан жаңа форматтағы қашықтықтан оқыту жүйесі тек ұстаздар қауымы үшін ғана емес, ата-аналар мен оқушыларға да пайдасы бар. Еліміздің алдағы уақытта өркениетті мемлекеттер қатарынан көрінуі, білімді әрі білгір ұрпақты тәрбиелеу заман талабына сай білім алудан, жаңашылдықтан бастау алатынын айтқымыз келеді.

Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

Джалгасбаев Айтмурад Такаманович

Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің физика пәні әдіскері

Аңдатпа. Мақалада оқушылардың физика пәнінен функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесінің маңыздылығы, физика пәніне оқушылардың қызығушылығын арттырудың жолдары қарастырылған.

*«Әрбір бала – бір жұлдыз, өзіндік жеке тұлға.
Сол тұлғаны қалай қалыптастырсаң, қалай
жарқыратсаң, не өшірсең, ол қолыңда.
Сондықтан мүмкіндігінше, мұғалім әрбір
оқушының жүрек кілтін тауып, аша білуі
керек».*

БІ. Алтынсарин.

Білім беру нәтижелері оқушыларды мектепте оқыту процесінің соңғы өнімі болып табылады және білім алушы тұлғасындағы сапалы өзгерістерді дәлелдейді, оның мінез-құлқында, әлеуметтік ортамен өзара іс-әрекет етуінде көрініс табады. Білім беру нәтижесін көрсету деңгейінің бірі – функционалдық сауаттылық, ол тұлғаның білім, білік және дағдылар негізінде әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты қызмет ету, нақты мәдени ортаға барынша жылдам бейімделу қабілеті ретінде анықталады. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім жүйесі тек білім ғана емес, сонымен қатар, оны әлеуметтік бейімделуде қолдану білігін беруі тиіс», – деп атап көрсетілген. Осыған орай, Мемлекет басшысы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын одан ары дамыту қажеттілігін атап өтті [3].

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі. Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды тарататып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы.

Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс тандай алуға қабілеттілік, т.б. Жоспарда негізгі құзіреттіліктер белгіленген: басқарушылық (проблеманы шеше алу қабілеті); ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі); коммуникативтік (ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым – қатынас жасау қабілеті); әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс – қимылды жасау қабілеті); азаматтық (өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті); технологиялық (технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Қазіргі кезде физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде физика пәнін сапалы оқыту ізденістері пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Осы орайда кез-келген педагогикалық жаңа технология оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етуі керек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы арқылы алуға тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Қазіргі жағдайда мен өз практикамада, *физика сабақтарында оқушыларды шығармашылық ізденіске жетелеу жолдарының бірі:*

1. Ең алдымен физика сабақтарында әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім болу керек.

2. Оқушының білім сапасын шығармашылық ізденіске жетелеу көп ізденіп, оқу жүйесін көтеру негізгі мақсат деп есептеймін.

Осы орайда, менің оқушыға қояр талабым:

- қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу;
- ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;
- алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу;
- физика сабағында формулаларды дұрыс игеріп, тарауларды ажырата білу;
- факультатив, үйірме сабақтарында алған білімдерін теория мен практика жүзінде ұштастыра білу;
- өзін — өзі талдауды, өзін — өзі бағалай білуді меңгеру;
- басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу (интернет, электронды пошта);
- қоршаған ортада өз орнын, жеке рөлін анықтай білу;

Сондықтан, мектеп мұғалімінің сапасын соңғы нәтижеге бағыттау керек.

Сол кездеғана оқушылардың лицей сағаттарынан, факультатив сабақтарынан алған білімдерінен көздеген мақсатымыздың нәтижесін көреміз, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға қажетті жағдай жасау арқылы білімнің жаңа деңгейіне өту тәртібі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмысын ұйымдастыруымыз қажет.

Жалпы білім беру жүйесінің басты мақсаты — қазіргі қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Соның бірі:

1. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;

2. Білім беруді ақпараттандыру;

3. Халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

Педагогикалық технология – белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді.

Мұғалім шығармашыл жаңашылдыққа жақын өзіндік қолтаңбасын қосып отыратын өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана отырып ізденіспен жұмыс жасайтын тұлға. Менің де мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың білім сапасын арттыруда шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сабақ ғылыми негізде білім құмарлығын таныту өздігінен ізденіс жасауға баулу жазбаша жинақтап баяндай білу өмірмен байланыстыру ұлттық әдет — ғұрыпты бойына сіңіру оқушының қызығуын арттыру оқушыларды ойлануға өз ойын ауызша жеткізуге мәдениетті сөйлеуге үйрету. Пәндерді бір – бірімен байланыстырып оқыту педагогика тарихында ерте кезден белгілі. Ол Я.А.Коменскийдің, И.Г.Песталотцидің, К.Д.Ушинскийдің еңбектерінде зерттеліп дамытылған. Я.А.Коменский оқу пәндерін байланыстырып оқыту кезінде оқушылардың ұғымында оқу материалы жайлы толық мағлұмат қалатынын, оның терең, әрі жүйелі білімнің шарты екенін түсіндіре келіп, пән аралық байланыстың мақсатты және тиімді болуына мән береді. Пәнаралық байланыс мәселесі жан – жақты әрі жүйелі түрде ұлы орыс педагогы К. Ушинскийдің еңбектерінде де дәлелденді. Оның пікірінше әр түрлі ғылым саласынан тамшылап берілетін ғылым, адамның сыңарында жағтанды түрде жинақталмай, сапалы түрде меңгерілуі керек. Білім сонда ғана берік, жүйелі және терең болады.

Физика сабағында пәнаралық байланысты қолданудағы мақсатым: Физика пәні бойынша білім, білік дағдыларын қалыптастыру; Оқушылардың ой — өрісін, логикалық ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру; Өзіндік танымдық — шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың жолдары мынандай:

- Әрбір жеке пәнді оқытқанда басқа пәндерді оқыту ісіне өз ықпалын тигізетіндей болуын көздеу;
- Түрлі пәндерді оқып үйренуде – өтілетін материалдарды уақыт жағынан үйлестіріп отыру.
- Оқушылардың ғылыми теориялар мен заңдылықтарды игеруің, олардың жинақтылығымен әдістерімен, дағдыларымен сабақтастыра қалыптастыру.
- Жалпы теориялық білім алуды және практикалық іскерліктер мен дағдыларды бірыңғай әдіспен жүзеге асыру.
- Оқушыларға (білім алу, икемділік пен дағдыларды қалыптастыру барысында) бірдей талап қою.
- Оқушылардың бір пәннен білім алуға икемі мен дағдыларын пайдалана білуге әдеттендіру.
- Әр түрлі пәндердің зерттеу әдістерінің ортақтық ерекшеліктерін көрсете білу.
- Әр пән сабақтарында оқылатын құбылыстардың өзара байланысын

ашып, дұрыс дидактикалық дүниетаным қалыптастыру.

Пәнаралық байланысты жүзеге асырудың әдіс – тәсілдері

1. Пәнаралық сипаттағы сұрақтар беру;
2. Жүйелі тапсырмалар орындау;
3. Пәнаралық сипаттағы есептер шығару;
4. Пәнаралық сипаттағы үй тапсырмаларын беру;
5. Пәнаралық сипаттағы бақылау жұмыстарын орындау;
6. Әр түрлі өзара байланысы бар әдебиеттерді қолдану;
7. Оқу барысында кездесетін пәнаралық сипаттағы қиындықтарды шешу.

Менің өз тәжірибемде: физика сабағында бағдарлама материалын сапалы меңгерту үшін оқыту мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы арқылы және топтық жұмыс түрлерін, деңгейлік тапсырмаларды орындату, тірек сызбаларды, ойын түрлерін қолданып, логикалық және эксперименттік мазмұнды есептер шығарта отырып, оқушыларды бір-бірімен пікірлесе білуге, ойларын нақты, ашық жеткізе білуге, тұжырымдарын жасауға үйретуге ат салысуға тырысамын.

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлемін.

Сапалы есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ой-өрісін дамытуға, есептер шығару кезінде қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйретеді.

Сапалы есептер шығару барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, өз бетінше шешім қабылдауға және болашақта мамандық таңдауына ынталандырылады. Сабақта сапалы есептер шығару арқылы алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірмен байланыстырып отырады, өйткені оқушы ойлауға да ойлануға да қабілетті.

Физикалық білімді жедел қабылдату мен меңгерту әр алуан көрнекі және техникалық құралдарды (модельдерді, кестелерді, тірек сызбаларды, суреттерді, жаңа технологияларды) тиімді пайдалану арқылы іске асады.

Жаңа технологияның басты мақсаты – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ақпараттық қатынастық технология құралдарын оқу, тәрбие үдерісіне қолдану әдістері сан алуан.

1. Оқушыға берілетін білімнің сапасы артады;
2. Оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі артады;
3. Ақпараттық қатынастық технологияны пайдаланғанда мұғалімнің атқаратын қызметі жеңілдейді.

Физика – эксперименттік ғылым болғандықтан, онда теорияны практикамен ұштастыру мақсатында кейбір тақырыптардан кейін зертханалық жұмыстар өткізіледі.

Физика мен астрономия пәндері жүрісімен техникаға бейім балалар не нәрсеге де мән беріп; ол қалай жұмыс істейді, құрылысы қандай, неден жасалған т.б. сан түрлі сұрақтарды жаудырып қанағаттанар жауап алғанша мазасызданып, кейін түсінген соң көңілі жай тауып, енді оны жасамасқа болмас

па екен деп әрекеттенеді. Сондықтан, ұстаз болған соң мұндай балалармен шығармашылықпен жұмыс жасауға тура келеді.

Үйірме — баланың шығармашылық жұмысы. Техникалық үйірме баланың жан — жақты дамуына, техника тілін меңгеруге байқағыштығын, ой — өрісін дамытады. Еңбектену арқылы түрлі техникалық модельдерді құрастырып, оның жұмыс істеу принципімен танысады, әрі өндірісте қалай пайдалану керектігін үйренеді. Оқушыда физика сабағында өтілген тақырыптардағы заңдылықтарды оқып, сызып, есептер шығару арқылы түсінік қалыптасады, ал сол заңдылық бойынша қандай да бір қозғалысқа келетін модель құрастырса, оның берер әсері тіптен басқаша.

Қазіргі таңда мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. «Білімнен қымбат нәрсе жоқ. Көңілде жатса баспай тот» дегендей оқушылар алған сапалы білімдерін, тәрбиесін, бойға дарыған өнерлерін үнемі жаңғыртып, жетілдіріп оны ғылыми жетістіктермен толықтырып отыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.А.Татибеков «Физика пәнінен білім, білік дағдыларын қалыптастыру» «Физика Қазақстан мектебінде» Алматы. 2013ж. №11
2. Г.И.Есенова «Оқытудың инновациялық технологияларын физика сабақтарында қолдану»,
3. «Физика Қазақстан мектебінде» журналы. 2005.№1
4. Ғ.Қожахмет. «Қазіргі заманғы физика пәнінің зерттелуі» Қызылорда. Өрлеу ББҰБАО.Материалдар жинағы. 2011ж.
5. «Физика пәні бойынша білім берудің жоғары сапасын арттыру жолдары».

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Төлеубекова Мадина Қуандыққызы

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинеттің
химия-биология әдіскері

Жекенова Әсел Серікбайқызы

Нәзір Төрешұлов атындағы ІТ- мектеп –лицейінің биология пән мұғалімі

Қостаншаева Айгүл Тоймбекқызы

Б. Батырбекова атындағы жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі

*Таң қалу арқылы адамдар философияға
жақындай бастайды, олар алдындағы қиын
мәселені шеше келе одан ары жолдың
жалғасында одан да қиын мәселелердегі
қиындықтарды түсінеді.*

Аристотель


Питер Клайн: «Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» деген екен. Оқушының биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпынысы оның ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілік, зерттеушілікке баулу ерте сыныптан басталуы тиіс.

Өйткені бұл сыныптағы оқушының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығы басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сондықтан қазіргі мектептің басты мақсаты – баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдай жасау. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны - жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету ерте сыныптан басталуы қажет.

Оқушылардың оқу-зерттеу қызметі



Қазіргі әлем мектеп түлектеріне жоғары талап қояды. Жастар ұтқыр, ашық, дербес болып, мәселелерді жедел шеше білуі, таңдау жасай және оған жауапты бола білуі, жаңа білімді өз бетімен меңгеруі тиіс. Осылайша, мұғалімнің педагогикалық қызметінің тағы бір бағыты академиялық ынтасы бар оқушылармен ғылыми-оқу-зерттеу және жобалау қызметі болып табылады.

Осы бағытта жемісті еңбек ету үшін мұғалім оқушылармен ғылыми-зерттеу қызметінің жеке бағытын құрастырады, мұнда қызмет түрлері мен оның мазмұны, орындау мерзімдері көрсетіледі.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерден тұрады, бұл ретте мұғалім кеңесші ролін атқарады.

Бірінші кезеңде жұмыс тақырып таңдау мен оны, оның бүгінгі күнгі өзектілігін негіздеуден басталады, бірқатар мәселелер шешімін табады:

-Зерттеу тақырыбы бойынша қажетті ғылыми және әдістемелік әдебиетті қайдан табуға болады?

-Зерттеу жүргізуде қандай әдістер, әдістемелер қолданылады?

-Қандай жабдық қажет?

-Зерттеу қандай ұйымның базасында өтеді?

Барлық мәселелер шешілген соң оқушы зерттеу мақсаты мен міндеттерін белгілейді, болжамын ұсынады, зерттеу объектісін, пәнін айқындайды. Жұмыс жемісті болуы үшін ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары талқыланады және құрастырылады, мұнда белгіленген мақсатқа жету қадамдары кезеңмен сипатталады. Кейде қандай да бір сәттерді болжау мүмкін емес, сондықтан жұмыс барысында жоспарға өзгертулер енгізіледі. Сондай-ақ түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасалады.

Екінші кезеңде әдістерді таңдау мен материалдарды іріктеу жүреді, оқушылар зерттеуді өз бетімен жүргізеді. Жұмыс барысында алынған материал жүйеленеді, алған деректерге немесе нәтижелерге талдау жасалады, заңдылықтары айқындалады. Алған деректердің нақтылығын анықтау үшін оқушылар математикалық статистика әдістерін қолданады және осының негізінде кестелер құрастырылады, графиктер, диаграммалар жасалады, деректер түсіндіріледі, тұжырым мен қорытынды жасалады.



Сұрақ-жауап

Зерттеу нәтижелері қалай ұсынылады?

Бұл күрделі мәселе жеке қарастыруда талқыланады. Әр түрлі материалдардан жасалған макет зерттеу жұмысының қорытындысы болып табылады, мысалы, мектеп жанындағы аумақты жайластыру жоспарының макеті, көрнекілік көрсету тәжірибесі, жүргізілген эксперимент туралы ғылыми есеп, жария баяндама, мультимедиялық презентация және тағы басқалары. Ұсынылған материалдың зерттеу мазмұнына ғана емес, эстетикалық талаптарға да сай болғаны маңызды. Балаларға тақырып пен жеке мүмкіндіктеріне қарай нәтижелерді ұсыну тәсілдерін таңдауға көмектесу керек.

Үшінші кезеңде оқушылар өз зерттеуін рәсімдейді және қорғауға дайындалады. Әр зерттеуші ұзақ әрі тынбай жұмыс істегеннен кейін өз жұмысын білікті әділқазылар мен мектеп конференциясы тыңдаушыларының назарына ұсынады.

«Басқаларға үйрету арқылы өзің үйренесің» – Ян Амос Коменскийдің осы ойы бізге сонау ғасырлардан жеткен. Осы заңдылықты түйсік деңгейінде түсіне отырып, әлденені зерделеген бала білгенін басқаларға айтып беруге тырысады. Сондықтан жұмысты қорғау кезеңін жіберіп алмаған жөн. Мұнсыз зерттеу аяқталмаған болып есептеледі.

Қорғау – зерттеу жұмысының тәжі және жас зерттеушіні оқытудың негізгі кезеңдерінің бірі. Атқарылған жұмыс туралы айтып қана қоймай, оны нағыз зерттеу секілді қорғау керек. Әрине, жұмысты немесе жобаны қорғау жария түрде, басқа жоба авторларын, көрермендерді тарту арқылы өтуге тиіс.

Қорғау барысында бала тапқан ақпаратты баяндауға машықтанады, мәселеге қатысты басқа көзқарастарға тап болады, өз көзқарасын дәлелдеуді үйренеді. Мұның бәрі балалардың нағыз зерттеуші болуына мүмкіндік береді.

Биология пәні бойынша оқушылардың сыныптан тыс зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістері

Біздің басқа мамандықтарға қарағанда тандап алған мамандығымыз «Биолог» немесе табиғат жөніндегі ғылымды оқытушы болғандықтан да басқалардан ерекшелігі бар. Сол ерекшелік негізінде бір нәрсеге бас ию керек болса, онда өсімдікке бас иіп, тәжім ету қажет, өйткені, өмірге, тіршілік етуге қажеттінің бәрін адам өсімдіктен алады. Табиғат – тілін білгенге, сырын ұққанға тәлімі мол мектеп. Дала – адамды еркіндікке баулыса, таулар ерлікке шақырады, орман сергектікке, еңбекке үйретсе, өзен – көл пәктікке, мөлдірлікке үйретеді. Оқушылардың биология пәні бойынша алған білімдерін тереңдете отырып, танымдық қызығуы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда теориялық білімдерін практикада пайдалана білуде мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учаскесінің маңызы өте зор.

-Мектеп жанындағы тәжірибе учаскесінде мынадай бөлімдер болуы керек:

-Кіші сынып оқушыларымен сабақ өткізілетін бөлім. (өсімдік морфологиясы бойынша дүниетану сабақтары).

-Көп танапты ауыспалы егістікке егілетін дала дақылдары мен көкөніс дақылдары бөлімі.

-Оқушылармен жүргізілетін практикалық талаптарға сәйкес жылыжайлар мен көшеттер бөлімі.

Мектептің оқу-тәжірибе үлескісінің жұмысын ұйымдастыруда ең бірінші алаңның топырағына көңіл аударған абзал. Себебі, топырақ құрамы мен құрылымы өсімдіктің өсуі мен гүлдеу мерзіміне, алынатын өнім түсіміне тікелей әсер етеді. Сондықтан оқу-тәжірибе үлескісінің алаңын топырақпен қамтамасыз ету мен оны танаптарға орналастыруға мұқият қарау қажет.

Мектеп алаңынан өнімді мол алу үшін ауыспалы егістік технологиясын пайдаланған дұрыс. Көптеген өсімдіктер, мысалы қызан, картоп, тамыржемістер (сәбіз, қызылша, шалқан), үрмебұршақ және пияз көң мен қарашірікті, оның үстіне минералды тыңайтқыштарды есептеп шашуды талап етеді.

Әрине, тәжірибе күрделі климат, топырақ және ылғалдың түрлі жерлерінде жасалады. Сондықтан тәжірибе нәтижесі әр түрлі болары сөзсіз. Алайда тәжірибе дәл және анық болуы үшін барлық жүргізілетін есеп болуы абзал. Өйткені барлық мәлімет мынадай құжаттар арқылы жүргізіледі:

- Күнделік дәптері
- Тіркеу журналы

Күнделікке оқушылардың күнделікті бақылаған мәліметі жазылады. Онда күнделікті болған өзгерістер (өскіннің өсуі, гүлдеуі т.б.) ауа райында

болған құбылыстар (фенологиялық бақылау), жасалған күтім (суару, түптеу, шөптеу, т.б.) жазылады.

Тіркеу журналында жер аумағы, өсімдік тарихы, топырақ сипаттамасы тәжірибе алаңының сызбасы, ауданы, тәжірибе жұмысының жоспары, аудан бұрынғы дақыл жөнінде мәліметтер, алынған өнім, есептеу қорытынды жазылады.

Оқу-тәжірибе үлескісінің жұмысын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Әрине, жоспарлау кезінде топырақтың құрамы мен құрылымын, өсімдіктің вегетациялық кезеңін, жергілікті жерде өсіруге ауа райының қолайлығын ескерген жөн. Сондай-ақ, жас кезінде дақылдарды күтіп, баптау үшін оқушылардың жазғы еңбек практикасын дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор.

Топ мүшелерінің еңбек практикасын биолог мұғалімдер немесе бастауыш сынып мұғалімдері бақылап, ұйымдастырып отырады. Бригада мүшелері бірінші күні жұмысын бастарда мектеп үлескісінде жұмыс істеу кезіндегі сақтық ережесімен танысып, журналға қол қояды. Ал бақылаушы, үйретуші мұғалім жұмыс түрлерін белгілеп, оны орындау жолдарын көрсетіп, тәжірибе күнделігін жүргізуді реттеп, оқушылардың келгендері туралы журналға белгілеп отырады. Оқушылардың жазғы еңбек практикасы үлескіде өскен дақылдарды күтіп баптау, өнімін жинау жұмыстарымен бірге пәнге байланысты, оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып, шығармашылыққа тәрбиелейді.

Оқу-тәжірибе үлескісінің жұмысын дұрыс жоспарлау барысында мынадай педагогикалық міндеттер жүзеге асады:

- Оқушылардың танымдық қабілеттері артады.
- Теориялық білімнің практикамен байланысуы.
- Оқушыларды еңбеккерлікке, іскерлікке тәрбиелеу.
- Ізеттілікке тәрбиелеу (кішіге қамқор болу).
- Агробиологиялық тәрбие беріледі.
- Экономикалық білім беріледі.
- Шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Сондықтан да оқушыларға жан-жақты, саналы білім беруде, оларды өзіндік зерттеушілік еңбекке баулып, еңбек ете жүріп танымдық қабілеттерін дамытуда мектеп жанындағы оқу тәжірибе үлескісінің берері мол. Сабақтан кейін оқушылар өздерін толғандырып жүрген мәселелер жайлы оқытушыдан көп мағлұмат беруді сұрайды.

Оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыру үшін, танымдық қабілетін арттыру үшін мұғалім оқушыларды сыныптан және мектептен тыс жұмыстарға тарту керек. Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарға үйірме, факультатив, секция, клуб, студиялардың жұмыстарын айтуға болады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге,

өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

Г. Айтқалиева // Білім кілті- ҚР БЖАМ.- Алматы, 2014- №4(70)- Б.7-9

1. Жұмағұлова А.З. Оқушылар арасында ғылыми жұмыстарды қалыптастыру.
2. Әлімқұлова А.Б. «Оқушылардың жобалық-зерттеу әрекетін ұйымдастыру»
3. Жексенбаева Ү.Б. «Зерттеушілік оқыту технологиясы»

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Зейденова Рахат Омирбаевна

Түркістан облысы, Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
математика, физика пәні әдіскері

«XIX ғасыр идеялар мен инновациялық технологиялардың бәсекелестік гасырына айналып барады. Егер қоғамда білімді адамдар жеткілікті болса, онда кез келген ноу-хау барлығымыз үшін қолдан келерлік іске айналады. Жаңа идеялар тудыра білу қабілеті – міне, осы гана қандай да бір елдің галамдану жағдайында алатын орнын анықтайтын болады. Сондықтан қазақстандық өскелең ұрпақ бәсекеге қабілетті білімге ие болуы керек»

Н.Ә.Назарбаев

Білім берудің сапасын арттыру мен сапалы білім беру жүйесін құру мақсатында 2004 жылдан бастап республикамызда Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі енгізілді. Ұлттық бірыңғай тестілеу- жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушыларды қорытынды аттестаттауының бір түрі. Ұлттық бірыңғай тест – білім сапасының басты көрсеткіші. Мектептің дамуы оқушыны сапалы білімді, толерантты және ұлтаралық проблемаларды шешуге дайын жеке тұлға болады деп күтіледі. Ал саналы білім беру тікелей оқыту сапасын арттыруға байланысты болғандықтан, мұғалімнің кәсіби деңгейін, біліктілігін арттыру басты назарда.

ҰБТ-ның мақсаты – мектепті бітіруші түлектердің негізгі үш және екі таңдау пәнінен бағдарламаны қаншалықты меңгергендігін анықтау. Бағдарлама – мемлекеттік құжат. Оны толық меңгеру -оқушының, меңгерту – мұғалімнің ең басты міндеті. Мектеп сол арқылы баланы ертеңгі өмірге даярлайды, оқушының болашақта белгілі бір мамандық иесі болуына жағдай жасайды. Бірыңғай тестілеу жүйесі елімізде жыл сайын жетілдіріліп келеді. Әр жылғы тест жүйесі мектепте біздің қалай оқытып жатқанымыз бен мектеп бітірушілердің нені талап ететіні арасындағы алшақтықты анықтап береді. Бұл

жағдай әр мұғалімнен ҰБТ-ға дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдерін шебер меңгеруді талап етеді. Бүгінде оқыту мен тәрбие берудегі басты мақсат дүниежүзілік дамудағы адамзаттың орны ерекше екендігін, ол жасаған бүкіл әлемдік құндылықтарды білетін, оларды өз Отаны- Қазақстанның дамуы үшін пайдалануға ынталы, жан-жақты жетілген, өзінің қоғамдағы орнын түсінетін азаматтарды қалыптастыру. Бұл міндеттің орындалуында Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына оқушыларды жан-жақты дайындау үлкен рөл атқарады. Оқушылар арасында тестіні жаттап алсақ болды деген теріс түсінік қалыптасқан. Тест сұрақтарын үнемі жаттап алу, тестілеу кезінде жауаптардың бәрі дұрыс сияқты болып, оқушылардың шатасып қателікке жол беруіне әкеледі. Жаттау әдісі бойынша оқушы оқиганың түп-тамырына назар аудармайды. Әр мұғалімнің оқушыны дайындауда өзіндік әдіс-тәсілдері болады. 10-11 сынып оқушыларына алдымен ҰБТ-ға қалай дайындалу керек екендігі жөнінде түсінік беру керек.

ҰБТ-ге дайынықты мынандай сатыларға бөліп жүргізен тиімді:

- I-ші формулаларды зерделеу;
- II-ші формуларды тиімді қолдана білуге қалыптастыру;
- III-ші есепті шығарудың тиімді, ұтымды жолдарын ұсыну;
- IV-ші қиын есептерге көшу;
- V-ші логикалық есептерді шешу.

Математика пәнінен Ұлттық бірыңғай тестілеу емтиханына дайындалу барысында тест нұсқаларында кездесетін есептердің дайын толық шешімдерімен танысудың да маңызы зор. Мұндай дайындық кезінде, алдымен есепті өз бетінше шығарып, содан соң оны дайын шешіммен салыстыруға болады. Егер есепті шешу жолдары әртүрлі болса, онда әр тәсілдің артықшылығы мен кемшілігін саралай отырған жөн. Немесе есептің толық шешімінен оны шешу жолын қарастырып, талдай отырып, оның шешу жолын түсініп алуға болады. Екінші тәсілді қолданғанда, келтірілген шешуден басқа да шешу жолдары бар-жоғын ойластырған дұрыс. Сынып оқушыларымен дайындық сабақтарында әр байқау сынығында жіберілген қателіктермен жұмысқа және талдауға да ерекше көңіл бөлген дұрыс. Бұл сабақтарда оқушылардың байқау сынағында қиыншылық тигізген тапсырмаларын орындайды, не болмаса кемшіліктер мен қателіктермен жұмыс жүргізеді. Байқау сынақтары кезінде жіберген қателіктерінің себебін анықтап, оқушының алдағы міндеттерін көрсетіп отыру мұғалімнің негізгі жұмысы болып табылады.

21 мен 30 тапсырмаларда екі немесе үш жауап кездеседі. Бұл оқушыларға тағы да қосымша есептер шығаруына тура келеді. Сондықтан осы тапсырмаларды мұқият талқылап оқушыларды дағдыландыру керек. Сонымен қатар, мұғалім барлық дайындық сабақтарына керекті қосымша әртүрлі тест тапсырмалар жинақтарының түрлерін үнемі толықтырып отыру керек. Қазіргі эпидемиологиялық жағдайда 11 сынып оқушыларын онлайн да, офлайн да тиімді әдістерді қолданып тестке дайындықты жүргізу маңызды. Уатсап желісі, (ZOOM платформасы) арқылы математика және физика пәнін таңдаған оқушыларға бір топ ашып, онда тест тапсырмаларын беріп, оқушылар есептерді өздері шешіп талқылап отыруына мұғалімнің бағыттап отыруы,

жақсы нәтиже береді. Қазіргі таңда «оқимын деген оқушыға» зор мүмкіндіктер жасалған. «YouTube» желісі арқылы кез келген тақырыптағы есептердің шығару жолдарын үйренуге болады. Мұғалім оқушыларға «YouTube» желісінің ссылқасын уатсап арқылы оқушыларға жіберіп, оның көруін қадағалап, талқылап отыруы тиіс. Офлайн оқуда әр сабақтың 10 минутын оқушының шығара алмаған, яғни түсінбеген есептерін түсіндіруге арнаған абзал. Осылай жасағанда ғана ҰБТ-те оқушы оң нәтиже бермек. ҰБТ-те жақсы нәтижеге жетудің тағы бір жолы дайындық тестін аптасына немесе екі аптада бір алып отыру өте маңызды. ҰБТ байқау онлайн тест арқылы дайындалу да оқушының жоғары нәтижеге қол жеткізудің бір жолы. Мұғалім осы жоғарыда айтылған әрекеттерді жүзеге асырғанда ғана оқушысы жақсы нәтижеге қол жеткізеді.

Соңғы жылдары экономикамыздың қарқынды өсіп дамуы техникалық мамандықтарға деген сұранысты арттырып, оқушылардың политехникалық циклдағы пәндерге қызығушылығын оятты. Сондықтан да мектеп оқушылары арасында математика, физика пәнін таңдайтын оқушылар қатарлары да көбеюде. ҰБТ-11 сынып оқушылары үшін өмірлеріндегі аса маңызды жауапты кезең, өйткені ҰБТ нәтижелері оларды таңдаған мамандықтарына қарай алғашқы қадам жасауға мүмкіндік береді. Көздеген мақсатқа жету үшін оқушы мен мұғалімге де аянбай еңбек ету керек.

ҰБТ –ке 2017 жылдан бастап математикалық сауаттылық енді. ҰБТ-ға енгізілгеннен кейін жоғарғы оқу орындары ұстаздарының, мектеп мұғалімдері мен оқушыларының математикалық сауаттылыққа деген қызығушылықтары бірден артты. Себебі математикалық сауаттылық білім алуудағы ең маңызды аспектілерінің біріне айналды. Зерттеу кезінде білім алушылардың білім жетістіктігімен қатар, бағдарламаға қатысатын елдердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады.

Бұл жиынтық сұрақтар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудан бастап, отбасында баланың дамуына қажетті жағдай жасауға кешенді баға беріледі.

Зерттеу нәтижелері отандық білім берудің төмендегі негізгі проблемаларын көрсетіп берген:

1. Оқушылардың түрлі мәтіндер мазмұнын түсінуі мен өзіндік ойлау қабілеттерінің жеткіліксіздігі;
2. Оқушылардың математикалық құзыреттілігін сипаттайтын тәжірибелік дағдылардың жеткіліксіздігі;
3. Күнделікті өмірдегі жағдайларды түсіндіруге арналған жаратылыстану-ғылыми түсініктерді қолдану дағдыларының, алған ақпараттарды сын тұрғысынан бағалаудың, болжамдар жасау мен өз көзқарасын негіздеу деңгейінің жеткіліксіздігі.

Білім беру ұйымдарының оқу процесіндегі жоғарыдағы кемшіліктердің себептері:

1. Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың жеке қызығушылықтарының жеткілікті ескерілмеуі, жеке тұлғаға бағытталған жұмыстардың кемшіліктері;

2. Мұғалімдердің әлеуметтік практиканы қалыптастыратын зерттеу іс-әрекетін, жеке білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын технологияларды жақсы меңгере алмауы.

Сол мақсатта жалпы орта мектеп білім саласына «Жаңартылған оқу бағдарламасы» енгізілді.

Оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

- әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру ;
- оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс жасау, іздену дағдыларын қалыптастыру;
- оқушы денсаулығын сақтау;
- ойлау жылдамдығын дамыту, білім олқылықтарын жою;
- өзара көмек, түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынас;
- оқушының тиімді даму жолдарын ашу үшін олардың әрқайсының “жеңістік жағдайын” алдын ала ескеру қажеттігі туады, яғни, оларға өз күштерімен шығара алатын есептер мен атқара алатын оқу тапсырмаларын, ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау.

Жастар-біздің болашағымыз, ертеңгі күнің айнасы, болашағымыз жарқын болсын десек, дұрыс тәлім -тәрбие, бағыт-бағдар бере білейік.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Нұрымбетова Гүлжан Хансейтқызы

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі
физика пәні әдіскері

Аңдатпа. Мақалада қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылған. Білім беру саласының жаңа талаптарына сай физика сабағында топтық оқыту технологиясын қолдана отырып, оны тиімді ұйымдастыру жолдары, нәтижесі туралы айтылған.

Әлем күн сайын өзгеруде. Күн сайын түрлі жаңалықтар ашылуда. Күн сайын жаңа жобалар іске асырылуда. Күн сайын бұл өмірдің бізге дайындаған сыйы артуда. Сондықтан әр күнге жаңаша көзқараспен қарауға дайын болу керек. Әлемдегі соңғы болған оқиғалар бүкіл адамзатты дүр сілкіндірді. Еліміздегі мегаполистердің карантинге жабылуы, жұмыстың тоқтауы, қоғамдық шаралардың кейінге шегерілуі – бәрі біздер үшін күтпеген жаңалық. Ал, ең үлкен өзгеріс – мектептердің қашықтықтан оқытуға көшуі. Әрине, бұл оқушылар тұрмақ, мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қиындау болып тұр. Көкейде сауал көп. Дегенмен, іштегі қорқыныш, үрей, сенімсіздікке қарамастан алға қарай қадам жасау өте маңызды.

Білім беру бұл ел болашағы үшін аса жауапты үрдіс екені мәлім. Сондықтан білім беру саласына қай мемлекетте болмасын үлкен жүк артылады. Ал қазіргі жағдайда сапалы, ең бастысы нәтижелі білім беру үрдісін

ұйымдастыру екі есе қиындай түсетіні анық. Десе де, барша әріптестеріме «қашықтықтан оқытудан» қашпауға кеңес беремін!

Қашықтықтан оқыту ерте ме, кеш пе бізге жететін еді. Өйткені бұл – заман талабы. Ақпараттандырылған ғасырда озық технологияның үздік жемістерін пайдалану – дамыған елдердің шешімі. Сондықтан еліміз үшін бұл да бір жаңа белес, жаңа шың!

«Онлайн» режиміндегі оқу сабақтары білім алушы мен педагог арасындағы асинхронды тілдесудің оқу іс-әрекеті үдерісін қарастырады. Қашықтықтан оқыта отырып, оқушының алған білімінің нәтижесін бағалау немесе күнделікті оқушы қандай деңгейде білімге қол жеткізіп жатыр деген сауал әрбір адамзатты толғандырады.

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі оқытудың қол жетімділігі мен қашықтығы – оқушының өз үйінен немесе мектептен шықпай-ақ оқу орнынан алыстатылған оқу мүмкіндігі. Бұл заманауи ұстазға өмір бойы, арнайы іссапарсыз, демалыстарсыз, негізгі қызметпен қоса отырып оқуға мүмкіндік береді. Бұл ретте назар аудара отырып оқыту кешке және демалыс күндері де оқытуға болады. Қашықтықтан білім берудің ерекшелігі интернет желісі бар жер шарының кез келген нүктесінде оқушыларға білім беру мүмкіншілігі.

Қашықтықтан оқыту жүйесі оқушыны өз бетімен айналысуға және өз бетімен білім алуға көмектеседі.

Қашықтықтан оқытуды енгізу сынақ немесе емтихан тапсыру кезінде білім алушылардың яғни оқушылардың қорқынышын азайтады. Оқушылардың толқуы мен қорқуы кейбір сыныптастарына өз білімдерін толық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бағалаудың субъективті факторы алынып тасталады. Топтың әсерімен немесе оқушының басқа пәндер бойынша үлгерімімен байланысты психологиялық әсері алынады. Оқушылар өткізілген тақырыпты өз бетімен ешкімнің көмегінің орындап, тапсыра алады.

Қашықтықтан оқыту қай пәннің ұстазы болмасын коммуникативтікті, жауапкершілікті, сауаттылықты талап етеді.

Қашықтықтан оқыту дараландырылған, әр оқушы мен мұғалімнің жұмыс стиліне бейімделу мүмкіндігі, өз бетінше заманауи интернет технологиялары мен қашықтықтан оқытуды қолдану әр түрлі виртуалды кәсіби қауымдастықтарды (мысалы, мұғалімдер қоғамдастығын) оңай қалыптастыруға, мұғалімдермен өзара қарым-қатынас жасауға, мәселелерді талқылауға, жалпы міндеттерді шешуге, тәжірибе, ақпарат және т. б. алмасуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытуды дамыту интернет технологиялардың дамуына және қашықтықтан оқыту әдістерін жетілдіруді талап етеді. Ұстаздардың алдында қашықтықтан оқыту бойынша үлкен жауапкершіліктер тұр. Шын мәнінде, оқытушымен шынайы қарым – қатынас имитациясына қол жеткен кезде ғана оқыту толыққанды болып табылатыны құпия емес, – міне, осыған ұмтылу керек. Виртуалды қарым-қатынас есебінен жеке контактінің жетіспеушілігін өтеуге мүмкіндік беретін электрондық коммуникациялардың әртүрлі түрлерінің үйлесімін пайдалану қажет.

Физика сабақтарында қашықтықтан оқыту сабақтарын одан әрі жетілдіру келесі факторлармен байланысты:

Мультимедиалық-дыбысталған бейне – және слайд фильмдер, анимация, графика;

Процестер мен құбылыстардың математикалық модельдерін қоса алғанда, қаныққан интерактивтілік;

Аудио және бейне ағынын пайдалану;

Бақылау және тест тапсырмаларының көптүрлілігі;

Мультимедианың арқасында оңай сіңірілетін оқу материалының үлкен көлемі;

Тыңдаушылардың өзара қарым-қатынасы.

Курстарды жеткізудің аралас әдістерін қолдану: Интернет жүйелері, CD–ROM және т. б. бағдарламалар.

Физика пәнінен қашықтықтан оқыту бойынша педагогикалық технологиялар арасында қашықтықтан оқыту үшін оқушылардың топтық жұмысына, ынтымақтастықта оқытуға, белсенді танымдық процеске, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бағытталған технологиялар қызығушылық танытады. Дәл осы технологиялар зерттеу, проблемалық әдістерді кеңінен пайдалануды, алған білімдерін бірлескен немесе жеке іс–әрекетте қолдануды, дербес сыни ойлауды ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас мәдениетін дамытуды, бірлескен іс–әрекетте түрлі әлеуметтік рөлдерді орындай білуді көздейді. Сондай-ақ, бұл технологиялар жеке тұлғаға бағытталған оқыту проблемаларын тиімді шешеді.

Топта жұмыс істеу сыныпта ынтымақтастық орнату үшін, өзара әрекеттестік орнату үшін қажет. Топтағы мүшелер саны мен топтағы жұмыс нәтижесі топтағы бірлескен жұмысты көрсетеді.

Ынтымақтастық оқу – өзара іс–әрекет жасау философиясы, ал бірлескен оқу – соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады. Оқушылар топтарға бірлескен жағдайда топ мүшелерінің жеке қабілеттері мен топқа қосқан үлесі құрметтеледі; жұмыс барысында механикалық есте сақтау мен қайталау процесстерімен бірге, ақпараттар өңделіп, қорытындыланады; топ мүшелерінің әрқайсысы басқа оқушылардың көзқарасымен таныса отырып, өзіне қажеттіні алады және оған өз көзқарастарын білдіре отырып, соны қорғауға мәжбүр болады да, өз ойларын тұжырымдап үйренеді.

Топты құру барысында мұғалім топтағы оқушы санын да ескеру керек. Шағын топтармен жұмыс жасау үлкен топтармен жұмыс жасауға қарағанда тиімдірек екені белгілі.

Бірлескен оқу ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар көзқарастарды тындап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұнда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша бірлескен оқу жағдайында оқушылар құрбы–құрдастарымен қарым–қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және жұмысқа белсенді қатысуға мүмкіндік алады (Smith and MacGregor, 1992). (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 74–бет)

Оқушының белсенділігі мен танымдық іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын топпен жұмыс істеу және жұппен жұмыс істеу кезінде оқушы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, не қателігін мойындауға, қателігін көрсете білуге, пікірлесе отырып шешім қабылдауға үйретуді жөн көрдім. Сол арқылы оқушыда өз білімін бағалау және бақылау, өз-өзін реттеу дағдысы меңгеріледі. (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 69–бет). Өздігінен реттелетін оқудың үш элементі аса маңызды болып табылады (Perry et al, 2002):

тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушығы;
оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы,
проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.

Әр сабақтан соң немесе сабақтан бұрын оқушыларды әңгімеге тартып, ойларын біліп отыру қажет. Нақтырақ айтқанда, сабақ соңында осы тақырыптың қай бөлімінде немесе қай есепті шығару жолында, әдіс-тәсілінде түсінбегенін немесе қай тәсілге әлі де қосымша есептер шығарғысы келетінін айтып отырады. Бұл тәсіл әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, қабылдау деңгейін анықтауға мүмкіндік бере отырып, оқушылардың өз-өзіне есеп беруі немесе реттелуі дағдыларының да қалыптасуына ықпал етеді. Сол сияқты топтың да жалпы пікірін білу маңызды. Себебі, ол бірнеше оқушының пікірінен туындайды.

Жоғарыда айтып өткендей, топпен бірлесе жұмыс жасау, оқушылар арасында ынтымақтастықпен қатар, өз деңгейлерін саралай отырып, өз-өзінің реттелуіне көп көмек береді.

Тақырыппен жұмыс жасағанда, топтық жұмыстың тиімділігі оқушылардың барлығы да қызығушылық танытып, белсенділік көрсетіп қызығушылық танытады.

Нәтижесі оң болу үшін оқытуға мына дағды-формаларды енгізгім келді: оқушылармен топтық жұмысты ұйымдастыру, жұмыс кезінде оқушылардың орындауға тиіс болатын тапсырма-есептердің олардың ойлауына әсер етуіне назар салу.

Пән мұғалімдері топтық жұмысты ұйымдастыру барысында сабақ нәтижелі, жұмыс ұтымды, тиімді болу үшін белгіленген тапсырмалар мен әр топтың қызметі дұрыс құрылуы тиіс.

Басты мақсатым топтық жұмыс арқылы өз-өзін реттеу дағдыларын қалыптастыру болғандықтан осы бағыттан ауытқымаудың жолдарын ойлай келіп, әр сабақтың соңында оқушылардың өздеріне талап парағын толтыртқызсақ кімнің не түсінгенін, не түсінбегенін бағдарлай отырып, келесі сабақтың жоспарын құруға болады.

Оқушыларға шығара алмаған есептерін белгілеп алып, сабақ соңындағы талап парағымен қоса рефлексияларына жазуды ұсынар едім.

Білімді бағалауда шынайылық, оның сапасын анықтаудағы бірыңғай талап өте маңызды болып саналады. Себебі, әділ баға – оқушының қызығушылығын туғызуға ықпал жасайды. Әсіресе, әділетсіз қойылған бағаның әсері күшті: ол баланың оқуға деген ықыласын арттыруы да, не тіпті, оқудан

бас тартуға ықпал жасауы да мүмкін. Сондықтан да оқу үшін бағалау тәсілін ендіре отырып, ынтасын арттыруға, өзінің деңгейін тануға бағыттау керек.

Білімді ұрпақ – ел болашағы. Оқушы күшпен қуатты да, шабыт пен дарынды да ұстаздан алады. Сондықтан бүгінгі таңда ақпараттық жаңашыл технологиялармен қаруланған педагог өскелең ұрпақтың толық қанды білім алуына, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіруге, ұлтжанды, тәрбиелі жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық: Екінші(негізгі) деңгей /Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы Б., Байкенова Б.А -3-басылым. -Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2014.-292 б.
2. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар: Екінші(негізгі) деңгей /Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы Б., Байкенова Б.А-3-басылым.-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2014.-48 б.
3. Үлестірме материалдар:1,2,3,4-апта.
4. Жартынова Ж. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару» - Алматы-2014.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ: ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Есенбаева Улжан Бақытқызы

**Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің тарих,
география пәні әдіскері**

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында»

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан жаңа ғасырға дүниежүзі елдері қатарында терезесі тең ел ретінде келіп отыр. Жаңа ғасырды бастаған ұрпақ келер ұрпаққа қарыздар болып қалмас үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны анық. Қашанда білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл-қыздары ешқашанда жүдемесі хақ. Біздің басты байлығымыз - білім. Қазіргі жас ұрпақтың білім мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау - бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты.

Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны - «XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI

ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал - білім.

Ендеше ұстаздар қауымы ел басқаратын болашақ ұрпақтың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етіп, Елбасының үмітін ақтауға барлық күш қуатын жұмсаған жөн. Болашақ ұрпақтың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-тәсілдер өте мол, оқушылардың қызығушылығын арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз өз оқушыларына ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Түрлі әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырумен бірге оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, тұжырым жасауға бағыттап, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға мүмкіндік туғызды. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге жетеледі.

Сабақтарда оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану нәтижесінде оқушының:

- оқуға деген қызығушылығы мен ынтасының артуына;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан - жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеруіне қол жеткіздім.

Жаңа тақырыпты түсіндірместен алдын мұғалім өз алдына үш сұрақ қою шарт:

1. Не үшін оқытамын?

2. Неге оқытамын?

3. Қалай оқытамын? Бірінші сұраққа білім стандарты жауап берсе, екінші сұраққа таңдаған мамандығым жауап береді, «Қалай оқытамын?» деген сұраққа-мұғалім шеберлігі, жаңа оқыту әдістері шешіп береді. Мұғалім қанша білімді, сезімі жоғары, ойлау қабілеті күшті болса, жаңа оқыту әдістерін ойлап таба беруі мүмкін. Егер сабақты бүгінгі күн тұрмысымен байланыстыру керек, себебі оқыту, тәрбиелеу, еңбектену дамыту процесстері қатар жүреді. Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады. Оқушы білімінің сапалы болуы ұстазының дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзреттілігіне тікелей байланысты. Оқушы үшін мектепте оқылатын әрбір пәннің орны ерекше [4]. Ал оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, ізденістермен жанартып отыру әр ұстаздың міндеті болу керек. Ол:

- күнделікті сабақты таңқаларлықтай өткізу (Әсіресе сабақтың кіріспе бөлімінің ерекше ұйымдастырылуы, бұрын соңды болмаған ойын түрлерін қолдану, сөзжұмбақ, ребустар пайдалану, проблемалықпен оқыту, өмірмен ұштастыру, әрбір оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау)
- қиынның қисынын келтіру, күрделіні тартымды, аса сезімталдықпен айту
- қысқа, нұсқа негізділікке үйрету.

Ал оқыту сапасын арттыруда мұғалім:

- жаңа дидактикалық әдістерді қолдану,
- сабақтың түрі мен әдістемелерін өзгертіп отыру.
- оқушының білімін, іскерлігін, дағдысының жетістігін дамыту

Оқушының сайыстарға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға қатысуына белсендіру. Сабақтағы түрлендіріліп берілген тапсырмалар оқушыларды ойлануға, дәлелдер айта білуге жетелейді. Мәселені әр қырынан қарастыруға, пікірін ашық айтуға, өз белсенділігін танытуға, рефлексия жасауға үйретеді.

Қазіргі қоғам мұғалімдердің алдына білім берумен қатар, оқушылардың тұлғалық маңызды қасиеттерін дамыту міндетін де қатар қойып отыр. Білім беруді ізгілендіру, оқушылардың әртүрлі тұлғалық ерекшеліктерін бағалы қарым- қатынас жасауды да көздейді. Білім оқудың мақсаты ретінде ғана емес, түрлі тәсілі ретінде де тұлғаның даму құралына айналу қажет. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникативтік технологиялар (АКТ) көптеген мүмкіндіктер ұсынады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиалық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда пән мұғалімдерінің кәсіби құзырлығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады. Компьютер – мұғалімнің басты көмекшісі. Ең біріншіден, ол мұғалімнің еңбегін жетілдіреді. Көптеген материалдарды, дайын сабақтарды реттеп сақтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютердің арқасында мұғалім әр сабаққа оқушылардың ерекшелігіне қарай және сабақтың мақсатымен міндетін ескере отырып, әртүрлі кеспелер, материалдар дайындай алады. Үшіншіден, сабақтың формаларын түрлендіре алады, яғни көрнекілік, әдістемелік, аудио және бейнематериалдар қолдана алады. Мұндай жұмыс сабақтың әр кезеңінде іске асырылады. Әдеттегі оқытудың техникалық құралдарын қолданып өткізудің, АКТ мүмкіндіктерін қолданудан айырмашылықтары: білім алушылар көптеген дайын тұрған, іріктелген ұйымдастырылған, тиісті талапқа сай мүмкіндіктер берумен қатар, оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетімен жаңа білімдерді меңгеріп, жұмыс істеуге, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге жол ашады.

АКТ-ны география сабақтарында пайдалану мұғалім мен оқушының қарқынды қызмет жасауына мүмкіндік береді, пәнді оқытудың сапасын арттыру, географиялық объектілердің елеулі тараптарын көрсету, көрнекілік ретінде шынайы өмірді бейнелеу, алдыңғы қатарға ең маңызды (оқу мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан) сипаттамалары зерттелетін объектілер мен табиғат құбылыстары қарастырылады. Осы тақырыпты таңдауыма әсер еткен, қазіргі біз

куә болып отырған қоғамдағы ақпараттандырудың күн сайын өсіп келе жатқандығы.

Ақпараттандыру адамзат қызметінің барлық саласын, соның ішінде білім беруді де шарпыды. География оқу курсы ақпараттандыру негізінен жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде мультимедиялық құралдарды енгізу болып табылады.

Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, “жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. География пәнінің берілу кіріктірілген білім беру бағдарламасында өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Жаратылыстану пәндері бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. География пәні бойынша критериялы бағалау және оқытуды жоспарлау» тарауында қарастырылатын бағалау тәсілдері де маңызды болып табылады. Сонымен қатар, педагогиканың түрлі аспектілері, атап айтқанда, оқушыға бағдарланған әдіс-тәсілдер, проблемаларды шешу, рефлексиялық оқу және бірлескен оқу тәсілдері қарастырылады. Оқыту әдістерінің барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың оқуды алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуын көздейтін тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушыларға алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығу орындауға мүмкіндік беру аса маңызды

болып табылады. Географияны оқытуда педагогикалық тәсілдерді іске асыру үшін сабақта төмендегідей жұмыс түрлерін қолдану қажет:

- Кесін картамен жұмыс жасау;
- География мәселелері бойынша түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты таңдау, талдау жүргізу, алынған ақпаратты салыстыру және шынайы бағасын ұсыну;

- География саласындағы түрлі мәселелерді зерттеуге бағдарланған эксперимент құрастыру және өткізу (мысалы, Қазақстанның экологиялық мәселелері);
- Географиялық үдерістер мен табиғи құбылыстарды ұғыну, түсіндіру және болжау үшін модельдеудің түрлі тәсілдерін қолдану.

Оқу үдерісінде мұғалімдер оқушыларға оқу жоспарында ұсынылатын тапсырмаларды орындай отырып, оқу мақсаттарына жетуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдаланғаны жөн.

Инновациялық технология нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.
3. Олардың әрқайсының деңгейін анықтай аласың.
4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік аласың.
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.
6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жанжақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі. Педагогикалық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;
- Тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу-бүгінгі күннің мақсаты. Елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін мектеп табалдырығынан бастап-ақ білім мен ғылымды ықпалдастырып, ғылыми ойлау қабілетін дамыту қажет. Бұл үшін мектептегі зерттеушілік және инновациялық қызметтің ауқымын кеңейту керек. География мұғалімінің аса маңызды міндеті оқушының бойында қарапайым зерттеу жүргізу; табиғи құбылыстардың, үдерістердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін түсіну үшін зерттеу жұмысын жүргізу үшін зияткерлік, шығармашылық қабілеті мен сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту болып табылады. Сәйкесінше, оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, ақыл-ой қызметінің тәсілдерімен қаруландыру қажет, яғни оларда ойлау операцияларын дамытып, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, дерексіздендіру, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрмұханова Г. Жанаша оқыту – уақыт талабы // Қазақстан мектебі. – 2004. - №10.
2. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. Теоретико-экспериментальное исследование. – М.: Педагогика, 1980. – 240 с.
3. Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки теории инновационных процессов в образовании. - М., 1991.
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. 2016 ж.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Оңғарбаева Райхан

Отырар ауданы, Жамбыл атындағы мектеп – лицейі
директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытуды 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, шығармашылық тұрғыдан ойлауға, шешім қабылдауға, өмір бойы білім алуға дайын тұру функционалдық дағдылар мектеп қабырғасынан басталады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту бағдарламасында айқын көрсетілген.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігінде халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «**Функционалдық сауаттылықты**» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігі артып отыр.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылар мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың қабылдануы – оқыту әдістемесі мен мазмұнын түбегейлі жаңарту болып табылады.

Қазіргі еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтежиелерге жетуде, шәкірттерінің жана белестерді меңгеруіне жол ашуда.

Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтежиесінде еркін, өзіндік дәлел –уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік – мәдени дамуының өлшемі, білім, білік дағдыларының құзіреттілікке ұласу жолы.

Сонымен мектеп тәжірибиесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын сындарлы оқытудың (бағдарламаның) жеті модульі :

- Оқу, жазу сауаттылығы
- Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
- Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
- Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану
- Оқушының жас ерекшелігіне және денсаулығына сәйкес оқыту және оқу
- Оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер Диалог –оқушының бір-бірімен тіл арқылы қатынасы.

Білім беру әдістері ішінде ерекше орын алатыны – диалог. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдану көрсету және ынталандыруда маңызды рол атқарады. Тапсырманы орындау барысында жан- жақты әрі нақты көмек қажет болады. Әрт үрлі тақырыпта диалог құрғызу мынадай нәтежие береді:

- Сабакқа қызығушылығы артады
- Сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды
- Сөздік қоры қалыптасады.
- Терең ойлауға, тез шешім қабылдауға дағдыланады.

«Қалай оқу керектігін» үйретудің қозғаушы күші метатану болып табылады. Метатану индивид қалай ойлайтынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін түсінеміз. Білім алуды үйрету өз бетімен оқуды ойластыру және

ойлау нәтежиелерін сабақта қолдана алу үдерісі болып табылады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға:

- Білім талаптарды түсінуге ;
- Жеке ойлау үрдісін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге;
- Міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге ;
- Нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі.

2. Сыни тұрғысынан ойлауға үйрету

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

Білім беру мен білім алуға жаңа әдіс - тәсілдер. Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған білім, бірлескен еңбек. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

- Шыңдалған ой;
- Күрделі мәселелерді шешуге , нақты шешімге қабылдауға құштарлық;
- Үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» бағдарламасының әдістерін қолдану төмендегідей нәтежие береді

- Білім алушының белсенділігін арттыру ;
- Пәнге қызығушылығын ояту ;
- Өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру;
- Зерттеуге икемділігін дамыту;
- Танымдық қабілеті артады;
- Білім алушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасай біледі;
- Басқаларды тыңдау , кез-келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға үйретеді.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады , олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау

Бағалау – оқыту нәтежиесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтежиелі болуына ықпал ететін фактор.

Оқушының оқу мақсаттарын, қаншалықты меңгергенін және қай оқушымен қосымша жұмыс жасау керектігін анықтауға көмектеседі. Бағалау «оқыту үшін бағалау» және «оқытуды бағалау» деп екіге бөлінеді. Формативті бағалау әр сабақта жүзеге асатын үрдіс. Формативті бағалау сабақ барысындағы барлық іс-әрекет бойынша оқушының білім, білік деңгейіне қоса дербес ойлауы, тіпті тәртібі т.б бағаланады. Ал , сумативті бағалау оқушының белгілі бір кезеңдегі бақылаулар, білімді тексеру тестісі кезінде көрінетін білім деңгейінің өлшемі.

Жалпы , бағалаудың барлық түрлері төмендегілерді қамтиды:

1. Бақылау ;
2. Алынған мәліметтердің интерпретациясы ;
3. Бұдан арғы іс-әрекетті анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау;

4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану .

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның тиімділігі – келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына , іскерлігі мен шығармашылығын еркін дамытуға жол ашатын педагогикалық-психологиялық жағдай жасауында.

Сондай-ақ , интерактивті тақта арқылы әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды орындау, мәтіндермен , жаңа сөздермен түрлі жұмыстар жүргізуде, сөздерге талдау жасауға , уақытты үнемді пайдалануға , оқушылардың ынтасын арттыруға қажетті әрі пайдалы құрал. Әр түрлі тест тапсырмаларын жүргізіп , оқушылардың білім сапасын бақылауда да компьютерлік технологияның үлесі зор.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту .

Көбінесе «Дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Дарындылық – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Көбінесе «Дарынды оқушы-бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсеттін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстаған жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру мен оқыту

Еш нәрсеге бейімділігі жоқ , қабілетсіз бала болмайтыны педагогикада дәлелденген. Мысалы, төрт жасар балалар көп сұрақ қояды және «қайда» , «не» , «кім» , «неге» , «қашан » сияқты көптеген сұрақтар пайдаланады. Олар бес сөзден тұратын сөйлемді пайдалана алады және олардың 1500 сөзден тұратын сөздік қоры бар. Бес жасар балалар бағыныңқы бөліктері бар алты сөзден сөйлем құрай алады және 2000 сөз пайдаланады. Бірінші сынып оқушылары 6000 сөзге дейін пайдаланады, ал ересектер 25 000 сөз пайдаланады және 50 000 сөз біледі.

Жалпы шәкірт бойына білім нәрін сіңіруде ең бастысы оқушының жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Топтық жұмыс немесе диалог барысында оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыстану-бұл мұғалімнің жан-жақты ойластырылған шеберлігін қажет етеді.

7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық

Қазіргі заман талабы ; оқыту технологиясы оқу процесін ұйымдастру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда. Оқу технологиясын оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек. Алайда, әр мұғалімнің оң нәтежиеге қол жеткізудегі мақсаты – заман талабына сай білімді, білікті, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыра алуы қажет.

Мақсат негізіндегі міндеттері:

- Жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- Шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- Өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- Нәтежеге қол жеткізу, бағалай білуі;

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Қорытынды. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби құзіреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдістермен, ескі біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Олай болса қоғам – жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұстазға мұқтаж.

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Алимбекова Гулжан Алимжановна

Түркістан олысы әдістемелік орталығының
зерттеушілік және стратегиялық жоспарлау
әдіскері

Жас ұрпақ - біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Сондықтан да, өскелең ұрпағымыздың бойына отансүйгіштік қасиеттерін шыңдап, адамгершілік пен жоғары мәдениетті қалыптастыру, жан-жақты даму ұстанымдарын сіңіру, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу - ол біздің парызымыз болмақ. Жаңа заманға сай, жаңа адамды қалыптастыру - білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Яғни, мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің ертеңі мен болашағы сондай болары анық.

Қазіргі ақпараттық-технологиялар қарқынды дамып отырған кезеңдегі заман талабының өзі мұғалімнің қызметіне түбегейлі өзгеріс енгізуді қажет етіп отыр. Егер бұрын мұғалімнің негізгі міндеті білім және танымдық тәсілдер түрінде жылдар бойы жинақталған қоғамдық тәжірибені тарату болса, қазіргі мұғалімнің алдында әрбір нақты оқушының зияткерлік тұрғыдан дамуын жоспарлап, жобалай білу және тиімді басқару міндеті тұр. Осы орайда, облыстық және аудандық әдістемелік қызметтің мақсаты - өңірлік білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетін дамытуға көмектесу, басшылық және педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін тиімді механизмдерді құру.

Өңірлік әдістемелік қызметтің білім беру процесіне инновациялық тәжірибелік үлгіні енгізу қарастырылды, ол педагог кадрларға кәсіби білім берудің үздіксіздігін, қолжетімділігін, ашық болуын қамтамасыз етеді, оларға инновациялық әрекетке орта құру, онда «қандай да бір жалпы білім беру ұйымы немесе мұғалімі, басқа білім беру ұйымының қатысушысымен өзара пікір алысуға», әдістемелік ойлармен бөлісуге, жаңа интеллектуальдық жобаны құруға, инновациялық ақпараттық банкті қалыптастырады.

Әдістемелік жұмысты жаңа тұрғыдан ұйымдастыру білім беру жүйесінде инновациялық сипатты жүзеге асырудағы өзгерістер мен білім беру мазмұнын жаңартуға көшуді талап етеді. Қазіргі кезеңде білім беруді дамытуда үздіксіз оқыту сипаты ерекше мағнаға ие болды, басшылар мен педагогтардың кәсіби міндеттерді жоғары деңгейде шешуге дайындығы, олардың жаңа модель қызметіне белсене бейімделуінің шарты болып табылады. Әдістемелік жұмыста қазіргі кезеңдегі жаңа технологияның, орасан зор ақпараттық кеңістіктің, өркениеттің техникалық жетістіктігінің құрылымдық және мазмұндық өзгерістерінің болуы қажет. Қазіргі таңда біліктілік жүйесін арттыруда әдістемелік қызметті дамыту елдің оң өзгерістерін ескере отырып, әдістемелік қызмет тұжырымдамасын жаңарту контекстінде жүзеге асырылады. Әдістемелік қызметтің негізгі міндеттерінің бірі – педагогтардың кәсіби қызметінің жағдайының өзгеруіне байланысты бейімделуі, білім беруде инновацияларды игеруі, кәсіби құндылық және тұлға ретінде өз-өзін ұйымдастыруы, өздігінше білім алуы, өзін-өз жетілдіруі. Өңірлік әдістемелік қызметтің алдында тұрған міндеті білім беру жүйесін ұйымдастыруда педагогикалық инновацияны игеру және педагогикалық тиімді идеяларды жүзеге асыру, тәжірибелік-эксперименталды әрекетті енгізу, өзінің даму стратегиясын құру.

Әдістемелік жұмыстың жүйесін жаңарту әрекетінің ұстанымдары: әдістемелік қызметтің көпдеңгейлік жүйелік ұстанымына ғана емес жүйенің ұйымдастырушылық аспектісін кірістіру және олардың жеке компоненттерінің өзара әрекетін, сондай-ақ мақсаттың сәйкестігін, мазмұнын, түрлерін, әдістерін сақтау, педагогтардың кәсіби құралдарын, олардың білім беру жүйесінің қажеттілігіне және өтіліміне байланысты дамытушылық жүйесін құру; - әдістемелік мекемелердің өзара желілік қатынасының бірізділік ұстанымын, кәсіби педагогикалық қауымдастыққа білім беру мазмұнының инновациялық моделін ұсынады және олар білім беру мекемелерінің қорларын белсенді қолдануға, әзірлеуге, саралауға мүмкіндік береді; - тұлғалақ-бағдарлық

ұстаным, әрбір педагогтың кәсібі деңгейін, жеке өтінімін және олардың сұранысын ескереді; - диверсификациялық ұстаным бойынша қызметтің көптүрлілігі, әдістер, кәсіби құзыреттіліктің мазмұнын дамыту; - ашықтық және қол жетерлік ұстанымыда педагогтың өз еркімен және өзі таңдаған жеке білім беру бағдарламасы қарастырылады.

Демек, заман талабына сай боламын деген әдіскер мұғалімдерге таза білімнің өзін бере білу емес, бүгінгі алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрететін құзырлы әдіскер болуы тиіс. Ендеше, құзыреттілік, педагогтың кәсіби құзыреттелігі дегеніміз не? Құзыреттілікті дамыту үшін қандай қадамдарды жүзеге асыру керек? Міне, осы сұрақтар ұстаз ретінде мені де терең ой-толғанысқа жетеледі. С.М.Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Құзыреттілік»(латын сөзі) competens- қабілетті, қатысты деген мағынада. Белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері» деген анықтама берген. Менің ойымша, ұстаздың құзыреттілігі өз білімінін шындауымен астасып, оқушының алған білімдеріне, өмірдегі тәжірибелеріне, құндылықтарына негізделеді. Жаңа формация әдіскері табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы әдіскерге қойылатын талаптар:бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Қазіргі кезде білім стандарты жасалынып, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда заман ағымына, дамуына қарай дәстүрлі оқу жүйесіне біршама өзгерістер еніп, оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру басты мүддемізге айналуда. Ол үшін әрбір ұстаз Ушинский айтқандай: «Мұғалім- өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі жойылады» деген пікірді есте сақтай отырып, өз білімін үздіксіз жетілдіруі қажет.Үздіксіз еңбектен соң күтілетін нәтиже сарапқа салынады.Ол үшін біз нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттырумыз керек. \ \

Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Әдіскер қаншалықты білімді,

шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Бүгінгі педагогика ғылымында жаңа оқыту технологиялары: дидактикалық бірліктерді шоғырландыру, ізгілікті-тұлғалық бағдарламалар, дамыта оқыту, мәселелік, тірек сигналдары арқылы, деңгейлеп саралап оқыту, өздігінен ізденіп даму, оқытудың компьютерлік, модульдік технологияларды ғылыми тұрғыда дәлелдеп, баламен бірге жұмыс жүргізудің қыр-сырын меңгереді. Осындай барлық жағдай жасалып отырған білім ордасының ұстаздарына талабы таудай дарынды-жеке тұлғаны дамыту, яғни Ушинскийдің «Бала-балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» деген сөзі аталған міндетті жүзеге асыру жолында ұстазды үлкен асуларға жетелейді. Біздің басты мақсатымыз – оқушылардың өз бетінше білім алатын шығармашылық деңгейін көтеру. Әдіскерлер ұжымы сапалы білім үшін осындай іргелі мәселелерді талап дәрежесіне қойып, білім жүйесінде оқытуды биік сапалы дәрежеге көтеру үшін еңбек етуде. Ол үшін мұғалімге қол жеткізген нәтижелерін дұрыс бағамдауға, жүргізілетін жұмыстарының мақсатын нақты белгілеуге, одан кейінгі іс-әрекеттерін түзетіп отыруға мүмкіндік тудыруымыз қажет. Мұғалім оқушыны жігерлендіруші, күш беруші қызметін атқарғаны жөн. Бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін жетілдіріп қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет. Қазіргі оқытудың жаңаша технологиясын меңгерудің өзі ұстаздан шығармашылықты талап етеді. Ал шығармашылықпен жұмыс жасау үшін мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Біліктілігін арттырушы мұғалім өзінің білімін, жалпы дүниетанымын кәсіби және әдіснамалық деңгейін жоғарлатады, психологиялық – педагогикалық сонымен қатар әдістемелік сауаттылығын жетілдіреді. Ең бастысы бұл білімдер мен білік дағдыларды құзырлылық ұстанымдарының талаптарына сәйкес өздерінің меңгеруі және сол жолдар арқылы өздерінің ойлау жүйесін, шығармашылығын өнертапқыштығын, рефлексиялық машығының дамуына жол ашады. Сол кезде ғана мұғалімнің өзіне-өзі баға беру деңгейі артып, өзін-өзі анықтап, үздіксіз өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік туады. Білім-тоқтаусыз толассыз үрдіс. Бүгінгі білім беру жүйесінде әдіскер құзыреттілігін арттырудың маңызды факторға айналды. Мұғалімнің өз кәсіби қызметтерін шығармашылықпен атқаруына әр деңгейдегі әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастырып өткізудің ықпалы мол. Әрбір мұғалім өз еңбегінің нәтижесін яғни жемісін көргенін қалайды. Бұдан шығатын қорытынды, оқушыға ең басты өмірде болсын, мектеп қабырғасында болсын, бастысы өзіне сенімділік қалыптастыру. Өзіне сенімді адам биік шыңдарды бағындыра алады, нәтижеге өздігінен, ешкімнің көмегінсіз қол жеткізе алады. Функционалды сауаттылықтың өзі оқушыны өмірге бейімдеуді мақсат етеді. Мектептерде оқыту мен оқуды жетілдіру үшін құзыреттілікті дамыту керек.

Сонымен қатар психологиялық–педагогикалық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін өз ісінде шебер сұрағына жауап беруге даяр болуға тиіс.

Заман бір ағымда бір орында тұрмасы анық. Жақында ғана білім беру жүйесінде біршама өзгерістер орын алып, оқушыларды қашықтықтан оқыту жүйесіне көштік. Міне, осы сәттен бастап, жаңа техниканың қыр-сырын меңгеру, сабақты нақты оқу мақсатына сай жоспарлау қажеттігі туындады. Жаңа заман мұғалімі барлық өзгерістерге дайын болуы керек. Сондықтан, мұғалімнің ендігі қадамы, онлайн курсың оқып, тағы да өз білімін шыңдау. Бұл сәтте де мемлекет мұғалімдерге қолдау көрсете отырып, онлайн курс оқытуды бастады. Курс барысында жаңа әдіс-тәсілдерді сабақ үдерісіне ықпалдастыруды, онлайн режимінде уақытты ұтымды қолдануды, асинхронды тілдесуді тиімді жүзеге асыруды, тыңдау тапсырмаларын уақытқа сай әзірлеуді, жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолданып, видеосабақ жасауды, жіберілген тапсырмаларды дер кезінде тексеріп, кері байланыс жүргізуді меңгереді. Сонымен қоса, қашықтықтан оқытуда ата-анамен сауалнамалар арқылы кері байланыс жүргізіп, ата-аналардың белсенділігін арттырудың қыр-сырын ұғынады. Курс бойынша ұсынылған сауалнамалар, сызба кестелер ұстаздар үшін үлкен септігін тигізері сөзсіз. Алдағы уақытта қашықтықтан оқыту жүйесінде дидактикалық жасалымдарды қолданып, нақты қадамдар жасай отырып, оқушыға сабақты өте қызықты етіп өткізетін болады.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыруда бүгінгі таңда білім беру үрдісіндегі негізгі міндеттеріміз оқушының бойындағы адами құндылықтарды, қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, рухани адамгершілігін қалыптастыру, жеке тұлғалық қасиеттерінің ашылуы жаңа оқыту технологияларының білім беру жүйесіне озық үлгілерін еркін енгізілуіне тікелей байланысты. Бүгінгі күні көкейтесті болып отырған білімнің құзыреттілік ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді. Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет.

Сапалы білімге қол жеткізу жолында ұстаздың тағы бір ұғынары, ұстаз-оқушы-ата-ана арасында желілік қоғамдастық орнаса, сапалы, нәтижелі білімге қол жеткізуге болады. Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасын мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан – жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт. ХХІ ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта

кұра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Ол арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші дамып, тұлғалығы қалыптасады. Білім – мұғалім үшін оның шығармашылық әлеуетін дамытудың үрдісі. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайды. Кімде кім оған қол жеткізгісі келсе әрекет етуі, күш салуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда кез келген білім-ол өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы өз білімін көтеруге негіз болады. Мұғалім шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Мәңгілік елдің мәуелі жемістерін тәрбиелеуде ұлағатты ұстаздар өз ізденісін тоқтатпайды.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
2. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
5. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық//3035,71,94 бет
7. Мұғалім қызметіндегі педагогикалық рефлексия//Астана 2015

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – БІЛІМ САПАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Реңдібаева Сабира

Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
математика-физика пәндерінің әдіскері

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі

бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы белгілі. Бүгінгі қарыштап дамыған жаңа технологияның заманында білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған орта мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу, ойлау, пікірлеу және т.б.) сынды тілдік сауаттылық пен математикалық сауаттылық және функционалдық сауаттылықтың қазіргі таңдағы әлеуметтік сұраныс талаптарына сәйкес келе бермейтінін байқауға болады. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Олай болса, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де қазіргі кездегі зерттеу тақырыбының өзектілі екенін айқындай түседі. Функционалдық сауаттылық білім алушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі әлемге бейімделу шарты, оқушылардың жеке басының қабілеттерін дамытудың негізгі тетігі, білім алушылардың 5 әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке жалғасу жолы. Ол білім алушылардың қатынастық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді: оқу сауаттылығы, жазу сауаттылығынан, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан, математикалық сауаттылығынан, – компьютерлік сауаттылықтан, құқықтық сауаттылығынан болады. Сондықтан мектептерде мектеп үйлестірушілерін тағайындап, функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша халықаралық зерттеуіне арналған ақпараттық бұрыштар, қауымдастық құру, педагогтар ассоциациясын құруға бағытталған жұмыстар жүргізілу керек. Мұғалімдерді салыстырмалы халықаралық зерттеулерге білім алушыларды дайындау үшін «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» педагог кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламалары бойынша оқу курсына сұраныс негізінде педагогтар пән бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өткізіліп, мұғалімдердің кәсіби дайындығы күшейтілді. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алуш, ал ол алған білімінің түпкі

нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсатын негізге алып отыр. Сол себепті Функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі ретінде қосымша білім мен мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызуға болады. Жалпы білім беретін мектептегі және мектептен тыс ұйымдар мен әртүрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар желісін кеңейту есебінен балаларды қосымша білім берумен жолға қойылған. Білім алушының функционалдық сауаттылығын арттырудың тағы бір жолы осы деп ойлаймын. Функционалдық сауаттылықтың тағы бір тетігі-ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-анасы баланы жас кезінен адами құндылықтар дарытып, саналы өмір сүруге баулуға борышты, міндетті. Ата-ананың бала тәрбиелеуде функционалдық сауаттылығын көтеру мектеп мұғалімдерімен олардың тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік ынтымақтастықтың негізінде қалыптасады. Яғни ата-ананың баласының ерекше қасиетін тануы, оны түрлі жағдаятта түсініп, қол ұшын беруі, олардың қабілетін дамытуға, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата-ана бойында да болуға тиіс. Осындай мәселелерді ескере отырып, мектептерде ата-аналарға арналған семинарлар ұйымдастырылды.

Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар мектеп қабырғасында жүргенде орындалғанда білім алушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Білім алушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады.

Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – білім алушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор болып табылады.

Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі

әрбір пәнді оқытудың да басым бағыттарының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс - әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс - тәжірибені меңгеру үшін білім алушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері нақты, анық, сапалы және есте қалатындай, өмірде қолданатындай қалыптасуы тиіс. Мектептерде қауымдастықтар құрылып, функционалдық тапсырмаларды құрастырып, мектепшілік, аудан көлемінде әдістемелік жинақтар шығарып, тарату, оны педагогтар өз тәжірибелеріне ендіру, сабақтарында тиімді қолдану жұмыстары жолға қойылуда.

Функционалдық сауаттылыққа бейімделу, оның қалыптаса бастауы бастауыш мектептен бастау алады. Қазірде олар оқитын пән оқулықтарының мазмұны көбіне алғашқы сауаттылықтан басталып, одан әрі дамып, жүйелене түседі. Ол үшін функционалдық сауаттылыққа жататын білімдер мен біліктердің, әсіресе, жиі қолданылатын іс - әрекет түрлерінің өзара тәуелділігін, бір-бірінің үндестігін оқулықтардағы мазмұнының мәтінімен байланыстыруды мақсат етіп келеміз. Сонымен қоса білім беру деңгейлеріндегі оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша біртұтас әдістемелік жүйенің жасалу ын талап етеді. Ол білім берудің мақсатынан бастап оқытудың түпкі нәтижесі не дейінгі аралықтағы компоненттердің бірлігі арқылы жүзеге асуы тиіс. Сондықтан мақсатқа қол жеткізудің басты құралы саналатын білім мазмұнын білім беру деңгейлерінде оқушының функционалдық сауаттылығына негіз деп құру тиімді болмақ. функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу және тағы басқадай негізгі құзіреттіліктеріне бағытталып жүргізілгенде ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге және де функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі таңда оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен сай келу үшін бастауыш сыныптардан бастап оқушының оқу, жазу сауаттылығын, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын, математикалық сауаттылығын, компьютерлік сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыстар жасап, зерттеп, сыни тапсырмаларды күнделікті тапсырмаларына енгізу арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге бағыттап отырмыз.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз. Елбасымыз Н. Назарбаев: «Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін - өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты»

деген.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулықпен шектелмей білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді. Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер, кәсіби білікті болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады, білім алушының пәнге деген ынтасын қалай арттырамын деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір білім алушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға, кейбір білім алушылар тез қабылдаса, кейбірі баяу қабылдайтын қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Сауаттылығы дамыған білім алушы кез келген тақырыпта мағынаны ажырата алады, Топпен жұмыс істеу құзіреті жеткілікті, көшбасшы бола алады, білім, білік, дағды деңгейі көтерілген, өз ойын айтуға төселген, логикалық-танымдық қабілеті дамыған, функционалдық сауатты болуға тиіс.

Қорыта келе оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осыған орай мектепте сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті, теория мен тәжірибені ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған негізгі мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін мұғалімнің алдынан шыққан білім алушы – өмірде өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Сондықтан әр бір педагог түрлі тәсілді, АКТ-ны жетік меңгерген жаңашыл болуы керек, өйткені болашақ тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуы мұғалімдердің қолында екенін басты назарда ұстауымыз керек.

Пайдаланылған

әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс - қимыл жоспары.
2. Мектеп журналы.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар)

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ӘДІСКЕРДІҢ ҚАДАМДАРЫ

Қабылова Қатира Дабылқызы

Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің химия-биология пәнінің әдіскері

Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер бала жанының бағбандары үшін өзекті мәселе болуда. Қашықтықтан оқыту барысында білім саласындағы олқылықтарды жою мақсатында түрлі қадамдар мен әрекеттер жасалынды. Алайда білім мен тәрбие беруде баламен және оның ата-анасымен тікелей байланысатын мұғалімдер көптеген қиындықтарға кезігуде. Ең басты кемшілік қашықтықтан білім беруді үлкен жаңалық деп қарау және технологиялық сауаттылық пен психологиялық жағынан дайын болмау. Дегенмен өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заманның өзгерісіне сай өзін-өзі үнемі жетілдіретін, ізденіс үстінде жұмыс жасайтын педагогтеріміз баршылық. Ал мұғалімдерге үнемі рухани, білімділік пен біліктілік арттыру жағынан үздіксіз көмек беретін әдіскердің қызметі ерекше. Осы тұста «Әдіскер деген кім? Әдіскердің қызметі қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

«Әдіскер» атауы XVIII ғасырда қызметте «төзімділік», XIX ғасырда мұғалімнің «тәжірибелік» ұғымдарымен байланысты болып, XX ғасырдың басында мұғалім-әдіскер ретінде жеке мамандық болып қалыптасты. [1] Бүгінгі таңда әдіскерге артылған жүк те ауыр, талап та жоғары. Әдіскер- педагог білім алушылардың білім сапасының артуына тікелей ықпал жасайтын мұғалімдермен тығыз байланыс орната отырып жұмыс жүргізеді. Мұғалімдердің кәсіби өсуіне жол көрсетеді, бағыт - бағдар береді, балаға білім мен тәрбие беруде туындаған қиындықтардан шығу жолын айқындап, жеңуіне тікелей әсер етеді, т.с.с.

Әдіскер негізгі үш бағытта міндеттер атқарады.

Зерттеуші ретінде:

- педагогтердің қызметін, әсіресе оқытудың инновациялық тәсілдерін іске асыру барысын бақылайды;
- туындаған қиындықтардың себептерін талдайды;
- білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалайды, қажет болған жағдайда оны оқытудың жаңа тәсілін модельдейді.

Сарапшы ретінде:

мектепте құрылған зияткерлік өнімнің (бағдарламалар, авторлық курстар және т.б.) сапасына кәсіби бағалау жүргізеді. Әдіскер педагогке, білім алушыларға берілетін материалды нақты және түсінікті жеткізе алатындай етіп оқу жоспарын құруға көмектеседі.

Басқарушы ретінде:

оқу-әдістемелік материалдарды құрастырады, нормативтік актілерді, стандарттар мен құжаттар бланкілерін әзірлейді; қолданыстағы заңнаманы зерттейді және қызметкерлерге білім беру іс-әрекеті мәселелері бойынша кеңес береді. [2]

Әл Фарабидің «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне

жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген сөзі мұғалімдердің бағыттаушы («компасы» дер едім) әрбір әдіскердің жүрегінде болуы шарт.

Бүкіләлемдік пандемия жағдайында Қазақстан педагогтері қашықтан оқыту үрдісін жүзеге асыруда. Педагогтер бұл үдерісті қалыпты деп қабылдап оқу жүйесін жалғастыруы қажет. Міне осындай санқырлы, әртүрлі мәселелердің түйінін шешуде әдіскердің атқарар қызметі орасан. Әрбір мұғалімге бала оқытуда туындаған қиындықтардан шығар жолды нұсқап, оның еңбектенуде қажырлылық танытуына шабыт сыйлайды.

Педагог қашықтықтан білім беру жағдайында мына қадамдармен жүргені дұрыс:

Өзіңізді дайындаңыз. Ең алдымен өзіңізге және оқушыларға қашықтықтан оқыту сыныптағыдай маңызды екеніне көз жеткізуіңіз қажет, тек бала мен сіздің араңызда қашықтық жағдайы сақталған. Баланың өз бетінше тапсырмаларды орындауы үнемі сіздің бақылауыңызда болсын. Баланың материалды игеруі мен тапсырмаларды орындауына бөлінетін уақытты анықтаңыз. Өйткені сізден басқа да педагогтер барын ұмытпаңыз және балаға көп тапсырмалар беруден аулақ болыңыз. IT- сауаттылығыңызды үнемі жетілдіріңіз.

Іс-әрекетке көшіңіз. Өтікізетін сабағыңыздың ҚМЖ-сын жасаңыз. Оқу мақсаты → сабақ мақсаты → бағалау критерийі → тапсырмалар → дескриптор → кері байланыс бағытын ұстаныңыз. Ұсынатын бейне сабағыңыз оқушы орындайтын тапсырмаларға негіз болуы керек.

Білім беру платформасын таңдаңыз. Мұның маңызы зор. Материалды игеру сапасы білім мазмұны бар платформаға тікелей байланысты. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту нысанын таңдау керек. Егер сіз балалармен онлайн режимінде сабақ өткізгіңіз келсе, сіз онлайн-веб-жүйелерді (Zoom, Timlink, Teams) пайдаланып, жұмыс үстелін көрсетумен онлайн сабақтар өткізе аласыз (қолданылатын оқу платформалары BilimLand; Kyndelik. kz; Darin online).

Кері байланыс жасаңыз. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен байланыс жасау маңызды болып табылады. Тапсырманың оқушы үшін түсініктілігін, анық-қанығын, оқу материалдарына толық қолжетімділіктің болуын және т.б. үнемі бақылап отыру қажет. Электрондық күнделікте тапсырмаларды жүктеу немесе хабарламалар жазу арқылы оқушы және оның ата-анасымен байланыста болу қолжетімді. Сондай-ақ ватсап желісімен байланыс жасау тиімділігі жоғары дәрежеде.

Сабақ. Қашықтықтан сабақ өзінің құрылымынан кәдуілгі өтіп жүрген бетпе-бет сабақпен бірдей болатындығын есте сақтау қажет, атап айтқанда:

Сабақтың басы: Ұйымдастыру кезеңі мен үй тапсырмасын пысықтау.

Сабақтың ортасы: Білімнің өзектілігі, жаңа білімді игеру, сабақты түсіну мен қорытындылау, сабақты меңгеру, жіберілген қателерді талдау мен түзету.

Сабақтың соңы: Үй тапсырмасы және оны орындауға арналған нұсқаулық, рефлексия және кері байланыс.

Оқушының орнына өзіңізді қойыңыз. Қашықтықтан оқыту жағдайында, яғни барлық мұғалім онлайн сабаққа көшу барысында оқушыға қаншалықты дәрежеде күш түсіп отырғанын елестетіңіз. Бұл сіздің әрбір жоспарланған

сабағыңызға сыни көзқараспен қарауыңызға жол ашады. Берілетін білім оқушыны шаршатпайтындай, білім алуда нақты, айқын қадамдар арқылы мақсатқа жетуге жетелеу керек.

Сондай-ақ 2007 жылда білім сапасын арттыруда өз еңбектерімен танылған Колорадо штатындағы Вудланд Парк орта мектебіндегі химия пәнінің мұғалімдері Джонатан Бергмен және Аарон Самстың «керісінше оқыту жүйесі» тәсілін тәжірибеге ендірсек. «Керісінше оқыту жүйесі» тәсілі білім алушыларға бүгінгі таңда, әсіресе қашықтықтан білім берудегі ең оңтайлы әдіс. Сипаттап кетсем, екі мұғалім Бергман мен Самс сабақтан қалып қойған оқушыларға көмектесу үшін онлайн оқу бейнелерінің әлеуетін түсінді. Олар химия дәрістерін жазу үшін экранды түсіретін бағдарламалық жасақтаманы қолданып, оқушыларға өз ыңғайлығымен бейнелерді көру үшін жүктеді. Олардың онлайн дәрістері танымал болды. Түпнұсқалық дәрістерге қатысқан көптеген оқушылар емтиханға дайындалу үшін бейнелерді қайталап көрді. Көмек сұраған оқушыларға бір ақпаратты қайта-қайта түсіндірудің керегі жоқ. Самстың қарапайым, керемет түсінігі болды: «Оқушылар тақырып қиын болып, көмекке мұқтаж болған кезде ғана мұғалімнің қасында болғанын сұрайды. Олар әрбір сабақта мұғалімді қажет етпейді, сабақ мазмұнын өз бетімен түсіне алады». Самс: «Егер біз барлық дәрістерді алдын-ала жазып, оларды үй жұмысы ретінде оқушыларға берсек, сыныпта оларға түсінбеген тақырыптармен көмектессек қалай болады?» деген ойға негізделіп, осы әдісті шығарды. [3]

«Керісінше оқыту» үлгісінің арнайы нұсқасын жүзеге асыру үшін Бергман мен Самс 2007-2008 оқу жылындағы химия дәрістерін алдын-ала бейнеге жаза бастады. Оқушылар дәрістерді үйде қарап, конспект жазды. Оқу күнінде мұғалімдер бұрынғы үрдістерді қолдана, химия зертханалық жұмыстарын орындап, оқушылармен бірге жұмыс істеді.

Дәрістер алдын-ала жазылғандықтан, мұғалімдердің тақырыпты түсінбеген оқушыларға көмектесу үшін уақыттары болды. Бергман мен Самс сыныптарын 20 минут бұрын аяқтайтын. Бұл өздеріне де, оқушыларына да пайдасын тигізді. Оқушылар бұрынғыдай химияда көп уақыт өткізбеді, бірақ олардың сынақ нәтижелері білімдерінің артқандығын көрсетті. «Керісінше оқыту» ұғымының көп қолданылатын анықтамасы келесідей: дәстүрлі түрде үйге берілетін үй жұмысы сыныпта жасалады. Бұл әдіс бүгінгі таңда көпке танымал. Мұндай жұмыс жүргізу мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты арттырады. Оқушыны жалықтырып алмау үшін білікті педагог әрбір сабағына тиянақты дайындалып, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттыруға тырысады. Бүгінгі білім әрбір білім алушының дербес білім алуына негізделген. Мұғалім оқушының дербес білім алуына жол ашу керек. Оқушының өздігінен білім алуын дамытуда «Керісінше оқыту» әдісінің маңызы зор.

Қ.Сәтпаев «Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін үлкенді кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады» деген болатын. Өзін-өзі үнемі дамытатын әдіскер ғана педагог қызметкерлерді өзін-өзі дамытуға ынталандыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу»
2. Sdo.cpm.edu.kz порталы. Біліктілікті арттыру курстары. «Педагогты әдістемелік қолдау»
3. Академия.кз сайтынан кітаптар бөлімі. «Мұғалім жұмысының сапасын арттыру». Автор: Элизабет Грин.
4. Академия.кз сайтынан кітаптар бөлімі. «Тиімді оқу стратегиялары» Автор: Джеймс Р. Дэви, Аделаида Б. Дэвис

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ РӨЛІ

Туркебаева Жупар Ташкенбаевна
Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
Электронды пошта: Zhupar84844@mail.ru

Әлем күн сайын жаңаруда, күн сайын түрлі жаңалықтар ашылуда, күн сайын жаңа жобалар іске асырылып, күн сайын бұл өмірдің бізге дайындаған сыйы да артуда, сондықтан әр күнге жаңаша көзқараспен қарауға дайын болу керек. Ең үлкен өзгеріс – мектептердің қашықтықтан оқытуға көшуі. Әрине, бұл оқушылар тұрмақ, мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қиындау болғаны рас. Көкейдегі көп сауал уақыт өтумен қатар өз шешімін тауып, қиындықтар еңсерілуде. Себебі, қашан да алға қарай қадам жасау маңызды. Білім беру бұл ел болашағы үшін аса жауапты үрдіс екені мәлім. Сондықтан білім беру саласына қай мемлекетте болмасын үлкен жүк артылады. Ал қазіргі жағдайда сапалы, ең бастысы нәтижелі білім беру үрдісін ұйымдастыру екі есе қиындай түсетіні анық. Осы орайда, педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруда әдістемелік қызметтің рөлі ерекше деп ойлаймын.

Мен Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінде химия-биология пәні бойынша әдіскермін. Аудан мектептері арасында үздік инноваторларды анықтау, олардың жобаларын қолдау және дамуына көмектесу, сондай-ақ, жас педагогтар арасында тәжірибе алмасу алаңын құру мақсатында тынбай еңбек етіп келемін. Жыл сайын Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Инновациялық идеялар мен жобалар» байқауы өткізіледі. Мұндай байқаудың басты талабы – жаңашылдық, бір сөзбен айтқанда педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру. Білім беру жүйесіне инновациялық тәсілдерді енгізу мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамытып, оқушылардың білім сапасын арттыруда жаңа мүмкіндіктерге жетелейтініне жинақтаған тәжірибеде көз жеткіздім. «Инновация» сөзі «жаңашылдық», «жаңалық енгізу», «жаңару» деген мағына

береді. Инновациялық тәсілдер оқушыларға дайын білімді беруді емес, оны іздеуді үйретеді. Білім саласындағы көзделген мақсатқа қол жеткізуде педагогикалық инновацияларды белсенді ендіруге қажеттілік пайда болады. Ал педагогикалық инновациялардың мағынасы мен мақсаты – ол алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім саласындағы жаңа әдістерді дайындау, енгізу, тестілеу және бағалау. Инновацияның негізгі критерийі - оның жаңашылдығы мен өзектілігі. Білім берудегі жаңашылдық мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді.

Білім беру үдерісін ізгілендіру;
- Білім алушылардың танымдық іс-әрекетін оңтайландыру;
- Оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру;
- Әдіс-тәсіл және дидактикалық тұрғыдан оқу материалдарын өзгерту.

Білім беру мекемелерінде аталған мақсаттарға қол жеткізуге жаңа әдіс-тәсілдер көмектеседі.

Заманауи білім беру оқушыға барынша көлемді білім беруді емес, олардың өз бетінше ізденіп білім алуына және тек біліп қана қоймай, алған білімін іске асыра алуын талап етеді. Педагогикалық инновация негізінде екі шешуші тәсіл бар. Тұлғалық - бағыттаушы тәсіл білім беру үдерісінің әрбір оқушыға бағытталуын білдіреді. Заманауи педагогика әрбір оқушының ерекшелігін ескеріп, оның бірегейлігіне назар аударуы қажет. Бұл тәсілді іске асырудағы қағида- таңдау қағидасы. Оқушы өзі қызықтырған бағытты таңдай алады:

-Сенім қағидасы «мұғалімдер тарапынан қысым болмауы»;
-Шығармашылық және табыс қағидасы.

Құзіреттілік тәсілі – оқу жетістігіне басымдылық беру. Бұл жерде оқу жетістігі тек білім алу ғана емес, оқушының алған білімін түрлі жағдайда дұрыс қолдана отырып шешім қабылдай білуге қабілетті болуы көзделген. Осы тұлғалық – бағыттаушы тәсілді өз сабақтарында тиімді қолдану үшін аудандағы жетекші мектептерде химия және биология пәндері бойынша семинар ұйымдастырып, әдістемелік көмек беріп келемін. Сонымен қатар осы тәсілдерді негізге ала отырып, мектептерде білім беру мен бағалау жүйесіндегі әдіс – тәсілдердің ортақ инновациялық - педагогикалық технологиялар жиынтығын жасауды қолға алдым. Заманауи педагогика мынадай инновациялық педагогикалық технологияларды ұсынады:

-Жобалық жұмыстар;
-Ойындық технологиялар;
-Қашықтан білім беру;
-Интерактивті технологиялар;
-Портфолио.

Осы технологиялардың әрқайсысына жеке тоқталсам:
Жобалық жұмыс технологиясы оқушының шығармашылығын шыңдап қана

қоймай, оның ұжымда жұмыс жасай білуін қалыптастырады. Жобамен жұмыс жасау белгілі бір мәселені шешуді және оның жолдарын табуды көздейді, бұл жұмыс жұптық немесе шағын топтық болуы мүмкін. Жетекші мектептерде өткізілген семинарларда химия, биология пәні мұғалімі Р. Сыдықова осы жобалық жұмыс технологиясын өзінің ашық сабақтарында тиімді пайдаланды. Нәтижесінде бұл инновацияда химия және физика, биология және география тағы басқа да пәндер байланысы белсенді қолданылатындығы, оқушыларға жан-жақты ойлауды, сараптама жасай білуді, әлемнің біртұтастығын көруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Келесі ойын технологиясы білім беру үдерісінде сабақтың элементі ретінде қолданылады. Білім алушы түпкі нәтижеден ғана емес, оған қол жеткізу жолдарынан да оң әсер алады. Ойынға қатысушылар алдын-ала дайындалған, ескертілген ойын тәртібіне бағынады. Бұл технология оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады, білім сапасын көтеруге ықпал етеді. Интерактивті технологияда мұғалім мен оқушы орын алмасу арқылы топтық жұмыс жасап, ақпарат ала отырып, жаңа мүмкіндіктермен танысады. Интерактивті технологиялар мектепте семинарлар, пікірталастар өткізу арқылы іске асады, бұл жерде оқушылар өз ойларын дәлелдеп жеткізуге машықтанады. Ал портфолио-білім берудегі жетістіктер динамикасына баға беру технологиясы. Бұл инновация мынадай ақпараттарды жинақтау арқылы жүзеге асады: «Электрондық портфолио», «Жетістіктер қалтасы» және «Өсу күнделігі». Бұл жерде барлық жобалар, жиналған материалдар, түрлі жобаларға қатысқаны туралы мәліметтер және нәтижелер жинақталады.

Қорыта айтқанда, мұғалімдерге әдістемелік көмек беру, түрлі жобалық байқаулар, аудандық, аймақтық семинар-тренингтер ұйымдастыру, коучингтер өткізу оқу-тәрбие үдерісіне жаңа инновациялық тәсілдерді енгізудің тиімді жолы. Сондықтан да педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруда әдістемелік қызметтің рөлі зор деп есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жоғарғы оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. Кенжебеков Б.Т. Қарағанды, 2005 ж.
2. Жеке адамның дамуы, тәрбиесі. Айтмамбетова Б.Р. Бейсенбаева А.А. Алматы: КазПИ, 1991 ж.
3. Білім шыңы-ғылым сыры. Педагогтарға арналған республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2020 жыл.

«ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА АРҚЫЛЫ ҚАШЫҚТАН САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ (LESSON STUDY) ТИІМДІЛІГІ»

Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинетінің химия-биология пәндері бойынша әдіскері

Надирбаева Динара Оразбаевна

dinara.nadirbaeva@mail.ru

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздегі барлық оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсаты алға қойылған. Бұл бағдарламада педагог кәсібінің мәртебесін көтеру және педагогикалық білім беруді жаңғырту, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру олардың кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне басты назар аударылған.

Білікті де білімді маман болу үшін – әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес, кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. (<http://infourok.ru/bilim-berudi-maizin-zhaartu-zhadayinda...i-damitu-866861.html>)

(http://ust.kz/word/bilim_bery_mazmunyn_jangarty_ayasynda...n_damyty-161483.html)

Педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғырлым кең болмақ. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы қашықтан сабақты зерттеудің (Lesson Study) тиімділігі неде? – *біріншіден, мұғалімдердің тұрақты түрде бірлесе жұмыс жасауында.*

Асхат Алимов (http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

Екіншіден, **сабақты зерттеу негізінде мұғалімдердің өз тәжірибесін рефлексиялау.** Бәрімізге белгілі: жаңа білім тек рефлексия арқылы ғана пайда болады. Яғни, сабақтағы оқушыларға ұсынған әрбір тапсырма мен әрбір сабақ оқушылардың өз білгендері мен әрекеттерін талдаумен, өздеріне есеп берумен, өзін-өзі бағалаумен аяқталуы керек. Егерде шәкірттер сабақ барысындағы әрбір әрекетінен кейін «Мен/біз қалай жұмыс жасадым/жасадық?», «Жетістік пен кедергілер қандай болды?», «Олардың себептері қандай?», «Не үйрендік/үйрендім?», «Енді не істеу керек?», «Бұл білімдерді қалай толтыруға, дамытуға болады?» - деген секілді сұрақтарға жауап іздестіргені олардың білімдерін саналы түрде қалыптастыратындығы. Сол себепті де сабақты зерттеу (Lesson Study) мұғалімдердің күнделікті қолданатын әрекеттерінің біріне айналуы тиіс.

Қашықтан оқуда сабақтаты зерттеуді тоқтатпау үшін бұл әдісті жаңа жағдайда қалай жүзеге асырамыз?!

Сабақты зерттеу 5 бірлесуден тұрады:

1. Бірлесе **зерттеу** (яғни, туындаған қиындық не мәселе бойынша әрекеттесу);
2. Бірлесе **жоспарлау** (сабақ жоспарларын құрастыру);
3. Бірлесе **бақылау** (сабақ жоспарын құрастыру)
4. Бірлесе **талқылау, ұжымдық рефлексия жасау** (өздері қатысқан сабақтарда проблеманың қалай шешілгенін талдау)
5. Бірлесе **жақсарту** (қолданған идеяларды, амал мен құралдарды, тәсіл мен әдістерді, сабақ жоспарларын жақсарту)

Қиындықтар мен жетіспеушіліктерге (ресурстар, техникалық мүмкіншілік, елдің енжарлығы т.б.) төзе білу, оларды жеңуге ниеттену.

- **Сылтау айтпау** («бізде анау жоқ, мынау да жоқ!»)
- **Қол жайып, шарасыздық танытпау** («енді қайтеміз, бұны қалай жасаймыз? амалым қанша?»)
- **Ақталмау** («Егерде менде / бізде жылдам интернет, ZOOM мен MS Teams, ар оқушыда ноутбук болғанда ғой – қатырар едік! Ал қазір «Жоқ жомарттың қолын байлайды» демекші, қолымыздан не келеді?- деп»)
- **Мәселенің шешімін өзгелерге ысырмай** («Директор/министр/ президент/ ата-ана қайда қарап жүр? Жасамай ма мына жұмысты!»)
- **Өзімізге жүктеу** «Мен /біз болмасам,- кім жасайды мұның бәрін! дегендей»
- **Мәселені (қиындықты) шешудің, жеңудің жолдары мен құралдарын іздестіру және табу**
- **Жоқтан бар жасау.**

Кез келген нәрсенің (құбылыстың, әрекеттің, жағдай мен оқиғаның, сабақтың, тапсырманың) 3 кезеңі болады емеспе: басы, ортасы, аяғы. Бұл - табиғат заңдылығы.

Сабақты зерттеуді де шартты түрде 3- ке бөлуге болады.

1. Сабаққа дейін;
2. Сабақ кезінде;
3. Сабақтан кейін

Сабақты зерттеуде атқаратын әрекеттерді мына төмендегі кезеңдерге бөлуге болады:

I. Сабаққа дейін

- Зерттеу проблемасы мен оның шешу құралдарын (идеяларын, жолдарын, әдіс-тәсілдерін) айқындау;
- Сабақты бақылау, оқушылардан интервью алу құралдарын таңдау;
- Бірлесе сабақ жоспарлау;

II. Сабақ кезінде

- Оқушылардың қалай үйренетіндігін бақылау;

III. Сабақтан кейін

- Оқушылармен сұхбаттасу, олардан интервью алу;
- Сабақты талқылау, туындаған мәселе шешімін нақтылау;
- Сабақты (ҚМЖ) жақсарту;
- Зерттеу нәтижелерімен бөлісу;

Енді біз қашықтан оқуда осы әрекеттерді қалай жүзеге асыруға болатындығын қарастырып көрейік.

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

1 – қадам. Зерттеу тақырыбын таңдау. Зерттеу тақырыбын таңдауда барлық сабақты зерттеу топтары бір айға ортақ бір тақырып таңдайды. Әрине, ол тақырып (қиындық, жетіспеушілік, олқылық, проблема) дәл осы уақытта ең өзекті мәселе болуы керек. *Lesson Study* топтарының мақсаты: бір айдың ішінде

осы проблеманың барлығын жабылып шешу. Оның шешімін түбегейлі болуы да ықтимал, яғни мұғалімдер мен оқушылар бір айдың ішінде қажетті дағдылар мен құзыреттіліктер қалыптастырып, бұл мәселе мектепте қайтып көтерілмеу қажет. (1 – сыныпты айтпағанда.) Бірінші – *«Бізде бәрі де бар»* жағдайында, екіншісі – *«Бізде ештеңе жоқ»* жағдайында.

Бәрі бар жағдайда Зерттеу тақырыптарының ішінен өздеріне ең өзекті болып көрінген біреуін (немесе мазмұны тұрғысынан бір-біріне ұқсас болып келетін 2-3 тақырыпты) таңдау үшін.

Ештеңе жоқ жағдайда Егерде ауылдық жерде интернет жұмысы баяу немесе тіпті жоқ болса, онда тақырыпты талқылау мен таңдауды ұялы телефондағы WhatsApp қондырғысы арқылы ұйымдастыру әбден ықтимал.

III. Сабақты зерттеуді қашықтан оқу жағдайында ұйымдастыру Синхронды бірлесе талқылау жұмыстары үшін бір уақытты белгілеп, күнделікті кешке сағат 18.00-де жарты сағатқа «эфирге» шығып, туындаған мәселелерді ZOOM – да немесе MS Teams – те WhatsApp – та талқылауға болады. (http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru) (http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

2 – қадам. Зерттеу тақырыбын шешу, сабақты бақылау мен оқушылардан интервью алу құралдарын таңдау. Бұл кезеңде зерттеу тобы әдеттегідей сабаққа дейін бас қосып, зерттеу проблемасын қалай шешетіндігін нақтылап, бұл шешімнің өміршеңдігін сабақта жүзеге асырылуын бақылау мәселелерін анықтайды.

- Қандай идея, құрал, амал, әдіс – тәсілдерді қолданатындығын;
- Кімнің қай оқушыны бақылайтындығын;
- Оқушының қай әрекетін бақылайтындығын;
- Қандай бақылау және интервью алу құралдарын қолданатындығын.

Бәрі бар жағдайда Сабақты зерттеу тобы ZOOM – да немесе MS Teams – те (я болмаса басқа да кез келген онлайн платформада) синхронды түрде зерттеу мәселесін қалай шешетіндігін айқындап алу керек.

Ештеңе жоқ жағдайда Мұндай зерттеуде тақырыбын шешу, сабақты бақылау мен оқушылардан интервью алу құралдарын таңдау жұмысын қайтадан екі жағдайда ұйымдастыруға болады. Ол, *синхронды және асинхронды*.

Синхронды жұмыс WhatsApp – та сабақты зерттеу тобының видео – конференциясы арқылы нақты бір уақытта жүзеге асырылады. Мысалы: кешкі сағат 18.00-18.30 аралығында. Ал, **асинхронды жұмыс** WhatsApp чатында белгілі бір уақыт аралығында өтуі ықтимал. Мысалы: кешкі сағат 18.00-21.00 аралығында.

Бұл талқылаулардың нәтижесі міндетті түрде чатта жариялануы тиіс.

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

3 – қадам. Бірлесе жоспарлау

Карантин кезінде мұғалімдердің бір – бірімен кездесу мүмкіндігі шектеулі. Әрине, бірлесе жоспарлау енді бетпе-бет жұмыс жасаудан виртуалды нысанға ауыстырылған.

Бәрі бар жағдайда Сабақты зерттеу тобы әдеттегідей ZOOM – да немесе MS Teams – те (я болмаса басқа да кез келген онлайн платформада) синхронды түрде бірлесе жоспарлау отырысын өткізеді. **Ештеңе жоқ жағдайда** Ал, егерде бұл платформаларға қол жетпейтін болса, онда бірлесе сабақ жоспарлауды сол баяғы ұялы телефондағы WhatsApp – та ұйымдастыруға болады.

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

4 – қадам. Оқушылардың қалай оқып жатқандығын бақылау Сабақты зерттеудің ең маңызды қадамы осы екендігі мәлім, өйткені мұғалімдер бақылауда оқушылардың қалай оқып – үйренетіндігін анықтап, олардың оқуындағы жетістіктерді қалай дамытатындықтары, ал кемшіліктерді қалайша түзету керектігі туралы ой түзейді. Осы арқылы оқушылардың оқуы мен үйренуін және өзі сабақ беру тәжірибесін жақсартады.

Қашықтан оқу жағдайында оқушыларды қалай бақылауға болады?

Бәрі бар жағдайда Қашықтан оқу жағдайында сабақты зерттеуде оқушылардың оқу әрекеттерін міндетті түрде көзбе көз сабақ бақылау қажет. **Ештеңе жоқ жағдайда** ZOOM жоқ, яғни оқушылардың оқып – үйренуін бақылау мүмкіндігі жоқ делік. Енді не істеу керек? Бұл мәселенің де шешу жолдарын қарастырған дұрыс.

1. Қанша оқушы сабақтағы және үй тапсырмаларын орындаған? Бұл барлық оқушылардың қандай үлесін құрайды? (пайызбен)
2. Оқушылардың тапсырмаларды орындамау себебі қандай болуы мүмкін?
3. Қанша оқушы барлық тапсырмаларды табысты түрде орындаған? Олар барлық оқушылардың қандай үлесін құрайды? (пайызбен)
4. Оқушылар қандай тапсырмаларды табысты түрде орындаған? Олар барлық тапсырмалардың қандай үлесін құрайды? (пайызбен)
5. Тапсырмаларды табысты түрде орындау себептері қандай болуы ықтимал?
6. Оқушылар тапсырмаларды сәтсіз орындаған? Олардың себептері қандай? (Бұл себептері де жоғарыдай келтірсе болады..)
7. Оқушылар тапсырмаларды орындағанда қандай қателер жіберген? Мұнда да мұғалімдер көп себептерін анықтайды деп ойлаймын.
8. Оқушылардың жіберген қателерін түзеп, олардың оқуын жақсарту үшін бүгіннен бастап не жасау керек? Сабақ жоспарына қандай өзгерістер енгізу керек?

- (http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=blog&blog=Alimov_Ashat)

5 – қадам. Оқушылардан интервью алу **Бәрі бар жағдайда** Оқушылармен сұхбаттасу синхронды түрде ZOOM – да немесе MS Teams – те өткізіледі. Сол себепті сұхбаттасуда оқушыларға жалпылама сұрақтар қоймай (Бүгін не білдіңіздер/үйрендіңіздер? Көңіл-күйлеріңіз қандай? Сабақ

ұнады ма? Сабақта не қызық, не қиын, не құнды болды? - деген секілді) мәселені шешуге бағытталған құралдарының тиімділігін айқындайтын нақты сауалдарға жауап беруді ұсынған жөн.

Оқушыларға: № 2 тапсырма сіз үшін қызық болды ма? Солай ма?

- Оның себебі қандай деп ойлайсың?
- Тапсырма шарты мен дескрипторлары сіз үшін қаншалықты пайдалы болды?
- Тапсырманы орындау барысында дескрипторларға толығымен сүйендіңізбе?
- Бұл тапсырманы орындағанда, сізде қандай қиындықтар болды?
- Бұл мәселені қалай шешуге болады?
- Тапсырманы бұданда қызықты етіп жасау үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

Ештеңе жоқ жағдайда жоғарыда көрсетілген жұмыстың барлығы да синхронды не асинхронды түрде WhatsApp –та орындалады.

6 –қадам. Сабақты талдау Бәрі бар жағдайда Сабақты талдау ZOOM – да немесе MS Teams – те белгіленген уақытта өткізіледі.

Содан кейін алдын ала жұмыс ережелерін қабылдау керек (сабақты талдау бірінші ұйымдастырылған жағдайда) мысалы:

1. Әрбір сөйлеу 2 минутта аспауы қажет.
2. Нақты тақырыптан ауытқымау керек.
3. Сөйлеп тұрған әріптестің сөзін бөлуге болмайды.
4. Деректер негізінде сөйлеу керек.

Бұған қоса талқылауды жүргізудің ретінде анықтап алған дұрыс:

1. Алдымен модератор сөйлеп, өзінің байқағандары мен олардың дәлелдерін келтіреді, олардың не білдіретіндігі мен ойларын айтады.
2. Басқа мүғалімдер өз деректері мен ойларын келтіреді.
3. Талқылау: барлық көзқарастар мен пікірлер келтіріліп, талқыланады.
4. Қорытынды: проблема шешу құралдарын жақсарту, ҚМЖ – ға өзертiстер енгізу.
5. Рефлексия: өзін-өзі бағалау, талдау.

Ештеңе жоқ жағдайда Осы жұмыстың синхронды немес асинхронды түрде WhatsApp – та орындалады. Егерде мүмкіндік болса, онда Lesson Study тобының мүшелері бір мезгілде кездесіп, чатта конференция ашып, 1 сағат ішінде өз тәжірибелерін талқылайды.

7 –қадам. Зерттеу нәтижелерімен бөлісу Бәрі бар жағдайда Сабақты зерттеу Lesson Study тобының үйлестірушісі белгіленген уақытта ZOOM – да немесе MS Teams – те барлық топтардың бас қосуын аптасына 1 рет немесе 2 аптада 1 рет ұйымдастырады.

Ештеңе жоқ жағдайда Сабақты талдау жұмысын WhatsApp –та синхронды не асинхронды түрде ұйымдастыруға болады.

Қорытынды

Сонымен қандайда болмасын жаңа, үйреншіктіден өзге, жат нәрселер, қиындық не кедергілер туындаған жағдайда, олардың шешімін іздестіргені дұрыс. Еңбектену, тәжірибе жасау, эксперименттеу арқылы бұл іс – әрекеттерді бірлесе атқарған жөн.

Өз жұмысымызда мына қағидаларды естен шығармау қажет:

1. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі олардың әлеуметтік капиталының деңгейіне (яғни, өзге мұғалімдермен кәсіби байланыстар құру дәрежесінің) тура пропорционалды (*мұғалімнің мұндай байланыстары неғұрлым көп болған сайын оның кәсіби шеберлігі де болады*)

Білім беру жүйесінің негізгі проблемасы синергиялық сипатта (К.С.Ушаков) Синергия (көне грек тіліде «син» - бірге, «эрго» - еңбек, әрекет дегенді білдіреді) – адамдардың бірлесуінен олардың күш –қуат мен энергиясының еселеп өсуі. Синергияның формуласы мынадай деп түсіндіріледі. $1+1=11$ (бірге бірді қосса – екі болмай он бір болады, яғни жай қосынды болмай, бірнеше есе өсе түседі.) Демек, мұғалімдер не жасаса да, тек тірлесе жасауы керек.

2. Мына бір кеңінен таралған қағиданы да ұмытпайық: *«Бақыт деген сүйікті ісіңмен айналысып, сол үшін жалақы алу»*. Сондықтан да Абай атамның *«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға»* дегенді жадымызға құйып, өз кәсібімізді асқан сүйіспеншілікпен, әр жұмыс күнін, сабақта туындайтын әр жағдаят пен проблеманың қызығушылықпен қабылдап, олардың мүмкіндік деп қарастырайық.

Сабақты зерттеуде *Lesson Study* күнделікті жұмыс жасауды қажет етеді. Сабақты зерттеу бір күнге толастамайтын үдеріс, өйткені әр мұғалім зерттеу мәселесін өзінің әрбірсабағында қарастырып, оны шешудің амал-құралдарын тәжірибесінде қолданып жатады. *Lesson Study* тобының ішінде мұғалімдер аптасына бірнеше рет кездесіп, өз сабақтарын бірлесе жоспарлап, бірнеше ашық сабақ өткізіп, үнемі проблема шешу мәселесімен айналысады.

Міне, осындай ізденіс пен зерттеуге, қиын мәселелердің шешімін табуға бағытталған бірлескен әрекеттер, сыйластық, сенім мен өзара көмекке негізделген жағымды қарым-қатынас мұғалімнің қызметін қызықты жасайтындығы хақ.

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)

(http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=blog&blog=Alimov_Ashat)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. (http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Asha...an-oytuda-yymdastyru)
2. (http://cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=blog&blog=Alimov_Ashat)
3. А.Алимов «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ жанындағы Педагогикалық шеберлік орталығында аға менеджері. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түркістан облысы Жетісай ауданы адами дамыту бөлімінің әдіскері
Оспанова Зауре Ауелбековна

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Еліміздегі барлық мектеп оқушылары қашықтықтан білім алуда.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей, жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту заман талабы болып отыр.

Қазір заман ағымына байланысты білім алудың түрлі тәсілдері шығып жатыр. Олардың бәрін бірдей тиімсіз деп жоққа шығаруға болмайды. Соның бірі ретінде осы қашықтықтан білім берудің жүйесін айтуға болады. Бұл өзі акпараттық технологияның дамуымен бірге пайда болып отырған дүние. Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген.

Қашықтықтан оқу – ерекше оқу түрі болып табылады. Себебі қашықтықтан оқу жағдайында мұғалім интернет желісінің көмегіне сүйеніп, акпараттық технологияларды пайдалана отырып, сабақты ұйымдастырады.

Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

Қашықтықтан оқыту дегеніміз – оқу үдерісінің барлық құрылымдық бөліктері (оқу мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқу құралдары) енгізілген және арнайы интернет немесе басқа да интерактивті құралдар арқылы жүзеге асатын мұғалім мен оқушының қашықтықтан қарым-қатынас жасауы арасында акпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі – вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы акпарат алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Қашықтықтан оқытуда жетекші рөлді интернет, ақпараттық технологиялары орын алады. Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін мұғалімге оның негізгі қағидаларын білген жөн.

Қашықтықтан оқу қағидалары:

интерактивтілік қағидасы;

бастапқы білім қағидасы;

дараландыру қағидасы;

сәйкестендіру қағидасы;

оқуды регламенттеу қағидасы;

жаңа ақпараттық технологияларды педагогикалық мақсатты қолдану қағидасы;

оқудың икемділігі және ашықтығын қамтамасыз ету қағидасы.

Бұл қағидаларды басшылыққа алу мұғалімге қашықтықтан оқуды сапалы ұйымдастыруға ықпал етеді.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша мұғалімнің негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Оқушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан оқушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс. Оқытудың жаңа әдістерін пайдаланып, оқушылардың білім мен қабілеттілігін арттыру мұғалімдер алдында тұрған аса жауапты міндеттердің бірі.

Білім беру жүйесіндегі негізгі талап – сабақта білім берудің жаңа технология әдістерін қолдана отырып, халықтық педагогикамен ұштастыру және оқушыларды өздігінен шығармашыл жұмыс істей алатын деңгейге жеткізу. Бұл орайда пән мұғалімдері сабақты өткізудің әдіс-тәсілдерін жаңартып, көрнекі құралдармен, қосымша материалдармен байытып отыруы керек. Бұл әдістер оқушылардың сабаққа ынтасын оятып, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытады, «енжар» оқушыны сөйлетуге болатындығына көз жеткізуге болады.

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда әрбір оқытушы өзінің ізденімпаздық іс-әрекеті арқылы сабақ өткізу формалары мен тәсілдерін күнделікті сабаққа қолданылуына толық мүмкіншілігі бар. Сабақ өткізуде аса көңіл бөлетін мәселелер:

- Сабақтың мазмұны;
- Оны өткізу тәсілдері мен әдістерін таңдау;
- Сабақтың нәтижелігі.

Өз бетімен жұмыстар мақсатына қарай:

1. оқыту;
2. жаттықтыру;

3. бекіту;
4. қайталау;
5. дамыту;
6. шығармашылық, яғни іздену мақсатында;
7. бақылау мақсатында өткізіледі.

Жалпы, сабақ мақсатының орындалуы мұғалімнің талмай ізденуіне, жауапкершілігіне байланысты. Қазіргі білім саласының алдына қойған талаптары - оқушыларға білімді жан-жақты тереңдетіп беру. Мұндай жағдайда мұғалімнің алдындағы үлкен мәселе: оқушыны қалай шаршатпай, енжарлыққа салдырмай терең жан-жақты білім беруге болады? Осы тұрғыдан алып қарағанда, оқу үдерісіне түрлі

тапсырмалар, қызықты мәліметтер және ойын элементтерін қолдану проблеманы шешудің бірден-бір жолы. Оқу үдерісінде әр түрлі белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады.

Ашық және жабық тапсырмалар беруге болады. Тапсырмаларда оқушылар бірнеше сөзді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны немесе формуланы қолдана отырып, сұрақтарға қысқа және нақты жауап беруі қажет.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларды бірнеше кезеңдерден тұратын түрлі сөйлемдерді, түсініктемелерді, сызбаларды немесе дәлелдерді қолдана отырып орындауы қажет.

Оқытудың әдіс – тәсілдері:

Тәсілдері мыналар:

1. Құндылықты – бағдарланған тәсіл
2. Тұлғалық – бағдарланған тәсіл
3. Жүйелік – әрекеттік тәсіл
4. Коммуникативтік тәсіл
5. Интегративтік тәсіл
6. Зерттеу тәсілі.

Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер.

1. «Миға шабуыл» әдісі қандай да болмасын ақпарат туралы білгендерін жазбаша не ауызша ой салу;
2. «Ақылдың алты ойлау қалпағы» әдісі - оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту;
3. «Джигсо» әдісі - берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Қашықтан оқыту кезінде оқушылар арасында көпірше орнату арқылы жүзеге асыруға болады;
4. «Еркін микрофон» әдісі сабақты қортындылауда қолдануға болады.
5. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі мұғалім сабақты қортындылау мақсатында оқушылардың кері байланысын тыңдайды.
6. «Бір ауыз сөз» әдісі сабақтан алған әсерді және қортындылауда қолданылады.
7. «Диалог және қолдау көрсету» саралау тапсырмаларын іріктеуде, оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау

көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуде қолданылады.

8. «Әріптер сөйлейді» әдісі арқылы жаңа сабақтан бір әріп берледі, Сол әріптен басталатын мысалдар келтіру керек.

«К» әрпі

1. Жай зат (күкірт)
 2. Оксиді (Калий оксиді, көміртек (II) оксиді)
 3. Тұз (карбонаттар, калий хлориді)
 4. Бейметалл (көміртек)
 5. Сілтілік металл (калий) т.б
9. «Сықырлы құтылар» әдісі. (Қауіпсіздік техникасы ережелерін табу).
Мысалы: Қышқылға күйгенде қандай әрекет жасау керек? (2% - тік ас содасы ертіндісімен жуып, жылы сумен шаю керек)
10. «Ғажайып ұяшықтар» әдісі. (қалауың бойынша бір ұяшықты таңдап, сәйкесінше ұпай иелене аласың)
11. «Ғажайып сынауықтар» әдісі. (Химиялық айналымдарды жүзеге асыру) әр теңдеуге 10 ұпай толық жауап 40 ұпай
12. «Шабандоздар» жарысы әдісі. (Анаграмма, сөзжұмбақ, тізбек шешу, логикалық тапсырмалар беру, сөзтіркес шешу)

Мысалы: Торкөздегі әріптерден сөздерді дұрыс құрастырып оқысаңыздар, сұйықтарды қыздырған кезде есіңізде болатын қауіпсіздік техникасының бір ережесімен танысасыңыздар.

С	Ұ	Й	Б	И	З	І	Ң	А	Т	Ы	Л	М
Р	А	Ы	О	Р	Ө	Ж	Е	Р	А	П	О	А
Д	Т	Қ	Р	К	Ы	Ә	Н	А	Қ	Ұ	Б	Й
Ы	Қ	Ы	П	А	Н	Ж	Е	Ң	Ы	С	А	Д
Ы	Д	З	Н	А	Қ	О	А	С	Р	Т	Ғ	Ы
Р	Ы	П	Ж	А	Т	Л	Д	Т	А	А	У	

13. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі.

Са, Mg

- Өсімдік, жануар организмдерде, адам организмдерде сүйекте, тіс эмалінде. Қанда 1 кг дейін болады.
- CaCO_3 – жұмыртқа қабығы, жануардың сауыты, бақалшағы тұрады. Адам өзінен әрбір күнін кальций қосылыстарымен бастайды.
- Магний оксиді спортшының алақанына жағылады.

Қашықтықтан сабақ өзінің құрылымындағы (дидактикалық бөлім) күндізгі сабақпен бірдей болатындығын есте сақтау қажет, атап айтқанда:

а) Ұйымдастыру сәті және міндеттер мен мақсаттардың құрылымы - оқушыларға материалды игеру уақыты, сабақ кестесі және т.б. көрсетілген нақты тапсырмалармен анықталады.

ә) Ұй тапсырмасын тексеру - оқушылардың жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жалпы шолу, қиын сәттерді түсіндіру және т.б.

б) Білімнің өзектілігі - жаңа материалды - бейнероликтерді, оқу тапсырмасын оқуға деген ынтасын арттыру үшін түрлі әдістерді қолдану. Егер сіз бұл кезенді

сыныппен бір уақытта жұмыс түрінде өткізгіңіз келсе - бұл маңызды емес, сіз сұрақтардың жауабын талап етпей жай ғана жариялай аласыз, өйткені олар өздері баланы жаңа білім беру тапсырмасына дайындайды.

в) Жаңа білімді игеру - бұл жалпыға қолжетімді ресурстарға орналастырылған білім беру порталдарының немесе мұғалімнің әзірлемелерінің ресурстарын пайдалану. Алайда, материалды оқымас бұрын оқушылар олардан не талап етілетіндігін нақты білуі керек, оған не назар аудару керек, қандай білім және практикалық дағдылар тексерілетінін көрсету қажет; тұтастай алғанда, оқушыларға жаңа материалды өз бетінше зерттеу алдында міндеттер нақты қойылуы керек.

г) Сабақты түсіну мен қорытындылаудың алғашқы сынағы - бұл жаңа материалды зерделеу, білім мазмұнын тапсырмалармен, интерактивті модельдермен және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтармен тікелей байланыстыру кезінде осы кезеңді жүзеге асырудың тамаша мүмкіндігі.

ғ) Сабақты меңгеру, жіберген қателерді талдау және түзету - тесттер, кіріккен интерактивті модельдер және жауаптарды жинау формаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тапсырмаларды уақтылы тексеруді және оқушыларға олардың жетістіктері мен қателіктері туралы көпшілікке немесе жеке ақпарат беруді ұмытпаңыз.

д) Үй тапсырмасы және оны орындауға арналған нұсқаулық.

е) Рефлексия және кері байланыс.

Енді білім беру мазмұны туралы - жаңа материалды зерттеуді ұйымдастыратын материалдар туралы айтатын болсам, өзіңізді оқушының орнына қойыңыз және барлық мұғалімдердің онлайн-тренингке жаппай көшуі жағдайында оған қанша жұмыс түсетінін елестетіп көріңіз. Осыған байланысты сізден жұмыста пайдаланатын материалдардың сапасына сыни тұрғыдан қарауыңызды сұраймын:

1. Ұзақ оқудан (ұзақ мәтіндерден) аулақ болыңыз. Мәтіннен ең маңыздысын қалдырыңыз, егер баланың тақырыбы қызықтыратын болса, қосымша материалдардың болуы туралы ескертулер жасаңыз.

2. Мәтінді құрылымдау, мәтінді бөліктерге бөлу керек. Соңында қысқаша түйіндеме ұсынылады.

3. Тапсырмалар мен оқу блоктары көлемі мен күрделілігіне қарай теңестірілуі қажет.

Оқушыларға үйде ғаламтордың жетіспеушілігі жиі кездеседі. Біздің кәдімгі оқулықты, баспа материалдарын және тапсырмаларды қолдана отырып материалды зерттеу бойынша жұмысты ұйымдастыруларымызға тура келеді. Әр сабақтың алдында балаға осы сақтау құралдарымен жұмыс жасау бойынша нақты нұсқаулар берілуі керек екенін ұмытпаңыз. Сонымен қатар, материалды әзірлеуді бақылауды және сіздің тексеру нәтижелеріңізді оқушыға уақтылы жеткізуді қамтамасыз етудің барлық нұсқаларын ұсыныңыз. Бұл жағдайда мұғалімнен оқушыға және керісінше материалдарды жеткізу жүйесін нақты әзірлеу қажет. Мүмкін бұл сіздің мектептің фойесіндегі кәдімгі қорап немесе пошта жәшігі немесе оқушылармен жеке кеңес болуы мүмкін, бәрі сіздің фантазияңызға, оқушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынастағы шектеулер деңгейіне байланысты болады.

Қашықтықтан оқытуды күрделі процесс деп санамауымыз қажет, қазіргі білім беру ресурстарының болуы материалды зерттеуді ұйымдастыруда және оның дамуын бақылауда мұғалімнің міндеттерін жеңілдетуге арналған. Тек дұрыс материалды таңдап, оқушылармен байланысын жоғалтпау өте маңызды, үнемі сізбен бірге екендігіңізді және сабақ беру сіздің ортақ міндетіңіз екенін айқындап отырыңыз.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
4. Журнал «Химия мектепте» № 1 – 2015 ж
5. Журнал «Химия мектепте» № 1 – 2019 ж

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ӘДІСКЕРЛІК РӨЛІ

Алпысбай Нұрбек Жұмабайұлы
Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
информатика пәні әдіскері

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жана технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі

нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Осындай ұрпақ тәрбиелеуде қазақ тілін оқытудың мақсаты:

- * Қазақ тілінде сөйлей (ойын жеткізе) алатын тұлға – тілдік тұлға;
- * Қазақ тілінде дітін орындата алатын тұлға – коммуникативтік тұлға;
- * Қазақ тілінде ойлайтын, қазақ мәдениетін меңгерген тұлға – тілдік-мәдени тұлға тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Б.Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады.»

К.Құдайбергенова: Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;
- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп тұжырымдайды.

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық,

коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады:

- * түйінді құзыреттер;
- * жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- * қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- * өмірлік дағдылар;

Бұл төрт бағыттың бәрі біздің мектептер үшін өте қажет. Бұлардың әрқайсысын орындау мектеп түлектерінің құзыреттіліктерін, олардың мектеп бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себептесетін болады.

«Құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

А) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.

Ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.

Б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Мына заманда біздің оқушылардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Білім беру жүйесінде оқушының бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: « Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады.» Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады.

Болжау

Ұйымдастыру

Бақылау

Реттеу

Үйлестіру

Сәйкестендіру

Белсенділігін арттыру

Зерттеу

Оқыту формасында оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіктер арқылы іске асыруға болады.

Ақпараттық құзыреттіктер арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап таңдап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттіктер оқушының оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік құзыреттіктер – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жаза, анкета толтыра, арыз жаза, сұрақ қоя, пікір таластыра т.б. білуі тиіс. Бұл құзыреттіктерді оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны және олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Қазіргі кезеңдегі әдебиет пәнінің мұғалімінің міндеті – жас буынды сөз өнеріне баули отыра оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыру. Қазақ әдебиетін оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттіктер тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет. Құзырлылық – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.

Оқушыларды шығармашылыққа бағыттау мынадай мәселелерді қарастыруы тиіс:

- бағдарламалық-мотивациялық;
- ізденушілік-зерттеушілік;
- тәжірибелік;
- рефлексиялық- бағалаушылық;

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады.

Шығармашылықты,

- біріншіден, оқушылар дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады,
- екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады.

Педагогке жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты.

Шығармашылыққа баулу шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байытып, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізбек. Оқушыларды келесі жұмыстар арқылы шығармашылыққа баулуға болады деп есептеймін:

- сюжетті сурет бойынша әңгіме жазу;
- жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- нақыл сөздердің мәнін ашу;
- мақал-мәтелдер негізінде әңгіме жазу;
- жұмбақ, жаңылтпаш, бейнесөз құрастыру;
- өз сыныптастарының (т.б.) портретін суреттеу, мінездеме беру;
- автордың идеясын өз идеясымен өрбітіп жазу;
- өлең құрастыру;
- жансыз нәрселерді жандандырып әңгіме, ертегі жазу;
- еркін тақырыптарға шығарма, ойтолғау, эссе жазу;
- ұжым болып ертегі құрастыру;
- ұлы адамдар өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
- ақын-жазушылар шығармалары бойынша пікір алмасу;
- оқыған кітаптары бойынша ойтолғау жазу;
- қоғамдағы әр түрлі өзгерістерге байланысты пікір айту;
- баспасөз материалдары бойынша пікір айту;
- өлеңді қара сөзге айналдырып мәтін құрау;
- ақпарат құралдарын пайдалана отырып, реферат, баяндама жазу;
- іс қағаздары үлгілерін жаздыру;
- тақырыпқа сай диалог, монолог жаздыру;
- оқиғаға қатысты өз ойларын айту;
- автордың көзқарасы туралы айта білу;
- көркем туындыны талдау, салыстыру, қорыту, шешім көрсету т.б.

Қазір ғалымдардың зерттеулерінде құзырлықты қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асатыны, осыдан келіп оқушының қабілеттілігі дамитыны және күнделікті өмірдегі шынайы проблемаларды – тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына баса назар аударылып отыр.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

«Ұлт данышпандары арқылы ұлы мақсаттарға жетеді» деген сөзбен ойымды аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
3. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005
4. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
5. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл

ROQED SCIENCE БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Тажибаета Мейрам Мутановна
Жетісай қаласы, Б.Момышұлы атындағы №6 мектеп-гимназиясы
биология пәні мұғалімі**

Бәсекеге толы қоғамда мақсатқа жете алатын, алған білімін тәжірибеде тиімді қолдана алатын, қабілетті адам, маман дайындауды негізгі мақсат етіп қоятын қазіргі заманғы сабақ жүйесі өзінің нәтижелілігін күн сайын дәлелдеп келеді. Заманауи оқыту жүйесі оқушының жан-жақты дамуына жол ашады, шығармашылығын дамытады, ұжымдық еңбекке тәрбиелейді, білім беруші мұғалім үнемі ізденісте болады, өзін-өзі дамытады, ал бұл өз кезегінде жалпы педагогиканың дамуына себеп болады. Ал, заманауи оқыту жүйесінде педагог бүгінгі оқушыдан – ертең мықты маман шығуы үшін, теория мен практиканы қатар ұштастыру қажет. Пандемия (COVID-19) жағдайында қашықтықтан оқытуда теория мен практиканы ұштастыру оңайға соқпасы анық, бірақ соның өзінде жас білімді ұрпақты тәрбиелеу мақсатымен заманауи сабақарды ұйымдастыруды қолға алсақ биік белестерді бағындырарымыз анық. Оның ішінде айтарлықтай орны бар пәндер жаратылыстану бағытындағы пәндер болып табылады.

Пандемия (COVID-19) кезеңінде теория мен практиканы ұштастыруға цифрлық зертхана: жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытудың жаңа құралы болып табылады. Қазіргі таңда қолданыстағы цифрлық зертханалардың көптігі бізге айқын, соның ішінде өз тәжірибемде қолданған отандық өнім виртуалды зертхана – Roqed Science бағдарламасының педагогке де, оқушыға да пәндік тиімді тұстары көп.

Виртуалды зертхана – Roqed Science бағдарламасының биология пәні бөлімінде оқшылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда зертханалық жұмыстың маңызы зор.

Зертханалық жұмыс — бұл оқытудың конструктивистік тәсілде оқушыларға бағытталған, стратегиялармен келісілген белсенді оқу қызметі. Ғылым мен білімді дамытудың маңызды бөлігі болып саналады. Ол нақты нысандар мен ұғымдармен эксперимент жүргізетін оқушыларды қамтиды.

Қазіргі таңдағы білім беру реформалары мазмұнында, әдетте оқушыларды жаһандық дәуірде бәсекеге қабілетті білім деңгейін көрсету үшін, тұлға интеллектісін, білімін, мораль мен дағдыларын дамытады деп күтілуде. Сондықтан, білім алушылардың дүниетанымдық іс-әрекетін ғылымиландыру үшін үлкен талап қойылады. Демек, тәжірибелі маман өз кәсібіне жауапкершілікпен қарау керек. Еліміздің ертеңгі жастарын болашақта заманға сай тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті! Білім беру жүйесінде білім, дағды және қарым-қатынас тепе-теңдігі оқушыға бағытталған тапсырманы ұстазбен оқуға деген көзқарасты дамытумен толығымен түседі. Бұл білім беру реформалары оқушыларға бағыт бағдар беру, сұрақ-жауап, тапсырма беру үрдістері арқылы зерттеу сабақтарын жүргізе отырып, өзара байланысты білім

мен түсінік құруға болады деп есептейді. Дегенмен, негізгі/орта білім беру деңгейіндегі оқушыларға біліммен зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыруға аз көңіл бөлінуде [1].

Зерттеу мақсаты: виртуалды зертхана – Roqed Science бағдарламасын дәстүрлі (офлайн) және қашықтан оқу (онлайн) жағдайындағы заманауи сабақты ұйымдастырудың тиімді түрі ретінде ұсыну.

Зерттеудің нысаны – Roqed Science бағдарламасымен негізгі, орта білім беру ұйымдарында биологияны оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні – биология сабақтарында Roqed Science бағдарламасымен виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістері.

Зерттеудің ғылыми болжамы: болашақ білімді ұрпақты даярлаудағы виртуалды зертханалық жұмыстардың маңызы теориялық тұрғыда негізделіп және оның әдістемесі жасалып іске асырылса, онда білім алушылардың оны болашақ кәсіби іс-әрекеттерінде толығымен пайдалануына мүмкіндік туады және зертханалық тәжірибе арқылы өз бетімен жұмыс жасауды меңгереді, өйткені виртуалды зертханалық жұмыстар биологиялық білім берудің құрамдас бір бөлігі болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

- Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстардың маңызын теориялық негіздеу;

- биологияны оқытуда Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың өлшемдерін анықтау;

- биологияны оқытуда Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстардың тиімділігін тәжірибеден өткізу.

Зерттеу әдістері

- биология пәні бойынша білім беру стандарттарына, типтік білім беру бағдарламаларына, оқулықтар мен әдістемелік құралдарға теориялық талдау жасау;

- айқындау және оқыту эксперименттерін жүргізу.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: іс-әрекет тәсілдері теориясы; жеке тұлға теориясы; білім беру мазмұны теориялары; биологиялық білім беру теориялары; биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесінің негізгі қағидалары мен ұстанымдары.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Негізгі, орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Негізгі, орта білім беру жүйесінің типтік білім беру бағдарламалары, оқулық, оқу-әдістемелік кешендер, педагогтардың жетістіктері мен тәжірибелері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- болашақ білімді ұрпақты даярлаудағы Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен пайдалану мәселелерінің теориясы сараланды;

- биологияны оқытуда Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың өлшемдері анықталды;

- биологияны оқытуда Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстарды қолданудың білім сапасына әсер ету мониторингісі жасалды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

- виртуалды зертханалық жұмыстардың маңызын теориялық негіздеумен;
- биологияны оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың өлшемдерін анықтаумен;
- биологияны оқытуда Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстардың білім сапасының артуына әсері анықталады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелері бойынша биологиялық мазмұнда теориялық білімді бекіту тапсырмалары, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауына арналған тест сұрақтары, шығармашылық және зерттеуге арналған виртуалды зертханалық жұмыстар дайындалды. Сондай-ақ биология пәнінен білім сапасының артуы үшін Roqed Science бағдарламасы виртуалды зертханалық жұмыстары қолданылып, оқу үдерісіне енгізілді. Roqed Science бағдарламасын негізгі, орта білім беру ұйымдарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды кәсіби бағытта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болады (1-қосымша).

ROQED SCIENCE ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Roqed Science интерактивті бағдарламасы орта және жоғары мектеп оқушыларына білім беру демонстрацияларын модельдеу және өткізу мүмкіндігін ұсынады. Бағдарламада келесі пәндер бойынша модельдер мен анимациялар бар: Биология, Физика, География және Химия. Сонымен қатар, бағдарлама қосымша білім алуға және ғылымға деген қызығушылықты дамытуға арналған білім беру модельдері мен анимацияларын қамтиды.



Roqed Science бағдарламада бар модельдерді қолдана отырып, жеңіл анимация жасау функциясын қамтиды. Барлық модельдер мен олардың құрамдас бөліктері 3 тілде ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде сипатталған. Сондай-ақ, Roqed Science сәйкестік тапсырмаларын құру, модельді жинау және модельдегі бөлшектерді анықтау бойынша функционалдылықты қамтиды. Оқушылар сабақта дербес компьютер немесе мобильді құрылғы болған жағдайда материалды тереңірек зерттеуге көшуі мүмкін [2].

Виртуалды зертханаларды және Roqed Science-ті қолдану әртүрлі физикалық тәжірибелердің көрнекі виртуалды көрсетілімдерін өткізуге, әртүрлі құрылғылардың, механизмдер мен жабдықтардың жұмысының мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, виртуалды зертханалық жұмыс кейбір тақырыптарды жіберіп алған оқушыларға жұмыс орнында мұғалімнің болуына қарамастан олқылықтарды толтыруға мүмкіндік береді. Оқушылар үйде зертханалық жұмыстарды орындауға бейімделеді.

Зертханалық жұмыстың бұл түрі білім алушыға "өз бетінше оқу үшін» санатына жатқызылған пәндік тақырыптарды, заңдылықтарды, құбылыстар мен объектілерді дербес қарастыруға мүмкіндік береді.

Roqed Science бағдарламасына шолу. Бұл бағдарлама құрылымында 3



негізгі бөлім бар, ол бөлімдер: зерттеулер, анимациялар, презентациялар.

Зерттеулер режимі – бұл режим виртуалды 3D әлемінің құм жәшігі. Мұғалімдер мен оқушылар модельдерді кез-келген тұрғыдан талдай алады, айналдыра алады және зерттей алады. Зерттеу режимі кинестетикалық оқытудың толық сезімін береді.

Анимациялар режимі – бұл режим белгілі бір процестерді, яғни заңдарды, құбылыстарды, жұмыс принципін және т.б. түсіндірудің тамаша құралы болып табылады.

Презентациялар режимі – анимациялық көріністерді шарлау

үшін орталықтағы тақырыпты басу арқылы қажетті бетке өтесіз. Зерттеу нәтижелері бойынша биологиялық мазмұнда теориялық білімді бекіту тапсырмалары, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауына арналған тест сұрақтары, шығармашылық және зерттеуге арналған виртуалды зертханалық жұмыстар осы бөлімде дайындалады [3].

Roqed Science бағдарламасы білім беру сапасын жақсартады:

1) **Оқу материалының сапасы мен нақтылығы** – ФМБС, ҚР, Cambridge A level білім беру стандарттарына сәйкес келеді. Оқу материалы бөлімдер бойынша жіктеумен ұсынылған, маңызды тақырыптарда оқу материалын тереңдетуге көшу бар.

2) **Интерактивтілік** – бұл бағдарламада пән бойынша анимацияны бірнеше рет көруге, іс-әрекеттің немесе процестің механизмін ішкі жағынан зерттеуге немесе белгілі бір бөлшекті байқауға итермелейді.

3) **Дифференциация** – оқушылар оқу материалын тереңірек зерттеуге бағдарлама барысында өз бетінше ауыса алады. Қолданыстағы модельдермен анимация жасау мүмкіндігі оқушылардың шығармашылығын дамытуға және тақырыпты оқуға көбірек қызығушылық танытуға көмектеседі. Қызығушылық танытқан оқушылардың кәсіби бағдарлануына ықпал етеді.

4) **Бағалау** – академиялық үлгерімі төмен оқушылар үшін модель құрастыру тапсырмаларын құру функциясы бар; бөлшектерді олардың атауларымен байланыстыру; бөлшектерді атау бойынша анықтау. Бағалауды қиындату үшін қысқа жауаппен тест және ашық сұрақтар жасау үшін редакторды пайдалануға болады.


5) **Пәнге деген қызығушылықты дамыту** – көрнекі эстетика және модельдер мен анимациялармен өзара әрекеттесу мүмкіндігі жас

технологиялық дамыған ұрпақтың пәнді оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Бағдарламалық жасақтама бағдарламадан тандалған модельді қолдана отырып, өз анимацияларыңызды оңай және тез жасауға мүмкіндік береді. STEM технологияларын қолдану оқушылардың әртүрлі дағдыларын дамытады және оқуға деген ынтасын арттырады.

б) **Білім сапасын жақсарту** – интерактивтілік, Roqed Science бағдарламалық жасақтамасында анимация жасау мүмкіндігі, күрделілікке көшу және егжей-тегжейлі зерттеу мүмкіндігі бар материалдың болуы оқушылардың білім сапасын арттыруға көмектеседі. Жаңа ұрпақ оқушыларды оқыту мен бағалауда жаңа тәсілдерді талап етеді, бұл Roqed Science бағдарламасының мақсаты болып табылады [2].

Білім сапасының артуына Roqed Science бағдарламасының әсер етуін 2019-2020 оқу жылында Нұр-Сұлтан қаласының А.Құнанбаев атынағы №87 мектеп-гимназиясына жүргізілген тәжірибе нәтижесінде анықталды. Тәжірибеге паралель 8 «А,Ә» сыныптары алынды. Биологияны оқыту 8 «А» сыныбында Roqed Science бағдарламасымен, 8 «Ә» сыныбына Roqed Science бағдарламасынсыз жүзеге асырылды. Эксперименттік тәжірибе барысында паралель 8-сыныптардың білім сапасын салыстырған кезде Roqed Science бағдарламасымен биологияны оқыған 8 «А»-сыныбының (73,4%) білім сапасы 8 «Ә» сыныбының (63,1%) білім сапасына қарағанда 10,3%-ға жоғары болды.



1-сурет. 2019-2020 оқу жылында Нұр-Сұлтан қаласының А.Құнанбаев атынағы №87 мектеп-гимназиясының білім сапасының артуына Roqed Science бағдарламасының әсер етуіне жүргізілген тәжірибе нәтижесі

Roqed Science бағдарламасымен оқытуды ұйымдастырудағы ойымды қорытындылай келе мынаған тоқталып өткім келеді – Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек», – деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Ақпараттық

қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы – әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. А.А. Рамазанова, Г.И. Ерназарова, С.К. Турашева, М.А. Каракуш. Биолог студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда зертханалық жұмыстың маңызы. Қарағанды университетінің хабаршысы, 2019ж.
2. М.Г. Кистаубаев, Оқытудың мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған интерактивті қосымшалар. Астана, 2014 ж.
3. М.Г. Кистаубаев, Roqed Science бағдарламасын пайдалану нұсқаулығы. Астана, 2014 ж.

ЗАМАНАУИ САБАҚ: ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

Сексенова Замира Наркомовна

Мақтаарал ауданы, №34 «Бірлік» жалпы орта мектебі», биология пәні мұғалімі

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Тиімді әдіс- тәсілдер- сапалы сабақ кепілі. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.

«Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты.

Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды. Биологияны оқыту үдерісінде әдіс таңдаған кезде оқу материалының

мазмұнын және шешілуге тиісті нақты оқу-тәрбие міндеттерін, биология кабинетінің оқу жабдығымен жабдықталуын, үлестірмелі материалдың болуын, оқушылардың жас ерекшеліктерін, олардың дайындық деңгейін ескеру қажет. Оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Қоғамның талабы – оқушының өз бетімен ізденіп білімін толықтыра алатын, кез келген жағдаяттан шығудың жолын білетін, дербес ойлай алатын, рухани жан дүниесі бай, жан – жақты дамыған шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру. Қоғамның талабына сай білім беру саясаты: приоритеттік (ойлап шығару) бағытта жұмыс істеуді, материалды өз мүмкіндігінен оза оқытуды, материалды ірі блоктармен беруді, оқу әрекетін алгоритмдеуді, деңгейлеп, саралап оқытуды қажет етіп отыр. Демек, ең маңызды мәселе – оқушының жеке басының тұлға ретінде қалыптасуына, өз бетімен алу қабілетінің дамуына жағдай жасау. Осы талапқа сай тәрбиеленген білімді де, білікті жастар ғана еліміздің көсегесін көгертіп, жан – жақты дамытып, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қоса алады. Өйткені кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің деңгейіне байланысты. Білім – қоғамның әлеуметтік және экономикалық жағынан дамуының негізгі қозғаушы күші. Ал білімді де білікті маман – еліміздің ертеңін, жарқын келешегін құрушылар болғандықтан, оқу орындарында заман талабына сай білім беріп, білікті маман тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Мұндай мүмкіндікке жету бүгінгі күннің талабына сай мектеп қалыптастыруды қажет етеді. Ол тек қана білім орталығы емес, білікті, іскер тұлға қалыптастыратын әлеуметтік – мәдени ортаға айналуы тиіс. Ол үшін оқытудың өзін – өзі дамытудың қамтамасыз ететін жаңа моделін жасау қажет. Ондай модель бір – бірімен байланысты био – қоғамдық – техникалық жүйеден тұрады. Оның мақсаты – адамның қажеттілігін қамтамасыз ету, қабілеті мен ойлау мәдениетін дамыту.

Қазіргі кезде біздің елімізде де көп таралып жүрген оқыту формасы – сыныптағы өткізілетін сабақ. Бұл ХҮІІ ғасырдан басталып келеді. Оның алғашқы жобасын сызып берген неміс педагогы И. Штурм болса, әрі қарай теориялық негізге салып қалыптастырып жасаған және іс жүзінде қолдану технологиясын жасаған. Я.А. Коменский. Сыныпта өткізілетін сабақты ұйымдастыру формасының өзіне тән ерекшеліктері бар.

– сыныптағы оқушылардың құрамы тұрақты, жас ерекшеліктері бірдің, бір деңгейлі дайындықтары бар;

– әрбір сынып өзіне арналып дайындалынған оқу жоспарымен жұмыс жасайды.

– Оқу процесі жеке-жеке, бір-бірімен өз-ара байланыста жүретін сабақтардың оқу барысы белгілі ретпен бірінен кейін – бірі ауысып отыратын үрдіс.

Сабақты бастаудағы басты тұлға оқытушы

Оқушылардың танымдылық қызығушылығын арттыру - әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүреді; сондықтан сабақ жүргізудің осындай

формасы ең негізгі деп есептелінеді. Қазіргі мектепте бұдан басқа да көмекші формалары қолданылып келеді, мысалы, сыныптан тыс, сабақтан тыс, үйде орындалатын жұмыстар, консультация, қосымша сабақ, факультативтер, экскурсия, мектеп учаскесіндегі жұмыстар, шеберханадағы, табиғат бұрышындағы жұмыстар т.б. Оқу жүйесін ұйымдастыру формасының ең басты түрі сыныпта өткізілетін жаңа сабақ болып есептелінеді.

Сабақ – оқу процессіндегі белгілі бір уақыт аралығында жүргізілетін жеке элементтерден, кезеңдерден тұратын толық қалыптасып өткізілетін процесс деп айтуға болады. Бұл оқу процессіндегі өте күрделі де, жауапты кезеңдердің бірі. Қысқа түрде жақсы, сапалы сабақ берудің басты талаптары мынаған сай болуы керек:

1. Сабақты, оқу-процесінің негізгі заңдылықтарына сүйене отырып құрастырып ғылымның, педагогикалық практиканың алдыңғы жетістіктерін пайдалана отырып дайындау.

2. Сабақ барысында дидактикалық принциптер мен ережелердің өзара қатынастарын толық пайдалана отырып, іске асыруды қамтамасыз ету.

3. Оқушылардың танымдылық қызығушылық жақтарын - есепке ала отырып, оған қолайлы жағдайлар жасау.

4. Пәнаралық – байланыстардың артықшылығын белгілеу, анықтау арқылы, оқушылардың көзқарасын ұғындыру, жетілдіру.

5. Бұрынғы алған білімдерін, шеберлігіне сүйене отырып оқушылардың деңгейін жоғарлату.

6. Практикалық білім шеберлігін қалыптастыру, ойлау және іс әрекетін орындауға дағдыландыру

7. Әрбір сабақты ұқыпты жоспарлау, болжап, саралап, бақылап отырып дұрыс басқару.

Әрбір сабаққа қойылатын мақсат – білім беру, тәрбиелеу, дамыту. Сабаққа қойылатын жалпы талаптарды есепке ала отырып дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық жақтарын нақтылығын жөн. Сабақ оқыту үрдісінің негізгі формасы ретінде білім беру, тәрбиелеу және дамытушы міндеттерді шешеді. Сабақ – оны құру және өткізу әдістері биологияны оқытудың ең басты проблемасы. Сондықтан сабақта, -негізгі биологиялық және экологиялық білім жүйесі мен біліктілікті игеру қажет. Шамамен біркелкі, сыныптағы оқушылар ұжымымен – биологияның бағдарламасы бойынша, тұрақты сабақ кестесімен және мектеп бөлмесінде ұстаздың оқу-тәрбие шарасын ұйымдастырудағы жұмысы. Биология сабақтары «ашық аспан астында» -мектеп жанындағы оқу-тәрбие алаңында, мектеп айналасында немесе өлкетану және табиғат мұражайларында өтуі де мүмкін.

Әрбір сабақ оқушылардың білімін - біліктілігін игеруін, дүниетанымдары мен ойларының дамуын, тұлғалық сапалары мен сезімдерінің тәрбиеленуі, өзін жеке тұлға ретінде сезінуі және қоршаған шындыққа деген қатынас қалыптастыратын тұтас әрі күрделі жүйе болып табылады.

Биология-әдістемешілер сабақты бірнеше кезеңде бөліп көрсетеді:

- жаңа білімді оқып игеру;
- оларды бекіту мен тексеру;

– үй тапсырмаларын ұйымдастыру.

1. Жаңа материалды оқып үйрену сабағы – барлық дидактикалық қызметтерді сәйкестендірген сабақтың түрі жатады, ондай сабаққа кіріспе; білім мен біліктілікті ескеру; бұрын оқылғанды қайталау; білімді бекіту түрі жатады. Қайсібір қызметінің басым болуына байланысты сабақтың осы бір типіне әртүрлі сабақ түрлері жатады: лекция, зертханалық жұмыс, таным жарық т.б

2. Білімді бекіту сабағы, осы сабақтағы дидактикалық мақсатта – игерілген білімді екінші рет бекіту және оларды қолдана алу біліктілігіне көтеру. Осы типке мынадай сабақ түрлері жатады: зертханалық сабақ, танымжорық, пікірлесу, консультация, семинар сабағы.

3 Талдап қорыту және білімді жүйелеу мен оны қолдану сабағы. Бұл сабақтағы дидактикалық мақсат – тұжырымдап жүйелеу арқылы білімді біртұтас жүйеге айналдыру. Мынадай түрдегі сабақтар осы типке жатады.: семинар, конференция, дөңгелек стөл, пресс-конференция т.б.:

4 Аралас немесе құрастырылған сабақ. Айтып өткен үш типтің ерекшеліктерінің барлығы аралас немесе құрастырылған сабақта кездеседі. Осы сабақтың типі қазір көпшілік мектептерде тек биология сабақтарында ғана емес, басқа да пәндерді кең оқытуға таралған.

Тақырыптық жоспар. Тақырыптық жоспар алдын ала құратын ауқымды жоспар ол бағдарламаға, типтік оқу жоспарына сәйкес құрылады. Жоспарда сабақтардың тақырыптары анықталып, олар белгілі логикалық ретпен бөлініп, олардың добамен өту мерзімі (дата) көрсетіледі. Әрбір сабақта үй жұмысы белгіленеді. Көпшілік жағдайда тақырыптық жоспар сызбанұсқада жасалады.

Оқыту –оқу материалдарының белгілі мазмұнымен жұмыс істеуде оны меңгеру және таным әрекетінің тәсілдерін меңгеру мақсатындағы оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынас үрдісі. Оқыту үрдісін жүзеге асыру үшін, оны ұйымдастыру керек. Оқушылармен белгілі білім жүйесін және біліктілікті игеру үрдісі, оқушыларды тәрбиелеу мен дамыта оқыту үрдісін ұйымдастырудың әртүрлі формаларында жүзеге асырылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жүнісова К. Ботаника сабақтарында жергілікті материалдарды пайдалану: Мұғалімдерге арн. Құрал / Р. Жүнісова , Е. Тірбекова.- Алматы: Мектеп, 1984.- 69 б

2. Зоология: Оқу-әдістемелік кешен / Құраст.: доцент Р.Сәтімбеков, а.е.к. Ғ.Ж. Медеуова, оқытушы Д.С.Батаева.-Алматы: ТОО «Полиграфия-сервис К», 2006.- 110 б, 42 дана

3. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі [Текст]: Оқу құралы / А.Б.Мырзабаев.- Қарағанды: Санат, 2006.- 344 бет.

4. Трайтак Д.И. Биологияға арналған кластан тыс жұмыстарды қалай қызықты өткізуге болады: Мұғалімдерге арналған құрал / Д.И. Трайтак; Орыс тіліндегі 2- бас. Сәйкес бас. Ауд. Ж.Абиев, У.Сайымбулекова.- Алматы: Мектеп, 1984.- 142 бет

5. Қайымов К. Биология және техника / К. Қайымов.- Алматы: Мектеп, 1984.-224 б

6. Ишмухамедова Н.Б. Биология курсының оқытудың жаңа тәсілдері: Оқу құралы / Н.Б. Ишмухамедова; Ауд. С.Ибраим. - Алматы: Ғылым, 2008.- 264 бет.3

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БАҒЫТЫ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ; ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Сахова Б.О

**Мақтаарал ауданы, №28 М.Өтемісұлы атындағы жалпы орта мектебі
биология пәні мұғалімі**

Бұл мақалада білім мазмұнын жаңарту жағдайында дамыған елдердің білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу процесінде ақпараттық инновациялық технологияларды пайдалану болып табылатындығы көрсетілген. Ақпараттық технологияларды қолдану – оқушылардың білім сапасын арттырудың нәтижесін жан-жақты дамытудың басты құралы екені қарастырылған.

Зерттеудің өзектілігі мынада: Қазіргі кезеңде білім және ғылым саласындағы инновациялық педагогикалық технологиялар өзекті болып, педагогикалық технологиялар ұғымы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде кеңінен қолданылатын технологиялардың біріне айналды. Қазіргі қоғамдағы маңызды міндеттердің бірі ақпараттандыруда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласында педагог – біліктілігін арттыру болды. Әрбір мұғалім яғни өзіміз заманауи тәрбие мен таным саласындағы жаңа тенденцияларды игеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды практикада қолдана отырып, білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Қазіргі уақытта оқыту парадигмасы өзгерді. Білім беру мазмұны жаңартылып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мұғалімдердің алдында оқыту әдістерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды игеру, оларды тиімді пайдалану міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-бұл болашақ ұрпақтың заманауи талаптарына сай келетін жаңа бағдарлама.

Қазақстан Республикасында білім берудің 2020-2025 жылдарда дамытудың мемлекеттік бағдарламасында бала кезден бастап, ересек жасқа дейін адамның біліміне жасалған инвестициялар экономика мен қоғам өміріне елеулі өзгерістер енгізетіндігін әлемдік тәжірибеде дәлелдеп берген делінген.

Мектеп бағдарламасындағы негізгі іргелі пәндер жаратылыстану-математика пәндері болып табылады. Оларды халықаралық сарапшылар және беделді ұйымдар (PISA, TIMSS және т.б.) мойындай отырып, бұл пәндер (математика, физика, химия, жаратылыстану) біздің еліміздің стратегиялық саясатын, экономиканы нығайтуды, әл-ауқатты нығайтуды жүзеге асыратын бірден-бір пәндер деп атап көрсетті.

«Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Әдістер белгілі бір негіз

бойынша топтарға бөлінеді. XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Б.Е.Райков, К.П.Ягодовский түсіндіру, тәжірибелік, зерттеу, зертханалық әдістерін жетілдірді.

Қазіргі уақытта адамзат дамуының ерекше артықшылығы-ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың зияткерлік қабілеттерін арттыратын компьютерлік технологиялар мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы. Қытай философының «Маған жәй айтсаң – ұмытамын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал өзімді іс – әрекетке қатыстырсаң үйренемін» деген даналығы білім алушының білімге ықыласын аттыруда ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, өзіндік ізденіс жүргізуді практикада жүзеге асырудың маңызды екендігін көрсетеді.

Дана халқымыз ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп бекер айтпаса керек.

Сіздерге ұсынған жұмысымның мақсаты оқушының жаратылыстану пәндерін ғана емес жалпы пәндерді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету болып табылады. Ақпараттандыруды қолдана отырып, әдіс-тәсілдерді қолдану оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Мұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша өз ойларын жеткізе алатындай, пікір- көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін дамытуға орайластырылып құрылады. Осы технологияны сабақта қолдану барысында мұғалім жекелеген оқушылардың сабақ тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін түсінуге ұмтылу, оқушылардың білім түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұтымды және кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі сынды басымдықтарға ие болады.

Соңғы кезде педагогика ғылымына «инновация» деген термин енді. Ол өткен ғасырдың 50-ші жылдарында АҚШ, Германияда пайда болды. Ғылымда пайда болған жаңалықтарды зерттейтін орталықтар жұмыс істей бастады. Инновация дегеніміз – кезкелген үрдіске, не процеске жаңалық ендіріп мәселені жаңаша шешу. Қазір әлем қарқынды өзгеру үстінде. Ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан кезеңдері. Жас ұрпақ ұялы телефонсыз және интернетсіз сабақ жасай алмайтын дәрежеге жеткен уақыт. Сол себепті біз оқулықты оқушының қолынан көре алмаймыз. Ендігі кезекте оқушыға білім беріп, оны жан-жақты тәрбиелеу мұғалім жұмысының өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан мұғалім уақыт талабына сәйкес өзгеруі керек. Білім беру саласында қол жеткізілген бүкіл әлемдік бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде болуы. Жаһанда болып жатқан өзгерістер мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесіне де әсер етеді.

Өзімнің үздік тәжірибелерімнің негізгілері ретінде инновацияның үш кезеңін бөліп ұсынбақпын:

Бірінші кезеңде инновация туралы ақпарат жинаймын, инновацияның қажеттілігін дәлелдеймін, содан кейін әр түрлі инновациялардан қажетті жаңалықты таңдап, оны қолдану туралы шешім қабылдаймын.

Осылай инновациялық қызметтің екінші кезеңіне өте отырып, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеймін, іске асыру жоспарын жасаймын және жаңалықты пайдаланамын. Бұл кезеңде мен жаңалықтарды енгізуге кедергі келтіретін факторларды ескере отырып, оқу–тәрбие процесіне өзгерістер енгізуіме болады, жаңашылдық мерзімдерімен байланысты жұмыстарды жүргіземін.

Инновацияны енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық қызмет үшінші кезеңіне өтемін. Бұл кезеңде ұйымдастырылған оқу – тәрбие жұмысының нәтижелерін арттыруға инновацияның әсерін анықтаймын, оқу – тәрбие жұмысына жаңашылдықты тиімді енгізу шарттарын белгілей келе және оны таратуды ұсынамын. Оқытудың инновациялық жүйесі, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білуіміз қалыптасуы тиіс. Мектеп оқушыларына инновациялық ақпараттық қарым-қатынас технологиясының құралдарын қолданудың мақсаты-оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Яғни, оқушының танымдық қызығушылығының болуы оларға білім беру іс-әрекетінде белсенді, білімінде сапалы болуға, жағымды мінез-құлықты қалыптастыруға мүмкіндік береді деген пікірдемін.

Оқушыларға терең білім беру үшін мұғалім әдістердің тақырыпқа сай, оқу материалын тиімді меңгертуге ықпал тигізетіндей түрін таңдау керек және осы әдісті қолдану жолын өзі жақсы білуі керек. Сондай әдістердің бірі: интербелсенді әдістің тиімділігі. «Оқу-адамды білімді болуға, әңгімелесу тапқырлыққа, естігенді жазып отыру-дәлелдікке тәрбиелейді», -деген екен Ф.Бэкон. Оқу материалын оқып үйрену кезінде оқушылардың таным белсенділігі жоғары болатын сабақ қана білімнің сапалы көрсеткішін береді. Ол үшін осы аталған әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді пайдалануы мұғалім шеберлігіне байланысты.

Интербелсенді әдіске тоқталатын болсақ, ол оқушы белсенділігінің әсерін арттыру үшін қолданылатын әдіс. Интербелсенді оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқаруда оқушылардан модельдеуді және қатысушының дағдысын дамыту, яғни бүгінгі демократиялық қоғамға қажетті болуын талап етеді. «Интерактивтік» деген сөз энциклопедияда көрсетілген, интеракция деген ұғымнан шығады. Ал интеракция жеке индивидтің, жұптың, топтың өзара біріккен әрекетке бір-біріне алма-кезек әсер етуі. Интеракция әрекет барысында, әсіресе диалог сөзге үйретуде субъектілердің белсенділігін, оларды шығармашылық ниетін және бірігіп әрекет етуге ұмтылуын қамтамасыз етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру шеңберінде мұғалімдер жаратылыстану пәндерін оқытуда интербелсенді оқытуды келесі жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асыра алады:

- Бірлескен жұмыстар формасы (жұптық, топтық, барлық сыныппен);
- Жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- Белсенді стратегиялар, әдіс – тәсілдер;
- Оқу, рөлдік және іскерлік ойындар;
- Пікірталастар;
- Ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, интернет, құжаттар, мұражай т.б.);

- Шығармашылық жұмыстар;
- Жағдаяттар арқылы үйрену, нақты ситуациялар, кейс – стади;
- Презентациялар;
- Компьютерлік оқыту бағдарламалары;
- Виртуалдық зертханалар;
- Тренингтер және т.б.

Мен өзімнің 30 жылға жуық еңбек өтілімнен алған тәжірибем бойынша айтар болсам, ақпараттық технологияларды қолдану - оқушылардың танымын жан-жақты дамытудың басты құралы екені маған таныс. Мультимедиялық оқулықтарды тиімді қолданып, білім беру қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруға болады. Мұндай оқулықтарды пайдалану, ең алдымен, оқушылардың оқу қызметіне деген қызығушылығын, білімі мен белсенділігін арттырар еді. Мультимедиялық оқулықтар – оқушылар үшін таптырмас құрал. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен жұмыс істеуге ықпал етеді. Электрондық оқытуда мультимедияны қолдану оқушылардың ақпарат беру және түсіну жылдамдығын арттырып қана қоймай, интуицияны, елестететін ойлауды және басқа да маңызды қасиеттерді дамытады. Интерактивті тақтаны оқушыларға қолданудың көптеген әдістері бар. Бұл презентациялар, интерактивті оқулықтар, графикалық дизайн, бағдарламалық жасақтама орталықтарындағы жобалар. Сонымен, интерактивті оқыту технологиясының басты ерекшелігі – оқушы білім беру процесінің пассивті тыңдаушысы емес, қажетті материалмен тікелей жұмыс жасайтын белсенді қатысушы. Бұл заманауи білім берудің жаңа технологияларының арқасында мүмкін болды. Оқушыларға инновациялық ақпараттық қарым-қатынас технологиясы құралдарын қолданудың мақсаты-оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Яғни, оқушының танымдық қызығушылығының болуы оларға білім беру іс-әрекетінде белсенді, білімінде сапалы болуға, жағымды мінез-құлықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сабақтың сапасы — мектептің маңызды міндеттерінің бірі. Көпшілік биолог-мұғалімдер оқушылардың өздері оқу сабағының сапасына еш қатысы жоқ деген нық сенімде: «Көбірек қаталдық және тәртіп, көбірек сабақтағы жұмыс, сонда біз жоғарғы сапаны қамтамасыз етеміз». Жоқ, олай болмайды. Бүгінгі білімнің сипаты өзгерген. Қазіргі жылдам, жанталасқан үрдістер, құндылықтардың бағалануы білімді бүкіл өмір бойына түгел алып шығуға мүмкіндік бермейді. Бұл, ендеше, биологияны оқыту үрдісін өзгертуді талап етеді, ол дегеніміз — басты міндет болып білімді игеру әдістемесі түр деген сөз.

Қорытындылай келе, мұғалім ең алдымен инновация туралы түсінікке ие болуы керек деп келесідегідей ойымды тұжырымдаймын. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбие жұмысына жаңашылдықты енгізу, яғни жаңа әдістер, құралдар, жаңа тұжырымдар жасау және оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал және процесс ретінде кез-келген жаңалық енгізу жұмыстарын қамтиды. Инновацияға деген қажеттілік белгілі бір мәселені шешу жолында туындайды. Кез келген педагогикалық ұжым, кез

келген педагог инновациялық қызметті ұйымдастыруға құқылы. Бірақ инновацияны дайындау және ұйымдастыру процесінде ол белгілі бір тапсырманы өз мойнына алуы керек, өйткені кез-келген педагогикалық бастаманың объектісі оқушы екенін ұмытпауымыз керек. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Білім» бағдарламасы – Астана: 2010
2. Ғаламдық білім беру – А: 2005
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы 2013.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Назарбаева Динара

**Бәйдібек ауданы, Борлысай жалпы орта мектебі, биология пәні
мұғалімі**

Елімізде 2020 жылдың 14 наурызында төтенше жағдай енгізілуіне байланысты мектептер түгел қашықтан оқытуға көшті. Бұл жағдай әрине ұстаздарға қиындық келтірді, өйткені онлайнға сабаққа дайын емес еді Бірқатар артықшылықтары да барлығын жаңа тәсілге көшкен кезден бері өткен уақыт көрсетіп отыр. Мен биология пәнінің мұғалімімін. Сабақтарымда түрлі білім платформаларымен дайындап пайдалануға тырыстым. Ал қашықтан оқуға көшкеннен кейін сабақтарымды PowerPoint бағдарламасы арқылы слайдсабақтар түрінде ұйымдастырып жүрмін. Оның артықшылығы сол – тақырыпты ашатын түрлі суреттер мен кескіндемелерді, жазбаларды пайдаландым. Соның ішінде WhatsApp желісі тиімді болды.

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен

қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім беру сапалы білім беру қызметін алуда білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуді, олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз етуді мақсат етеді. [1]

Биология пәнін қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері:

➤ Биология пәнін қашықтықтан оқыту оқушылардың ғаламторды ұшқыр пайланануға үйретумен қатар ата-анасымен балаларының байланысын күшейтті. Дегенмен, бұл жүйенің де кемшіліктері жоқ емес. Еліміздің кей аймақтарында интернет желісінің болмауына байланысты білім алушы оқушылар мен ұстаздардың байланысқа шыға алмағандықтан қауіпке қарамай ауылдан қала асып келді. Оқушылардың басым көпшілігінде ноутбук пен сапалы смартфон кездеспейді. Сонымен қатар, бұл оқушылар білім жүйесіне арналған интернет платформасымен жұмыс жасай алмайды.

➤ Болашаққа бет алған білім алушылардың бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтары мен түрлі қабілеттерінің қалыптасуы қоршаған ортасымен тікелей қарым-қатынас нәтижесінде жүзеге асады. Қашықтықтан білім беру оқушылардың топпен жұмыс жасауына, қоғаммен араласуына кедергі келтіруде. Қарым-қатынастың негізгі құралы-сөйлеу. Адам сөйлеу арқылы ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқаларға ұқтыра алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алуға тырысады. Тек өзі жұмыс істеген білім алушы өз ойын өзгеге білдіруге қиналып, тұйықталып қалады.

➤ Айтылатын ойды ауызша жеткізу әсері болғанымен, қысқа мағынада қалып қояды. Сондықтан , оқушылардың білімін дамытуда бағыт бағдар бере отырып, олардың ойлау тіліне қарай дамытуға тікелей ықпал ететін әдіс-тәсілдерді жан- жақты ойластыру қажет. Оқушылардың дұрыс сөйлеуін қалыптастыру ұстаздың үлкен жауапкершілік пен шығармашылық ізденісті талап етеді.

➤ Сондай- ақ оқушының ата-анасы, отбасы мүшелері қолдау көрсетіп отырмаса үйде отырып онлайн білім алу өте қиын(мәселен тар бөлмеде,шулы отбасы т.б).

Биология пәнін қашықтықтан білім берудің кемшіліктері:

Орындалатын зертханалық жұмыстар арнайы құралдардың болмауына байланысты орындалмауы;

Кейбір оқушылардың қалаулары бойынша тапсырманы орындауы. Бұл оқушылардың жауапсыздығына алып келеді. Әр оқушы өз бетінше орындайтын болғандықтан тапсырманы бірінен-бірі көшіріп жазу орын алады. Кей бірінің ата анасы орындайтын жағдайларда кездесті.

Ал жалпылама қашықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері мынадай:

Артықшылығы:

✚ 1. Кез-келген уақытта білім алу мүмкіндігі. Қашықтан оқытылатын оқушы, материалды меңгеруге қашан және қай уақытта кірісетінін өздігінше шеше алады.

✚ 2. Өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі, кей оқушы сыныпта көпшіліктің көзінше ұялады

✚ Оқушы әрқашан күрделі мәселелерді зерттеуге қайта орала алады, бірнеше рет видео сабақтарды көре алады, ұстазбен ватсап желісі арқылы хат алмасып және оны қайта оқи алады

✚ 3. Кез-келген жерде білім алу мүмкіндігі

✚ Оқушылар үйден шықпай-ақ, әлемнің кез-келген жерінде оқи алады.

✚ 4. Негізгі жұмысыңызға кедергісіз оқу

✚ 5. Мұғалімдермен, репетиторлармен байланыс әр түрлі жолдармен жүзеге асырылады: on-line және off-line. Электрондық пошта арқылы ұстазбен кеңесу кейде жеке немесе сырттай кездесуден гөрі тиімді және жылдамырақ болады.

✚ 6 Қашықтан оқыту арзан. Оқушы жол жүру, түскі ас ақысын төлеудің қажеті жоқ.

✚ 7. Бастысы қолдау көрсететін адамдары қасында

Биология пәнінде қашықтықтан оқытудағы өз тәжірибем

➤ Қашықтан оқуға байланысты өткізген бір слайд сабағымды талдап кетсем, артық болмас.

➤ Сабақтың мазмұнын аша түсу үшін Митоздың биологиялық маңызы – хромосома санының екі еселенуі және олардың жас еншелес жасушаларға тең бөлінетіндігін атап көрсеттім. Жалпы, Митоз процесінде бір жасуша жаңа екі жасушаға бөлінуге даярлана бастаған шақта хромосомаларда таңқаларлық өзгерістер байқалады. Әр хромосома ұзын бойына екіге бөлінеді және екі бөліктің де теңбе-тең генетикалық материал алады, яғни, хромосома жиынтығы тең болады.

➤ Оқушыларға организмдегі көбею түрлері жөнінде түсінік бере отырып, жыныссыз жолмен көбею жолына терең тоқталу және қолдан вегетативті жолмен көбейту әдісінің қажеттілігін ұғындыруға басымдық берілді. Қорыта айтақанда, Митоз – жаңа ұрпақ жасушалары арасында генетикалық материалдар тең мөлшерде бөлінетін жасушаның бөліну әдісі.

➤ Мейоз – хромосомалар жиынтығының екі есе азаюымен аяқталатын жасушаның бөліну процесі. Мейоз нәтижесінде гаплоидты хромосомалар жиынтығы бар төрт жасуша пайда болады. Мейоз процесі үздіксіз жүретін екі кезеңнен тұратыны айшықты слайда арқылы егжей-тегжейлі түсіндірілді. Бұлардың редукциялы бөлінуі де төрт фазадан тұрады. Оқушыларға бұлардың көбею сатыларын, ерекшеліктерін және маңыздылығын таныстыру, балалардың түсінігін кеңейту ұстаз ретіндегі басты ұстанымым саналады. Слайдсабақта біршама күрделі осы тақырыпты жан-жақты ашып түсіндіру үшін кескіндемелер мен жазбаларды қолдандым.

Zoom конференциясы мен чат

Бұл платформа сандық білім беру жүйесіне негізделген, қашықтықтан оқытудағы нақты уақыттағы хабарламалармен және мазмұнмен алмасу арқылы қолданылатын бейнеконференциялар. Қашықтықтан оқыту жүйесіне өте қажет

бағдарлама, бұл конференцияға ұстаз бен барлық оқушылар бір мезетте кіріп, бір-бірімен бейне байланыс жасай алады. Пікір алмасып, өткен сабақты талдап, ұстаз тікелей эфирде оқушыларымен байланысады. Бұл конференцияны химия, биология пәндері бойынша жаңа тақырыпты өткенде өте тиімді деп айта аламын, себебі барлық оқушылар бір мезетте кіріп, пікір алмасып, өткен тақырып бойынша өз ойларын ортаға сала алады.

Биология пәні ауызша сөйлеуді көп қажет ететін пән болғандықтан да осы платформа тиімдірек болды, дегенмен ауылдық жерде тұрғандықтан интернет желісі нашар болғандықтан, көп балалы отбасыларда барлығы бір телефонмен оқитын болғандықтан көп қиындықтар туындады. Сондықтан да өзімнің онлайн сабақ кезде көбіне қолданғаным осы WhatsApp группасында болды. Оның тиімділігі ата-аналар мен мектеп басшылары сабақты қандай деңгейде өтілгендігін бақылып отыры алады. Бұл дегеніміз оқушы мен пән мұғалімдерінің жұмысының жауапкершілігі арта түседі деген сөз

✚ Қорытынды. Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін әр педагог өз пікірін жүйелі түрде жеткізе білетін, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интернет жүйесін пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген оқытушы болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – оқытушылар. Осы үрдіспен мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты оқытушылар қауымына зор міндеттер жүктейді. [4]

✚ Қазіргі таңда біліктілік арттыру курстары түгелімен онлайн режимде өткізіліп жатыр. Жалпы, бүгінгі күні қолда бар қашықтықтан онлайн-оқыту жүйелері ұстаздар мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнықтыруға мүмкіндік береді, әрі нақты сабақ беру үрдісін қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытудағы сандық білім беру тікелей ұстаздың сабақ беру шеберлігін, тәжірибелілігін арттырып қана қоймай, ғаламтор жүйесіндегі білім беру ресурстарымен сауатты сабақ өткізуге дағдыландырды. Жалпы бұл қашықтықтан оқыту үдерісі білім алуға қатты қиыншылық әкеледі деп айта алмаймын, себебі жауапкершілігі бар ұстаз қайда қандай кезеңде болсада жол табады, ал жауапкершілігі бар бала қандай кезеңдеде білім алады. Тек төзімділік керек.

✚ Сөз соңында айтарым, қашықтықтан оқыту арқылы бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпағымыздың денсаулығын сақтап қана қоймай, осы карантиннің созылып кетпеуіне, студенттеріміздің сапалы білім алуына зор үлесін қосып жатқан еліміздің барлық ұстаздарына алғысымды білдіремін!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 1997

2. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях Республики Казахстан в 2015 -2016 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 232 с.

3. Ахметова Г.К., Семченко А.А., Мухамбетжанова С.Т. и др. Методика внедрения системы электронного обучения в организациях образования. Методическое пособие, Алматы: РИПК СО, 2012. -76 с.

4. О педагогической архитектуре системы управления обучением (LMS). – Алматы: АО «Национальный центр информатизации», . 2011. - 22 с.

5. Қашықтықтан білім беру ресурстары, ғаламтор материалдары

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ

Әбілда Шамшат Жұмәліқызы

**Созақ ауданы, С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің
биология пәні мұғалімі**

Бағалау дегеніміз – оқу нәтижелері туралы дәлелдерді жинау үдерісі, содан кейін дәлелдердің негізінде жұмысты бағалау үшін белгіленген критерийлерді пайдалану мен орындалған жұмыс туралы қорытынды шығару. Баға оқушыға білімдік стандарттарды меңгергені үшін қойылады. Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі – баланы өзіне баға беруге дағдыландыру үшін оған бағалау өлшемдерін түсіндіру. Баға қою білім мен шеберлікті талып етеді. Баға бала өміріндегі маңызды оқиға. Баға арқылы бала өзі туралы ойын реттеп, сыныптағы беделін нығайтады. Сондықтан мұғалім баға қоюға өте мұқият болу керек [1].

Жаңартылған мазмұн бағдарламасының бір бағаты «Критериалды бағалау» жүйесі. «Критериалды бағалау» терминін алғаш рет ғылымда Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау дегеніміз – білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен белгіленген критерийлер негізінде сәйкестендіру үдерісі. Білім алушылардың жұмыстары нақты бағаланады. Критериалды бағалауда білім алушылардың орындалған жұмыстарының дұрыстығы үлгімен салыстырылады, бағаларды қою толық алгоритмі білім алушыларға айтылып, сондай-ақ, ол өзінің атқарған жұмыстар деңгейін анықтайды да ата-анасына жеткізе алады, білім алушының тек, нені оқытты, сол арқылы бағалау критерийлерін оқу мақсаттарының нақты айтылуын алдыға қоя отырып бағалайды [2].

Критериалды бағалау білім алушыларға оқудың әр алуан түрлерін, өз түсінігін білдіру үшін икемділік пен саналы қызмет түрлерін қолдану және нәтижені бағдарлау үшін өлшемді бағалауды түсіну және білу, өз қызметінің жетістігін зердесіне жеткізуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау мұғалімдерге белгі (критерий) дайындау, алынған сапалы нәтижелерге жағдай жасау, өз қызметін жоспарлау және талдау үшін тез алынған ақпарат болу, сабақ берудің сапасын жақсарту, әрбір оқушының оның жеке ерекшеліктерін есептегенде жеке оқыту траекториясын салып біту, бағалау құралдарын және әртүрлі әдістер пайдалану, оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныс беру, өз құрдастары және өзін бағалау, рефлексиясына қатысу, нақты міндеттерді шешу үшін білімін пайдалану, әртүрлі көзқарас білдіру, сыни ойлау сияқты мүмкіндіктерге жол ашады.

Бағалауға мүдделі тараптарға оқушылар, ата-аналар, мектептер, мектеп әкімшілігі, жұмыс берушілер, шешім қабылдаушы мемлекеттік органдар, қоғам, білім беру және оқушылар жайлы қоғамдық пікірлері жатады.

Критериалды бағалау оқушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және де бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі. Критериалды бағалау жүйесі оқушыларға жүйелі кері байланыс беру, келешекте оқушының мақсатты оқуы үшін ынталандыру, өзін-өзі бағалау дағдысын қалыптастыру, оқуды дер кезінде түзету, баға, қателіктер алдындағы қорқыныш пен мазасыздықты төмендетуге мүмкіндік береді [3].



Сурет 1. Критериалды бағалау жүйесінің құрылымы

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты – бағалау критерийлерінің негізінде оқушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Бағалау нәтижелері оқу мен оқытуды түзету, оқушыларды ынталандыру, есеп беруді

дайындау, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын жетілдіру үшін қолданылады.

Критериалды бағалаудың негізгі қағидаттары:

- Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты;

- Шынайылық, анықтық және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады;


- Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады;

- Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады;

- Дамуға бағыттау. Бағалау білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады [4].

Қалыптастырушы бағалау немесе формативті бағалау-оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі болып табылады. Оқушылардың ағымдағы үлгерімі туралы кері байланысты көрсету мақсатында, оқушылардың үлгерімін жақсарту мақсатында ата-аналарға және оқушыларға арналған бағалау түрі. Қалыптастырушы бағалау 4 формада, яғни жеке, жұппен, топпен және ауысатын топтар құрамында өткізіледі.

Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан/ триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі), сондай-ақ оқу бағдарламаларындағы бөлімдер/ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде балл және баға қою арқылы жүргізілетін бағалау түрі.



Сурет 2. Жиынтық бағалау жүйесі

Жиынтық бағалау үдерісінің жоспарлануы, оқу бағдарламасы, оқу жоспары, оқу жылы бойынша бағалау жоспары болып табылады.

Жиынтық бағалау үдерісінің ұйымдастыруы негізгі, жалпы орта негізгі мектептердің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық, жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар арқылы ұйымдастырылады, бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар дайындалады, бөлім/ортақ тақырып және тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар үшін дескрипторлар мен ұпайлар (балл) анықталады.



Сурет 3. Тапсырма құрастыру алгоритмі

Тоқсандық жиынтық бағалау – тоқсан аяғында өткізіліп, балл және баға қою арқылы оқушының білімі, дағдысы, түсінуі туралы дәлелдемелерін көрсетеді. Тоқсандық жиынтық жұмысты құрастыруда оның білу мен түсінуді, қолдану дағдыларымен ғана шектелмей, оқушының жоғарғы деңгейдегі ойлау қабілетін: анализ, синтез және баға беруін анықтауға мүмкіндік беретін тапсырмаларды қамтуы маңызды екендігін ескерген жөн [5].

Кесте 1. Қалыптастырушы /жиынтық бағалау ерекшеліктері:

	Қалыптастырушы бағалау	Жиынтық бағалау
Жоспарлау	<ul style="list-style-type: none"> - оқу мақсаттарын талдау; - оқу жоспары бойынша бағалау критерийлерін анықтау; - бағалау тәсілдерін немесе бағалау құралдарын анықтау; - оқыту әдістерін жоспарлау; - сабақ жоспарын құру. 	<ul style="list-style-type: none"> - оқу жылы бойынша бақылау кезеңдері, әдістері мен жиынтық бағалаудың барлық түрі бойынша бақылау тапсырмалары көрсетілген жиынтық бағалау жоспарын құру; - пән және сынып бойынша оқу бағдарламасына сәйкес өткізілетін жиынтық бағалау санын анықтау.
Ұйымдас-тыру	<ul style="list-style-type: none"> - бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмалар дайындау; - тапсырмаларға дескрипторлар анықтау; - кері байланыс түрлерін анықтау. 	<ul style="list-style-type: none"> - бағалау критерийлеріне сәйкес бағалау тапсырмаларын дайындау; - бөлім\ортақ тақырып, тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларға дескрипторлар құрастыру; - балл санын белгілеу.
Өткізу	<ul style="list-style-type: none"> оқу үрдісін түзету үшін ақпараттар жинау; 	<ul style="list-style-type: none"> - бөлім\ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (мұғалім)

	- оқушылар және ата-аналарға кері байланыс беру.	- тоқсанлық жиынтық бағалау өткізу (мұғалім) - білім деңгейін жиынтық бағалау
--	--	--

Елбасымыз өзінің кезекті Жолдауында «Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кіру – білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз» - деп атап көрсеткендей, қай заманда болмасын білім беру үрдісі, ең алдымен, мұғалімнің қызмеріне, ұйымдастырушылық шеберлігіне және ізденісіне байланысты екендігі баршамызға мәлім.

Олай болса, бүгінгі ұрпақтың бойына білім қазынасының бар асылын дамытып, терең білімді зерттеп, тілін дамытып, тарихын танытып, адамгершілік сәулесін себетін, ол тағы да ұстаз екені сөзсіз. Ал осындай ізгі мақсатқа жету үшін ұстаз қауымы үздіксіз ізденіп, өз ісіне шығармашылықпен қарап, қоғам талабынан қалмай жұмыс жүргізуін талап етеді. Бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Ол үшін, әрине мұғалімнің сабақ берудегі шеберлігі аса қажет. Себебі, сабақты жаңашыл үрдіспен өткізіп, оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып, өздігінен ойлана алатын, ізденгіш, шығармашылықпен жұмыс істейтін оқушы ғана бүгінгі қоғам талабына жауап беретін тұлға болып қалыптасатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», - деп Ж.Аймауытов сабақ беруді өнер деп бағалауы тегін емес. Оқыту-арнайы танымдық іс-әрекет. Ол – негізгі ойдың, ақылдың жұмысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология . Тараз: ТарМу, 2003.
- 2.Жаңартылған білім беру бағдарламасы, 2016 -4б.
- 3.Қаңтарбаев Г . Кембридждік тәсілдің тиімділігі /2014-126 б.
- 4.Электрондық сілтеме: www.bilimainasy.kz
- 5.Торманов Н., Абылайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістері. Оқу құралы. –Алматы: 2013-206 б

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мухамедяров Алимхан Хасанугли

Сарыағаш ауданы, №64 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулықсақтау ұйымы

жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – коронавирустық инфекция) таралуының алдыналу үшін қашықтықтан оқытуға көштік. [1].

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту; [2].

Білім алушылардың қызығушылығын арттыруда қолданылатын тәсілдер: Синхронды оқыту (Вебинарлар өткізу, ZOOM т.б платформалар) Мұғалім мен білім алушының нақты уақыт тәртібіндегі өзара әрекеттестігі арқылы оқыту (Zoom, Teams, Google Meet) Асинхронды оқыту (Топ, форум (VK, Facebook, WhatsApp, Telegram, Bitrix және т.б) Мұғалім мен білім алушылардың арасындағы байланысу ақыты жағынан сәйкес келмеуінің салдарынан кешіктіріліп жүзеге асырылуы мүмкін оқыту нысаны (Google classroom, online оқулықтар)

Елімізде төтенше жағдай енгізілгеннен бастап білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беру бірнеше әдіспен жүзеге асырылуда. Бірінші әдіс «Еларна», «Балапан» арналары арқылы қашықтықтан білім беру; Екінші әдіс «daryn.online», «bilim-land.kz», «i-mekter» т.б платформалары арқылы білім алу; Үшінші әдіс әлеуметтік желілер арқылы эроқушы пән мұғалімдерімен байланысу арқылы қалыптастырушы бағалау мен бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық тапсырмасын орындау арқылы білім алу;

Биология сабағын өтуде электрондық білім беру платформаларының ерекшеліктерін саралай келесі бақ өту барысында тиімді қолдануға болатын сервис түрлері:

1. ZOOM-Бейне конференциялар мен вебинарлар өткізуге арналған сервис. Биология сабағын өту барысында қатысушылар дауыспен сөйлеуге, бейне көрсетуге мүмкіндігі бар

2. Edpuzzle- Биология сабағында білім алушылардың орындаған жұмыстарын бақылауға болады. Интерактивті бейне жасауға болады.

3. Quizlet- Биология сабағында қолдануға болатын флэш-карталар мен ойындар жасауға мүмкіндік беретін сервис. Білім алушыларға сілтеме бойынша жіберіледі

Whatsapp желісі арқылы білім беру барысында бейнежазбаларды дайындау құрылғылары:

- Bandicam- Windows жүйесіне арналған бағдарлама, биология пәні бойынша жасалған экрандағы презентацияны өз дауысыңызбен және бейнені қоса түсіріп жазып алуға арналған бағдарлама.

- Camtasia- Биология пәнінен видеосабақтарды интернеттен көшіріп алуға немесе видео онлайнды жазып көшіріп алуға болады.

- Xreader-Егер смартфонныңызда жүктелген дайын презентацияларыңыз болса, смартфон арқылы жұмыс жасауға өте ыңғайлы бағдарлама. Жасалған презентацияға аудио дыбыс жазып, көшіріп білім алушыларға ұсынуға болады.

Whatsapp желісінде биология сабағында кері байланыс орнату үшін қолданылатын сервистер:

- Direct Poll- білім алушылардан бүгінгі өтілген сабақ бойыншасауалнама жасап алуға, рефлексивті дауыс беруге болатын сервис түрі;
- Quizizz- Биология пәні бойынша тақырыптарғасай викториналар жасауға болады. Мұғалім әрбілім алушы бойыншастатистика;
- Google forms- Бұл сервистің көмегімен биология пәні бойынша тест, кері байланыс формасын жәнесауалнаманы жасауға болады;

Биология сабағын қызықты әріуақытымды үнемді пайдалану үшін бірсабақтың өзінде түрлі әдістерді өткіземін, мысалы; уақыт шеңбері, кемпіркосақ топтары, қар кесегі, жұптық әңгіме, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, стикердегі диалог, стоп-кадр т.б

Білім берудегі жаңа технологиялар (интерактив сөзі-inter (бірлесу) act (әрекет)) сабақ барысындаоқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интернет мүмкіндігін пайдаланаотырып, өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесіндеуақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Платформалардың керемет мүмкіндіктеріоқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушыларойнап отырмыз деп ойлайды, шындығындаолар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймыз.

Мектеп әкімшілігі қазіргі таңда болып жатқан қашықтан оқу жағдайында мұғалімдер мен ата-аналарға түрлі мотивациялар ұсынуда. Оқу үрдісіндеақпараттық технологияны жан-жақты меңгерген ұстаздар қашықтан оқытуда bilimland.kz, Online, Daryn.Online платформалары, ZOOM, гугл MEET, classroom бағдарламалары, WebEx, whatsapp арқылы сабақтарын өтіп, кері байланыс жүргізді.

Теледидар арқылысабақ өткізу бұл-тіптен жаңа формат. «Балапан» және «Ел Арна» телеарналары бізге өздерінің эфирлік уақытын ұсынды. Бұл цифорлық жүйелероқушыларға өткен сабақты немесе бұрын талқылаған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақонлайн-сабақ өткізуге, кері байланысорнатуға, жеке дараоқытуда зор мүмкіндік береді. [3].

“Balapan” телеарнасының жұмысы 6 сәуірден бастап күнделікті эфирдің 6 сағаты 1-11 сынып оқушылары үшін бейнесабаққа арналады

Қазіргітаңдаелімізгекелгенүлкенсынаққа мектеп ұжымы үлкен жауапкершілікпен қарауда. Күнделікті қашықтықтан жүргізілген сабақ ретімен жүрді. Сабақ барысында ұстаздарата-аналармен деетене жақын араласып, балаларға өтілетін тақырыпты жан-жақты дайындықпен түсіндіруде. Ал мектеп басшысы мұғалімдер, ата-аналармен ZOOM конференциясы арқылы байланысты тұрақты жүргізіп отырды.

WhatsApp желісі, Coogle Classroom, Bilimland.kz, Darynonline.kz, Kundelik.kz платформалары арқылы кері байланыстың берілуіоқушылардың өз бетімен іздену, білімдерін шыңдауға, әрі қарай білім алуға мүмкіндік беретін сындарлы кері байланыс беруарқылы жүйелі жұмыстарын жүргізуге, алған білімдерін бағалауға мүмкіндік жасауда. Қазіргіеліміздегі болып жатқан қиын-қыстау жағдайға бой бермей, болашақ ұрпақтың сапалы білім алу үшін мұғалімдердің қызметі өте маңызды. Сондықтан әр мұғалімнің еңбегі бағалы. Сондықтан қазіргі кезде оқушыларға қашықтықтан білім беру кезінде

оқушының ой-дағдысын, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, дене бітімі мен ақыл-есінің дамуын, оқыту тілін меңгергендігін, жаңа технологияларды қолдана білуін, білім сапасын ескерген жөн.

Қашықтықтан білім беру мектепке дейінгі тәрбие мен орта мектептегі тәрбие жоғары мектептер мен жоғарғы оқу орындарында жаңа міндеттер туғызбақ. Бұл міндеттерді орындау барысында мұғалімнің жұмысы күрделенбек. Бұл жүйе мұғалімдердің ақпараттық құзіреттілігінің жоғары екендігін білдіріп, жалпы қолданыстағы бағдарламалар: Microsoft Word, Microsoft Power Point, Microsoft Front Page, Microsoft Publisher Adobe, Photoshop және басқаларын сабақ барысында кез келген мұғалім қолдана алады. Оқыту барысындағы қолдану аясы өте кең. Оларды көрнекілік ретінде қолдану, өздігімен тұсаукесерлерді өз қолымен жасап, оны сабақтарына пайдалана алады. Ғаламтордағы дайын жиынтықтарды, сабақтар, ертегілер, флипчард сабақтар мен бейнефильмдерді пайдалануға болады.

Заманауи мұғалім – өз шәкірттерін жетістіктерге, инновациаларға жетелейтін, дүниетанымын арттыратын, ортақ шығармашылыққа шақыратын адам. Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие болаалады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз. Ұстаздық – ұлы ұғымға құрылған мамандық десек, осы кәсіпті жүрек қалауымен қалап, мектебі үшін бар күшін жұмсап, онысын ісімен дәлелдеп жүрген ұстаздарымыз қаншама. Осындай ұйымшылдықпен бір бірімізге деген сенім, ұйымшылдық ұжымның бірлігін артыра түскендей. Сабырлық пен адамгершілікті, мейірімдікті жалпы жұртшылыққа түсіндіріп жеткізушілердің бірі – ұстаздар! «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші барлығымыз қайсар ұстаздарымен олардың білімді шәкірттері тұрғанда барлық қиыншылықты жеңіп шығамыз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы.

[№ исх: 123 от: 01.04.2020.]

2. [[http://kazatu.kz/kk/education/distance-learning/.](http://kazatu.kz/kk/education/distance-learning/)]

3. [3.h t t ps://infor mbur o .k z/k a z/ mektepterde-ashy tan- blm- беру- alay- zhrgzled-ministr-tsndrmes-104198.html]Мектептерде қашықтан білім беру қалай жүргізіледі? Министр түсіндірмесі.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫС ПЕН МОДЕЛЬДЕУДЕ STEM ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Кубегенова Жадыра Кайратовна

**Сарыағаш ауданы № 54 жалпы орта білім беретін мектебінің биология
пәні мұғалімі**

**Егер бүгін біз балаларды кешегідей оқытсақ,
онда біз балаларды ертеңінен айырамыз.**

STEM білім беру математикалық модельдеуге, инженерлік жобалауға мүмкіндік береді. Бұл оқушының инновациялық ойлауын қалыптастырады. STEM оқыту – бұл бізге бәсекеге қабілетті ел болуға мүмкіндік беретін прогрессивті жұмыс күшімен біліктілікті арттырудың жаңа дейгейіне шығуға мүмкіндік беретін инновациялық әдістеме. Оқытудың бұл түрі оқушылардың сыни тұрғысынан ойлау деңгейі мен есеп шығару дағдыларын дамыту. Эксперименттер жүргізу арқылы мәселелерді шешуге көмектеседі, және ұжымдық қарым – қатынасты дамытады.

STEM дегеніміз не? STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. «STEM» аббревиатурасын алғаш рет АҚШ бактериологы Р.Колвэлл 1990 жылдары ұсынды. Бірақ, бұл ұғым тек 2000 жылдарда ғана белсенді қолданыла бастады. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREAM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта, STEM білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады. Ол бірнеше ғылымның біріктірілуі нәтижесінде жүзеге асады. [1]

Тәуелсіз ел тірегі –білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе –білім беру, ғылымды дамыту. Білім беру жүйесіндегі негізгі талап – сабақта оқытудың жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқушылардың бәсекеге қабілетті болып шығуына ат салысу. Қазіргі таңда жалпы орта мектептерінде STEM технологияны пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, оған қоса болашақта тиімді мамандық таңдауда көптеген көмегін тигізері анық.

S - (Science) ғылым. Жаратылыстану ғылымдарының ұштасуы.

T – (Technology) технология. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар.

E – (Engineering) инженерия. Түсіндірме (ғылымға негізделген) бере білу және жобалау шешімдерін таба білу

M – (Mathematics) математика. Математикалық операциялар мен есептеулерді жүргізу үшін қажетті ойлау түрлерін дамыту және пайдалану.

Биология сабағанды STEM технологиясын зертханалық жұмыс жасау мен модельдеу жұмыстарын жүргізу барысында пайдалануға болады. [3]

Сандық зертханалар – жаратылыстану цикліндегі сабақтарда демонстрациялық және зертханалық сабақтарды жүргізу үшін қажетті қондырғылар мен бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары. Сандық (компьютерлік) зертхана – әрүрлі физикалық-химиялық шамаларды тіркейтін датчиктер (құрылғылар) мен контейнерден, жеке компьютермен байланыс жасау қабілеті бар өлшеу блогынан тұрады. Мұндай зертханаларды қолдану жұмыс барысындағы көрнекілікті арттырып қана қоймай, зертхана комплектісіне енетін жаңа, сезімтал құралдар арқылы жұмыс нәтижелерін де

тез, әрі жоғары дәлдікпен өңдеуге көмек береді, мысалы, химия-биологиядан (жарықталу, ылғалдылық, тыныс алу, оттегі концентрациясы, жүрек жиырылуының жиілігі, температура, қышқылдылық және т.б. датчиктер) арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелейді. Сондықтан да бір сабақ аясында ғылым мен технологияны, инженерия және математика салаларын қарастыруға болады. [2]

Осы орайда оқушылармен 10 – сыныптың биология қоғамдық гуманитарлық бағыты бойынша № 1 модельдеу “Адам кариограммасын құру. Геномдық мутацияны оқып білу” тақырыбындағы модельдеу сабағының жоспары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында STEM технологиясының элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асырдым. Оқушылар ғылыми тұрғыда мутацияның түрлерімен танысады, АКТ пайдалану арқылы хромосомалық және геномдық аурулардың видеороликтерін көреді. Хромосоманың моделін өз қолдарымен жасап көз жеткізеді. Соңында берілген суреттер бойынша хромосома саны бойынша есептеулер жүргізіп ауру түрлерін анықтайды. [4]








S-(Science) ҒЫЛЫМ.	T (Technology) технология	E– (Engineering) инженерия	M–(Mathematics) математика.(есеп- теулер жүргізу)
<p>Мутацияның түрлерін зерттейді</p>  <p>Мутацияның үш түрі бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Геномдық мутация • Хромосомалық мутация • Гендік мутация 	<p>Интерактивті тақтаны пайдаланып, видеоролик, слайд арқылы тақырыпты жан - жақты түсіндіру.</p> <p>Микроскоп көмегімен дайын препарат арқылы хромосома жасушасымен танысады.</p> 	<p>Қолда бар дүниелер арқылы хромосоманың моделін жасау</p>  	<p>Адам кариотипінің идиограммаларының көмегімен хромосома санын есептеу жүргізу арқылы ауру түрлерін анықтап сипаттайды.</p>  <p>Даун синдромы +21 трисомия</p> 

Рис. X.7. Кариотип при синдроме Эдвардса. Простая полная трисомия 18 (47, XX, +18)

			<p>Эдварс синдрома+18 трисомия</p>  <p>Шерешевский Тернер синдромы 45XX хромосома</p>
--	--	--	--

Бұл жерде күтілетін нәтиже оқушылар қазіргі технологияларды пайдалана отырып пәнге деген қызығушылығы оянып қана қоймай математикалық есептеулер жүргізу арқылы ауру түрлерін анықтайды. Биология пәнінің басқада тақырыптарына STEM технологиясын пайдаланып қазіргі таңда дамып келе жатқан робототехника көмегімен ежелгі динозаврлардың қозғалу ерекшеліктерімен, биотехнология және нанотехнология көмегімен аз энергия жұмсап мол өнім алу түрлерімен танысар еді. Онымен қоса ағылшын тілін жетік меңгеруге де көмектесері анық. Себебі STEM-білім беруде ағылшын тілін білу қажеттігі де көрсетіледі. Сонымен қатар, есте ұстар басты мәселе: тіл біле отырып, сапалы, бәсекеге қабілетті маман бола отырып, өз Отанының патриоты болу – әр азаматқа басты міндет екендігін есте ұстау абзал. STEM біздің оқушыларымызды – жаңашылдар мен көшбасшылардың болашақ ұрпағын ғалымдар ретінде зерттеулер жүргізуге, технолог ретінде модельдеуге, инженерлер ретінде құрастыруға, суретшілер ретінде салуға, математиктер ретінде аналитикалық ойлауға және балалар ретінде ойнауға шабыттандырады анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар.–Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 160 б.

1. Тамаша STEM сабағының алты сипаты, Энн Джолли, Education Week Teacher журналы

2. «STEM»-білім беруді жаңғырту, әлеуметтік көзқарас, стратегиялық бастамалар, технологиялық шешімдер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік on - line конференция материалдары/ құраст. И.Т.Юсупова, Атырау, 2019. 225 б

3. Биология 10 – сынып оқулығы//Н.Г Асанов, А.Р. Соловьева 163-бет

СЛІЛ- ПӘНДІК ТІЛДІК КІРІКТІРІП ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ САБАҚТАРДА

Сейдахмет Дінмухамбет Әлжанұлы

Түлкібас ауданы, Г.Титов атындағы жалпы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі

«Біз үштілділікті дамыту қарқынын үдетіп отырмыз. Бұл ойдан шығарған дүние емес, қажеттілік. Қазірдің өзінде қазақстандықтардың 20 пайызы ағылшын тілін меңгерді. Яғни, үш тілді меңгеру, білу - бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Бұл адамның өмірдегі табыстылық, жетістік принципі. Жаһандық әлемде біздің балаларымыз «Планета азаматы» болады. Сондықтан да олар әлемнің кез келген өңірінде жұмыс істеп, күнін көре алатын болады. Яғни, бүгінгі күрделі әлемде біздің балаларымыз өздерін «судағы балықтай» сезінуі керек, біз соған жағдай жасап жатырмыз»

Н. Ә. Назарбаев

Жаңартылған білім бағыттардың бірі — оқыту үрдісін технологияландыра отырып, білімнің кепілдік нәтижелеріне жету. Ол үшін оқыту үрдісін өзгерте отырып, мұғалім шығармашылықпен жұмыстануы керек. Өйткені бұрын оқушы білімді қабылдаушы, жинақтаушы, өзіне сіңіруші рөлдерін атқарса, ал қазіргі жаңа талап өздігімен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады. Жеке тұлғаны осы рөлдерді атқаруға лайықтау үшін оның жаңа бейнесін заман талабына сай дайындауымыз қажет.

Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін, пікір білдіре алатын маман болуы шарт.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек» деген тұжырымында «Шығармашыл ұстаз шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой айқын аңғарылады.

Адамның өз ана тілін қанық білуімен қатар өзге бір ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматтарымен өзара түсінісе алатыны үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады. Өзге бір ұлттың тілін білетін адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, барлық мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады. Азаматтарымыздың қазіргі ай сайын алға қадам басып, күн сайын жанарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерістерге толы өмірге ойдағыдай сәйкесуі үшін қос тілді болып қана қалмай, сонымен қатар көп тілді болуы басты қажеттіліктің біріне айналуға.

Қазіргі уақыт білімнің дамуы адамдардың көптілді білу қажеттігін туындатып отыр. Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде информатика, физика, биология және химия пәндерін ағылшын тілінде оқыту қолға алынып жатыр. Бұл бір жағынан қиын болғанымен, қажеттіліктен туындап отыр. Биология пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге қызығушылықтары артады. Сабақ барысында қосымша берілетін биологиялық терминдер сөздігі оқушының сөздік қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді.

Сабақ процесінде жаңа технологиялық әдістерді пайдалануда техникалық құрылғыларды қолдану кезінде ағылшын тілін білу өте маңызды. Биология пәнін ағылшын тілінде үндестіре отырып оқыту - өмірден өз орнын тандай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез - келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, өзге дамыған елдермен білім бәсекелестігіне түсе алатын, еліміздің биология саласын дамытуға үлес қоса алатын, көптілді және көпмәдениетті күзiреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептерде көптілді білім бере отырып тілді терең меңгерген шәкірттер білім алып шығуы тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту болса, екінші жағынан ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми - ақпарат алуудағы желісін кеңейту болып табылады.

Биология пәнін ағылшын тілі пәндерімен кіріктіре өткізудің қажеттілігі:

- пәнді ағылшын тілімен кіріктіру арқылы бүгінгі оқушы, ал ертеңгі маман иесі өзге елдердің мамандарымен бәсекелесуге қабілетін арттырады, өзге мемлекеттердің мамандарынан үйренуге жол ашады;
- биология пәнінде қолданылатын негізгі терминдердің ағылшын тілдеріндегі аудармаларымен бірге үйрету, глоссариймен жұмыс істеу;
- ақпарат көздерін пайдалану, ондағы мәліметтерді үш тілде пайдалану;
- пәнаралық кіріктіру, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып үш тілдің үндесуін қамтамасыз ету.

Жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді, жаңа оқу жоспарлары және пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері әзірленуде. Ал білім беру мазмұнын жаңарту оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі – CLIL пәндік-тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы.

Кіріктіріп оқыту дегеніміз: – біріншіден сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды және тереңдетуді, олардың ғылымаралық байланысының түп нұсқасы, яғни түрлі пәндерді оқытуды қиыстырудан, олардың өзара терең байланысуына өтуді қарастыру болып табылады, екіншіден жекелеген пәндер бойынша білімді біріктіретін, ұштастыратын жүйе, осының негізінде балалардың әлемді тұтастықта қабылдау қалыптасады, үшіншіден оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын, өз бетінше жұмыс істеуіне ықпал етеді, түрлі ғылым салаларына қатысты білімді қорытындылауға бағыттайды. CLIL оқу бағдарламасын басқа тілмен кіріктіре отырып беру әдістемесі болып табылады. Қазіргі жаһандану, техникаландыру заманында, яғни әлемнің ғылымындағы, өнеріндегі және технологияларындағы дамуды оқушылар басқа тілді меңгеру барысында біле отырып, өз тілінде сол дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл оқушыларға шет тілін оқытумен салыстырғанда көптеген жаңа бағыттар береді, себебі, мұнда оқушы тілмен қатар пәнді қоса меңгереді. Мұнда оқу мен ойлау дағдылары біріктірілген.

CLIL сонымен қатар оқытушыға да жаңа талаптар қояды. CLIL әдістемесін жүзеге асыратын мұғалім: пән мұғалімі; тіл мұғалімі; сыныптағы негізгі

мұғалім; сынып көмекшісі рөлінде бола білуі керек. Мұғалімнің алдынан кездесетін қиындық ол өз пәнін жетік білумен қатар, оқушыларына қажетті тілді де жоғары деңгейде білуі. Бұл жерде пәнаралық байланысты пайдаланған өте тиімді, мысалы, шет тілі пәні мұғалімдерімен біріге отырып жұмыс жүргізу. CLIL әдістемесін әртүрлі жастағы оқушыларға олардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдау арқылы қолдануды жүргізуге болады.

CLIL дегеніміз Content and Language Integrated Learning білдіреді—бұл шет тілдің басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытылуын көздейді.

CLIL - екі мақсатты көздейтін оқыту әдістемесі: 1. Екінші немесе үшінші тіл арқылы пәнді оқыту 2. Пән арқылы тілді оқыту. CLIL әдісін қолданатын мұғалім тек пән мұғалімі немесе тек тіл мұғалімі болмауы тиіс, керісінше, пән мен тілді қатар оқытуы керек. Бұл әдіспен оқытудың ерекшелігі, мұнда түрлі оқыту жағдайларда сабақ және оқу мақсаттарының берілген кезеңіне тиісті тілді пайдаланып, сабақты өткізу екі тілде жүзеге асырылады.

CLIL - тіл мен пәнді кіріктіру әдісі. Оқытудың бұл түрі екінші немесе үшінші тіл арқылы белгілі бір ғылымды үйрену, пән арқылы тілді меңгеру, яғни бұл әдіс арқылы пәндік және тілдік мақсаттарға қол жеткізу.

CLIL әдісі 4 бағытта жүзеге асады. Олар: Content (мазмұн) пәннің мазмұны түсіндіріледі, Communication (қарым-қатынас) тілдік қарым-қатынас жүзеге асырылады, Cognition (ойлау қабілеттері) пәнді игеруде тілді қолдану, Culture (мәдениеттанымдық) сөйлеу, өз іс-әрекетіне баға беру, игеріліп отырған тіл тарихы және оны қолданатын ұлттың мәдениетімен танысу. CLIL әдісі арқылы білім сапасын көтерумен қатар екінші немесе үшінші тілді уақытты үнемдеу арқылы үйреніп, білім сапасын көтеруге мүмкін болады.

CLIL әдісі арқылы оқытуда күтілетін нәтижелер:

- полимәдени тұлға тәрбиеленеді;
- тілдік құзыреттілік дамиды;
- білім сапасын арттыруға ықпал жасалады;
- функционалдық сауаттылық дамиды;
- пәнаралық қоғамдастық қалыптасады.

CLIL әдісінің артықшылықтары

- Дәстүрлі емес сабақ
- Жоғары қызығушылық
- Ойлау белсенділігін ынталандырады
- Оқушылар, талдау, салыстыру арқылы пәндер арасындағы

байланыстарды іздейді

- Тілдік ортаға енеді
- Сөздік қорын жаңа лексикамен, тілдік құрылымдармен, пәндік

терминдермен толықтырады

- Қолдануға жаңа білім мен дағдыларды дайындайды
- Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін арттырады.

CLIL әдісін қолдану мұғалімнен нені талап етеді:

- Пәндік білімін жетілдіруді;
- ресурстарды кеңінен қолдануды;
- сабағын тиянақты жоспарлауды;
- кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруды талап етеді.

CLIL әдісін қолдану барысында:

- әр сабақтың пәндік және тілдік мақсаттары болуы керек;
- мұғалім оқушылардың сол мақсаттарға жетуін қадағалауы қажет;
- сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалуы қажет;
- айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылуы қажет;
- белсенді оқу әдістерін қолдану қажет.

CLIL әдісін қолдану барысында тапсырмалар:

- мақсатқа бағытталған;
- оқушылардың тіл деңгейлеріне сай;
- орындауға қызықты;
- Ынталандыратын;
- бір-бірімен логикалық түрде байланысқан болуы қажет.

Өз сабақтарымды CLIL технологиясын басшылыққа ала отырып өткіземін.

CLIL технологиясы арқылы өткізілген сабақтарда оқушылардың ағылшын тілінде оқу, сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін үй тапсырмасы үш тілде **ZipGrade Question V2, PlickersCards_2up, PRINTABLE WORKSHEETS, CLOZE/ FILL IN THE GAPS, MATCH-UP WORKSHEET MAKER, iSpring Suite** бағдарламасы арқылы жасалған түрлі тапсырмалар арқылы және «**Өзенге апаратын тастар**» әдісі арқылы тексеріледі. Сабақ үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сұрақтар қойылатын «**Ғажайып үштік**» және **Tarsia** бағдарламасы арқылы жасалған қима қағаздарды алып белгілі бір фигура құрастыру ойындарымен бекітіледі. Білімді толық игеру үшін оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, еркін сөйлеуіне, өз ойын ашық және толық айтуға үйрету, ой-өрісін кеңейту – оқытудың ең басты мақсаты. Әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытуымыз керек.



Менің ойымша, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жаңа мағлұматтарға жол ашады. Жастар заман көшінен қалмай бірге жүре алады деп санаймын. Бүгінгідей ақпараттық технология өркендеп тұрған заманда оған толық мүмкіндік бар. Осы бір жаңашыл қадам кейін шәкірттеріміз бізге алғыс айтатындай бағдарлама болады деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда: Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев: «Білім беру ісі – біздің мемлекетімізде басты басымдық, дамуымыздың шешуші факторы», дей келе, еліміздің ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеп отырғандығы белгілі. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда тілдік білім беру жүйесін

енгізу жағдайында еліміздің барша педагог қауымына сәттілік тілеймін. Жауапты міндетті сапалы атқару –сіз бен біздің еншімізде!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев.Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері
3. ӘбдуәлиТ.Үштүғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. 2008
4. <http://edu-resource.net> (Предметно-языковое интегрированное обучение).
5. <https://infourok.ru> (МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ CLIL.Алметов Н.Ш., ЮКГУ им. М.Ауезова, 2016)
6. Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді(информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту .Оқу-әдістемелік құрал.
7. ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқыту бойынша пилоттық мектептердің ЕРЕЖЕЛЕРІ (5-11- сыныптар)

ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тұрат Ажар Нартайқызы

Шардара ауданы, «Ақалтын» жалпы орта мектебінің биология пәнінің
мұғалімі

Қоғам дамуымен бірге білім берудің басымдықтары да өзгереді.Жақында ғана біз белсенді оқыту әдістерін енгізе бастадық, ал бүгінде көптеген негізгі әдістемелік инновациялар интербелсенді оқыту әдістерін қолдануға байланысты. Оқытудың интерактивті әдістеріқолданылған сабақ кезінде таным процесіне топтың барлық оқушысы қосылады. Әр қатысушы ерекше үлес қосады. Жұмыс барысында оқушылар білімімен, креативті идеяларымен, қызмет тәсілдерімен бөліседі. Жұмыс топтық немесе жұптық нысанда өтеді, оқушылар жобалық жұмысты, рөлдік ойындарды қолдана алады. Құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды. Интерактивті әдістер белсенді әрекеттестікке, белсенділікке, топтық тәжірибеге сүйенуге, міндетті кері байланысқа ықпал етеді. Білім қатынасы ортасы қалыптасады, ол ашықтығымен, әрекеттестігімен, дәлелдер теңдігімен, білім жинаумен, өзара бағалау әрі бақылау мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Интербелсенді оқыту әдістеріне білім алу мен өндеудің белсенді үдерісіне тартуға ықпал ететін әдістер жатады:

- «Ми шабуылы»
- шағын дәріс;
- бақылау парағы немесесынағы;
- рөлдік ойын;

- ойынжаттығыулары;
- жобаәзірлеу;
- жағдаяттықтапсырмалардышешу;
- сарапшынышақыру;
- сарапшылартобыныңпікірсайысы;
- сұхбат;
- сахналау;
- жағдайдыұту;
- оқушырөліндешығу;
- сюжеттіксуреттердіталқылау;
- сауалдама-квиз (бақылау) және т. б.

Педагог оқушыларды өз бетімен ізденуге машықтандырады. Оның белсенділігі балалардың белсенділігіне орын береді, ал оқытушының басты міндеті – олардың бастама танытуына жағдай жасау болып табылады.

Тәрбиелік және оқу міндеттерін шешу кезінде мынадай интерактивті жұмыс нысандарын қолдануға болады: интерактивті экскурсиялар; кейс-технологиялар; бейнеконференциялар; дөңгелек үстелдер; ми шабуылы; пікірталастар; шағын топ; іскерлік және рөлдік ойындар; топтық оқу пікірсайыстары; тренингтер.

Интербелсенді сабақтардың негізгі құрамдастары оқушылар орындайтын интербелсенді жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Интербелсенді жаттығулардың әдеттегі тапсырмалардан айырмашылығы оқушылардың өткен материалды жаңа материалды меңгергендей бекітеді.

Белсенді оқыту әдістерін қай кезеңде қолдану керек.

1-ші кезең – бастапқы білім алу. Бұл мәселелі дәріс, эвристикалық әңгімелесу, оқу пікірталасы және т. б. болуы мүмкін.

2-ші кезең – білімді бақылау (пысықтау). Ұжымдық ойлау қызметі, тестілеу және т. б. секілді әдістер қолданылуы мүмкін.

3-ші кезең – білім негізінде кәсіби машықтарды, дағдыларды қалыптастыру; шығармашылық қабілетті дамыту. Модельдік оқытуды, ойын және ойыннан тыс әдістерді қолдануға болады.

Сабақта интерактивті әдістің қай түрін қолдануға болады.

Топтық пікірталас. Осы әдісті жүзеге асыру үшін студенттің бәрін шағын топқа бөлу керек. Әр кіші топ сабақ тақырыбына кіретін сұрақтарды талқылайды. Пікірталасты әрқалай ұйымдастыруға болады: барлық кіші топ бір мәселені талқылайды немесе талқыланатын мәселе жеке тапсырмаларға бөлінеді. Талқылаудан кейін оқушылар қорытынды жасайды: кіші топтың кей мүшелері баяндама жасаса, басқалары әдістемелік әзірлемелер немесе нұсқаулықтар құрастырады, үшіншілері іс-қимыл жоспарын дайындайды.

Пікірталас соңында жалпылама жасап, тұжырымға келіп, қателіктер мен адасудың неге әкелетінін көрсету, топтың идеялары мен жаңалықтарын атап өту аса маңызды.

Сұхбат – ағылшын тілінен аударғанда «әңгімелесу» дегенді білдіреді. сабақта сұхбаттың бірнеше түрін қолдануға болады:

- деректі сұқбат, мұнда оқушылар өткен оқиғалармен, тарихтағы түрлі деректермен танысып, өткендегі қателіктерді анықтап, ойын айтады, баға береді;

- пікірлер сұқбаты, мұнда белгілі мәселеге қатысты респонденттің пікірін білу керек. Басты мақсаты – сұқбат алушыға өз ойын айтуға мүмкіндік беру.

Сұқбаттың сұрақтарын қалай тұжырымдаймыз? Жаңа тақырыпты тыңдау кезінде, оған дейін, дайындық кезінде немесе түрлі дерек көздермен танысу барысында сұрақтар туындауы мүмкін. Сұқбат алушы педагогтің өзі, не оқушы болуы мүмкін, олар берілген тақырып бойынша алдын ала ақпарат дайындайды.

Қашан сұрақ қою керек? Оқушылар дәріс барысында педагогке сұрақ қоя алады, осылай оны кеңес беру дәрісіне айналдырады. Сұрақты дәрістің басында, жаңа тақырыпты өзектендіруде қоюға болады. Сондай-ақ сабақ барысында сұрақтарды жазып алып, содан кейін педагогке тапсыруға болады.

Case-study – нақты жағдайды талдау. Оқушылар нақты жағдайды талдайды, мәселенің мәнін ашуға тырысады және мүмкін шешімді ұсынады, оның ішінен ең үздігін таңдау керек.

Кейстер нақты, шынайы жағдайға негізделген практикалық және оқу жағдайларына бөлінеді. Олар жасанды жолмен жасалады, өмірде қолданғанда шарттылық элементтері болады. Сондай-ақ зерттеу қызметінде қолданылатын зерттеу кейстері де бар. Оқушылар нақты жағдаймен танысу кезінде жағдайды түсініп, оны бағалап, оның қиындығы мен мәнін анықтауы тиіс. Мәселені шешудегі рөлін анықтап, мақсатты әрекет желісін қалыптастыру керек.

Кейстерді (жағдайларды) әр оқушыға алдын ала немесе сабақ кезінде таратуға болады. Кейстің күрделілігіне қарай оқушыға танысуға 5-тен 10 минутқа дейін уақыт беріледі. Педагог сабақты оқушылардың кейс мазмұнына қатысты білімін тексеруден бастайды, мысалы, былай сұрайды: «Бұл жағдайға барлығы қанша кейіпкер қатысады?» немесе «Бұл кейстің негізгі мәселесі қандай?». Бұдан кейін оқушылар жағдайды нақтылап, талқылауға арналған тақтаға жазылған қосымша ақпаратты алу үшін сұрақ қояды. Нәтижесінде әр қатысушы немесе топ ауызша баяндама түрінде өз шешімін ұсынады.

Соныменен интербелсенді оқыту әдістерін қолдану келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- оқытылатын пәнге деген қызығушылықты қалыптастыру;
- оқушылардың дербестігін дамыту;
- өмірлік жағдайларды бастан өткеру арқылы оқушылардың әлеуметтік тәжірибесін байыту;
- сабақта өзін-өзі таныту;
- оқу үдерісінде өзін-өзі дербестігін көрсету.

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес жасөспірімдердің 20-дан 50% дейінгі мөлшерінің оқуға деген танымдық қызығушылығы жоқ немесе қызығушылығы тұрақсыз, формасыз, кездейсоқ болады. Сондықтан олардың танымдық қызметін ынталандырудың басты қағидасына педагогтің сабақтағы жұмысты қызықты өткізу машығы жатады. Ал мұны сабақта оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы іске асыруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сабақта интербелсенді оқыту әдістерін қолдану. «Білім беру ұйымының әдіскері» журналы, қаңтар, 2021
2. Балалардың танымдық белсенділігін арттыратын алты интерактивті әдіс. «Білім беру ұйымының әдіскері» журналы, желтоқсан, 2021

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУАРАҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Абзелова Бегайым Жолдыбайқызы

Арыс қаласы, Сәкен Сейфуллин мектебінің биология пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [1].

Қазақстан экономикалық тұрғыдан әлемдегі алдыңғы қатарлы отыз елдің санатына ену үшін білім саласындағы басты міндеттің бірі - функционалды сауатты, яғни алған білімін өмірде қолдана білетін, белсенді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, шығармашыл тұрғыда ойлай алатын және шешім қабылдай алатын, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеті бар, өмір бойы білім алуға дайын тұратын жеке тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Неліктен еліміздің орта білім саласында жаңартылған бағдарламаларға өту қажет болды?

«Қазақстанның орта мектептеріндегі оқыту әлі де тиісті дәрежеде тиімді болмай отыр. TIMSS және PISA зерттеулері нәтижесінде алынған деректер Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесінің теориялық білім беру, оқушылардың ақпаратты есте сақтау, табу және зерделей білуін қамтамасыз ету деңгейінде жеткілікті дәрежеде тиімді екенін көрсетті.

Дегенмен, бұл жүйе оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын игеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен, биологиялық білімін тәжірибеде қолдану және биологиялық ойлауын дамыту немесе оқылым барысында мәтінді талдау және бағалау сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін салыстырмалы түрде әлсіз болып табылады. Орта мектепке арналған оқу бағдарламасының ғылыми сипаты басым және тым ауқымды болуы тиімді оқытудағы негізгі кедергі болып табылады» [2].

Қазіргі кезде еліміздің орта білім беру саласында жаратылыстану пәндері бойынша жаңартылған бағдарламалар енгізіліп, оқушыға берілетін білім, іскерлік және дағдылар жүйесіне қатысты көзқарастар түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Осыған сәйкес, оқушылардың білімін бағалауда критериалды

бағалау жүйесін қолдану және оқу мақсаттарына толыққанды жетуде белсенді оқыту стратегияларын пайдалану негізгі міндеттердің біріне айналып отыр. Жаһандану, жаңа технологияларды енгізу, қарқынды нарықтық қатынастар, алдыңғы қатарлы елдер арасындағы бәскелестік, саяси және экологиялық мәселелер – осылардың барлығы оқушыларға ХХІ ғасырда қажетті білім, іскерлік және дағдыларды дамытуды талап етеді.

Бүгінгі үздіксіз әрі қарқынды өзгеріп отыратын әлемде функционалды сауаттылық – адамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық өмірге белсенді қатысуы үшін негіз болып қаланып қоймай, «өмір барысында білім алуға» ықпал ететін маңызды әрі басты фактор болып табылады[3].

Қазіргі заманда өз білімін өмірде пайдаланып, оның жетістіктерін көру үшін оқушылар келесі өмірге қажетті «ХХІ ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген, Экономикалық ынтымақтастық даму ұйымы ұсынған келесі кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруі қажет:

- сынтұрғысынаноулау;
- білімдішығармашылықтұрғыдақолданабілуқабілеті;
- проблемалардышешуқабілеті;
- ғылыми-зерттеудағдылары;
- қарым-қатынастағдылары (тілдікдағдылардықосаалғанда);
- жекежәнетоппенжұмысістейбілуқабілеті;
- ақпараттыалужәнеоныталдайбілуқабілеті.

Осыған сәйкес бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта үш тілді еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару қажет болып отыр. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Ағылшын тілінде оқытуға бетбұрыс жасаған жаратылыстану пәндерінің бірі – биология. Биология пәндерін ағылшын тілінде оқыту – болашақ мамандардың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады, ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін толық танытуына мүмкіндік береді. Сабақ үдерісінде жаңа технологиялық әдістерді пайдалануда техникалық құрылғыларды қолдану кезінде ағылшын тілін білу маңызды. Бір ұтымдысы, биологиялық терминдер ағылшын және орыс тілінде де ұқсас келеді. Жаһандық терминология базасының бірдейлігі бізге оқыту үшін оңтайлы болып отыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды» деген болатын. Қазақстанды әлемге танытудың жолы ағылшын тілін меңгеру екені рас.

Елімізде болып жатқан өзгерістерге сәйкес білім беру саласы да өзгеруде. Жүргізіліп жатқан өзгерістер жеке тұлғаның өзіндік дамуына мүмкіндік жасайтын жаңа жүйені қалыптастыруға бағытталуда. ХХІ ғасыр ақпараттық ғасыр болып табылатындығынан заманауи технологиялардың даму қарқыны күн өткен сайын артып келеді. Сондықтан да, қазіргі таңда білім беру

жүйелерінің алдында тұрған негізгі міндет адамның бүкіл өмір бойы тұрақты түрде жаңа білімдерді ала алуларына және соған сәйкес оларды қолдана алу іскерліктерін игерулеріне, шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына негіз қалау болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыру орта білім беру жүйесінде оқушыларды өз бетімен білім алуға ынталы ету, оларға жаңа білімді тек репродуктивтік қана емес ізденіс жүргізу және зерттеушілік қызметтерін дамыту арқылы игерту мәселелерінің практикада нақты шешімін табумен тығыз байланысты.

Қашықтықтан білім беру мектепке дейінгі тәрбие мен орта мектептегі тәрбие жоғары мектепте жаңа міндеттер туғызбақ. Бұл міндеттерді орындау барысында мұғалімнің жұмысы күрделенбек. Бұл жүйе мұғалімдердің ақпараттық құзіреттілігінің жоғары екендігін білдіріп, жалпы қолданыстағы бағдарламалар: Microsoft Word, Microsoft Power Point, Microsoft Front Page, Microsoft Publisher Adobe, Photoshop және басқаларын сабақ барысында кез келген мұғалім қолдана алады. Оқыту барысындағы қолдану аясы өте кең. Оларды көрнекілік ретінде қолдану, өздігімен тұсаукесерлерді өз қолымен жасап, оны сабақтарына пайдалана алады. Ғаламтордағы дайын жиынтықтарды, сабақтар, ертегілер, флипчард сабақтар мен бейнефильмдерді пайдалануға болады.

Осы орайда, «Биология» пәнін оқыту барысында оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты өңдеу, әр түрлі мәселелерді бірлесіп шешу сияқты дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Сонымен қатар математиканы оқыту барысында проблемаларды шешу, бірлесіп зерттеу жүргізу мен және ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларына баса назар аударып, ойлау дағдыларын дамытуды көздейді. Оқыту үдерісі оқушының алған білімдерін өмірде қолдана білуіне бағытталған. Себебі, білім саласының қарқынды ілгерілеу үстінде екендігін ескерер болсақ оған ілесе алу үшін, оқушылардың өз бетінше оқу және коммуникативтік дағдыларын дамыту аса маңызды болып отыр. [4]

Зерттеушілік қызмет оқушыларды жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі. Ал, бұл оқушылардың арнайы шығармашылық қабілетінің ғана емес, жалпы алғанда теориялық ой-пікірлерінің дамуына да зор ықпал етеді. Мұның барлығы өз кезегінде оқушыларға меңгерген білімдерін сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру үдерісіне, немесе функционалдық сауаттылық ұғымына алып келеді. Тіпті жаңа тақырыпты меңгерту кезінде мұғалімнің бағыттаушы сұрақтар, нұсқаулар беруі мен қолдау көрсетуге көбірек көңіл бөлуі орынды. Оқушылар белгілі бір деңгейге жеткен кезде бұлай тура нұсқау беруді азайтып, мұғалім өз рөлін біртіндеп үйлестіруші, уәждеушіге ауыстыруына болады. Оқушыларды мұғалімге және сыныптағы басқа оқушыларға өз пайымдауларын түсіндіруге ынталандыратын топтық жұмыс, зерттеуге негізделген оқуға арналған жаттығулар мен ашық сұрақтарды енгізу мұғалімге сыныптағы өз рөлін өзгертуге көмектесе алады. Алайда уақыт өте келе, оқудың барлық кезеңдерінде оқушылар сабақ барысында жеке жұмыс істеуге қарағанда, мұғалім қолдау көрсеткен жағдайда көп жетістікке жетіп жүргеніне көз жеткізуі қажет.

Сонымен тек биология сабақтарында ғана емес, кез келген, мысалы химия, физика сабақтарында да тиімді PISA тапсырмаларын орынды ұйымдастырылған рөлдік ойындар оқушыларда танымдық, эмоционалды, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауына зор мүмкіндік береді. Әсіресе, дәл қазіргі уақытта, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша білім беру барысында оқушы кең ауқымды дағдыларды практикалық тұрғыда қолдануға жаттығады, функционалды сауатты тұлға болуға тырысады. Сабақтарда сыни тұрғыдан ойлана отырып, өзіндік пікір, көзқарастары қалыптасады, басқаның пікірін тыңдау, қабылдау, өмірмен байланыстыра сөйлеу, достарының ойларымен санасу және оларды сыйлауға үйренеді, бастысы- метатанымы қалыптасады. Яғни, оқушының өз қалауымен оқуға, білім алуға деген құлшынысы оянады. Өз қалауымен үйренген білім өте сіңімді болары сөзсіз

Қорыта айтқанда, Биология пәнін жаңартылған білім мазмұны аясында үштілде кіріктіріп оқыту кезінде PISA тапсырмаларын қолдану қазіргі уақыт талаптарының бірі болып отыр, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында жасалған жаңа бағдарлама дүниежүзілік бәсекелестікке қабілетті ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген.

2. Ұлттық білім беру саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Милованович, 2014.

3. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях (в том числе, реализующих инклюзивное образование) Республики Казахстан в 2014-2015 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2014. – 181с.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ Астана, 2016 жыл.

ОНЛАЙН ОҚЫТУ: САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Қалтаева Гулсара

**Келес ауданы, №35 А.Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінің
биология пәнінің мұғалімі**

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның

(бұдан әрі – коронавирустық инфекция) таралуының алдын алу үшін қашықтықтан оқытуға көштік. [1].

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту; [2].

Биология сабағын қызықты әрі уақытымды үнемді пайдалану үшін бірсабақтың өзінде түрлі әдістерді өткіземін, мысалы; уақыт шеңбері, кемпіркосақ топтары, қар кесегі, жұптық әңгіме, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, стикердегі диалог, стоп-кадр т.б

Білім берудегі жаңа технологиялар (интерактив сөзі-inter (бірлесу) аст (әрекет)) сабақ барысында оқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интернет мүмкіндігін пайдалана отырып, өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Платформалардың керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймыз.

Мектеп әкімшілігі қазіргі таңда болып жатқан қашықтан оқу жағдайында мұғалімдер мен ата-аналарға түрлі мотивациялар ұсынуда. Оқу үрдісінде ақпараттық технологияны жан-жақты меңгерген ұстаздар қашықтан оқытуда bilimland.kz, Online, Daryn.Online платформалары, ZOOM, гугл MEET, classroom бағдарламалары, WebEx, whatsapp арқылы сабақтарын өтіп, кері байланыс жүргізді.

Теледидар арқылы сабақ өткізу бұл-тіптен жаңа формат. «Балапан» және «Ел Арна» телеарналары бізге өздерінің эфирлік уақытын ұсынды. Бұл цифрлық жүйелер оқушыларға өткен сабақты немесе бұрын талқыланған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақ онлайн-сабақ өткізуге, кері байланыс орнатуға, жеке дара оқытуда зор мүмкіндік береді. [3]

“Balapan” телеарнасының жұмысы 6 сәуірден бастап күнделікті эфирдің 6 сағаты 1-11 сынып оқушылары үшін бейнесабаққа арналады.

Қазіргі таңда елімізге келген үлкен сынаққа мектеп ұжымы үлкен жауапкершілікпен қарауда. Күнделікті қашықтықтан жүргізілген сабақ ретімен жүрді. Сабақ барысында ұстаздар, ата-аналармен деетене жақын араласып, балаларға өтілетін тақырыпты жан-жақты дайындықпен түсіндіруде. Ал мектеп басшысы мұғалімдер, ата-аналармен ZOOM конференциясы арқылы байланысты тұрақты жүргізіп отырды.

Биология пәнінен сабақ өткізу барысында **синхронды және асинхронды** оқыту жүйесін қолданамыз. Синхронды (zoom, Teams, Google Meet) платформаларын пайдаланып бейнероликтер көрсету арқылы оқыту.

WhatsApp желісі, Coogle Classroom, Bilimland.kz, Daryn online.kz, Kundelik.kz платформалары арқылы кері байланыстың берілуі оқушылардың өз бетімен іздену, білімдерін шыңдауға, әрі қарай білім алуға мүмкіндік беретін сындарлы кері байланыс беру арқылы жүйелі жұмыстарын жүргізуге, алған білімдерін бағалауға мүмкіндік жасауда. Қазіргі еліміздегі болып жатқан қиын-қыстау жағдайға бой бермей, болашақ ұрпақтың сапалы білім алу үшін

мұғалімдердің қызметі өте маңызды. Сондықтан әр мұғалімнің еңбегі бағалы. Сондықтан қазіргі кезде оқушыларға қашықтықтан білім беру кезінде оқушының ой-дағдысын, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, дене бітімі мен ақыл-есінің дамуын, оқыту тілін меңгергендігін, жаңа технологияларды қолдана білуін, білім сапасын ескерген жөн.

Қашықтықтан білім беруде оқушыларды жалықтырмас үшін сабақтың әр кезеңінде әр түрлі - әдіс тәсілдермен сабағымды өткіздім. Мысалы, 1-ші аялдамада «Үй тапсырмасын тексеру» болса, келесі аялдамалар **«Венн диаграммасы»**, **«Күпия сан»**, **«Оқулықпен жұмыс»**, **«Салыстыру кестесі»**, **«Ой қозғау»** стратегиясы сияқты әр түрлі тәсілдермен өтті. Әр аялдама бойынша топ басшылары, өз тобындағы оқушыларды қатысымына қарай балл бойынша бағалап отырды.

Сабақтың әрбір кезеңдерінен өткен сайын оқушылар тапсырмаларға тез, дұрыс жауап беруге тырысып ұйымшылдыққа тәрбиеленді, белсенділіктері, қызығушылықтары артты. Сабақ бойы оқушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетті. Мұндай бағалау жүйесінде біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, топтастыру, рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осы әдістерді қолдана отырып оқушылардың оқуға деген ынтасының, қызығушылығының арта түскенін байқауға болады. Критериалды бағалау жүйесін әрбір сабақта тиімді пайдалануға болады.

«Жетістік баспалдағы» рефлексиясы арқылы оқушылардың сұрақ қою дағдылары қалыптасады. Ашық және жабық сұрақтардың айырмашылығын ажырата алады.

«Ойлар бұлты», **«Кувертка»**, **«Желпуіш»**, **«Ғажайып үштік»** әдісінің жаңа тақырыпты бекітуде қолданған өте тиімді.

«Тыныс жолдарының аурулары» тақырыбында өтілген сабағымда ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында **«Менің көңіл-күйім»** стратегиясын, жаңа сабақты меңгеру жәе топтық жұмыс жүргізу мақсатында **«Айналым бекет»** әдісін, жаңа сабақты бекіту мақсатында **«Атмосфера орнату»** әдісі оқушыларға сұрақ беріліп оқушылар нақты талқылап, дұрыс шешім шығарады. **«Аяқталмаған ой»** әдісі арқылы ең тиімді әдісті тауып тапсырманың шешімін шығарады. Техника және технология саласының жетістіктерін анықтау мақсатында **«Балалар философиясы»** әдісін қолдадым. Мен барлық сабағымда белсенді оқыту әдістерін пайдаланып, шығармашылық тапсырмаларды беру арқылы оқушыларға білу, түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау дағдысын қолданамын.

Менің сабақ беру үдерісі кезінде жиі қолданатын әдістерім:

«Доп лақтыру» әдісі арқылы диалог арқылы сөйлеу, айтылым дағдыларын қалыптастыру.

«Көргеніңді айт» әдісі арқылы оқушылардың айтылым, оқылым дағдысын дамытамын.

«Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі арқылы оқушылар топтық жұмыс жасай отырып, зерттеушілік, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытамын.

«**Миға шабуыл**» әдісі арқылы диалог арқылы сөйлеу, айтылым дағдыларын қалыптастыруға ықпал жасаймын.

«**Ойланып тап**» әдісі арқылы диалог арқылы сөйлеу, айтылым дағдыларын қалыптастыру.

«**Тарсия**» әдісі арқылы оқушыларға жаңа терминдерді ағылшын тілінде жаттауға ықпал жасап, жазылым дағдысын жүзеге асырамын. Бұл әдіс оқушылардың ойлау, іздену, саралау, есте сақтау қабілеттері қалыптасады.

«**Айналмалы бекет**» әдісі арқылы топтық жұмыс жасауға түрткі жасап айтылым және тыңдалым дағдысын қалыптастырамын.

«**Өрмекші**» әдісі арқылы оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытамын қалыптастырамын.

«**Галерияны шарлау**» әдісі Суреттерді пайдалана отырып, оқушылардың тақырыпты еркін меңгеріп, айқындай алу іскерліктерін қалыптастырады.

«**Миға шабуыл**» Жаңа сабақ түсіндіру кезінде тақырыпты меңгеріп, ойды нақтылауға дағдыландырады.

«**Бес сөз**» әдісі мұғалімнің оқушылардың жаңа сабақтың мақсатына жеткендігін анықтап, логикалық ойлау операцияларын қолдануға тиімді.

«**Фишбоун**» әдісі арқылы оқушылар жұптық жұмыс жасай отыр, зерттеушілік, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытамын.

Тапсырманы орындау кезінде оқушының қажеттіліктеріне қарай аудиалды, вербалды, кенестетикалық ресурстар мен тапсырмаларды үлестіріп, бағыт беремін. Қабілеті жоғары оқушыларға күрделі тапсырма беремін. Белсенді оқыту әдістерін пайдаланып, шығармашылық тапсырмаларды беру арқылы оқушыларға білу, түсіну, қолдану дағдысын меңгертемін.

Қашықтықтан білім беру барысында оқушыларға келесідей тапсырма бердім: Мысалы «Тыныс алу мүшелері» және «жапырақтың құрылысы» тақырыбында оқушыларға мынадай тапсырмалар беруге болады:

Асинхронды (Google classroom, online оқулықтар) оқушылар оқулық арқылы, қосымша ақпаратты қолдана отырып кері байланыс береді. Тыныс алу мүшелері» және «жапырақтың құрылысы» тақырыбында оқушыларға мынадай тапсырмалар беруге болады:

Ас қорыту жүйесін ретімен жазып, қазақша атауын жазыңыз?

Өсімдік жасушасына анықтама беріп өтіңіз?

Whatsapp желісінде тапсырма беру үлгісі


**Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктердегі қозғалыс
Бейнебаянды тамашалаңыз**




MEGA SMART әдісі

<p>Өсімдіктердің қозғалу ерекшеліктері?</p>	<p>Мысал</p>
<p>Өсімдіктердің қозғалу реакциялары?</p>	<p>Мысал</p>

**Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып қашықтықтан оқыту
Сабақтың тақырыбы: Нәруыз қызметтері
Бейнебаянды тамашалаңыз**



Фиш-Боун (балық қаңқасы) әдісі.



Кез-келген баланың өз ойын жүйелеуге тәжірибесі жете бермейді. Егер баланың қалыптасуын бастауыш сыныптан бастап қалыптастыратын болса, онда ойы ұшқырланып, айналаны танып білуге деген қызығушылықтары арта түседі. Жазбаша айтылатын ойлар жүйелілігін, ауқымдылығын сақтай отырып, кең мағынада көркем жеткізіледі. Әрине мұндай деңгейде әрбір жеке тұлға жоғары сауаттылық пен терең білім, қалыптасқан білік пен дағдының арқасында жетеді.

Заманауи мұғалім – өз шәкірттерін жетістіктерге, инновациаларға жетелейтін, дүниетанымын арттыратын, ортақ шығармашылыққа шақыратын адам. Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие болаалады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз. Ұстаздық – ұлы ұғымға құрылған мамандық десек, осы кәсіпті жүрек қалауымен қалап, мектебі үшін бар күшін жұмсап, онысын ісімен дәлелдеп жүрген ұстаздарымыз қаншама. Осындай ұйымшылдықпен бір бірімізге деген сенім, ұйымшылдық ұжымның бірлігін артыра түскендей. Сабырлық пен адамгершілікті, мейірімдікті жалпы жұртшылыққа түсіндіріп жеткізушілердің бірі – ұстаздар! «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші барлығымыз қайсар ұстаздарымен олардың білімді шәкірттері тұрғанда барлық қиыншылықты жеңіп шығамыз!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы № исх: 123 от: 01.04.2020.
2. <http://kazatu.kz/kk/education/ distance-learning/>.
3. <https://infor mbur o .k z/k a z/ mektepterde-ashy tan- blm- беру-алай-zhrgzled-ministr-tsndrmes-104198.html> (Мектептерде қашықтан білім беру қалай жүргізіледі? Министр түсіндірмесі) .

ОНЛАЙН ОҚЫТУ: САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Жамбаева Арай Шмырхановна

Келес ауданы, №39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта мектебінің

биология пәнінің мұғалімі

Егеменді еліміздің дамуындағы жаңа бағдарламалар, қоғамны ең жедел ақпараттануы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасымыздың Н.Ә.Назарбаевтың өз Жолдауында «Бізге қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет»- деп атап көрсете отырып, әлемдік білім кеңістігіне енуіне ғылым мен білім, әр түрлі жаңа технологиялар арқылы оқу үрдісін шығармашылықпен ұйымдастыруға еркіндік беріп, ұстаздар қауымының белсенділігін арттыруды міндеттеп отыр. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы дабілімнен басталмақ. Оқушылардың ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейту ұстаз шеберлігіне байланысты. Әсіресе, терең де тиянақты білім беруді ұлағатты тәрбиемен ұштастыруда негізгі пәндердің өзіндік орны ерекше. Бүгінде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты білім беру жүйесіне өзгерістерендіп отыр. Барша халық пен ұлт денсаулығын сақтап қалу мақсатында студенттер, мен оқушылар және мектепке дейінгі білім алушылар қашықтықтан білім беру жүйесіне көшті.


Білім алушылардың қызығушылығын арттыруда қолданылатын тәсілдер: ***Синхронды оқыту*** (Вебинарлар өткізу, ZOOM т.б платформалар) Мұғалім мен білім алушының нақты уақыт тәртібіндегі өзара әрекеттестігі арқылы оқыту (zoom, Teams, Google Meet)

Асинхронды оқыту (Топ, форум (VK, Facebook, WhatsApp, Telegram, Bitrix және т.б) Мұғалім мен білім алушылардың арасындағы байланыс уақыты жағынан сәйкес келмеуінің салдарынан кешіктіріліп жүзеге асырылуы мүмкін оқыту нысаны (Google classroom, online оқулықтар)

Еліміздің төтенше жағдай енгізілгеннен бастап білім беру жүйесінде қашықтықтан білім беру бірнеше әдіспен жүзеге асырылуда. Бірінші әдіс «Еларна», «Балапан» арналары арқылы қашықтықтан білім беру; Екінші әдіс «daryn.online», «bilim-land.kz», «i-mekter» т.б платформалары арқылы білім алу; Үшінші әдіс элеументтік желілер арқылы әр оқушы пән мұғалімдерімен байланысу арқылы қалыптастырушы бағалау мен бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық тапсырмасын орындау арқылы білім алу;

Биология сабағын өтуде электрондық білім беру платформаларының ерекшеліктерін саралай келе сабақ өту барысында тиімді қолдануға болатын сервис түрлері:

1. ZOOM-Бейнеконференциялар мен вебинарлар өткізуге арналған сервис. Биология сабағын өту барысында қатысушылар дауыспен сөйлеуге, бейне көрсетуге мүмкіндігі бар. Мен өз сабағымда үш тілде терминдерді меңгертуде көптеген программаларды қолданып жүрмін. Соның ішінде Quizlet платформасында жұмыс жасадым.




Quizlet бағдарламасы деген не және оның қолданылуы

Кез келген адам басқа пайдаланушылар жасаған Quizlet бағдарламасын зерттеу үшін және өз оқу модульдерін жасау үшін қолдана алады. Сіз сондай-ақ модульдерді достарыңызбен, сыныптастарыңызбен немесе өз оқушыларыңызбен бөлісе аласыз.

Quizlet ке кіріспе

Quizlet бағдарламасына кірісудің ең жақсы жолы - басқа пайдаланушылар жасаған оқу модульдері бойынша іздеу. Оқушылар мен мұғалімдер үнемі жаңа модульдер жасайды, сондықтан қызықтыратын тақырыпқа арналған модульдерді таба аласыздар.



Қашықтықтан оқыту жағдайында мұндай ресурстар мұғалімдерге оңай және қызықты сабақтар өткізуге көмектеседі.

Онлайн сабақта Quizlet бағдарламасының артықшылықтары

«Мұғалімдер үшін» бөлімінде өз оқушыларымен Quizlet пайдаланғысы келетін оқытушылар үшін көптеген пайдалы ресурстар келтіріледі. Бұл бағдарламамен енді жұмыс жасай бастаған, сонымен қатар өздерінің оқушылары үшін тез және тиімді жұмыс жасайтын бағдарлама.	Қосымша мүмкіндіктер алу. Тегін Quizlet тіркелгісімен тамаша нәтижелерге қол жеткізуге болады, дегенмен, екі жазыту пакеті ұсынылған – оқушылар үшін Quizlet Plus және мұғалімдер үшін Quizlet – бұл онлайн сабақты неғұрлым қызықты мазмұнды жасауға мүмкіндік береді, веб-сайтта және қосымшаларда жарнама жоқ, сондай-ақ өз калауы бойынша оқуды реттей алады.	* Мәтін модулі: бейнелерді факультативті қолдану терминдері мен анықтамалары Диagramмалары бар Модульдер: Белгіленген орындары, терминдері және анықтамалары бар суреттер
---	---	---

Онлайн жүйеде қайда болсаңыз да, Quizlet қолдануға ыңғайлы	Қашықтықтан оқытуда оқу модулін құру	Өз модулін жасау сізге қажетті материалға ғана шоғырлануға мүмкіндік береді. Модульдердің екі түрін жасай аласыз:	Сіз Quizlet бағдарламасын iOS және Android үшін тегін бағдарламалар арқылы кез-келген жерде қолдана аласыз.
--	--------------------------------------	---	---

4. **Edpuzzle**- Биология сабағында білім алушылардың орындаған жұмыстарын бақылауға болады. Интерактивті бейне жасауға болады.

5. **Quizlet**- Биология сабағында қолдануға болатын флэш-карталар мен ойындар жасауға мүмкіндік беретін сервис. Білім алушыларға сілтеме бойынша жіберіледі

Whatsapp желісі арқылы білім беру барысында бейнежазбаларды дайындау құрылғылары:

- **Bandicam**- Windows жүйесіне арналған бағдарлама,биология пәні бойынша жасалған экрандағы презентацияны өз дауысыңызбен және бейнені қоса түсіріп жазып алуға арналған бағдарлама.

- **Camtasia**- Биология пәнінен видео сабақтарды интернеттен көшіріп алуға немесе видео онлайнды жазып көшіріп алуға болады.

- **Xcreader**-Егер смартфонңызда жүктелген дайын презентацияларыңыз болса, смартфон арқылы жұмыс жасауға өте ыңғайлы бағдарлама. Жасалған презентацияға аудио дыбыс жазып, көшіріп білім алушыларға ұсынуға болады.

Whatsapp желісінде биология сабағында кері байланыс орнату үшін қолданылатын сервистер:

- Direct Poll**-білімалушылардан бүгінгі өтілген сабақ бойынша сауалнама жасап алуға, рефлексивті дауыс беруге болатын сервис түрі;

- Quizizz**- Биология пәні бойынша тақырыптарға сай викториналар жасауға болады. Мұғалім әр білім алушы бойынша статистика;

- Google forms**- Бұл сервистің көмегімен биология пәні бойынша тест, кері байланыс формасын және сауалнаманы жасауға болады;

Әрбір білім алушы үшін қашықтықтан тапсырмалар жеңіл беріліп, ақыл-ойына оңай қабылдануы керек. Баланың тілін дамытып, өз ойын еркін айтуға үйретуіміз керек. Ал оқуда қиналып, мұғалімнің түсіндіріп жатқан тақырыбын түсінбей жатқан балаға оқу-тәрбие әдістерін қолдану қажет. Әр бала қабілеті әр түрлі біреулері ақылды, тез қабылдағыш, кейбірі нашар қабылдап, айтқан сөздерді есте сақтамай алмай көп қиналады. Қабілетсіз бала болмайды, әр баланың ойы гуманитарлы немесе математикалық бағыттарға қарай бөлініп, өзіне жақын бағытқа қарай тартылады. Спортқа жақын балалар да, оқуда осал бола бермейді. Білім алушылардың жақсы оқуы үшін мақсат, талпынушылық пен ынта қажет. Білім алушының бойында ол қасиеттерді оятушы ұстаз. Осы орайда еліміздің ұстаздарына үлкен, әрі ауыр міндет артылған. К.Д.Ушинский айтпақшы, - Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі. Бүгінгі біздердің ісіміз ертеңгіеліміздің тарихына жазылмақ, еліміздің болашағы мұғалімдердің талпынысына, өз жұмысын жауапкершілікпен орындауына байланысты болып отыр.

Мұғалімдердің білім берумен қатар білім алушы бойында өз ұлтына деген қадірлеу, құрметтеу сезімдерін ояту, сүйіспеншіліктерін дамыту, басқа ұлт өкілдерін сыйлап, бейбітшілікте өмір сүруді үйрету міндеті қос жүктелген. М.Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады»-деп, бекер айтпаса керек. Оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына көмектесу, білім алып, өзінің қабілеттерін ашып, дамытуына жол көрсету – ұстаздың міндеті.[1]

Сондықтан қазіргі кезде оқушыларға қашықтықтан білім беру кезінде оқушының ой-дағдысын, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, дене бітімі мен ақыл-есінің дамуын, оқыту тілін меңгергендігін, жаңа технологияларды қолдана білуін, білім сапасын ескерген жөн.

Қашықтықтан білім беру мектепке дейінгі тәрбие мен орта мектептегі тәрбие жоғары мектептер мен жоғарғы оқу орындарында жаңа міндеттер туғызбақ. Бұл міндеттерді орындау барысында мұғалімнің жұмысы күрделенбек. Бұл жүйе мұғалімдердің ақпараттық құзіреттілігінің жоғары екендігін білдіріп, жалпы қолданыстағы бағдарламалар: Microsoft Word, Microsoft Power Point, Microsoft Front Page, Microsoft Publisher Adobe, Photoshop және басқаларын сабақ барысында кез келген мұғалім қолдана алады. Оқыту барысындағы қолдану аясы өте кең. Оларды көрнекілік ретінде қолдану, өздігімен тұсаукесерлерді өз қолымен жасап, оны сабақтарына пайдаланаалады. Ғаламтордағы дайын жиынтықтарды, сабақтар, ертегілер, флипчард сабақтар мен бейнефильмдерді пайдалануға болады.

Бүгінгі білім алушылардың оқыту бағыттарын қоғам сұраныстарына сәйкес білім алушылардың білімдерін жетілдіру, оқу- тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушыларға балапан арнасы арқылы күнделікті сабақтабалаларға көрсетілім жасап бағыт-бағдар беру, озық іс- тәжірибелерді пайдалану арқылы балалардың ата-анасының қадағалауымен қалыптастырушы, жиынтық, тоқсандық бағалауларды ұсыну негізінде жүргізіледі.

Қашықтықтан оқыту білім алушылардың ғаламторды ұшқыр пайланануға үйретумен қатарата-анасымен балаларының байланысын күшейтті. Өсіп келе жатқан баланың бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтары мен түрлі қабілеттерінің қалыптасуы қоршаған ортасымен тікелей қарым-қатынас нәтижесінде жүзеге асады. Қашықтықтан білім беру оқушылардың топпен жұмыс жасауына, қоғаммен араласуына кедергі келтіруде. Қарым-қатынастың негізгі құралы-сөйлеу. Баланы сөйлеуге үйрету тілі шығып, қажетін сұрай бастаған сәттен басталады. Адам тіліарқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұғалады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып,басқаға ұқтыраалуға тырысады. Тек өзі жұмыс істеген бала өз ойын өзгеге білдіруге қиналып, тұйықталып қалады. Айтылатын ойды ауызша жеткізу әсері болғанымен, қысқа мағынада қалып қояды.

Сондықтан баланың білімін дамытуда бағыт бағдар бере отырып, олардың жеке ерекшеліктеріне, ойлау тіліне қарай дамытуға тікелей ықпал ететін әдіс-тәсілдерді жан- жақты ойластыру қажет. Балалардың дұрыс сөйлеуін қалыптастыру мұғалімнен үлкен жауапкершілік пен шығармашылық ізденісті талап етеді.

Қашықтықтан білім беру аясында:

- Мұғалімдер қашықтықтан білім беру арқылы білім алушылардың бірегей қабілетін дамытуға бағытталған айрықша тиімді әдістерді пайдаланады;
- Отбасын білім беруге міндеттейді;
- Білім алушылардың өмірге бейімдеу, өз бетінше оқып үйренуге баулиды;
- Ойшыл ретінде балалар өздерінің жасаған іс-әрекеттеріне жауап іздеп, жаңаалған білімдері мен бұрынғы білімдерін байланыстырады;

• Кездескен қиындықтарды шешу жолында балаламалы шешімдер қабылдап, қиын мәселелерді жаңалық ашу жолындағы мүмкіндіктер деп қабылдайды.

Қорытындылай келе осы бағдарламалар сабақтарда, әсіресе биология сабағында қолданудың тиімділігі өте зор деп есептеймін. Бұл бағдарламадағы әдістер оқушылардың өзбетінше сабаққа деген қызығушылықтары мен ынтасын, шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын дамытады, оқушылардың, оқудың қандай сатысында тұрғанын көріп, қай бағытта даму керек екенін біледі, әрі қарай өзін жетілдіре алады, «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек».

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет. Бүгінгі білім алушы – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін әр педагог өз пікірін жүйелі түрде жеткізе білетін, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интернет жүйесін пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер. Осы үрдіспен мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 1997
2. К.Сарманова «Тест дайындау тәсілдері» «Қазақстан мектебі» 1999 ж, №9
quizlet.com

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДЫҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ: ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Бақтиярқызы Ақерке
Келес ауданы, №8 «Т.Бегманова» жалпы орта мектебінің
биология пәнінің мұғалімі

«Сапалы білім, саналы ұрпақ-болашақ кепілі»

Хақим, ақын, ағартушы Абай қара сөзінде: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрсемен озады», «Талап қыл артық

білуге, Артық білім кітапта» деп білімге шақырған данышпан біртуар ғұламаның ұрпағымыз. Тарих төрінде тұрған жаңа ғасыр ақыл-ойдың дәуірі. Ал бүгінгідей өскелең заманда білім мен ғылым, технологиясыз мемлекеттің, ұлттың және жеке тұлғаның алға жылжуы мүмкін емес. Бүгінде отандық білім саласының алдында биік мұраттар мен үлкен мақсаттар тұр. Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов өз сөзінде «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім», - деген екен. Білімнің адам өміріндегі алар орны зор. Мемлекеттің де дамып, жетілуі көзі ашық, көкірегі ояу халықтың қолында екендігі аян. Ал халықтың ішінде біздің болашағымыз – жас ұрпақ. Жас ұрпақ мемлекет болашағының кілті–қазіргі жаңа технологияларды меңгерген, сонымен бірге түп-тамырынан ажырамаған, салты мен дәстүрін, тарихын білетін нағыз сапалы азаматтарда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің мәртебесіне ерекше мән беріп «педагог мәртебесін» енгізді. Мемлекет басшысы өз сөзінде «Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу басты мақсат болу тиіс. Сондықтан, білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі»-деп үлкен үмітпен міндет жүктеді. Қазақта «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген сөз бар. Ендеше, баланы тәрбиелейтін мұғалімнің білікті болуы міндет. Сәйкесінше, білікті ұстаздан білім алған сапалы ұрпаққа қол жеткізуіміз әбден мүмкін. Қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екендігі белгілі. Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңашыл білімді, саналы мұғалімінің еншісіне тиері анық.

«Жаратылыстану бағытындағы пәндердің инновация мен үздік тәжірибе арқылы білім сапасын арттыру»

«Бүгінде ІТ мен биотехнология саласындағы революция адамзатты өзгертіп жатыр. Сол себепті білім беру жүйесі реалияларға тез бейімделуді қажет етеді. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативтік потенциалын дамытумен айналысады, цифрлық технологиялар мен нақты ғылымдарды оқытады. Педагогтар оқыту әдістемесін ойын форматына ауыстырып, үнемі жаңа мамандықтар мен дағдыларды ізденеді. Бәріміз Қазақстанды гүлденген, дамыған елге айналдыруға ұмтыламыз. Бұған жетудің кілті- сапалы және қолжетімді, қазіргі заманғы білім. Осы салаға қуатты күш беру маңызды болып отыр», - деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Сапалы білім беру арқылы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру оқытылатын барлық пәндерді қамтитын күрделі үдеріс. Соның ішінде, сандық технологияны, нақты ғылымдарды қалыптастырудағы жаратылыстану бағытындағы пәндердің маңызы ерекше. Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер арасындағы неғұрлым күрделі, терең байланыстарды тағайындау олардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін тиянақты түрде салыстыруды талап етеді. Мұнан өзге пәнаралық байланыстар оқушылардың санасында ғылыми ұғымдардың дұрыс қалыптасуын және оқытылатын теориялардың тереңірек меңгерілуін

қамтамасыз етеді, ғылыми дағдылардың дамуына жағдай жасайды. Ол үшін мұғалім инновациялық технологияларды, тиімді әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ынталандыру қажет. Инновациялық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жана міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін мультимедиялық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табууда. Сабақта техникалық құрал-жабдықтарды, интербелсенді тақта қолдану сабақ үрдісін тиімді қолданумен қатар оқушылардың сабақты жақсы меңгеруіне, үнемделген уақыт оқушылардың өз бетінше білім алуына себеп болады. Өз бетінше білім алу – білім сапасын көтерудің бірден бір жолы болып табылады. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Инновациялық технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде. Инновациялық педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай тандап алады. Бұл технология – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Қазіргі таңда қашықтықтан оқу барысында, нәтижесінде сандық технологияға, инновациялық технологияны терең пайдалануға көшіп жатырмыз. Соған сәйкес оқуға арналған платформаларда жақсы дамуда. Барлық пәннен оқу платформасында видео көрсетілімдер бар. Түрлі ойлау қабілетті дамытатын тапсырмалар қол жетімді. Көру арқылы біз ақпараттың басым бөлігін қабылдаймыз, сәйкесінше бейне көрсетілімдерді көру арқылы тақырып оқушыларға қызық әрі түсінікті болады. Ал тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін сынап, өз өздерін бағалай алады, сол арқылы білмеген мәліметтерімен танысады. Осындай технологияның даму заманында шет елмен тікелей байланысуға мүмкіндік туды, нәтижесінде білім алмасу мүмкіндіктері бар. Осы нәтижелерді пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қасиеттерін арттырып, ынталандырып, жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылықтарын арттырып білім сапасын көтеруге болады.

«Биология пәнінің функционалдық сауаттылығы мен сапасын арттыруда тиімді әдістер мен технологияларды пайдалану»

Қазақстан Республикасы 12 жылдық жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандартында анықталатын түйінді құзыреттіліктер ретіндегі білім беру нәтижелеріне әрбір білім алушының қол жеткізуіне бағытталған проблемалардың шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктер

басты талаптары болып табылады.Сәйкесінше осы стандартқа сай оқу бағдарламасы мен жаңа оқулықтар шықты.Бұл жаңартылған оқу жүйесін спиральды оқу бағдарламасы депте атаймыз.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады.

Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

-оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;

-әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;

-жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Спиральді білім беру бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

-оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;

-спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;

-оқушыларды соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

«Биология » пәні бойынша спиральді оқу бағдарламасын оқытуда пайдаланатын жеті модуль талаптарына сәйкес,тейімді әдістермен оқушыларға жеткізу педагог үшін тейімді.Жеті модуль төмендегідей:

- 1.Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдер
- 2.Оқытуды басқару және көшбасшылық
- 3.Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету
- 4.Оқыту мен оқуда АКТ–ны пайдалану
- 5.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқыту мен оқу
- 6.Талантты және дарынды балаларды оқыту
- 7.Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

Биология пәнін оқытудағы талаптарына сәйкес жеті модульді пайдалану жолдары:

- Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану;
- Жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану;
- Негізгі білімділік ұғымдарды терең меңгерту;
- Оқытудың жаңа технологиясын пайдаланып,

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;

- Топтық негізде іс жүзінде білуде қалыптастыру;
- Тақырыптық зерттеу жүргізу;
- Ойлау, естес ақтау қабілеттерін, өз ойын қорытуға дағдыландыру;
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін жетілдіру, дамыту;
- Шығармашылық тапсырмалар орындату арқылы қабілеттерін арттыру.

- Сын тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.
- Тәжірибе жүзінде білім, біліктілік дағдыларын қалыптастыру;
- Жаңа терминдер мен сөздіктермен жұмыс жасауға дағдыландыру;
- Жаңа технологияларды сабақта пайдалану;
- Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп білім беру.

Осы жеті модульге сәйкес қысқаша тейімді әдіс-тәсілдерді айта кетсем.

Ең алғаш сабақ басталғанда оқушылардың көңіл күйін көтеріп ойын жинақтау мақсатында қолданылатын әдіс-«Лондон жаңбыры». Оқушылар қолдары, саусақтары арқылы дыбыс шығарып, жүріс дыбыстарын шығару арқылы жаңбырдың дыбысын шығару арқылы оқушылардың көңіл күйі көтеріліп, сергіп қалуына болады.

Ал тақырыпты ашуға, жаңа тақырыпты түсіндіруге оқулықты пайдаланып «Стоп-кадр»- әдісін қолдануға болады. Бұл әдісте тақырыптың бір бөлігі көрсетіліп, жалғасын оқушыларға оқулықтың көмегімен, қандай тақырып екенін анықтап, кадрды жалғастыруға болады. Бұл әдістің нәтижесінде АКТ пайдаланылады, сыни тұрғыдан ойлау арқылы талантты балалармен жұмыс жасауға болады.

«Машина құрастыру әдісі»- бұл әдісті кез келген тақырыпқа қолдануға болады. Тақырып бойынша оқушыға машина құрастыруды тапсырылса, оқушы өз ойымен тақырыпты машинаның бөліктерімен байланыстырып, суретін салады. Мысалы: Бүйректің құрылысы тақырып негізінде болса, нефрон-машина моторы деп сәйкестендіреді. Сол арқылы нефрон қызметіне тоқталса болады. Бұл әдіс сыни тұрғыдан ойлау модуліне сәйкес. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясына бағытталған әдістер: өзбетінше тұжырым жасау қабілетін дамыту, пікірталас, білім, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғыдан ойлау - бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор. Демек, бұл әдіс арқылы оқушы, өз ойымен басқалармен бөлісе алады. Қате деген тұжырым болмайды, оқушының ойы, байланыстыру қабілеті бағаланады.

Сабақты бекітуге «Пицца» әдісі және «Кардиограмма»-әдісі арқылы сабақты оқушылардың қалай түсінгенін, көңіл күйлерін жүрек қағысының сызығымен көрсету арқылы білуге болады.

Қорытындылай келе мұғалімдердің алдында тұрған бірден-бір міндет әр түрлі әдіс тәсілдерді, озық технологияны, бағдарламаға сәйкес оқулықты пайдаланып оқушыларға жан-жақты білім беру. Ал алған білімдерін оқушылар керек жерде қолдана алатын, озық ойлы, өзге өркениетті елдермен бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарды қатар меңгерген, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы болып азамат немесе азаматша болса бұл-еліміздің жетістігі. Шәкірт ұстазынан озады демекші мұғалімнің жетістігі шәкіртінің жетістігі. Ал мұғалім шәкірті алған білімін өмірде қолданса ғана –ұстаз бола алады, ал ол үшін әрине, мұғалім ізденісте болып, білімін жетілдіріп отыру қажет. Еліміздің ертеңі

үшін, жастарымыздың жетістігі, болашағы үшін ізденісте боламыз, аянбай еңбек етеміз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан мектебі» ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет белгісі» орденді республикалық ғылыми-педагогикалық журналы №1, 2012 ж., (б.31-32)
2. Ж85 Жуманова Р.М. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу процесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың ерешеліктері. - Шымкент, 2019. - 120б.
3. Егемен Қазақстан.
4. Ұстаз жаршысы.
5. 2021 Вақ.kz АА «ҚазАқпарат» «ХАА»

СЛІЛ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК БІЛІКТІЛІГІН ДАМУҒА БАҒЫТАЛҒАН БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Кулумбетова С.Б.

**Сайрам ауданы, № 68 С.Датұлы атындағы жалпы орта мектебінің
биология пәні мұғалімі**

Заман өзгеруде, бізде өзгеруге тиіспіз. Қарқынды дамыған заманауи өмірде болашаққа нық қадам басу үшін, үштілділікті білу ең қажет дүние деп ойлаймын. Біздің жас мемлекетіміз жаратылыстану пәндері мұғалімдеріне ағылшын тілін үйрету үшін миллиондаған қаражат бөлуде. Себебі қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және өркениеттік қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған көрінеді. Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан бізде өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Әлемдегі қарқынды жаһандану, ақпараттық ауқымды ағыны қазіргі таңдағы адамнан ағылшын тілін жақсы білуді, сондай-ақ қажетті ақпаратты іріктеу, талдау, жүйелеу мен есте сақтау саласында дамыған дағдыларының болуын талап етеді. Аталған дағдыларды дамытудың негізін мектепте оқу кезеңінде қалаған дұрыс.

Соған байланысты пәндерді (жекелеген, сондай-ақ толық циклды) халықаралық қарым-қатынас тілі – ағылшын тілінде оқытуға көшіру ойға

қонымды, қисынды, уақыт талабына жауап беретін қажеттілік ретінде қарастырылады.

2015-2020 жылдарға арналған Үштілділікті дамытудың жол картасына сәйкес білім беру ұйымдарында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізу жоспарланады.

Бұған ең оңтайлы жоғары мектептің 7-11 сыныптары, себебі ерте жетілу кезеңінде (14-18 жас) есте сақтау, логикалық жадымен байланысты оқушыларда аса маңызды өзгерістер орын алады. Бұл баланың тұлғалық және зияткерлік дамуына көп көмектеседі.

Жаратылыстану-математика бағытындағы мұғалімдер жаңа стратегиялар мен педагогикалық технологияларды талап ететін оқушылардың сапалы дайындығына баса назар аударулары қажет. Жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді, кіріктірілген оқыту жүйесі арқылы пәндерді оқытуда жаңа оқу жоспарлары мен тәсілдер әзірленуде, ал білім берудің жаңаруы оқуды дәстүрлі емес әдістер, формалармен ұйымдастыруды қажет етеді. Ағылшын тілін меңгеру біздің балаларға не береді?

Ағылшын тілін меңгеру арқылы біздің балаларымыз өздеріне қажет көптеген ақпаратты еркін қабылдай алады. Бұл дегеніміз әлемнің ең жақсы жоғарғы оқу орындарында білім алу. Ағылшын тілін меңгеру арқылы оқушыларға бүкіл әлемнің есігі ашық болады. Себебі ағылшын тілінде миллиардқа жуық адам сөйлейді.

Оқушыларға қиын болмау үшін бірінші мәтінді ана тілінде түсіну, орыс тілінде аударып отырып, ағылшын тілінде мағынасын ашу. Биологияны ағылшын тілінде оқыту оқушы үшін тиімділігі жоғары. Өйткені көптеген ұлы ғалымдардың еңбектері мен қолжазбалары ағылшын тілінде жазылған. Ағылшын тілін жақсы меңгерген оқушы ғалымдардың еңбектерін сабақ барысында қолдана алады.

«CLIL» үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі

Тіл емес пәндерді басқа тілде оқыту әлімнің бірнеше мемлекеттерінде ұтымды жүзеге асырылып келеді. Мектептерде ағылшын тілдерінен басқа да қытай, жапон, француз, орыс тілдерін үйретіп жоғары жетістіктер көрсетіп отырған Еуропалық елдер де бар.

Тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқытуда тиімді әдістердің бірі “Content and Language Integrated Learning” деп аталады. Бұл ұғымды алғаш рет Дэвид Марш 1994 жылы ойлап тапты, көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді, семинарлар өткізілді, педагогикалық тұрғыдан дамыды, тек қана 2001 жылы CLIL термині енгізілді. Бұл ұғым Қазақстанға Болондық жүйесі бойынша 2010 жылдан бастап енгізілді, CLIL - әдісі бізге үлкен өзгеріс әкелді, өйткені барлық оқу орындары (университет, колледж, мектеп) кіріктірілген білім беру әдістін қолдана бастады. Мен бұл ұғыммен Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің видео дәрістерін тыңдаған кезде таныстым. Назарбаев Университетінің PhD студенті Лаура Қарабасованың «CLIL - Қазақстандағы Үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі» атты дәрісін тыңдап, өзіме қажет көптеген ақпараттар алдым. Осы әдісті тәжірибеде қолдану технологияның оң тұстарын айқындауға мүмкіндік беретінін түсіндім. CLIL әдісінің ең негізгі оң тұстарының бірі екінші тілді

меңгеруге оқушының талпынысы болып табылады екен. Бұдан басқа оқушы екінші тілде оқи отырып, оның мәдениетін тереңірек білуіне мүмкіндік алады. Пәнді оқи отырып, оқылып жатқан тақырыптарға сай терминдерді қайталау барысында, оларды өз ой пайымдауларында қолдана отырып, оқушының белгілі пән бойынша сөздік қорының молаятындығына дәрісті тыңдай отырып, көзім жетті. Тілдік дағдыны қалыптастырумен қатар CLIL әдісі мұғалімнен сабақтың өтілуіне байланысты жаңа тәсілді талап ететін технология болып табылады.

CLIL әдісін қолданудың барысында мақсаты пәнді басқа тіл арқылы оқу. Ғалымдар әдістің ерекшелігі тілді жай екінші тіл ретінде мақсатсыз оқудан гөрі белгілі материалды игеру мақсатында оқу айтарлықтай нәтиже беретіндігін дәлелдеген. Бұл үйренушіге мақсаттылық және мотивация, материалды игеруге қызығушылық береді. Кейбір тіл үйренушілер грамматиканы оқудан жалығады, әсіресе оқушылар грамматиканы есте сақтауды жақсы көрмейді, сондай жағдайларда CLIL әдісі оқушының ағылшын тілін меңгеруіне көмектесе алады. CLIL әдісін пайдалану ұстаздан тіл және контентті игерту мақсатында алдын ала дайындықты талап етеді.

Биология сабақтарының жаттығулары оқушыларды жандандыру, сыныпта жұмыс істеуге ынталандыратын алғы шарттар құрудан басталады. Бұл үшін сабақтың warming-up кезеңінде келесі жаттығуларды қолданамыз.

Why do some people need to use dialysis machine?

Неге кейбір адамдар диализ аппаратын қолданады?



Сабақтың келесі кезеңі «Vocabulary. Workwithterms». «Ағылшын тілін қолдану» лексикалық дағдыларды қалыптастыру әдісін қолданамыз. Жаңа сөздерді жаттау: оқушылар сөздерді оқиды, сөздіктерге жазып алады. Берілген лексика оқушылардың күнделікті сөздік қорына кіреді, себебі бұл биология сабақтарында жиі қолданылатын сөздер жиынтығы болып табылады. Терминдермен жұмыс істеу үшін PowerPoint презентациялары, бейне және тағы басқа ақпарат көздері қолданылады.

Task1. Терминдермен жұмыс істеу үшін <https://quizlet.com/> ресурсы қолданылады. Оқушылар терминдердің айтылуын тыңдап, бірге қайталайды.

Terminology. https://quizlet.com/_7tauly?x=1qqt&i=2e

English	Russian	Kazakh
dialysis	диализ	диализ
kidney	почки	бүйрек
kidneystones	камни в почках	бүйректегі тастар
nephron	нефрон	нефрон

Кестені толтырыңыздар

English	Kazakh	Russian
---------	--------	---------

Connective tissue		Соединительная ткань
		Покровная ткань
Epithelial tissue		Эпителиальная ткань
Function		Функция
	Негізгі ұлпа	

Anagrams

Тапсырма/Задание	Жауабы/Ответ
evnis	
ratrseie	
ehtar	

Оқушылардың биологиялық терминдерді, анықтамаларды, өсімдіктер атауларын есте сақтау сапаларын тексеру, алған білімдерін бекіту мақсатында терминологиялық, графикалық, цифрлік диктанттар өткізіледі. Олардың басты ерекшеліктері - оларды өткізу көп уақытты алмайды. Мысалы, оқушыларға бір тақырыппен байланысқан бірнеше түсінік беріледі, әр түсінікке анықтама беріп, жазып алу керек.

Task KEY TERMS

Centrosome - an organelle, which plays a role in cell division

Cilia - is a short structure, used for movement

Endoplasmic reticulum - a network of membranous tubules in the cytoplasm of cell;


Task Work with terms.

1. magnification -
2. micrographs -
3. giardia -

Венн диаграммасын қолдану оқушылардың ұқсастық пен кемшілікті тез таба білу қабілеттерін дамытып, таңдалған тақырып жөніндегі деректерді жүйелейді. Бұндай тапсырмаларды орындау барысында әр оқушы зерттеуші болады, ал бұл оқу үлгерімі жоғары оқушыларға да, төмен оқушыларға да ұнайды. Бұл іздеу, жүйелеу, анализ жасау, жасалған, ойластырылған таңдауды достар арасында талқылауға салу, өз ойың қорғау, жаңа әрі қызықты жауаптар таба білу секілді қабілеттерді дамытады. Бұл әдіс оқушыны дамытуға бағытталған, оның негізгі көрсеткіштері бағалау, жаңа ойларға ашық болу, өз пікірінің болуы және өз ойларын пайымдау болып табылады.

Task Carbon and nitrogen cycles

Complete the Venn diagram to compare and contrast the cycle of carbon and nitrogen.



Оқу материалын түсіну деңгейін тексеру әдістерінің бірі - «**Trueorfalse**» тесті.

Одним из способов проверки уровня усвоения учебного материала учащимися является тест «**Trueorfalse**»

Task1.

True or False

1. The rough ER is studded with ribosomes-T
2. The smooth ER is studded with ribosomes- F
3. Only plant cells contain chloroplasts-T
4. Both plant and animal cells contain chloroplasts- F
5. Both prokaryotes and Eukaryotes have a plasma membrane-T
6. Animal cells have a cell wall-F

Ұғымдардың анықтамаларын, дұрыс жазылуын жаттау мақсатында біз кроссворд, чайнворд т.б. секілді логикалық ойлауды дамытатын әрі қызықты жаттығуларды қолданамыз. Олар оқушылардың белсенділігін арттырып, биологиялық терминдер мен ұғымдарды есте сақтауын қамтамасыз етеді, логикалық ойлауын дамытады, биологияны оқуға деген қызығушылығын оятады, өзбетімен жұмыс жасауға дағдыланады.

Әрқашан осындай озық тәжірибемен жақсы шәкірт дайындап шығу әр мұғалімнің арманы. Армандар орындалып жатса оқушының да, мұғалімнің де, мектептің де, тіпті мемлекеттің болашағы жарқын болмақ. Елбасы Н.Ә.Назарбаев білім саласына ерекше көңіл бөле отырып, «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар, Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер Қазақстан сол деңгейде болады» — деген болатын. Олай болса, жоғарыда Елбасы айтқандай, білім сапасын өзгертуге оң нәтижесін беретін біліктілікті арттыру — оқушыларды сыни ойлату, сапалы білім беру әр ұстаздың басты мақсаты мен міндеті болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2.«Ағылшын тілінде сөйлеуді үйренейік» атты оқу бағдарламасы-2009ж
- 3.Ақиқит. 2011жыл, №4. «Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл», ф.ғ.к. М.Салқынбаев.

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Карнакбаева Инабат Омирбековна

Созақ ауданы, С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің география пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жастарға білім беруді жетілдіруге айрықша көңіл бөлінген. Елбасы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ, балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы аса маңызды», - деп атап көрсеткен болатын [1].

Мемлекеттік саясат еліміздің экономикасын жақсарту және одан әрі өсіру үшін білім беру саласына ерекше назар аударып отыр. Сондай-ақ, адам капиталын қалыптастыруды, атап айтқанда, өздігінен және шығармашылық тұрғыда кәсіби міндеттерді шеше алатын, қызметтің тұлғалық және қоғамдық мәнін саналы түрде ұғынатын, оның нәтижесіне жауап бере алатын құзыретті, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін жаңарту негізгі бағыт болып анықталған. Сондықтан, қазіргі кездегі қоғамның дамуына тән білім беру жүйесін жетілдіру болып табылады, бұл өз кезегінде өзін-өзі жүзеге асыруға, басқаруға, реттеуге, қоршаған ортада әлеуметтенуге қабілетті тұлға тәрбиелеумен, заманауи өркениеттегі адам рөлінің жоғарылауымен байланысты және тұлғаның дамуына ықпал ететін өзіндік ішкі механизмдері: өзін-өзі тану, анықтау, мен дамытуды белсендендіру – білім беру үдерісінің басты мақсаты болып табылады.

Жалпы орта білім беру сапасын арттыру мақсатында білім беру жүйесінің даму бағыттарын, даму траекториясын айқындау және соның негізінде күтілетін нәтижеге бағытталған, құзыреттілік тұрғысынан қол жеткізуге бағытталған білім беру жүйесін жетілдірудің қажеттілігі арта түсуде.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, «География» пәні «Жаратылыстану» білім саласына енгізілген мектептің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде міндетті түрде оқытылатын пән. «География» пәнінің білім мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

Мектептегі география пәнінің ғылым негіздерін оқыту пәні ретінде, оқушылардың дүниетанымдық ғылыми көзқарасын қалыптастыруда үлесі зор. Оқушылардың меңгерген ғылыми білімі дүниетанымның бір бөлігі болуы үшін география пәні әр тұлғаның қоршаған ортаның нақты жағдайымен

қарымқатынаста және байланыста болуында, бұл қарым-қатынастарды реттеуде және ұйымдастыруда, олардың мағынасын түсінуде бағыттаушы рөлін атқаруы тиіс.

География – Жер-адам өмір сүретін ғаламшар ретінде тұтас көзқарас қалыптастыратын оқу пәні және оқушылардың бойында жалпы мәдениет пен экологиялық мәдениетті қалыптастыруда негізгі орынды иеленеді. Сонымен қатар, барлық деңгейдегі басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін де қажет. Шаруашылықтың тиімділігін арттыру және халықтың әл-ауқатын жақсартуда да география ғылымы қажет. Географиялық білім көптеген ақпарат көздерінен жинақталған деректерді кіріктіруді, тілдесудің халықаралық тілінің бірі – географиялық картаны дұрыс қолдануды үйретеді [2].

Географиялық білім заманауи әлемнің және адамзаттың тұтастығы туралы саналы түсінік береді. Оқушылар өздерін қоршаған материалдық, рухани және мәдени құндылықтарды, сондай-ақ адамның кеңістікте өмір сүруінің мәнін дұрыс түсінулері үшін, белгілі деңгейде географиялық білім мен түсінік жинақтаулары тиіс. Сонымен қатар, география пәнінің басты мақсатының бірі экологиялық білім беруді жетілдіру болып табылады.

География сабақтары арнайы кабинеттерде жүзеге асырылады және картографиялық, көрнекілік құрал-жабдықтардың, аспаптар мен жалпы қолданыс құралдарының, көрнекілік және басқа құралдардың, интернет ресурстардың, техникалық оқыту жабдықтарының болуы қамтамасыз етіледі.

Географияның перспективті кабинетінде электрондық оқыту жүйесі болуы қажет (ЭОЖ), ол өз кезегінде «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының жеке тақырыптарын оқытуда орбитальды кешендермен байланысты жүзеге асыруға, ғаламшар аймақтары бойынша виртуалды саяхат жасауға мүмкіндік береді. Ғарыш аймағына ие болушы елдердің оқушылары («Байқоңыр» ғарыш айлағы) осындай мүмкіндікке ие болуы қажет.

Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқу әдебиеттерімен қамтылуы. Мектеп кітапханасының қоры білім беру ұйымдарының білім алушыларының контингентіне сәйкес құрастырылады. Еліміз бойынша оқулықтармен қамтылған жалпы оқушылар саны 98% құрайды. ҚР БҒМ мәліметтері бойынша, білім беру ұйымдарының республика бойынша жалпы санына шаққанда, 88,9%-да кітапханалар жұмыс істейді. Кітапхана қажетті ақпараттың көзі ретінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Осыған орай, «білім қоймасын» баспа түрінде, электрондық оқу құралдары түрінде де қажетті ресурстармен лайықты түрде қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет [3].

Педагогиканың дамуы көптеген жылдар бойы оқу мен тәрбиенің жаңа құралдарының, формаларының және әдістерінің ашылуымен сүйемелденіп отырады. Оқу мен тәрбиенің үдерісін ұйымдастыруға бағытталған жаңа амалдар мен көзқарастар, әлеуметтік шарттар мен талаптардың өзгеруіне жауап ретінде туындайды. Бүгінде әрбір педагог оқу үдерісін жетілдірудің, оқушылардың қызығушылығы мен оқу үлгерімін арттырудың аса тиімді жолдарын іздейді.

Қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің география пәні мұғалімдері жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы аясында

педагогикалық технологиялардың келесі түрлерін қолданады: жобалық жұмыс, проблемалық оқыту, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, тұлғалық бағытталған оқыту, модульдік технология, бейімдеу технологиясы, Ж.А. Караевтың технологиясы, И.С. Якиманскаяның технологиясы, П. Гальпериннің білімді кезеңмен қалыптастыру технологиясы, әрдеңгейлі технология, Шаталовтың технологиясы, Монаховтың технологиясы, ақпараттық коммуникативтік технология, денсаулық сақтаушы технология, биоинформатика және синергетика (БИС), қауымдастыққа оқыту, оқытудың интерактивті әдістері, кіріктірілген оқыту технологиясы, оқытудың саралау мен тұлғаландыру әдістері, М.М.Жанпейсованың модульдік технологиясы [4].

Сабақ өткізудің дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқыту барысында мектеп оқушыларын оқытудың заманауи құралдарының рөлі өте зор. Алайда, оқулық пен атлас оқытудың негізгі құралы болып қалады. Бірақ, білім берудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқыту құралдарының басқа да көптеген түрлерін: бағдарламаларды, әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстарды, оқушыларға арналған арнайы дәптерлерді, көрнекі құралдарды, бір сөзбен айтқанда оқу-әдістемелік кешенін қолдану қажет. Оқу-әдістемік кешенімен қоса оқытудың басқа да құралдарын: аудиовизуальды, экрандық-дыбыстық, әртүрлі интерактивтік құралдарды (мультимедиялық энциклопедиялар мен нұсқаулар, бейінделген бағдарламалық-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар, тесттер), сонымен қатар оқытудың заманауи технологияларын, ақпарат көздерін, білім берудің сандық ресурстары мен құралдарын қолдану керек.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде географияны оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін, білім сапасын көтеруге мүмкіндік беретін заманауи технологиялардың түрлері өте көп. Бұл технологиялар оқу уақытын тиімді пайдалануға және сабақ барысындағы іс-әрекеттің өнімді болуына, көптеген нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндік береді.

Жобалау әдісі. Бұл әдістеме бойынша жұмыс істеу оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік бағытты таңдауда саналылық танытуға мүмкіндік береді. Мұғалімнің де, оқушының да табысты болуына мүмкіндік беретін тәсіл – жобалау әдісі:

- өзінің оқу іс-әрекетін (мақсатын, міндеттерін, бағытын, әдіс-тәсілдерін) жоспарлайды;

- өзінің оқу іс-әрекетінің нәтиесін алдын-ала болжайды;

- алдына қойған мақсатқа жету барысында туындаған қиындықтарды жеңу үшін, өзінің психологиялық және дене күштерін шоғырландырады.

Оқытудағы зерттеу әдістері. Бұл әдістің көмегімен оқушылар білім қорын өз беттерінше толықтыруға, мәселені тереңірек зерделеуге және дүниетанымдық көзқарастың қалыптасуында маңызды рөл атқаратын мәселені шешудің жолдарын ұсынуға мүмкіндік алады. Оқытудағы зерттеу әдістері әр оқушының дамуның жеке траекториясын анықтау үшін өте маңызды.

Проблемалық оқыту дегеніміз – белгілі әрекеттерді талап ететін есептердің, тапсырмалардың, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің түрлері. Кез келген сұрақ проблемалы болмайды және сұрақтың дайын жауабы

болмайды, сұрақтың жауабын оқушы іздеуі тиіс. Проблемалық сұрақ оқушының жас ерекшелігіне, шамасына сай болуы, баланың сана-сезіміне қиындық туғызуы тиіс. Оқушыға дайын білім берілмейді, одан өз бетінше іздену арқылы проблеманың дұрыс шешімін табу талап етіледі. Бала өз білімін іштей талдап, жауап беруге жеткіліксіз екенін түсінгенде, жауап беру жолдарын іздеуге кіріседі. Ол сұрақтың жауабын өз бетінше іздеу арқылы жаңа білімді меңгереді және сұрақты шешу жолдарымен танысады. Сонымен оқу барысында проблемалық жағдай туғызу және оқушылардың оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару болып табылатын оқыту түрі. Оқытудың бұл түрін қолданудың нәтижесінде оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеруі, ойлау, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту жүзеге асады, яғни оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Лекциялық-семинарлық сынақ жүйесі. Аталған жүйе негізінен 10-11-сыныптарда қолданылады, өйткені бұл әдіс оқушылардың болашақта жоғары оқу орындарында білім алуларына көмектеседі. Лекциялық-семинарлық сынақ жүйесі оқылған материалды бөлімдерге жинақтауға және оны біртұтас материал ретінде көрсетуге, сонымен қатар бақылауды оқушылардың дайындығы бойынша өткізуге мүмкіндік береді

Денсаулық сақтау технологиялары. Бұл технологияларды қолдану оқытудан жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін әртүрлі тапсырмаларды сабақ барысында біркелкі бөлуге, ойлау әрекетін түрлі ойын, демалыс түрлерімен кезектестіруге, күрделі оқу материалының берілу уақытын анықтауға, оқушылардың өз беттерінше орындайтын тапсырмаларының уақытын белгілеуге, оқытудың техникалық құралдарын нормаға сай қолдануға мүмкіндік береді [5].

Жоғарыда берілген технологияларды жеке немесе бірлестіріп қолдану – оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған мұғалімдердің білім беру үдерісіндегі шығармашылық амалдарының нәтижесі.

Сонымен, жалпы білім беретін мектептерді мамандармен қамтамасыз ету, мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту және мұғалімдердің білімін жетілдіру жұмысын белсендендіру қажет.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында алдымызға қойған жаңа міндеттер білім сапасын қамтамасыз етуде жаңа тәсілдерді талап етеді.

Географиялық білім берудің жаңа мазмұнын анықтаудағы негізгі идеологиясы – географияның мектеп курсының оқу бағдарламасын күрделендіру емес, мектеп бітіруші кейіннен өзі таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыратын болашақ кәсіби қызметінің әртүрлі салаларында географиядан алған білімдерін пайдалану.

Бұл білім берудегі технологиялық мәдениеттің деңгейін көтеруге ықпал ететіні сөзсіз, бұл әсіресе жоғары дамыған мемлекеттердің біліміне тән.

Қорыта келе, елімізде жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасын негізге ала отырып, география пәнін оқытуды дамыту бойынша, келесідей ұсынымдар ұсынатын едім:

- жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жағдайында географияны оқытудың жаңа мазмұнын, әдістерін және технологияларын анықтау;
- білім беруді дамытудағы қазіргі жағдайда география пәні мұғалімінің рөлін анықтау;
- мұғалімнің жоғары рөлін, отандық географ-ғалымдардың жетістіктерін тек мамандандырылған баспасөз беттерінде ғана емес, сонымен қатар орталық баспасөз басылымдарында насихаттау;
- жаңа білім беру технологияларын енгізу, жетекші географ ғалымдардың, білім беру ұйымдарының география мұғалімдері мен жаңашыл педагогтердің тәжірибесін тарату және насихаттау;
- білім алушылардың білімін бақылау жүйесін жетілдіру;
- оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту, географиялық білім беруде АКТ пайдалануды жандандыру;
- нақты өмірлік жағдаяттарға негізделген мектеп оқулықтарындағы тапсырмалар мен сұрақтар санын арттыру;
- жоғары оқу орындарында география пәні мұғалімдерін дайындауды, педагог мамандардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесін жетілдіру;
- инновациялық технологиялар аясында дарынды балалармен жұмыс жүйесін жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы// <http://oblsot.zhambyl.kz/>.
2. Мазбаев О.Б., Асубаев Б.К., Аблеева А.Г. География: электрондық оқулық. Алматы: Ұлттық ақпараттандыру орталығы (ҰАО), 2008.
3. Қаратабанов Р.А. Методические рекомендации по разработке учебной программы по предмету «География», филиал «Центр образовательных программ» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», март 2015 г.
4. Карбаева Ш.Ш. Мектептегі бағдарлы оқыту үрдісінде оқушылардың әлеуметтік-экологиялық біліктерін қалыптастыру (жаратылыстану пәндерін оқыту мысалында): автореферат / Ш.Ш. Карбаева. - Алматы - 2008. - 23 б.
5. Методика преподавания географии .Учебно-методическое пособие для вузов.Составитель О.Ю. Сушкова.Издательско-полиграфический центр Ворошнежского государственного университета, 2014. - 34с.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Парпиева Жанерке Сұлтанбердіқызы

Созақ ауданы, Т.Момбеков атындағы жалпы орта мектебінің география пәні мұғалімі

Қазіргі жағдайда мектепте білім беру процесін құрудың негізгі қағидасы оқушының жеке басын дамытуға, оны нәтижелі оқуға, білім беру қажеттіліктерін, танымдық қызығушылықтарын және болашақ кәсіби қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іс-қимыл тәсілдерімен қаруландыруға бағытталған. Сондықтан мектептің негізгі міндеті ретінде оқушының жеке басының дамуына ықпал ететін білім беру ортасын ұйымдастыру міндеті қойылады. Қойылған міндетті шешу педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Қазақстанда білім беруді дамытудың өзекті тақырыптарының бірі педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру болып отыр. Бұл, ең алдымен, орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мұғалімнің кәсіби дайындығына қойылатын талаптардың артуына байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, білім беру бағдарламасын оқыту әдістемесін бір мезгілде жетілдіруге жаңарту білім беру стандарттарын жаңарту тиімділігін төмендетеді (1, 5-б.).

Білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды шарты мұғалімді даярлау, оның философиялық және педагогикалық ұстанымын, әдіснамалық, дидактикалық, коммуникативтік, әдістемелік және басқа да құзыреттерін қалыптастыру болып табылады. Жаңа оқу бағдарламалары бойынша жұмыс істей отырып, мұғалім дәстүрлі технологиялардан дамытушы, тұлғаға бағдарланған оқыту технологияларына көшуді жүзеге асыруға, деңгейлік саралау, құзыреттілік тәсіл, "оқу жағдайлары", жобалау және зерттеу қызметі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, оқытудың интерактивті әдістері мен белсенді нысандары негізінде оқыту технологияларын пайдалануға тиіс.

Мұғалімнің кәсібилігі мен педагогикалық шеберлігінің ажырамас бөлігі оның кәсіби құзыреттілігі болып саналады. Кәсіби құзыреттілік дегеніміз-сәтті педагогикалық қызмет үшін қажетті кәсіби және жеке қасиеттердің жиынтығы. Сондықтан мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ұғымы оның педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігін білдіреді және оның кәсібилігін сипаттайды.

Мұғалімнің кәсіби шеберлік дәрежесі, оның шығармашылық «Менінің» ерекшелігі немен анықталады? Үнемі дамыған кезде ғана ол уақыт пен мамандық талаптарына жауап бере алады, тіпті кейбір жағынан олардан асып түседі. Ежелгі қытай ойшылы Конфуций: «Ескіге бет бұрған адам жана нәрселерді аша алады, ол мұғалім бола алады» деген.

Кәсіби құзыретті мұғалімді педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асыратын, студенттерді оқыту мен тәрбиелеуде тұрақты жоғары нәтижелерге қол жеткізетін мұғалім деп атауға болады. Кәсіби құзыреттілікті дамыту-бұл шығармашылық даралықты дамыту, педагогикалық инновацияларға сезімталдықты қалыптастыру, өзгертін педагогикалық ортаға бейімделу қабілеті. Қоғамның әлеуметтік - экономикалық және рухани дамуы мұғалімнің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты.

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты-жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сәйкес келу, қоғамда әлеуметтік бейімделуге, еңбек қызметін бастауға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті өз елі азаматының жан-жақты дамыған жеке

басын дайындау. Еркін ойлайтын, өз қызметінің нәтижелерін болжайтын және білім беру процесін модельдейтін мұғалім мақсаттарға жетудің кепілі болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың көптеген компоненттері бар. Орта білім беру мазмұнын жаңарту идеяларын жүзеге асыру үшін қажетті нәрселерге ғана тоқталғым келеді.

География мұғалімінің кәсіби құзыреттілік жүйесі-бұл дүниетанымдық сипаттағы географиялық мазмұнның ерекшелігімен және географиялық таным процесінің ерекшелігімен делдал болатын кәсіби қызмет саласындағы сипаттамалардың жиынтығы. ЕҚТА нәтижелі базасының мазмұнында білімнің өлкетану сипатын, оның геоэкологиялық және практикалық бағыттылығын, елтану құрамдасын, картографиялық сауаттылығын, сабақтан тыс және оқудан тыс қызмет түрлері мен түрлерін ұйымдастыруға дайындығын ашу маңызды. Осы ұстанымдарды ескере отырып, үш блоктың келесі міндеттері арнайы пәндік географиялық профильді нақтылау үшін негіз бола алады:

- қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы оқиғалар мен құбылыстардың географиялық аспектілерін түсіндіру, талдау және бағалау үшін географиялық ғылымдардың ұғымдық-категориялық аппаратын қолдану; географиялық тілді пайдалана отырып, әртүрлі көзқарастарды түсіндіру, пікірталастар жүргізу, нанымдарды қалыптастыру;

- білім беру үдерісінде географиялық ақпараттың заманауи құралдарын (ғарыштық суреттер, анаморфты карталар, стихиялық және қолайсыз құбылыстар карталары және т. б.) қолдану, қажетті ақпаратты картаға түсіру, статистикалық материалдарды талдау және географиялық түсіндіру;

- оқу үрдісінде өз өлкесін географиялық танудың әртүрлі әдістерін қолдану, өңірдің географиялық ерекшелігін негіздеу, қалалық және ауылдық жерлерде (жалпы білім беру деңгейінде және сабақтан тыс іс-әрекетте) үйірме және оқу сабақтарын, көшпелі экскурсияларды, жорықтар мен жасөспірімдердің зерттеу қызметін ұйымдастыру және өткізу үшін объектілерді іріктеуді жүргізу.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі - оның адамды, ерекше қауіпсіздік пен сыйластыққа, тануға, сүйіспеншілікке қажеттілік иерархиясына ие ерекше индивидуалдылық және жоғары құндылық ретінде бейнелейтін гуманистік психологияны толық қабылдауы.

Жеке тұлғаның жоғары қажеттілігі - оның мүмкіндіктерін іске асыру қажеттілігі. Адамдардың көпшілігі ішкі талаптарға сай болуға, қоғам талап ететін тұлға болуға ұмтылады. Толық жұмыс істейтін адам барлық білім көздеріне ашық, мінез-құлқына оның табиғатына сәйкес келетін нұсқаларын таңдай алады. Ол өзгеруге ашық және жеке өсуге, өзін-өзі дамытуға дайын.

Ұжымда ынтымақтастық ортаны, қолайлы моральдық климатты құру, баланы сол қалпында қабылдау, оған деген оң көзқарас оқушылардың сенімін, жауапкершілігін, белсенділігін тәрбиелеуге ықпал етеді және оларды ішкі көзқарасқа, рефлексияға бағыттайды. Бала өзінің жаман қылықтарына қарамастан, оны жақсы көретінін және қабылдайтынын білуі керек. Сонда ол өзіне сенімді және жағымды дами алады. Қазіргі заманғы оқыту мен оқу әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне ерекше назар

аударарды, өйткені мұғалімнің бұл қажеттіліктерді қанағаттандырудағы жетістігі оқушылардың жетістіктеріне жағымды әсер етуі мүмкін.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі баланың жеке басын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. Мұғалім тек дайын білімдердің аудармашысы ғана емес, сонымен қатар активатор және катализатор болу керек екенін түсіну маңызды. Мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттесуге баса назар аударылды. Оқушылар бағдарламаны түсінуі үшін олар ақпаратты пассивті тұтынбай, оқу процесіне белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерін өңдеуге және дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін іс-шараларға қатысу мүмкіндігі өте маңызды.

«Нашар мұғалім шындықты үйретеді, жақсы мұғалім оны қалай табуды үйретеді», - деп жазды неміс мұғалімі А.Дистервег. Осыған байланысты оқушылардың оқу мотивациясының әр түрлі түрлерінде мұғалім бағдарының қажеттілігі айқын. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, түрлі ақпарат көздерімен және анықтамалық материалдармен жұмыс істеуге, цифрлық технологияларды қолдануға үйрету қажет.

Заманауи мұғалім оқушылармен жұптық және топтық жұмыстың әртүрлі формаларын қалай қолдануға болатындығын үйренуі керек. Оның шеңберінде тілдік қарым-қатынас дағдыларын дамыту (тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу) жүреді. Дәлелдеу, зерттеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытатын осындай жұмыс әдістерін қолданыңыз.

Критериалды бағалау жүйесін нақты түсіну және сауатты қолдану сонымен қатар мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың білім жетістіктерін бағалаудың қазіргі тәжірибесіне өзгерістер енгізу негізін анықтайды. Бұл бағалау процедураларының сапасын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр оқушының дайындық қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Қазақстан үшін критериалды бағалаудың жаңа жүйесі оқушыны дамытуға, оның оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруға бағытталған.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны стандарттармен, процестермен, құралдармен және бағалау нәтижелерімен анықталады. Критерийлерді бағалау - оқыту мен бағалаудың өзара байланысының принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады; объективтілік, сенімділік және негізділік. Критерийлерді бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады және оқу бағдарламасының мақсаттарымен және күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты. Ол анық және ашық ақпарат береді, білім беру процесіне барлық қатысушылардың қатысуы мен жауапкершілігін арттырады. Мұндай бағалаудың нәтижелері білім беру жүйесінің, мектептердің, мұғалімдер мен оқушылардың даму бағытын анықтайды. Мұғалім қалыптастырушы және жиынтық бағалауды түсінуі керек, бағалаудың әр түрі бойынша процедура бойынша нұсқаулықты мұқият оқып шығуы керек.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды критерийі - білім беру мазмұнын жаңарту аясында жоспарлау түрлерін түсіну. Оқыту және оқу екі бөлек іс-әрекет емес, бір процестің өзара байланысты элементтері екенін түсіну

маңызды. Мұғалімдер оқытудың қалай жүретінін және өздерінің оқу практикасын қалай жақсартуға болатынын түсінетін болса, соғұрлым ол оқытудың тиімділігіне ықпал етеді.

Оқыту мен оқытудың заманауи әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруге ерекше назар аударады, өйткені мұғалімнің оларды қанағаттандырудағы жетістігі оқушылардың үлгеріміне оң әсер етуі мүмкін. Мұғалімдер сабақты тиімді жоспарлау арқылы оқу бағдарламасының да, оқушылардың да қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сабақтың мақсаттарын, оның күтілетін нәтижелерін сауатты ойлау, оларды жүзеге асыру үшін белсенді жұмыстың көптеген стратегиялары мен әдістерін қолдану, уақытты басқаруды сақтау, деңгейлік саралауды есепке алу және оқу процесін түзету үшін үздіксіз формативті бағалау, оқушылардың білім сапасын арттыруға әкеледі. Күнделікті өзін-өзі көрсету және өзін-өзі бағалау, жақсарту мақсатында оқыту туралы ойлау мұғалімнің рефлексиялық және бағалау құзіреттілігін арттырады.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің тағы бір маңызды көрсеткіші - өзін-өзі сынау және талап қою; педагогикалық қызметтің теориялық және практикалық тәжірибесін жаңарту қажеттілігі, инновациялық қызметке бейімділік.

Осылайша, заманауи ойлау қабілеті бар, өмірде өзін-өзі сәтті жүзеге асыра алатын адамды тек жоғары кәсібилігі бар мұғалімдер ғана тәрбиелей алады. Сонымен бірге, «кәсібилік» ұғымына білім беру қызметкерлерінің құзыреттілігінің кәсіби, коммуникативті, ақпараттық және құқықтық компоненттері ғана емес, сонымен бірге мұғалімнің жеке әлеуеті, оның кәсіби құндылықтар жүйесі, сапалы білім беру нәтижелерін беретін сенім, көзқарас, тұтастық кіреді. Қазіргі жағдайда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар жаңа білім беру стандартын ғана емес, сонымен бірге біз өмір сүретін уақытты да ұсынады. Әр мұғалімнің алдына қиын, бірақ шешілетін міндет – «Уақытында болу».

Қолданылған әдебиеттер:

1. Руководство для учителя: Учебно-метод. пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» - Астана, 2016. - 33 с.
2. Руководство по критериальному оцениванию для учителей начальной школы: Учебно-метод. пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» /Под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. - Астана, 2016. - 48 с.
3. Реализация компетентностного подхода как инновационный процесс в контексте ФГОС по направлению «Педагогическое образование» (профиль «Географическое образование») / Под ред. В. П. Сухова, Е. А. Скар-шевской, Е. А. Беловоловой, И. В. Голуб-ченко. - Уфа: Изд-во БГПУ, 2010.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРГЕ STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Атабаева Гүлнар Әлжанқызы

Созақ ауданы, А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі,
география пәні мұғалімі

STEM технологиясы жаратылыстану бағытындағы пәндерінің проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын қалыптастыруға көмектеседі. STEM технологиясы оқыту негізінен физика, химия, география, биология т.б пәндеріне практика жүргізу тиімді. Бұл жаратылыстану бағытындағы пәндерде — теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамытуына үлкен ықпал етеді.

Елімізде білім STEM – білім беру қарқынды дамуда. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерді енгізу жоспарланды.

Оқытудың жаңа пәнаралық және жобалық тәсілі енгізіледі, ол оқушыларға зерттеу және ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейтуге, инновациялық және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу, коммуникация және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Жаратылыстану–математикалық ғылым пәндері арасында «тура тақырыптар» саны артады. 2015-2016 оқу жылынан бастап бірінші сыныптың әр оқушысы «Жаратылыстану» пәнін оқиды, ол жоғары сыныптарды жаратылыстану ғылымдарын оқудың негізі болып табылады. Сонымен қатар, 2016-2017 оқу жылынан бастап барлық мектептерді АКТ, сандық білім беру ресурстарымен, Интернет желісінің қолжетімділігімен жабдықтау жоспарланды. Сонымен бірге 2019 жылы жоғарғы сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер ағылшын тілінде оқытылатын болады, бұл жаңа білімді алғашқы дереккөзден алуға және әлемдік ғылыми қауымға өтуге септігін тигізеді.

Елімізде білім беру робототехникасына ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша, 2014 жылдан бері жалпы білім беретін мектептерінің және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылар арасында жыл сайын Робототехникадан Республикалық олимпиада өтеді. Республикалық жарыстардың жеңімпаздарының Робототехникадан Дүниежүзілік олимпиадаға (WRO) қатысуға мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар, 2015 жылдан бері Қарағанды қаласында «RoboLand» Халықаралық робототехника фестивалі жыл сайын өтеді, оған басқа елдердің өкілдері де қатысады (Сербия, Ресей және т.б.).

2016 жылы алғаш рет робототехниканың оқу зертханалары ашыла басталды, тұңғышы Алматы қаласының №159 гимназиясында ашылды. Жақын арада еліміздің басқа метептерінде тағы 90 зертхананың ашылуы жоспарланды. Педагог мамандарды даярлау да жүргізіліп жатыр: қазіргі уақытта «Робототехника» элективті курсы бойынша 64 тренер даярланды.

STEM-білім беру саласында халықаралық ынтымақтастық жасасудың тәжірибесі де бар. Мысалы, 2014 жылдан бері 20 млн. стерлинг фунты жалпы бюджетімен Ұлыбритани мен Қазақстанның «Ньютон – әл-Фараби» атты бесжылдық бағдарламасы жүзеге асырып жатыр. Бағдарламаның мақсаты – ғылыми және инновациялық әлеуетті нығайту, мамандар алмасу және бірлескен зерттеу орталықтарын құруда екі елдің өзара іс-әрекеттесуі.

Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.

Жаратылыстану пәндерінде STEM технологиясын келесі бағыттарда қолданған тиімді болып саналады:

Макроәлемде өтіп жатқан табиғи құбылыстарды зерттеуге; мұнда реалды өмірдегі әртүрлі нысандардың, құрылыстардың, құралдар мен жабдықтардың (ракета, машина, әуе, су кемелері, зауыттар мен фабрикалар үлгілері, кез-келген өндірістің инженерлік технологиясы, физикалық, химиялық, биологиялық құбылыстар) прототиптерін жасап шығару. Оларға STEM технологияның құрылымдау (конструирование), технологиялық модельдеусынды түрлері жатады. Нақты әлемдегі үдерістерді компьютерлік, ақпараттық-бағдарламалық тұрғыдан жасақталған, STEM технологияларының озық түрлерін математикалық модельдеу, инженерлік графика, дизайн жасау, сандық зертханалар арқылы бақылап, зерттеп, өмірде жасауға болатынын оқушыларға дәлел келтіруге қолайлы. Мұндай зертханаларды қолдану жұмыс барысындағы көрнекілікті арттырып, зертханаға кіретін жаңа, сезімтал құралдар арқылы жұмыс нәтижелерін де тез, әрі жоғары дәлдікпен өңдеуге көмек береді, мысалы, химия-биологиядан (жарықталу, ылғалдылық, тыныс алу, оттегі концентрациясы, жүрек жиырылуының жиілігі, температура, қышқылдылық және т.б. датчиктер), физика зертханасында (күш, арақашықтық, қысым, температура, ток күші, кернеу, жарықталу, дыбыс, магниттік өріс датчиктері). Сандық зертханалар жабдықтары әмбебап, әртүрлі тәжірибелік қондырғыларға жалғануы мүмкін, өлшеулерді «далалық жағдайда» жүргізуге болады, мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдейді, өлшеу параметрлерін өзгерту мүмкіндіктері арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

Виртуальды зертхана – компьютерде химиялық, физикалық, биологиялық, географиялық т.б. үдерістерді модельдейтін, оның шарттары мен жүргізу параметрлерін өзгертуге мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарлама. Мұндай бағдарлама интерактивті оқытуды іске асыру үшін ерекше жағдай жасайды. Қазіргі қашықтықтан білім беру үдерісінде виртуальды зертхана ұстаздар мен оқушыларға үлкен тәжірибе берері сөзсіз.

Виртуальды зертханалар әртүрлі үдерістердің жүру шарттары мен белгілерін сапалы деңгейде үлгілеуге мүмкіндік береді.

Еуропаның 10 астам мемлекетте осыған ұқсас ұлттық стратегиялар мен бастамалар бар (Австрия, Германия, Франция, Италия, Нидерланды, Норвегия, Ұлыбритания, Италия, Ирландия, Испания және т.б.). STEM-білім беруді дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа келетін болсақ, «In Genious» ең ірі халықаралық жобалардың бірі болып табылады, ол 2011 жылдан 2014 жылға дейін жалғасты. Оған Австрия, Бельгия, Чехия, Дания, Эстония, Финляндия, Германия және т.б. қатысты. Бұл жоба индустриалдық-білім беру саласында инновациялық тәжірибелердің репозиторийін құруға, озық және жаңашыл тәжірибелерді таратуға және ынталандыруға бағытталды. Оған 1500 астам мұғалім қатысты, 158 мектеп пен өнеркәсіп өкілдерінің арасында ынтымақтастық орнатылды, әртүрлі семинарлар, жазғы мектептер, онлайн-конференциялар және т.б. ұйымдастырылды.

2013 жылы «MASCIL» үшжылдық жобасы іске қосылды, оған 11 мемлекет: Австрия, Болгария, Кипр, Чехия, Греция, Литва, Нидерланды, Норвегия, Испания, Түркия және Ұлыбритания қатысты. Жоба өнеркәсіп саласының қолдауымен мұғалімдерге арналған оқу курстарын әзірлеу және ұйымдастыруды қарастырады. Курстардың мазмұны мұғалімдердің қызметіне және кәсіби дамуына арналған әртүрлі оқу материалдарды және ресурстарды қамтиды. «INSTEM» жобасы (2012-2015жж.) инновациялық әдістерді жинау және білім алушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын жоғарылату, сонымен қатар STEM саласындағы мансап туралы көлемді ақпаратты ұсыну мақсатымен зерттеу оқытуға бағытталды. INSTEM-ге Австрия, Германия, Греция, Ирландия, Италия, Норвегия, Румыния, Түркия және Ұлыбритания қатысты. Жоба оқу материалдарының және STEM пәндеріне оқыту әдістерінің кешенді қайнар көзі ретінде жасалды.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. Мысалы, 2015 жылы «ER4STEM» үшжылдық жобасы іске қосылды (Австрия, Болгария, Греция, Мальта және Ұлыбритания), ол оқушылардың ғылыми-техникалық салаға деген қызығушылықтарын қолдау үшін білім беру робототехникасын шығармашылық және сыни қолдануға бағытталды.

«ER4STEM» мақсаты – балаларға білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және STEAM меңгеруге, сонымен қатар күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін ашық және тұжырымдамалық жиектемені әзірлеу. Жобаның шеңберінде білім беру робототехникасынан бес мемлекетте 4000 астам бала үшін семинарды өткізу қарастырылған. Жылына бір рет Еуропалық білім беру робототехникасы жөнінде конференция өтеді (2016ж. – Австрия, 2017ж. – Болгария, 2018ж. – Мальта). «ER4STEM» мұғалімдерге арналған ауқымды репозиторийді әзірлеу жобаның қорытындысы болады.

Еліміз дамыған елдермен тең бағытта даму үстінде. STEM –білім беру технологиясы – заман талабы. STEM – технологиясын мектеп, ЖОО – дың білім алушылары үшін болашаққа қадам жасауға үлкен мүмкіндік береді. Оқу

үрдісінде бұл технологияның қолданылуы келешек түлектердің жұмыспен қамту мәселелерін шешуге жол ашады. География пәндерінде зерттеліп келе жатқан экологиялық мәселелерді шешу жолдарында осы технологияны ұйымдастырып, оқуда қолдану, оқушылардың экологияға деген көзқарасын өзгертіп, жаңа идеялар мен функционалды сауаттылығын арттыратыны сөзсіз. Инженерия, озық технологиялы жабдықтар, заман талабы. Осы талаптарға лайықты білім берумен қамтамасыз ету ұстаздардың міндеті. STEM – технологиясымен білім беретін кадрларды дайындау, мектеп ұстаздарын осы сапаға лайықтау өте маңызды. Мектеп ұстаздарынан бөлек мектеп жағдайы да өте маңызды, яғни, мектепті арнайы жабдықтармен әзірлеу, STEM – кабинеттерін ашу, бұл тек робототехника және физика емес барлық жаратылыстану бағытындағы пәндерге арналға арнайы жабдықтар мен кабинеттердің болуы маңызды. Жас ұрпаққа заман талабына сай білім беру – ел болашағының маңызды бөлігі.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.
- 2.Г. Ногайбаева. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане.
- 3.«Білімдіел-Образованная страна», №20(57) от 25 октября 2016 г.
4. С.А.Шитыбаев, Н.А.Уакбаева, Э.Ө.Байғұт. Химия сабақтарында STEM оқытудың тиімділігі және оны қолдану. «Өрлеу-Шымкент» Республикалық әдістемелік-педагогикалық журналы. №2 (38), 33-37 б.б.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ БЕЛСЕНДІ РӨЛІ

Утекулова Балжан Алиевна

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейдің география пәні мұғалімі

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?», «Қалай оқыту керек?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен өзара байланысты екені анық.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мән-мәтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өнегізгі құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін

арттыруды, сондай-ақ жаңа инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мән-мәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді [1].

Дәстүрлі оқыту жүйесінен жаңартылған жалпы білім беру бағдарламаларының басымдықтарындағы негізгі ерекшелік – оқу мақсаттары оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуге сенімін арттырып, еркін ойлауға үйрету болып табылатындығына қарамастан, мұғалімдердің немқұрайлық танытпай, оқушылардың өз бетімен отыруына жол бермеуі аса маңызды.

Оқушылар жеке –дара жұмыс істегеннен гөрі, мұғалім қолдау көрсететін белсенді сабақта анағұрлым жақсы үйренеді. Оқушылар алға ілгерілген сайын, оларға мұғалім тарапынан аса қамқорлықпен қолдау көрсетудің аса қажеті болмайды. Себебі, олар өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Сырттан көрсетілетін қолдау тоқтағанда ғана , оқушылардың жоспарлы нәтижеге қол жеткіздім деп айта алады. Егер оқушыларға өзі білетін дағдыларды ғана қолдауға рұқсат етілсе, олар ештеңені үйренбейді деуге болады. Яғни, мұғалім «үйлестіруші» және «жандандырушы» қызметтерін қатар атқарады [2].

Мұғалімдер кері байланыстың көмегімен және модельдеу (үлгілеу), көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алу мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері де өте маңызды. Бұл үдеріс әр оқушының жеке дағдысы мен қабілеттеріне байланысты әртүрлі болады. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекелеген оқушыларды үнемі бағалап отыруы тиіс. Оқу үдерісі өзінің табиғаты бойынша ойланудан тұруы керек және ми құрылымында өзгеріс туғызуға жетелуі тиіс. Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады. Ал, белсенді оқу оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етеді [3].

Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің біліктілігі мен жеке дағдыларына байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін оған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды. Сол себепті мұғалімдер әр оқушы үшін оқу үдерісінің келесі қадамдарын анықтап, әрі қарай ілгерілеуіне септігін тигізу үшін жекеленген оқушыларды үнемі бағалап отыруы керек.

Белсенді оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды психологиялық ахуалын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, белсенді, жаңашылдыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдіс тәсілдерді қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін материалдарды, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;

- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Сыныпта ынтымақтасты ахуалын қалыптастыру үшін оқушылармен түрлі тренингтер өткізуге болады: сынып ұжымына жағымды психологиялық орта қалыптастыруға, тұлғааралық қатынасты нығайтуға, оқушылардың өзіндік бағалауын көтеруге арналған жаттығулар, табысқа жету жағдаяттары, т.б. Мұндай ойын түрінде өткізілетін тренингтер оқушылардың өзара араласуына және мұғалім мен оқушылар арасында тығыз қарым-қатынастың орнауына мүмкіндік туғызады. Мысалы, 9 сыныпта өткен «9.3.1.5 Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттау» оқу мақсатын қарастырамыз:

1. Сабақ барысында оқушылар мәтінді оқи отырып, мазмұнын игеріп, танып, себебін анықтап, бір-бірінің пікірлерін тыңдайды.

2. География ғылымының дамуына үлес қосқан саяхатшылар мен еліміздің минералды ресурстарын зерттеуші ғалымдардың еңбектерімен танысады.

3. Географиялық карталардан минералды ресурстардың номенклатуралық атауларын көрсетіп, термин сөздерді дәптерге жазады (сарқылатын, сарқылмайтын, қалпына келетін, қалпына келмейтін ресурстар және т.б.)

4. Саралап оқыту әдісі кезінде Хэттидің белсенді оқу үдерісінің миға шабуылға әсер ететін «Даналық ағаш» әдісі арқылы топтастырып, әр түрлі топтар үшін әр түрлі нысандарды ұйымдастыру арқылы тақырыпы терең аша түседі («Домино» ойыны арқылы яғни плакатқа дайын жазылған ресурстарды айналым ретінде орналастырады).

Сабақ барысында баланың өзін еңбектендіріп, сенімді, жауапты оқу әдістерін қолдану арқылы белсенді мүшесі болуына, оқушының танымдық әрекетін күшейтіп, кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал еттім. Ол ықпалды Вергем ұсынған ойын баламаларын басшылыққа алуды ұсынамын. Атап айтқанда «Кім жылдам?», «Ойша саяхат», т.б. Мен «үйлестіруші» және «жандандырушы» ретінде оқушыларға ой тастау мүмкіндіктері мен сыни ойлауды зерттеу үшін «Егерде мен зерттеуші болсам...», «Егерде мен металлург болсам...» сияқты тапсырмалар арқылы оқушылардың дағдыларын дамытуға үлесімнің нәтижесін бағалау кезінде алдын ала белгіленген критерийлер бойынша қалыптастырушы бағалау негізінде бағаланады. Осы кезде мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыста: «Қызық болған 3 нәрсе», «Қиын болған 3 нәрсе», «Құнды болған 3 нәрсе» (ҚКҚ) тақырыбында оқушылар өз ойларын жазады. Тиімді кері байланысты жақсы ниетпен қабылдап, «Бесбармақ» әдісі арқылы ризашылығымды білдірдім.

Қорыта келгенде сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы мен білім сапасын арттыруда әңгіме, сұрақ- жауап, тиімді ойын әдістерін қолдана отырып қарапайым тілмен өту керектігін, оқушыларға талдау, салыстыру, тұжырымдарын ескере отырып, оқушыларды уәждеуге баулу, оқуды мүмкіндігінше белсенді, күрделі, қызықты, маңызды ету арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау нұсқаулығы. Астана 2016ж.
2. Мұханбетжанова Ә., Мұханбетжанова А.Ө. Білім берудің жаңа парадигмасы және педагогика ғылымының даму тенденциясы - «Ұлт тағылымы». №2 2010. 31-35 б.
3. Білім мазмұнын жаңартуда жалпы орта білім беретін мектептердегі пән мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша ұсынымдар. Шымкент, 2017ж.

PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУ САУАТТЫЛЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Нурбекова Кенжайым, Сарсенбаев Талғат

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Жамбыл атындағы мектеп – лицейі

Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытуды 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, шығармашылық тұрғыдан ойлауға, шешім қабылдауға, өмір бойы білім алуға дайын тұру функционалдық дағдылар мектеп қабырғасынан басталады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту бағдарламасында айқын көрсетілген.

PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15 жастағы оқушылардың оқу сауаттылығын, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді.

Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

Көптеген елдерде жасөспірімдер 15 жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі мақсаты 15 жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік дағдыларын анықтау болып табылады.

PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларында қолдана білу

машықтарын нақты бір оқу пәндеріменен тікелей байланысты емес мәселелерді шеше білу құзыреттіліктерін бағалауға бағытталған. PISA зерттеуі 2000 жылдан басталып, үш жылдық кезеңінен өткізіледі. Бұл қатысушы елдерге:

- оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелеріндегі қозғалысты;
- білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгердістерді бақылауға;
- жүргізілген реформалардың салдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндағы басшылыққа алынатын қасиеттер:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық

дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары 2011-2020 жылының мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген.

PISA халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау болып табылады. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт жүзеге асырылады: «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану сауаттылығы» және «оқу сауаттылығы».

Елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға зор мүмкіндіктер бар. Функционалдық сауаттылық - бұл, білім мен адамның көпжоспарлы іс-әрекеті арасындағы біріккен, жеке тұлғалық қалыптасуының көрсеткіші. Өсіп келе жатқан ұрпақтарының ой-өрісін дамыту мақсатын алға қойған, осы тұста, оқушылардың білім сапасына ауқымды бағалау мен талдау жүргізетін халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысу нәтижелерін негізге ала отырып қарастырайық.

Сырттай бағалау әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерін мәлімдеген нәтижелерге (ҰБТ, ОЖСБ және т.б) сәйкестігіне, сондай – ақ халықаралық зерттеулерге PISA, TIMSS қатысуы арқылы жүзеге асырылатын болады.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттеулерінің бірі экономикалық ынтымақтастық даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Program for International Student Assessment - PISA) болып табылады. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс – әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай - ақ тұлғааралық қарым - қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды. Зерттеу айналымы бойынша жүргізіледі. PISA тестіне экономикасы орташа және жоғары елдердегі 15 жастағы балалар қатысады.

Экономикалық ынтымақтастық даму ұйымы (ЭЫДҰ) арқылы жүзеге асырылады.

- Мектептің білім беру тиімділігін 15 жастағы оқушылардың математикалық оқу және жаратылыстану сауаттылықтарынан оқу жетістіктерін салыстырмалы бағалау арқылы анықтау. Қазақстан PISA – 2018 алғаш рет математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығымен қатар жаңа «жаһандық құзыреттілік» бағытына қатысуды жоспарлауда. Сонымен қатар тестілеудің компьютерлік форматында өтеді.

Зерттеудің жүргізілуі

2009	2012	2015	2018
390 балл <i>Оқу сауаттылығы</i> 59 орын	Оқу сауаттылығы	Оқу сауаттылығы	Оқу сауаттылығы
Математика	432 балл математика 49 орын	Математика	Математика
Жаратылыс тану	Жаратылыс тану	Жаратылыс тану	Жаратылыс тану
65	67	71	Жаһандық

Жаһандық құзыреттілік

- Жаһандық құзыреттілік - адамдардың бір – бірін құрметтеуі, адами құндылықтарын бағалау білуі өзара тиімді еркін және ашық қарым - қатынас орната білу мен мобильді болу қабілеті.

- Адамның жаһандық құзыреттілігін анықтау қажеттілігі - үздіксіз өте шапшаң дамып жатқан әлемде оның жан – жақты өзара байланысын және қоғамдағы өзгерістерге араласа білу қабілеттерін анықтаудан туындайды.


- Мектепті аяқтаған білім алушы жаһанданған әлемде табысты өмір сүруі үшін қажетті білімі, негізгі дағдылары мен машықтарды иеленген болуы қажет. Бұл оның өз өмірін дұрыс жоспарлауына дүниенің кез – келген бөлігінде білім алуына, таңдаған мамандығы бойынша әлемнің қай елінде болса да жұмыс істей алуына, кәсіби дамуына және мәдени ерекшеліктерді тануына, өз мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана білуіне жол ашады.

Жаратылыстану - ғылыми сауаттылығы - нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін және зерттелінетін проблемаларды анықтау үшін, тәжірбе мен бақылау негізінде қорытындыға қол жеткізу үшін жаратылыстану білімін қолдану қабілеті.

PISA жаратылыстану сауаттылығын тексеруге арналған тапсырмалардың құрамында өлшеудің 4 аспектісі бар:



Жаратылыстану сауаттылығы



Зерттеудің жаратылыстану ғылымдары бөлімінде барлық топтар – ситуациялар бойынша төрт типтегі тапсырмалар қамтылады.

■ Білімгерлердің берілген төрт жауаптың бірін таңдауын талап ететін «қысқа жауапты таңдау» тапсырмасы;

■ толық негізделген жауапты қажет ететін «еркін құрылымды жауабы бар» тапсырма;

■ екі типті қамтитын «ия немесе жоқ» жауапты тапсырма;

■ жабық жауапты тапсырмалар

Қиындық туғызады:

▲ тапсырма сұрағынан ақпарат алуды қажет ететін тапсырмалар;

▲ берілген шартқа, қосымша ақпарат алу мақсатында қайта - қайта оралуды қажет ететін тапсырмалар;

▲ салыстыруды, үзіндіні есте ұстауды және оларды жалпы көрініске қосуды қажет ететін тапсырмалар.

Оқушылар алған білімдерін қатаң белгілі бір жағдайда қолдануға үйреніп қалады, бірақ тапсырмалардың мазмұны мен сұрақтың формасы әдеттегіден тыс формада берілсе, шешім нәтижелері бірден төмендейді. Оның төменде берілген мектеп оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын тексеруге арналған құрылымы жағынан бір-біріне ұқсамайтын тапсырмалардың үлгісінен көруге болады.

1. «Қысқа жауапты таңдау» тапсырмалары
Қан дене массасының неше пайызын құрайды?
А) 7 Б) 10 В) 15 Г) 20
2. Екі типті қамтитын «ия немесе жоқ» жауапты тапсырма

р/с	Тапсырмалар	жауабы
1	Қан денеде ұдайы қозғалыста болады	Ия / жоқ
2	Жүректің әрбір соғуы жүрек еттерінің жиырылуынан және босаңсуынан тұрады	Ия / жоқ
3	Жүректің толық бірайналым жиырлуына бір минут уақыт кетеді	Ия / жоқ

3. жабық жауапты тапсырмалар

Қанның ұюына қатысатын заттар тобы:

Тромбопластин, фибрин, тромбин, Ca^{2+} , фибриноген.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ



Сұрақ 1: Фудзи тауына шығу

Фудзи тауының басына шығу көпшілік үшін әр жылдың 1 шілдесінен 27 тамызына дейін ашық. Осы уақыт аралығында 200 000-ға жуық адам Фудзи тауының басына шығады.

Орташа есеппен алғанда, күніне шамамен қанша адам Фудзи тауының басына шығады?

- A. 340 B. 710 C. 3400
D. 7100 E. 7400

Осындай құрылымы әртүрлі тапсырмалар құрастыру арқылы оқушыны сыни ойлауға қалыптастыру PISA зерттеуінің басты мақсаты. Осылайша шығармашылық ойлайтын оқушы тұлғасын қалыптастыруына жағдай жасаушы тәрбиеші ұстаз әрбір сабақта PISA тапсырмаларына бағыттап құрастыруға болады екен.

XXI ғасыр - қатаң бәсеке дәуірі. Қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі бағыттары білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту және педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру, оқушының өміріндегі отбасының рөлін ескеруді қамтиды.

Барлық педагогикалық қауымның қазіргі таңда атқарылып жатқан істерінің арқасында жас ұрпақтың болашақта әлем деңгейіндегі сынақтарынан жоғары нәтиже көрсетеді деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «PISA Халықаралық зерттеуі» әдістемелік құрал - Астана ҰББСБ 2013 ж.
2. «Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер» 2001 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 -2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Абдыхадыров Шоқан Жұмаханұлы

Түркістан облысының, Жетісай ауданы Р.Қошқарбаев ат. №50 ЖОМ география пәні мұғалімі

Рефлексия адамның өз білімі мен әрекеттерін талдау, сол туралы өзіне есеп беру болғандықтан мұнда басқа адамдардың пікірлері мен бағалауының алатын орны ерекше, өйткені өзіне сырт көзбен қараған адам басқа адамдардың өзі туралы пікірлері арқасында рефлексиясын тереңдете түседі. Өзі туралы сырт пікірлерді адам қарым- қатынаста біледі. Осындай қарым – қатынаста өзі туралы пікірді есту білуді кері байланыс деп атайды. Сырт пікірлер адамға өзінің қайда және қандай екендігін білуге көмектесіп, болашақ әрекеттеріне түзету енгізіп, оларды жоспарлау мүмкіндігін береді. Сол себепті кері байланыс-келесі әрекеттерді ынталандыруға бағытталған рефлексиясының ақпараттық негізі.

Адамның бір ерекше қасиеті бар: біз өзіміз туралы өзгелердің пікірін естігіміз келіп тұрады. Сондықтан да кез келген әрекеттен кейін басқалардан «Қалай болды? Мен сырт көзге қалай болып көріндім? Қалай сөйледім (жасадым, отырдым, тұрдым, жаздым т.б әрекеттерді келтіруге болады)?» деп өзіміз пікірін сұраймыз. Сол әрекетті бақылаған адам өз пікірін айтады, бағасын береді. Оның пікірі өзіміздің оймен сәйкес келуі немесе келмеуі де мүмкін. Алайда сырт пікір бізге пілім мен әрекетімізді түзету, өзгерту, жақсарту мүмкіндігін береді. Олардың мұндай пікірі біз үшін кері байланыс болады. Осылайша өзгелердің өзіміз туралы пікірлері бізге өзімізді тануға, ішкі «Меннің» қалыптасуына көмектеседі.

Ал енді осыған қарама-қарсы жағдаятты көз алдыңызға елестетіп көріңіз: Сіздің әрекетіңізден кейін бір де бір адам ләм-мим деп жұмған аузын ашпады, өз ойын айтпады делік. Осындайда өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Әрине, мұндай жағдаяттың қуаныш және қанағат әкелуі екіталай, өйткені біз өз әрекетімізді басқалардың талдағанын және бағалауын қалаймыз.

Кері байланыс (ағылшынша feedback)-адамның өзіне куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. Сол себепті бүгінде кері байланыс үйренудің(білім алу жүйесінің)маңызды ұғымы деп есептелінеді. Кері байланыс арқылы алынатын мәліметтер әзіресе өз біліміне түзету мен өзгертулер енгізу ісінде өте құнды болып табылады.

Кері байланыстың мәнін «Екі жұлдыз, бір тілек атты» тәсіл жақсы келтіреді. Алдымен біреудің әрекеті мен ісін мақтаймыз, оның жағымды және тиімді жақтарын атап көрсетеміз, содан соң бұл жұмысты қалай жақсартуға болатыны туралы ұсыныс айтамыз, бағыт – бағдар сілтейміз.

2013 жылдың наурыз айында Амстердамда өткен «Ұстаз сапасы» атты оқытушылық қызметінің Халықаралық Саммитінде оқу мен оқытудың сапасы көп жағдайда кері байланысқа тәуелді екендігі аталды.[www.google.com] Ұстаздардың оқушылар тәрбиесіне жасайтын ықпалын бағалау өте қиын, алайда ата-ана, оқушылар мен қоғам мүшелерінің кері байланыс осы мәселелерді айқындауға қолғабыс болады.

Әлемнің ең бай адамы Билл Гейтстің «Мұғалімдерге шынайы кері байланыс керек!» деп баса айтып, АҚШ білім беру жүйесі алдында осындай мақсат қойғандығы бекерден бекер жайт емес. Оның ойынша, АҚШ білім беру жүйесі Шанхай мектептерінен үлгі алуы керек: Қытайдың бұл мегаполисінде әрбір мұғалім-мейлі ол тәжірибелі болсын жас болсын-өз сабақтары мен әрекеттеріне кері байланыс алуға және өзгелерге беруге құқылы екен: мұнда кері байланыс мұғалім кәсібінің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді.[www.youtube.com]

Кері байланысты ұсынғанда мына ережелерді ұстанған дұрыс:

- Позитивті болу. Талданып жатқан әрекеттің жағымды ұтымды жақтарын көруді ұмтылу қажет. Тіпті адамды мақтайтындай қасиеті болмаса, онда оның ниеті мен ынтасын жағымды деп тану керек. Ұсыныс жасағанда жұмысты жақсартатын мәселелерге тоқтаған дұрыс. Әңгімені өзгені жақтыру және сыйлау тұрғысынан жүргізу керек.

- Бағалаушы болмау. «Адамның басқа адамдардан айырмашылығы-оларға ұқсамаитындығында» деген қағиданы ұстанған орынды. Кері байланыста сол себепті өзімізді жоғары да, төмен де қоймау керек, тек өз ойымыз бен түсінігімізді келтіру қажет.

- Кеңес бермеу, үйретпеу, тек ұсыныс жасау. Адам біреуге кеңес бергенді ұнатады да, алайда өзіне ақыл айтқанды ұнатпайтындығын ұпытпау керек. Мұнда кері байланыс берушінің сөйлеу интонациясы сұраулы, ал ең жиі қайталайтын сөзі «мүмкін» болу керек болар, яғни ол ылғи да кері байланыс алушының пікірін сұрап , онымен ақылдасып тұрады.

- Ынталандыруға ұмтылу. Кері байланыстың бір мақсаты-адамды шығармашылық жұмысқа ынталандыру. Жағымды пікір айтумен қатар адамды

болашақта өз жұмысына игі өзгертулер енгізетіндей қызықтырып, шабыттандырған дұрыс.

- Сыпайы болу. Адамды жекімей, ұрыспай, дөрекі сөйлемей, ренжітпеуге тырысу қажет, олай жасамаса оның кері байланысты ризашылықпен қабылдап, өз әрекеттеріне оны өзгерістер енгізетіндігі екіталай.

- Көмектесуге, жәрдем беру. Адамға шынайы түрде жақсылық тілеп отырғандығымызды дәлелдеп бағу керек. Кері байланыста «Мен сізге қалайша көмектесе аламын деп ойлайсыз?» деген секілді сұрақтар арқылы өзіміздің қол ұшын беруге дайын екендігімізді білдірген жөн.

- Тең ұстау. Кері байланысты жүргізудің негізгі нысаны ақылдасы, кеңесу болғандықтан мұндай әңгімеде екі жақта бір – біріне пара пар болу керек. Біреудің екіншіден жоғары тұруы кері байланыстың нәтижелі болатындығына нұқсан болады.

- Сәттілікке бағыттау. Тыңдаушының көкейіне «Кері байланыс-игі әрекет» деген оймен қатар оның нәтижелерінің тұлғаның дамуы мен өсуі үшін маңызды екендігін ұялату керек. Ал игі нәрсенің қорытындысы тек жағымды болатындығын да ұмытпаған жөн. Кері байланыс тиімді әрі сәтті болған сайын мұғалім оқу/оқытудың қалай жүріп жатқандығы, оқушылардың қалай оқитындығы туралы қажетті мәліметтер алады.

Кері байланысты алғанда мынандай ережелерді ұстанған дұрыс:

- Ризашылық білдіру. Кері байланыстың бір адамның екінші адамға шын көңілімен көмек көрсету екендігін ескере отырып, айтқан ескертпелер мен ұсыныстарға ризашылықпен қарау керек: кері байланыс берушіге жиі рақмет айтып, ол сізді ынталандырғандай, оныда жігерлендіріп отыру қажет.

- Тыңдай білу. Кері байланыс берушінің сөзін бөлмей, оны ылғи да мақұлдап отырған дұрыс (бас изеп, ишаратпен). Қажет болған жағдайда оған ойын нақтылайтын сұрақтар қою арқылы бұл мәселе бойынша өзіңіздің келісетінін және хабардар екеніңізді білдіріңіз, әңгімені өзіңізге қажетті бағытқа бұрып отырыңыз.

- Мадақтай білу. Кері байланыс берушіні мадақтауды да ұмытпаған жөн. Осы арқылы біз тиімді қарым-қатынаспен бірге берілген ұсыныстардың сапасын да арттырамыз. «Сіз бұл мәселеге тіпті де ойламаған жақтан қарадыңыз! Шындығында бұл өте тиімді ұсыныс (идея, ой, әдіс, тәсіл т.б) екен! Менің ойынша, Сіздің сөздеріңізде терең мағына бар! Бұл ұсынысыңыз менің тәжірибемде маңызды орын алады деп ойлаймын!» секілді сыпайы мақтаулардың әңгімені мәнді жасайтындығы анық.

Сонымен, кері байланыс оқу, оқыту мен үйренудің, үйретудің қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтау мүмкіндігін береді. Кері байланыс арқылы оқу мен оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға болады. Кері байланыс дұрыс жауап немесе бағыт тағдалынып, қателерді түзету әрекеттерін іске қосады. Жаңартылған білім беру мазмыныда оқушыларға да мұғалімдерге де кері байланыс өте қажет және тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. Егемен Қазақстан - 2006 ж.

2. Абдуллина Г. Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты. 2009ж.
3. Бағиева Ш.М. Интерактивті әдістер- өмірлік дағдыны қалыптастырудың негізгі тетігі. Білім - 2007ж.
4. НЗМ ДББҰ оқытудағы интербелсенді әдістер, оқу құралы - 2014ж.

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР. ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАЛАР МЕН ГЛОБУСТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аманбаев Нұржан Сапарұлы

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Б.Момышұлы атындағы № 6 мектеп-гимназиясы директорының инновация істері жөніндегі орынбасары,
география магистрі

Түйін. Бұл мақалада географияны оқытудағы технологиялардың алатын орны мен рөлі, сонымен қатар географиялық карта мен глобустың мүмкіншіліктері көрсетілген.

Резюме. В этой статье представлен обзор роли и места технологии в преподавании географии, а также географических карт и возможностей глобуса.

Summary. This article provides an overview of the role and place of technology in teaching geography, as well as geographic maps and globus capabilities.

Оқыту технологиясы оқытушыны оқушылар іс-әрекетінің түрлері мен әдіс-тәсілдерін жопарлауға, оларда туындауы мүмкін қиындықтарды, ойлау жолдарын болжауға, әр түрлі сұрақтарға берілуі мүмкін жауаптарды жоспарлауға, яғни берілген материалды оқушылардың көзімен көруге шақырады. Осының бәрі оқытушыға оқыту процедураларын әдіс-тәсілдермен сәйкестендіруге, яғни оқу үрдісінің сценариін жасақтауға мүмкіндік береді. Оқыту әдістері негізінен, стандартты емес және логикалық ойлай білуге, шешім шығара білуге, оқушының өздігінен жұмыстануына бағытталады.

Оқыту технологиясының негізгі белгілері:

1. Оқушыларға тапсырма мен оқу мақсатын нақты жеткізу, яғни олардың әрқайсысы оқу материалының маңыздылығын түсіну керек;

2. Оқу құралдарының, белсенді әдістер мен оқуды ұйымдастыру тформаларының көмегімен тапсырманы орындау мен мақсатқа біртіндеп жету процедурасын құру;

3. Оқушылардың оқу тапсырмалары мен мәселелерді шешуге бағытталған өздігінен жұмыстануын ұйымдастыру;

4. Оқу нәтижелерін тексеру үшін тестілік тапсырмалардың түрлі формаларын кеңінен пайдалану.

Осы технологияларды ескере отырып, география курсын оқыту кезінде «Геоақпараттық жүйелердің» және географиялық карталар мен глобустардың алатын орны ерекше атап өтуге болады [1].

ГАЗ технологияларын қолдану арқылы мынадай мүмкіндікке ие боламыз: Кеңістік ақпараттарды енгізуден кезең бойынша тез жұмыс істеуге бастапқы ақпаратты енгізуден анализ жасауға және нақты жағдайды шешуге дейін сізге қажетті ақпаратты пландар мен қипы карталардан іздемей- ақ сіздің ноутбук экранынан конференцияға немесе арнайы кездесуге дейін аз уақыт қалғанда қиналмай қажетті ала аласыз.

ГАЗ жүйесінің бағдарламалық жұмысын қамтамасыз ететін жоғары білікті мамандардың көмегіне жүгіне аламыз.

ГАЗ -ды қолдану аясы бүгінгі күні өте кең, олар: жер комитеті, табиғи ресурстарды бақылау, экология, жергілікті басқару, экономика т.б.

ГАЗ бұл ақпараттарды өңдеуде қағазсыз технологияға көшудегі бір белес, ақпаратты басқаруға жаңа мүмкіндіктер беріп кеңістік байлау жасайды.

ГАЗ нақтылы болып жатқан ақпаратты тақырыптық қабат ретінде сақтап, географиялық жағдай негізінде біріктіреді.

Қарапайым тілде ГАЗ мәліметтер базасы мен электрондық картаның байланысы болып табылады. Оны мәліметтер базасының кеңейтілген концепциясы деп қарастыруға болады. Бұл мағынада ГАЗ, шынында, өзінше жаңа деңгей мен интеграциялық әдіс және ақпараттардың құрылымдастырылуы.

Геоақпараттық жүйе географияға байланысты ақпараттардың барлық түрін енгізіп, сақтайтын, жаңартатын, талдайтын, өндейтін, шығаратын бағдарламалық-ақпараттық жүйе. Геоақпараттық жүйе мәліметтерді өңдеу мен картографияда өте қажетті графикалық құрал болып табылады

ГАЗ-дың негізінде ақпаратты-бағдарламалық кешен, мәліметтерді қайта өңдеу, кеңістік-ординаттық байлау, тарату және көрсету жатыр. Қазіргі дамыған елдерде мыңдаған ГАЗ бар, олар экономикада, саясаттануда, экологияда, қоршаған ортаны қорғау және басқаруда, жер кадастрында, ғылымда, білім беруде қолданылады [2].

Қазіргі уақытта ғылымдар жүйесінде ГАЗ технологиясы өзіне лайықты орын алуда. Оны географиялық зерттеулерді информатизациялаудың мақсаты мен міндеттерінен көруге болады. ГАЗ-дың маңызды міндеттерінің бірі- географиялық ақпараттардың синтезі мен талдауының көптеген варианттарының орындалуына көмектесетін алгоритмдер мен бағдарламалық құрал құрудағы географиялық зерттеулердің автоматтандырылуы.

ГАЗ жүйе ретінде географияны, информатиканы, ақпараттар жүйесі теориясын біріктіре отырып, картография және басқа ғылымдар теориясының тоғысқан жерінде пайда болды. Ол таным әдісі ретінде жүйелік тұрғы ретінде электронды есептеу техникаларының ең жаңа жетістіктерін қолданып құрылған жүйе. Сондықтан қазіргі уақытта ГАЗ технологиясының пайдалануы табиғи және әлеуметтік, экономикалық үрдістер мен құбылыстарды үлгілейтін олардың байланысын, қарым-қатынасын, болашақта дамуын болжайтын және шешім қабылдап басқаруға арналған жүйе.

ГАЗ мынадай негізгі, маңызды мәселелерді шешеді:

Жоғары сапалы картографиялық өнімдерді құру;
 Мәліметтер базасында ақпараттарды графикалық объектілермен байланыстыру;
 Мәліметтердің карта, графиктік, диаграммалық сызба түрінде берілуі;
 Кеңістіктегі мәліметтерге талдау жасау, орналасқан жерін үлгілеу;
 Басқару мен шұғыл шешімдерге қолғабыс беру;
 Мәліметтердің түрлі ақпараттық жүйелермен қарым – қатынас және т.б.



Сурет 1. Геоақпараттық жүйелер мүмкіншілігі

ГАЖ әр түрлі міндеттерді шешуде және түрлі ұйымдық үлгілерде қолданылғандықтан, жүйені жобалауды өңдеуге арналған тәсілдер күрделі шама шегінде түрленуі мүмкін. ГАЖ қабылданушы басқарылатын шешімдерді қолдау жүйесінде немесе ақпараттық басқарушы жүйелерде ең көп қолданыс тапты. Сондықтан бұл бөлімде ГАЖ сияқты жүйелік жобаны өңдеу жұмыстарының орындалуын қарастырамыз. Қарастырылатын сұрақтардың көбісі ақпараттық анықтамалық жүйелерге де және ғылыми зерттеулер т.б. да байланысы бар.

Кеңістіктегі мәліметтерге талдау және орналасқан жерін үлгілеу. Кеңістік мәліметтердің орналасқан жерін айқындау үшін карталарды пайдаланамыз. ГАЖ кеңістіктегі мәліметтерге талдау жасау арқылы төмендегідей міндеттер атқарады:

- мәліметтер базасында іздеу жүргізуге;
- орналасқан жері туралы мәлімет алуға;
- тұтынушылардың сұранысына жауапты аз уақытта жеткізуге;
- қажетті іс-шаралар үшін қолайлы аймақты табуға мүмкіндік береді [3].

ГАЖ – технологиясын саралай келе, мектеп географиясында карталардың рөлі өте зор екенін атап туге болады. Оқу үрдісінде ол тәрбиелік және білімділік қызмет түрлерін орындайды. Оқушылар картамен алғашқы сыныптарда танысады. География ғылымының қазіргі жетістіктерінің бәрі карталардың үлесінде. Зерттеу әдісінде ең көп тарағаны - *картографиялық әдіс*.

Картографиялық материалдар, оны түрлі дидактикалық мақсатта қолданады. Картаны кез келген территорияны оқып-білу үшін оның көмегімен әр түрлі картографиялық білімдер, карта білімінің ерекшеліктері, картаның математикалық негізі, оның мазмұнының бейнеленуінің ерекшеліктері туралы мәліметтерді білу керек.

Оқу үрдісінде карта екі түрлі қызмет атқарады: бірінші- бұл, оқыту объектісі, пәні, екінші- географиялық ақпараттың маңызды көздерінің бірі.

Географиялық картаны оқу географиясының алғашқы курсы 7-сыныпта басталады. Бұнда жергілікті жердің бейнеленуінің негізгі түрлері және олардың белгілері, градусық тор және оның элементтері, «масштаб», «азимут», «географиялық координаттар» ұғымдары қалыптасады. Осыдан бастап олар ең маңызды біліктіліктер мен дағдыларды үйренеді. Қалған сыныптарда картографиялық білімдері одан әрі дамып, оқушылар картографиялық құралдардың басқа түрлерімен, экономикалық карталардың түрлерімен танысады [4].

Тақырыпты оқып үйренудің барысында мұғалім білігіне:

- Оқушылардың географиялық білімді игеруін және жүйеге келтіруін қамтамасыз ететін картамен жұмыс істеу әдістерін игеру;

- Ғылыми географиялық зерттеулерде, геологтардың, агрономдардың, құрылысшылардың т.б. жұмыстарында картаның маңызын көрсете алатын материалдар тандап алу. Картаның маңызын осылай ашу оқушылардың түсіну қабілетін дамытуға және адам өмірімен тығыз байланысты география ғылымына қызығушылығын арттыруға өте қажет;

- Оқушыларды әр түрлі мазмұндағы карталармен жұмыс жүргізуге үйрету үшін тек біртіндеп күрделеніп отыратын тапсырмалар жүйесін жүзеге асырғанда ғана мүмкін екендігіне көз жеткізу.

Осындай жүйелердің негізі оқулық мазмұнындағы жаттығуларда берілген. Осыған байланысты картамен жұмыс жүргізудің әдістерін игеру үшін практикалық сабақтар оқулықтың оқушылардың картаның тілін түсінуге жетелейтін бөлімдерден басталады. Жаңа бағдарламалардың талап етуіне байланысты барлық оқулықтардың топографиялық және географиялық карталардың жасалу ерекшеліктерін біртіндеп көрсететін бөлімдер бар. 7-сынып оқулығындағы «Географияда картасызбалардың маңызы қандай» және «Географиялық картадан нысандарды қалай табу және көрсету керек» деген тақырыптарды талдауға арналған тапсырмалардың мақсаты— оқушылардың карта туралы білімнің қалай кеңейетіндігін және картографиялық проекциялар, масштаб, шартты белгілер т.б. жайында ұғымдардың қалай қалыптасатындығын мұғалімдердің қарап шығуын ұйымдастыру. Оқулықтарда оқушылардың картографиялық бастамасын игеруге көмектесетін көптеген практикалық тапсырмалар мен жаттығулар бар. Бірақ та кейбір тапсырмалар, сол сияқты кейбір мәтіннің мазмұны оқушылар үшін түсініксіз болады [4].

Географияны оқып үйренуге тандап алған картаның практикалық өмірдегі маңызын түсіндіре отырып, оның шартты белгілерін оқуға арналған тапсырмалар даярлайды. Әңгіме, оқулықтың тараулары мен ғылыми

әдебиеттеріне сай оқудың негізінде құрылады. Тапсырманың практикалық бөлімі мұғалімдердің оқушыларға таныстыратын картаны мұқият қарап, оқып үйренуіне негізделеді. Карталармен әр түрлі жұмыс жүргізу процесіндегі қайталау және оқушылардың білімін тексеру әдістері көп. Әдістемелік әдебиеттерді оқып, әр түрлі мазмұндағы картала бойынша білім тексерудің мақсатын, түрлерін және орнын анықтай, бақылау жұмыстарының жоспарларын жасау қажет [5].

Глобустың картаға қарағанда көптеген ерекшелігі бар және соңғы уақытта география сабағындағы оқу процесінде үлкен орын алып отыр. Оны іскерлікпен пайдалану 4-7 сыныптардағы көптеген тақырыптарды оқытуды жеңілдетеді. Глобус экономика сабақтарында да пайдаланылады. Сабақта глобусты пайдалану әдістерін игеруде алдын ала үлкен даярлықтан және жаттығулардан кейін ғана мүмкіндік туады. Мұғалімдерге тек қана әдебиеттерді оқып қана қоймай, сонымен қатар сабақ материалдарын түсіндіруде, глобусты пайдаланудан бұрын, сол глобуспен әлденеше рет жаттығулар жүргізуі керек. Орта мектепте географияны оқытуда глобустың рөлін анықтау үшін барлық мұғалімдер бағдарлама мен әдістемелік әдебиеттерді талдаудың негізінде глобустың көрнекі құрал ретіндегі маңызын анықтайды. Осыған орай жүргізілетін әрекеттер:

1. Географияның жеке курстарында глобусты пайдалана отырып сабақ өтілетін мәселелер мен тақырыптарды анықтау.

2. Таңдап алынған мәселелерді бүкіл курс бойынша глобусты пайдалана отырып оқыту үшін төрт негізгі топқа біріктіру және ол материалдарды даярлау.

3. Нақты тақырыптардың мысалдарынан өзара байланыс пен құбылыстың себептерін анықтаудағы глобустың рөлін көрсету.

4. Халықаралық жол қатынастарының дамуын түсіндіруде глобусты пайдалануды көрсету.

5. Градус торын түсіндірудегі глобустың маңызын карта бойынша түсіндіруімен салыстыра отырып дәлелдеу.

Глобусты сыныпта «таныстыруға» арналған жаттығуларда бірнеше мұғалімдер глобусты алғаш рет оқушыларға «таныстыруға» арналған тапсырмаларды орындайды. Әр тапсырмада глобусты бірнеше проекцияда жасалған карталармен, салыстыру әдістері болсын. «Таныстыру» әңгімелесу ретінде болсын. Әңгімелесудің барысында оқушылар құралдарды бір-бірімен байланыстырып, олардың әрқайсысының жақсы жақтары мен кемшіліктерін табады. Глобусты «таныстыруда» мынадай мәселелер анықталады:

1. Глобусқа қарап жер туралы не білуге болады?

2. Әр түрлі проекциялармен жасалған карталарға қарағанда глобустың артықшылығы неде?

3. Жарты шарлар картасының басқа оқу карталарынан артықшылығы неде?

4. Карта мен глобустарда аудандарды кескіндегенде аутқушылықтың әр түрлі дәрежеде екендігін дәлелдейтін әдістерді көрсету. Глобус физикалық және саяси болып екіге бөлінеді. Олар үш масштабқа бөлінеді: 1 : 30 000 000 (диаметрі 42 см), 1 : 50 000 000 (диаметрі 25,5 см) және 1 : 83 000 000 (диаметрі

шамамен 15,5 см). Үлкен глобустар демонстрация үшін арналған, ал кіші және орта өлшемдегі глобустар – оқушылардың глобуспен жасайтын өзіндік жұмыстары үшін арналған. Енді мектепте қолданылатын глобустар түрлерімен танысайық. Индукциялық кара глобустар мұғалім мен оқушылардың бормен сызуларына қолайлы болып табылады. Бұл олардың глобус бойынша демонстрация мен белсенді жаттығулар жүргізуіне мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар әдістемеде қолайлы болып келеді және оқып үйрену мақсатында градус торы мен географиялық координаттардың болуының маңызы үлкен. Балалар кара глобусқа параллельдерді, меридиандарды, экваторды және полюстерді салады. Осындай әдіспен географиялық координаттарды түсіндіру үшін міндетті түрде индукциялық глобус болуы керек. Кәдімгі глобусқа параллельдер мен меридиандарды салып көрсету қиындық тудырады. Себебі оған бормен салуға болмайды, ал оның градус торлары анық ажыратылмайды [6].

Қорыта айтқанда география курсы оқыту кезінде, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық технологияларды немесе олардың элементтерінің (карта мен глобус) алатын орнының ерекшелігін атап өтуге болады

Әдебиеттер

1. Селевко Г.К., Қазіргі заманғы оқыту технологиялары, Москва, 2016.
2. Н.Керімбай. Геоинформатика. «Қазақ университеті». Алматы – 2017. 14
3. Карманов, А.Г. Фотограмметрия: әдістемелік оқулық . 2012. – 171 б.
4. Берлянт А.М. Свойства визуализации как способа моделирования геоизображений // Геодезия и картография. – 2005. – № 12. – С. 43–52.
5. Гарапова,, Ғ.С., Тенькебаева, Ж.Ф. География және экологияны оқыту әдістемесінің практикумы : Оқу әдістемелік курал. . - Өскемен: ШҚМУ Баспасы, 2008.
6. Берлянт А. М. Глобусы М.: ГЕОС, 2007. — 80 б.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ: ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Есенбаева Улжан Бақытқызы

Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің тарих, география пәні әдіскері

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында»

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан жаңа ғасырға дүниежүзі елдері қатарында терезесі тең ел ретінде келіп отыр. Жаңа ғасырды бастаған ұрпақ келер ұрпаққа қарыздар болып қалмас үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны анық. Қашанда білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл-қыздары ешқашанда жүдемесі хақ.

Біздің басты байлығымыз - білім. Қазіргі жас ұрпақтың білім мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау - бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты.

Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны - «XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал - білім.

Ендеше ұстаздар қауымы ел басқаратын болашақ ұрпақтың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етіп, Елбасының үмітін ақтауға барлық күш қуатын жұмсаған жөн. Болашақ ұрпақтың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етудің ең биік шыңы – білім сапасын арттыру. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-тәсілдер өте мол, оқушылардың қызығушылығын арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз өз оқушыларына ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Түрлі әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырумен бірге оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, тұжырым жасауға бағыттап, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға мүмкіндік туғызды. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге жетеледі.

Сабақтарда оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану нәтижесінде оқушының:

- оқуға деген қызығушылығы мен ынтасының артуына;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан - жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеруіне қол жеткіздім.

Жаңа тақырыпты түсіндірместен алдын мұғалім өз алдына үш сұрақ қою шарт:

1. Не үшін оқытамын?
2. Неге оқытамын?

3. Қалай оқытамын? Бірінші сұраққа білім стандарты жауап берсе, екінші сұраққа таңдаған мамандығым жауап береді, «Қалай оқытамын?» деген сұраққа-мұғалім шеберлігі, жаңа оқыту әдістері шешіп береді. Мұғалім қанша білімді, сезімі жоғары, ойлау қабілеті күшті болса, жаңа оқыту әдістерін ойлап таба беруі мүмкін. Егер сабақты бүгінгі күн тұрмысымен байланыстыру керек, себебі оқыту, тәрбиелеу, еңбектену дамыту процесстері қатар жүреді. Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады. Оқушы білімінің сапалы болуы ұстазының дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби құзреттілігіне

тікелей байланысты. Оқушы үшін мектепте оқылатын әрбір пәннің орны ерекше [4]. Ал оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, ізденістермен жанартып отыру әр ұстаздың міндеті болу керек. Ол:

- күнделікті сабақты таңқаларлықтай өткізу (Әсіресе сабақтың кіріспе бөлімінің ерекше ұйымдастырылуы, бұрын соңды болмаған ойын түрлерін қолдану, сөзжұмбақ, ребустар пайдалану, проблемалықпен оқыту, өмірмен ұштастыру, әрбір оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау)

- қиынның қисынын келтіру, күрделіні тартымды, аса сезімталдықпен айту
- қысқа, нұсқа негізділікке үйрету.

Ал оқыту сапасын арттыруда мұғалім:

- жаңа дидактикалық әдістерді қолдану,
- сабақтың түрі мен әдістемелерін өзгертіп отыру.
- оқушының білімін, іскерлігін, дағдысының жетістігін дамыту

Оқушының сайыстарға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға қатысуына белсендіру. Сабақтағы түрлендіріліп берілген тапсырмалар оқушыларды ойлануға, дәлелдер айта білуге жетелейді. Мәселені әр қырынан қарастыруға, пікірін ашық айтуға, өз белсенділігін танытуға, рефлексия жасауға үйретеді.

Қазіргі қоғам мұғалімдердің алдына білім берумен қатар, оқушылардың тұлғалық маңызды қасиеттерін дамыту міндетін де қатар қойып отыр. Білім беруді ізгілендіру, оқушылардың әртүрлі тұлғалық ерекшеліктерін бағалы қарым- қатынас жасауды да көздейді. Білім оқудың мақсаты ретінде ғана

емес, түрлі тәсілі ретінде де тұлғаның даму құралына айналу қажет. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникативтік технологиялар (АКТ) көптеген мүмкіндіктер ұсынады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда пән мұғалімдерінің кәсіби құзырлығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады. Компьютер – мұғалімнің басты көмекшісі. Ең біріншіден, ол мұғалімнің еңбегін жетілдіреді. Көптеген материалдарды, дайын сабақтарды реттеп сақтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, компьютердің арқасында мұғалім әр сабаққа оқушылардың ерекшелігіне қарай және сабақтың мақсатымен міндетін ескере отырып, әртүрлі кеспелер, материалдар дайындай алады. Үшіншіден, сабақтың формаларын түрлендіре алады, яғни көрнекілік, әдістемелік, аудио және бейнематериалдар қолдана алады. Мұндай жұмыс сабақтың әр кезеңінде іске асырылады. Әдеттегі оқытудың техникалық құралдарын қолданып өткізудің, АКТ мүмкіндіктерін қолданудан айырмашылықтары: білім алушылар көптеген дайын тұрған, іріктелген ұйымдастырылған, тиісті талапқа сай мүмкіндіктер берумен қатар,

оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетімен жаңа білімдерді меңгеріп, жұмыс істеуге, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге жол ашады.

АКТ-ны география сабақтарында пайдалану мұғалім мен оқушының қарқынды қызмет жасауына мүмкіндік береді, пәнді оқытудың сапасын арттыру, географиялық объектілердің елеулі тараптарын көрсету, көрнекілік ретінде шынайы өмірді бейнелеу, алдыңғы қатарға ең маңызды (оқу мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан) сипаттамалары зерттелетін объектілер мен табиғат құбылыстары қарастырылады. Осы тақырыпты таңдауыма әсер еткен, қазіргі біз куә болып отырған қоғамдағы ақпараттандырудың күн сайын өсіп келе жатқандығы.

Ақпараттандыру адамзат қызметінің барлық саласын, соның ішінде білім беруді де шарпыды. География оқу курсы ақпараттандыру негізінен жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде мультимедиялық құралдарды енгізу болып табылады.

Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым – қатынасқа негізделі отырып, “жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. География пәнінің берілу кіріктірілген білім беру бағдарламасында өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір – бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Жаратылыстану пәндері бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. География пәні бойынша критериалды бағалау және оқытуды жоспарлау» тарауында қарастырылатын бағалау тәсілдері де маңызды болып табылады. Сонымен қатар, педагогиканың түрлі аспектілері, атап айтқанда, оқушыға бағдарланған әдіс-тәсілдер, проблемаларды шешу, рефлексиялық оқу және бірлескен оқу тәсілдері қарастырылады. Оқыту әдістерінің барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың оқуды алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуын көздейтін тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушыларға алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай

өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығу орындауға мүмкіндік беру аса маңызды

болып табылады. Географияны оқытуда педагогикалық тәсілдерді іске асыру үшін сабақта төмендегідей жұмыс түрлерін қолдану қажет:

- Кесін картамен жұмыс жасау;
- География мәселелері бойынша түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты таңдау, талдау жүргізу, алынған ақпаратты салыстыру және шынайы бағасын ұсыну;
- География саласындағы түрлі мәселелерді зерттеуге бағдарланған эксперимент құрастыру және өткізу (мысалы, Қазақстанның экологиялық мәселелері);
- Географиялық үдерістер мен табиғи құбылыстарды ұғыну, түсіндіру және болжау үшін модельдеудің түрлі тәсілдерін қолдану.

Оқу үдерісінде мұғалімдер оқушыларға оқу жоспарында ұсынылатын тапсырмаларды орындай отырып, оқу мақсаттарына жетуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдаланғаны жөн.

Инновациялық технология нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.
2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.
3. Олардың әрқайсының деңгейін анықтай аласың.
4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік аласың.
5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.
6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жанжақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі. Педагогикалық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;
- Тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу-бүгінгі күннің мақсаты. Елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін мектеп табалдырығынан бастап-ақ білім мен ғылымды ықпалдастырып, ғылыми ойлау қабілетін дамыту қажет. Бұл үшін мектептегі зерттеушілік және инновациялық қызметтің ауқымын кеңейту керек. География мұғалімінің аса маңызды міндеті оқушының бойында қарапайым зерттеу жүргізу; табиғи құбылыстардың,

үдерістердің, заңдар мен заңдылықтардың мәнін түсіну үшін зерттеу жұмысын жүргізу үшін зияткерлік, шығармашылық қабілеті мен сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыту болып табылады. Сәйкесінше, оқу оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, ақыл-ой қызметінің тәсілдерімен қаруландыру қажет, яғни оларда ойлау операцияларын дамытып, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, дерексіздендіру, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрмұханова Г. Жаңаша оқыту – уақыт талабы // Қазақстан мектебі. – 2004. - №10.
2. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. Теоретико-экспериментальное исследование. – М.: Педагогика, 1980. – 240 с.
3. Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки теории инновационных процессов в образовании. - М., 1991.
4. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. 2016 ж.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Торғаутова Айсапар Жанадиярқызы

Жетісай ауданы, №66 «Мырзашөл» атындағы жалпы орта мектебінің
география пәні мұғалімі

Шығармашыл мұғалім ғана шығармашыл оқушыларды тәрбиелеп шығарады, жеке тұлғалы ұстаз ғана жеке тұлғаны қалыптастырады.

Мәселе нені оқытуда емес, қалай оқытуда...

(Шығыс даналығы)

Әлем күн сайын өзгеруде. Күн сайын түрлі жаңалықтар ашылуда. Күн сайын жаңа жобалар іске асырылуда. Күн сайын бұл өмірдің бізге дайындаған сыйы артуда. Сондықтан, әр күнге жаңаша көзқараспен қарауға дайын болуымыз керек. Әлемді дүр сілкіндірген коронавирус індетінің таралуына байланысты, көптеген білім ордалары оқушыларға сабақты қашықтан жүргізіп жатыр. Қашықтан білім беру жүйесі-заманауи білім берудің бір әдісі десек те, қазіргі жағдайда індеттің таралуын тежеу үшін қабылданған нақты қадамдардың бірі екені шындық. Әрине, бұл оқушылар тұрмақ, мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қиындау болып көрінді. Көкейде сауал көп. Дегенмен,

іштегі қорқыныш, үрей, сенімсіздікке қарамастан алға қарай қадам жасау өте маңызды және жауапты іс болды.

Білім беру- ел болашағы үшін аса жауапты үрдіс екені мәлім. Сондықтан, білім беру саласына қай мемлекетке болмасын үлкен жүк артылады. Ал, қазіргі жағдайда сапалы, ең бастысы нәтижелі білім беру үрдісін ұйымдастыру екі есе қиындай түсетіні анық.

Қашықтықтан оқыту ерте ме, кеш пе бізге жететін еді. Өйткені бұл – заман талабы. Ақпараттандырылған ғасырда озық технологияның үздік жемістерін пайдалану – дамыған елдердің шешімі. Сондықтан еліміз үшін бұл да бір жаңа белес, жаңа шың!

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген.

«Онлайн» режиміндегі оқу сабақтары білім алушы мен педагог арасындағы асинхронды тілдесудің оқу іс-әрекеті үдерісін қарастырады. [1] Қашықтықтан оқыта отырып, оқушының алған білімінің нәтижесін бағалау немесе күнделікті оқушы қандай деңгейде білімге қол жеткізіп жатыр деген сауал әрбір адамзатты толғандырады.

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі оқытудың қол жетімділігі мен қашықтығы - оқушының өз үйінен немесе мектептен шықпай-ақ оқу орнынан алыстатылған оқу мүмкіндігі. Бұл заманауи ұстазға өмір бойы, арнайы іссапарсыз, демалыстарсыз, негізгі қызметпен қоса отырып оқуға мүмкіндік береді. Бұл ретте назар аудара отырып оқыту кешке және демалыс күндері де оқытуға болады. Қашықтықтан білім берудің ерекшелігі интернет желісі бар жер шарының кез келген нүктесінде оқушыларға білім беру мүмкіншілігі. [2]

Қашықтықтан оқыту қай пәннен болса да жеке сипатқа ие, неғұрлым икемді, білім алушы оқу қарқынын өзі анықтайды, жеке сабақтарға бірнеше рет қайтып келуі мүмкін, жеке бөлімдер мен т.б. тақырыптарды жіберіп алып, қалаған уақытында тапсырманы орындау мүмкіндігіне ие. Мұндай оқыту жүйесі оқушыны өз бетімен айналысуға және өз бетімен білім алуға көмектеседі. [2]

География сабағында қашықтықтан оқыту кезінде заман талабына сай программалар, түрлі білім беру платформалары, дамыған электронды карталар мен электронды оқулықтар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқытудың өнімділігін арттырды десем артық болмас.

Қашықтықтан оқытуды енгізу сынақ немесе емтихан тапсыру кезінде білім алушылардың яғни оқушылардың қорқынышын азайтады. Оқушылардың толқуы мен қорқуы кейбір сыныптастарына өз білімдерін толық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бағалаудың субъективті факторы алынып тасталады. Топтың әсерімен немесе оқушының басқа пәндер бойынша үлгерімімен байланысты психологиялық әсері алынады. Оқушылар өткізілген тақырыпты өз бетімен ешкімнің көмегінсіз орындап, тапсыра алады. Қашықтықтан білім беру үшін интернет желісі жақсы жұмыс жасауы қажет. Оқушылар ұстазын мектепте көрмесе де, ватсап желісі, телеграм, zoom т.б бағдарламалары арқылы тікелей байланысқа шыға алады. Қашықтықтан

оқытуды дамыту оқытудың жаңа құралдары мен әдістерін қолдануды, оқытудың жаңа үлгілерін құруды талап етеді.

Қашықтықтан оқыту дараландырылған, әр оқушы мен мұғалімнің жұмыс стиліне бейімделу мүмкіндігі, өз бетінше заманауи интернет технологиялары мен қашықтықтан оқытуды қолдану әр түрлі виртуалды кәсіби қауымдастықтарды (мысалы, мұғалімдер қоғамдастығын) оңай қалыптастыруға, мұғалімдермен өзара қарым-қатынас жасауға, мәселелерді талқылауға, жалпы міндеттерді шешуге, тәжірибе, ақпарат және т. б. алмасуға мүмкіндік береді. Оқушылар үйден шықпай-ақ, түрлі аудандардың іс-шараларына, ашық сабақтарына бейне қоңыраулар арқылы тәжірибе алмаса алады. Мысалы, мен география сабағында өз оқушыларыма еліміздің басқа да облыстарының мәдени орталықтарын, музейлерін, табиғи жағдайларын, халықтарын тікелей конференциялық бейне қоңыраулар арқылы таныстырып, сұрақтарына жауап алуына ықпал еттім. Онлайн саяхатқа риза болған оқушыларым, үнемі география сабағын күтіп жүретін болды. Айтпағым, қашықтықтан білім беру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарының түрлі тәсілдері мен идеялары пайда бола бастады.

География сабақтарында қашықтықтан оқыту сабақтарын одан әрі жетілдіру келесі факторлармен байланысты:

- Мультимедиалық-дыбысталған бейне - және слайд фильмдер, анимация, графика;

- Процестер мен құбылыстардың математикалық модельдерін қоса алғанда, қаныққан интерактивтілік;

- Аудио және бейне ағынын пайдалану;

- Бақылау және тест тапсырмаларының көптүрлілігі;

- Мультимедианың арқасында оңай сіңірілетін оқу материалының үлкен көлемі;

- Тыңдаушылардың өзара қарым-қатынасы.

- Курстарды жеткізудің аралас әдістерін қолдану: Интернет жүйелері, CD-ROM және т. б. бағдарламалар.

География пәнінен қашықтықтан оқыту бойынша педагогикалық технологиялар арасында қашықтықтан оқыту үшін оқушылардың топтық жұмысына, ынтымақтастықта оқытуға, белсенді танымдық процеске, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бағытталған технологиялар қызығушылық танытады. Дәл осы технологиялар зерттеу, проблемалық әдістерді кеңінен пайдалануды, алған білімдерін бірлескен немесе жеке іс-әрекетте қолдануды, дербес сыни ойлауды ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас мәдениетін дамытуды, бірлескен іс-әрекетте түрлі әлеуметтік рөлдерді орындай білуді көздейді. Сондай-ақ, бұл технологиялар жеке тұлғаға бағытталған оқыту проблемаларын тиімді шешеді. [3]

Ынтымақтастықта оқыту. Ынтымақтастықта оқыту технологиясы дәстүрлі сыныптық-оқу жүйесінің баламалы нұсқасы ретінде пайда болды. Ынтымақтастықта оқыту кезінде оқу процесіне әсер ететін басты күш ұжымның, оқу тобының ықпалы болды, бұл дәстүрлі оқыту кезінде іс жүзінде

мүмкін емес. Мәселен ватсап желісі бойынша тапсырмаларды ортаға салып талдауға болады. Ынтымақтастықта оқыту кезінде келесі міндеттер шешіледі:

- Егер оқушы ұжымның басқа мүшелерімен әлеуметтік байланыс орната білсе, белсенділігі артады;

- Ұжымның басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасау қабілетіне оқушылардың сауатты жаза алуына байланысты;

- Әлеуметтік қарым-қатынас барысында оқушылар арасында белгілі бір білімді меңгерген және бір-бірімен қарым-қатынас, бірлескен танымдық іс-әрекет процесінде жаңа білім алуға дайын адамдардың оқу қоғамдастығы құрылады. [3] Ынтымақтастықта оқыту - бұл бірлескен (бөлінген, бөлінген) тергеу, нәтижесінде оқушылар бірігіп жұмыс істейді, жаңа білімді дамытып, объективті болмысты ашпай, білімді дайын түрде тұтынады.

Топта жұмыс істеу. Оқытушы оқушыларды топтарға бөледі және оларға тапсырма береді (электронды пошта арқылы, ақпаратты сайтта және т.б. интернет желілері арқылы). Бұл тапсырмада зерттеуге арналған жалпы тақырып (проблемалық жағдай, тақырып бойынша жеке сұрақтар және т.б.) беріледі. [3]

Мұғалім мен оқушы арасында күнделікті визуал контактінің маңызы зор. Себебі, алдында отырған баланың шынайы тебіренісі мен толқынысын, ұмтылысы мен ұғынғанын ғаламтор жеткізе алмайды. Сондықтан әрбір мұғалім сауатты білім беруді көздесе, оқушылардың ата-аналарымен байланысын үзбеуі керек. Үй жағдайында әр нәрсеге бір елендеп отырған оқушының әлі де ойын баласы екені айтпаса да түсінікті. Бұл ретте ата-ана да баласының сабаққа ден қоюын басты назарда ұстауы тиіс. Әрбірден кейін, бала мұғалім үшін емес, өзінің келешегі үшін оқиды. [4]

Қазіргі білім беру саласындағы басты мақсаттардың бірі – ақпараттық технологиялық құралдарда күзиреттілігін таныта білетін тұлға тәрбиелеу. Ол үшін ұстаз АКТ-ны жетік меңгеруі керек. Осы уақытқа дейін мұғалімдер бір дүниені меңгеру үшін , белгілі бір уақыт аралығында үйін, жұмысын тастап курстық білім алуға аудан орталықтарына немесе қала орталықтарына баратын еді. Ал, қазіргі таңда ұстаздарымыз жылы ұясында интернет желісі арқылы қашықтан өз білімдерінің қорын кеңейтуде.

Сонымен қатар қашықтықтан оқыту кезінде оқушыларды түрлі байқауларға, олимпиадаларға қатыстыру оқушының білім сапасының артуына көп серіптігін тигізеді. Онлайн байқаулар мен қашықтық байқаулар оқушылардың ой-танымын кеңейту, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасау, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіледі. Қашықтық олимпиаданың тиімділігі – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бақылай алады, сабақ барысында алған білімдерін шыңдайды, тексереді, салыстырады. Оқушыларға арналған олимпиадалардан басқа, мұғалімдерге арналған онлайн жүйесінде өтетін сан алуан вебинарлар, конференциялар, т.б іс-шаралар ұйымдастырылады.

Менің ойымша, әр мұғалім ізденіп, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, мақсатына сай қолдана білсе, оқушының таным, логикалық ойлау, есте сақтау сияқты қабілеттері дамушы еді. Білімді ұрпақ – ел болашағы. Оқушы күш пен қуатты , шабыт пен дарынды да ұстаздан алады. Сондықтан, бүгінгі таңда

ақпараттық жаңашыл технологиялармен қаруланған педагогтің өскелең ұрпақтың толыққанды білім алуына, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіруге, білікті де білімді, идеясы озық жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Қашықтықтан оқыту теориясы мен практикасы/Баспасөз Е.С. Полат – М.,2004.

4. Интернет - педагогикалық әшекелеу мәселесінің білім жүйесі/Баспасөз М.В. Моисеевой - М.,2004.

ТРЕНДТЕГІ STEM БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ МЕН ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Оспанова Ф.К., Қалекеева А.

Жетісай ауданы

Тәуелсіздік жолында аянбаған, XVIII ғасырда өмір сүрген Ұлы Абылай хан: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік» деп көрегендікпен айтқан ұлы сөздері тәуелсіздігіміздің қымбаттылығын, біздерге сый әрі аманат екендігін, сол тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы үшін, еліміздің экономикасын, әлеуметтік жағдайын көтере отырып, әлемдік ірі мемлекеттермен қатарлас болуда білім саласын дамытып, жастардың білімді, бәсекеге қабілетті, ойы ұшқыр, креативті көзқарасы мен өзіндік пікірі бар, жан-жақты болуын міндеттегендей.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландыру барлық реформаның басты элементі екеніне маңыз берді. Бұл – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы, табысты болудың басты кілті [1].

Білім саласы үнемі ілгері жылжуы үшін, жаңалықтарды, ізденістерді талап етеді. Әсіресе жаратылыстану ғылымдарының дамуында теория мен практиканы ұштастыру зор рөл атқарады. Қазіргі таңда әлем бойынша STEM білім беруге ерекше көңіл бөлініп келеді.

STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады. STEM - білім беру инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау

және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі [2]. Ол оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалануына, белсенді қарым-қатынас құру және топпен ауызбіршілікте жұмыс жасауына, техникалық пәндерге қызығушылықтарын арттыруына, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуына мүмкіндік береді.

2007 жылы АҚШ-та STEM-білім инновациялар мен мектептегі білім беруде көшбасшы ретіндегі мәртебесін сақтау үшін мемлекеттік деңгейде қолдау алды. Сондай-ақ Германия, Италия, Франция, Ұлыбритания сияқты Еуроодақ елдері білім берудің бұл түрін дамыту бойынша арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылдады. Ал елімізде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында робот-техника, 3D-принтинг сияқты STEM-нің басты элементтерін мектеп бағдарламасына енгізуге ерекше назар аударылуда. Бүгінде Назарбаев зияткерлік мектептері мен өзге де жекеменшік білім беру ұйымдары аталған жаңашылдықтарды қолдана бастады [1].

Майкрософт корпорациясының тапсырмасы бойынша жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде қыз-балалар ғылымды 11-12 жаста жақсы көреді, бірақ бұл 15 жаста ғылымға деген қызығушылығы күрт төмендейді екен [2]. Сол үшін қыздардың да ғылым мен техникада өз үлестерін қосу үшін, STEM зертханаларына барынша оқушыларды ерте жастан баулу өзінің оң нәтижесін береріне сенемін.

Жаратылстану ғылымдары мектептерде бастауыш сыныптардан бастап бітіруші сыныпқа дейін оқытылады. Енді оқушыларды мектеп пәндерін оқытумен қатар цифрлық сауаттылығын арттыруда STEM білім беруді қосар болсақ, оның артықшылықтары төмендегідей болмақ:

- пәндер бойынша емес, интеграцияланған тақырыптар бойынша оқыту. STEM-тренинг пәнаралық және жобалық тәсілдерді біріктіреді оның негізі жаратылстану ғылымдарының технологияға, инженерлік шығармашылық және математикалық интеграцияға негіз болып табылады.

- сыни тұрғыдан ойлауға, ой-өрісін кеңейтуге және өзіне деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік алады. Әртүрлі өнімдерді шығару, жолдарды, көпірлерді, кемелер, ракеталар, әуекұрылыстары, автомашиналар, суасты кемелерін жасайды. Жасаған жұмыстары арқылы бала өзіне сенімділігі қалыптаса отырып, бастаған жобасының кемшілік тұстарын түзетуге және одан да жақсы жобалар ойлап шығаруға әрекеттенеді [2].

- алған білімдерін практика жүзінде қолдана алады. Мектепте оқыған бала жаратылыстану ғылымдарын оқу кезінде білген формула немесе ережені біршама уақытқа ғана есте сақтауы мүмкін, бірақ оны өмірде қолданбаған соң ұмыт болады және бала бұл білімнің өмірде қажеттілігі қанша деген сұраққа тап болады. STEM зертханасында теория мен практиканы ұштастырған бала пәндердің бір-бірімен байланысын түсіне отырып, жобасын сәтті шығуы үшін аталған теориялық білімді өз бетінше де қызыға ізденетін болады.

- белсенді қарым-қатынас және командалық жұмыс. STEM бағдарламалары белсенді қарым-қатынас пен командалық жұмысты көрсетеді. Талқылау кезеңінде пікірталастар мен пікірлерге арналған еркін атмосфера

құрылады. олар соншалықты еркін, пікір білдіруге қорықпайды, олар сөйлеуге және өз жұмысын таныстыруға, ұсынуға үйренеді.

- STEM мектеп бағдарламасына қосымша ретінде. 7-14 жас аралығындағы балаларға арналған STEM бағдарламалары олардың білімге деген қызығушылығын тұрақты дамытады. Жаратылыстану пәндерін оқу кезінде өтетін тақырыптарын теория жүзінде түсіну кейбіреуіне қиындық туғызуы мүмкін. Мысалы, «Жасыл экономика» терминінің астарында қаншама өзекті мәселелер бар. Оларды шешу барысында қоқысты жинайтын құрылғылар, жел энергиясы, су энергиясы, күн энергиясын пайдалануға болатындай түрлі құрылғыларды жасау арқылы жасыл экономика деген не екенін ұмытпайтындай оңай жолмен түсініп алады [2].

- инновациялық технологияларды игерудің маңыздылығын ұғындыру және цифрлық сауаттылығын арттыру. Техниканың дамыған заманында ешбір сала техникасыз дамымайтындығын ұғына отырып, өз беттерінше замануи, сұранысқа ие дүниелерді жасауына ынталанады. Компьютермен моделдеу жұмыстарында жүргізе отырып, түрлі программалармен танысады, үйренеді. Уақытты барынша тиімді етіп қолдануына, әр минуттың қымбат екендігін біледі.

- болашақ мамандығына дұрыс таңдау жасай алады. Мектеп бітірушілердің басым бөлігі, мамандықтарын таңдауда қиналып жатады. Өздерінің неге қабілетті екендерін, қандай ғылым саласына қызығушылықтары бар екендігіне нақты жауап бере алмай дел-сал болып жатады. STEM зертханасында жұмыс жасаған ір оқушы өзінің нақты қызығушылығын өздігінен біліп, болашақ мамандығына дұрыс таңдауды жасайды. Жұмысын жаны қалап ісітеген адамнан нағыз іскер, білікті маман шығары сөзсіз.

Бүкіл әлем бойынша «цифрлы экономика» деп аталатын термин жиі айтылуда. Сол үшін STEM білім берудің маңызы зор болып отырғаны белгілі. Елдің болашағы – цифрлы технологияда, цифрлық сауатты мамандарда. Қазақстанда STEM білім берудің келгегеніне көп болмаса да оның жетістіктері мен оқушылардың қызығушылықтары жетерлік. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында өткен STEM -олимпиадасында екі күн бойы оқушылар өз білімдерін іс жүзінде қолдана білу бойынша жарысты: 10 кг салмаққа шыдайтын сабаннан көпір салу, 30 кг-ға дейін салмаққа шыдайтын және 20 метрге дейін ашық бассейнде жүзе алатын кеме жасау, қауіпсіз машиналар жасау үшін механизмдер ойлап табу және т.б. [3]

Сонымен қатар STEM білім берудің бір жетістігіне мысал айтар болсақ, 5-сынып оқушысы судағы, жағажайдағы қоқыстарды жинайтын құрылғы ойлап тапқан. "Екі мотор арқылы екі қалақшаларын айналдырып тұр. Мысалы, оның алдында қоқыс тұр делік. Ол қоқысқа қарай жүзіп келеді де көтергіш механизмімен қоқыс салатын жәшігіне салып алады. Бұл адамдардың жұмысын жеңілдетеді. Және өздігімен қоқыстарды жинайды. Үшіншіден, бұл табиғатқа еш зияны жоқ", - деді Жасұлан Боранбай. Әрине бұл бір ғана мысал, еліміздің түкпір-түкпіріндегі әр баладан әлемдік сұранысқа ие болатындай техникаларды шығарулары үшін жақсы мамандар қажет [4].

АҚШ-та STEM мамандықтары көп сұранысқа ие және ең жоғары жалақы алатын мамандар да STEM мамандар. Осыған орай Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде мамандарды даярлаудың тың бағыттарына бет бұрды [1].

Жаратылыстану ғылымдары бір-бірімен тығыз байланыста. Химиялық элементтердің 100-ден астам түрі жеріміздің қойнауында кездеседі. География пәнінде пайдалы қазбалардың таралуын, маңызын қарастырсақ, Химиядан олардың өндіру, өңдеу жолдарын ал экология пәні бойынша сол ресурстарды табиғатқа зиянсыз етіп өндіру жолдарын қарастырамыз. Мысалы, мұнайды алып қарасақ, бір ғана мұнайдың өзінен, бензин, солярка, керосин, мазут, гудроннан құрылыс материалдары, мұнай қоспаларынан бояу, сыр, косметикалық құралдары, жақпамай, синтетикалық маталар мен резіңкелер, пластмасса, автокөлік шиналары, маргарин май және т.б. қаншама заттарды алуға болады.

STEM білім берумен табиғат ресурстарымызды өзімізде өндіру мен өңдеу технологияларын шығару арқылы экономикалық-әлеуметтік жағдайымызды көтеріп постиндустриалды мемлекет атануға негіз бар. Бұдан да басқа ақсап тұрған өнеркәсіп, фабрика, заводтардың бәрі мамандар мен техника жетіспеушілігі салдарынан болып отыр. Негізгі шешу жолы, STEM білім беруді дамыта отырып, отандық заманауи техникаларды және оны басқара алатын мамандар даярлауда шетелдік мамандардан кем түспейтіндей етіп шығаруға болады.

Әлемде алты мыңға жуық ұлт болса, соның екі жүзге жуығы ғана тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет болып отыр. Сол дербестігіміздің, тәуелсіздігіміздің тұғырлы әрі мәңгі болуы үшін, еліміздің әлемдік деңгейде көтеру үшін трендтегі тың бағыт STEM білім берудің алар орны ерекше. Ш.Құдайбердиевтің «Құбылған әлем жарысы – ақылды жанның табысы» деген ұлағатты сөзі бар. Олай болса ақпараттық технологиялар заманында цифрлық сауаттылығымызды арттыруда, инновациялық технологиялар заманында қапы қалмауда еңбек етелік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айнұр Жұмаділлаева «STEM білім берудегі тың бағыт-жаңа тренд» //Егемен Қазақстан газеті 12.01.2021ж.
2. STEM білім беруді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин Ұлттық білім академиясы, 2017ж.
3. www.nu.edu.kz сайты
4. www.baq.kz сайты

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

С.Е. Кулбекова

Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы, №10 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп-гимназия интернаты

*«Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған
сайын одан әрі жақсы оқи түседі»*

Питер Клайн

Мемлекетімізді дамыған өрекеніетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейім етіп тәрбиелеу басты бағытымыз. Әр баланың болашағы мектепте қаланған білімге байланысты. Себебі ертеңгі тәуелсіз еліміздің болашағы-бүгінгі мектеп оқушылары. Қазіргі заман мектебі бала үшін қызмет ету керек. Бүгінгі таңда биік белестерді бағындырғың келсе білімге ұмтыл. Себебі күн сайын әлемде түрлі жаңалықтар ашылуда. Күн сайын жаңа жобалар іске асырылуда. Күн сайын бұл өмірдің бізге дайындаған сыйы артуда. Сондықтан әр күнге жаңаша көзқараспен қарауға дайын болу керек. Әлемдегі соңғы болған оқиғалар бүкіл адамзатты дүр сілкіндірді. Еліміздегі мегаполистердің карантинге жабылуы, жұмыстың тоқтауы, қоғамдық шаралардың кейінге шегерілуі – бәрі біздер үшін күтпеген жаңалық. Ал, ең үлкен өзгеріс – мектептердің қашықтықтан оқытуға көшуі. Әрине, бұл оқушылар тұрмақ, мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қиындау болып тұр. Көкейде сауал көп. Дегенмен, іштегі қорқыныш, үрей, сенімсіздікке қарамастан алға қарай қадам жасау өте маңызды.

Білім беру бұл ел болашағы үшін аса жауапты үрдіс екені мәлім. Сондықтан білім беру саласына қай мемлекетте болмасын үлкен жүк артылады. Ал қазіргі жағдайда сапалы, ең бастысы нәтижелі білім беру үрдісін ұйымдастыру екі есе қиындай түсетіні анық. Десе де, барша әріптестеріме «қашықтықтан оқытудан» қашпауға кеңес беремін!

Қашықтықтан оқыту ерте ме, кеш пе бізге жететін еді. Өйткені бұл – заман талабы. Ақпараттандырылған ғасырда озық технологияның үздік жемістерін пайдалану – дамыған елдердің шешімі. Сондықтан еліміз үшін бұл да бір жаңа белес, жаңа шың!

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген.

«Онлайн» режиміндегі оқу сабақтары білім алушы мен педагог арасындағы асинхронды тілдесудің оқу іс-әрекеті үдерісін қарастырады. Қашықтықтан оқыта отырып, оқушының алған білімінің нәтижесін бағалау немесе күнделікті оқушы қандай деңгейде білімге қол жеткізіп жатыр деген сауал әрбір адамзатты толғандырады.

Қашықтықтан оқытудың ерекшелігі оқытудың қол жетімділігі мен қашықтығы - оқушының өз үйінен немесе мектептен шықпай-ақ оқу орнынан алыстатылған оқу мүмкіндігі. Бұл заманауи ұстазға өмір бойы, арнайы іссапарсыз, демалыстарсыз, негізгі қызметпен қоса отырып оқуға мүмкіндік береді. Бұл ретте назар аударып отырып оқыту кешке және демалыс күндері де оқытуға болады. Қашықтықтан білім берудің ерекшелігі интернет желісі бар жер шарының кез келген нүктесінде оқушыларға білім беру мүмкіншілігі.

Қашықтықтан оқыту қай пәннен болса да жеке сипатқа ие, неғұрлым икемді, білім алушы оқу қарқынын өзі анықтайды, жеке сабақтарға бірнеше рет қайтып келуі мүмкін, жеке бөлімдер мен т.б. тақырыптарды жіберіп алып,

қалаған уақытында тапсырманы орындау мүмкіндігіне ие. Мұндай оқыту жүйесі оқушыны өз бетімен айналысуға және өз бетімен білім алуға көмектеседі.

Қашықтықтан оқыту оқушылардың барлығын бір уақытта оқытуға мүмкіндік беру, оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқытудың өнімділігі артады, қажет болған кезде оқуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту білім беру процесін шығармашылықта дамытып, білім алушының шығармашылық ой-өрісінің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Сабақта оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артып, берілген тапсырмаларды, тест жұмыстарын қызыға орындауы байқалды.

Қашықтықтан оқытуды енгізу сынақ немесе емтихан тапсыру кезінде білім алушылардың яғни оқушылардың қорқынышын азайтады. Оқушылардың толқуы мен қорқуы кейбір сыныптастарына өз білімдерін толық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бағалаудың субъективті факторы алынып тасталады. Топтың әсерімен немесе оқушының басқа пәндер бойынша үлгерімімен байланысты психологиялық әсері алынады. Оқушылар өткізілген тақырыпты өз бетімен ешкімнің көмегінсіз орындап, тапсыра алады. Қашықтықтан білім беру үшін мектептің интернет желісі жақсы жұмыс жасауы қажет. Ұстаз оқушыларын көрмесе де олармен ватсап желісі, теллеграм, zoom. бағдарламалары арқылы тікелей байланысқа шыға алады. Қашықтықтан оқытуды дамыту оқытудың жаңа құралдары мен әдістерін қолдануды, оқытудың жаңа үлгілерін құруды талап етеді. Қазіргі уақытта еліміздің барлық ұстаздары қашықтықтан білім беруді карантин жағдайына байланысты үйде, кейбіреулері мектепте жұмыс орнында іске асырып жатыр. Қашықтықтан оқыту қай пәннің ұстазы болмасын коммуникативтікті, жауапкершілікті, сауаттылықты талап етеді.

Қашықтықтан оқыту дараландырылған, әр оқушы мен мұғалімнің жұмыс стиліне бейімделу мүмкіндігі, өз бетінше заманауи интернет технологиялары мен қашықтықтан оқытуды қолдану әр түрлі виртуалды кәсіби қауымдастықтарды (мысалы, мұғалімдер қоғамдастығын) оңай қалыптастыруға, мұғалімдермен өзара қарым-қатынас жасауға, мәселелерді талқылауға, жалпы міндеттерді шешуге, тәжірибе, ақпарат және т. б. алмасуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытуды дамыту интернет технологиялардың дамуына және қашықтықтан оқыту әдістерін жетілдіруді талап етеді. Ұстаздардың алдында қашықтықтан оқыту бойынша үлкен жауапкершіліктер тұр. Қашықтықтан оқыту түрі дәстүрлі күндізгі біліммен салыстырғанда оқу курстарын қолжетімді ете отырып, білім берудің жаппай таралуына ықпал етеді. Ауылдық жерлерде тиісті техникалық мүмкіндіктер мен жақсы телекоммуникация арналары пайда болған кезде Қазақстанда қашықтықтан оқыту кең таралады. Елімізде қашықтықтан оқыту жүйесін одан әрі дамыту барынша интерактивтілікті қамтамасыз етуді көздейді. Шын мәнінде, оқытушымен шынайы қарым - қатынас имитациясына қол жеткен кезде ғана оқыту толыққанды болып табылатыны құпия емес, - міне, осыған ұмтылу керек. Виртуалды қарым-қатынас есебінен жеке контактінің жетіспеушілігін

өтеуге мүмкіндік беретін электрондық коммуникациялардың әртүрлі түрлерінің үйлесімін пайдалану қажет.

География сабақтарында қашықтықтан оқыту сабақтарын одан әрі жетілдіру келесі факторлармен байланысты:

- Мультимедиалық-дыбысталған бейне - және слайд фильмдер, анимация, графика;

- Процестер мен құбылыстардың математикалық модельдерін қоса алғанда, қаныққан интерактивтілік;

- Аудио және бейне ағынын пайдалану;

- Бақылау және тест тапсырмаларының көптүрлілігі;

- Мультимедианың арқасында оңай сіңірілетін оқу материалының үлкен көлемі;

- Тыңдаушылардың өзара қарым-қатынасы.

- Курстарды жеткізудің аралас әдістерін қолдану: Интернет жүйелері, CD-ROM және т. б. бағдарламалар.

География пәнінен қашықтықтан оқыту бойынша педагогикалық технологиялар арасында қашықтықтан оқыту үшін оқушылардың топтық жұмысына, ынтымақтастықта оқытуға, белсенді танымдық процеске, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге бағытталған технологиялар қызығушылық танытады. Дәл осы технологиялар зерттеу, проблемалық әдістерді кеңінен пайдалануды, алған білімдерін бірлескен немесе жеке іс-әрекетте қолдануды, дербес сыни ойлауды ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас мәдениетін дамытуды, бірлескен іс-әрекетте түрлі әлеуметтік рөлдерді орындай білуді көздейді. Сондай-ақ, бұл технологиялар жеке тұлғаға бағытталған оқыту проблемаларын тиімді шешеді. Қазіргі уақытта мен география сабағында асинхронды тілдесу кезінде қашықтықтан оқытуға арналған мобильді қосымшалар мен сервистерді пайдалану үстіндемін. Мысалы <https://learningapps.org/> қосымшасы арқылы сабаққа қажетті әртүрлі форматтағы тапсырмаларды құрастыра отырып крассворд, кесте, тест, глоссарий, термин, мәтінмен жұмыс, картамен жұмыс, сәкестендіру сияқты тапсырмаларды беріп отырамын. Сабағым үшін ең қызықты бұл Планета Земля платформасын жиі пайдаланамын. Себебі бұл қосымша арқылы кез келген мемлекеттерге виртуалды саяхат жасай отырып, елдердің жер бедерін, қала құрылымын көруге ойындар ойнауға, қаланың көрікті жерлерін 3Д форматта қаруаға мүмкіндік береді. Осындай платформаларды қашықтықтан сабақ өту кезінде қолдануым оқушыға да сабақтың мазмұны түсінікті деп айта аламын.

Сонымен қатар ынтымақтастықта оқыту. Ынтымақтастықта оқыту технологиясы дәстүрлі сыныптық-оқу жүйесінің баламалы нұсқасы ретінде пайда болды. Ынтымақтастықта оқыту кезінде оқу процесіне әсер ететін басты күш ұжымның, оқу тобының ықпалы болды, бұл дәстүрлі оқыту кезінде іс жүзінде мүмкін емес. Мәселен ватсап желісі бойынша тапсырмаларды ортаға салып талдауға болады. Ынтымақтастықта оқыту кезінде келесі міндеттер шешіледі:

- Егер оқушы ұжымның басқа мүшелерімен әлеуметтік байланыс орната білсе, ол жақсы оқиды;

•Ұжымның басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасау қабілетіне оқушылардың сауатты жаза алуына байланысты;

•Әлеуметтік қарым-қатынас барысында оқушылар арасында белгілі бір білімді меңгерген және бір-бірімен қарым-қатынас, бірлескен танымдық іс-әрекет процесінде жаңа білім алуға дайын адамдардың оқу қоғамдастығы құрылады.

Ынтымақтастықта оқыту - бұл бірлескен (бөлінген, бөлінген) тергеу, нәтижесінде оқушылар бірігіп жұмыс істейді, жаңа білімді дамытып, объективті болмысты ашпай, білімді дайын түрде тұтынады.

Топта жұмыс істеу. Оқытушы оқушыларды топтарға бөледі және оларға тапсырма береді (электронды пошта арқылы, ақпаратты сайтта және т.б. интернет желілері арқылы). Бұл тапсырмада зерттеуге арналған жалпы тақырып (проблемалық жағдай, тақырып бойынша жеке сұрақтар және т.б.) беріледі.

Мұғалім мен оқушы арасында күнделікті визуал контактінің маңызы зор. Себебі, алдында отырған баланың шынайы тебіренісі мен толқынысын, ұмтылысы мен ұғынғанын ғаламтор жеткізе алмайды. Білім деңгейіне келсек, бұл ретте оқушының жеке жауапкершілігі маңызды рөл атқарады. Үй жағдайында әр нәрсеге бір елеңдеп отырған баланың білім сапасы қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Бұл ретте ата-ана да баласының сабаққа ден қоюын басты назарда ұстауы тиіс. Әрбірден кейін, бала мұғалім үшін емес, өзінің келешегі үшін оқиды.

Сонымен қатар қашықтықтан оқыту кезінде оқушыларды түрлі байқауларға, олимпиадаларға қатыстыру оқушының білім сапасының артуына көп серпін тигізеді. Онлайн байқаулар мен қашықтық байқаулар оқушылардың ой-танымын кеңейту, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасау, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіледі.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мақсаттардың бірі – ақпараттық технологиялық құралдарда құзіреттілігін таныта білетін тұлға тәрбиелеу. Ол үшін ұстаз АКТ-ны жетік меңгеруі керек. Ұстаз оқушыларды түрлі қашықтық байқауларға тартуы тиіс.

Оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар Қазақстандық интернет олимпиадалар («КИО») өтеді. Мұндай интернет олимпиадалар оқушылардың үлкен қызығушылығын танытады. Тапсырмалары қызықты, сан алуан және олимпиаданың ең тиімді жері – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бірден білулері болып табылады. Аталған олимпиадалар сайыс түрінде берілсе де, оқушыларды оқытады деп айтуға болады. Өйткені, оқушылар сабақ барысында алған білімдерін шыңдайды, тексереді, салыстырады. Оқушыларға арналған олимпиадалардан басқа, мұғалімдерге арналған онлайн жүйесінде өтетін сан алуан семинарлар, конференциялар, сабақтар ұйымдастырылады.

Мен онлайн байқауларды және қашықтық байқауларды сыныпта мұғалімге оқу үдерісінде көмек көрсетуге арналған тиімді құрал ретінде қолданамын. Тәжірибемнен байқағаным, қашықтық байқауларға барлық оқушыларды қатыстыруды, қамтуды болжамдайтын оқу әдісі ретінде қолдану өте тиімді екен деп айта аламын. Себебі білім қазір басқа, оқушы өзі бетімен де шабыттануына мұғалім жол сілтеп отыру тиіс.

Әр қашықтық байқауға өз пәнінен мұғалім қатыстырса сол мұғалім - өз сабағының режиссеры болар еді. Ал байқау – бір әлем. Сондай байқауларды іздеп жүріп оқушыларын қанаттандырса, мұғалім жетістігі болар еді. Менің ойымша, әр мұғалім ізденіп, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, мақсатына сай қолдана білсе, оқушының таным, логикалық ойлау, есте сақтау сияқты қабілеттері дамушы еді.

Білімді ұрпақ – ел болашағы. Оқушы күшпен қуатты да, шабыт пен дарынды да ұстаздан алады. Сондықтан бүгінгі таңда ақпараттық жаңашыл технологиялармен қаруланған педагог өскелең ұрпақтың толық қанды білім алуына, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіруге, ұлтжанды, тәрбиелі жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Қорыта келе айтарым қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдерімізбен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланыса отырып, өз білімдерін онлайн жалғастыруға ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға, инновациялық білім саласын дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Қашықтықтан оқыту теориясы мен практикасы/Баспасөз Е.С. Полат – М.,2004.

4. Интернет - педагогикалық әшекелеу мәселесінің білім жүйесі/Баспасөз М.В. Моисеевой - М.,2004.

5. Қашықтықтан оқутудың педагогикалық технологиялары / Баспасөз Е.С. Полат – М., 2005.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Б. Омиралиева

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, №28 Абылай хан атындағы
жалпы орта мектебі

Қашықтықтан оқыту - ғаламторды пайдалану арқылы қашықтықта отырып оқыту тәсілі. Қашықтықтан оқыту технологиясы интернет желісінде, электрондық пошта арқылы және басқа заманауи байланыс құралдарын пайдалану арқылы, компьютерлік оқыту және интернетте оқыту (мобильді мессенджерлер) арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту

жүйесі бір бірінен алшақ отырған білім алушылар мен мұғалім арасын байланыстырушы болып табылады[1].

Қашықтықтан білім беруге білім реформасы ұзақ уақыт дайындалып келеді. Оқушыға да, ұстазға да уақытты үнемдеуге көмектесетін бұл жүйенің ерекшеліктері мен кемшіліктеріне тоқталуды жөн санаймын. Мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың пікірлері білім берудің бұл формасында өзін-өзі тәрбиелеудің үлкен рөл атқаратындығын білдіретін ортақ ойға келді. Мысалы, қашықтықтан оқу басталғалы жауапкершілігі мықты шәкірттердің, сыныптардың білім сапасы жақсара бастаған. Сонымен қатар ұстаздардың бақылауынан, оқушылардың көзқарасынан қысылатын кейбір балалардың қашықтықтан оқыту кезінде сабақ үлгерімі ілгерілеген. Себебі, ол көп нәрсеге көңіл аудармай сабақ процесімен ғана әуре болады. Түрлі сылтаулармен сабақтан қалатын оқушылар да қашықтықтан оқыту кезінде еріксіз сабақ оқи бастағаны айқын. Оқушылар ауырып қалған жағдайда да смартфон, компьютерін қосып түрлі тапсырмаларды орындай беруіне ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан, қашықтықтан оқыту оқушының ұзақ уақыт ауырып қалған кезінде де немесе мектепке бара алмау жағдайында да жалпы оқушылар арасында қалып, мектеп бағдарламасымен оқуға көмектеседі. Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімді жақтарын санамалап көрейік:

1. Оқуға дайындалу, тапсырманы орындау уақытын оқушы өзі белгілейді.

2. Еркіндік пен шығармашылық ойлау дами бастайды. Оқушы өзін қаншалықты дамытқысы келседе, креативті ойларын жүзеге асырса да ешкім кедергі емес.

3. Қол жетімділік – оқушы үйде отырғанымен оған барлық нәрсе қол жетімді. Көрнекілік, қажетті құралдар т.б. Тек өзінің тәуелсіздігін тиімді пайдалана білгені дұрыс.

4. Ұтқырлық — мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру оқу процесінің табысты болуының негізгі талаптарының бірі болып табылады.

5. Технологиялық тиімділік — оқу үрдісінде оқушы мен ұстаз ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану.

6. Әлеуметтік теңдік — білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулығының жай-күйіне, элита мен материалдық қауіпсіздігіне қарамастан бірдей білім алу мүмкіндігі бар.

7. Шығармашылық — оқушының шығармашылық ойын дамытуға, жетілдіруге қолайлы жағдай.

Қанша артықшылықтарын келтірсек те, қашықтан оқытудың кемшіліктері де жоқ емес

1. Күшті мотивация қажет. Қашықтан білім алушы оқушы барлық оқу материалдарын дербес оқиды. Бұл ерік-жігер, жауапкершілік пен ұстамдылықты талап етеді. Сыртқы бақылаусыз оқудың қарқыны төмендейді.

2. Қашықтан білім беру коммуникативтік икемділікті дамыту үшін қолайсыз. Қашықтан оқыту кезінде оқушылардың бір-бірімен және мұғалімдермен жеке байланысы аз болады. Сондықтан оқытудың бұл формасы

сыпайылықты, сенімділікті, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға жарамайды.

3. Практикалық білімнің болмауы. Көптеген практикалық сабақтарды қамтитын мамандықтар бойынша оқыту қашықтықта қиынға түседі. Тіпті, ең заманауи тренажерлар болашақ дәрігерлерге немесе мұғалімдерге тәжірибені алмастыра алмайды.

4. Компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі. Негізінен, мұғалімдер құрамының аға буыны қашықтан оқыту технологиясын меңгеруде қиындықтар туындайды.

5. Шалғай өңірлердің қашықтығы. Қазақстанда шалғай аудандарда қашықтықтан оқытуға ерекше қажеттілік туындайды. Алайда, оқығысы келетіндердің көбісінде интернетке қосылған компьютер жоқ [2].

Қазіргі кезде еліміздің оқушылары қашықтан білім алуда, бұл оқыту түрі дарынды, ізденімпаз оқушы үшін тиімді болса, ал үлгерімі мен жауапкершілігі төмен оқушы үшін біршама қиынға соғары сөзсіз. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту барысында ата - аналардың да құты қашып, балаларына қажетті көмекті бере алмай жатқаныда бәрімізге мәлім. Әдетте мектепте сабақ кестесі автоматты түрде құрылады: сабақтың басталуы мен аяқталуы нақты бекітілген. Үйде сабақ оқығанда бала көбінесе күнделікті режимін сақтай алмайды. Сондықтанда түрлі кедергілерге ұшырап жатады. Осындай қиындықтардан шығу үшін қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелерінің біріне күн тәртібін ұйымдастыру ережесін ұсынар едім:

№1 ереже. Ерте жатып, ерте тұру. Мысалы, 5-8 сыныпта кем дегенде 9 сағат, 9-11 сыныпта 8 сағат ұйықтауы керек. Уақытында ұйықтау үшін физиологтар ұйықтардан 120 минут бұрын үйдегі жарықты сөндіріп, компьютер мен смартфонды бір сағат бұрын өшіруге кеңес береді. Бұл демалу кезеңіне өтуді жеңілдетеді. Ұйқыдан тұру мен онлайн-сабақтың арасы кем дегенде 60 минут болуы керек. Бұл әсіресе таңертең ерте тұруға қиналатындар үшін. Демалыста да тап осындай режимді ұстанған абзал, тіпті болмаса бір сағат кейін оянысын. Сөйтіп ерте тұру әдеті қалыптасады.

№2 ереже. Күн тәртібін дұрыс құрастыру. Күнделікті тәртіпті тайм-менеджмент қағидатымен қалыптастырудан басталады. Егер баланың негізгі ісі - оқу болса, оған күннің ең белсенді бөлігін арнаған жөн.

№3 ереже. Үй тапсырмасын күн сайын орындау. Практикалық жаттығулар материалды бекітуге көмектесіп, жақсы әдет қалыптастыруға ықпал етеді. Үй тапсырмасын «ертең сұралады» деп емес, өздігімен отырып қараған бала бұл әдетін өскенде де іске асыра береді.

№4 ереже. Күнделік қолдану. Қойын дәптер – режим сақтаудың күшті көмекшісі. Алдын ала жоспарлау және оны ұстану өмірдегі баға жетпес әдет. Қойын дәптерден басқа, планер және ұялы телефонда жазба, қосымшалар немесе онлайн бағдарлама пайдалануға болады.

№5 ереже. Үзіліс жасап, таза ауада демалу. Өсіп келе жатқан балаға серуендеу өте қажет. Физиологтар миды оттегімен қанықтыру үшін күн сайын кем дегенде бір сағат таза ауада болуға кеңес береді. Оқу мен үй тапсырмасы арасында үзіліс болуы міндетті [3].

Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың тағы бір өзекті мәселесі бұл оқыту технологиясы деуге болады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып білім берудің мақсаты- білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, әртүрлі платформаларды қолдану арқылы оқыту, білім алушы мен мұғалім арасында кез келген форматта өзара файлдармен алмасу. Қашықтықтан оқыту кезеңінде әр мұғалім өз шеберлігіне қарай түрлі платформаларды қолдану арқылы оқытуды жүргізіп келеді. Ол платформалардың қайсысы болмасын ақпаратты білім алушыға ыңғайлы және түсінікті түрде жеткізуге, олармен диалог жүргізуге және кері байланыстар жасауға өте тиімді болуы шарт[3].

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен кері байланыс жасау үшін тиімді құралдардың бірі - Google формалары. Google формалары - Google Дисктегі ең танымал функциялардың бірі. Google формалары – қашықтықтан оқыту кезінде кері байланыс жасауда, әсіресе бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау өткізуде өте қолайлы құрал. Google формалары тест жұмыстарын (бір дұрыс жауаппен және бірнеше дұрыс жауаптармен) өткізуге, оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша жазба жұмысын жаздыруға, бақылау жұмыстарын орындатуға ыңғайлы құрал болып табылады. Сонымен бірге бұл сервис қағазбастылықтан құтқаратын бірден бір құрал деп айтуға болады[1].

Қазіргі заман талабына сай қашықтықтан оқыту форматына көшкеннен бері электронды оқулықтардың ақпараттық технологияда ең тиімді әдіс екені айдан анық. Үнемі ізденісте жүретін ұстаздар қауымы оқушыларға қашықтықтан білім бере отырып, дәстүрлі оқулықпен қатар электронды оқулықтарды да тез меңгеруде.

Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруіне зор ықпал етеді. Себебі, көптеген электронды оқулықтарда оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырып бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез немесе жай түрде көрсетуге пайдалы. Электронды оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіндік туғызады. Электронды оқулықтың ең қажет элементі – аудио хабарлар. Сондай-ақ мұғалімдерге де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электронды оқулықтарды сабақта пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортау міндетті өз мәнінде жүргізу үшін электронды оқулықтарды тиімді пайдаланып отырсақ білім берудегі еңбегіміздің жақсы нәтижеге жетері анық. Электронды оқулықтар – оқытудың автоматтандырылған процесі болып табылады. Оқушылар мұғалімнің көмегімен немесе өздігінен модульдермен, гипермәтіндермен, тапсырмалармен, тестілермен таныса алады. Тәуелсіз еліміздің рухани және экономикалық өрлеуі, білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі оқытушылардың өз кәсіби

шеберліктерін шыңдауды, жаңартуды талап етеді. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану арқылы жаңа инновациялық әдістері ретінде қашықтықтан оқыту жүйесі жетекші рөл атқарады[1].

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту барысында балаға қолжетімді платформаларды қолданып, ата-анамен байланыса отырып, баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға ықпал етсек, үнемі кері байланыс орнатып балаға қолдау көрсете білсек, оқушылардың білім сапасын артырарымыз сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Журнал «Информатика негіздері» //№ 1. -2005ж. (9-14 б)
2. Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. - 1999. -№7. -С. 29-34.
3. Сайттар: www.e-gov.kz www.albest.ru,www.tor.kz www.ktk.kz

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Байдаулетова Айгул Молдабековна

Мақтаарал ауданы, В.Комаров атындағы №7 жалпы орта мектебі

Қашықтықтан оқыту барысында оқытушы мен оқушы арасындағы байланыстың қолжетімді болуы ерекше орын алады. Бала білімі мен ой өрісінің үздіксіз дамуын қамтамасыз етуде ұстаздың атқарар жұмысы орасан. Оқушымен қалыпты жағдайдағы байланысын үзіп алмас үшін шынайы жұмыс жасауына тура келеді. Баланың білімге деген талпынысын жандандыру - ұстаз қолында екендігі шындық. Демек, ұстаздың әр сабағы бала үшін жаңалықтармен, шындық пен тартымды қызықты деректерімен маңызды. Бүгінгі өзімнің баяндамамда 8 сыныптағы география сабағындағы «Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері» тақырыбында қолданған әдіс – тәсілдеріммен таныстырғым келеді. Тақырып атауына сәйкес алдыма үлкен мақсат қойдым, қандай әдісті қолдансам, оқушы мені жақсы тындайды, ерекше көзқараспен менімен бірге сабаққа қызыға қатысады? Мен оқушы «миына шабуылды» тиімді санадым. Сабақ негізделген оқу мақсаттарына сәйкес, мен жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беруді біртіндеп оқушының өзіне талдатып барып, жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жетуді көздедім. Баланың әр жауабы мен үшін маңызды. Сабақ барысында таныстырылым, оқулықтағы суреттер, атласты тиімді қолдану жолдарын көздедім. Жер бедерінің адамзатқа, оның тіршілігіне тигізетін әсерін анықтау үшін немесе мақсатқа жету үшін ғаламшар халқының жер бедеріне байланысты қалай орналасқанын, жер бедерінің адам өміріне шаруашылық іс-әрекетіне қалай әсер ететініне көз жеткізіп алу керектігін түсіндім. Алғашқы жұмысты «Жер шары халықтарының қоныстануы мен тығыздығы» картасынан бастадым, халық ең көп орналасқан

аймақты анықтауды тапсырдым, әрине шартты белгінің ерекшелігіне мән берулерін де ескерттім. Оқушының талпынысын арттыру мақсатында «Кім жылдам» әдісін қолдандым. Тығыз орналасқан аймақтарды санмен белгілеуді тапсырдым. Берілген аймақтағы сандарды физикалық картамен сәйкестендіруді талап еттім. Оқушылар бірден іске кірісіп кетті, негізгі жұмыс алда еді. Сондықтан нақты тапсырма беруге көштім.

Тапсырма №1. Атласпен жұмыс. Жер бедерінің тектоникалық картамен сәйкестігі. Жазықтар – платформалар, таулар – тектоникалық аймақтар. Мысалы: Шығыс Еуропа жазығы - Шығыс Еуропа платформасы.

Бұл тапсырманы әр оқушы жеке жасады. Мен мақсатқа жету үшін ситуациялық проблемаларды өрбіттім, біртіндеп «баспалдақпен» көтерілуді жөн көрдім.

Тапсырма №2. «Кім жылдам» әдісі. 200 м де халықтың 56%, 500 м – де халықтың 24 % тұрады. Егер жалпы халық саны 8 млрд болса, 200 м-ге, 500 м-ге дейінгі биіктікте тұратын адамдар санын анықтаңдар.

Есептеулер арқылы оқушыларға нақты жоғарыда санмен көрсеткен аймақтарында халықтың нақты тұру мүмкіндігін анықтау арқылы көз жеткізуге бағыттадым. Берілген тапсырма, 80% орындалды.

Келесі кезекте адамның қалыпты жағдайда өмір сүруіне қандай ауа – райы әсер етуі мүмкін деген сұраққа жауап алу керек болды. Мен қашықтықта оқытып отырсам да оқушыларды жұппен жұмысқа шақырдым да келесі тапсырмаларды бердім.

1. Температура мен ылғалдықтың биіктіктегі ерекшелігі
2. Күн радиациясы өзгерісі қандай?
3. Атмосфералық қысымның өзгеру бағыты.

Әрине мен бағалау критерийінде жер бедері түрлеріне байланысты адамзаттың қоныстану мүмкіндіктерін анықтауды, әр биіктіктегі температураның өзгеруін, температура мен ылғалдықтың биіктіктегі өзгеріс нәтижесінде адам ағзасына тигізетін әсерін, қоныстану мүмкіндіктерін есептеулер арқылы қол жеткізуді көрсеттім.

Сабағымның қолдану бөлімінде зерттеуші топты ұйымдастырдым. зерттеушілер оқушы жұмыстарының қорытындысы бойынша жұмыс жасап отырды. Мәтінде көрсетілгендей сабақты жандандыру мақсатында «медицина» саласының зерттеушілерін де сабаққа арқау еттім. Мәтін бойынша талдау жұмысынан кейін медицина зерттеушілері аумақтарды абсолюттік биіктік бойынша бөлу қағидатын анықтап ортаға салады: «Қалыпты биіктік, үлкен биіктік, өте үлкен биіктік, экстремальді биіктік» - деп ойларын ортаға салды. Биіктік өзгерісіне байланысты адамзат ағзасында болатын физикалық өзгерістерді анықтады, әр биіктіктегі қауіптілік деңгейіне баға берді. Оқушымен өзара сұхбаттасып ойларын білім отыру, мен үшін маңызды екенін сабақ барысында негізгі қағидатта ұстадым. Сабақтың әр сәтінде оқушыларды бағалап, сабақты жандандырып отырдым. Сабаққа оқушылар қызыға кірісіп кеткендігі олардың белсенділігінен байқалды. Көптеген сұрақтар қойылды. Туған жердің табиғаты сабаққа арқау болды, Мырзашөл аймағында қандай жер бедерінде халықтың қоныстанып отырғанын анықтадық. Климаттық жағдай

ерекшелігін талдадық. Қалыпты жағдайда адамның тіршілік ету мүмкіндігін пысықтап шықтық.

Осы айтылған ойлар қаншалықты дәлелді болуын анықтау мақсатында таныстырылымға қайта өттім де халық тығыз қоныстанған аймақтарға шолу жасадым.

Геосергіту ойынын да сабақта тынығу мақсатында қолдандым. Қатысушылардың мақсаты – әр бағанға бір әріптен басталатын сөздер жазады. Ұқсас сөздерді сызып тастайды. Сәйкес келмеген әр сөзге бір ұпай беріледі.

ел	қала	өзен	жер бедері	өсімдік	жануар	балл

Шаруашылықта жерді қалай пайдаланады? Бұл сұрақ сабақ мақсатына жету жолы болды. Мен оқушылардан тікелей сұрай бастадым, әр оқушының жауабының мен үшін құнды дерек екендігін ескерттім. Мақтаарал ауданында жерді пайдалану жолдарын тілге тиек еттім. Баланы барынша сабаққа тарттым. Оқушы қызығушылығы өз жерімізге көшкенде жылдамдап талас сабаққа айналды. Әсіресе телімді жерлері бар отбасы балалары өз шаруашылық жерлерін қандай мақсатта қолданатындығын ерекше бағалап айтып шықты. Мелиорациялық жайттар да естен шықпады. Сынып белсенділігін арттыруда ұстаз еңбегінің нақты көрініс табатын сәттері көрінгендей болды. Мен тек бір сабақты арқау етіп отырмын. Сабақты қорытындылау дәлелді болу үшін суретті деректерді оқушыларға көрсеттім. Қытайдағы күріш террасаларын беткейге орналастыру мүмкіндігін бағаладық. Әр сүйем жерді тиімді пайдалану жолдарын нақты мысалмен көрсеттім. Ені 3м болатын беткейлерді террасалау – беткейлерде сатылар, жасанды терраса жасау дегенді білдіретінін айттым.

Бала білімі, сабақтағы кездесетін проблемалық жайт, оқытушының сабақты ұйымдастыруына байланысты туындайды. Әр сәт мүлт кетпеуі тиіс, бала еңбегін дұрыс бағалау – ұстаз міндеті. Ата - анамен байланыс сабақтағы кедергілердің болу мүмкіндігінің себебін ашады. Әр отбасында болып жатқан жайттармен біз үнемі хабардар болуымыз керек. Баланы түсіну керек, болып жатқан өзгерістер балаға қалай әсер етіп жатыр, барлығын есепке алуымыз керек. Сонда ғана баланың сізге деген сенімі артады.

Рефлексия «Дедукция немесе индукция» әдісін қолдануға болады. 5-тен кем емес ой тұжырымын айтуға болады. Дедукция – жалпыдан жекеге, күрделіден дараға айналатын пайым түрі. Адамның дедуктив ойлауы оның ой жүйесін нақтылай түседі, логикалық тізбекті жалғайды. Дедукция арқылы ақиқат дүниелерден жаңа тұжырым пайым жасалады. Индукция – жекеден жалпыға, дарадан күрделіге айналатын пайым түрі. Индуктив ой жүйесі логика заңдарына бағынбайды, керісінше психологиялық фактор мен ықтималдық категориясына негізделеді. Индуктив ой тізбегі нақтылай түсуді, дәлелдеуді қажет етеді. Индуктив тұжырым ақиқат болуы да мүмкін, өйткені ол ықтималдық категориясында туындайды.

Сонымен қорытындылай кетсем қосымша ақпарат көзінде суретті деректерді, арнайы тапсырмаларды пайдаландым. Қабілеті жоғары оқушыларға

есептеу жұмыстарында ұйымдастыру жұмыстарын бекіттім, 1000м, 2000м деп біртіндеп тапсырманы күрделендіре отырып бердім. Жер бедерінің адам өмірі мен шаруашылық әрекетіне әсері жан – жақты талданды, мақсат шынайы болды. Оқушылар сабақ барысында әр түрлі биіктіктегі адамзаттың өмір сүру мүмкіндіктерін картадан анықтады, есептеу жұмыстарымен нақты дәлелдеді. Саралау арқылы оқушы қабілетіне қарай тапсырмаларды ұйымдастыруым тиімді болды, карта, таныстырылым көмегі арқылы күрделі сұрақтарға жауап алып отырдым. Берілген уақыт ішінде тапсырмалар орындалып, оқушы ойын ашық айта алды. Оқушының жылдамдығы ерекше көрінді. Алайда қолжетімді білім беру мақсатымен мен «үнсіз» оқушылардың қабілетіне де көңіл бөлдім. Уақыт бере отырып, тапсырмаларға жауап алуға әрекет жасадым, «қанағаттанарлық» жауап менің дұрыс бағытта екенімді көрсетті.

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды ?

1. Жергілікті жер шаруашылығын талдау сәтті өтті. Оқушылар берілген мәліметті дұрыс қолдану жолдарын білді.

2. Жер шарында халықты орналастыру тапсырмасы бойынша атласпен жұмыс

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды?

1. Оқушылардың оқылым дағдысындағы ынтымақтастығы, бірлескен жұмысы

2. Сабақтағы оқушы зейінінің жоғары болуы, сыныптастарынан кеткен кедергіні дер кезінде анықтап, дұрыс баға беруге оқушылардың әрекеті.

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?

Сабақ барысында сыныппен және жекеленген оқушылармен жұмысты әлі де жандандыру керектігін түсіндім. Картамен жұмыс, жеке тапсырмалар арқылы оқушымен байланыс жұмысын зерделеу, сабақты жетілдіруге өз септігін тигізетінін анықтадым.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Р.Ә. Қаратабанова, Г.А. Қуанышева, Ж.Р. Байметова , К.М. Джаналеева, География 8 – сынып Алматыкітап баспасы.

2. А.М Байдаулетова Таныстырылым. Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері.

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢА RTU ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ TУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Нурлыбай Әсемкүл Лесбекқызы

Түркістан облысы, Келес ауданы, №5 жалпы орта мектебі, география пәнінің мұғалімі

Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады.
К.Д.Ушинский.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде жекеленген пән бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалана алуына мүмкіндік жасалады. Бағдарламаның негізгі мақсаты - Отандық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне ендірту. Білім беру жүйесіндегі жаңғыртулар мен оның нәтижелері білім беруді дамытудағы еліміздегі стратегиялық бағыттарының өміршеңдігін көрсетеді. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білімге де әсер ететіндігі белгілі. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай сұранысы мен экономикалық дамуына сәйкес білім де жан-жақты, терең тұғырлы болуы тиіс.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «XXI ғасырдағы білімді дамыған ел болу үшін біз келешекте жоғары технологиялық, ғылыми ауқымды өндірістер үшін кең көлемде, жаңаша ойлайтын мамандарды қалыптастыруға тиіс екенімізді, сондықтан, инновациялық экономиканы құру үшін заманауи білім беру жүйесі мен менеджерлерді даярлауымыз қажет», - екендігіне тоқталған болатын. «Білім туралы» Заңның 8-бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп қарастырады. [1]. Бүгінгі мұғалім білім беру үрдісінде оқушылардың өз бетінше білім алуына, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруіне ықпал етуі қажет. Оқушылардың сапалы білім алуына кәсіби деңгейі жоғары мұғалімдер ғана қол жеткізеді. Мұғалім жоғары деңгейдегі маман болуымен қатар мынандай талаптарға сәйкес іс-әрекет жасауға міндетті:

- жаңартылған білім беру мазмұнының идеясын сақтау;
- оқушылардың жеке білімдік аймағын жобалай білу;
- келешек кәсіби іс-әрекетіне сәйкес ортада білім алуын жалғастыру үшін қажетті құзіреттерді қалыптастыру;
- білім беру үрдісінде белсенді оқытуды табысты жоспарлай алу.

Кейбір мәліметтерге сүйенер болсақ, мұғалім мамандығына тікелей қатысты әлеуметтік, мәдениаралық, коммуникативтілік дағдылар адамның өмір бойы оқу қабілетінің шешуші құзіреттіліктеріне жатады екен. Ю.В.Сенько: «Ұстаздың кәсіби құзіреттілігіне үш блокты: жалпы мәдени, арнайы («өз» пәні аймағында) және басым – психологиялық – педагогикалықты» жатқызады. Қ.Құдайбергенова: «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деп

түсіндіреді. Ш.Т. Таубаева мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке даярлығы мен кәсіби өзін-өзі дамыту технологиясын ұсынуын кәсіби құзіреттілігінің фундаменти деп есептейді. Бүгінде жаңартылған білім беру мазмұны аясында Келес аудандық білім бөлімінде ұйымдастырылған іс-шаралар жаңартылған білім беру жүйесінің бастапқы бағыттарын тәжірибемен ұштастырып келеді. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын пән мұғалімдерінің өскелең ұрпақты оқытудағы инновациялық технологияларды қолдану әрекеттерін ғылыми-әдістемелік жағынан талдаудың маңыздылығы жоғары.

Нәтижеге бағытталған сапалы білім беруде мұғалімнің кәсіби дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, кәсіби теориялық білімі мен практикалық біліктілігін жетілдіру арқылы олардың кәсіби құзіреттілігін және кәсіби шеберлігін қалыптастыруда педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру өзекті мәселе болып табылады. Өз мамандығын терең меңгерген кәсіби құзіретті мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс жасауы көзделеді. Мұғалім сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделуі қажет. Сонымен қатар оқушының тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалану арқылы қабілеті мен қабылдау деңгейі әртүрлі оқушылармен жұмыс жасауда мұғалімнің міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім» заңы.
2. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». // Егеменді Қазақстан. 10.07.2012.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
4. Хуторской А.В. Современная дидактика. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 2007. – 639 с.
5. Браже Т.Г. Гуманитарная культура взрослых: развитие в процессе непрерывного образования. – СПб.: Тускарора, 2006.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ: ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

Жанбатырова Аида Шарифуллина
Отырар ауданы, М.Әуезов атындағы ЖОМ

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде. Осы процессті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор роль атқарады. Жаңа заман талабына сай жаңашыл мұғалімдерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгеруде. Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс әрі сауатты қолдану жылдан-жылға күрделі әрі өзекті мәселеге айналуда. Оқыту барысында озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Біз

білім-ғылым саласында бәсекеге қабілетті болмасақ, өз мақсатымызға жете алмаймыз, барлығы мектептен басталады», - деген болатын.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі ерекшелігі – тек оқушыны біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Қазіргі уақытта Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздеріне сүйеніп жасалынған бағдарлама бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Бағдарлама жеті модульден тұрады:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау.
4. Оқыту мен оқуда АКТ-ны пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту.
7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Оқушыларды бүкіл адамзаттың даму үрдісінің білім мен ғылымның технологиялық даму бағыттарына бағдарлап, соларға лайықтау, оқушыларға дәріс берудің бұрынғы түрін өзгертіп, жаңасын енгізу, оқушының жеке қабілетін анықтау, әр оқушыны өз деңгейімен бағалау және сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Табиғи қабілеттеріне, күзгітеріне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне және дарынды қасиеттерінің ашылуына толық жағдай жасау, білімге құлшыныстарын арттыру, ойлау қабілетінің ұштала түсуіне ықпал жасау және пәнге қызығушылықтарын нығайту. Өз беттерімен ізденіп жұмыс жасау және өз пікірлерін қорғай алу дағдысына бейімдеу. Ынтасын және белсенділігін арттыру, толық бағалау.

Таланттылар өз қабілеттері мен икемділігін одан әрі бекіте түседі. Әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады. Күшті топтарда оқуға деген ынта артады. Білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдейді. Басты байлық – адам, ал адам байлығы – білім. Сондықтан да, күллі әлемдік жаңа идеология ең әуелі білімнің теңдессіз күшіне арқа сүйейді [1].

Оқушыларды бағалау-қай кезде де маңызды мәселе. Мектепте қашан болса да, ата-аналар мен мұғалімдердің арасында оқушылардың бағасы жөнінде дау туып жатады. Ата-аналар балалардың бағаларының төмендігіне, «Баға әділ қойылмады», - деп мұғалімдерге қарсы келіп жатады. Оқушыларға қойылған баға кейде акталмайды, мұғалімдердің қойған бағасы мен ҰБТ-дан, олимпиададан алған бағалары сәйкеспейтін кездері де болады. Бұл келіспеушіліктің алдын-алуға болады деп ойлаймын. Бұның бірден-бір жолы оқушылардың білімін критерий арқылы бағалау. Мен үшін жеті модульдің ішінен осы оқыту үшін және оқытуды бағалау модулі ерекше әсер қалдырады.

Бағалаудың өлшемдеріне мыналар енгізіледі:

1. Оқушылардың білім сапасы;
2. Сабаққа оқушының белсенділігі, ынтасы, тәртібі;
3. Өз бетінше ізденгіштігі, жұмыс істеуге қабілеттілігі;
4. Ғылыми конференцияларда баяндама жасауы;
5. Оқулық, дәптерді дұрыс ұстауы;

Сіздердің назарларыңызға жеті модульдің бірі «Оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау» бойынша атқарған жұмысымды ұсынамын. «Адамдардың білім алуы жайлы болуы үшін жауапты реакция мен мадақтау қажет», - деп Лев Выготский айтса, осы баяндаманың мақсаты – бала әрекетінің нәтижесін бақылау мен бағалаудағы оң өзгерістер, өзара әрекеттесу барысында үнемі кінәламай, ыңғайлы жағдай жасауға талпыну, олардың өздеріне деген сенімін қалыптастыру болып табылады [2]. «Бағалау» термині латын тілінен аударғанда жақын отыру деген мағынаны береді. Сабақтың жүру барысында формативті бағалаудың мына түрлерін қолданған тиімді болды деп ойлаймын:

-мақтау, мадақтау (мысалы: жарайсың, дұрыс айтасың, сенің бұл ойың керемет екен т.б) жылы ниет білдіру;

-қолдап отыру;

-ынталандырып отыру;

Сабақ жүргізу барысында оқушылардың өзін-өзі бағалауы, жұптық, топтық жұмыстар кезінде бірін бірі бағалау және мұғалімнің тарапынан болатын мадақтау, ынталандыру, оқушының сабаққа деген қызығушылығы, белсенділігі мен артуына зор ықпал етеді. Формативті бағалау жүйесі мектеп мұғалімдерінің сабақ беру тәжірибесінде қалыпты жолға қойылмаған. Сондықтан бұл тақырыптың білім беру ұйымдарындағы өзектілігі айрықша. Бағалаудың негізгі ынталандырушы, жетелеуші факторы болып саналатын формативті бағалау арқылы топтық жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыра отырып өзін-өзі және өзара бағалауларын қалыптастырып жетілдіре түссем, оқушылардың арасында бір-біріне деген сенімі артып, ой бөлісіп, мақсатқа жету үшін өзара ынтымақтаса жұмыс жасауына жол ашамын деген мақсат қойдым. Сабақ барысында өзін-өзі және өзара бағалау түрлерін тиімді қолданып, оқушылардың бағалау арқылы ізденуін, бәсекелестікке түсуін қамтамасыз ету арқылы, оқушылардың сөйлеу шеберлігі артып, оқушылардың сын тұрғысынан ойлап, жауап беру дағдыларын қалыптастырамын. Нәтижесінде оқушылар өзін-өзі реттеуге дағдыланады, әділ болуға, сын айта білуге, қобалжымай нақты, жүйелі сөйлеуге үйренеді. Ғылыми зерттеулер нәтижелері сабақта формативті бағалаудың маңызды рөл атқаратындығын көрсетті [4].

Қалыптастырушы бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болуы тиіс, ол қосымша жаттығу немесе тестілеу жұмысы ретінде қарастырылмайды. Оқу бағдарламасындағы бөлімнің әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтай алады, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі келесі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етеді:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру.

Мұғалім оқу мәтінін, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады. Әр тапсырмаға дескрипторлар анықталады. Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Бұдан басқа дескрипторлар білім алушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды. [5].

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б. әдістерді өзгертіп мен география сабағында географиялық термин сөздермен, географиялық атаулармен бағалағанды жөн көрдім. Мен өз тәжірибеме бағалаудың бірнеше әдістерін енгізе отырып, олардың оқушылардың дамуына оң әсерін беретініне көзім жетті. Атап айтар болсам:

1. «Саяхатшылар» әдісі арқылы бағалау. Топтық жұмыстарды бағалау кезінде қолданылады. 4 топқа бөлінген оқушылар жер шарын айналып шығу үшін Солтүстік мұзды мұхитынан кемемен шығады. Осылайша →Атлант→Үнді→Тынық мұхитына жеткенше әр түрлі тапсырмалар орындап, кемелерін ауыстырып отырады. Сабақ соңында топтар әр тапсырманы орындау барысында ұтып алған кемелерінің санымен бағаланады.

2. «Үлкен жетілік елдері» әдісі бойынша бағалау. Сабақ барысында оқушылардың тапсырманы жылдам орындағаны ескеріледі. Оқушылар тапсырманы орындау барысында үш топқа топтастырылады. Яғни, жылдам орындаған жеті оқушы әлемнің алпауыт елдері құрайтын «Үлкен жетілік елдері» қатарына кіреді, одан кейін «Дамушы елдер» тобына, ең соңынан орындаған оқушылар «Артта қалған мемлекеттер» тобына жатқызылады. Осылайша оқушылар алдыңғы қатарлы елдер тобына кіруге ұмтылады, тапсырманы орындауда жылдам орындауға үйренеді.

Ауызша бағалау:

«Жетелейтін жеті тілек» әдісі арқылы бағалау. Бұл әдіс арқылы оқушыны алға жетелейтін, ынтасын арттыратын сабаққа қатысты жаңа географиялық термин сөздермен ауызша бірін-бірі бағалау. Мысалы:

1. Білімің Байкал теңізіндей терең болсын.
2. Тынық мұхитындай пейілің кең болсын.
3. Анхель сарқырамасындай білімің ешқашан сарқылмасын.
4. Гималайдың шыңындағы ақ қардай жүрегің әрқашан ақ болсын.
5. Алпауыт ел АҚШ сияқты әрдайым бірінші орында бол.
6. Қытайдың халқы сияқты достарын көп болсын.
7. Амазонканың суының молдылығындай мол мейірім тілеймін.

«Инвесторлар» әдісі арқылы бағалау. Сабақ барысында оқушылар инвесторлар бөлген ақшаны әр түрлі тапсырмалар орындау арқылы алып отырады. «Сенің алатын жалақың-сенің біліміңнің деңгейімен пара-пар» деген қағиданы ұстана отырып, жиналған ақшаның көлеміне қарай бағаланады.

3.«Жолдама әдісі» арқылы бағалау.Бұл әдіс жұптық жұмыстарды орындаған кезде қолданылатын бағалаудың бір түрі. Оқушылар сабақ барысында жұптық жұмыстарды, жұптасып белсенді орындаған жағдайда, әлемдегі туристер ең көп баратын орындарға 2 адамдық жолдама ұтып алады.Мысалы: Гавай аралдары, Альпі таулары, Астана қаласы, Түркістан қаласы, Анкара қаласы, Қара теңіз жағалауы т.б

4. «Магеллан ордені» әдісі. Оқушылар тарау аяқталғанда, материктер немесе мұхиттарға қатысты номенклатураны түгел біліп, белсенділік танытып жатса, онда «Магеллан орденімен » марапатталады , немесе Қазақстанның жер бедеріне қатысты номенклатураны дұрыс көрсетсе - Ш.Уалиханов орденімен, пайдалы қазбаларына қатысты номенклатураны көрсете білсе - Қ.Сәтпаев орденімен марапаттау сияқты әдістер тиімді нәтиже берері сөзсіз.

6.«Тандау» әдісі ақылы бағалау(жазбаша кері байланыс).

1.Сабақта мен жұмыс жасадым	Сөнбеген жанартаудай Сөнген жанартаудай
2.Сабақ маған көрінді	«Тәулік» сияқты «Жыл» сияқты
3. Достарымның ықыласы	Сахарадай ыстық Антарктидадай суық
4. Сабақта менің көңіл-күйім	Каспий сияқты толқыдым. Арал сияқты тартылдым.
5.Сабақта менің мінезім	Күндей күлімдедім Найзағайдай жарқылдадым Вулкандай атқыладым Жер сілкінісіндей сілкіндім Тайфундай ұйытқыдым

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырма орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.Алған тәжірибем өзімнің болашақтағы тәжірибеме көп көмегін тигізері қақ, сондықтан мен бұл өзгерістерді үнемі жетілдіріп,дамытып жаңаша үлгіде қолданып отыратыныма сенімдімін.

Қорыта келгенде, оқушы өзін-өзі бағалау арқылы оқуын қалай жақсартуға болатындығын көре алады. Яғни баланың қызығушылығы артып, белсенді жұмыс жасайтынына тәжірибе барысында көзім жетті.Алдағы уақытта да сабақтарымда бұдан да басқа түрлерін іздестіріп пайдалана білу, оқушының қызығушылығын арттыра отырып, білім деңгейін көтеруді алдыма мақсат қойдым. Осы мақсатқа жету үшін ізденіп, оқып, оқушы үшін қызықты, нақты баға беретін бағалау түрлерін қарастырып, тәжірибемде іске асырамын деп ойлаймын.Әсіресе топтық жұмыстар арқылы бәсекелестікке сай бала қабілетін аша білсем өз еңбегімнің зая кетпегендігі деп білер едім. Тек өз тәжірибемде ғана емес оқушылардың осы модулдер бойынша жұмыс жасауына

мейлінше жұмыс жасауға тырысамын. «Көш жүре келе түзеледі», -деп дана халқымыз айтқандай, үйрене келе өз тәжірибелерімді шыңдайтыныма сенемін, сөз соңында әрбір мұғалім өз сабағында «Жеті модульдің» жеті кереметін пайдалана отырып, оның әр саласына тиісті заманауи әдістемелер мен тиімді педагогикалық технологияларды өз сабағымда тиімді пайдалана алса, оқушыларымыздың сыни ойлай алатын, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы тәрбиелейтіндігіміз сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». -Астана, 2007.
2. Жалпы және орта білім беру стандарты. Алматы: РИК, 1996.
3. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2005 ж.
4. Педагогикалық білім беру стандарты. –Алматы: Ғылым, 2001.
5. Шоқыбаев Ж.Ә., Уалиева Т.Ж. Оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың жолдары / Республикалық ғылыми конференция, Алматы, 26-27 мамыр
6. Қ.Р-ның Гуманитарлық білім беру концепциясы. Алматы, 1994. - Б.41 Редакцияға 25.02.2010 қабылданды.
7. Т.Увалиев Е.Ахметов, Қ.Ахметов Алматы «Мектеп» 2011 Қазіргі дүние географиясы
8. География және табиғат журналы /2005. - Б. 67
9. Каженбаев Е. «География оқыту әдістемесі» 2002жыл
10. География сабақтары.Ұ.Ә.Есназарова Алматы-2012

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Оналбаева Шолпан Балтабаевна

Түркістан облысы Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі

Педагогика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың басым көпшілігі оқытудың ойын әдістерін кәсіби дамуды қамтамасыздандырудағы ең тиімді әрі болашағы зор тәсілдер деп есептейді. Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның ең тиімді тәсілі екендігі баршаға аян: адам жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар оқушылардың өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді.

«Ойын» сөзі сабақта инсценировканың орын алып, әрекеттердің спектакль түрінде көрсетілетіндігін меңзейді. Ал «рөлдік» сөзі әр қатысушының белгілі бір рөл орындайтынын және де бұл рөлдің басқа рөлдердің қатарында болып, олармен тығыз қарым-қатынаста болатындығын білдіреді. Бұл қарым-қатынас өмірде орын алған қарым-қатынастарды қайталайды, сол себепті де рөлдік

ойындар қоғамда кең етек алған проблемалар мен оларды шешудегі тиімді әрекеттерді меңгеруді мақсат тұтады. Мұнда оқушылар пікірталастағыдай өз түсініктері мен көзқарастарынан туындаған позицияларды ұстанбай, өздерін басқалардың орнына қояды.

Бұл әдіс оқушыларға жинақталған теориялық білім, практикалық тәжірибе, өмірде ұстанатын құндылықтарды еркін түрде меңгеру және қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Рөлдік ойындарда оқушы өзінің теориялық білімдерін өмірде (практикада) кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады. Ол мұндай ойындарда проблемалардың мазмұны мен мән-жайын дұрыс түсінетіндігін көрсетеді, олардың шешу жолдарын қарастыру арқылы өзінің шығармашылық (креативтік) деңгейін дамытады.

Рөлдік ойындарды жүргізу алдында мұғалімнің әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындалуы шарт, ол әсіресе келесі мәселелерді алдын-ала мұқият талдап алуы керек:

- ойынды өткізудің әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезеңдері, қатысушылар, т.б.);

- ойынның мүмкін нәтижелерін болжау;

- ойынның нәтижелерін қорытындылау.

Рөлдік ойындардың екі түрін ажыратуға болады:

1. Әрбір оқушы рөл ойнайды.

2. Оқушылардың шағын топтары рөл ойнайды.

Рөлдік ойынның бірінші түрі оқушылардың қандай да бір берілген тапсырмаларды орындау барысында топ ішінде рөлдерге бөлініп, сол рөлдердің ерекшеліктеріне сәйкес әрекеттер атқаруды меңзейді.

Мұндай ойындарда келесідей рөлдерді қолдануға болады:

Автор – өз көзқарасы мен пікірін келтіруші, ұсынушы.

Түрлендіруші – автордың ұсынысын толық қабылдамай, өз түсінігін құрастыратын, содан туындаған ойларымен басқалармен бөліседі.

Сыншы (немесе **Пессимист**) – талқылау барысында қабылданған шешімдерге күмән келтіріп, өзгеше ұсыныс жасап, басқа шешімдер мен көзқарастар келтіреді.

Ұйымдастырушы (немесе **капитан**) – жасалған жұмыстың барлығын да үйлестіріп, қатысушылардың жеке пікірлерін жинақтауға, біріктіруге ұмтылып, оларды автордың көзқарасын дамытуға бағыттайды.

Қуаттаушы (немесе **Оптимист**) – қандай да болмасын келтірілген ұсыныс пен әрекетті демеп, қолпаштап отырады. Оның жұмысы сыншы рөліне қарама-қарсы. Ол өз жұмысында мақтау мен мадақтауды, арқадан қағу мен қол шапалақтауды қолданады да, солар арқылы топ ішінде көтеріңкі көңіл-күй орнатуға бар күшін салады.

Суретші – топ жұмысының нәтижелерін плакатқа маркермен түсіруші.

Бұлардан басқа да рөлдерді қолдануға тұрарлық, оларды қолдану («ойнау») ойынның мақсаттары мен жоспарланған нәтижелеріне байланысты болады:

- **идея келтіруші** («идеялар генераторы») – үнемі өз ойларын келтіріп, топтың әрекеттерін соларды жүзеге асыруға бағыттаушы;

- **ақын** – бірлескен жұмысты жандандыру мақсатында топ жұмысына немесе мүшелеріне арнап өлең мен ұйқастар шығарушы;

- **күмәнданушы** (немесе **скептик**) – сыншы секілді әр идея, ой мен әрекетті күмәнданып қабылдаушы, қарсы пікір айтушы;

- **барлаушы** – басқа топтарда жұмыстың қалайша жүріп жатқандығын анықтаушы;

- **жылнамашы** – топ жұмысының барысы мен қатысушылардың әрекеттерін қағазға түсіруші;

- **бақылаушы** – ойын ережелері мен рөлдерді орындау үшін қабылданған тәртіптерді, қатысушылар әрекеттерінің аяққы нәтижеге бағытталуын қадағалаушы.

Мұндай рөлдік ойындарда келесідей **ережелер** қабылдаған орынды:

- Рөлдер ерікті түрде таңдалады.

- Әр қатысушы рөлдерге тиеселі міндеттер мен қызметтерді (функцияларды) барынша орындап, қадағалауы керек.

- Ойын барысында қатысушылардың рөлдермен алмасуына болады.

- Ойын барысында қатысушылар басқа да рөлдерді ойлап тауып, оларды орындауларына болады.

- Ойын аяғында әр қатысушы өзінің әрекеттері мен топ жұмысына жазбаша түрде есеп беруі керек.

Рөлдік ойынды келесідей ұйымдастыруға болады

1. Проблема (тақырып) айқындау.

Мұғалім оқушыларға алдан-ала талқылауды, пікір таластыруды қажет ететін тақырып немесе шешімі қажет проблеманы ұсынады. Оқушылар жекелей тақырып немесе проблеманы қарастырып, ұсынылған әдебиетпен танысып, сабаққа дайындалып келеді.

2. Рөлдік топтарға бөліну.

Бұл әрекет сабақтан тыс уақытта өтеді: оқушылар әртүрлі көзқарастар мен позицияларды ұстанған топтарға бөлінеді (әр топта оқушылар саны 10-нан аспағаны дұрыс). Оқушылардың командалары пікірталастағыдай ұстанған көзқарастар бойынша жасақталмай, басқа тұрғыдан жасалуы керек, өйткені ойында оқушылар басқа біреудің позициясын ұстанып, проблема шешудің жолдарын қарастырады.

Егерде рөлдік ойында ауқымды мәселелер талқыланатын болса, онда оқушылар қоғамның негізгі саяси және әлеуметтік топтары немесе олардың мүдделерін жақтайтын саяси партиялар, кәсіпорындар, компаниялардың рөлдерін «ойнайды». Ал егер ойын қандай да бір әлеуметтік маңызы бар проблеманы көпшілік тұрғысынан шешуге бағытталса, онда оқушылар пікірлер мен көзқарастар тұрғысынан бөлінеді: «жақтаушылар» немесе «қарсы шығушылар», «жаңашылдар» немесе «консерваторлар».

Мұндай топтардың кемінде екеу болғаны дұрыс. Алайда қоғамда сан алуан пікірлерді туғызатын мәселелерді қарастырғанда (мәселен, ұлт мәселесі, экономикалық дағдарыс, рухани ахуал), топтар санын ұлғайтып жіберуге де болады. Бірақ олардың жалпы саны 4-5-тен аспағаны дұрыс, өйткені рөлдердің көптігі талқылауды бөлшектеп жіберіп, сабақты ұйымдастыруды қиындатуы ықтимал.

Топ ішінде де оқушылар жеке рөлдерге бөлінуі мүмкін. Мұндай бөліну екі тұрғыдан жүзеге асырылады:

1) Лауазымдық тұрғыдан, яғни әлеуметтік топ ішіндегі қызметтеріне сәйкес бөліну.

Мысалы, егер оқушылар тобы өкімет рөлін ойнайтын болса, онда оқушылар премьер-министр, министрлер рөлдерін өзара бөліп алуы керек.

2) Қызмет (функция) тұрғысынан, яғни топ ішінде ұстанатын позиция мен атқаратын әрекеттерге сәйкес бөліну.

Мәселен, оқушылар жоғарыда келтірілген көшбасшы, ынталандырушы, күмәнданушы, сынаушы, т.б. рөлдерді өзара бөліске салуы мүмкін.

3. Рөлдерді талқылау.

Рөлдер таңдалғаннан кейін, оқушылар топ ішінде олардың басты ерекшеліктерін айқындап, қандай позиция ұстанып, рөлдерді қалай ойнау керектігін талқылайды.

4. Өз ұстанымын дәйектеу.

Топтар өз ұстанымын құрастыру үшін бірнеше беттік баяндама жасайды. Баяндаманы дайындау кезінде оқушылар өз әрекеттерін таңдап алған рөлдері бойынша атқарады.

5. Жариялау.

Әрбір рөлдік топ берілген тақырып (проблема) бойынша өз позициясын жариялауы керек. Бұл үшін топ атынан спикер берілген уақыт ішінде (5-8 минут) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, оларға топ ұстанымын жеткізеді.

6. Пікірталас.

Оқушылар өз позицияларын негіздейді, дәлелдейді. Олар мұнда басқалардың пікірімен санасу, бітімгершілікке келу, мағыналы сөздерді демагогиядан ажырата білу секілді дағдыларды меңгереді.

7. Қорытындылау.

Мұғалім рөлдік ойынның берілген тақырыпты (проблеманы) қандай деңгейде ашқандығы, бұл жұмыстағы оқушылардың кәсіби деңгейі туралы ой қозғап, өзінің де позициясын келтіреді. Оқушылар өз ұстанымдары мен рөлдері жайлы, ойынның қандай деңгейде өткендігі туралы пікірлерін алдымен ауызша келтіріп, соңынан жазбаша есеп береді. Егерде олар өзінің қателерін анықтап, оларды түзету үшін қандай білім мен дағды керектігін түсінсе немесе өз әрекеттерінің дұрыстығына көздерін жеткізсе, бұл жәйттер ойынның өз мақсатына жеткендігін меңзейді.

Қорытындылауда басты назарды практика үшін маңызды әрі қолайлы ойын нәтижелерін талдауға аударған дұрыс. Сонымен бірге қорытындылауда бүкіл ойын барысын талдап, оны ой елегінен өткізгенде, келесі әрекеттерді талқылаған орынды:

- жеке, топтық, топ аралық ойлау әрекеттерінің өзгерістері;
- тұлға аралық қатынастардың өзгеруі нәтижесінде туындаған ұжымдық пікірлердің қалыптасуы;
- оқушылардың пікірлері мен рөлдерінің өзгеруі, олардың қарым-қатынас динамикасы.

Рөлдік ойындар үйренушілерде келесідей біліктерді қалыптастыруға септігін тигізеді:

- қарым-қатынастық (коммуникативтік) дағдылар;
- шағын топтарда жұмыс жасау дағдылары;
- толеранттылық (басқаның пікірі мен көзқарасын қабылдау, оларды сыйлау, олармен санасу, төзімділік пен шыдамдылық);
- өзіндік тұрғыдан ойлау, пікір және көзқарас қалыптастыру, позиция (сенім, құндылықтар) таңдау, т.б.
- үйренгенді (білім, білік, дағды, түсініктер, т.б.) практикалық тұрғыдан қолдану;
- өздерінің үйрену деңгейін анықтап, оны әрі қарай дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «География» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017.
2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері. – Шымкент: Облыстық әдістемелік кабинет, 2018.
3. Даньшин А.И., Денисов Н.Б., Климанов В.В., Наумов А.С., Холина В.Н., Щеголев А.В. Задачи по географии: Учебно-методическое пособие / Под ред. А.С. Наумова. – М.: МИРОС, 1993.

ОҚУ ТУРИЗМІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ

Тучиева Ивагүл Кадировна

Ордабасы ауданы, Мұқаметқұл Исламқұлов атындағы жалпы орта мектебі

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Сондықтан да қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер жаңа технологияны пайдалану жолдары түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы орайда ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс – әрекеттің ғылыми – практикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.[1]

Мектепте оқу – тәрбие процесін дұрыс ұйымдастырудың бірден – бір жолы – ғылым негіздерінен білім берумен қатар, сол білімді алуға ынталылықты, яғни оқушылардың танымдық қызығушылығын ояту, өз бетінше ізденуін арттыру. Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес ХХІ-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінгі заманға сай зерделі

шығармашыл, қабілетті де білімді өзгермелі ортаға сай тез бейімделгіш жеке тұлға бейнесін қалыптастыру маңызды болып отыр. География ғылымы өте қызықты да күрделі, осы пәнге қызықтыру үшін мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса жаңа педагогикалық технологияларды әр сабақта тиімді қолдануды талап етеді. Елбасының ұрпақ болашағы үшін айтқан ой – түйіні ғасыр мектебіне жаңа заман талабына сай жаңаша оқыту технологиясын игеру міндетін жүктеп отыр. Осыған орай жаңа ғасырда мектептегі география сабағына мынадай талаптар, мақсаттар жүктейді. Сабақта дәстүрлі емес сабақ түрлерін тиімді пайдалана білу оқушы белсенділігін арттырады. Оқытуда түпкі мақсатқа жету үшін мен өз бетінше ізденуге, өз қолымен жасап көруге аса көңіл бөлген дұрыс деп есептеймін.

Сыныптан тыс жұмысқа негізгі талап – оқушылардың жан-жақты дамуына көмектесу. Балалар үйірмелері, секциялары, әр түрлі қоғамдары мен басқа да өз бетімен жұмыс істейтін шығармашылық бірлестіктері жүйесі олардың пайдалы және қызғылықты істерді кең мағнада молынан тандап алуға мүмкіндік беруге тиіспіз. География пәнінен оқу туризмін ұйымдастыруды сыныптан тыс жұмыс жүйесіне енгізу тиімділігі өте зор. Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, қоғамдық белсенділігін көрсететін майдан бола отырып, оқушылар ұжымдарының қалыптасуына және топтасуына, оқушыларды саналы тәртіп, жауапкершілік, өз мектебіне, бүкіл ұжымға пайдалы болуға ұмтылу рухында және де өз өлкесінің табиғат жағдайларымен, ерекше нысандарымен жете таныса отырып, пәнге қызуғышылығы артатыны сөзсіз, оқу туризмі арқылы баланың таным мотиві қалыптасады.. Оқушылар арасында географияны оқып үйрену жаңа көздер мен қызығушылықты арттыру жолдарын іздеу керек. Бұл бізге жаңа әдіс қажет дегенді білдіреді. Ол үшін мотивациялық және интеллектуалды факторлар мәселесін қарау, оқушылардың меңгеруге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған оқу туризмін қайта дамыту қолға алыну керек болып отыр. Өйткені таным арқылы балаға оқуға деген құлшыныс және тұрақты қызығушылық дамиды. Мектепте өтілетін оқу туризмі - оқу тәрбие жұмысының бір түрі. Оқу туризмі бағдарлама бойынша жүргізіледі. Мұғалім алдын-ала оқу туризмінің тақырыбын, өтілетін орнын, мерзімін анықтап, алдын ала оқушылармен таныстырады. Аялдамаларын белгілеп әр аялдамада тоқтаған кездегі жасайтын жұмыстармен таныстырады. Мектептегі оқу туризмі оқу тәрбие жұмысының бір түрі болғандықтан, оқушылар іс-әрекеттерді табиғатта жайлы, далада, мұражайларда, өзен аңғарында, жоғары сынып оқушыларымен өнеркәсіп орындарында т.б. өткізіледі.

Оқу туризмінің маңызы:

1. Оқу туризмі оқушылардың білімін тереңдетіп, ой-өрісін кеңейтеді.
2. Оқушыларды іздемпаздыққа талпындырады.
3. Оқушылардың іздемпаздығын арттырады.
4. Өлкесін тануға, табиғатты зерттеуге талпындырады, географияның дала жұмыстарын жасауға үйренеді.
5. Оқушылар заттарға дұрыс қарауға, адамның еңбегін бағалауға дағдыланады.

Оқу туризмі кезінде оқушылар табиғат туралы, оның дамуы және шаруашылықта пайдалануы туралы білім алып қана қоймай, сонымен қатар, болашақтағы еңбек жолын және политехникалық оқытудың міндеттерін шешу үшін зор маңызы болатын өздігінен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Оқу туризміне шығудың бірнеше түрлері бар:

1. Табиғатқа туризмге шығу.
2. Мұражайға, ботаникалық баққа, зоологиялық паркке бару
3. Туған өлкемездің мәдени орындарын, киелі жерлеріне шығып, патриоттық тәрбиені дамыту
4. Табиғи – аймақтық кешендерге.

Тақырып бойынша жұмыс істей отырып, мына ережелерді есте сақтау керек.

1. Нақты физикалық-географиялық кешендерді таныстырып, тәрбиелеу.
2. Табиғи-әкімшілік кешенді оқып үйренуді бірте-бірте - кезеңдер бойынша жүзеге асыру.

3. Оқу туризміне бақылау жасау, географиялық қабықта болып жатқан оқушыларға әлі белгісіз, құбылыстар мен процестерді түсіндіру кезінде салыстыру қажет. Дала жұмыстарын үзбей орындау

4. Табиғатты зерттеудің практикалық маңызы бар, ол балаларды табиғатқа мұқият қарап, оның байлықтарын қорғауға тәрбиелейді.

Оқу туризмінің әдістемелік жоспарын мынандай үш кезеңге бөліп жасайды:

1. Әзірлік
2. Оқушылардың қатысуымен әдістемелік жоспар бойынша оқу туризмін өткізу.
3. Олардың қорытынды есебін дайындау [2].

Әр түрлі тақырыптарға және жергілікті жерлерге оқу туризмін өткізуге арналған әдістемелік талдауларды жасаған кезде табиғи кешендерді зерттегенде географиялық ғылымның логикасымен анықталатын белгілі бір дәйектілікті сақтау қажет. Географияны оқыту процесінде құнды және қажетті болып есептелінетіні-алған білімнің қолданбалы және пайдалылығын көрсету болып саналады. Оқу туризмін жүйелі түрде жасап, оқушылармен тығыз байланыста бола тұра, жүрген, көрген жерлерінде географиялық дала жұмыстарын жасату, пәнге деген және мамандықтарға деген қызуғышылы артып, пән олимпиадаларында, ғылыми жоба конкурстарына қатысып, география пәнін мамандыққа таңдауға қызығушылығы артады. Осы орайда оқушыларым көптеген жетістіктерді бағындырды. Республикалық жалпы білім беретін пән олимпиадасында география пәнінен аудандық, облыстық кезеңдерінен жүлделі орындар алып, облыстық «Алтын ұрпақ» байқауынан жүлделі орындар, «Әл-Фараби» атындағы халықаралық олимпиададан және «Байтақ-Ел» республикалық қашықтық байқауларынан жүлделі орындар алып келеді. Оқы, оқы деген сөздерден қазіргі оқушылар жалығып кеткен, қызығушылығын оятып алу ең маңыздысы болып отыр, олар өз бетінше ізденіп оқитын болады. Біз оқу туризмін әзірше өз ауданымыз шегінде, ауылымызда өткізіп жүрміз. Ауданымыздың киелі жерлеріне, тарихи – мәдени орындарына барып, біраз мәліметтермен танысып, әр түрлі дала жұмыстарын жасап жүрміз.

Оқушылардың әңгімесінен, көтеріңкі көңіл-күйінен байқағаным, киелі орындарды аралап, аңыз әңгімелер есту, жазып алу оларға ұнайды екен. Ерекше көңіл-күймен қайтқан олар алған әсерлері жайлы қағазға түсіруге уәде берді. Оқу туризмі баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, жалпы баланың отансүйгіштік қасиетін ояту үшін де патриоттық тәрбие үшін де қажет деп білемін. Алдағы уақытта да туған елдің қасиетті топырағына тәу етіп, киелі орындарды аралап тұруды дәстүрге айналдырамыз, туған өлкенің табиғатын зерттеп, жақыннан танысып, дала жұмысын жасауды жалғастыра береміз деген ниетіміз бар. Сонымен қатар оқушыларды Ордабасы ауданының реакциялық және туристік ресурстарымен терең таныстыру. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті. Оқу туризмі - бұл жаңа білім, әсер алу және жақсы демалу үшін арнайы ұйымдастырылған саяхат. Мұны өз бағдарламасына енгізу мұғалімнің шеберлігімен байланысты. Оқу туризмі, әсіресе қазіргі қоғамдық дамудың маңызды педагогикалық технологиясы. Бұл оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, сабақта алған теориялық білімдерін практикада қолданып, өз қолдарымен жасап, өз көздерімен танысуға мүмкіндік беретіндігімен, туған өлкесінің мәдени құндылықтары, туристік мүмкіндіктері мен киелі жерлері, өнеркәсіп орындары туралы түсінік қалыптастыруға, білім сапасын арттыруға, білік, дағды қабілеттерін дамытуға ойдағыдай әсер етеді.

Оқу туризмі технологиясын қолданудың мақсаттары, міндеттері мен бағыттары оқу туризмінің технологиясы білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде педагогтің инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыруға бағытталған. Бұл кәсіби құзыреттіліктің шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді, педагогтердің мотивациялық және кәсіби бағдарын нығайтады және арттырады, олардың біліктілік деңгейінің өсуіне және оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда шығармашылық тәсілді қолдануға ықпал етеді. Оқу туризмі технологиясын енгізудің жетекші мақсаты білім беру қажеттіліктерінің барлық түрлерін қанағаттандыру арқылы оқушылардың мүддесі үшін білім беру жүйесінің қызметтер спектрін кеңейту болып табылады[3].

Оқу туризмінің мақсаттарына сүйене отырып, оның негізгі міндеттерін бөліп көрсетуге болады: оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту және олардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін туристік бағыттағы мекемелер мен ұйымдардың нақты санын таңдау. Оқу туризмі технологиясын құру, жобалау және практикалық педагогикаға енгізу және оқушылар, олардың ата-аналары, мұғалімдері үшін туристік маңызы бар әртүрлі маршруттардың мазмұны нақты болғаны тиімді болады [4] Туған жерге, өз өлкесіне оң көзқарас қалыптастыру, оны зерттеуге деген ұмтылыс пайда болады. Мұғалімдерге туристік турларды ұйымдастыру тәсілдерін үйрету үшін әдістемелік материалдар әзірлеу. Білім беру мекемесінің практикалық жұмысына білім беру саяхаттарын тұрақты ұйымдастыруды енгізу. Өйткені оқу туризмі географиялық білімнің ең қолайлы академиялық бағыттарының бірі болып табылады. Теорияда алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Алайда оқушыларға тек білім мен дағдылар ғана

емес, сонымен қатар ерекше оқу әдістері қолданылады . Оқу туризмі оқушыларға өздерінің байқаушылығын, табиғатқа сер салып бақылауын дамытуға мүмкіндік береді және зерттеу дағдылары, тәжірибелерін кеңейту, қоршаған әлемге ғылыми көзқарасты дамыту, қоршаған ортаға, табиғатқа және өмірге жауапты көзқарас қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Сол үшін өз еліміздің ішінде, өз туған өлкемізде оқу туризмін дамыту керек болып отыр. КСРО-ның кезінде мектепте оқыдық, сол кезде әр мектеп дем алыстарында оқу экскурсиялары ұйымдастырылатын еді. Жазда еңбек практикасы болатын еді. География пәнінен ұйымдастырылатын оқу туризмі түрлі экскурсиялар мен әр түрлі іс-әрекеттерді біріктіреді, сонымен қатар геологиялық, геоморфологиялық, гидрологиялық және ландшафтық-географиялық элементтерді зерттеуді үйренеді. Оқу іс-әрекеті мен экскурсияларды талдау алдында қызметтің негізгі бағыттарын анықтау және байланыстыру мақсатында жалпы оқу жоспарына талдау жүргізіледі. Оқушылар қоршаған ортадағы табиғи және әлеуметтік нысандарды таниды және анықтайды, оларды бақылайды, зерттейді. Олар қарапайым зерттеулер жүргізеді (мысалы, ағындар, ауылдар және т. б.), зерттеу нәтижелерін қорытындылап есеп бере алатын болады.

Пайдаланатын әдебиеттер:

1. Мазбаев О.Б. Туризм және өлкетану негіздері. Оқу құралы. - Алматы, 2006.
2. Макогонов А.Н. Саяхат жорықтарын ұйымдастыру мен өткізудің жалпы негіздері. - Алматы 1996.
3. Туристік өлкетану негіздері оқу-әдістемелік кешен.- Алматы, КазТУ, 2014..
4. Лунин Э.А. Совершенствование управления образовательным туризмом в РФ: автореф. дис... канд. экон.наук. СПб, 2009. 156 с

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ ТАПСЫРМАЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ - БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Нургалиев Сакен Жубанбаевич

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі

Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білім игеруі. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деуінің өзі-үлкен көрегендіктің белгісі. Қазірде Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық

әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл жаратылыстану ғылыми сауаттылық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Негізгі мектеп оқушыларының дайындығы қандай болуы керек деген көзқарас өзгеруде. Пәндік білім мен дағдыларды қалыптастырумен қатар, мектеп оқушылардың өз білімдерін шындыққа жақын түрлі жағдайларда қолдана білуін дамытуды қамтамасыз етуі керек. Кейінгі өмірде бұл дағдылар мектеп оқушысының қоғам өміріне белсенді қатысуына ықпал етеді, оған өмір бойы білім алуға көмектеседі. PISA зерттеуі осындай дағдылардың болуын тексеруді, яғни жастарды ересек өмірге дайындауды мақсат етеді, бұл оны басқа халықаралық зерттеулерден ерекшелендіреді, оның негізгі мақсаты мектеп бағдарламаларында анықталған пәндік білім мен дағдыларды, негізінен, оқу тапсырмаларын орындау арқылы тексеру болды (нақты өмірге аз немесе мүлде қатысы жоқ).

Өкінішке орай, мектеп оқушыларының басым көпшілігі, әсіресе орта деңгейдегі мұғалімдер материалды жаттауға, үлгі бойынша іс-әрекеттерді орындауға, бір-екі-үш қадамдық алгоритмдерді жүзеге асыруға үйретіледі. Кез-келген күрделі алгоритмдерді орындау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытпайтыны белгілі, ал нашар орындауда оқушы тіпті осы алгоритмдерді қайталай алмайтындығына әкеледі. Бұл PISA тестілеуінің қанағаттанарлықсыз нәтижелерінің себебі болып табылады.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың бір тәсілі – білім беру процесінде PISA форматындағы тапсырмаларды құрастыру және пайдалану. PISA тапсырмаларының ерекшелігі көп жағдайда шарттар мен сұрақтар тәуелсіз болып табылады және бір қарағанда бір-бірімен байланысты емес. Шарттар мен сұрақтарды байланыстыру – оқушының міндеті. Мұндай байланыстыру үшін жеке тәжірибені, қосымша ақпаратты тарту қажет, контекстпен жұмыс істеу қажет. Демек, PISA тапсырмаларының дизайны - олар көбінесе нақты өмірлік тәжірибеден алынған жағдайдың сипаттамасын білдіреді. Тапсырмалардың шарттары да, сұрақ формасы да тақырыптық жағдайға қатаң байланысты емес. Керісінше, өмірлік жағдайды тақырыпқа аудару тапсырмалардың қиындығын құрайды. Әрбір тапсырма-шешімді талап ететін жағдайға бағытталуы қажет. PISA форматындағы тапсырмаларды құрастыру кезінде олардың келесі белгілерін ескеру қажет:

- сұраққа жауап беру үшін талап етілмейтін жағдайлар;
- көптеген артық бөлшектер, ал кейбір қажетті ақпарат болмауы мүмкін, ол анықталады, мысалы, сұрақ;
- қажетті ақпарат ұсынылған әр түрлі форматтарда (мәтін, кестелер, кестелер, анықтамалықтар, меншікті білім);
- қажетті ақпарат оны нақты пәнге оқу немесе ғылыми емес, нақты өмірлік жағдайға жатқызу логикасында берілген;

— талап етілетін жауап нысаны берілмеген немесе шулы түрде берілген. Сұраққа сәйкес жауап нақты тұжырымдалаған талаптарға сәйкес келуі керек.

PISA форматындағы жеке тапсырмалар зерттеу дағдыларын, ойлау дербестігін, оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мақсатында сабақтың әртүрлі кезеңдерінде танымдық тапсырмалар ретінде қолданылады.

PISA форматындағы тапсырмалар жиынтығы диагностикалық және оқыту ретінде қолданылады, өйткені оқушы жаңа білім мен жаңа дағдыларды игереді.

Тапсырмалардың мазмұны Қазақстандағы оқу бағдарламаларының негізін құрайтын дәстүрлі бөлімдермен немесе тақырыптармен байланысты болуы керек.

Тапсырмаларда әр түрлі сұрақтар болуы керек – жауапты таңдау, қысқа жауап, егжей-тегжейлі жауап. Бірінші жағдайда оқушы ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс табу керек; екіншісінде – жауабын ешқандай түсініктеме бермей жазып алыңыз; үшінші жағдайда оқушы өз шешімін жазып, негіздеме беріп, дәлел келтіруі керек. Кейде бұл мәселелер бір-бірімен байланысты және оларды дәйекті орындау барысында оқушылардың заңдылықтарды байқап, кейбір жалпылауға көшуі керек. Кейде сұрақтар Тәуелсіз болады және келесі сұрақтың жауабы алдыңғы сұраққа жауаптың дұрыстығына байланысты емес. Бір тапсырмада әр түрлі сұрақтар жиі ұсынылуы мүмкін: алдымен жауап таңдау, қысқаша жауап, соңында толық жауап бар сұрақтар ұсынылады.

PISA сияқты құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың географиялық білімдерін әр түрлі жағдайларда қолдану қабілеттерін қалыптастыруға баса назар аудару керек, оларды шешу үшін әртүрлі тәсілдер, ойлар мен түйсіктер қажет.

PISA тест форматындағы тапсырмалар мұғалімге бір уақытта бірнеше мәселені шешуге мүмкіндік береді:

— оқушылардың жазбаша құзыреттілігінің даму деңгейін бағалау, яғни. оқушы мәтінді қаншалықты түсініп, одан қажетті ақпаратты ала алады;

— пәндік білім мен дағдылардың даму деңгейін бағалау;

— жалпы оқу біліктері мен дағдыларының (зияткерлік, танымдық, жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениеті және т.б.) даму деңгейін бағалау.

— заманауи әлемде сәтті бейімделу үшін қажетті білім алу және қызмет тәсілдерін таңдау қабілетін бағалау, яғни стандартты емес жағдайларда нәтижелі әрекет ету;

— зерттеу құзыреттілігін дамыту арқылы пәнге танымдық қызығушылықты қалыптастыру;

— оқушылардың әр оқу пәні мен жалпы білімге қатысты прогресін салыстыруға ықпал етеді;

— ағымдағы және күтілетін нәтижелер арасындағы айырмашылықтарды төмендету жолдарын анықтайды.

PISA сияқты тапсырмаларды орындау барысында пәнаралық ақпаратты тарту бағдарламалық материалды тереңірек және мағыналы игеруге ықпал етеді, оқушылар құбылыстар мен процестер арасындағы себептік байланыстарды анықтау үшін практикалық дағдыларды игереді және

жетілдіреді. Сонымен бірге фактілерді, теорияны, заңдарды, нақтылауды және география, физика, химия, биология, экология бойынша бұрын алған білімдерін тереңдетуге қолайлы жағдайлар жасалады.

Мен мектеп оқушыларын PISA бағалауына дайындау мақсатында олардың функционалдық сауаттылығын, соның ішінде география пәніне қызығушылығын дамытуда мектеп бағдарламасын тереңірек қарастырып, курс бағдарламасын, тақырыптарының оқушыға қызықты және оқушының логикалық ойын дамытуға, шығармашылық икемділігін арттыруға және креативті ойлауына бағытталған, 8 сынып оқушыларына арналған жинақ жасадым. Бағдарлама географиялық білімнің мазмұнның алты бөліміне қалай бөлінетінін сипаттайды. Сондай-ақ, оқу бағдарламасының географиялық оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімді қамтиды.

- 1) географиялық зерттеу әдістері;
- 2) картография және географиялық деректер базасы;
- 3) физикалық география;
- 4) әлеуметтік география;
- 5) экономикалық география;
- 6) елтану және саяси география негіздері.

Оқушылардың географияға деген қызығушылығының болуы оқу процесінің қажетті шарты болып табылады. Қызығушылық неғұрлым жоғары болса, жаттығу соғұрлым белсенді болады және оның нәтижелері соғұрлым жақсы болады. Қызығушылық неғұрлым төмен болса, оқыту формалды, оның нәтижелері нашар болады. Қызығушылықтың болмауы Оқытудың төмен сапасына, тез ұмытып кетуге және тіпті алған білім мен дағдылардың толық жоғалуына әкеледі. Сондықтан оқушылардың географияға деген қызығушылығын арттыру, оның өзгеруін бақылау өте маңызды, бұл PISA зерттеуінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «PISA Халықаралық зерттеуі» әдістемелік құрал - Астана ҰББСБ 2013 ж.
2. «Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер» 2001 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 -2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Аманбаева Гүлназ

Түркістан қаласы, Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейінің
математика пәні мұғалімі

Мектепке дейінгі шақта жетекші іс-әрекет дидактикалық ойын болып есептелінеді. Оның жетекші іс-әрекет болуы, қазіргі баланың өзінің көп уақытын ойынмен алданып, үлкендердің еңбек әрекетіне аз емес немесе мүлдем араласпауына байланысты емес. Дидактикалық ойындар баланың психологиялық жағдайына сапалы өзгерістер туғызады: онда мектеп жетекші болатын оқу әрекетінің негіздері қаланады.

Сабақта дидактикалық ойын элементтерін қолдану немесе сабақты толықтай ойын түрінде өткізу оқытушыдан аса білікпен шеберлікті, шығармашылық ізденісті қажет етеді. Сондықтан оларды оқу мазмұнындағы ойындарға үлкен жауапкершілік және сақтықпен қарау талап етіледі.

Бұдан шығатын қорытынды мақсаты дұрыс таңдалып, сауатты түрде ұйымдастырылған ойын ғана бала логикалық қабілетінің, білімінің дамуына жағдай жасайды.

Ойын әрекетін бала психикасының дамуында шешуші қызмет атқаратындығы Ж. Аймауытов, Т. Тәжібаев, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ш. Құдайбердіұлы сияқты қоғам қайраткерлерінің бізге мұра болып қалған еңбектерінде айрықша орын алады.

Қазақ халқының өмір тәжірибесінде баланың әр алуан ойын түрлері олардың қимыл – қозғалыстарын, ептілігі мен бейімділігін, танымы мен пайымын дамытып, өрістетіп отырады деп санаған.

Дидактикалық ойындардың түрлеріне шек жоқ. Қазіргі кездегі сабақ материалдарының мазмұнына сәйкес мұғалім белгілі бір ойын бойынша әрқилы ойын ойлап табуына болады.

Тікелей дидактикалық міндетті шеше алмайтын, бірақ балалардың бойына ықылас, есте ұстау, байқағыштық, назар аударғаштық сияқты басқа да белгілі бір психикалық процесті, қажеттерді дамытуға бағытталған ойындардың түрлерін педагог ұмыт қалдырмауға тиіс. 1-сынып балалары үшін творчестволық және қимылды ойындармен қатар дидактикалық ойындардың әсері мол. Дидактикалық математикалық ойындарды қолдану сабақтың әсерлілігін арттырып, оқушылардың осы пәнге деген ынтасын дамытады. Бұл ойындар жаңа сабақ процесінде өткенді қайталау, білімді тиянақтау кезінде қажетті сабақ мазмұнына орай пайдаланылады.

Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолданылатын күні бұрын сабақ мазмұны мақсатына сай лайықты таңдап алған жөн. Өйткені ойын мектепке келген балалар үшін қызықты әрекет бола отырып, оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ, ол ұйымдастырылған педагогикалық процеске енгізілгенде ғана сондай құралға айналады. Ойынның дамуы мен орнығуы оны нақ осылай тәрбиелеу құралы ретінде пайдалануға көп байланысты. Сондықтан да бірінші сыныпта сабақ көбіне ойын ретінде өтіледі. Ойын да оқу мен еңбек сияқты, баланың іс-әрекеттерінің бір түрі. Ойынның барысында баланың жеке қасиеттері қалыптасады. Бұл жастағы балалар айналадан көрген түйгенін бағдарлап байқаған, естіген білгенін ойынмен бейнелейтінін байқау қиын емес. Ойын арқылы қоршаған дүниені бейнелей отырып, олардың өмірге көз қарасы қалыптасады, творчестволық іс-

әрекеттері дамиды, өзіне ойын кезінде сенімі артып, күллі жігерін білдіруге жол табады. Үлкендердің іс-әрекеттеріне еркін араласып, қарым-қатынасқа түседі.

Оқушының математикалық тілде көп сөйлеп үйренуге бағыт беретін ойындардың бір түрі- сөздік ойындары. Сөздік ойындарын әр сабақта жүйелі жүргізілуі тиіс. Сол арқылы балалар тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ауызша және жазбаша есептеуге дағдыланады. Математика сабағында есептеуге үйрету математикалық диктантпен жұмыс, сұрақ-жауап әдістерін қолдану қажет. Өтілетін тақырып бойынша ойын түрлерін жүргізуден басқа «анаграмма, ребустар, сөзжұмбақтар, өлең есептер» қолдану, түрлі дидактикалық материалдарды пайдалану оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады. Сол сияқты қимыл ойындарының да тиімділігі бар. Қимыл ойындар да бала ағзаларын жетілдіріп, ақыл-ойының дамуына үлкен әсер етеді. Көңіл-күй артып, жүйкелері жақсарады.

Дидактикалық ойындардың маңызы мынада:

1. Дидактикалық ойын балалардың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтеді, оны бекітіп, нақтылай түседі.

2. Әрбір дидактикалық ойын баланы ойлай білуге бауылып, сөздік қорын молайтады, ақыл – ой қызметін қалыптастырады.

3. Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойын ережелері балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді. Балалардың танымдық қабілетін дамытатын жеке қызығушылығын негізгі бір жолы – дидактикалық ойындар. Ойынды мұғалім баланың ойлау іс-әрекетін жандандыруға арналған әдістемелік тәсіл ретінде қолданылады.

Жаңа тақырыпты түсіндіру, оны пысықтау үшін, жаттығулар орындау, өткен тақырыпты еске түсіріп, қайталау үшін пайдалынатын дидактикалық ойындардың мазмұндары, мысалы, «Орамал тастау», «Сақина салу», «Жамбы ату», «Ханталапай», «Ақ сүйек», т.б. ойындар.

Ойынды жүргізу барысында балаларды ұлттық ойындардың желісі арқылы тақырыпқа сәйкес ойын-есептер ұйымдастыру, сол арқылы олардың бойына ибалық, байсалдылық, тапқырлық, шыншылдық және т.б. қасиеттерді сіңіру, қалыптастыру - басты нысаны. Сондықтан математика сабағында пайдалануға болатын дидактикалық ойындардың мазмұнын, шарттық көрнекі құралдарын, ойнау ережелерін, қарапайым тапсырмаларды оқушылар өздері орындауға шамасы жететіндей сұрыптап үлгісін ұсынамын.

Дидактикалық ойындарға тапсырмалар өзегі табылады. Бұл ойындарды математика сабақтарында және сабақтан тыс уақытта өткізуге болады. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, творчестволық қабілетін оятып, логикасын жетілдіріп, бүкіл өміріне ұштаса береді. Дидактикалық ойындар баланың математикалық қабілетін дамытуға көмектеседі.

Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: "Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дегеніміз—ұшқыр білімге құмарлық пен еліктеудің аздап жанар оты."- деген болатын. Ендеше дидактикалық ойын — тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Сондықтан

бастауыш сыныптың математика сабағында қолдануға болатын дидактикалық ойындарды ұсынамын.

Бұл дидактикалық ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне және оқу бағдарламасына байланысты математика сабағында пайдалануға болады. мысалы, "Алма теру" ойыны.

Дидактикалық мақсаты: Бір таңбалы сандарды қосу және азайту. Ондықтан аттап қосу және азайтуды үйрену. Балалар ойнай отырып, ауызша немесе жазбаша есептеп жаттығады.

Керекті құралдар: Алма бағының суреті, магнит тақтасы, жеке-жеке 1-ден 20-ға дейінгі бірнеше алма мен алмұрт салатын себеттер.

Магнитті тақтаға алма ағашының суреті орналастырылады. Ағашқа ілінген алмаларды үзіп алып, тиісті себеттерге салады. Себеттің сыртына нәтиже жазылады, ал алмаларға өрнектер жазылған. Балалар өздері қалаған себеттерін тандап алады да, соған тиісті алманы үзіп алып салады. Ойынды 5-9-6 бала ойнауға немесе бүкіл топ болып ойнауға да болады. Себетті кім бұрын толтырса, солар мұғалімге өткізеді. Себетті өткізетін жеке бала болуы мүмкін немесе бірлескен топ, командалар болуы мүмкін. Мұғалім алма ағашын басқа да қатармен ауыстырып, ойынды күрделендіріп жалғастыра беруіне болады.

Бұдан шығатын қорытынды мақсаты дұрыс таңдалып, сауатты түрде ұйымдастырылған ойын ғана бала логикалық қабілетінің, білімінің дамуына жағдай жасайды.

Мектепте ойындарды пайдалану барысында балалар арасында сұрақ – жауап, топпен жұмыс, жұппен жұмыс, тапсырмаларды талау, ойын, ойлау әдістеелерімен өткіздім. Балалармен жұмыс істей отырып. Олардың ойындарға деген қызығушылығы оқуға, білуге, сабаққа деген ынтасының артатынына көзім жетті.

Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілеттері, ақыл –ойы дамуына зердесін, қиялын дамытатынына көзім жетті.

Сабақта ойындарды қолданған кезде балалар өздерін еркін сезініп, өз ойларын қысылмай жеткізіп бір –бірімен тіл табысып, тез ұсынысты. Демек, ойындардың өзі балаға білім берудің, тәрбиелеудің қайнар көзі дер едім.

Қорыта айтқанда, баланың дамуына ойынның атқаратын қызметі айрықша. Ойындар арқылы баланың бойына ойлау, сөйлеу, қабылдау, иесте сақтау үрдістерін дамытып, сонымен қатар баланың ақыл –ойы дамиды, елестетуін бекітеміз, кеңейтеміз, белсенді сөздік қорын дамытамыз.

Жалпы ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа ауысып отырады. Тапқыр, алғыр, шымыр, епті, қайратты, қажырлы бала өсіруді армандамайтын ата –ана жоқ. Сондықтан ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Менің ойымша сабақта ойындарды қолдану, сабаққа өзгеше нәр беріп, жаңартып тұрады. Ал балалар ойнай да білсін, ойлай да білсін!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жикалина Т.К. 2-сыныпқа арналған математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар. –Алматы, 1992. 3-15 б.

2. Құрманалин Ш.Х., Сәрсенова С.Ш., Өміртаева Р.Қ. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар 1-сынып. -Алматы, 1997, 3б.
3. Перельман В.И. Занимательные задачи и опыты. -Москва, 1972.
4. Сансызбайқызы М. Балдырғандарға арналған қызықты математикалық тапсырмалар. - Алматы, 1991.
5. Ысқақов М., Назаров С.Н. Математика мен математиктер жайындағы әңгімелер. -Алматы, 1991.
6. Эрдниев П.Н. Укрепление дидактических единиц как технология. Москва, 1992.
7. Эльконин Д.Б. Педагогика игры. - Москва, 1976. -304 с.
8. Аубакирова Ж. Ойынның бала психологиясына әсері //Ізденіс. 2000. №4-5, 203-208 б.
9. Елубаева С. Дидактикалық ойын оқыту әдістерінің бірі //Бастауыш мектеп 1988. №2, 7-12 б.
10. Қаратаева Ғ. Ойын адам психологиясын дамыту факторы. //Қазақстан мектебі 2000. №5, 20-26 б.
11. Нұрғаева Ғ. Ойын сабақ. // Бастауыш мектеп, 2001. №7, 40-42 б.
12. Оразбекова К. Дидактикалық ойындардың маңызы. //Бастауыш мектеп, 1988. №10.

STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ОҚЫТУ – БОЛАШАҚ БИО ЖӘНЕ НАНОТЕХНОЛОГТАРДЫ ОҚЫТУ

Имашева Қаламқас Сайлаубекқызы
Созақ ауданы, Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің
информатика пән мұғалімі

Қазіргі техника және технология қарыштап дамып жатқан уақытта білім саласының кез келген конференциясы немесе іс-шарасы осы төрт әріптен тұратын «STEM» технологиясыз өтпейтіні бәрімізге белгілі.

Бұл технология оқу процесінде ұстазға қандай мүмкіндіктерге жол ашады, оқушыға не береді?

S - science, ғылым, T - technology, технология, E - engineering, ағылшын тілінен аударғанда инженерия, M - maths, яғни ғылымдардың төресі – математика.

STEM-оқыту оқушыға ғылыми әдістер, техникалық қосымшалар, математикалық модельдеу және инженерлік дизайн ілімдерін игере отырып оқытуды ұйымдастырады.

STEM технологиясы - бұл балаларымыздың білім сапасын арттырудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін инновациялық әдіс. Оның көмегімен біз экономикалық тәуелсіз және бәсекеге қабілетті ел болуға мүмкіндік беретін прогрессивті кадрлық базаны қалыптастыра аламыз.

Бастауыш сыныптағы STEM оқыту

Жоғары технологиялар дамыған әлемде өмір сүретін әр баланың дамуына қол жеткізу үшін нені үйреніп, нені үйрету керек?

Әр бала өзін қандай бағыт қызықтыратынын уақытында түсінуі қажет және сол қызығушылығын бастауыш мектептен дамытуының жарқын болашағы үшін өте маңызды. Сондықтан қазіргі таңда мұғалімнің алдында жауапты міндет тұр: ол балаға бойындағы интуицияны дамытуды үйрету. Қазіргі кезде ақпарат ағынының жылдамдығы өте жоғары, балаларға арналған цифрлық ойын құралдарының сан алуан түрлері бар. Мұғалім оқу процесін ұйымдастыруда балаларға түсінікті болатын, олардың әртүрлі құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін құралдарды таңдау керек. Сондай құралдардың бірі - LEGO жинағы. LEGO конструкторы оқушыларға білім алуда жетістіктерге жетуге көмектеседі. Мысалы LEGO Education EV3 жинағын жаратылыстанусабақтарында қолдануға мысалдар келтіріп көрейік.

1. Сабак тақырыбы «Зымырандар қай жерден ұшырылады?»

[3-сынып. Жаратылыстану]. Балаларға тақырыпқа байланысты сөзжұмбақ беріледі. Сөзжұмбақ жауаптарын балалар «Байқоңырға саяхат» жасай отырып жауабын жазады. Артынан мұғалім 5–6 оқушыға немесе жұптаса отырып LEGO конструкторы көмегімен ғарыш айлағындағы кез келген нысанды құрастыруға тапсырма береді.

Тағы бір LEGO жинағын қолданудың қызықты түрі әдебиеттік оқу пәнінде болуы мүмкін. Мысалы, сынып оқушылары Жүсіпбек Аймауытовтың «Қараторғай» [3-сынып. Әдебиеттік оқу] әңгімесін өтуде. Әңгіме мазмұны бойынша LEGO жинағынан биік ағаш басындағы құс ұясын, қараторғайды тіпті құстарға қамқоршысы Қамбар атайдың да мүсінін жасауына болады. Соңынан

әңгімелеп видео түсіру арқылы басқа сынып оқушыларына ұсынса болады. Осылайша балалардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады.

STEM тәсілін бастауыш сыныпта қолдану балаға не береді?

- Математикаға, жаратылыстану ғылымына қызығушылығын оятады;
- Технология, робототехника, дизайн саласындабілімалуға көмектеседі;
- Шығармашылық пен коммуникативті дағдыларының дамуына ықпал етеді;
- Баланың әлеуетін ерте анықтауға және өзін-өзі кәсіби тұрғыда тәрбиелеуге ықпал етеді.

Жоғары сыныптағы STEM оқыту

Біздің өмірімізге тән ерекшелік – қарқынды даму. Біз қазір өмірге келген уақыттан мүлдем өзгеше әлемде өмір сүріп жатырмыз. Өзгерістер қарқыны одан әрі артуда. Бүгінгі мектеп оқушылары: әлі жоқ мамандықтар бойынша жұмыс жасауы, әлі жасалмаған технологияларды қолдануы, біз тіпті болжай алмайтын мәселелердің шешімін табуы қажет. Сондықтан да, мектептегі білім технологиялардың даму қарқынымен сәйкес жүруі керек деп ойлаймын.

STEM әдісінің негізгі идеясы – практикалық білімнің теориялық білім сияқты маңызды екенін көрсету. Яғни, оқу барысында біз миымызбен ғана емес, қолымызбен де жұмыс жасауымыз керек. Тек сынып қабырғасында білім алу қарқынды дамып жатқан әлемге ілесуге мүмкіндік бере алмайды. STEM оқытудың басты ерекшелігі - балалар әртүрлі тақырыптарды оқып-үйрену үшін миын да, қолын да пайдаланады. Білімді өзі іздеп тауып алады десек те болады.

Мысалы, бастауыш сыныпта Лего жинағын қолдансақ, жоғары сыныпта 3D қаламсап қоладнуға болады. Егер сынып физика пәнінен «Жұлдызды аспан. Аспан сферасы. Аспан координаталарының жүйесі» [Физика. 9-сынып] тақырыбын өтіп жатқан болса алдымен мұғалім балаларға жеке жұмыс ретінде есептер шығаруға тапсырма береді. Сонан соң жұптық немесе топтық жұмысқа жаңа тақырыпта танысқан аспан денелерінің ішінен бірін таңдап 3D қаламсап көмегімен жұлдыз немесе басқа денені құя алады. Бұл жерде оқушы мимен ғана емес, қолмен де жұмыс жасай алады. Аспан сферасының денелерін қолымен ұстап көре алады деп айтсақ та болады. Осылайша балалардың пәнге деген қызығушылығы арта түседі.

Оқу үдерісіне STEM тәсілін енгізудің артықшылықтарының бірі оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру. Балалар тестілеу мен түрлі тәжірибелер жасау арқылы стандартты емес мәселелердің шешімін табуға үйренеді. Мұның бәрі өмір сүруге бейімдеуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас дағдыларын күшейту. STEM тәсілін енгізу негізінен топтық жұмысты көздейді. Өйткені, көбінесе балалар өздерінің модельдерін бірлесіп зерттейді және дамытады. Олар мұғаліммен және достарымен диалог құруды үйренеді.

STEM оқыту - бұл оқу үдерісін, мамандық таңдау мен одан әрі кәсіби өсуді байланыстыратын көпірдің бір түрі. Инновациялық білім беру тұжырымдамасы балаларды кәсіби деңгейде техникалық дамыған әлемде өмір сүруге бейімдеуге мүмкіндік береді.

STEM оқытудың негізі:

STEM оқытудың негізгі компоненттерін енгізу орта мектептегі дарынды балаларды анықтауға көмектеседі. STEAM - ХХІ ғасырдың инновациялық

технологияларына негізделген жаңа оқыту жүйесі, оның мақсаты оқушыларда ойлаудың жаңа түрін дамыту болып табылады.

STEM оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы:

- Балалар өздігінен оқуға көбірек уақыт бөледі, проблемаларды табуға және оларды өздігінен шешуге үйренеді.
- Балалар бір-бірімен сәтті және сәтсіз оқу тәжірибесімен бөліседі, жобаларда бірлесіп жұмыс істейді және нақты мәселелерді шешеді.

Сайып келгенде, STEM тәсілі ең алдымен мұғалім берген материалды есте сақтау емес, оқу дағдыларын дамытуға бағытталған. Оның негізіне: жаңа идеяларды құру қабілеті, өздігінен білім алу дағдылары, топтық жұмыс, қателіктерді түзету және нақты мәселелерін шешу.

Біздің оқушыларымыз болашақта тұлға болып қалыптасуы үшін нені және қалай оқыту керек - бұл білім берудің басты идеологиясы. Өмір бойы өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі деңгейдегі өзара әрекеттесуге үйрету, тәуелсіз және сыни ойлауды дамыту - осы және басқа да көптеген қағидалар заманауи білім беру технологияларын дамыту стратегиясын құрайды.

STEM оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық ұстанымдары:

- мақсат қоюды, оқытудың мазмұнын, оның формалары мен әдістерін анықтай отырып, оқу процесінің барлық компоненттерінің өзара байланысын болжау;
- қатаң бекітілген ғылыми заңдардан тұратын ақпаратты көрнекі түрде ұсыну;
- оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты білім мазмұны мен формаларының өзара байланысын қамтамасыз ету;
- балаға білім мен тәрбие беруді ұштастыру;
- баланы тәрбиелеу мен оқытуда отбасы мен мектеп арасында байланыс орнату.

Сонымен, болашақ озық технологиялар мен техникаларды меңгерген оқушынікі, ал ондай оқушыны қалыптастыру баланың ой-өрісін кеңейте алатын, жаңашыл әдістерді қолдана отырып білімді баланың «миына құйып» бере алатын жаңа форматтағы мұғалімдерге тиесілі.

Болашақ - ұлы «STEM оқытушылардың» қолында!

«Сіздің қолыңыз сіз білгеннен гөрі көп біледі!

Сіздің ақыл-ойыңыз білмейтін нәрсені сіздің қолыңыз біледі!»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттік оқу.3-сынып. Алматы кітап баспасы.
2. Жаратылыстану.3-сынып. Алматы кітап баспасы.
3. Методические рекомендации по внедрению STEM - технологии в образовательную практику. Муниципальный клуб «Учитель года» Советского муниципального района Саратовской области
4. Физика оқулығы.9- сынып.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС ТӘСІЛДЕР

Қуанышбаева Миранш Ділдәбекқызы

Созақ ауданы, А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің информатика пәні мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер, жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасына кезең-кезеңімен көшуіміз қоғамымызда белгілі бір жетістіктерге қол жеткізу үшін алған білімнің сапалы да жүйелі болуына, білімді құндылық ретінде санауына, өз білімі үшін жауапкершілік алуға, өздігінен оқуға, сын тұрғысынан ойлауға, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, ақпаратты дұрыс өңдей алуға, талдауға, ақпаратты дұрыс өңдей алуға, талдауға, бағалауға және алған білімін өмірде қолданып, икемді әрі белгілі бір салаға бейім болуына басымдық береді, яғни функционалдық сауаттылықты дамыту қажеттілігін дәлелдеп отыр. Сондықтан білім беруші мұғалімнен де, білім алушы оқушыдан да ізденіс пен шығармашылықта жұмыс істеу талап етіледі.

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету керек. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Екінші тәсілде қашықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған оқушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Бұл жағдайда ақпарат алмасу және жіберу оқушылардың нәтижелі білім беру қызметін ұйымдастыру үшін көмекші ортаның рөлін атқарады. Оқыту нақты уақытта синхронды түрде жүреді (чат, бейне байланыс, қашықтағы студенттер мен мұғалімдерге ортақ “виртуалды тақталар” және тағы басқалар), сонымен қатар асинхронды (электрондық пошта негізіндегі телеконференциялар).

Мұғалімдер үздіксіз білімін жетілдіріп, үнемі даму үстінде болып, өз идеяларын оқыту мен оқу барысында жаңашылдықпен дамытып отырғаны дұрыс. Бүгінгі күнде заманауи технологиялардың қарқынды ілгерілеуі мен жаңашылдықтың арутына байланысты өзін-өзі дамыту, өзінің ісіне баға беру, бақылау жасауды жетілдіру үшін рефлексия жасап дағдылану керек. Әрине, мектеп мұғалімдеріне де, оқушыларға ойлау дағдысын дамыту үшін әдістемелік қолдау көрсетіп, тәжірибемен бөлісу маңызды.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс –

тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім.

Білім алушылардың өздерінің оқыту тәжірибелеріне өзгеріс енгізуі, оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту үшін тиімді әдіс-тәсілдердің қаншалықты рөл атқаратыны туралы бүгінгі баяндамада ұсынып, теориялық және тәжірибелік бөлімдеріне қамтуды жөн санадым. Қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жаңа білім мазмұны, критериалды бағалау жүйесі мектеп мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік және сенімділік артып отыр. Бұл қоғамда болып жатқан өзгерістерге білім беру жүйесінің тікелей қатысын білдіреді. Мектепте оқып-білім алып жатқан әрбір оқушы келешекте құраушы, қоғамның белсенді мүшесі болуы үшін бүгінгі білімнің құндылығын түсініп, өмірде қолдана алатын деңгейге жеткізу әрбір ұстаз алдындағы міндеті деп санаймын.

Қазақстандағы оқу жүйесіндегі басты жаңалық – мұғалімдердің оқушыларға білімді қашықтықтан беруі. Бұл -өркениет үрдісі. Ал қазіргі өркениетке ілесетін адам өмір бойы білімге ұмтылуы тиіс. Мұғалімдік тәжірибемдегі ендігі мақсат – оқу мен оқыту процесінде түрлі кедергілерді жеңе отырып, сондай-ақ одан әрі толықтырып, нәтижелі білім беруге бағытталған әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану жолдарын іздестіру.

Ал осы әдіс-тәсілдерді сабақ үдерісінде тиімді пайдалану үшін сабақ мақсаты нақты әрі қолжетімді болуы керек. Өйткені сабақтағы ең маңыздысы қойылған дұрыс мақсат пен күтілетін нәтижелер. Дұрыс қойылған мақсат күтілетін нәтижелерге жету жолында нақты іс- әрекетке жетелейді. Сондықтан сабақты жоспарлауда мен үшін маңызды сабақ мақсатын нақты әрі қолжетімді етіп құру болды. Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сол себепті сабақтарымда мен іздену барысында игерген әдіс-тәсілдерімді кеңінен қолдану арқылы, оқушыларымның өз бетімен білім алуға дағдыландыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздедім. Осы мақсатымды жүзеге асыру үшін, жаңаша әдіс –тәсілдерді пайдалана бастадым. Жаңашыл, ізденімпаз ұстаздың міндеті –оқушылардың бұрын білмеген басқа қырларынан танытуы мен ортақ белгісін табуға мүмкіндік туғызатын ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Сондықтан өз сабақтарымда сапалы білім беру мақсатында қолданған бірнеше әдіс-тәсілдердің тиімділігі жөнінде ой бөліспекпін.

Мұғалім мамандығының еңбегі өлшеусіз болғандықтан, өз жұмысына аса маңызды қызмет ретінде қарауы керек сияқты. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. Білім беруге заман

талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласына – баса назар аударарлық мәселе. Баланың қызығушылық қабілеттерін дамыту «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді. Қазіргі кезде бұрын тәжірибеде болмаған жаңаша оқытудың тиімді тәсілдерін қолданып, жетістікке қол жеткізіп, оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, келе жатқанына көз жеткіздім.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктерін зерттеу қашықтағы сабақтарды ұйымдастыру, жоспарлау- биылғы оқу жылындағы өзекті мәселенің бірі. Оқушыларды қашықтан оқытуға ынталандыру мен қатыстырудың ерекшеліктерін зерттеу, оқушылардың өзіндік жұмысын қалай ұйымдастыруға болады немесе үй тапсырмасын қалай тексеруге болады және тағы да басқа тиімді әдіс тәсілдерді оқушыларға ұсыну ұстаздардың басты міндетіне айналды.

Сондай-ақ “Оқушыларды оқу үдерісіне қалай ынталандыруға/тартуға болады?” деген мәселені бүгінгі таңда ұстаздарымыз басты назарда ұстауы қажет. Бұл сұрақты шешуде оқушыларды оқыту үдерісіне ынталандыру факторларын, әдіс-тәсілдерін анықтау аса маңызды. Шәкірттерді оқуға қызықтыру, ынталандыру жайлы ойлаған кезде, біз олардың ішкі ынтасын арттыру жолдарын түсінуге тырысамыз. Оқуға қатыстыру дегеніміз оларды қызықтыру, жаңа бір нәрсе жасап көруге, таңдауға, қателесуге, қайтадан бастауға, табысқа жетуге ұмтылуға мүмкіндік беру. Осылайша, білімгерді оқуға белсенді қатыстырудың тәсілдерін қашықтан және дәстүрлі оқытуда кеңінен қолданып, балалардың дербес оқушыға айналуына көмектесеміз. «Онлайн сабақты жүргізу: сыртқы келбет және онлайн этикет» тақырыбы аясында оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ал оқушылардың сыни ойлауын дамыту, айтылым, оқылым, жазылым бойынша ой-өрісін, сөйлеу, жазу, ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің тәсілдерін қолдану көп нәтиже береді. Ол маңызды мәселерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Сол себепті «Екі түрлі күнделік, РАФТ, 5 минуттық эссе, автор орындығы, Джигсо, Т кестесі » т.б. секілді әдіс –тәсілдері оқушының ойлануына, олардың көшбасшылық, шығармашылық қасиеттерін анықтауға, талдау мен бағалай білуге, шешімдер шығара алуға, нақты дәлелдер келтіруге үйретуге мүмкіндік береді. Сыни тұрғыдан ойлауға оқушыны жетелеу үшін дұрыс сұрақ қоюға үйрету шарт. Егер оқушы өзі қойған сұрақтың маңыздылығын, қай дәрежелі сұрақ қойғанын анықтап, саралай алатын болса, яғни ол өзіне- өзі сыни көзқараспен қарайды деген сөз.

Сол себепті қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында ойлау дағдыларын дамытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді қолданғанда оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударамын.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың келесі тәсілі компьютерлік телекоммуникацияны, электрондық почта, телеконференция, аймақтық және интернет желісінің ақпараттық қорларын пайдалануды ұсынады. Бұл қашықтан оқытудың кең тараған пайдалануға қолжетімді.

Қашықтан оқытудың әсерлі болуы оқушылармен бірге интернетпен жұмыс істейтін мұғалімге тікелей байланысты. Бұл мұғалім: қазіргі заманғы ақпараттық және педагогикалық технологияны меңгерген, оқушылармен бірге желідегі жаңа оқу-танымдық ортада жұмыс істеуге психологиялық тұрғыдан дайын болуы керек. Мысалы, «Өрмекшінің өрмегі», «Планшет», «Серпілген сауал» әдіс-тәсілдерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артатындығын аңғардым. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Мәселен, «Анимация құру» тақырыбымен таныстыруда жұмыртқа қорабы мен қызыл, көк кішкене шарларды қолдану арқылы оқу мақсаттарына жеттім. Осы ресурстарды «Ақпарат өлшем бірліктері» тақырыбында да қолдандым. Яғни, қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. «Планшет» әдісін көбінде «Блиц-турнир» өткізгенде қолданамын. «Блиц-турнирді» сабақтың қорытынды бөлімінде жиі өткіземін. Сұрақтар қою арқылы оқушының тақырыпты қалайша меңгергендігін анықтаймын.

Әрине, тәжірибе барысында осы аталған әдіс-тәсілдермен шектеліп қалмаймын. Семинарларда, коучинг сабақтарда алған тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолданамын. «Стикердегі диалог» әдісі. Бұл – үй тапсырмасын тексеруге, қорытынды сынақ немесе қарапайым ереже сұрауға таптырмас әдіс. Өйткені бұл әдісті қолданған кезде оқушы оқылған сұрақтың жауабын білуі тиіс.

Сонымен қатар, «Суретті әңгімеле», «Менің сөзім», «Бес минуттық эссе», «Он сұрақ», «Өзіңізді тексеріңіз», «Маршрут» ойыны, «Сөзді тап» «Он сұрақ» әдістері арқылы дарынды және талантты оқушыларды тануға болады. Олар берілген тапсырмалар шеңберінде өлең жазып, сурет салып, өз ойын қорыта бастайды.

Сондай-ақ іс- тәжірибеде сабақ барысында кеңінен қолданатын тиімді әдіс- тәсілдердің бірі, ол «Сыртқы және ішкі шеңбер әдісі» уақыт үнемдеуге өте тиімді. Үй тапсырмасын тексеруде 4-5 минут уақыт жұмсауға болады.

Жаңа тақырыпқа кіріспе жасау кезінде қойылған сыни сұраққа жауап ала отырып оқушылардың креативті ойлай алатындығына, ойлау дағдыларының дұрыс қалыптасатынына көз жеткіздім. Әңгіме дебат түрінде пікір талас өткізу барысында оқушылар өз пікірлерін дәлелдеуге, нақтылауға, талдауға дағдыланды. Ұстанымды болуға қалыптасты. «Жиксо» әдісін қолдану барысында оқушылар өзара жұмыстарын басқа топтан келген бақылаушыларға түсіндіру және сұрақтарына жауап бере отырып бір бірлерімен диалогтық әңгіме жасауға дағдыланды. Ойлау дағдыларын қалыптастыруда ойлаудың «Кубизм» стратегиясын қолдана отырып мынандай нәтижеге қол жеткіздім. Оқушыларда салыстыру, ойлану, қолдану дағдыларының қалыптасқанын тіпті оқушы бойындағы дарынның оянғанын байқадым. Оқушылардың бойында дербес іс әрекеттің артуы, ойлаудың белсенді болуы артты. Білігі мен біліктілігінің жан жақты дамуы, логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеруі көрінді. Оқыту мен оқудағы диалогтың оқыту мен сын тұрғысынан ойлау модулін қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түсті. Алдағы уақытта оқушыларды диалогтық қарым қатынас жасата отырып ойлау дағдыларын дамытуға жұмысын тәжірибеде үнемі қолдану арқылы білім сапасын көтеруде едәуір үлес қосамын деп сенемін.

Ақпараттық технология қызметінің құралы ретінде жаңа ақпараттық технологияның компьютерлік құралдары қолданылып жүр, алайда заман талабына сай компьютерлік техниканың дамып жетілуіне байланысты ғылыми сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды жасау керек және ол оқушының іс әрекетінің интеллектуалды құрылысымен сәйкес келуі тиіс. Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың бірнеше бағыттары көрсетілген, солардың ішінде мектептегі оқу практикасында қажеттілерінің негізгілері мыналар: компьютер – оқушы білімін бағалау құралы; компьютерлік модельдеуді қолданатын зертханалық практикум; мультимедиатеchnология – жаңа материалды түсіндірудегі иллюстрациялық құрал; дербес компьютер – білім жетілдіру құралы.

Мұғалім жұмысы практикада оқушы білімін бағалау үшін алатын тақырыптық тестерден көрінеді. Электронды оқулық көмегімен балалар тест жауаптарын барлық тест сұрақтарына түгелдей жауап бергеннен кейін көруіне болады. Бұл балаларды қызықтыруға мүмкіндік жасайды. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар оқу материалдарын иллюстрация жасау кезінде (мысалы анимациялы слайд-фильмдер) қолданылады. Бұл оқу үрдісін қозғалыста бейнелеуге мүмкіндік береді. Компьютердің көмегімен дыбыстық және бейнефрагменттерді де демонстрация жасауға болады. Электронды оқулық арқылы оқушылар сабақ үстінде немесе сабақтан тыс уақытта тақырыпқа сәйкес мәліметтермен танысуға, практикалық тапсырмаларды өз бетінше орындауларына болады. Балаларға жан -жақты, қызықты білім беру үшін ғаламтор желісіндегі түрлі (Bilimland, Aimekter, Daгyn online, learning App, т.б.) платформаларынан ізденуде.

Қашықтықтан оқыту жаңа дүниелерді меңгеруге, шығармашыл ізденіске шабыт, рухани баюға уақыт бергені анық. Әрбір жаңа дүниенің тиімді және тиімсіз тұстары болады. Қиын кезең кемел адамдарды қалыптастырады. Қашықтықтан оқыту – оқушыдан қашықтықта болу деген емес, оқушыға бұрынғыдан да қатты жақындау. Оқушыға барынша түсінікті болатындай етіп жағдай жасау. Тек бұл жүйеде жақсы жұмыс істеу үшін ғаламтордың озық қосымшасы болу қажет. Алғашқы сабақтан бастап оқушылардың талпынысы, ынтасы одан сайын шабытымызға шабыт қосты, қанаттандырды. Әр сабағымызға бұрынғыдан бетер жауапкершілікпен дайындалып, үлкен ізденіс үстіндеміз. Түрлі білім порталдары арқылы да дайындығымызды пысықтап, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын одан әрі дамыта алдық деп ойлаймын. Оны оқушылардың жасаған кері байланысынан-ақ байқауға болады. Қашықтықтан оқу арқылы біз сақтық шараларын жасап қана қоймай, сонымен қатар өз шеберлігімізді де арттырып жатырмыз.

Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттыруда қолданылатын әдіс тәсілдер келешек ұрпақтың жан жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Сондай-ақ қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы мұғалімдер мен оқушылар әлемдік ақпаратпен байланысуға, ғылым және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
4. Журнал «Информатика негіздері»
5. <http://uchinfo.com.ua/inform/metodika/mt5.htm>
6. <http://infust.kz>
7. <https://bilimdinews.kz/>
8. <https://ust.kz/>

АКТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Ажиходжаева Гулзия Абдирашовна
Сарыағаш ауданы, №74 ЖОББМ-нің
информатика пән мұғалімі**

Қазақстан Республикасы жоғарғы білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында айқын көрсетілгендей, қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқу бағдарламаларын өзгертуді, оқудың жаңа **технологияларын** енгізуді көздеп отырғаны анық. Тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «XXI ғасыр-ақпараттандыру ғасыры» деген болатын. Сол себепті оқушылардың барлығы дерлік АКТ-ны меңгеру керек деп ойлаймын. XXI ғасырдың ақпараттық мәдениетінің дамуы білім алуда өте маңызды рөл атқарады, оның себебі ғылыми - техникалық ақпараттың көлемі екпінді өсуінде. Ақпараттық технологиялардың барлық жаңалықтарын ең бірінші балалар қабылдайды, сондықтан балалардың жоғары танымдық қызығушылығын пайдаланып, олардың жеке тұлға ретінде дамуын қалыптастыру қажет..

Информатика-болашаққа бастайды,
Келешекке білім қуған жастарды
Қадам басып XXI ғасырға.
Барлық әлем жаңалығын тастайды

Мен өз сабақтарымда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (АКТ) модульін таңдап алғандағы мақсатым, ақпараттық - коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді тиімді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық -

коммуникациялық технологиның келешек ұрпақтың жан - жақты білім алауна, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Білім беру үдерісін ақпараттандыру - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқытуы, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Қазіргі кезде ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігінде арттырады. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытыңда оқуыңа, тапсырмаларды орындауыңа мүмкіндік береді.

АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдану қажет. Сол себепті оқушылардың барлығы АКТ - ны меңгеру керек деп ойлаймын.

Мен өз сабақтарыма «Ақпараттық - коммуникациялық технология» модулін қалай енгіздім?

«MS Word бағдарламасында кестелер құру, кестелерді түзету» тақырыбында 6 "Ә" сыныбымен шеберлік сабақ өттім. Бұл сабағымның негізгі мақсаты: MS Word бағдарламасында кестелер құру, кестелерді түзету туралы түсінік қалыптастыру және алған білімдерін тәжірибеде тиімді пайдалану. АКТ - ні тиімді пайдалану арқылы, менің аталған сабақтарымда, атап айтар болсақ, сабақтың тақырыбын ашпас бұрын, оқушылардың қызығушылығын ояту кезінде оқушылардың бастапқы білімін жаңа біліммен ұштастыру мақсатында оқушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияның көмегімен " MS Word бағдарламасында кестелер құру, кестелерді түзету " атты бейне үзінді көрсетемін. Оқушылар қалай ойлайсындар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ - деп оқушылардан сұрадым. Осы тұста бейне үзіндіні көре отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын өздері аша білді. Оқушыларға "Бір - бірін оқыту" әдісі арқылы тақырыптың мәтіндерін оқулықтан оқып, топта талқылауды ұсындым. Оқушылардың топта талқылау кезінде бір - бірімен диалогтік қарым - қатынас жасап отырды. Топтық жұмыста мәтін бойынша түсінгендерін әр оқушы өз ойларын ортаға салды. Ойларын жинақтай отырып, топтан бір оқушы шығып, АКТ-ның көмегімен берілген тапсырманы интербелсенді тақтада түсіндірді. Қалған топтар өздерінің берілген тапсырмаларын кезекпен ортада қорғап шығып интербелсенді тақтада түсіндіріп көрсетті. Жаңа тақырыпты оқушылар бір - біріне түсіндіріп, тәжірибеде қалай қолдануға болатынын көрсетті. Оқушылар топта талқылаған ақпараттарын нақты жеткізе білді. АКТ -ның көмегімен интерактивті тақтадан "Бағдаршам" көздері арқылы топтар бір - біріне бағалау жүргізді. Сабағымда АКТ - ны қолданған келесі кезеңдері тәжірибелік жұмыстармен жалғастырдым.

Сергіту сәтін жасау мақсатында, АКТ-нің көмегімен, көзге арналған жаттығуларды интерактивті тақта арқылы жаттығуларды көрсетіп, оқушылар көзге арналған қимылдарды бірге жасап, біраз серігіп қалды.

Сабағымды қорытындылау мақсатында қорытынды **тест** алдым. Ол тест АКТ - ның көмегімен интерактивті тақтаға шығарып, әр оқушылар өз жауаптарын белгілеп шықты.

Тест сұрақтарын әр оқушы өздері белілеп болған соң, беліленген жауаптарын бір - бірімен ауыстырып, дұрыс жауаппен салыстыру арқылы бір - бірін тексеріп, бағалады. Ынтасы төмен оқушылар өздеріне жүктелген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындады. Көшбасшы ретінде оқушыларға нұсқау жасап отырдым.

Сабақ соңында осы тақырыптан алған білімдерін, қиындық тұстарын анықтау мақсатында, интерактивті тақтадан "Білім ағашына" өз ойларын ашық жазуға нұсқау бердім. Осы кері байланыс арқылы оқушыларға қиындық тудырған тұстарын анықтау арқылы, сол оқушыларға көмек беруге тырыстым.

Келесі сабағымды ынтымақтастық ахуалын орнату мақсатында интерактивті тақтадан "Тілектер шеруін" көрсету арқылы қалыптастырдым. АКТ - ның көмегімен компьютер түрлерінің суреттерін көрсету арқылы, 1. "Монитор", 2. "Пернетақта", 3. "Жүйелік блок" арқылы үш топқа бөлдім. "Ой қозғау" кезеңінде оқушылардың алдыңғы білімін жаңа сабақпен байланыстыру үшін, интерактивті тақтадан барлық топтарға ортақ сұрақтар көрсетілді. Осы сұрақтарға оқушылар сыни тұрғысынан ойлана отырып, интерактивті тақтаға маркердің көмегімен тақтаға жазып отырды. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады.

Сұрақ қою барысында бағдарламада берілген осы қағиданы ұстана білдім. 3. Пернетақтаның негізгі блоктарының аты мен міндеттері және ол перненің қызметі. Берілген тапсырмалар бойынша компьютерде жеке тәжірибелік жұмыстар жасады. *Оқушылар бланкот программасын ашып, "Компьютер – күрделі құрылғылардың жиыны» мәтінін теру арқылы Shift, Caps Lock, Enter пернелер қызметін түсінді.* Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтауыш фактор оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технология саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады. Осы тақырыпты орындау барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсті. Тәжірибелік жұмыстан кейін сергіту сәті ретінде интерактивті тақтадан *жаңа сабаққа байланысты жұмбақтар көрсетілді. Осы жұмбақтардың жауабын шеше отырып, оқушылар белсенділік танытты.*

Сабақты қорытындылау кезеңінде интерактивті тақтаның көмегімен "Сәйкестендіру" кестесін көрсеттім. Осы кестеде көрсетілген құрылғыларды атқаратын қызметімен құрылғыларды тауып белгіледі. Тапсырмаларды орындау барысында жылдамдық танытып, өз қабілетімен ерекшеленген оқушылар болды. Бұл оқушыларды дарынды және талантты оқушылар қатары деп білдім. Сабағымды бағалау кезеңінде үш бейнедегі смайликтерді интерактивті тақтадан көрсету арқылы, әр бір оқушының өзін - өзі бағалау сатысы жүреді.

Келесі сабағымда ұйымдастыру кезеңінде оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында "Жалғасын тап" атты психологиялық тренинг өткіздім. Шартты бойынша интерактивті тақтаның көмегімен оқушылар керекті сөздерді (Мәтін жазу үшін ----- қолданамыз) орынына тауып қойды. Оқушыларды топқа бөлу кезінде ақпараттық - коммуникациялық технологияны қолдана отырып слайдтан компьютердің қосымша құрылғыларының (принтер, колонка, сканер) суреттері арқылы оқушыларды үш топқа бөлдім. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның (АКТ) сабаққа енгізілуі бұл оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып білімін ары қарай дамуына үлкен септігін тигізумен қатар мұғалімге оқыту қызметін түрлендіруге мүмкіндік тұғызады. Жаңа сабақтың мағынасын ашуда компьютердің қосымша құрылғыларын интерактивті тақтадан көрсеттім. Оқушыларға компьютердің қосымша құрылғыларын көру арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға тырысты. Осы тұста тақырып бойынша сұрақтар қою арқылы, жаңа сабақтың мазмұнын ашуға көпірше салдым. Осы сұрақтарды қою барысында дұрыс қойылған сұрақтың оқытудың тиімді құралы екенін білдім. Оқушылар сұрақтарға белсенділікпен жауап берді.

Келесі тапсырма тәжірибелік жұмыстарды компьютердің көмегімен

Ms Word, Power point бағдарламасында "Компьютер сызбаларын" сызып, жазып көрсетуболатын. Бұл тапсырмада оқушылар компьютердің көмегімен сызбаларды жазу, сызу арқылы сыныпқа өз еңбектерін таныстырды. Өз ойларын еркін жеткізуге үйренді. Осы теориялық және тәжірибелік кезінде Бөфель айтқандай тәжірибе жасау арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеттері 75 % артатындығын байқадым.

Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтауыш фактор оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады. (МАН 57 бет). Сол себепті оқушылардың басым бөлігі компьютерде жұмыс жасау кезінде қатты қуанғандарын және тәжірибелік жұмыстарға қызығушылығы өте жоғары екенін байқадым. Ақпараттық - коммуникациялық технологияда тапсырманы орындаған кезде менің байқағаным сабақта үндемейтін Қ есімді оқушы тапсырманы жақсы орындап шықты. Соңғы сабақтарымда Қ есімді оқушы компьютермен жұмыс жасағанды жақсы көретіндігін айтып, өз ойын айта алатын, алғыр оқушылардың қатарына қосылды. Менің байқағаным информатика пәніне ер балдардың (ұл бала) қызығушылығы жоғары екенін байқадым.

Келесі сабағымда Компьютердің барлық құрылғыларының суреттерін АКТ -ның көмегімен интерактивті тақтан көрсетіп, әр топқа өздеріне берілген құрылғыларды жинап себетке салады. Жаңа тақырыптың мазмұнын ашу үшін "Себет" әдісі арқылы топтарға тапсырмалар бердім.

I - топ "Ақпаратты шығару құрылғыларын",

II - топ "Ақпаратты енгізу құрылғыларын",

III - топ "Ақпаратты тасу құрылғыларын" - әр топ өзіне берілген тапсырмаға байланысты құрылғыларды өз себеттеріне жинады. Бұл жерде оқушылар құрылғылардың суреттері арқылы, құрылғылар қандай қызмет атқаратынын білді. АКТ-ны қолданған тұстарым **Бөфель** айтқандай АКТ - ны

пайдаланып, талқылау жұмысы бойынша 50 % оқушылардың алған ақпараты есте сақтап қалады.(МАН 31 бет).Осы құрылғыларды атқаратын қызметімен таныса отырып, тәжірибелік жұмыстарды тиімді пайдалана алады.АКТ- ның көмегімен оқушылардың түсіну, бағалау қабілеті арта түсті.

Ақпараттық сауаттылық - бұл сандық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттың орналасқан жерін анықтау, ақпаратты ұймдастыру, түсіну, бағалау және құру қабілеті.(МАН 64 бет).Осы қабілеттерді шыңдау барысында оқушыларға тәжірибелік жұмыстар жасату арқылы олардың техника жағынан сауатты болу, сандық құралдарды пайдалана білу дағдыларын дамыттым.

Сабағымда Ақпараттық - коммуникациялық технологияны тиімді пайдалану сабақтың тиімділігін арттырып, білім беруде табысты болуына оң ықпал етті. Ақпараттық - коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесінде уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Сондықтан оқыту жүйелерінде қолданатын әдіс - тәсілдер, әдістемелер технологиялар жаңарып отырады. Информатика сабағында теория мен практиканы ұштастырамыз. Бұл екеуі бір - бірімен өзара тығыз байланыста болады. Тәжірибелік жұмыс барысында оқушылар теориялық білімдерін шыңдайды. Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң - үйренемін» деп айтқандай , оқушылардың өздеріне тәжірибелік жұмыстарды көптеп жасаттық. Сондықтан да сабақта АКТ пайдалану қажеттілігі туындайды. АКТ - ні тек қана сабақ кезінде емес, сабақтан тыс уақытта да пайдалана біледі. Өйткені ол кез - келген деректерді интернет көздерінен алауымызға мүмкіншілігі бар.Біздің күнделікті сабағымыз АКТ - ны қолдану міндетті, сабағымыз АКТ - мен байланысты. АКТ-ны сабақта қолдану оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттырады, сыни ойлауға, басқалармен ой бөлісуге, өз тәжірибесін шыңдауға көмектеседі. АКТ-ны қолдану нәтижесінде оқушылардың өз бетімен ізденісі, қызығушылығы, белсенділігі, сенімділігі артады. Дарынды және талантты оқушылардың да білімін шыңдауда осы АКТ-ның қосар үлесі мол.

Қорыта айтқанда, сабақта АКТ құралдарын жан-жақты пайдаланып, өзара қатынастарды жақсартып, ата-ана , оқушы, ұстаз байланысын жоғары ұстап шығармашылықпен жұмыс істеу қажет.

Болашақта мен ақпараттық - коммуникациялық технология (АКТ) модулін барлық сабақтарымда пайдаланамын деген тұжырымға келдім.Мен болашақта АКТ модулін пайдалану арқылы толық сабақ жоспарын жасай отырып, оқуды өз бетінше жалғастыра алатын, өзін - өзі реттеу дағдысы қалыптасқан, қазіргі заман талабына сай табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларды пайдалануда құзырлық танытатын, адамдармен тиімді диалог жүргізе отырып, қажетті біліммен қамтамасыз етілген тұлға қалыптастыруды ұйғардым.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. 5 - сынып "Информатика"
2. 6 - сынып "Әдістемелік құрал"
3. "Информатика" журналдары
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Бейсекова Улжан Ауельбековна

**Сарыағаш ауданы, №55 О. Жәутіков атындағы жалпы орта мектебінің
информатика пәні мұғалімі**

Информатика дәуірі басталды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы. Қашықтықтан оқыту формасы бүгінде, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Қашықтықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына қарамастан және еліміздің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда әрбір ұстаз өзінің ізденімпаздық іс-әрекеті арқылы сабақ өткізу формалары мен тәсілдерін күнделікті сабаққа қолданылуына толық мүмкіншілігі бар.

Сабақ өткізуде аса көңіл бөлетін мәселелер:

- Сабақтың мазмұны;
- Оны өткізу тәсілдері мен әдістерін таңдау;
- Сабақтың нәтижелігі.

Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу мен үйрету жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешудің бірден-бір жолы болып табылады.

Бағалау рәсімдері, бағалау тапсырмалары, оларды қалай әзірлеу керек жайлы айта кететін боламын. Бүгінгі таңда педагогтар арасында жалпы бағалау

жүйесі өте күрделі мәселе. Алдымен бізге сұрақ туады бағалау тапсырмаларын әзірлеуде біз қандай нормативтік құжатқа және нұсқаулық әдістемелік құжаттарды басшылыққа аламыз.

Нормативтік және нұсқаулық әдістемелік құжаттар

- Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттары
- Оқу бағдарламасы
- Ұзақ мерзімді жоспар
- Орта мерзімді жоспар
- Қысқа мерзімді жоспар

• 2019- 2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

• «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы (2018 жылдың 14 маусымындағы №272 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)

• «Орта білім беру ұйымдарының жеке санаттағы педагог қызметкерлері жүргізу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы №32 бұйрығы

• Нгізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналан критериялды бағалау бойынша нұсқаулық.

- Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы
- Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

Бағалау критерийі оқу мақсаттарына жету қалай тексерілетінін көрсетеді, яғни, оқушы ОМ жеткенін көрсету үшін нені орындау қажеттігі сипаттайды. Сондықтан БК қолжетімді, ОМ жету деңгейін анықтайтындай өлшемді болуы қажет, яғни, ОМ сәйкес болуы керек және ОМ кең ауқымды қамтымағаны дұрыс. Дегенмен БК мұғалім мен оқушы үшін нақты, анық және түсінікті болуы тиіс. Барлығы қандай да бір нақты әрекет арқылы түсінуі тиіс, оқушы оқу мақсатына жеткенін көрсетуі қажет.

Тапсырма құрастыру кезінде неге сүйену қажет?

- Оқу бағдарламасы және оқу жоспары;
- Спецификация;
- Құрастырылған бағалау критерийлері;
- Кәсіби іс-тәжірибе мұғалімнің шешімі;
- Оқу материалын қамту көлемі мен деңгейі;
- Оқушы деңгейі;
- Оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері.

Өздеріңіз білетіндей қашықтықтан оқытудағы сабақ құрылымы 5 кезеңнен тұрады:

1. Мотивациялық бөлімі
2. Нұсқаулық бөлімі

3. Ақпараттық бөлімі
4. Бағалау бөлімі
5. Коммуникативтік – кеңес беру бөлімі

Осы жерде мен бағалау кезеңіне тоқталғалы отырмын. Бағалау кезінде тапсырмалар екіге бөлінеді:

1. Жабық тапсырмалар – бір дұрыс жауапты таңдайтын, бірнеше дұрыс жауапты таңдайтын, сәйкестікті табу, дұрыс реттілікті анықтауға берілген тапсырмалар жатады.

2. Ашық тапсырмалар- қысқа жауапты қажет ететін, толық жауапты қажет ететін, эссе жазуларды жатқызуымызға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың 7 стратегиясын (Стиггинс, 2004, 42-б.).

Олар сұрақ түрінде берілген үш жағдайды орындайды:

Оқушы оқытудың қай сатысында?

1-стратегия: Оқушыларға нақты және түсінікті көрінетін мақсаттарын ұсыну

2-стратегия: Күшті және әлсіз жұмыстың моделі үлгісін қолдану.

Олар білім алуда неге талпынады?

3-стратегия: Жүйелі сипаттайтын кері байланысты ұсыну.

4-стратегия: Оқушыларды өзін өзі бағалауға және мақсат қоя үйрету.

Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу қажет?

5-стратегия: Сапа аспектісі немесе оқытудың бір мақсатына арналған сабақты әзірлеп жасау.

6-стратегия: Оқушыларды қайталауға үйрету.

7-стратегия: Оқушыларды өзін өзі тексеруге білімдерімен бөлісуге, есебін жүргізуге мүмкіндік беру.

Қашықтықтан оқыту кезінде бағалауды іске асыру жолдарына тоқтала кетсем. Олар:

- Бейнеконференциялар
- аудиоконференциялар
- Ортақ чаттар
- Электрондық пошта
- google disk
- google classroom
- kahoot
- bilimland.kz
- daryn online
- VK
- whatsapp
- facebook

learningapps т.б интернет желісі арқылы жүзеге асырып отырмыз. Мұндағы мақсатымыз оқушыларға сапалы білім қалыптастыру, білімдерін анықтау, деңгейлерін бағалау.

Тәжірибелік бөлім

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушыларға тиімді етіп, қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жоғарыда айта кеткен платформаларды түрліше

қолданып келемін. Оның ішінде қазіргі таңда өз тиімділігін, жұмыс нәтижесін жақсы көрсетіп, сыныпты құрылымдау тапсырмаларын, интерактивтік тапсырмаларды Learning Apps. Org оқыту материалын қолданып келемін. Learning Apps. Org оқыту материалы арқылы жұмыс жасаған кезде оқушылардың деңгейін анықтау, күнделікті қалыптастыру бағалау жүргізіп, оқушылар да өз деңгейлерін көріп отырады.


7-сыныптарда

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: IV-тарау


Сынып:7

Сабақтың тақырыбы	Мәліметтер типтері.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	7.3.3.1 деректердің типін жіктеу.
Сабақтың қсаты	<i>Барлық оқушылар: Деректер типінтерімен танысу</i> <i>Оқушылардың басым бөлігі: Практика жүзінде теориялық білімдерін қолдану.</i> <i>Кейбір оқушылар: Сұрақтарға жауап беріп, талдау жасау.</i>
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> •Деректер типтері туралы мәлімет алады және түсінеді. •Алған теориялық білімдерін практика жүзінде орындай алады •Тақырыпқа байланысты сұрақтарға нақты жауап береді.

Жұбын табу тапсырмасы



Оқушы нәтижесі




Google Forms оқыту материалы арқылы тапсырмалар беріп, оқушы қабілетін анықтау, мониторингтерін көру арқылы бағалау



Аты-жөні

11 ответов



Quizizz.com қашықтықтан жұмыс жасауға өте ыңғайлы платформаның бірі болып табылады.

11-сынып

Тест тапсырмалары арқылы бағалау

Бұл көзілдіріктің алдыға бағытталған екі камерадан тұрады. Камералар бейне жазады және арнайы уақыт режиміне оны сандық деректермен бірге пайдаланушыға көрсетеді. Бұл құрылғы қалай аталады?

Виртуалды шындық көзілдірігі

Аралас шындық көзілдірігі

Кеңейтілген шындық көзілдірігі

Бұл көзілдіріктің алдыға бағытталған екі камерадан тұрады. Камералар бейне жазады және арнайы уақыт режиміне оны сандық деректермен бірге пайдаланушыға көрсетеді. Бұл құрылғы қалай аталады?


Виртуалды шындық
көзілдірігі

Кеңейтілген шындық
көзілдірігі


НЕКОРРЕКТНЫЙ

НӘТИЖЕ

Liveworksheets интерактивті жұмыс парағын құру арқылы тапсырмалар өте қызықты құрылады, осы платформа арқылы да оқушылар өз белсенділіктерін көрсетуде.



Ливерворкшитс беті



Сәйкестендіру тапсырмасы

Педагог білім беру іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін, формаларын жүзеге асыратын кәсіп иесі. Сондықтан білім берудегі барлық оңды өзгерістер педагогтың жаңаша ойлау тәсілімен, жаңа шығармашылық іс-әрекеттерімен, өзіне және шәкіртіне деген жаңа қатынасымен тікелей байланысты болмақ.

Тоқсан ауыз сөзің тобықтай түйіні баяндамамды ағылшын ағартушысы У.Уордтың мына сөзімен аяқтаймын: «Жәй мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады», шәкірт даярлауда мәңгі нұрдың қызметшісі, тынымсыз лаулаған жалын иесі – ұстаз. Еңбегі ерен, әрі өлшеусіз. Әріптестеріме шығармашылық өрлеу тілеймін!

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Асембеков Рахымжан Аутубекұлы

**Бәйдібек ауданы, Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінің
информатика пән мұғалімі**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары IV тоқсанда қашықтықтан білім алуда.

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бір іретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы ба: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өзбетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Оқушыларды қашықтықтан оқытуда оқытудың айырмашылықтары мен тиімді жақтары.

- Оқушы жаңашылдыққа бейімделуде;
- Оқушы оқу процесіне белсенділік танытуда;
- Танымдық қызығушылықтары артуда;
- Кері байланыс орнатады және икемдеп отырады;

Қашықтықтан оқытудың тиімді жақтары. **Біріншіден**, теледидар арқылы сабақ өткізу. Бұл – тіптен жаңа формат. “Балапан” және “Ел Арна” телеарналары бізге өздерінің эфирлік уақытын ұсынды.

Екіншіден, арнайы мамандандырылған интернет-платформалары арқылы өткізілетін сабақтар. Бұл цифрлық жүйелер оқушыларға өткен сабақты немесе бұрын талқыланған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақ онлайн-сабақ өткізуге, кері байланыс орнатуға, жеке дара оқыту мен тапсырмаларды геймификациялауға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл формат тестілеу жұмыстарын өткізуге және алған білімдерін бағалауға мүмкіндік жасайды. Бұрын мұндай компаниялардың білім беру контентіне қол жеткізу ақылы болса, осы кезеңде біздің балалар барлық керек ақпаратты және платформаларды тегін пайдалана алады.

Үй жағдайында тиімді жұмыс істеу қағидалары: қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар:

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар мұғалімнің жұмысы мен оның оқушылармен және әріптестерімен онлайн түріндегі қарым-қатынасын дұрыс құруға көмектеседі. Үйде тиімді жұмыс істеу уақыт пен міндеттерді дұрыс бөлген кезде мүмкін болмақ. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері қашықтықтан жұмыс істеуде уақытты дұрыс ұйымдастырудан бастап, жабдықты орнатуға дейінгі бір қатар қиындықтар болуы мүмкін. Егер IT-технологияларға және қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктеріне байланысты мәселелер дұрыс шешілсе, онда қашықтықтан жұмыс кедергілерсіз өтеді.

Информатика пәнін қашықтықтан оқытудағы тиімділіктері

Қазіргі пандемия жағдайына байланысты көп жерлерде қашықтықтан оқыту жүйесі болып жатыр. Дегенмен де, бұндай жағдай туындады екен деп қол қусырып отырмадық. Қашықтықтан білім беру саласында жұмыс істейтін “Bilimland”, “Daryn.online”, “Күнделік”, “Univer”, “Zoom”, “U-study” бағдарламалар ұсынылды. Мен информатика пәнінің мұғалімі қашықтықтан сабақ өткізу кезінде барлық бағдарламаларға талдау жүргіздім және ыңғайлы, қолайлы болғаны өзімнің жеке жұмыс жасап үйренуіме ұтымды – “Onlinemekter” бағдарламасы. Onlinemekter білім беру платформасы арқылы информатика пәнін оқыту өте қолайлы болды. Платформада әр тақырып жеке түсіндіріліп тесттік, сәйкестендіру, орнына қою тапсырмалары кеңінен қарастырылған. Оқушы сабақ кестеміне сай пәндерге кіріп, тапсырманы орындап дер кезінде өзінің жинаған ұпайын және қателескен сұрақтарының жауабын біле алады.

Сонымен қатар, мынадай карантиндегі күрделі жағдайда мен өзімнің ғана емес, оқушыларымның да көңіл-күйі көтеріңкі болуына әсер ететін логикалық тапсырмалар мен жұмбақтарды whatsapp арқылы ортақ чатқа жіберіп отырамын. Бұл қашықтықтан оқыту жүйесінде telegram бағдарламасы мен whatsapp пайдаланамын. Ал ZOOM бағдарламасы балалармен онлайн сабақты жүзбе-жүз экран алдында кездесу арқылы жүзеге асырылатынын білемін. Дегенмен ата – аналарымның шешімі ватсап болғандықтан осылай болды. Алайда, қашықтықтан оқытудың кейбір пәндерге кедергі болатын кезі де болады. Мысалы, информатика пәнін қашықтықтан оқытуда негізгі кедергі:

информатика пәні практикалық тапсырмалары көп болғандықтан оқушылардың орындауларына кедергі туғызады, себебі әр оқушы компьютермен қамтамасыз етілмеген. Қашықтықтан оқыту біздің елімізде кең таралуы жайлы айту әлі ертерек, толыққанды айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құраладр болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы тиіс., бізде ол жағы әлі әлсіздеу.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің басты артықшылығының бірі – уақытты үнемдей алатын болдым. Осы үнемдеген уақытымды өзімнің кәсіби деңгейім мен шеберлігімді арттыруға жұмсаймын. Сабақтың қызықты болуына көңіл аударамын. Сабақтың тақырыбына қарай қосымша тың мәліметтерді таныстырып, оқушылардың қызығушылығын оятуға және пікір алмасу, пікір таластар ұйымдастыру арқылы олардың белсенділігін арттыруға тырысамын.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады. “Ел басына күнтуса, ер етігімен су кешер” деген сөз бекерге айтылмаса керек. Осы қиын-қыстау кезеңінде “Бізбіргеміз!”, ”Бізүйдеміз!” деп бір-бірімізге бірауыздан қолдау көрсетіп келеміз. Өзінің ісімен, өзінің сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін қорғайтын, білімді ұрпақтың тәлімгері біздерге, яғни ұстаздарға қашықтықтан оқыту атты үлкен жауапты іс жүктелді. Республикамызда білім берудің қашықтықтан оқыту жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.

Пайдаланылған әдебиет

1. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж
2. Журнал «Білімшыңы» № 1 – 2021 ж

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ICLS ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Ургешбаева Лаззат Акбердиевна
Келес ауданы, №10 Игілік жалпы орта мектебінің
информатика пәні мұғалімі

«Білім алу – батылдық,
оны толықтыру – даналық,
шебер қолдана білу – өнер.

Қазақстан 2018 жылы оқушылардың ІТ-құзыреттері деңгейін бағалайтын ICILS халықаралық зерттеуіне қатысады. IEA және ҚР БҒМ арасындағы Келісіммен зерттеудің Ұлттық үйлестірушісі «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ тағайындалды. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адам қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі – бүгінгі күн талабы.

Оқушылардың АКТ-құзыреттері ХХІ ғасырда тұлғаның табысқа қол жеткізу үшін ЭЫДҰ-мен базалық дағды ретінде тағайындалған. Сандық технологияларды енгізу адамнан тек түрлі бағдарламалық қосымшалармен жұмыс істеу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар ақпаратты пайдаланудың белгілі бір мәдениет деңгейін талап етеді. Жапониядағы Ұлттық Мультимедия институты жүргізген зерттеудің нәтижелері, оқушылардың ІТ-дағдыларының бар болуы, олардың математика және гуманитарлық ғылымдар бойынша үлгеріміне оң әсер ететінін дәлелдеді. Қазақстанда оқушылардың ІТ-дағдылары ешқашан ұлттық және халықаралық деңгейде бағаланған жоқ. Сондықтан, қазақстандық оқушылардың компьютерлік және ақпараттық сауаттылығының қалыптасу деңгейі туралы түсінік жоқ. Осындай бірегей мүмкіндікті Оқушылардың білім жетістігін бағалау жөніндегі Халықаралық Қауымдастық ІЕА (International Association for the Evaluation of Educational Achievement) ұсынып отыр. ICILS (International Computer and Information Literacy Study) зерттеуі әр бес жыл сайын жүргізіледі. Қазақстан 2018 жылы ICILS зерттеуіне алғаш рет қатысады. ICILS халықаралық тесті 8-сынып оқушылардың басқа елдегі олардың құрдастарымен салыстырғандағы ІТ-құзыреттері деңгейін шынайы бағалауға мүмкіндік береді. Педагогикалық қауымдастық электрондық оқытудың үздік технологияларына қол жеткізе алады. Оқу бағдарламаларын жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу ұсыныстары әзірленетін болады. Бұл ІТ-білімнің белсенді дамуына ықпал етіп, халықтың ақпараттық сауаттылық деңгейі бойынша мультипликативтік әсерді қамтамасыз ететін болады.

ICILS Халықсаралық салыстырмалы зерттеуі жайлы

ICILS - бүкіл әлемдегі оқушылардың сандық құзыреттілігінің алғашқы және баламасыз зерттеуі. Алғаш рет 3373 қазақстандық оқушы мен 2630 мұғалім зерттеудің екінші циклі - ICILS-2018-ге қатысты. Жалпы, ICILS-2018 зерттеуіне әлемнің 14 мемлекетінен 46 мыңнан астам оқушы мен 26 мыңнан астам мұғалім қатысты.

Көшбасшылар үштігіне Дания (553), Оңтүстік Корея (542) және Финляндия (531) елдері кірді. Бұл елдерде ICILS 2013 нәтижелерінен кейін АКТ-ға қатысты білім беру реформалары қабылдан болатын.

Қазақстандық оқушылардың ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеуге қатысу деңгейі. ІЕА компьютерлік және ақпараттық сауаттылықтың ICILS-2018 халықаралық зерттеуінің нәтижелерін жариялады. Ал қазақстандық оқушылар компьютерлік сауаттылықты меңгерген бе? Зерттеумен Қазақстанның барлық өңірлері қамтылғанын ескере отырып, ICILS-2018 нәтижелері бүкіл ел деңгейіндегі сегізінші сынып оқушыларының компьютерлік сауаттылығы бойынша толық мәлімет алуға мүмкіндік береді:

Қазақстандық оқушылардың 33%-ы компьютерлік және ақпараттық сауаттылықтың (бұдан әрі - КАС) ең төменгі деңгейіне де жете алған жоқ. Олардың КАС бойынша орташа ұпайы 395-ті құрады, бұл ICILS халықаралық орташа деңгейінен (496) 101 ұпайға төмен. КАС-тың ең төменгі деңгейіне қажетті ұпай саны - 407.

14 мемлекеттің ішінде Қазақстанның нәтижелері ең төмен болды. Сегізінші сынып оқушыларының тек 1% -ы ғана КАС-тың ең жоғары деңгейіне жетті (661 ұпайдан бастап).

Қазақстанның нәтижелерінде мектеп түріне, оқыту тіліне және орналасқан жеріне (қала/ауыл) байланысты статистикалық тұрғыда маңызды айырмашылық бар. Осылайша, білім беру нәтижелерінің теңсіздігі мәселесі қазақстандық балалардың компьютерлік сауаттылығына да өз әсерін тигізді.

ICILS-2013 нәтижелері «сандық балалар» ұрпағы ерте жастан АКТ-ны қолдануға байланысты сандық сауаттылыққа ие деген аңызды толығымен жоққа шығарды. Барлық қатысушылардың 2%-ы ғана компьютерлік сауаттылықтың жоғары деңгейін көрсетті. АКТ-ны белсенді пайдалану сандық құзыреттілікті дамыту үшін жеткіліксіз екені және бұл мәселеде мектепте білім беру де шет қала алмайтыны анық болды.

Нұр Сұлтан уақыты бойынша 21.00-де Вашингтондағы Карнеги ғылым институтында есептің ресми тұсаукесері өтеді. Аталған іс-шараның онлайн-трансляциясы IEA ресми сайтында: <https://www.iea.nl/news-events/events/release-icils-2018-results> сілтемесі бойынша қол жетімді.

Қазақстан нәтижелерінің егжей-тегжейлі талдауы ICILS-2018 Ұлттық есебінде көрсетіледі және 2020 жылдың бірінші жартысында жарияланатын болады.

Зерттеуге барлығы 12 мемлекет және Ресей мен Германияның екі жеке аймағынан 14 білім беру жүйесі қатысты. ICILS нәтижелерін жариялаудың халықаралық үлгісін сақтау мақсатында берілген жаңалықта «білім беру жүйесі» орнына «мемлекет» атауы қолданылуда.

Мектеп оқушыларына халықаралық салыстырмалық зерттеулерге ICILS дайындаудың тиімді жолдары. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру. Негізінен жаңартылған білім берудің маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топпен жұмыс жасай білу, функциональды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану болып табылады.

Мұны қалай жүзеге асыру керек деген сұрақ туындайды. Халықаралық салыстырмалы зерттеулер ICILS дайындаудың тиімді жолдарын қарастырдым.

Зерттеу құралдары

Оқушыларға арналған компьютерлік тестілеу және сауалнама

Мұғалімдерге, директорларға және АКТ-үйлестірушілеріне арналған сауалнама

Ақпаратты жинау және өңдеу дағдылары

- Компьютерді пайдалану қандағтарын түсіну
- Ақпаратты алу және оны бағалау
- Ақпаратты басқару

Ақпаратты жасау алу және алмасу

- Ақпаратты түрлендіру
- Ақпаратты шығару
- Ақпаратпен алмасу

Оқушыларға арналған компьютерлік тестілеу және сауалнама

- Тестілеу
 - Жаттығу тапсырмалары
 - Әрқайсысы 30 минуттан 2 тестік модуль
- Тестік модуль
 - 5-8 сұрақтардан тұратын тестік жаттығулар жүйесі
- 26 сұрақтан тұратын сауалнама
 - Сіз компьютерді қаншалықты пайдаланасыз?
 - Сіз өзіндік АКТ-дағдыларыңызды қалай қолданасыз?

Мұғалімдерге, директорларға және АКТ-үйлестірушілеріне арналған сауалнама

Мұғалімдер	АКТ-үйлестірушілері	Директорлар
18 сұрақ	13 сұрақ	20 сұрақ
30 минут	15 минут	20 минут
ДК қолдану, АКТ-дағдыларының өзіндік бағалау	Инфрақұрылым, техникадау	Мектептегі АКТ туралы жалпы ақпарат



ICILS-2018
Компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы халықаралық зерттеуі

ICILS-2013 зерттеуінің нәтижесі

Ең төмен балл - 361

Ең жоғарғы балл - 553

21 қатысушы ел: Австралия, Аргентина, Германия, Гонконг, Дания, Оңтүстік Корея, Литва, Нидерланды, Норвегия, Канада, Польша, Ресей, Словакия, Словения, Финляндия, Түркия, Хорватия, Чех Республикасы, Чехия, Швейцария.

Тәжірибе мәлісі сұрақтарына жауап беруға нәтижесі:

- 8-сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылық деңгейі күмәнсіз
- Бақылауыңың ИТ-құрылғыне мәсеттік: білім қалай әсер етеді?
- Бақылауыңың ИТ-құрылғының өмірне қандай факторлар әсер етеді?

Тәжірибе мәлісі сұрақтарына жауап беруға нәтижесі:

- Қазақстандық білімнің басқару қабілеттілігін тауау ала қала қала қарам бағалау
- Әлемдік білім беру жүйесіне қаш бақшыларның үзілік тажірибесін және практикасын пайдалану
- Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жаңарту

ICILS-2013 зерттеуінің нәтижелері мыналарды көрсетті:

- Оқушылардың 17%-ы төрт деңгейлі АКТ-сауаттылығының 1-ші деңгейіне жетпейді
- Тек 25%-ы ғана АКТ-сауаттылығының ең жоғарғы деңгейін көрсетті
- АКТ-сауаттылығы деңгейі ұлдарға қарағанда қыздарда жоғары
- Оқушылардың 36%-ы компьютерді 7 жылдан астам қолданады
- Оқушылар АКТ-ны мектепке қарағанда үйде көбірек пайдаланады
- Мұғалімдер оқу процесінде АКТ-ны өздерінің ИТ-дағдыларына сенімді болған кезде ғана пайдаланады
- Мұғалімдердің тек тек жартысы өздері сенімді АКТ қолданушылар ретінде санады

ICILS testi

Тапсырмалар тек компьютерде ғана орындалады

Нақты пәнаралық мәнмәтіндегі жағдайтар қолданылады

Техникалық және бағалау дағдыларын кешенді қолдану талап етіледі

Ақпаратты пайдаланудың әдеби мен қауіпсіздігі мәселелері қарастырылады



Оқушылардың ИТ-құзыреттері ICILS халықаралық зерттеуі. ICILS тұжырымдамалық моделі Дереккөз: IEA халықаралық есебі «Сандық ғасырдағы өмірге дайындау: ICILS компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы халықаралық зерттеу», 2013 жыл ICILS зерттеуінің моделі оқушылардың ИТ-дағдыларын бағалаудың жаңа тәсілдерін ғана анықтамайды, сонымен бірге, алынған мәліметтердің талдауына басты назар аударады. Зерттеудің

айтарлықтай ақпараттық мәліметтері басқару шешімдерін қабылдаудың негізі болуы мүмкін.

ICILS тесті 5 модульден тұрады. Бұл ретте бағдарлама қатысушыларға тек екі модульді орындауды ұсынады. Әрбір модуль бірнеше тапсырмалары бар бір тақырыптық бағытқа ие (7-8 сұрақтар). Тапсырмалар екі типке бөлінген. Біріншісі – жауапты таңдайтын күрделі емес тапсырмаларды орындауды көздейді. Екінші типтің тапсырмаларын орындау барысында қатысушы жарнамалық постерлерді, буклеттерді, слайдтарды және бейне-презентацияларды, мәтіндерді өңдеу арқылы бағдарламалық қосымшаларды пайдалану дағдыларын көрсетуі тиіс. Тест қатаң түрде белгілі бір ретпен орындалуы қажет (сызықтық құрылым). Бір тест модулін орындауға 30 минут уақыт беріледі.

Оқушыға арналған сауалнама 20 минуттық оқушыға арналған сауалнама тестілеуден кейін электронды түрде ұсынылады. Сауалнама 26 сұрақтан құралған. Ол жеке мәліметтер (жасы және жынысы, жоспарлап отырған білім деңгейі, жанұның білім ресурстары, жанұяда сөйлеу тілі және т.б.). Мектепте және мектептен тыс және компьютерлік технологияларды қолдануға, оның қатынастарды иелену мәселелері қарастырылады. Мұғалім сауалнамасы онлайн режимінде өтеді. Сауалнама 16 сұрақты қамтиды. Зерттелетін сыныптың мұғалімдері педагогикалық қызметтерінде АКТ технологияларын пайдалану және компьютерлі сауаттылығын өзін-өзі бағалау туралы сұрақтарына жауап береді. Сауалнама көмегімен мектептегі оқыту процесінің сипаттамасы анықталады. Сауалнаманы толтыруға 30 минут уақыт беріледі. Мектеп директорына арналған сауалнама 16 сұрақты, мектептің сипаттамасы, мектептегі оқыту процесінде АКТ қолдану саясаты және білім берудің және оқытудың АКТ пайдалану мұғалімдердің кәсіби дамуы туралы сұрақтарды қамтиды. АКТ-үйлестірушісіне арналған онлайн сауалнамасы 13 сұрақты құрайды және компьютерлік инфрақұрылымды, оқыту процесінде қолдануда мұғалімдерге көрсетілетін техникалық және педагогикалық қолдау туралы сұрақтарды қамтиды. Сауалнама 15 минуттың ішінде толтырылады. Ұлттық мәнмәтін туралы сауалнама зерттеуге қатысу елдердің білім жүйесі туралы ақпаратты қарастырады. Білім беру саясаты және бастамалары, инфрақұрылым ресурстары және педагогтардың тәжірибелік ІТ-құзыреті деңгейі туралы ақпаратты сұрастырады. Оқушылардың ІТ-құзыреттері ICILS халықаралық зерттеуі ~ 14 ~ Ұлттық шолу ақпараты ICILS зерттеуінің Энциклопедиясында қолданылатын болады және ICILS-2018 халықаралық есебінде жеке тарауда көрсетіледі. Ұлттық мәнмәтіндік шолу зерттеуге қатысушылардың білім беру жетістіктерінің деңгейінің тәжірибесі және білім берудегі ІТ-саясаты ықпалын мәліметтерді факторлық талдау жасауда қолданылатын болады. 1.3 Тестілеуді жүргізу Мектептегі кабинеттерді таңдау зерттеуге бір күн қалған уақытта мектеп және ұлттық үйлестірушімен келісуі тиіс. ICILS зерттеуіне қатысушы мектептердің 20 оқушыны тестілеу үшін жеткілікті компьютерлік құрылғылары бар болуы тиіс. ICILS тестін бағдарламалық қамтамасыз ету ендірілген веб-сервері бар, демек, компьютерлерге қойылатын талаптар аса жоғары емес. Компьютерлер ең азы 2 Гб ОЗУ болуы қажет, орталық процессор 1500 МГц, кем дегенде жылдамдығы 9 МБ/с мәліметтерді жіберу бір USB 2.0 порт қызмет

жасайтын, 1024x768 пиксел экранды монитор және бейне карталы компьютер болуы керек. ICILS зерттеуінде аудиотехника қолданылмайды. ICILS бағдарламалық қамтамасыз етуі кезкелген ОС Windows: Windows XP SP3 / Windows Vista / Windows 7 / Windows 8 / Windows 10 жұмыс жасайды. Кестеде ICILS тестілеуді өткізу уақыты көрсетілген

Тесттік сессияларын өткізу уақыты Іс-шаралар Ұзақтығы Оқушыларды тестке дайындау, нұсқаулық және жаттығу тапсырмаларын орындау 20 минут Оқушыларға тестілеу жүргізу – бірінші модуль 30 минут Үзіліс 5 минут Оқушыларға тестілеу жүргізу – екінші модуль 30 минут Үзіліс 5 минут Оқушының сауалнама толтыруы 20 минут USB флешкаларын жинау 5 минут Барлығы 115 минут Дереккөз: IEA халықаралық есебі «Сандық ғасырдағы өмірге дайындау: ICILS компьютерлік және ақпараттық сауаттылығы халықаралық зерттеу», 2013 жыл 1 кезең. Тесттік бағдарламаны орнату Сыныпқа оқушылардан бұрын, тест жүргізуші кіреді. Машина USBдискісінен орындалатын файлдарды іске қосуға мүмкіндік беретін есептік жазбасы арқылы жүйеге тиесілі компьютерлер дайындығын тексеру. Көптеген мектепте тестілеу уақытында қолдану үшін «ICILS тестілеу» есеп жазбасы құрылуы мүмкін. Әр бір компьютер үшін тек тест жүргізушіге ғана белгілі паролі бар бір USB-дискі қолданылатын болады. 'ICILS.exe' файлын басу арқылы бағдарлама іске қосылады және ICILS бағдарламалық қамтамасыз етудің басты беті ашылады.

Оқушылар тестілеуді аяқтап сыныптан шыққаннан соң, тест жүргізуші тестілеуді аяқтау рәсімін жүзеге асырады. Егер компьютерлер интернетке қосылған болса, онда ICILS мәліметтері әр бір компьютерден бағдарламалармен қамтамасыз етуден шықпай, халықаралық үйлестірушінің серверіне жүктеу. Мәліметтерді жүктеу үшін ICILS бағдарламалармен қамтамасыз етудің басты мәзірінің басты бетіндегі «Мәліметтерді жүктеу» опциясын таңдау керек және «Жүктеу» батырмасын басу қажет(1.3.7 сурет). Жүктеу автоматты түрде басталады және деректер бірден серверге жүктеледі.

Қорыта айтқанда, оқушылардың тестті орындаудағы балдық шкала зерттеуде алынған нәтижелерді мазмұнды түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл деңгейлер зерттеуде берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың АКТ-құзыреттерінің күрделілігі бойынша сипаттайды. Деңгейлердің анық критерийлері жекеленген топтардың нақты тапсырмаларын сипаттай отырып оқушылардың нәтижелерін статистикалық тұрғыдан үлестіруге мүмкіндік береді

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Қазақстан Республикасы жаңартылған білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана 2016ж.
2. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана 2016ж.
- 3.Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерлік желілер. Тораптары, технологиясы, протоколы. Оқулық. – Санкт-Петербург, Питер, 2001.
- 4.Щербо В.К. Есептеу желісі. – М.: Кудиц – Образ, 2000
5. 802.11 стандартының сымсыз байланыстағы жергілікті желінің негізі 802.11 стандартының ЛВС сымсыз байланысының өндірілуі мен

- қолдануы, зерттеу барысында практикалық басқаруы / Педжман Рошан, Джонатан Лиэри. – М.: Cisco Press Ағылшын тілінен аудармасы Баспа үйі Вильямс, 2004
6. Сымсыз желінің анатомиясы / Сергей Пахомов. – Компьютер-Пресс, №7, 2002
7. Сымсыз желі. Алғашқы қадам / Джим Гейер. – М.: Баспа: Вильямс, 2005
8. Сымсыз байланыс технологиясының құпиясы / Джек Маккалоу. – М.: ИТ-Пресс, 2005;

ҮШТІЛДІЛІК-БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ

Ажибекова Жансая Давлетяровна
Келес ауданы, «№ 44 Сырдария» жалпы орта мектебінің
информатика пән мұғалімі

«Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы»
А. Байтұрсынов

Қазіргі жаһандану заманында білім берудің жаңа стратегиясы қалыптасты. Тілді білу-заман талабы. Осы мақсатта, қазіргі мектептерде ана тілімен қосып, орыс және әлемдік тіл ағылшын тілдерін үйрету мақсатында үштілді оқыту қалыптасты. Үштілді білім беру шын мәнінде, болашақ ұрпақтың тілді меңгеруіне, сонымен қоса, жан-жақты шығармашыл жас ұрпақ қалыптастыруға үлкен септігі тиері анық. Үштілді меңгерту мақсатында, қазіргі таңда бастауыш сыныптан бастап, жоғарғы сынып оқушыларының бағдарламаларына енгізілген.

Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілетін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. Елдің әлеуметтік – экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру.

Осы мақсаттарға сай міндеттер қойылды. Сол міндеттердің бірі «Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету» міндетін қашықтықтан оқыту жағдайында орындау өте тиімді деп ойлаймын.

Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай «Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру қажет» [1.1-б]. Оқушыларға қазіргі кезде, үштілді білім беру мақсатында көптеген жағдайлар жасалған. Атап айтсақ, арнайы видеоматериалдар, ғаламтордан алынған мәліметтер т.б инновациялық технологиялар қолданылады.

Үштілді оқыту- бүгінгі жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің түрлі ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік [2]. Үштілді оқыту үшін

соңғы жылдары арнайы «Үш тұғырлы тіл» деген стратегия жүзеге асырылуда. Бұл стратегияның басты мақсаты халықты, әсіресе жастарды, үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай туғызу.

Тілді оқыту барысында арнайы бір әдіс-тәсілдер қолданылады. Ол әдіс-тәсілдер оқушыны пәнге қызықтыру, тілді меңгеруге бейімдеуге мүмкіндік туғызады. Оқушылардың тілге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында әдістердің қолданылуы төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс:

1. Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет.
2. Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болуы керек.
3. Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек.
4. Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек;
5. Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек;
6. Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет [1. 3-б].

Тілді білу көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Инновациялық-технологиялардың өзі қазіргі таңда үштілді білудің қажеттілігін көрсетеді. Үштілді білу арқылы болашағы бар жұмысқа орналасу, халықаралық білім беру кеңістігіне шығуға мол мүмкіндік ашылады. Үштілді білім ала отырып, мемлекет алдағы басқа мемлекеттермен терезесі тең түсері анық. Міне, сол себепті де үштілді білім беруге үлкен басымдылық беріліп отыр.

Үштілді оқытудың негізгі нысаны ретінде мұғалімдерді айта аламыз. Себебі, оқушыға білім беру үшін мұғалімнің өзі, ең алдымен үштілді оқытудың әдістемелері мен маңызын білуі қажет. Осы ретте, мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру мақсатында, арнайы жобалар жүзеге асырылуда. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту аясында ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған курс барысында CLIL (Пән мен тілді кіріктіріп оқыту) әдістемесі басты назарда болып, пән мұғалімдерінің өз тәжірибесінде осы әдістемені кеңінен қолдануына бағдар жасалған. 2016 жылдан 2018 жылға дейін жаңартылған бағдарлама бойынша 2250 мұғалім курстан өтіп, курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсетілуде. Осы мақсатта институт қызметкерлері жоспарға сәйкес онлайн және оффлайн режимде түрлі семинарлар, шебер-сыныптар өткізуде [3]. Бұл өткізіліп жатқан жұмыстардың барлығы дерлік, мұғалімдердің білімдері мен біліктіліктерін арттыру мақсатында, қазіргі заманға сай жаңа технологияларды пайдала отырып, білім берудің дәстүрлі түрінен жаңа заманауи түріне көшуді, сол арқылы білім беру сапасын арттыру басты мақсат ретінде көзделген.

Тілді оқыту барысында, тек материалдық қана жағдайдың жасалуы жеткіліксіз. Оқушыға материалдық жағдайлардың жасалуымен қоса, моральдық, психологиялық жағдай жасалу маңызды. Оқушының барлығы

дерлік тілді меңгеруге қабілетсіз. Көбінесе, тілді меңгеру барысында, тілді тез меңгеретін бастауыш сынып оқушылары болып есептеледі. Себебі, бұл жастағы балалардың есте сақтау қабілеті, бейімділігі жоғары болады, әрі бұл жастағы балалар әлі толық қалыптаспаған ойын балалары болып есептеледі. Мұғалімнің сабақ беру әдісінде, оқушының психологиялық жағдайлары мен есте сақтау қабілеттерін, тілге деген бейіміне қарап, оқушыны ынталандыру, тілді меңгерту барысында, әртүрлі көрнекілік құралдарды пайдалана отырып, сабақты қызықты өткізу маңызды болып есептеледі.

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде әлемдік тіл болып табылатын ағылшын тілінде жаратылыстану бағытындағы пәндер өткізіліп жүр. Атап айтсақ, «Биология», «Химия», «Физика», «Информатика». Бұл пәндердің барлығының дерлік құрамы мен зерттеу нысаны, пәннің мақсаты өзгерген жоқ. Өзгерген тек қана тіл. Бұрынғыдай мемлекеттік тіл қазақ тілінде емес, әлемдік тіл болып есептелетін ағылшын тілінде өтіледі. Терминдер мен әртүрлі пәнге қатысты ұғымдардың барлығы ағылшын тілінде аударылып пәнге сай етіп жасалған. Бұл пәндерді ағылшын тілінде оқытудың мақсаты етіліп, оқушының сол пәнді игере отырып, тілді меңгеруі, әрі оқушының зерттеушілік қабілетін арттыру, ғылыми жұмыстармен айналысу болып отыр.

Пәнді ағылшын және орыс тілінде оқыту барысында арнайы сапалы кітаптардың болуы маңызды. Осы ретте, қазіргі таңда кітаптардың сапасы сын көтермейтінін айта кеткен жөн. Ағылшын және орыс тілінде оқытылатын кітаптар көбінесе шет ел авторларының қазақшаға аударылған нұсқасы. Қазақшаға аударылған кезде, сөздер тура мағынасында аударылып, небір орфографиялық қателіктер болып жатады.

Жыл сайын үштілді бағдарламаның нәтижесін білу мақсатында арнайы мониторингтер жүргізіліп жатады. Бұл мониторинг барысында орта мектептердегі оқушылардан сауалнама мен тест алынды. Нәтижесінде орта есеппен ең нашар шепті қазақ тілі (15,8%), орташасын –орыс тілі (16,9%), жоғарғысын –ағылшын тілі (18,1%) алатынын атап көрсетуге болады [4]. Әрине, бұл нәтиже көңіл қуантарлық болмады. Үштілді бірдей меңгере отырып, мемлекеттік тіл, ана тіліміз қазақ тілін меңгертуге басымдық көрсетілмегені шыққан мониторинг нәтижесінен көре аламыз.

Жоғарыда аталып кеткен, мәселе бойынша ана тілін меңгерту ең бірінші кезектегі білім беруді көтерудің өзегі деп үштілді білім беруді қолдамайтын пікірлер де жетерлік. Елімізде «үштілділік» деп үш тілді өз бетінше оқытуды түсіну басым. Бұл дұрыс емес. Өйткені үштілділік деген – біртарапты тілдік құбылыс, ал үш тілді өз бетінше оқыту – әр тарапты тілдік құбылыс. Үштілділік құбылысы бір тілге негізделеді, мысалы, қазақ-орыс-ағылшын үштілділіктің негізгі сыңары – Қазақстан Республикасының мемлекеттік мәртебелі тілі. Егер қазақ-орыс-ағылшын үштілділігінің негізгі сыңары халықаралық тілдердің бірі болса, қазақ тілі қолданыстан шығып қалуы әбден мүмкін [5]. Мұндай пікірлерді жоққа шығаруға болмас. Қазіргі жаһандану заманында үштілділікті оқыту барысында негізгі басымдылықты ана тіліне, қазақ тіліне беру арқылы өзге тілдерді меңгерте аламыз. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп бекер айтылмаса керек.

Сөз соңында, «үштілділік»бағдарламасы бойынша, орыс тілін білу тарихи біздің артықшылығымыз болып есептелсе, ағылшын тілін білу, жастарға әлемді танудың кілті, ал қазақ тілін білу міндет болып табылады. Себебі, қазақ тілі бұл болашақтың тілі, біздің мемлекеттік ана тіліміз. Басты басымдылық біздің тіліміз, ана тіліміз қазақ тіліне беріліп отыр. Келер ұрпақтың өз тілін біле отырып, басқа тілді меңгеруі келер ұрпақтың жан-жақты, білімді азамат болып қалыптасуының басты кепілі. Үштілділік мәдениетіміздің жаһан сахнасына шығуына, дініміздің, діліміздің жер бетіне таралып, елімізді танытуында үлкен рөл атқарары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нусипкожа А.Е, Токтасынова А. Т. Жаңартылған білім беру жағдайында ағылшын тілін оқытудың өзекті мәселелері. –Алматы. 2018.
2. Үштілділік білім беру мазмұнын жаңарту аясында//<https://bilimainasy.kz/>
3. Шойманова М.Б. Медетова Л.С. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесі. – Алматы. 2018
4. Қазақстанда үштілді білім беру жағдайы. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. –Астана. 2016
5. Хасанұлы Б. Шаханова Р. Н.Оралбайдың сөзжасам туралы еңбектері-қазақ үштілділігін дамытудың контрастивтік лингвистикалық қайнар көзі. –Алматы. 2018

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Керимбаев Аманжол Алданиязович

Келес ауданы, №47 Д.Қонаев атындағы жалпы орта мектебінің информатика пән мұғалімі.

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету керек. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді.

Қашықтықтан оқытуды күндізгі және сырттай оқу сияқты классикалық оқыту түрлерінен айыру керек. Қашықтықтан оқыту оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формаларына ие, оны жүзеге асырудың әр түрлі әдістері, студенттердің, сонымен қатар студенттер мен мұғалімдердің өзара әрекеттесу формалары түбегейлі ерекшеленеді. Алайда, білім берудің классикалық формалары сияқты қашықтықтан оқыту мақсаты, мазмұны, міндеттері, іске асыру формалары мен оқу құралдарының болуымен сипатталатынын түсіну керек. Осыған сүйене отырып, біз қашықтықтан оқытуды жалпы білім беру

жүйесінде өмір бойы білім берудің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек деген қорытынды жасауға болады.

Елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты білім беру саласында үлкен өзгерістер орын алуда. Осыған орай, дәстүрлі білім беру жүйесінен жаңа форматта жұмыс жасауға көшу қажеттілігі туындады. Барша ұстаздар қауымының алдына жаңа мақсат-міндеттер қойылды.

Білім беру ұйымы құрылымындағы әр сала қашықтан оқыту режимінде нәтижелі де, сапалы жұмыс жүргізуі үшін арнайы циклограмма жасалды. Сонымен қатар, ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер тарапынан кездескен қиындықтарды дер кезінде шешу үшін жұмыс штабы құрылды.

Ең алдымен, мұғалімдердің ақпараттық құзыреттіліктерін дамыту үшін онлайн курстар, вебинарлар ұйымдастырылды. Педагогтерге өз пәні бойынша білім контентін жасауда үнемі әдістемелік нұсқаулықтар, ұсыныстар, кері байланыс беріліп келеді.

Әдістемелік өзара көмек көрсету барысында гимназиямыздағы көшбасшы мұғалімдерден құрылған команданың жұмысы айтулы үлес қосты. Барлық пән мұғалімдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан келіп отырған нормативтік құқықтық актілермен уақтылы таныстырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектептің корпоративті жұмыс платформасы аясында «Қашықтан оқыту: сұрақтар мен жауаптар» атты айдар тұрақты жүргізілуде. Мысалы, қашықтан оқытудың алғашқы аптасында оқу тапсырмаларының көлемі жағынан бірқатар мәселелер туындаған болатын. Алайда, оқу тапсырмаларының көлемі министрліктің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 140 бұйрығымен бекітілген нұсқаулық бойынша реттелді. Бүгінгі таңда оқушыларымыздың 65-70 пайызы «оқу тапсырмаларын орындауға күніне 2-3 сағат жұмсаймыз» деп көрсетіп отыр.

Қашықтан оқыту Kundelik.kz, BilimLand, Google Classroom платформалары және WhatsApp желісі арқылы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, «Балапан» арнасындағы ТВ-сабақтар арқылы да балалар білім алуда.

Оқушылардың қажеттілігіне және мүмкіндіктеріне қарай ZOOM, Meet платформалары арқылы онлайн сабақтар да жүргізілуде. Бір отбасында бірнеше оқушы бар екені ескеріліп, икемді сабақ кестесі жасалды. Әр бала оқумен қамтамасыз етілді. Басқа аймақтарда жүрген оқушыларымыздың да мүмкіндіктері назарға алынды. Осылайша, бірде-бір оқушымыз оқыту үрдісінен тыс қалған жоқ.

Қашықтықтан білім беруге білім реформасы ұзақ уақыт дайындалып келеді. Оқушыға да, ұстазға да уақытты үнемдеуге көмектесетін бұл жүйенің ерекшеліктері мен кемшіліктеріне тоқталуды жөн санаймын. Мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың пікірлері білім берудің бұл формасында өзін-өзі тәрбиелеудің үлкен рөл атқаратындығын білдіретін ортақ ойға келді. Мысалы, қашықтықтан оқу басталғалы жауапкершілігі мықты шәкірттердің, сыныптардың білім сапасы жақсара бастаған. Сонымен қатар ұстаздардың бақылауынан, оқушылардың көзқарасынан қысылатын кейбір балалардың қашықтықтан оқыту кезінде сабақ үлгерімі ілгерілеген. Себебі, ол көп нәрсеге көңіл аудармай сабақ процесімен ғана әуре болады.

Түрлі сылтаулармен сабақтан қалатын оқушылар да қашықтықтан оқыту кезінде еріксіз сабақ оқи бастағаны айқын. Оқушылар ауырып қалған жағдайда да смартфон, компьютерін қосып түрлі тапсырмаларды орындай беруіне ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан, қашықтықтан оқыту оқушының ұзақ уақыт ауырып қалған кезінде де немесе мектепке бара алмау жағдайында да жалпы оқушылар арасында қалып, мектеп бағдарламасымен оқуға көмектеседі. Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімді жақтарын санамалап көрейік:

1. Оқуға дайындалу, тапсырманы орындау уақытын оқушы өзі белгілейді.

2. Еркіндік пен шығармашылық ойлау дами бастайды. Оқушы өзін қаншалықты дамытқысы келседе, креативті ойларын жүзеге асырса да ешкім кедергі емес.

3. Қол жетімділік – оқушы үйде отырғанымен оған барлық нәрсе қол жетімді. Көрнекілік, қажетті құралдар т.б. Тек өзінің тәуелсіздігін тиімді пайдалана білгені дұрыс.

4. Ұтқырлық — мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру оқу процесінің табысты болуының негізгі талаптарының бірі болып табылады.

5. Технологиялық тиімділік — оқу үрдісінде оқушы мен ұстаз ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану.

6. Әлеуметтік теңдік — білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулығының жай-күйіне, элита мен материалдық қауіпсіздігіне қарамастан бірдей білім алу мүмкіндігі бар. 7. Шығармашылық — оқушының шығармашылық ойын дамытуға, жетілдіруге қолайлы жағдай.

Қашықтықтан оқыту ұйымдастыру мен тәртіпті талап етеді. Мысалы, бастауыш сыныптағы кішкентай балалар үшін қашықтықтан өз бетінше білім алу қиын. Олар үнемі ата-ананың, ұстаздың бақылауын қажет етіп тұрады. Дәстүрлі оқу кезінде үйде де, мектепте де оларға арнайы көңіл бөлінеді. Ата-ананың орындай алмайтын кейбір функциясын ұстазы орындайды, ал ұстазы жеткізе алмаған нәрсені ата-ана іліп алып кетіп отырады. Ал қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларға эмоция, кері байланыс жетіспейді. Сондықтан, жоғары сыныптарға қарағанда бастауыш сыныптарға қашықтықтан білім беру тиімсіз. Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімсіз тұстарын тізбелеп көрейік:

1. Оқушы мен оқытушы арасында толыққанды байланыс болмауы. Яғни, жеке көзқарас пен білімге байланысты барлық сәттер алынып тасталады.

2. Егер жақын жерде білімді эмоционалды түрде бояйтын адам болмаса, бұл айтарлықтай минус.

3. Бірқатар жеке психологиялық жағдайлардың қажеттілігі. Қашықтықтан оқыту үшін өзін-өзі ұстау қатаң талап етіледі, оның нәтижесі оқушының дербестігі мен санасына тікелей байланысты.

4. Ақпарат көздеріне үнемі қол жетімділіктің қажеттілігі. Жақсы техникалық жабдықтар қажет, бірақ оқығысы келетіндердің барлығы бірдей компьютер мен интернетке қол жеткізе бермейді.

5. Әдетте, оқушылар практикалық сабақтың жетіспеушілігін сезінеді.

6. Оқушыларға үнемі бақылау жасалмайды және жасау да қиын.
7. Үйірме жұмыстарына кері әсерін тигізеді.
8. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқытудың негізі жазба түрінде жасалады. Кейбір оқушылар үшін өз білімдерін жазбаша түрде жеткізу үлкен кедергі болуы мүмкін

Қашықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатын оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Қашықтан оқыту (ҚО) - білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен студенттің территориялық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Білім алушыларды қашықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін қашықтық технологияларын қолданумен іске асырылатын білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешен болуы керек.

Электрондық оқу-әдістемелік кешенін дайындауды үлгілік оқу бағдарламаларына қатаң сәйкестендіріліп әзірленген, бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы бойынша курсты әзірлеуші жүзеге асырады.

Әрбір пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені міндетті және қосымша комплектілерден тұруы керек.

Міндетті комплект мыналардан:

1. үлгілік оқу бағдарламасынан;
2. оқу жұмыс бағдарламасынан (пәннің мазмұны, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, ұсынылатын әдебиеттердің тізімі (негізгі және қосымша), курстың модульдік бөлінуі, қашықтық кеңестерін өткізу кестесі);
3. дәрістердің электрондық курсынан (дәрістерді жазу үшін аудио және бейне-кассеталар, CD-ROM дискілерді және т.б. қолдануға болады. Жаңа ақпараттық технологияларды атап айтқанда гипермәтін, мультимедиа технологиясын қолдану арқылы дәрістерді көрнекі және мазмұнды түрде береді. Мұндай дәрістерді кез келген уақытта, кез келген қашықтықта оқуға болады);
4. практикалық және семинарлық сабақтардың материалдарынан. ҚО семинарлары бейнеконференциялардың көмегімен жүргізіледі. Олар пікірталасқа оның дамуының кез келген жерінде кіруіне мүмкіндік береді және бұдан бұрынғы айтылған сөздерді оқып, бірнеше қадам артқа қайта оралады. Оқытушы материалдың меңгерілуін пікірталасқа қатысушының белсенділік дәрежесі бойынша бағалай алады.

5. кеңестерден (телефон және электронды пошта, сонымен бірге телеконференциялар қолданылады);

6. зертханалық практикумнан (тапсырмалар, мысалдар, әдістемелік нұсқаулар, имитациялық үлгілеулер);

7. студенттің өзіндік жұмысына және оқытушы–тьютордың жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардан;

8. аралық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі материалдардан (бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, жеке тапсырмалар);

9. қорытынды бақылауды ұйымдастыру жөніндегі материалдардан (емтихандық тестілеу тапсырмалары, емтиханға арналған сұрақтар, билеттер, емтихандық бақылау жұмыстары) тұрады.

Электрондық оқу-әдістемелік кешенін бағдарламалық қамтамасыз етілу функционалдылығы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес болуы керек.

Қосымша комплект курстық жұмыстарды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулардан тұруы мүмкін; оқыту сипатындағы компьютерлік бағдарламалар, тренажерлар, репетиторлар, анықтамалық-әдістемелік материалдар, пәннің оқу материалдарын игеруге көмектесетін оқу және оқу-әдістемелік құралдарды және өзге де материалдарды орындаудың мультимедиалық нұсқаларынан құралады.

Қашықтықтан оқытудың сапасын арттыруда негізгі үш технология бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- желілік технология;
- кейс-технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту;
- ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту (бейне дәрістер, теледидар дәрістері, радио-дәрістер, мультимедиалық дәрістер, бейне конференциялар, телеконференциялар).

Сонымен, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушыларымыз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Қашықтықтан оқыту ақпараттық мәдениет деңгейі дидактикалық бағдарламалар білім саласында оқытуды басқару мен бақылауды автоматтандыру, студентке өз бетінше қайталанбайтын көпнұсқалы, көпдеңгейлі дидактикалық шарттар негізінде тапсырмалар беру, білім мен дағдыны объективті бағалау, ерекше ақпараттық материалдарды мультимедиалық формада беру, виртуалды өмірге енгізу т.с.с. жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді.

Оқытудың жаңа технологиясы қашықтықтан оқытуды пайдалану – сапалы білім негізі «Адам ұрпағымен мың жасайды», - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Надан жұрттың күні –қараң,

келешегі тұман» , -деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ.

Қорыта келгенде заман талабына сай білім беру, үнемі жаңалықтан құр қалмау, дамыған елдердің ізімен ілгерілеп отыру міндет болып табылады. Қазақстанның технологиясы озық елдерден көш бойы қалып қоймау саясатының оң нәтижесі де жетерлік. Соның бірі төтенше жағдай кезінде қашықтықтан оқытуды ақпараттық құралдар арқылы игеріп теледидар, интернет, түрлі бағдарламалар арқылы іске асыруы болды. Болашақ ұрпақ үшін жасалған дұрыс қадамдардың бірі деуге толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Черемисин А.Г. Интернетті дамыту — ақпараттық қоғамдағы білім. // Білім берудегі инновациялар.-2005. -№5. –П.36-40.
2. Zoom Video Communications Википедия ашық энциклопедиясы.
3. Соловьева Т.А. Болашақ мұғалімдердің пәнді дайындаудағы қашықтықтан оқыту технологиясы
4. Сергиенко И.В. Қашықтықтан оқыту процесін модельдеу негіздері. // Білім берудегі инновациялар. — 2005.-№2. — S.43-53
5. Зенкина С.В., Чернеби Е.В. Электрондық оқытуды құру үшін мұғалімдердің АКТ-ты пайдалануы.

GOOGLE FORMS ОРТАСЫНДА ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСІ

Өзен Мухитбек Абубакіріұлы

**Қазығұрт ауданы, Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің
информатика пән мұғалімі**

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов 2020 жылы, 19 мамырда «Пандемия жағдайындағы Қазақстанның білім беру жүйесі» жайлы мақаласында «... Әр мемлекет қашықтан оқыту процесінің оқушылар мен студенттерге неғұрлым қолжетімді болуын мақсат етті. Ол үшін Интернеттің, техникалық инфрақұрылымның қолжетімділігін анықтап, білім беру бағдарламаларының мазмұнын бейімдей бастады, барлығын ескере келе тиімді нұсқасын алдын ала сынап көріп, таңдау жасады» деп көрсетті [1]. Содан соң еліміздегі мектептер қашықтан оқыту жағдайына көшкені белгілі. Аталған жағдайлар білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер әкелді. Бұл өзгерістер білім сапасына да әсер етті. Бұл өз кезегінде оқушыларға, ата-аналарға сондай-ақ оқытушыларға да бірқатар қиындықтар туғызды. Оның себебін дәстүрлі оқыту мен қашықтан оқытудың айырмашылығынан деп түсінуге болады[2].

Қашықтан оқыту кез келген білім беру саласында қызмет атқаратын мамандарға ғана емес оқушыларға, олардың ата-аналарына да көпетген «қиындықтар» туғызғаны белгілі. Мысалы, оқушыларға сабақты дұрыс түсіндіру, тапсырмаларды орындауға бағыт-бағдар беру, үй тапсырмаларын

тексеру, оны бағалау мен бақылауда кері байланыс орнату, т.б. өз алдына жиынтық бағалау жүргізу кезінде мұғалімдер түрлі қиындықтарға кездесті[3].

Атап айтқанда бір ғана жиынтық бағалау жүргізуде кездесетін қиындықтарға тоқталсақ:

1. Мұғалімдер тапсырмаларды көп жағдайда сурет түрінде немесе Word құжаты түрінде жібереді. Бұл жағдай оқушыларға жылдам кері байланыс беру үшін қиындық туғызады. Себебі, оқушыәр пәннен тапсырманы алып, оны жазып, орындауы үшін үшін«көп уақыт» жұмсайды. Бұл кейбір оқушыларға «ауыр жұмыс» болып есептеледі.

2. Берілген бақылау жұмыстарында интерактивтілік қасиет жоқ. Үздіксіз келіп жатқан суреттерді ашып оны оқып отыру оқушыға көп жүктеме түсіреді.Интерактивтілік және көрнекілік сақталмаған бақылау жұмыстары салдарынан оқушылардың кері байланыс беру жылдамдығы тым төмендепкетеді.

3. Мұғалімге бақылау жұмыстарын жинақтау ұзаққа созылады. Себебі, әр оқушы кемінде 2 сурет жіберді. Мысалы, егер мұғалім әрқайсысында 25-тен оқушысы бар 5 сыныппен жұмыс жасайтын болса, 125 баланың 250-ге жуық суретті жүктеп жинақтауға тура келеді. Жинақталған бақылау жұмыстарын түрлі сападатүсірілген суреттерді ашып, оның қателерін тексеру үшінтелефонға немесе компьютерге үңіліп бірнеше сағат отыру мұғалім денсаулығына кері әсер етеді.

Осы себептен мұғалімдердің ауыр жұмысын жеңілдету мақсатында Google Forms ортасында бақылау жұмысын жасау, жүргізу, тексеру, талдау жасау, тапсырмаларды интерактивті ету, жылдам кері байланыс жасауға көмекші бола алатын платформамен жұмыс істеу әдістерін ұсынып отырмыз.

Google Forms деген не? Бұл аты әлемге әйгілі Google компаниясының өнімі болып табылатын, барлығымыздың смартфоньмызда бар Google Disk қосымшасында дайындалатын құжаттың бір түрі. Оның құжаттарды түрлі мақсаттарда қолдану мүмкіндігі бар. Мысалы, онлайн түрде сауалнама жүргізу, түрлі іс-шараларға тіркелуді ұйымдастыру, тест жүргізу, бақылау жұмыстарын жүргізу және т.б. мүмкіндіктері бар.

Алдымен біз өзіміздің жалпы орта мектепте жүргізілетін бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалауда (ТЖБ) берілетін тапсырмаларға назар аударып көрейік. Тапсырмалар тест түрінде, қысқа жауапты, ұзақ жауапты болуы, сәйкестендіру түрінде және т.б. болуы мүмкін. Ал бұл типтегі тапсырмаларды Google Forms ортасында жасау толықтай мүмкін және тіпті жеңіл деуге болады.

Google Forms интерфейсінің артықшылықтары:

- Google Forms ортасында жұмыс жасау үшін арнайы қосымша программа жүктеп оны орнату қажет емес. Тек сізде кемінде смартфон немесе компьютер және Google аккаунт болса жеткілікті;

- Интерфейс өте жеңіл, тілдерді ауыстыру мүмкіншілігі өте жоғары. Мұнда 110 түрлі тілді таңдау мүмкіндігі бар.

- Қазақтың төл дыбыстары көпшілік программаларда жоқ екендігі белгілі, бұл мәселе бойынша да қиындықтар туындамайды, себебі интерфейс барлық әріптерді қабылдай береді;

Тапсырмаларды жасаудағы артықшылықтары:

Тапсырмаларға жауаптарды алдын ала жазып тест ретінде беру мүмкіндігі; Берілген жауаптарға автоматты түрде балл берілетін етіп жасауға мүмкіндіктің бар болуы. Егер тапсырма тек тест түрінде жасалса, онда бағалауды автоматты түрде жасауға болады.

- Бірнеше түрлі тапсырма жасау мүмкіндігі, мысалы, тест, қысқа жауап, мәтін түрінде алынатын тапсырмалар, бірнеше жауапты тесттер т.б.

- Жасалған тапсырма мұғалімге кез келген жерде телефон немесе компьютерде қолжетімді; Жасалған құжаттар онлайн түрде болғандықтан телефоннан немесе компьютерден арнайы жад қажет етпейді.

Бақылау жұмыстарын беру және оны қайта тексеріп талдауда артықшылықтары:

- Бақылау жұмысын дайындап болған соң оны 4 түрлі тәсілмен жіберуге болады. Ең кең қолданылатыны электрондық поштаға және сілтемесін көшіріп жіберу мүмкіндігі; Берілген жауаптарда автоматты балл беріліп тұрады. Қосымша тексеріп шығып балын өзгерту мүмкіндігіде бар.


- Берілген жауаптарды кесте түрінде жинақтауға болады, және бүкіл жауаптар мен мәліметтер бар болғаны 1 ғана файлда орналасады. Барлық жауаптар электрондық түрде жинақталады. Дәптерге ештеңе жазу қажет емес. Берілген жауаптардың аналитикалық диаграммасын автоматты түрде Google Forms бізге ұсынады. [4]

Енді Google Forms интерфейсіне Информатика пәнінен 11-сыныпқа арналған БЖБ және ТЖБ қалай жасауға болатынына тоқталып кетейік:


1. Google сервистерінің ішінен Google Дискті тауып ашып аламыз. Немесе бірден іздеу сервисіне жазып табуға болады. (1-сурет). Сілтеме: https://drive.google.com/?usp=chrome_app



Диск Google



2-сурет



3-сурет



1-сурет.

2. Ашылған беттен **Создать** (Құру) батырмасын басамыз. Ашылған құжаттар тізімінен **Googleформы** командасын таңдаймыз. (2-сурет) Қосымша бағыттаушы стрелканы басқан кезде форма бізге екі түрлі форма жасауды ұсынады. 1. **Бос форма құру**; 2. **Шаблонды пайдалану**.


Googleформада 15-ке жуық дайын шаблондар бар. Осы дайын шаблондар арқылы жұмыс жасауға да болады. Олар форманы жылдам құруға мүмкіндік береді және дайын формамен жұмыс аса қатты қиындық тудырмайды. Сонымен бірге, әрбір пайдаланушы немесе мұғалім өз формасын құруына да болады. Енді өз формамызды құру әдістемесіне тоқталайық:

3. Бос форманы құру командасын берген кезде бізде автоматты түрде жаңа бет (вкладка) ашылады. Жаңа форманың атауы үнсіздік келісім бойынша **Новая форматүрінде** көрінеді(3-сурет).


4. Жұмыс формаға атау беруден басталады. Біздің жағдайымызда, Форманың атауын жұмыс ТЖБ-ға байланысты болғандықтан «ТЖБ. 11-сынып. Информатика» деп өзгертеміз. Ал сипаттамасына (описание) жұмыстың мақсаты мен тапсырманың түрлеріне түсініктеме беріп кетуге болады. Ештеңе жазбаса да болады.

5. Алдымен форманың типін өзімізге қажетті типке ауыстырып аламыз. Ол үшін  батырмасын басамыз. Ашылған терезеден **Тесты** бөлімін таңдап аламыз. Осы жерде **тесты** батырмасын белсенді етеміз. Ол үшін  **Тест** батырмасын біррет шертеміз. Көрінген терезедегі баптауларды 4-суреттегі баптаулар сияқтыөңдейміз. **Сохранить** батырмасын басамыз.

6. 1-сұраққа оқушының аты жөнін енгізуді сұраймыз. Және бұл сұраққа берілген жауап балл берілмейді. Ескере кететін жайт, берілетін жауаптар 11 түрлі типтегі жауапты қабылдайды. Мен оның 6-ын сіздерге көрсететін боламын. (5-сурет). Аты жөнін жазуға арналған мәтіндік жауапқа **Текст (строка)** типін таңдап аламыз. Себебі, аты-жөнін толық жазу үшін бір қатар жеткілікті.




4-сурет




5-сурет

7. 2-сұраққа оқушының сыныбы және литерін сұрайтын сұрақ қоямыз. Бақылау жұмыстары өздерінің бағытына сәйкес жаратылыстану-техникалық немесе гуманитарлық бағыт бойынша барлық 11-сыныптарға беруге жарайды. Бірақ жауаптарды іріктеу кезінде оқушылар араласып кетпес үшін литерін алдын ала жазып қоямыз. Бұл сұраққа **Раскрывающийся список** типін таңдап аламыз. Тізімнің нұсқаларына 11 «А»-сынып, 11 «Ә»-сынып, 11 «Б»-сынып, 11 «В»-сынып қажеттілікке қарай осы тізімді жазып шығамыз. (6-сурет)



6-сурет


8. Келесі сұрақтар пән бойынша тапсырмаларды беруге болады. Мысалы, 1 жауапты, немесе көп жауапты тест түрінде таңдауға болады. Ол үшін 5-суреттегі сәйкесінше **Один из список** немесе **Несколько из список** деп таңдап аламыз. Бір ерекшелігі енді бұл таңдалған типтерге біз дұрыс жауабын белгілеуіміз және осы дұрыс жауап үшін қанша балл берілетінін жазуымыз керек. Ол үшін  батырмасын басамыз. Сұрақтағы нұсқалардың ішінен дұрыс нұсқаны таңдаймыз. Және сұрақтың жоғары оң жақ бөлігінде тұрған шкалаға берілетін баллды жазамыз. Осыдан кейін **Готово** командасын береміз.

9. Келесі сұраққа ұзақ мәтіндік жауап жазу керек болсын. Ол үшін сұрақты жазамыз. Және жауаптың типіне 3-суреттегі **текст (абзац)** командасын таңдап аламыз. Нәтижесінде тек ұзақ мәтінді сөздерді қабылдай алады. Алдыңғы сұрақтар сияқты бұл сұраққа да берілетін баллды белгілейміз.

10. Келесі тапсырмаға қандайда бір құжатты немесе суретті жүктеу керек болсын. Бұл үшін 3-суреттегі **Загрузка файлов** командасын таңдап аламыз. Файлға қойылатын талаптарды енгіземіз. Файл шектелген максималды саны 1, 5 және 10 болып біреуін таңдаймыз. Ал файлдың көлемінің максималды мөлшерін 10Мб тан 1 Гб дейін қолжетімді болып табылады. Ескерту! Google Дискіде 15Гб орын тегін беріледі. Ары қарай ақылы түрде үлкейтіледі. Сол себепті жүктелетін файлдардың көлемін үлкен етуге кеңес бермейміз. Дайын болған форманы **Отправить** батырмасы арқылы жібере аламыз. Интерфейс бізге бірнеше тәсіл ұсынады. Осы жерден Сілтеме бөлімін таңдап **Копировать** командасын береміз (7-сурет).

11. Біз жіберген сілтеме арқылы барлық оқушы кіріп, тапсырмаларды орындай алады. Ал біз нәтижесін форма ішінде **Ответы (Жауаптар)** бөліміндекөре аламыз. Осы бөлімде тапсырмаларға жауап берген барлық қатысушылардың орташа статистикасын диаграмма түрінде көру үшін 8-суреттегі **Сводка** батырмасын басамыз. Ал жеке сұрақтар бойынша мәліметтерді көру үшін **Вопрос** бөліміне өтіп қатысушылардың жеке сұрақтарға қалай жауап бергендігін көруге және салыстыруға болады. Әр қатысушының жауаптарын көру үшін **Отдельный пользователь** батырмасын басамыз. 8-суреттегі «<1 из 11>» осы жерде пайдаланушылардың нөмірі арқылы жауаптарын көріп тексере аламыз. Сонымен қатар формада берілген автоматты баллдарды өзгертіп толықтырып бағалай аламыз.

12. **Принимать ответы** батырмасы арқылы формаға жауаптарды қабылдау қолжетімділігін беруге немесе тоқтатып қоюға болады. Барлық нәтижені бірден принтерге басып шығарып алуға да болады.

13. Осы нәтижелерді бір кестеге түсіріп алу үшін 8-суреттегі  батырмасын басып барлық жауаптарды Excel кестеге түсіріп Дискіге сақтап қоюға болады. Осымен жұмыс аяқталады.

Қорытындылай келе, бұл бақылау жұмыстарын жүргізудің белгілі бір дәрежедегі автоматтандырылған сипаты, жаңартылған деңгейі деп қарастыруға болады. Бұл жұмыстарды тек информатика пәні мұғалімдері ғана емес, сондай-ақ барлық адамдар пайдалануына болады. Демек, педагог-мамандардың **цифрлық білімдік ресурстарды қолдану** бойынша әдістемелік дайындығын инновациялық негізде жетілдіру арқылы информатиканы оқыту әдістемесі пәнінің мазмұнын байыту информатика мұғалімінің әдістемелік дайындығын көтеруге игі әсер етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асхат Аймағамбетов: Пандемия жағдайындағы Қазақстанның білім беру жүйесі, egemen.kz.
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
3. Элен Битэм, Рона Шарп Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019ж. -608 б.
«Как работать с Google Диск»: GoogleDisk анықтамалық орталық материалы, [//https://support.google.com/drive/answer/2424384?hl=ru](https://support.google.com/drive/answer/2424384?hl=ru)

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Исаева Айжан Еркебайқызы

Қазығұрт ауданы, Қызылсеңгір жалпы орта мектеп

Сыни тұрғыдан ойлауға, өз бетінше ізденіп алған білімін тиімді пайдалануға дағдыландыру. Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады.

Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы

қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген әлемге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытында оқуыңа, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын информатика сабағында қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын дамыту

«Ұшам деген қанатқа-дүние кең» демекші қазіргі таңда білім саласында мұғалім және оқушы үшін де мүмкіндік өте мол. Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану-сапалы білім негізі.Қандай салада болмасын жұмыстың нәтижесі әрине сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен мұғалімнен тәуелсіз оқып білім алуға баулу арқылы оқушылардан өз мақсатына қол жеткізе алатын білім алуға бейімделген азамат тәрбиелеуге болады. Білімнің сапалы болуы талантты әрі шебер ұстазға байланысты. Бүгінгі ақпараттандыру заманында оқушылардың шығармашылық икемділігін дамыту мәселесі білім берудің ең басты мақсаттарының бірі болып отыр.

Информатика пәніне оқушылардың қызығушылығы мол. Сол себепті осы пәнді оқытуда оқушылардың қызығушылығын жоғалтып алмай,оны одан әрі жалғастыру мұғалімнің міндеті. Қазіргі кезде оқушының қажеттілігін қанағаттандыра алатын сабақтар ұйымдастыру қиынға соқпайтын жәйт. Оған дәлел оқу үрдісіндегі түрлі озық технологиялар дәлел бола алады. Осы технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушының компьютерлік сауаттылық мәдениетін қалыптастыра аламыз.

Сабақ барысында оқушыларға тек дайын білімді берумен шектелмей ,оларды сыни тұрғыдан ойлауға,өз бетінше ізденіп алған білімін тиімді пайдалануға дағдыландыру.

Білім алуда ең бірінші оқушының ынтасы мен есте сақтау қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Осыған орай оқушыны шығармашылық ізденіске,зеректікке баулу есте сақтау қабілетін дамыту үшін берілетін тапсырмалар түрлі болуы қажет. Осы пәнді оқу барысында алған білімін күнделікті қарапайым өмірде яғни тұрмыста қолдана алуы мүмкіндігінің болуы.

Мен өзімнің әрбір сабағымда тақырыптардың мақсатына жеті назар аударамын. Дұрыс қойылған мақсат-сапалы сабақтың нәтижесі. Барлық сыныпта дарынды, үлгермеуші оқушылар кездеседі.Осыны негізге ала отырып дарынды оқушыға және үлгермеуші оқушыға жекелеген мақсат қоямын. Яғни осы екі жағдайдағы оқушылар мына нәрсені біліп шығуы қажет.

Бұндай оқушыларға сабақ барысында деңгейіне сәйкес тапсырмалар

ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Ал керсінше үлгермеуші оқушыларға пәнге деген қызығушылығын оятуға бағытталған тапсырмалар орындату өте тиімді.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары мынадай:

- Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- Балаға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

- Баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- Оқу үрдісін оқушының сезінуі т.б.

Оқушыға сапалы білім беру үшін кез-келген мұғалім алдымен сабағын түрлендіріп өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыруы тиіс. Ол үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. “Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Жалпы айтқанда білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек білім сапасын көтерудің негізгі тетігі - ұстаз, сондай-ақ, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.

Жаңа ғасырдағы мектеп алдындағы міндет –егеменді еліміздің жас ұрпағын жан-жақты дамыта отырып тәрбиелеу.

Ал оқушыға сапалы білім берудің негізгі жолдарының бірі - жаңа озық әдіс-тәсілдерді қолдану. Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Жаңа бағдарламада қамтылған жеті модульдің барлығында қарастырылатын идеяларды білім беру мен білім алудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік – сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты.

Сабақтарымды өткізу барысында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қалай қолданғаным жөнінде түсіндіріп өтсем. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер,

заман талабына сай дегім келеді, себебі, бала өзін еркін ұстап, өз ойын ашық айтуына ықпал етіп, оқушының ізденіп, өзімен өзі отырып жұмыс жасауында көздейді. Қазіргі кезде оқытудың басты мақсаты – өз бетінше дами алатын, жеке шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан оқушыларыма өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын үйретемін. Сондықтан жаңа озық технологияларды пайдалану – әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс.

Топтық жүйеде оқыту әдісі: Топтық жұмыс арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйрету.

Мақсатым алған жаңашылдықты тәжірибиемде байқау. Оқушылармен

топтық жұмыстарды жүргізуде ұйымдастырудың мәні, қиындықтары мен тиімді жолдарын көре алдым.

Бұрын дәстүрлі сабақтарымда мен оқушылармен жұмыс жасағанда сыныпта оқушылар толық игерілмей қалатын. Себебі сыныпта өз орында отырған оқушылар көпшіліктің арасында тыс қалып, назарға алынбай қалатын. Ал топқа бөлуде менің бір байқағаным ашылмай қалған, өзін көрсете алмай жүрген оқушыларды көре алуым. Бала топ ішінде өз ойын, пікірін қалдыруға тырысады. Оқушыларды бұл жүйеде оқыту білім сапасының көтерілуіне, олардың пәнге деген қызығушылығының артуына, үнемі жан-жақты дайындалып жүретіндігінен байқауға болады.

Топ ережесін ұйымдастыру және сақтау:

1. Уақытты үнемдеу

2. Топтық жұмысты бағалауда әділ

болуы 4. Топ ережесін бұзбау

Топқа бөлудің тиімділігі:

Әрбір сабағымда топтық жұмысты, сұхбаттасу әдісін, пікір алмастыру арқылы диалогтік әдісті қамтыдым. Бұл оқушылардың сөздік қорын молайтуға, сыни тұрғыдан ойлауға, өз ойларын еркін жеткізе білулерінде және білім сапасын арттыруда тиімді болды деп айта аламын. Сонымен қатар, диалогтік оқыту әдісі белсенділігі төмен оқушылардың сабаққа деген ынтасын көтеруге көмектеседі.

Сабақты талқылау барысында жұппен, топпен істейтін жұмыстың барлық түрлері пайда бола бастайды. Соның бастыты сабақты өткізудегі топтағы ынтымақтастық ортасы. Оқушының көңіл –күйін көтеріп сабаққа қызығушылығын оятады.

Мұғалімге сұрақ қоюды үйренеді

Тапсырманы орындаудағы кедергілерді байқап, одан шығу жолдарын іздейді. Тапсырманы барынша орындауға тырысады.

Ұйымдастырушылық қабілеті ашылады.

Жасаған жұмысын көпшілікке ұсына білуі.

Білімге деген құштарлығы.

Ерекше көзқарасы бар.

Өз пікірін қорғай алады.

Мәселелік сұрақтарды қою

білуі.

Оқушы мен мұғалімнің арасында жақсы қарым-қатынас орнайды; «Білмеушіліктің» артықшылығы пайда бола бастайды;

Өз ойларын жеткізуге жігерлі, тыңдай және ести, сұрақ қоя біледі; Дайын жауапты іздеуге тырыспайды, сыныптан тыс көп ізденеді; Бір-бірін тыңдауға дағдыланады;

Сабақ үстінде жұмыссыз отырған оқушы болмайды, әрқайсысы қандай да болмасын бір тапсырманы орындауда белсенділік танытып отырады;

Бір –бірімен пікір алмасып, ой бөлісіп отырады;

Тапсырмаларды орындауда көп ізденіп жауапты болуға әрі фактіні негізге ала отырып талдайды;

Топтық тапсырма орындауда ұйымшылдық, белсенділік, шапшаңдылық қалыптасады;

Мұғалім бақылаушы, бағыттаушы ретінде болады; **Топтық жұмысқа берілетін тапсырмалар**

Көлемі 7-8 минутқа шектелуі қажет. Егер одан көп уақытты қажет ететін тапсырма оқушыны жалықтырып жібереді, уақытты үнемдеу мақсатында оқушыларға жылдам ізденіп дайындалуға көбірек мүмкіндік беру қажет. Топтық жұмыста тапсырманы орындауда топ мүшелері бір-бірімен пікір алмасады, ойласады, талқылайды қорғайды. Осындай іс әркет барысында оқушының топпен жұмыс жасаудағы жауапкершілігі артады.

Осындай әдіс арқылы оқушы бойында тыңдау, сөйлеу, ақпарат алмасу сияқты байланыс орнайды. Олар топпен ортақ проблеманы шешу жолдарын іздейді. Бірі-бірін қайталамауға тырысады. Топтар бір-біріне сұрақтар қою арқылы тақырыптың ашылмай қалған тұстарын қамти алады. Топтың идеясын дәлелдейтін оқушыны топ мүшелері қолдап, бойында сенімділік қалыптасуына көмектеседі. Осы сабағымда сабаққа жиі араласатын оқушылардың тақырыпты ашуда белсенділік танытқанын байқадым.

Қорыта келгенде, мұндай тапсырмаларды орындату барысында оқушылар өз ойын еркін жеткізуге, сыныптасының ойын тыңдауға, онымен санаса білуге, сұрақты жүйелі құрастыра білуге, шығармашылық ізденіске, топтық жұмыстарда белсенділік таныта білуге үйренді. Осы сабақтан кейін байқағаным, оқушыға сабақ барысында оқулықтағы нақты білімді түсіндіргеннен гөрі, оқушының ойын қозғап, жан-жақты ізденіп, өз пікірін білдіру үшін түрлі сұрақтар мен тапсырмалар әзірлеген дұрыс деп шештім. Себебі, оқушы мұғалімнің түсіндірген ақпаратын тек естігендіктен, болашақта ұмытып қалып, өзінің күнделікті тәжірибесінде пайдалану мүмкіндігі аздау болады. Ал, оқушы өзі ізденіп тауып, көзімен көріп, бір—бірімен пікірлесіп түсінген білімдері естерінде көбірек сақталады. Алдағы уақытта алған білімдерін өмірде де қолдана алады деген ойдамын.

Жұп болып ойлану:

Келесі кезекте оқушыларды жұпқа бөлу арқылы «**Оқырман пікірі**» әдісін пайдаландым. Жұптардың әрқайсысына 5 минуттық тапсырма

беріледі. Тақырып бойынша кітаппен жұмыс жасауды ұсындым. Тапсырмада оқушылар есептің шығарылу жолымен бір-біріне түсіндіріп беру керек.

Жеке жұмыс:

Топпен, жұппен жұмыс жасай отырып, оқушы жеке жұмыс жасауда аздап қиналып қалуы мүмкін. ХХІ ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында білім беру реформасы–Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі болып отыр. « Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет » деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа озық технологияларды көбірек қолданып, оны оқып үйрену арқылы оқу үрдісіндегі туындайтын кемшіліктер мен қателіктер саны азаяр еді.

Әр бала өзіндік ерекше қасиеті, қабілеті бар жеке тұлға. Ал, осы қабілетті шыңдап, оны әрі қарай жетілдіретін, оқушыны шығармашылыққа бейімделген дарынды тұлғаға айналдыратын ұстаз қырағы да шебер болуы керек. Сонда ғана қазіргі қабілетті оқушының бұлақ көзі ашылып, болашақта өз мақсатын айқындап, жолын дұрыс таңдауға септігін тигізер еді. Сөзімді түйіндей келе бала бойындағы шығармашылық икемділік әр түрлі болады. Оны көре білу бір бөлек, әрі қарай оны шыңдап жандандыру мұғалім шеберлігінде. Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа озық технологияларын жан-жақты меңгеру болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. М.К.Изтлеуов, А.И.Беккужина, Г.У.Емжарова
2. Н.Т.Ермеков, «Информатика», Астана 2015
3. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту». С.Т.Мұхамбетжанова
4. «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту» Тұжырымдамасы.
5. «ҚР Білім туралы» Заңы.
6. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Қ.Сарбасова. (2006 ж)
7. Мұғалімге арналған нұсқаулық 1 деңгей, 2 басылым, 2014 - жыл

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ахметова Ботагоз Абдуллақызы

Қазығұрт ауданы, П. Тәжібаева атындағы жалпы орта мектебінің информатика пән мұғалімі

Қоғамның білім беру саласының мақсаты бір - біріне ұқсаған емес. Ұстаздар қауымы алдына мемлекетіміз жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениетті, жол бастауға қабілетті, әрі ұлттық рухымен сусындаған білімді, дарынды оқушы тәрбиелеу болып отыр. Білім беру мазмұнының жаңару жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттелігін дамыту, біліктілігін арттыру арқылы жоғарғы сапа мен тәрбиеге қол жеткізе отырып, кәсіби дамуын қамтамасыз етіп отыр.

Бүгінгі мұғалім кәсібилігінің қажеттілігінің негізгі мақсаты мектеп оқушыларының білімді тек қана қабылдап, сол білімін теориялық көрсете білуден оны практикада пайдалану дағдысына көшіру. Бұл жерде мұғалім мен оқушының тек танымдық мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен бірге эмоционалдық, психомоторлық қабілеттерінің де іске қосылып, оқушыдағы проблеманы шеше білу, ақпаратты талдай білу, коммуникативтік, әлеуметтік құзырлылық негізінің де пайда болып, тұрақты қажеттілікке айналуын қадағалау талап етіледі. Оқушы мен мұғалім арасында байланыс болса және оқушының жағдайы ескеріліп отырса ғана оқушы жетістікке жетуі мүмкін.

Барлық оқушы бірдей емес. Оның тұрмыстық жағдайын да айта кетуіміз қажет. Сондықтан мен ауылдық мектепте жұмыс жасайтын

болғандықтан оқушының жағдайын ескере отырып, көбнесе қалыптастырушы бағалау түрін көп қолданамын. Бұл оқушы тарапынан материалдың игерілу деңгейіне де, оны өз қажеттіліктеріне қатысты пайдаланылу деңгейінің де арта түсуіне әсер ететіндігі байқалды.

Қашықтықтан оқыту – оқушы мен ұстаздың жанама немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. «Онлайн» режиміндегі оқу сабақтары білім алушы мен педагог арасындағы асинхронды тілдесудің оқу іс-әрекеті үдерісін қарастырады. Қашықтықтан оқыта отырып, оқушының алған білімінің нәтижесін бағалау немесе күнделікті оқушы қандай деңгейде білімге қол жеткізіп жатыр деген сауалда әрбір адамзатты толғандырады. Осы тұрғыда критериалды бағалаудың қашықтықтан оқытудағы тиімділігі және жолдары деген ойға тоқталып өтсем.

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл нормаға негізделген бағалаудан өзгеше деуге әбден болады. Нормаға негізделген бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі олардың сыныптастарының үлгерімімен салыстырылып қойылады. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалауды қамтиды.

Күнделікті сабақтың өн бойында жүретін бағалау қалыптастырушы бағалау. Бұл бағалаудың түрі оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және оқушылардың дағдыларының қалыптасу және білімді меңгеру деңгейін байқатады, оқудағы қиындықтарды анықтауға, оқу бағдарламасындағы белгіленген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Сонымен қатар оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі функциялары:

- қалыптастыру – тәжірибе жүзінде құндылықтар жүйесін белгілеу, қалыптастыру және бекіту;
- ынталандыру – оқушының күтілетін нәтижеге қол жеткізуі, тиімді түрде алға ілгерілеуі үшін қолайлы жағдай жасау;
- уәждеу – оқушылардың бойында оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаныюяту. Олай болатын болса, қазіргі таңда қашықтықтан оқыту барысында оқушыларымызды бағалау тиімді болды ма? Біріншіден мұғалім тарапынан әр баланың орындаған тапсырмасын көре отырып, жеке кері байланыс, түзетімдер енгізу кеңінен қолданылды деуге болады, себебі онлайн режимінде асинхронды қатынас жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз баланың қаншалықты білімді игерді немесе бойында құндылық пен қажетті дағдының қалыптасқаны диалогтық қатынаста көрініс табады. Оқушы өзінің әлі де түзетімдер енгізуді қажет ететін тұстарын, тез арада өзгертуге мүмкіндік алады. Бұдан шығатын қорытынды қалыптастырушы бағалаудың бірінші функциясының орындалғанын байқатады.

Бағалаудың түрлері



• Сонымен қатар оқушыны алға жетелеу мақсатында үнемі сындарлы және тиімді пікір білдіру қажет немесе қолайлы жағдай туғызған жөн. Мысалы, онлайн режимінде отбасында оқушыға ата-ана тарапынан қолдау, мадақтау берілсе немесе мұғалім тарапынан позитивті көңіл-күй сыйлай отырып, ашық пікір айтылып, жазылып және тапсырманың орындалуына қажетті дәрежедегі уақыт берілсе... Нәтижесінде қалыптастырушы бағалаудың екінші функциясы, яғни оқушыны ынталандыру жүзеге асырылғандығы байқалады және оқушыда алға қарай жылжу көрсеткішін көруге болады.

Кезкелген адамзаттың бойында қандай да бір іс-әрекетке ынта болмаса, нәтиже болмайтындығы немесе сапасыз нәтиже болатындығы анық. Осы тұрғыда оқушыларымызда тапсырманы орындауда немесе жаңа білімді, дағдыны игеруде ынтасын оятуымыз қажет, яғни уәжін өсіре алуымыз қажет. Педагог оқушының ішкі уәжін өсіруге мүмкіндік беретіні белгілі. Яғни педагог әсер етуші сыртқы фактор ретінде десем, артық емес. Яғни мұғалім дайын білімді бермей, керісінше оқушы ізденетіндей білім беруі қажет. Айталық, онлайн режимі кезінде бала ақпараттық құралдарды қолдана отырып, берілген тапсырманы өз бетімен іздене отырып, жұмыс жасаса, оның сабаққа деген ішкі уәжі өсе бастайды. Сонымен қатар педагог сабақты тек қана қашықтықтан оқытудың ватсап желісін қолданып қоймай, бейнечат, zoom т.с.с.катынас бағдарламаларын қолданып өтетін болса, оқушыда ынта, ізденіс пайда болады. Бұл қалыптастырушы бағалаудың үшінші функциясының орындалуының бір мысалы деуге болады. Осылайша бағалау ынталандырушы, қалыптастырушы және уәждемелік қызмет атқарады.

Неғұрлым оқушыға қолдау, жігерлендіру, тиімді ұсыныс беру, әдіс-тәсілдерді таңдай отырып, онлайн режимінде сабақ жүргізілсе, нәтиже болатыны сөзсіз.

Алайда уақыт өте келе оқудың барлық кезеңдерінде оқушылар сабақ барысында жеке жұмыс істеуге қарағанда, мұғалім қолдау көрсеткен жағдайда көп жетістікке жетіп жүргеніне көз жеткізуі қажет. Мұны орындаудың ең тиімді жолы жеке оқушыларға жүйелі түрде кері байланыс ұсынып, тиісті, күрделілігі жоғарырақ мақсат қою болып табылады.

Ынталандыру арқылы бағалау

- ▶ *Жарайсың*
- ▶ *Мен сабақтағы сіздің жұмысыңызға ризамын*
- ▶ *Сіз жақсырақ жұмыс істей алар едіңіз*

Қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдері Қалыптастырушы бағалаудың күнделікті іс-тәжірибесі барысында, оқушының меңгеру деңгейінің өлшемі мен ілгерілеуін анықтауда, оқыту үдерісінде төменгі әдіс-тәсілдерді «Қол сигналы», «Бағдаршам», «Қорытындылауға арналған карточка индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызекі баға», портфолио, журналдар, рубрикалар, сөзжұмбақтар, сұрақтар және тағы басқа түрлерін қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдерін сабақтың әр түрлі кезеңдерінде: жаңа тақырыпты түсіндіруде, тапсырма орындау кезеңінде, мұғалімнің оқушыға жұмысының нәтижесін жақсарту мақсатымен кері байланыс ретінде ақпарат беру барысында да қолдануға болады. Мысалы, мұғалім оқушының жазба жұмысын тексеріп болған соң, оған баға қоймайды, әр түрлі қалыптағы сурет пен бояуларды қолданып белгілей алады. Әрбір белгі мен олардың түстері (сары, қызыл және жасыл, жұлдызша немесе қанатты белгілер) оқушының жауабындағы дұрыс немесе бұрыс орындалған жақтарын көрсетеді.

1. Мұғалімдер қалыптастырушы бағалауды үнемі қолдануға дағдыланады;
2. Әр сабақта қалыптастырушы бағалауды түрлендіріп отырады;
3. Оқушылар бір-бірін әділ бағалауды меңгереді;
4. Мұғалімдер сабақ жоспарын жазуда оқушылардың идеяларын есепке алады;
5. Мұғалімдер өз сабақтарын жоспарлауда және өткізуде үздік сабақтың алты белгісін ескереді;
6. Мұғалімдер мен оқушылар өз жұмыстарына рефлексия жасай алады;
7. Ата-аналар мектеп жұмысына белсенді қатысып, кері байланыс жасауды үйренеді
8. Мұғалімдер оқушылардың оқуын жақсарту үшін үнемі кері байланыс жасап отырады ;
9. «Ата-ана-мұғалім», «Ата-ана-оқушы», «Мұғалім-оқушы» байланыстары нығаяды;
10. Желілік қоғамдастық аясында өзге мектептермен ынтымақтастық орнайды;
11. Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар әр мәселе бойынша өз пікірін, идеясын айта алады; 12. Ұжымдық іс-әрекеттің тиімділігін бағалай біледі;

13. Мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеу /Lesson Study/ жұмысының тиімді екендігіне көз жеткізеді.

Қорытындылай келе, жалпы бағалау үдерісінің кезеңдерін еске түсірсек. Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі төмендегі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етіледі:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- оқыту мен оқу үдерісінің бөлігі ретінде қалыптастырушы бағалау жүргізу;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс ұсыну;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау негізінде оқу мен оқытуды түзету.

Қалыптастырушы бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерінің дамуы мен өсуіне әсер ететін сабақ барысындағы негізгі үдеріс. Ол мұғалімге сынып оқушыларының білімін қадағалауға, жоспарына түзету енгізуіне, ал оқушыларға өз оқу жетістіктерін өздері бақылауына және одан әрі өзінің даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Олай болса, қазіргі таңдағы сұраныс бойынша онлайн режимінде де бұл талаптар орындалуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. Захарова Е. А. Требования к профессиональному развитию педагогов в условиях последипломного образования // Молодой ученый. – 2011.- №3
3. Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. М., Академия, 2004
4. Интернет желісі

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ.

Ахметова Динара Құдайбергенқызы
Шардара ауданы, Т. Тәжібаев атындағы жалпы орта мектебінің
информатика пәні мұғалімі

«Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.»

*«Қазақстан Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.
Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы*

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары

сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет.

Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болу керек;

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білу керек;

Осындай тұлғаны дамыту үшін оқытудың жаңа технологиясы қажет. Оқыту үрдісінде осындай әдістерді пайдалану мұғалімнің өзінің шеберлігіне қарай жүзеге асады.

Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «... ҚР дүниежүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың жолына түсуі тиіс, яғни бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделген оқыту жүйесін жасау керек.» Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады. Бұл бағдарламалардың міндеттерінің бірі – мектептерді компьютерлендіру. Білім беруді ақпараттандыру – жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қажет болса, дағды да сондай қажет. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді.

XXI ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Бұл Бағдарламада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады. Бұл ретте құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды

(оның ішінді дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым - қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым – қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым – қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады.

Информатика оқу бағдарламасы «спиральділік» ұстанымының негізінде жасалған, бұл ұстанымға сәйкес көпшілік оқу мақсаттары мен тақырыптар белгілі академикалық мерзімдердің өтуімен тереңдетіліп, күрделеніп, қажетті білім мен дағдылар көлемі ұлғайып, қайта қарастырылады.

«Информатика» пәнінің мазмұны оқыту тілі арқылы баяндалады. Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің *«академиялық тілі»* деп атауға болады. Академиялық тіл пән мазмұнын меңгеру, ойлау және осы пәнде қолданылатын ұғымдармен жұмыс істеу қабілетін жақсартуға арналған басты құрал болып табылады.

Заманауи оқыту тәсілдері оқушылардың бойынан кең ауқымды дағдыларды дамытуды қарастырады. Олар: нақты және қарапайым шешімі жоқ проблемаларды шешу, ғылыми идеяларды негіздеу және ұсыну, жаңа тәсілдерді ойлап табу, тұжырымдау, дәлелдеу, және тағы басқа. Білім беру жүйесіндегі дәстүрлі педагогикалық әдістемелер мұндай нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктері шектеулі тәжірибелерге басымдық береді.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды. (Хэтти 2011). Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үдерісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибратты сарынан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Оқыту әдістерінің барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. (Хэтти 2011). Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген.

Бұл тәсіл қолданған жағдайда оқушылар оқу барысында белсенді түрде атсалысатындақтан, оның маңызын өздері анықтай алатын жағдайда болады. Информатика сабақтарының сапасын арттыру мақсатында *саралау, іс-әрекет, жеке тұлғаға бағытталған, құзыреттілік, кіріктірілген, жүйелік* және де басқа да тәсілдерді ұсынылады. Сабақта аталған тәсілдерді қолдану «Информатика» пәнінің қолданбалық сипатын көрсету мақсатында жұптық, топтық және бүкіл сыныптық жұмыстарды қолдануға болады, оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдасытыруға, проблемаға негізделген оқуды жүзеге

асыруға, деректерді жинау, өңдеу, сақтау, тарату және пайдалануға оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыруға, пәнге шығармашылықпен қарауды талап ететін ашық сұрақ қоюға, басқа сабақтармен ықпалдастырылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс - тәсілдер:

- топпен жұмыс барысында оқушылар жалпы жобамен жұмыс істеуді көздейді. Жобамен жұмыс жасау іс – әрекетінде бірлесіп жұмыс жасау маңызды рөл болып табылады, себебі топтың барлық мүшелері өздерінің қабілеті мен біліміне сәйкес дайын өнімге өз үлестерін қосу;

- ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ынталандыру – практикалық міндеттерді шешу үшін теорияларды, әдістер мен қағидаларды пайдалану және аналитикалық, практикалық, коммуникациялық дағдыларды дамытуына ықпал ететін нақты оқыту мысалдарын игеру;

- мәселені бағдарлы оқыту – мәселені ойлап тапқыш шығару мүмкіндігі;

- ақпаратты жинауда, өңдеуде, сақтауда және жіберуде сын тұрғысынан ойлауды қолдану – тек «жоғары сапалы» ақпаратты пайдалану мүмкіндігі;

- жобалық жұмыс – әрі қарай жұмысты жоспарлау, мақсат қою, әртүрлі дерек көздерден қажетті ақпаратты алу, болжам ұсыну және дәлелдеу, эксперимент жүргізу, істелінген жұмыстың нәтижесін беру, оны талдау және бағалау, сонымен қатар өз жұмыстарын қорғау мүмкіндігі;

- алған білімдерін әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана білуге ынталандыру;

- шығармашылық көзқарасты және дәйектемені талап ететін ашық мәселелерді қоя білу;

Информатика сабағында тиімді оқуды ұйымдастырудың жолдарының бірі – жоба әдісі. Бұл әдіс оқушылардың қандай да бір мәселені өздігінен зерделеп, зерттеу нәтижесін көпшілікке таныстырып жариялаудан тұратын оқу-танымдық іс-әрекеттерінің жиынтығын қамтиды. Жоба жұмысы барысында оқушылардың коммуникативтік, күрделі мәселелерді шешу жолындағы ізденушілік дағдыларды және өз іс-әрекетіне рефлексия жасау қабілеттері дами түседі. Сонымен қатар бұл тәсіл пәнаралық байланысты нығайтып, екі немесе одан да көп пәндер бойынша кіріктірілген сабақ қйымдастыруға болады. Жоба әдісін қолдану сабақта мұғалімнің қызметінің өзгеруіне әкеледі: мұғалім дайын білімді берушіден өз оқушыларының ізденістік, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы танымдық әрекеттерін ұйымдасушыға айналады. Жоба әдісі оқушылардың өз бетінше ізденуіне бағытталған; жоба жұмысын оқушылар белгіленген уақыт аралығында жеке, жұппен немесе топпен орындауы мүмкін, сондықтан ол бірлескен оқу тәсілімен толық үндестік табады. Нәтижесінде нақты бағдарламалық өнім ұсынатын Информатика сабағындағы жоба әдісі әртүрлі қолданбалы салаларда оқушылардың бағдарламалық жабдықтарды қолдану дағдыларын дамытуына және күрделі мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табуда зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерінің артуына мүмкіндік береді. Жоба жұмыстарының түрлері: зерттеушілік жоба, ақпараттық жоба, шығармашылық жоба, рөлдік ойын жобасы, т.с.с. Ұзақтығына байланысты қысқа мерзімді шағын (бір сабақ, бір немесе бірнеше апта шегінде), орта мерзімді (бір немесе бірнеше ай көлемінде), ұзақ мерзімді жоба (жыл бойы) болуы мүмкін.

Жоба әдісін қолдануға қатысты негізгі талаптар:

- әртүрлі пәндік салалар бойынша кіріктірілген білімдерді және зерттеушілік ізденісті қажет ететін проблемалық мәселенің болуы;
- күтілетін нәтиженің тәжірибелік және танымдық маңызды болуы;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, зерделеу әрекеттері;
- жоба жұмысының мазмұндық құрылымының анық болуы;
- зерттеу әдістерінің қолданылуы.

«Информатика» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасының шеңберінде зерттеуге негізделген оқу белсенді оқу қағидағдартарын ұстанатын қуатты педагогикалық құрал болып табылады. Сондай – ақ ол оқушылар дәлелдерді бірлесіп талқылап, оларды құрып және талдайтын тиімді орта болып табылады. (Katchevich et al, 2013).

Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы пән бойынша негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары әртүрлі тақырыптық бірліктерді құруды және іске асыруды көздейді. Оларды зерделеуде негізделген оқу тәрізді педагогикалық тәсілдер қолданылмаған жағдайда, оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыра алмауы мүмкін.

Оқушы жетістіктерге жете бастағанда, оған әрі қарай қолдаудың қажеті болмайды және соңында ол дербес жұмыс жасайды. Оқытуға қолдау көрсету мақсатында мұғалімдер дамытушы оқытудың қажетті деңгейін ұсынуы керек, уақыт өте келе оның деңгейі азаяды. Сырттан көрсетілетін қолдау тоқтатылған кезде ғана оқушы қажетті түсініктерді толық меңгерді деп айтуға болады. Құрылымдалған зерттеу барысында дамытушы оқу жоғары деңгейде іске асырылады. Сол себепті бұл әдісті жаңа түсініктер мен дағдылар еенгізілетін сабақтарда қолданған орынды болып табылады. Оқушылар тәжірибе жинақтаған кезде, мұғалімнің жетекшілігімен жүретін зерттеуді қолданған орынды болса, курстың қорытындылаушы бөлімінде ашық зерттеу тәсілін қолданған тиімді болады.

Оқушылар үшін жобалау жұмысының көздеген мақсаты жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын пайдалана отырып, қарапайым ашық зерттеу мәселесінің шешімін табу болып табылады. (Krystyniak and Heikkinen, 2007). Алайда, мұнда ашық зерттеулер ғана оқуға сай келетін жалғыз қолайлы педагогикалық тәсіл деп айтуға болмайды.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын мұндай тәсілдерге топтық жұмыстар, ойын «баламалары» және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойын түрлері кіреді. Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда ойын «баламалары» шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады.

Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге; оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастармен қарым – қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына,

оқушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Информатика пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы оқушыларға ХХІ ғасырда қарқынды дамып келе жатқан зыткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу, сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Осы дағдыларды жоғары дәрежеде меңгеру информатика бойынша оқу бағдарламасында проблемаларды шешу, бірлескен зерттеу және ғылыми зерттеу жүргізу дағдыларына баса назар аударып, оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуды көздейді.

ХХІ ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз байланысты және көпмәдениетті әлемде қалыптасқан қазіргі жағдайда оқушылардың өз бетінші оқу дағдыларын, коммуникативті дағдыларды дамыту аса маңызды болып табылады.

Жаңа ғасыр табалдырығын аттаған, ертегі Қазақстанның тізгінін ұстайтын болашақ ұрпағымыздың білімді де, тәрбиелі болуы үшін міндетті түрде заман талабына сай білім мен тәрбиемен сусындатуымыз абзал.

ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан- жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коростылева Л.А. «Психологические барьеры и готовность к нововведениям» СПб., 1996, 66 б.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.-8-17 беттер.
3. Аймауытұлы Ж. Комплекспен оқыту жолдары (Мұғалімдерге, қайталама курстарға, тәрбие техникумдарына көмек). Қазақ баспасы, 1929
4. Брунер Дж. Процесс обучения (Оқу үдерісі): Пер.с англ./Под ред. А.Р.Лурия.-М.: АПН РСФСР, 1962.-82с.
5. Білім мазмұнын жаңартуда жалпы орта білім беретін мектептердегі пән мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша ұсынымдар. Шымкент: Әлем баспаханасы, 2017, 4 б.
6. «Информатика негіздері» №3-2017жыл Тайкелдин Р. «Жаңа білім беру нәтижесінде интербелсенді әдістерді қолдану» - 15б.
7. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А.М.-Алматы: Дарын,-2004.
8. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.-188б.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ – САНАЛЫ ТӘРБИЕ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

Бейсенова Азия Тастемировна
Жетісай ауданы, Ж.Сүлейменов атындағы №70 жалпы орта мектебі

«Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу»

Ы.Алтынсарин

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында еліміздегі барлық оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсат етіп қойылған. Отандық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне шығару үшін педагогтардың мәртебесін арттыру, олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ету және сол арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру мәселелеріне басты назар аударылған.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Бұл білім беру бағдарламасы мен бағалау модельдері белгіленген деңгейде ғана емес, әр сынып пен сабақта қолданылады. Мұғалімдер өздерінің оқыту қызметі білім беру бағдарламасының іске асырылуын қолдайтынына, ал бағалау оқушыларға қажетті ақпаратты жеткізуге және олардың жетістіктерін қолдап көмектесетіндігіне сендімді болуы қажет. Бұл мұғалімдердің тиімді оқытудың түйінді үш компонентінің – білім беру бағдарламасы, педагогикалық тәсілдер мен бағалау жүйесінің балалар үшін бірлесіп қалай «еңбек ететінін» толық білуінің маңызы болып табылады. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне ену кезеңінде, білім беру парадигмасы өзгеріп, жаңа ұлттық модель қалыптасып, болашақты жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарасы өзгеріп, мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағымызды оқытып, еліміздің болашағын ойлайтын жастарға бағыт-бағдар бертін педагогикалық кадрлардың сапасын арттыру мәселесін шешеді.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушының қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АТТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықта, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгеру.

Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындау үшін, терминнің анықтамасына үңіліп алсақ. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен дамуында екі ұғым, яғни құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылады. Сергей Иванович Ожегов сөздігінде құзыреттілік белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері» деп көрсетілген. Андрей Викторович Хуторской құзыреттілік – бұл «алдан-ала тапсырылған әлеуметтік қажетсіну (қалып)... Құзыреттіліктер тек біліммен немесе тек білікпен шектелмейді. Олар тәжірибедегі білім мен әрекеттің арасында болатын қарым-қатынастар ортасы болып табылады» -деп көрсетеді. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелері мен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдықтың кепілі бола алады. Сол себептен, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда олардың өздеріне бағытталған іс-әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды.

Педагогтың іс-әрекетінің нәтижесін зерттеулер мен зерделеулерге сүйене отырып, бүгінгі мұғалім мына төмендегі сипаттамаларға лайық болуы тиісті. Яғни, мұғалім теорияны жақсы меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін үнемі арттырып отыруы, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсе алатын, қоғамдық ортада өзін ұстай алатын, өз мамандығын жақсы көретін, біліктілігі жоғары, кәсіби құзыреттілігін үнемі ғылымға негіздеу арқылы дамытатын болуы керек. Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында балаларды жақсы көру, олардың көзқарасы мен пікірін сыйлай білу, тек өз пәнінің төңірегінде ғана емес, қоғамда болып жатқан өзгерістерге бейім, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтің шығармашылығын дамыту үздіксіз үдеріс ретінде қарастырылады. Педагогикалық білімнің әр кезеңінде жаңа тәсілдерді сапалы игеру, сол сапаларды өз тәжірибесінде тиімді қолдану педагогтің өзіндік кәсіби құзыреттілігінің деңгейіне байланысты. Құзыреттілікті арттыру барысында педагогтің шығармашылығын дамыту – бұл жинақталған білімді игеріп, тәжірибесін жаңартып, өзгеріс енгізу және сындарлы оқыту теориясының мәнін түсінудегі үдеріс деуге болады.

Ең бірінші кезекте мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы арқылы өзгелердің тәжірибесін көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс-әрекет жиынтығы арқылы көптеген нәтижелерге қол жеткізу керек. Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді? Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді.

Жалпы педагогтердің құзыреттілігін арттыруда оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгертуді, шығармашылық тұрғыда өз ойларын еркін жеткізуді, әр түрлі курстарға дейінгі білім мен жаңа білімді салыстыра отырып шешім қабылдауға дағдыландыру қажет.

Мұғалімдердің басты міндеті – балаларды:

1. Ақпаратты талдау, қажетті фактілерді іріктеп, оларды салыстыруды үйрету.
2. Меңгерілген материал мен жаңа материал фактілерін байланыстыра білу.
3. Мәселені дәлелдеу, түсіндіру немесе шешу үшін логикалық сараптау тізбегін құруға үйрету.
4. Қарастырылатын нысан немесе проблеманы барлық ықтимал жағдайларда және өзара байланыстыра қарауды үйрету.
5. Ойша және іс жүзінде эксперимент жасауды үйрету.
6. Күрделі мәселелерді алған білімдерін пайдалана отырып, өз бетінше ізденуге үйрету.
7. Түрлі әрекеттер мен шешімдердің салдарын болжай білуге үйрету.
8. Сыныптастарымен жұптасып, үлкен не шағын топ құрып ынтымақтастықпен жұмыс істеуге үйрету.
9. Сөйлей білуге және тыңдай білуге үйрету.
10. Зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету.
11. Топтық жұмыс кезінде топ жетекшісі, бағалаушы, уақыт үнемдеуші болуға дағдыландыру.

Негізінен мұғалімнің басымдылығымен өтетін сабақтарда оқушылар айтылғанды тыңдап, естігендерін қайта дыбыстау арқылы ғана білім алады. Керісінше, сабақтар қайталауға, кері байланысқа негізделіп ұйымдастырылатын болса әлеуметтік-мәдени тәсілге басымдылық беріледі және сабақ барысында пікірталас пен ұжымдық дәлелдеуге барынша назар аударылады. Осындай сабақтарды оқушылар басқа оқушыларға тұжырымдаманы өз сөзімен түсіндіру үшін бірқатар сұрақтар мен топтық талқылауды пайдалана отырып, проблемаларды шешу үшін бірлесіп жұмыс істейді. Мұғалімдер оқушылардың берген түсініктемелеріне құрметпен қарайды және оның қаншалықты құнды екенін түсіне отырып, мәселелерді шешудің ерекше тәсілдері басқа оқушыларға мәселені түсінуге көмектесе алатындығын байқайды. Ұжымдық дәлелдеу – бірлескен тұлғааралық өзара әрекеттесуді өрбітуге көмектесетін педагогикалық құрал.

Сонымен, біз оқушылардың білім-білік, дағдыларын дамыту үшін оқыту мазмұнын жаңарту жұмысын жаңа тұрғыда ұйымдастыру үшін не істеуіміз керек? Білімді тұлға тәрбиелеп шығару сабақ сапасына байланысты. Сабақ дегеніміз оқытуды ұйымдастырудың басты формасы. Жаңартылған білім беру мазмұнымен оқытуда оқушы мұғалімнің түсіндіргенін меңгеріп қана қоймай, мұғаліммен тікелей пікірталасқа түсе алады, оқушы рөл атқарушы ғана емес, жетекші бағытты да ұстайды. Белгісізді өзі анықтауға талпынып жауап іздейді, шешімдері де әр түрлі болады. Мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс қалыптасады, бірлік одақта қызмет атқарады.

Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы қажетті жағдайлар жасау. Оқушылар оқу әрекеті барысында жаңа технологияларға жақын болып, оны пайдалана білулері қажет. Төменгі сыныптардан бастап оқушылардың құлшынысы мен белсенділігін жоғалтып алмай, пәндер арқылы баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету. Тақырып мазмұнына байланысты сабақ үрдісін басқару мен түрлендіріп өткізуге назар аудару. Неге? Неліктен? Деген мәселелік сұрақтарға жауап іздеуге бағыттап, дәлелдеу арқылы өз ойын жинақтауға бағыттау. Оқушыны қорытынды жасауға өзгеше бір тың пікір айтуға жетелей отырып, ой қайшылығын тудырып, дұрыс ой қорытуға дағдыландыруға көп көңіл бөлінуі жаңартылған білім мазмұны жағдайында педагогтың құзыреттілігін арттыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Жаңартылған білім мазмұнында кез келген мұғалім оқу мен оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, сабақта қолдана алуы қажет.

Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылуға бастайтын жол. Елбасының үштұғырлы саясаты бойынша шетел тілін білу, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі. Мысалы, ағылшын тілін үйретуді тек ағылшын пәнінің мұғалімдеріне қалдырмай, көркем еңбек сабағында да дамытуға болады. Сабақты ұйымдастыру барысында термин сөздердің қолданылуы, ойын түрлеріне, сергіту сәттерін ұйымдастырғанда ағылшын тілін пайдалану үштілділік мәселесін дамытады деген ойдамын.

Көркем еңбек сабағында қолданылатын оқу мен оқытудың әдіс- тәсілдері: бүкіл сынып орындайтын жұмыс, шағын топтардағы жұмыс, жеке жұмыс, ширату жаттығулары, жалпы сабақтар, бүкіл топ орындайтын жұмыс.

Көркем еңбек сабағында қолданылуға тиісті басты әдістердің бірі ретінде интербелсенді әдісті қарастыруға болады. Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп алатын және осындай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрену.

- Өзіне деген сенімге тәрбиелейді.
- Шеберлік өнерін дамытады.
- Танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайынын).
- Сыни ойлау дағдыларын дамытады.
- Өз пікіріне деген құқығын түсінуі артады.

Интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп қарастырылады, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады.

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылай отырып зерттейді. Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр

сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма немесе жоспар іске асты ма деген сияқты сұрақтарына жауап іздейді.

Қазіргі таңдағы әлемдік мәселелерге байланысты оқушылар қашықтықтан оқуға мәжбүр. Бұл кейінгі жылдарда қолға алынып жатқан ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асуда. Білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы – білім порталдары болып табылады. Порталдың негізгі міндеті жоғары технологияны оқу процесінің қолдауы арқылы бірыңғай білімді ақпараттандыру ортаның дамуына өз үлесін қосу. Ал оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; оқушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Яғни, оқытушыны дамыту арқылы ғана оқушылардың білімге құштарлығы мен білім сапасын аттыра аламыз.

Қорыта айтқанда жаңартылған білім беру мазмұны арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіріп «Кәсіби құзыретті мұғалім» атағына жеткізілсе әр педагог «мінсіз оқушы» бейнесін жасап, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығаруы бек мүмкін.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігі белгілі. Мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін құрметтей және оны жалпы адамзаттық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім» заңы.
2. Хуторский А.В. современная дидактика. Учебное пособие. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 2007. – 639с.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2011-2021 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – [Электрондық ресурс]:<http://adilet.zan.kz>.
4. Уикипедия «Жаңа білім беру жүйесі».

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ЖҮРГІЗУДЕГІ МҰҒАЛІМ РОЛІ

Жумадилова Гулжан Ануарбековна
Ордабасы ауданы, Б.Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебінің
көркем еңбек пәні мұғалімі.

"Ұстаз ұлық емес, ұлы қызмет"
Бауыржан Момышұлы

Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін әрбір ұстаздың алдында саналы, жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған атамыз Ыбырай Алтынсарин бекерден бекер айтпаған. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Өз ісіне аса ықыласпен ден қоя отырып, құзырлы мұғалім ретінде баланың жүрегіне білім нәрін себе білуі керек.

XXI ғасырда нәтижелі оқытуға қол жеткізу жолында мынадай сұрақтар туындайды. "Нені оқыту керек?", "Қалай оқыту керек?", "Оқыту қалай жүргізіледі, оның заңдылықтары қандай?", "Кімдерді оқыту керек?", "Не үшін оқыту керек?" "Қайда оқыту керек?".

Тәжірибеде оқытудың көптеген түрлері қолданылуда. Мұғалімдер барлық пайдалы оқыту түрлерінен бас тартпай, жақсыларын жаңа жүйеге бағыттап тәжірибеге енгізеді.

Осы тұрғыдан бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, тәрбие беру мұғалімнің басты міндеті. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

Жер шарына төнген тәжді қауіптен біздің еліміз де іргесін аулақ сала алмады. Президентіміз Қасымжомарт Тоқаевтің төтенше жағдайға көшуі жайлы үндеуінен кейін Ғылым және Білім министрі Асхат Аймағанбетов басқа мемлекеттердің тәжірибесін қолдана отырып қашықтықтан оқытуға бұйрық шығарды.

Қазақстандық ұстаздар да осындай әлеуметтік ахуалға байланысты қалыптасқан жағдайда оқушылар мен ата-аналарға қолдау көрсетіп, қиыншылықты бірге жеңу жолында қашықтықтан сабақ өткізіп, видеосабақтар мен түсірілімдер дайындап өздерінің біліктілігі мен еңбекқорлығын көрсетті.

Әрине, қашықтықтан оқыту мектепке жаңашылдық болып енгенімен, білім берудің бұл түрі ЖОО-да біраздан бері қолданылып келеді. Тіпті оның элементтерін біздер әріптестерімізден телефон арқылы ой-пікір бөліскенде, түрлі мессенджерлерді пайдаланғанда қолданып жүрдік. Теледидар, радио арқылы мультфильм көріп, ертегі тыңдау да қашықтықтан білім берудің бір түрі десек қателеспейміз. Өйткені, қашықтық оқуға көшетініміз белгілі болғаннан, әр түрлі білім беру платформаларында бейнесабақтар түсіріліп, ұстаз еңбегін жеңілдету үшін теледидардан сабақ кестелері түзіліп, көрсетіле бастады. Енді мұғалімнің ролін теледидар басты. Бұл әрине 100%⁰ мұғалімді ауыстыра алмайды. Қашықтықтан оқытудың бірден-бір құралы интернет жылдамдығы мен оқушылардың білім алу құрылғыларымен толықтай қамтамасыз етілуі.

Әлемдегі білім саласы дамыған мемлекеттер қашықтықтан сабақтар, түрлі интеллектуалды олимпиадалар мен семинарлар өткізу арқылы өз елдеріне студенттер мен оқушыларды тартып, білім саласын да ақша жасаудың көзіне айналдырып отыр. Егер оқушылар білімді осылай қашықтықтан алып жақсы көрсеткіштерге жетіп жатса неге оны пайдаланбасқа. «Өркениеттің шынайы белгісі—мемлекеттің байлығы мен білімнің деңгейінде қалалардың үлкендігі

мен өнімнің молдығында емес, ол мемлекеттің тәрбиелеп шығарған азаматы» деп Р.Эмерсон айтқандай жаңа ғасыр біздің алдымызға азамат тәрбиелеуге жоғары талаптар қойып отыр. Ол талаптар қоғамның қажеттілігі мен мүдделерін қанағаттандырса ғана тиімді болмақ. Сол себепті басқа мемлекеттердің тәжірибелеріне сүйене отырып болашақ ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру әрбір ұстаздың абыройлы міндеті. Қашықтықтан оқытудың бірден-бір құралы-интернет жылдамдығы. Интернет ұстамайтын аумақтарда пошта қызметін және телефон соғу арқылы тапсырмалар көлемін беріп, оқушылардың өз беттерінше ізденіп, шешім қабылдауына түрткі болу.

Қашықтан оқыту – бір-бірінен қашықта орналасқан білім алушы мен оқытушының әртүрлі байланыс технологияларының көмегімен жанама түрде өзара әрекеттестікте болатын оқу нысаны. Қашықтан оқытуда білім беру процесінің барлық компоненттері – мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері және оқу нәтижесін бағалау толық сақталады.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктері:

- ақпаратты жеткізу ортасы (пошта, теледидар, радио, ақпараттық-коммуникациялық жүйелер);
- ақпарат алмасудың техникалық ортасына байланысты әдістер.

Қашықтан оқыту екі түрлі тәсілмен жүзеге асырылады – **синхронды және асинхронды оқыту.**

Синхронды оқыту мысалдары: *Сабақты ZOOM, Teams, Google Meet арқылы жүргізу.*

Асинхронды оқыту мысалдары: *Тапсырмаларды электронды пошта, мессенджер, Kundelik.kz арқылы жіберу. Тапсырмаларды оқыту платформаларына (Google Classroom) орналастыру. Онлайн оқулықтар, Watsapp.*

Мүмкіндіктері

Синхронды оқыту

+ мұғалімнің жедел кері байланыс беру мүмкіндігі – оқушыларда қиындық туғызған мәселелер бойынша бірден түсініктеме беруге болады;

+ топтық өзара әрекеттестікте оқуды ұйымдастыру;

+ өзара қарым-қатынаста және бірлесе оқу дағдыларын дамыту;

+ оқушыларды өзара қарым-қатынас орнату арқылы оқуға ынталандыру.

Асинхронды оқыту

+ оқу кестесі мен тәртібінің икемділігі (оқуды басқа сабақтармен қатар жүзеге асыру мүмкіндігі);

+ оқу бағдарламасын өзіне ыңғайлы қарқынмен меңгеру мүмкіндігі;

+ оқу материалдарының кез келген уақытта қолжетімді болуы;

+ өзін-өзі ұйымдастыру және өз бетінше оқу дағдыларын дамыту.

Теледидар арқылы сабақ өткізу. «Балапан» және «Ел арна» телеарналары үздік мұғалімдердің әзірлеген сабақтарын ұсынды.

Арнайы мамандандырылған интернет –платформалар арқылы өткізілетін сабақтар.

Қашықтықтан оқытудың тиімді болуы оқушылардың түгелдей сабаққа қатысуымен қатар, интернеттің жоғары жылдамдығына және оқушының

әлеуметтік тұрмыс-жағдайына байланысты. Жоғарыда көрсетілген синхронды оқыту платформаларын таңдау үшін барлық оқушы гаджет, планшеттермен және жоғары интернет жылдамдығымен қамтамасыз етілуі керек. Бірақ ауылда тұратын көптеген отбасылар үшін бұндай мүмкіндіктерге қол жеткізу мүмкін болмай тұр. Бір үйден 4-5 бала оқитынын ескерсек, олар телефонды кезектесіп қолданып, әрқайсысы берілген тапсырмаларды өзіне ыңғайлы уақытта жауап беруді дұрыс санайды. Сол себепті, ҚР Білім және Ғылым министрлігімен бірлесе жұмыс жасайтын әртүрлі оқыту платформалары пайда болды. Bilim Land платформасының цифрлық білім беру ресурсы тегін қолжетімді болғандықтан, біздің мектебіміз осы платформаға жазылу арқасында тәлім алушылардың білімге қолжетімділігін толықтай қамтамасыз етіп отыр. Қызықты электрондық сабақтармен танысып болған соң тапсырмалар оңайдан-қиынға қарай құрылып оқушылардың қызығушылығын оятады. Сабаққа жауап беруде шектеу болмаған соң, қалып қалған сабақтарын кейін де жауап бере алады.

Үй жағдайында тиімді жұмыс жасау үшін оқушыда да мұғалімде де барлық жағдай жасалып, ноутбук Wi-Fi желісіне қосылып, кедергісіз жұмыс жасау керек. Мен сабақ беретін мектепте ата-аналардың талабымен оқушыларға сабақ өту уатсап желісі арқылы жүзеге асуда. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әсерлі болуы пән мұғаліміне де байланысты. Пән мұғалімі қазіргі заманғы ақпараттық және педогогикалық технологияны меңгеріп, оқушылармен бірге әртүрлі желілерде жұмыс жасап, қызықты сабақтар түсіре алатын дәрежеде болуы керек. Ауыл мұғалімдері үшін сабақ өтудегі тиімді желілердің бірі **Whatsapp** желісі. Сабақтар осы желі арқылы сабақ кестесіне сай уақытында жіберіліп отырылды. Әр тапсырманы жіберген уақытта тапсырма көлемі ескерілуі керек. Сарамандық жұмыс жасайтын кезде қауіпсіздік техникасы ескертіліп, тек үлкен адамдардың қадағалауымен ғана жұмыс жасауға болатыны қайталап айтылады. Тапсырмаларды орындау уақыты кешкі 20.00-ге дейін деп уақыт белгіленеді. (Бұл жерде көпшілік оқушылардың жеке гаджеттері жоқ екені ескерілуі керек.) Сабаққа қатыспай, жауап бермеген оқушылар болса сынып жетекшісіне ескерту керек. Алғаш қашықтықтан оқыту басталған кезде білім алушылардың жағдайына қарай оқушыларға сабақтардың видеотүсірілімін әзірлеп жіберіп отырдық. Оқушыларға тек тапсырмаларды ғана емес, сонымен қатар Қазақстандық басқа әріптестердің түсірген сабақтарын ютуб, телеграмм желілерінен алып оқушыларға сілтемесін жіберу арқылы таныстырдық. Оқушы өзіне қолайлы уақытта тапсырмаларды ашып жауап береді. Дәптерге жазбаша сұрақтарға жауап беріп оларды суретке түсіріп жіберіп отырады. Сонымен қатар, оқушылар үнемі кері байланыста болып, түсінбеген жерлерін қайталап сұрап отырады. Қашықтықтан оқыту басталған IVтоқсан уақытында көркем еңбек пәнінен 5-сынып оқушылары «Тағам әзірлеу» тақырыптарын өткен болатын. Оқушылар үй жағдайында өздерінің қолдарынан әзірлеген бутербродтарын шағын түсірілім етіп әзірлеп чатқа тастап отырды. Бұл түсірілімдерді көрген сыныптың басқа оқушылары да өздері жасаған , әзірлеген тағамдарын басқалармен бөлісуге асықты.

Сабаққа көп қолданылатын әдіс-тәсілдер қатарына дәптермен жұмыс жасауды ұсынамын. Оқулықта берілген тапсырмаларды тірек сызба, венн диаграммасы түрінде көрсетуге болады.

Келесі тәсіл аудио, бейне материалдар ұсыну. Өйткені оқушылар естігенінің 5⁰/о және көргенінің 20⁰/о есте сақтайды. Ол мұғалім тарапынан да оқушы жақтан да жақсы көрініс табады. Қашықтықтан оқыту кезінде байқағаным сыныпта көп сабаққа қатыса бермейтін оқушылардың белсенділігі болды. Тапсырмаларға ауызша жауап беру кезінде өз ойларыңды қосыңдар деген уақытта олар сабаққа үй жағдайында қызықты видеолар әзірлеп жіберіп отырды. «Визуалды өнерді» өткен кезде «-Өз жұмыстарыңмен таныстырыңдар, Не себепті бұл тақырыпты таңдап алдыңдар? - деген сұраққа өз ойларын жинақтап жақсы жауап берген. Осы жұмыстарын жинап «Иншот» бағдарламасымен бейнетүсірілім әзірлеп сыныптарының және мектептің чаттарына жіберіп отырдым.

Сабаққа көп қолданылатын әдіс-тәсілдер қатарына дәптермен жұмыс жасауды ұсынамын. Оқулықта берілген тапсырмаларды тірек сызба, венн диаграммасы түрінде көрсетуге сабақ тақырыбына байланысты презентация әзірлеп, оны оқушыларға ұсыну. Сабақ барысында өткізілетін сарамандық жұмысты 3-4 минуттық шағын бейнебаян жасап жіберсе оқушылар кез –келген уақытта ашып, түсінбеген жерлерін қайталап көре алады.

Оқушыларды бағалауда екі әдісті алдым.

1. «Білімленд» платформасына жауап бергенде оқушының жинаған балы шығып автоматты түрде бағаланады. Үй тапсырмасын білімлендке жүктегенде үй тапсырмасы бағаланады. «Көркем еңбек» пәнінде баға қоймауы себепті біз оқушыларға тек пікір білдіре аламыз.

10 балл жинағандарға Керемет!

9 балл жинағандарға Тамаша!

8 балл жинағандарға Жарайсың!

4-7 балл жинағандарға Жақсы

3- балл жинағандарға Талпын! Деген пікір жазылады. Оны өзім арнаған электрон журналға жазып. Сабақ күні аяқталғанда жіберіп отырамын.

2. Уатсапп желісі арқылы жіберген тапсырмаларды орындағанада оқушының мотивациясын арттыру үшін әртүрлі смайликтерді пайдаланамын. Тоқсанның соңында ең көп смайлик жинағандар деп мониторинг ұсынамын. Келесі тоқсанда оқушы көбірек тапсырмаларды орындауға ұмтылады.

Оқушылардың қашықтықтан оқу кезінде білімге ынтазарлығы төмендемес үшін жұмыстарын бағалауда әртүрлі стикерлерді пайдаланып, жіберген жұмыстарын ерекше сөздермен мадақтап отыру керек. Жас бала жас шыбық сияқты қалай исең солай өседі. Сондықтан, білім мен тәрбие бірге жүретінін естен шығармау керек.

Оқушыларға осы оқу жылында жоспарға сай өткізіліп жатқан сурет көрмелері мен қолөнер көрмелеріне өздері жіберген жұмыстарын бейнебаян етіп дайындап ұсындым. Өздерінің қолынан шыққан жұмыстары мен суреттерін көріп келесі байқауларға да қалмай қатысып жатыр.

Кез келген нәрсенің тиімді және тиімсіз жақтары болады. Сол сияқты қашықтықтан оқытудың тиімді жақтарына үздіксіз білім алу мен білімнің

барлық уақытта қол жетімділігін айтуға болады. Оқушылар білімге құлшынысын әртүрлі білім беру порталдарын пайдалану арқылы арттыруға болатынын білді. Әр түрлі сайыстарға қатысу қолжетімді болды, сонымен қатар сілтемелер арқылы өтіп басқа мұғалімдердің сабақтарына қатысып, ішінен ең үздігін таңдап білімін көтеруге мүмкіндік алды. Қашықтықтан оқыту барысында мұғалімдер де оқушылар да ақпараттық технологияларды меңгеріп, заман талабына сай білім беру мен білім алудың жаңа сатысына көтерілді десек те болады. Тек бұл жүйеде жұмыс жасау үшін ғаламтордың озық қосымшасы болу қажет.

2020 жылдың 8 сәуірінде Елбасы Н. Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» деген мақаласында: «Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді»

Қашықтықтан оқыту-оқушыдан қашықтықта болу емес, оқушыға бұрынғыдан да қатты жақындау.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. МАН 1-деңгей Астана-2012
2. Stepiк «Қашықтықтан оқытуды үйренемін»
3. Р.М Жуманова, «Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу процесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың ерекшеліктері» Шымкент «Өрлеу» БАҰО АҚФ-2018

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Акимбекова Н.Б.

Шардара ауданы, Сырбек Кәттебеков атындағы жалпы орта мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі

**«Бұған дейін жасалғандардың бәрін оданда жақсырақ етіп жасауға болады»
Генри Форд**

Кіріспе

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс- тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең

білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа

формасының бірі - қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту.

ҚО ұйымдастырудың үш түрлі формасы: онлайн (синхрондық), офлайн (асинхрондық), кең таралған үшінші түрі вебинар. Оқу үдерісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан- жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болу қажет. Білім саласындағы кез келген пән қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы,

нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық.

Көркем еңбек пәнінің басты мақсаты- оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның технологиялық мәдениетіне, яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп өндіруге бееімдеу болып табылады. Сондай- ақ оқушылардың техника мен технология әлемін зерттеп зерделеуін, кәсіптік іс- әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе алуын қарастырады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында:

«Негізгі мақсатымыз- Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі»- делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес білім беру өрісі қажет.

Негізгі бөлім.

Қазақстанда пандемияға байланысты төтенше жағдай жарияланды. Еліміздегі жоғары және арнайы орта білім беретін мемлекеттік және шағын жинақты мектептер қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Мектептер ағымдағы 6 сәуірден бастап ҚОЖ бойынша балаларға білім беру үдерісін бастады. «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанымен- тарихтағы ең ұлы істің бірі»- деген К.Д.Ушинский. Осы ұлы тұлғаның сөзін ісімізбен дәлелдейтін уақыт келді.

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып, педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылуда.

Видеосабактар қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн сабақ, бейне конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Қазіргі таңда оқушы тек білім тұтынушы емес, білімді өз бетімен оқып, меңгере алатындай жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы қажет.

Қашықтықтан білім беру саласыда жұмыс істейтін «**Bilimland**», «**Daryn.online**», «**Күнделік**», «**Zoom**» бағдарламалар ұсынылды. Өзінің жеке жұмыс жасап үйренуіне ұтымды- «**Bilimland**» бағдарламасы.

Қашықтан оқыту- бұл белгілі бір қашықтықта оқыту, яғни оқытушы мен оқушы бір- бірінен кеңістікпен алшақтатылған және оқу үрдісінің барлығы

немесе оның басым бөлігін қазігі ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырады.

Оқушылар қашықтан оқытуды карантин кезіндегі қызықты жаңа тәжірибе ретінде қабылдады. Тек тапсырмаларды ғана емес, бейнежазбаларға сілтемені қоса алады. Ал балалар үй тапсырмасын бұрынғы әдетпен дәптерге жазады. Жасаған жұмысын суретке түсіреді де, WhatsApp желісі арқылы жібереді. Қашықтықтан оқыту жүйесінің басты артықшылығының бірі- уақытты үнемдей алатын болдым. Осы үнемдеген уақытты өзімнің кәсіби деңгейім мен шеберлігімді арттыруға жұмсаймын. Сабақтың болуына көңіл аударамын. Сабақтың тақырыбына қарай қосымша тың мәліметтерді таныстырып, оқушылардың қызығушылығын оятуға және пікір алмасу ұйымдастыру арқылы олардың белсенділігін арттыруға тырысамын.

Біздің елімізде еңбекке үйрену Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс-қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған. Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады. Еңбек тәрбиесі- барлық тәрбиенің қайнар көзі.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне пайдасын тигізе алады. Көркем еңбек сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. Біздің негізгі ұстанымымыз: «Сөзден- іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қолөнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т.б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады. Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі- мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек. Сабақ- оқыту мен тәрбиелеудің негізгі формасы болып табылады. Сабақтың мәнді өтілуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Көркем еңбек пәні- математика, тарих, бейнелеу өнері пәндерімен тығыз байланысты. Оқу бағдарламасының маазмұны шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта көркемдік іс- әрекеттің конструктивті, бейнелеу, сәндік түрлері жүзеге асырылады. Көркем еңбек пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне назар аударамын. Жаңа технологияларды ойындық

технология, коммуникативтік, зерттеу технологиялары деп негізгі үш топқа бөліп қарастыруымызға болады.

Мысалы: 8-ші сыныпта «Этностильдегі бұйымдарды жасау» тақырыбында онлайн сабақ барысында қазақ халқының баспанасы, қазақ халқының ұлттық киімдері, зергерлік бұйымдары, салт- дәстүр, әдет- ғұрпы жайлы, ерекшелігі бойынша тапсырмалар бердім. Оқушылар сабақ барысында өздігімен іздене білуге, өз пікірлерін еркін жеткізе білуге дағдыланды. Ақпарат көздерінен деректер жинап, бір- бірімен мәлімет алмасты.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 6-шы сыныптарға «Тоқу өнері. Ілмек бізбен тоқу» тақырыбын өткенде қазақ халқына тән ежелден келе жатқан бұйымдарды тоқу әдістеріне (алаша, кілем, киімдер, тұтыну бұйымдары, т.б.) түсінік беріп, түрлі бейнероликтер арқылы таныстырылым жүргізіп отырдым. Әр өтілетін сабақ барысында міндетті түрде қауіпсіздік шараларын сақтауды ескертемін.

Онлайн сабақтың көркем еңбек сабағында тиімділігі WhatsApp желісі арқылы жіберген бейне роликтерді ашып, тапсырмаларды кез келген уақытта орындауға мүмкіндігі бар. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа қажетті материалдарды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдеді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау арқылы онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерудеміз. Мен өз тәжірибемде ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Ұлы ойшыл Уильям Уорд «Жай мұғалім- хабарлайды. Жақсы мұғалім- түсіндіреді. Керемет мұғалім- көрсетеді. Ұлы мұғалім- шабыттандырады»- деген екен. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғалімі жан-жақты болуы шарт деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу- қазіргі заман мұғалімінен күтіетін басты талап. Атақты педагог К.Д. Ушинскийдің: «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты құралынан айрылады»- деген сөзін жадымызда сақтасақ деймін.

Қорытынды.

2020 жылдың сәуірінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» мақаласында: «Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді»- деген. Алғашында барлығымызға яғни ұстазға да, оқушыға да, ата- анаға да қиын болды. Бірақ ұстаздарымыз өз існің шеберлері екенін дәлелдеді. Ұстаз мәртебесінің қашанда биік тұратындығы дәлелденіп жатыр.

Ұлт ұстазы, өткен ғасырдың қазақ руханиятының көшбасшысы болған Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны- мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі сондай болмақшы. Мектепке керегі- білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім»- деген екен. Арада бір ғасыр өтсе де, Алаш арысының сөздері өз қадірін жоғалтқан жоқ. Отанымыздағы барша балаға қашықтықтан білім беріп, тәрбие

тағлымын дарытып келе жатқан барша мұғалім қауымына қажырлы еңбектеріңіз жана берсін дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі /Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)

4. Журнал «Информатика негіздері».

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ташенова Гулнара Серикбаевна

**Қазығұрт ауданы, К.Әзірбаев атындағы жалпы орта мектебінің
көркем еңбек пәнінің мұғалімі**

Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез келген элеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

«Мұғалімдерге шынайы кері байланыс керек»-деп Билл Гейс айтқан болатын. Алайда оның ойынша АҚШ білім беру жүйесі Шанхай мектептерінен үлгі алуы тиіс. Қытайда әрбір мұғалім-мейлі тәжірибелі болсын, мейлі жас болсын –өз сабақтары мен әрекеттеріне кері байланыс алуға және өзгелерге беруге құқылы екен. Мұнда кері байланыс мұғалім кәсібінің ең маңызда бөлігі деп есептеледі.

Бүгінгі сіздердің алдарыңызда төмендегі сұрақтар бойынша ой бөліскім келеді:

- Кері байланыс дегеніміз не?
- Кері байланыс жүргізудің мақсаты;

- Кері байланыстың тиімді түрлері;

Бұл тақырып қазіргі кезде өте өзекті тақырыптардың бірі болып келеді.

Соңғы жылдарда кері байланысты орнату көптеген ғалымдардың назарында. Кез келген әлеуметтік ақпараттық қарым –қатынастың, сондай - ақ оқу үдерісінің қатысушылар арасындағы өзара қарым қатынастын тиімділігін дәлелелі ретінде кері байланыстың маңызы өте зор. Өйткені мұғалім де, оқушы да сабақ барысында екі жақты өзара іс-әрекеттің ұйымдастыру нәтижесінде дер кезінде кері байланыс алуға мұқтаж.

Кері байланыс дегеніміз не? Кері байланыс (ағылш. feedback) – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі. Көп жағдайда кері байланысты мұғалімдер сабақтың, соңында жазбаша түрде сабақтың өтуі, оқушының көңіл-күйі және оқушылардың ойын білу үшін ғана алатыны анықталған. Алайда кері байланыс дегеніміз не? Оның маңызы не екенін көбіне біле бермейміз және оған аса мән бере бермейді.

Сонымен кері байланыстың ережесі:

Ол мақсатқа жетелейтін нақты әрекет, ситуация, талас тудыратын сұрақтар мен мәселелер бойынша түсінік алу және түсінік беру үрдісі. Тиімді кері байланысты ұйымдастыру сапалы оқытудың негізі болып табылады.

Оқу үдерісінің барысы туралы түсінік қалыптастырудың бірден бір құралы, оқу міндеттері мен мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, мұғалімді оқушының жетістіктері мен қиындықтар туралы хабардар етеді.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақтың өн бойында жүргізіледі. Өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады. Қысқа мерзімді жоспарда сабақтың басында, сабақтың ортасында және сабақтың соңында кері байланыстың көрініс табуы:

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Оқушылармен сәлемдесу. Құндылықтарды еске түсіру.</p> <p>Өткен сабақты қайталау сұрақтары:</p> <p>СҚӨ дегеніміз не?</p> <p>Қандай заттарды СҚӨ бұйымдарына жатқызуға болады?</p> <p>Олар қандай материалдардан жасалынады?</p> <p>Ол заттарды сәндеу үшін қандай техникалар мен тәсілдер қолданылады?</p> <p>Кестелеу қолданылады ма?</p>

	Оқушылар жауап беріп, бүгінгі сабақтың тақырыбы кестелеу өнеріне қатысты екендігін аңғаруы мүмкін.
Сабақтың ортасы	<p>Оқушыларды жаңа тақырып пен оқу мақсаттарымен таныстыру. Бүгінгі сабақтағы іс-әрекеттерін атап шығу.</p> <p>Жаңа тақырыпты меңгеру үшін оқушыларға қол тігістері (көктеу, торлау, қайып тігу т.б.) және көркемдік кесте түрлері (баспа, тығыз, айқас кесте, біз/тамбурлы кесте және т.б.), материалдар (мата және жіптер: ирис, мулине, жүн және мақта жіптері) және кестелеуге арналған құралдармен (ине, қайшы, кергіш, оймақ), сонымен қатар, қазақтың ұлттық кесте өнерінің ерекшелігімен және кестемен бұйымдарды безендіру тәсілдерімен таныстыратын бейнеролик көрсету.</p> <p>Сұрақтарды талқылау арқылы әңгіме ұйымдастыру:</p> <p>Сәндік-қолданбалы өнердің қандай түрлері бейнероликте көрсетілді?</p> <p>Ол туындылар қалай аталады?</p> <p>Орындалу тәсілдері жайлы не айтып бере аласыздар?</p> <p>Берілген бұйымдарды безендіруге қандай композициялық тәсілдер мен әдістер қолданылған?</p> <p>Бұйымды жасау үшін қандай материалдар қолданылған?</p> <p>Көркемдік кесте түрлері қалай және қай жерде қолданылуы мүмкін?</p> <p>Сіздердің араларыңызда сәндік-қолданбалы өнермен айналысатын оқушылар бар ма?</p> <p>Әңгімелесу барысында оқушылар бір-бірімен кері байланысқа түседі.</p> <p>Оқушыларға кестеленген бұйымдар ұсынылады. Бұйым бойынша қысқаша мәліметтерді сурет дәптерлеріне жазу. Осы арқылы оқушылар заттарды сипаттау бойынша алғашқы дағдыларын дамытады.</p> <p>Практикалық тапсырма № 1.</p> <p>Бұйымды көркемдік кестемен безендіру үшін композиция құрастыру. Нобай.</p> <p>Жұмыстың бірінші кезеңінде оқушылар алдыңғы композиция жайлы білімдерін қолданып, болашақ бұйымға арналған кестенің нобайын орындайды.</p>
Сабақтың соңы	Сабақ соңында оқушылар өздерінің нобайларын бір-біріне көрсетіп, бағалайды, ұсыныстар жасайды. Орындалған жұмыстар мен оқушылардың іс-әрекеті бойынша кері байланыс пен ұсыныстар беру.

Онлайн білім беру әлемінде оқушыларға асинхронды немесе синхронды жүйеде кері байланыс беру жолдары. Асинхронды оқыту – қажетті онлайн-ресурстармен өздігінен оқуға негізделген оқушыға бағытталған оқытуды қамтиды. Бұл жағдайда электронды пошта, электронды курстар, онлайн

форумдар, аудио-бейнежазбалар сияқты технологиялар қолданылады. Синхронды оқыту – виртуалды сыныпқа ұқсас, бір уақытта оқумен айналысатын оқушылар тобын қамтиды. Оқытудың бұлт үрінде оқушы мен оқытушы бір уақытта бір жерде болады. Ол үшін топтық сөйлесулер, веб-семинарлар, бейнеконференциялар сияқты мультимедиялық компоненттер қолданылады. Синхронды, асинхронды немесе коммуникациялық тәсілдердің жиынтығына сүйенетін мұғалім оқушыларға білім беру тәжірибесінен көп нәрсе алу үшін анық, жиі және тиімді қарым-қатынас жасауы керек.

Видеоконференция арқылы да кері байланыс жасау өте тиімді. Онда оқушымен бетпе-бет оқыту арқылы қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді.

Қашықтан оқыту кезіндегі ата-ананың рөлі де аса құнды екеніне назар аударуымыз керек. Себебі: ата-ана қадағалаушы, қолдаушы және қорғаушы. Қашықтан оқытуда, бала ата-ана мен ұстаздың қолдауына, көмегіне қаншалықты зәру болса, ата –ана мен ұстаздар да бір- бірімен тығыз байланыста болу керектігін ескереміз. Кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін-өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат.

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн:

- кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту;

- кері байланыстың субъективті болатынын ескеру;

- кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету;

Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Кері байланыстан күтілетін нәтижелер:

- мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады;

- оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтайды және алға жылжуға ықпал етеді;

- оқушы тек бағалауды ғана емес, өз жұмысынан хабардар бола отырып, оқуға қызығушылығын арттырады;

- мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталады;

Қорыта келе , қашықтықтан оқыту барысында кері байланыстың рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға септігі зор деп ойлаймын.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012 жыл
2. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013
- 3.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл
4. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
5. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
6. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы
7. Қазақтың кесте өнері, Алматыкітап баспасы – 2009 жыл
8. Көркем еңбек (қыз балаларға арналған) «Келешек-2030» 2017 жыл
Р.Ш.Алимсаева, И.А.Развенкова, Н.А.Якупова, О.С.Лосенко, Е.Е.Велкер.

ЖАҢА БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Абдыраманова Айсара Аширбекқызы
Түлкібас ауданы**

Біздің мемлекетіміздің жаңартылған білім беру қашықтығына енуі кезінде білім беру парадигмасы өзгертіліп, жаңартылған мемлекеттік модель қалыптасты, болашақ ұрпағымызды жетілдіру үшін педагогикалық құрамның сапасын арттыруға болады, дүниетанымын өзгертуге, дамытуға болады.

Бағдарланған оқу жүйесінің сапасын арттырудың жаңартылған әдістерін ашуға бейім мұғалімдер олар тәжірибеде жаңа оқытуды қолданғаннан кейін кері байланыс нәтижесін көреді. «Жаңартылған білім маманы болу-білім берудегі ең үлкен проблемалардың бірі. Мұғалім-зерттеуші және түбегейлі тәлімгер жаңартылған мұғалімі ретінде білім беру үдерісін реформалап, білім беруді модификациялаудың басты тұлғалары болып көрінеді. Нәтижеге бағытталған білім беруді орнатуда мұғалімнің жоғары сыныпты құзыреттілігінің абстрактілі негіздерін анықтау үшін осы терминнің маңызы мен анықтамасына тоқтала кетсек. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі сауаттыларды бірауыздан зерттеу, жоғары сыныптық шеберлікті дамыту барысында екі ұғым қолданылады. Олар: құзыреттілік пен құзыреттік ұғымы болып табылады. Біріншісі белгілі бір жоғары дәрежелі іс-әрекетке, «мәселені, беделді түсінуге», екіншісі - «адамның, ұйымның мәселелерді шешу, әрекет ету, белгілі бір себептермен бір нәрсе жасау өкілеттілігінің аясымен үйлеседі. « Әдістемелік терминдік сөздігінде: «құзыреттілік дегеніміз - бұл пәнді оқыту барысында анықталатын білім, білік және дағдылардың және кез-келген функцияны орындау қабілетінің жиынтығы». Ерекше білімді технология мен шеберлікке негізделген жұмыс жаңашылдыққа кепіл бола алады. Сондықтан мұғалімдердің біліктілігін арттыруда мұғалімдердің белсенділігін қайта құру өте маңызды. Жоғары сынып құзыреттілігі тақырыбын зерттейтін ғалымдардың көзқарастарын түбегейлі талдау нәтижеге бағытталған оқыту жағдайында мұғалім құзыреттілігінің үш аспектісінде бейнеленуі

мүмкін. Ол үш аспектке мыналарды жатқызады: мәндік, проблемалық–практикалық, коммуникативтік аспект.

Мәндік аспект, басқаша айтқанда, жағдайды ұсыну, оны түсіну және осыған деген көзқарас, осы жағдайда нәтижеге бағытталған оқыту беделі абстрактілі негіз болып көрінеді.

Мұғалімнің іске асырудың мақсаты, міндеттері мен әдістері бейнеленген проблемалық және практикалық аспект.

Коммуникативті аспект, кейбіреулері мұғалімге осы процесті, жағдайлық қатынастар мен өзара әрекеттесуді кепілдендіреді.

Құзыреттілік дегеніміз – білім алушыларды оқытуда жоғары құрылымдық бейімділікті, алынған ақпарат пен дағдыларды практикаға бейімдеу өнерін, есептер шығару шеберлігін орнататын жаңадан пайда болған сапа. Шағын жинақты мектептердегі мұғалімдердің контекстінде дәл осы жерде кіріктірілген сыныптарда оқытудың қиындықтары туралы нақты тұжырымдар табылуы мүмкін. Құзыреттіліктің өзін бөліп көрсетуге болады: арнайы, әлеуметтік, пәндік, ақпараттық құзыреттілік.

Мұғалімнің сапалы да тиімді нәтижеге бағытталған білім берудегі дайындығы: арнайы құзыреттілік дегеніміз - жоғары деңгейге жету үшін жоғары деңгейдегі тиімділікті пайдалану және одан кейінгі деңгейдегі дамуын жоспарлау қабілеті. Мұғалім жаңа оқытуды енгізу бойынша жеке инновациялық технологияларды қолданады, оқушылардың мүмкіндіктері, қабылдау деңгейі арқылы, жеке зерттеулері арқылы тексереді, Осының барлығымен олар психологиялық-педагогикалық білімін арттырумен қатар, өз жұмысында өз білімі туралы сұраққа жауап беруге бейім болуы керек.

Әлеуметтік құзыреттілік- бұл жоғары деңгейдегі корпоративті іс-әрекеттерді жүзеге асыру, командада, топта әрекет ету және жоғары деңгейлі коммуникациялық технологияларды қолдану өнері. Басқаша айтқанда, мұғалім тәрбиеленушілермен жылдар бойы және баланың ішкі өсуінен кейін рухани дамуы мен өсуіне байланысты стратегиясымен алмастырып отыру керек. Топтық әрекетке, оның ішінде жеке тұлғаны дамытуға дайындалған адамдардың дарындылығына аздап мұқият назар аударған жөн.

Пәндік құзыреттілікке тоқталсақ, бұл дегеніміз - оқу іс-әрекетінің белгілі бір төзімділігіне байланысты білім, білік және дағдылардың жиынтығы. Оқыту және әлеуметтік психология негіздерін бейімдеу өнері. Мұғалім жасына байланысты жұмыс мәселесін қарастыру керек .

Ақпараттық құзыреттілік бұл арнайы көңіл бөлуді қажет етеді. Ақпараттық қатынас технологиясының білуі кез-келген маманнан сұралатындай, тығыз байланысты. Ақпараттық ресурс көзі - ақпараттың жиынтығы мультимедиялық, электрондық, корпоративті ақпараттық технологияларды иеленуге керек.

Мұғалімнің жоғары деңгейдегі құзыреттілігін қалыптастыру арқылы оқыту үрдісінің ұйымдастырудың жалпы міндеттері мыналар:

- білім кеңістігін кеңейту және тіл дамыту арқылы құруды ынталандыру;
- Корпоративті қарым-қатынас мәдениетін дамыту, белгілі бір монолитті оқу процесін құру;
- Білім алушыны қолдау, жағымды эмоционалды сфераны ұйымдастыру және білім алушылардың эксперименттік тиімділігін арттыруы;

- ақпараттық орта құру, бағыт-бағдар беру және білім берудің конференцияларын құру арқылы психиканы қалыптастыру.

Осы мәліметтерді жүзеге асыруда орта мектептердің білім беру барысындағы жалпы міндеттеріміз қазіргі кезде жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытумен, қайырымдылықпен, сүйіспеншілікпен, ішкі адамгершілікті қалыптастырумен, озық оқытуды еркін енгізумен ұштасып жатыр. Оқытудың схемалары мен оқытудың белсенді технологиялары білім берудегі қазіргі құзыреттілік қағидатын іске асырудың құралы ретінде мамандандырылған кеңістікті ұсынады. Жақсы ұйымдастырылған ұсақ тіршілік иесінің бүгінгі жағдайға қатынасының жалпы белгісі – білім алушының өзін-өзі тәрбиелеуге деген талпынысын орнату.

Мұғалімнің басты міндеті- білім алушыны білімге және шығармашылық қызметке, ізденіске баулу. Оқыту қасиеті мұғалімнің аккредитивтен кейін материалдарды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және кез-келген білім алушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес материалдарды игерудегі жоғары деңгейдегі құзыреттілігі артады. Білім беру - бұл екі жақты процесс. Дәл осы жерде білім алушының ақыл-ойды, білімді, білік пен дағдыны дамытады, сондықтан нақты және ақпарат құзыреттіліктерін дамытады.

Мұғалімнің күш-жігерінің нәтижелерін зерттеу мен зерттеу нәтижелері бойынша нағыз мұғалім келесі сипаттамалармен сәйкес болуы керек. Басқаша айтқанда, мұғалім теорияны жетік біледі, тоқтаусыз іздейді, өз пәнін, психологиялық, оқу-әдістемелік білімін, мәдениетін үнемі жетілдіреді, қарым-қатынас жасай алады, өзін көпшілік алдында көрсете біледі, біліктілігі жоғары, тоқтаусыз оның жоғарылауын арттырады - ғылым негізі үшін символикалық түрде дамытылады.

Оның үстіне, ол өз ісінің маманы болып қана қоймай, мұғалім баламен жақсы қарым-қатынаста болумен, баланың көзқарасы мен пікірін тындап, қолдауға, тек өз тақырыбына ғана тоқталмай, сонымен қатар қоғамдағы өзгерістерді қарастыра білу де керек. Қазақтың жазушысы Мұхтар Әуезов «Ұстаздың үнемі жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп, ылғи соларды ғана оқытқаны дұрыс емес» деп айтқандай, өз ісінің маманы, тәжірибелі мұғалім тек үлгерімі жақсы баламен ғана жұмыс істеуі дұрыс емес, мінезі қиын немесе үлгерімі нашар білім алушымен де қарым-қатынас орнатып, жақсы жағына қарай тәрбиелеу керек.

Педагогтың құзыреттілігінің жалпы жағдайлары:

-Тұлғааралық және жұмысшы қарым-қатынас.

-Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, моральдық, эмоционалдық аспектілерін зерттеу.

-Қызметті жаңартылған жағдайға бейімдеуге, әкімшілік шешімдер қабылдауға дайындық.

-Жоғары деңгейлі практикалық тапсырмалар үшін спаррингтік қор.

-Белгілі бір жағдайға байланысты әр технологияны қолдану өнері.

-Іске асырылатын шешімдер қабылдау өнері.

Оқытудың жалпы нұсқауы – білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, еркін сөйлеуге, өз ойларын еркін және толық жеткізуге кеңес беру, толық шекарада білім алу үшін ой-өрістерін арттыру. Біз кез-келген білім

алушыны өз мүмкіндіктерінен тыс білім мен дағдыларды дамытуға шақыруымыз керек.

Қорытындылай келе, оқытуды жоспарлау кезінде мұғалімнің білімі, білуге құштарлығы, шеберлігі мен оқыту шеберлігі маңызды болып табылады. Мұғалім оқыту барысында балалардың көңіл-күйіне, зейініне, күш-жігеріне, олардың қызығушылығын тудырып, белсенділігін арттыруға, қарым-қатынас жасауға, білім алушыны шабыттандырып, қуат беруге, танымдық қабілеттерін жақсартуға міндетті.

Орыс тілі мұғалімі К.Ушинскийдің тұжырымына сәйкес, бүгінгі күн талабына сай, егер әр мұғалім күн сайын өз білімін жетілдіріп, сабақтарға бұрынғы монотонды емес, инновациялық схемаларды қолданса, сабақ мазмұнды, пайдалы және тиімді болатын еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1.К.Құдайбергенова.Құзырлық–тұлға дамуының сапалық критерий //«білімнің сапасын бағалау мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі»атты халықаралық ғылыми–практикалық конференция материалдары. 2008ж.]

[2.Б.А.Тұрғынбаева.Мұғалім шығармашылығын әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамытуы.:теория және тәжірибе //Алматы. 2005ж,174 б]

[3. ҚР-да білім беруді жүйесін дамытудың2005-2010жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//Астана .2004ж]

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Сандыбаева Лаззат Аманбаевна

Түркістан қаласы, Сейфуллин атындағы №4 мектеп-лицейі.

Көркем еңбек пәнін оқытуда-еңбек етудің алғы шарттарын үйрену арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында,оқушыларға берілетін тәлім –тәрбие үрдісін жетілдіру,адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жүктейді.Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызыметке,кәсіпке даярлау,үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізі мақсатымыз-Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі»делінген.Сол себепті,әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті-еңбек екенін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті,әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән

«Еңбекке баулу,Технология пәні»бүгінгі көркем еңбек оқу пәні үнемі жетілдіруде.

Біздің елімізде еңбекке үйрену-Ы.Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс-қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған.Оқушыларды кәсіпкерлікке,қазіргі заман талабына сай басқару,білу,ұйымдастыру,іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.Болашақ кәсіпкер:-өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;

-азаматтық нарыққа қатыса алады;

-өз өндірісінде жұмыс беруші,ұйымдастырушы;

-жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу

-мектептің материалдық-технологиялық базасына,аймақ ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау.

Ата-ана,ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп,жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет.Еңбек тәрбиесі-барлық тәрбиенің қайнар көзі.Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу,тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухына тәрбиелей аламыз.Өйткені,оқушыалған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып,оны өмірімен,өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана,өзінеде пайдасынтигізеалады.Технология сабағы арқылы оқушы іскерлікке,ұқыптылыққа,әдемілікті сезініп,қабылдауға үйретеміз.Біздің негізгі ұсынысымыз: «Сөзден –іске көшу».

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу,көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз.Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып,баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық,ұлттық,этикалық жәнет.б.бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады.Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне,өнерге,шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз.Оқушылар отбасында да тұрмыстың әртүрлі өнімді еңбегіне қатысады.Баланың бойындағы сапалық қасиеттері,еңбекке қызығушылығы,табиғатты қорғауы,ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру.Қазіргі кезде білімберу кеңестігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі-мектепке бағдарлау болып табылады.Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп,сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып,білім беріледі.Оқыту мәселелерін бастамас бұрын,жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.Сабақ-оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы.Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты.Инновация-оны жеке түсініп,оқу үрдесінде енгізу-оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты.Инновациялық әдіс –тәсілдерді енгізу жаңа білім берудің бірден бір шарты деп айттық.Саралап оқыту-оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі.-оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері менжаңа әдіс-тәсілдерін қолдану-сабақтарда пайдаланатын негізгі

әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалану т.б. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйретеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушымен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым қатынас арқасында ғана өз жемісін көреді. Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білу-оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі. Көркем еңбек пәні-география, бейнелеу өнері, тарих, музыка пәндерімен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі-қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі. Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдау және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту-халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан. Балаларды еңбекке тәрбиелеу-қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте қабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді. Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Еңбекке сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Өйткені, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады. Көркем еңбек сабағында жобалау әдісін қолдану. Жоба-әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе

экологиялық дәлелді түсінік хаттарда пайдаланылады. Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін. Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды. Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты тандап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіні ескерілді. Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.

2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады.

3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі-ақпаратты іздеу болып табылады.

4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы-нәтиже:

5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілділікке көз жеткізуі керек.

Жобаның түрлері:

Шығармашылық жоба

Ақпараттық жоба

Тәжірибелі бағдарланған жоба

Зерттеу жобасы

Шығармашылық жоба-әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, көркем еңбек пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс.

Шығармашылық жұмыстың көркем еңбек пәнінде алатын орны өте зор.

Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру, пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады. Оқытудың осындай идеяларын ұстанған сабақтарда оқушылар өз ойларын еркін айтатын болғандықтан, оларда түрлі пікірлер пайда болады. Олардың қандайда болмасын мүмкін қате немесе шала ойларын шыдамдылықпен тындап, оқушыларды сенімділікке бастау мұғалімнің басты міндеті. Шығармашылық жобаны іске асыру барысында қол жеткен жетістіктер.

-Сабақтан бос уақытта маңызды әлеуметтік шығармашылықпен айналысатын балалар санының өсуі;

-Ата-аналардың өз балаларының іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қатысуға қызығушылығының артуы;

-Баланы шығармашылық жұмыс істеуге дағдыландыруға бағытталған әр іс-шараның тәрбиелік мақсаттарға жетуі.;

-Ұйымдастырылған іс-шараның сапасы және жобаға қатысушылардың ынталандырылуы.

Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар білім алушыларды

еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Білім алушының ынтасын және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі.

Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа керекті материалдарды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын. Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Сабақ барысында ғаломтордан тақырыптық бейнекөріністер алып оған талдау жасау жұмыстарына үлкен мән беремін. Осы арқылы оқушылардың түсініктері бір жерде ғана тоқталып қалмайды. Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін еркін жеткізе білуге, бір-бірін тыңдай білумен, пікірлерімен санаса білуге дағдыланады. Қазіргі таңда АКТ-ны тиімді пайдалану оқушыларымызды мына қадамдарға бағыттайды. Оқушыны ғаломтормен тиімді жұмыс жасай білуге бағыттайды. Оқушының өзіне сенімін нығайтады және жұмыс жасай білу дағдысын қалыптастырады. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызыметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Әрбір пән мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кіріктіру сабақтарын кеңінен қолдану қажет. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс-жүзінде қолдана отырып, оны өнерімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде, ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады.

Қорыта келгенде Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандандырылуы болып табылады.

«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» - деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдылық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Сабақты жоспарға негіздеп, жаңашыл әдістермен жүргізу тиімді, яғни сабақты бір тип бойынша қалыптастыруға болмайды, оған заман талабына байланысты технологиялық әдістерді пайдаланып қызықты және жан-жақты тәсілмен өткізе алсақ, болашақ ұрпақтың білімді болатынына сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіғалиева. Ш «Мектептегі технология».
2. Кенжеахметұлы С «Алматы кітап»
3. Махамадиева М. Тәжімұратов Д «Шебердің қолы ортақ»

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА STEM-БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Кемешова Шынар

Бәйдібек ауданы, «Жамбыл» атындағы жалпы орта мектебі
көркем еңбек пәнінің мұғалімі

*Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін
өрістетудегі негізгі тұлға - мұғалім*

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді. Н.Ә. Назарбаев

Қазіргі қоғамда заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді. Білім берудің басым бағыттарының бірі оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру ғылым, техника, медицина, білім беру және мәдениет саласына негізгі әсерін тигізуі мүмкін.

Мектеп қабырғасында оқытуда бағдарламаға біршама өзгерістер мен жарқын болашақ әкелетін салалар STEAM пәндерінің (Science, Technology, Engineering, Art and Mathematics) бірігуінде жатыр. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты ғылым салалары бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп, бір мағанамен атауға болады.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Ол оқушылардың ХХІ-ші ғасырда табысқа мен бәсекеге қабілеттіліктің қажет негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған.

STEM- білім беру инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. Ол оқушының сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық және АКТ бағдарламаларымен, топпен

жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және креативті және жаңашыл көзқарас, білім алу мен мамандықты меңгеруді жалғасуына өз үлесін қосады

STEM – оқушының білімін дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. Қазір бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны және технология,көркем еңбек пәніне тиімдісі STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика)

Қазіргі кезде STEAM-білім беру жүзеге асуда . Бұл 2016-2019 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында STEAM мән-мәтінінде көрсетілген орта білім мазмұнын жаңартуға көшудің дәлелі. Жаңа білім саясатын жүзеге асыру мақсатында жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, өнер және математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEAM элементтерін оқу бағдарламаларына қосу жоспарлануда. Қазіргі таңдағы білімге STEM ғана емес, STEAM қажет. Яғни STEM курсының пәндеріне А (Art) қосылады. Шығармашылықсыз жаңа ғылыми идеялар мен жаңалықтарды тудыру мүмкін емес. «Өндірушінің қозғалысы» деп аталатын қазіргі дәуірде әрі жасампаз, әрі тұтынушы адамның қабілетіне аса мән беру мәдени үрдіске айналуда.

STEAM-білім берудегі Arts (өнер) ұғымы – шығармашылық. Көркем өнер пәндерінің белсенділігі кез келген инновациялық мәселелерді шешуде жасампаз тұжырым ұсынуда, ал оның түйіні Arts-білім беруде жатыр.

STEAM-білім беруде өнердің түрлі бағыттарын қарауға болады:– кескіндеме, мүсін өнері, графика, музыка, әдебиет және поэзия, сол сияқты синтетикалық түрлері – театр, хореография, балет, кино, дизайн. STEAM-білім беру жүйесіне көркем шығармашылықты кіріктіру үшін қолданылатын негізгі оқыту әдісі – жобалау. Мысалы, жобалау және математикалық қабілеттері аса айқындалмаған балалар жобалауды эстетикалық жағынан жүзеге асыратын топқа көмектесе алады. Бұл технология бойынша жұмыстың маңызды ерекшелігі – жоба бойынша ұжымдық жұмыс түрінің ұйымдастырылуда.

Бұл жоба SAPR грация-330 бағдарламасы арқылы жүзеге асырылуда. Жалпы бұл бағдарламада дизайн, құрастыру және модельдеу, үлгілерді орналастыру, қажетті материал шығынын есептеу, бір киім үлгісін бірнеше үлгіде ,әр түрлі өлшемдерге өзгерту қарастырылған.

Жоба мақсаты: SAPR грация-330 бағдарламасы қолдану арқылы оқушыларды компьютерлік жобалау,модельдеу және дизайн қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

Жобаға қатысты оқулық тапсырмалары

- Оқушылар компьютерде жұмыс істеу кезіндегі компьютерлік жүйені құрайтын құрылғылардың мақсаты мен функцияларымен таныстыру;
- Негізгі бөлшектер мен үлгілерді жасау үшін бағдарламаның құралдарын және мүмкіндіктерін қалай пайдалану керектігін үйрету.

- Бұйымды модельдеу жүйелерімен таныс және модельдеу технологиялары туралы идеяны қалыптастыру;

Қойылатын талаптар-

Өлшем бойынша бұйым сызбасын құрастыру және модельдеуге үйрету.

- модельдеу арқылы есте сақтау, ойлау және, шығармашылық қиялын дамыту;

- АКТ тиімді қолдана білу мүмкіндігі артады.

- технологиялық сауаттылықты қалыптастыру;

- стратегиялық ойлауды дамыту;

Күтілетін нәтижелер

- SAPR грация бағдарламасында өлшем бойынша бұйым сызбасын дайындайды.

- Бұйым сызбасына өзгеріс енгізіп, модельдейді.

- Бұйым үлгілерін көлемді пішінде шығара біледі.

- Бұйым бөлшектерін өңдейді.

Технология пәнінде тігін бұйымдарының сызбасын құрастыруда STEAM оқытуды қолдану үлкен көмегін тигізеді, әрі қолайлы. Әсіресе тігін бұйымдардың сызбасын жобалау, құрастыру, модельдеу бағытында заманауи технологияларды қолдану, уақытты тиімді пайдаланып, жұмысты сапалы орындауға мүмкіншілік береді. Мысалы, оқушылар бұрын тігін бұйымының сызбасын құрастыруда көп уақыт жоғалтса, қазіргі кезде «Сапр Грация» 330 бағдарламасы негізінде алгоритм бойынша қажетті өлшемдерді нақтылай отырып, сызба құрастыруды және модельдеуді үйренеді. Бұл балаға болашақта алған білімін өмірде қолдануына үлкен мүмкіншілік береді.

Заман талабына сай заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Қазіргі уақытта ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, STEAM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады. Болжамдар бойынша STEAM сегментіндегі жұмыс орындары жұмыспен қамтудың басқа секторларымен салыстырғанда, алдағы он жылдықта екі есе қарқынмен өсуі мүмкін. Осыған орай, бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақ кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім шыны – білім сыры, танымдық, мәдени-рухани журналы, 2020.
2. Мұғалімнің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл»
3. «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас» Әліпбаева А.Қ
4. Көркем еңбек 5-сынып Көкшетау: Келешек 2030. И.А Развенкова, Н.А Якупова, О.С Лосенко, Е.Е Велькер.

ЗАМАНАУИ САБАҚ: ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

Раджапова Айнұр

Келес ауданы, Т. Бегманова ат ЖОМ мұғалімі.

XXI ғасыр ұстаз бейнесі қандай болмақ, ол өзгеруі тиіс пе? деген сауалға, әрине өзгеруі де, ізденуі де қажет дер едім. Әлемнің өзгеруімен қатар ұстаз да жан-жақты дамуы қажет.

Еліміздің көркеюі, білімді азаматтардың биік шыңына қол жетуіне бағыт беретін ұстаз еңбегі үлкен роль атқарады деп ойлаймын.

Атақты, ұлы тұлға Хариес өзінің «тәрбие болжамдары» кітабында баланың тәрбиесіне жеке тұлға ретінде қалыптасуына отбасына қарағанда құрбы-құрдастар арасындағы тәрбиенің ықпалы күшті деген. Ендеше мектеп қабырғасында оқушы тек білім ғана емес, мінез-құлқы мен жеке тұлға болып қалыптасуында маңызды орын деуге болады. Ал осы қалыпты ортаны құратын – ұстаз.

Қазіргі «ақпараттандыру заманында балаларға қалай білім беру керек?», «сабақта алған білімдері бәсекеге қабілетті тұлға болуға қалай көмектеседі?» сияқты проблемалар туындауда. Заманауи технологияларға жаппай компьютерлендіруге қарамастан, барлығының басында адам тұрады.

Ендеше, бүгінгі заманның мұғалімі қандай?

Мұғалім деген кім? Ол қандай болуы керек?

Оқытудың табысты болуы құзырлы мұғалімге тән белгілер (бас, қол, жүрек) болғанда ғана іске асады. Мұғалімнің жұмысын сапаға жеткізер үш көмекшіні Шульман өз кестесінде белгілеп нақтылап атап жазған.

Біріншіден «кәсіби түсінік» болуы міндетті, себебі жеке тұлғаны дамытуда оқушының жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім бере алуы қажет. Оқушыны өзін ойлаған деңгейге жеткізудегі зерттеудің тиімді жолын біліп, көре алу.

Екіншіден «оқытудың тәжірибелік дағдылары» іске асыру жолындағы өзгерістер мен түрлі идеяларды қолдану.

(әдіс-тәсілдер, ынталандыру, жоспарлау мен бағалау, қолайлы орта қалыптастыру)

Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек.

- қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну
- жаңашылдығы мен жаңалықты қабылдай білуі
- адами құндылықтарға сай бола отырып, бала бойына сіңіре білу.

Құзыреттілік – оқу нәтижесінде меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа.

Нәтижеге бағытталған сапалы білім беруде мұғалімінің құзыреттілігі:

Ақпараттық құзыреттілік – айрықша назар аударуды қажет етеді. Себебі, ақпараттық қарым – қатынас технологиясын игеру әр маманнан талап етіледі. Ақпараттық ресурс – ақпарат көзін алу мультимедиялық, электрондық, жалпы ақпараттық технологияларды меңгеруі тиіс. Педагог өзін жоғары деңгейде қалыптастырудың осындай құзыреттіліктерін игеру арқылы оқыту процесін ұйымдастырудағы негізгі мақсаттары:

- тілін дамыту арқылы шығармашылыққа баулу;
- нақты міндеттерін айқындап, ұжымдық қарым – қатынас мәдениетін дамыту;
- қолдау көрсетіп, жағымды психологиялық орта құрады, оқушының зерттеу белсенділігін арттырады.

Білім сапасы – мұғалімдер қызметінің сапасы. Ұстаз беделі, ең алдымен, оның жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық келбетіне байланысты екені анық. Егер «нені оқыту керек?» деген сауалға мемлекеттік білім беру стандарттары жауап беретін болса, «қалай оқыту керек?» дегенге жауапты тек мұғалімнің кәсіптік даярлығынан, жаңа технологияларды пайдалана білуінен, өзінің нақты мақсатын айқын көре алуынан және сол арқылы баланы әлемдік ақпараттық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыра білу шеберлігінен іздеу қажет.

Балалардың бойындағы барлық жақсыны көру, анықтау, еш назарсыз қалдырмау және өз-өздерін кемелдендіруге шабыттандыру. Ол үшін ең бірінші мұғалімнің ұстанымы мықты болу керек. Бұл нені білдіреді? Ұстаным -мұғалімнің көзқарасын өзгертіп, жаңа шешім қабылдай отырып, іс-әрекетке көшсе нәтижелі еңбек жасамақ.

Сабақта мұғалім емес, оқушының басты рольде болуы, оған мұғалім нақты білімді емес, білім алуға бағыт беруші, нұсқаушы ретінде болатындығы үлкен мәнге ие.

Білім беру сапасын арттыру жолында педагогикалық мониторинг жүргізу маңызды орын алады. Педагогикалық мониторинг-мұғалімнің кәсіптік деңгейін анықтап, қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы әлеуметтік және рухани өмірдің барлық салаларында болып жатқан жаһандық өзгерістер білім беру саласында өзекті болып табылады. Оның шешіміне адамзат ХХІ ғасырда қандай болатынына, қандай басымдықты таңдайтынына байланысты. Және бірінші кезектегі рөл мұғалімге тиесілі. Оның алдында әлемді, адамның табиғатын жаңаша ұғыну, таным процесін жандандыру міндеті тұр. Жас ұрпақтың санасының өзгеруі мұғалімге тәуелді. Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім берудің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру, білім беру мазмұнын өмірдің қазіргі жағдайларына бейімдеу міндеті тұр.

Білім беру мазмұнын жаңартудағы негізгі бағыт «Өмір бойы білім беру» концепциясынан «Өмір бойы білім беру» қажеттілігін түсінуге; тыңдаудан бастамашылыққа; білімнен құзыреттілікке көшу идеялары болып табылады. Осылайша, педагог білім парадигмасынан іс-әрекет парадигмасына шынайы ауысуды жобалаушы болуға тиіс.

Жаңа жаһандық шындық және педагогикалық қызметтегі Отандық білім берудегі түбегейлі өзгерістер педагогикалық білім беруді айтарлықтай

жаңғыртуды көздейді, өйткені жаңғырту, тарихтың өзі сияқты – жалғасып келе жатқан процесс. Қазақстандық білім беру жүйесінде жаңа идеялар мен жаңарулар арқылы өзінің ең жақсы болашағын құруға мүмкіндік бар.

Жаңартуға ішкі ұмтылу – педагогикалық дамудың негізгі принципі және мақсатты бағдар. Қазіргі білім берудің мақсатты бағдарлары ретінде болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінің субъектісі ретінде қалыптасуы, оның кәсіби санасының дамуы, рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу айқындалады.

Жаңа жаһандық шындық және педагогикалық қызметтегі Отандық білім берудегі түбегейлі өзгерістер педагогикалық білім беруді айтарлықтай жаңғыртуды көздейді, өйткені жаңғырту, тарихтың өзі сияқты – жалғасып келе жатқан процесс. Қазақстандық білім беру жүйесінде жаңа идеялар мен жаңарулар арқылы өзінің ең жақсы болашағын құруға мүмкіндік бар. Жаңартуға ішкі ұмтылу – педагогикалық дамудың негізгі принципі және мақсатты бағдар. Қазіргі білім берудің мақсатты бағдарлары ретінде болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінің субъектісі ретінде қалыптасуы, оның кәсіби санасының дамуы, рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу айқындалады.

Мен баяндамамды И.Канттың «Оларға үйрету емес, ойлануға үйрету» керек деген сөзімен аяқтаймын.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. [Ғаламтор желісінен алынған материалдар 2021ж]
2. [Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары – К.С.Құдайбергенова Алматы 2007ж]

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ АЛУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шалданбай Раушан Асқарқызы Ордабасы ауданы, Қ. Бектаев ат. ЖОМ

Бүгінгі таңда елімізде жалпы білім саласында тың өзгерістер орын алуда. Жаңа реформалар мен жаңалықтар жүзеге асырылуда. Демек, білім саласы озық әдістемемен толыққанды танысып, сол сияқты даму жолына түсуде. Ол үшін қазіргі заманға сай педагогтарды дайындау үшін түрлі курстық бағдарламалар, тренингтер, кәсіби сұхбаттар, семинарлар және түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді 21 ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген және осыны басшылыққа ала отырып қашықтан оқытуды қолға алған біраз жекеленген оқу орталықтары болмаса платформалардың болғанына қарамастан, қашықтықтан оқыту біздің елімізде коронавирус инфекциясының таралуы, яғни санитарлық эпидемиялық жағдайға байланысты туындап, жалпылама сипатқа көшкені мәлім. Бірақ, қашықтықтан оқыту тарихына зер салсақ, кейбіреулер алыстан білім беру туралы ойдың негізін салушы жазбаларын ғибадатханаларға жіберуді алғаш ойластырған апостол Павел деп есептейді. Тұрақты пошта

тасымал жүйесі қалыптасқан XVIII-XIX ғасырларда «корреспонденттік» білім беру дами бастап, оқушылар дәрістерді пошта арқылы алып, жауап ретінде оқытушыға сұрақтар мен тексеруге жазбаша тапсырмаларын жіберіп отырған. XIX ғасырдың соңында Еуропа, Канада, Австралия және Құрама Штаттар университеттерінде қашықтан білім беру бөлімдері бірінен кейін бірі ашыла бастады. Телевидение мен радионың пайда болуы оқушылар аудиториясын жүздеген есе арттырып, қашықтан оқыту әдістемесіне түзетулер енгізді. Соңғы уақыттарды біздің елімізде телеэкраннан, радиодан тікелей эфирде неше түрлі үйретуші бағдарламалар шыға бастады, бірақ та мұндай бағдарламаларда білім алушылармен кері байланыс болмады. Мендегі дереккөздерге сүйенсем, АҚШ-тың ірі 33 университеті талапкерлердің барлығын қашықтан білім беру бағдарламасы бойынша қабылдап, оқытады екен. Ал, Түркияда ЖОО студенттерінің жартысы ешқашан оқытушыларын көрмеген, ал Ұлыбританияда көптен бері оқушылар пәндердің жартысын үйден шықпай-ақ оқиды екен... Мәселен, дамыған елдерде араластырып отырып оқу «Blended Learning» әдісі жақсы дамыған екен. АҚШ-та 95%-дан астам мектептер осындай жүйемен оқытады. Ал ешқандай мектепсіз толығымен виртуалды оқыту 3 %-ға дейін жетеді екен. Сонымен, ғаламтор арқылы білім алу немесе e-learning өзінің тиімділігін әлдеқашан дәлелдеген. Әлемдегі миллиондаған адамдар білім алудың жаңа, заманауи әдісіне оң бағаларын да беріп үлгерген. Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары: Оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына әсер етеді. Қашықтықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады яғни, олардың ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігі артады. Керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын табады. Бақылау және тестік тапсырмаларды орындайды. Лабораториялық жұмыстардың орындалуын көреді. Әр түрлі қашықтықтан олимпиадаларға қатысады. Әр елде, қалада орналасқан оқушылардың қашықтықтан оқытуға қатысуы шығармашылық бірігуге және жарыса отырып, өз деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Мектептегі бәріне міндеттелген білімнен құтылу керек. Заманауи технологиялар ғасырында әр адам өзіне қажетті және қызықты нәрселермен айналып, өмірін мәнді де, сәнді өткізетін ғасырда өмір сүрудеміз. Бірнәрсеге қол жеткізгісі келген адам — оның амалын іздеп, табады. Ал оны қаламаған адам – түрлі сылтаулар ойлап табады. Дегенмен, бұл біздің өмірімізге біртіндеп енетін үрдіс.

Менің тәжірибемде кездесіп жатқан мәселелердің тиімді, тиімсіз жақтары: 1. Үйден оқитын оқушыма бұрын барып, келуге жолға аптасына 1 сағаттай уақытым кететін еді. Қазір мен қашықтан оқыту кезінде уақыт жоғалтпаймын. Бұл жағдайда жеке оқушымен сабақ өтетіндіктен, zoom -мен болсын, WhatsApp – та бейнеқоңырау шалу арқылы оқушының сабақты түсінген, түсінбегенін анықтап, тапсырманы орындай алғанына немесе орындай алмағанына көз жеткізіп, кері байланыс жасай аламын. Бұл жағынан маған ыңғайлы болуда.

2. Түгел сыныппен (сыныптарда 18-20 оқушы) сабақ өтуде мен көпшілік оқушылардың сабақты толыққанды түсінбей қалатындарына, тіптен сабақта

белсенді қатысып, тапсырмалар орындап отырған оқушының кейінірек ұқсас тапсырмаларды орындай алмағандарына куә болдым. Бұдан түйген ойым: біздің оқушылар қашықтан білім алуға дайын емес. Оның мен білетін себептері: – немқұрайлылық басым –бір үйде әр балада компьютер жоқ, көпшілігі тек смартфонмен қатысады. –үйде тыныш орта жоқ, сабақ кезінде назарлары басқада болады. – ата-аналары қастарында қадағалап отырулары мүмкін емес, жұмыста болғандықтан олар телефонмен, компьютер алдында ұзақ отырады. Интернет қолжетімді болғандықтан сабақты өздеріне қызықты басқа бағдарламаларға алмастырады, уақыттарын тиімді пайдалана алмайды. Үй тапсырмаларын уақытында орындай алмайды, соның салдарынан мұғаліммен кері байланыс түнге дейін жалғасады. Телеарна сабақтарын көруге уақыт таппайды Кейбіреулерінде не телефон, не интернет жоқ, болса да жылдамдығы өте төмен. Компьютер, телефоны заряды сабақ аяқталғанша жетпей жатады,себебі уақытылы, толық энергия көзіне қосылмаған. Қашықтықтан оқыту кезеңінде мұғалім мына жағдайларға назар аударуы қажет.

1.Тақырыпқа сай таңдалатын мәтін қысқа, нұсқа,түсінікті болуы шарт.Алынған тақырып баланы қызықтыра білсін.Оған қосымша материалды қайдан алуға болатынына қолданылатын сілтеме жасайды.

2.Мәтінді құрылымына,бөліктерге бөле отыра,түйіндеме жасау ескертіледі.

3.Сабақ үрдісінде сызбалар мен әр түрлі визуализациялар берілген тапсырманы жақсы түсініп,әрі есте сақтап меңгеру үшін ықпал етеді.

4.Оқу блоктары мен тапсырмалар көлемі мен күрделілігіне қарай тең дәрежеде болуы қажет.

5.Үй тапсырмасын тексеру кезінде оқушылардың қаншалықты тапсырманы толық,жартылай немесе орындамағаның қадағалап отыру.Түсінбеген жерлеріне көмектесіп,түсіндіріп жіберу.

6.Білімнің өзектілігі.Оқушының жаңа тақырыпқа деген қызығушылығын,ынтасын арттыру мақсатында бейнероликтерді,әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану.Өтілетін жаңа тақырыпты сұрақ ретінде дайындау.Оны толықтырып,әр деңгейде орындау оқушының ойлау деңгейіне,қабілетіне қарай,әркім өзінше пайымдайды.Оқушылар жаңа білімді игеруге икемделеді. 7.Жаңа білімді оқушы жалпыға бірдей қолжетімді ресурстарға орналасқан.Білім беру порталынан,не мұғалімнің әзірлеген ресурстарынан ала алады.Оқушылар жаңа материалды игеру кезеңінде өздеріне қандай талап қойылатынын,қандай білім мен практикалық дағдыларды тексеруді қажет ететінің білуі тиіс.Яғни,жаңа тақырыпты меңгеру кезінде оқушы өзіне нақты қандай міндет жүктелетінін сезіну керек.

8.Жаңа материалды жүйелеу,білім мазмұнын берілген тапсырмамен, интерактивті модельдермен,өзін-өзі тексеруге берілген сұрақтар мен байланыстыра білу – жаңа сабақты түсіну және оны қорытындылаудың алғашқы сынағы деп түсінуіміз керек.Оқушы осы кезеңді игере білсе,онда мұғалімнің еңбегінің еш кетпегені.

9.Жаңа тақырыпты игеру,жіберген қателерді талдап кіріккен итерактивті модельдер, оны түзету-тест,жауапты жинақтау арқылы жүзеге асады.Мұғалім тапсырманы тексеріп,оқушының жетістігі мен кемшілігін айтып отыруы қажет. Сонымен қатар,мұғалім қашықтықтан оқыту кезеңінде оқушылардың онлайн

сабаққа сыныптағыдай уақытылы қатысып отыруына ықпал етуі керек. Оқушы тапсырманы шама келгенше өз бетінше игеруге тырысуы тиіс. Олардың тапсырмаларын бақылау онлайн бағалау арқылы жүзеге асады. Оқушылардың жаңа материалды игеруі мен тапсырманы орындауына нақты уақыт беріледі. Себебі оқушы басқа сабақты да орындауы қажет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға тапсырма берді. Әкімдіктермен бірлесе отырып, мектептегі компьютерлерді оқушылар мен мұғалімдерге уақытша пайдалануға беру мәселелері қарастырылуда. Алайда, оқушыларға үйде интернеттің жетіспеушілігі жиі кездеседі. Біз оқулықты, баспа материалдары мен тапсырмаларды қолдана отырып, материалды зерттеу бойынша жұмысты ұйымдастыруымызға тура келеді. Әр балаға осы нұсқаулар бойынша тапсырма беруге тура келеді. Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесі қашықтықтан оқыту технологиясын кеңінен пайдалануда. Ғалымдардың пікірінше, қашықтықтан оқыту-оқушының білім алуға, ақпарат алуға деген құқығын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі ретінде білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндікке жол ашады.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады. Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың қолында болғандықтан, ең бастысы білімді, дарынды ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты құндылығымызға айналды. Ұстаз – зор тұлға ол күннің құдіретті сәулесі іспеттес. Барша шәкірттің тұла бойына білімінің биігін сыйлай отырып, қаншама жанның жүрегінен орын алатын, өз өмірін өзгенің болашағына арнайтын ақылдың тозбайтұғын асылы. Бойындағы бар білімі мен ақылы, арман мен мақсаттарын орындай жүріп, шәкірт жүрегіне мәңгі сақталатын бейне де осы – ұстаздікі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет). 2. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Алматы 2002ж. 3. Сайт: www.edu.gov.kz

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Алиева Тамара Серикбаевна
Түркістан облысы, Сарағаш ауданы М.Өтемісұлы жалпы орта
мектебінің технология пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары қашықтықтан білім алуда.

Қашықтықтан оқытудың негізгі мақсаттары:

- қашықтықтан білім беру оқушылардың әр саладағы білімін жетілдіру, толықтыру мүмкіндігіне ие бола алуы;

- әр түрлі білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша сапалы білім алу мүмкіндігіне қол жеткізу.

Қашықтықтан оқыту өз бетінше білім алуына байланысты ауқымы кең.

Қашықтықтан оқыту оқу материалдың негіз көлемін оқушыларға жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар тұтастығы, оқу үдерісінде оқушылар мен педагог арасындағы интерактивті байланыс, оқушыларға оқу үдерісінде, оқу материалды игеру барысында өзіндік жұмыс мүмкіндігін беру болып табылады.

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың түрлі формасы бар:

онлайн (синхрондық),

Синхрондық байланыс (Синхронная связь; synchronous link) — байланыс желісі бойынша мәліметгерді жоғары жылдамдықпен жеткізу. Мәліметтер блокпен беріледі және әрбір блоктың алдында желіге синхрондау символы түседі. Мәліметтерді жеткізу соңы арнайы символмен аяқталады

оффлайн (асинхрондық)

Асинхронды (Асинхронный; async) - әрбір нақты операцияны орындау алдыңғы операцияның аяқталғанын көрсететін сигналды қабылдағаннан кейін басталатын тізбектелген жұмыс режимі.

Вебинар. Вебинар - бұл вебинарманы ғаламторды ғаламторды аудиторияға - бүкіл әлемнен вебинардың көрермендері мен тыңдаушыларына қосу үшін Интернетті пайдаланатын веб-негізіндегі тікелей эфирге арналған бейне конференциясы. Хосттар өздерін көрсете алады, слайд-шоу немесе демонстрацияларға арналған компьютерлік экрандарға ауыса алады және тіпті басқа жерлерден келген қонақтарды вебинармен бірлесіп қабылдауға шақырады.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан зор. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендімейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жаңа буынның білікті мұғалімдері мен техникасының қажеттілігін анықтайтын мектепке, түлекке жаңа талаптар қойды. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың заманауи құралдарын пайдаланбай, заманауи ақпараттық қоғамның талаптарына жауап беретін оқу үдерісін болжау мүмкін емес.

Осы орайда қашықтықтан білім берудегі педагогке төмендегі кеңестерді ұсынамын:

Дайындалыңыз Ең алдымен, сіз өзіңіздің және оқушыларыңыздың қашықтықтан оқытудың сыныптағыдай маңызды екендігіне көз жеткізуіңіз керек, бірақ сіздің араңызда қашықтық болады. Оқушылар материалды өз бетінше зерделеуге мұқият болулары керек, бақылау олардың онлайн тапсырмаларын бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Оқушыларға материалды игеруге және тапсырмаларды орындауға арналған уақытты нақты анықтаңыз. Сізден басқа сіздің басқа әріптестеріңіз де онлайн режимінде жаттығулар жасайтындығын ұмытпаңыз, сондықтан балаларға оқу материалдарының көптігін жүктемеуге тырысыңыз.

Оқу платформасын таңдаңыз өте маңызды сәт. Материалды игеру сапасы білім мазмұны бар платформаға байланысты. Әрине, сіз балалар үшін Интернет-жаттығулар мен оқуға арналған әртүрлі интернет-ресурстарға сілтемелер жасай аласыз. Сіз сонымен қатар ашық құжаттарды пайдаланып мәтіндер мен тест формаларын өзіңіз жасай аласыз. Алайда, жаңа материалды зерттей отырып, оқытуды неғұрлым жан-жақты жүзеге асыру, оны жинақтау және тестілеу бір парадигмада тек білім беру порталының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар қашықтықтан оқыту нысанын таңдау керек. Егер сіз балаларды экранға жинай отырып, онлайн режимінде сабақ өткізгіңіз келсе, сіз онлайн-веб-жүйелерді немесе онлайн-журнал функциясын пайдаланып, жұмыс үстелін көрсетумен онлайн сабақтар өткізе аласыз (ұсынылатын оқу платформалары BilimLand; Kyndelik. Kz; Darin online).

Егер сіз асинхронды оқу режимін таңдасаңыз, онда сіз және сіздің оқушыларыңыз ресурстармен еркін режимде жұмыс жасайтын болсаңыз, сіз онлайн сабақтармен сәйкес платформаны таңдауыңыз керек

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен кері байланыс ең маңызды болып табылады. Тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарына толық қолжетімділіктің болуын және т.б. үнемі бақылау қажет. Электрондық күнделікте топтық хабарламаларды қолдануды ұсынамыз. Сондай-ақ, сіздер осы мақсатта оқушылар арасында танымал болған мессенджерді (Whatsapp және т.б.), тіпті әлеуметтік желілердің ресурстарын пайдалануға құқығыңыз бар.

Қашықтықтан сабақ өзінің құрылымындағы (дидактикалық бөлім) күндізгі сабақпен бірдей болатындығын есте сақтау қажет, атап айтқанда:

Ұйымдастыру сәті және міндеттер мен мақсаттардың құрылымы - оқушыларға материалды игеру уақыты, сабақ кестесі және т.б. көрсетілген нақты тапсырмалармен анықталады. Ұй тапсырмасын тексеру - оқушылардың жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жалпы шолу, қиын сәттерді түсіндіру және т.б.

Білімнің өзектілігі - жаңа материалды - бейнероликтерді, оқу тапсырмасын оқуға деген ынтасын арттыру үшін түрлі әдістерді қолдану. Егер сіз бұл кезеңді сыныппен бір уақытта жұмыс түрінде өткізгіңіз келсе - бұл маңызды емес, сіз сұрақтардың жауабын талап етпей жай ғана жариялай аласыз, өйткені олар өздері баланы жаңа білім беру тапсырмасына дайындайды.

Жаңа білімді игеру - бұл жалпыға қолжетімді ресурстарға орналастырылған білім беру порталдарының немесе мұғалімнің әзірлемелерінің ресурстарын пайдалану. Алайда, материалды оқымас бұрын оқушылар олардан не талап етілетіндігін нақты білуі керек, оған не назар аудару керек, қандай білім және практикалық дағдылар тексерілетінін көрсету қажет; тұтастай алғанда, оқушыларға жаңа материалды өз бетінше зерттеу алдында міндеттер нақты қойылуы керек мысалы, әр баланың қолөнер шығармашылық жұмыстарын жинақтау, бейнеролик жасап ұсыну.

Пәндердің нақтылықпен және өзекті проблемалармен байланысынан бөлек, бұл әдіс оқушының шығармашылығына мүмкіндік береді. Оқушылардың жобалық қызметі бұл тәсілде шешілуі тиіс бірқатар міндеттерді қояды. Жалғыз дұрыс шешім жоқ, оқушыға толық шығармашылық еркіндік беріледі. Осындай тапсырмалар арқылы бала қызықты идеяларды жасап қана қоймай, оларды бірден іске асырады. Осылайша, ол алға қойған міндеттер мен қолда бар ресурстарды негізге ала отырып, өз қызметін жоспарлауды үйренеді, бұл міндетті түрде оған шынайы өмірде қажет болады.

Білім беру мазмұны туралы - жаңа материалды зерттеуді ұйымдастыратын материалдар туралы айтатын болсам, өзіңізді оқушының орнына қойыңыз және барлық мұғалімдердің онлайн-тренингке жаппай көшуі жағдайында оған қанша жұмыс түсетінін елестетіп көріңіз. Осыған байланысты сізден жұмыста пайдаланатын материалдардың сапасына сыни тұрғыдан қарауыңыз қажет. Егер баланың тақырыбы қызықтыратын болса, қосымша материалдардың болуы туралы ескертулер жасаңыз, баланы қызықтыратын бөліктерге бөлу керек. Инфографика бар мәтіндерді қолданыңыз - сызбалар және басқа визуализациялар материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға мүмкіндік

береді. Тапсырмалар мен оқу блоктары көлемі мен күрделілігі бала деңгейіне қарай теңестірілуі қажет.

Сандық білім беру ресурстарын пайдалануың тиімді жақтары:

- білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етеді, білім берудің қазіргі заманғы нысандарына назар аударады, жоғары белсенділік, оқушылардың оқу тәуелсіздігін арттырады.

- оқушылардың жасын, психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын және студенттің мәдени тәжірибесіндегі айырмашылықтарды түсінеді.

- түрлі нысандарда ұсынылған ақпаратпен жұмыс жасауға бағытталған материалдар қамтылады (графика, кесте, әртүрлі жанрлардың композиттік және түпнұсқалық мәтіндері, бейне тізбегі және т.б.) меңгереді.

- оқушының осы пән бойынша білім мен дағдыға жинақталған тәжірибе негізінде өмірдегі (соның ішінде отбасылық) проблемаларын шешуге бағытталған оқу әрекеттерінің түрлерін түсініп ұсынады.

- тәуелсіз топтардың және жеке зерттеу жұмыстарының нысандарын, білім беру үрдісін жобалауды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін пайдалануға бағытталған білім беру қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Сондықтан білім беру ресурстарын және виртуалды зертханаларды пайдалану білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етеді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу арқылы оқу үрдісін жетілдіреді, орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде оқушылар функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Мектеп білімінің жаңартылған мазмұнына көшу оны жүзеге асыру, өз кезегінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын, олардың өмірлік және кәсіби болашағын, өз күшіне деген сенімділігін қалыптастырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Болашақ технологияларда, ал технологияның болашағы -жаңа форматтағы мұғалімдердің қолында

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)

4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ҚАШЫҚТАН ТИІМДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Омирбекова Улзинат Смановна

Қазығұрт ауданы Мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты

Елімізде білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген. Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесіне белгілі бір білім және жекеленген университеттер, мектептер, колледждер мен гимназиялар да кіреді.

Қашықтықтан оқыту жүйесі бұрында білім алушылардың тандауы бойынша әр түрлі себептермен жүзеге асырылып келген. Елімізде аты шулы індетке байланысты мұғалімдердің тосыннан жаппай түрде сабақ берудің дәстүрлі форматынан қашықтықтан оқыту жүйесіне көшуі ұстаздарға оңайға соққан жоқ. Басында әрине қиын болды. Сабақты қалай тиімді жүргізуге болады? Оқушыларға сабақты қалай түсіндіруге болады? сияқты сұрақтар барлығымызды мазалағаны рас. Ал қазіргі таңда бұл қиындықтарға қарамастан білім саласы өз ісін тоқтатпай қашықтықтан оқытуда барлық техника мен жаңа технологияларды қолдана отырып, білім алушыларға үздіксіз білім беруде. Еліміздің білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетовтің білім саласындағы әрбір шешімі оң нәтиже беруде. Күнделікті өткізіліп жатқан вебинарлар мен семинарлар, әр түрлі қиындықтармен олқылықтарды түзету барысында жасалынып жатқан іс-шаралардың барлығы да қашықтықтан әр түрлі платформалардың көмегімен іске асуда.

Ал мектеп оқушыларына келсек, олардың жас ерекшелігін, елді мекенде тұратынын, интернет желісімен техникаларды ескере отырып көптеген оқушыларға whatsApp желісі арқылы жұмыс жасау ыңғайлы болды. Дегенмен білімді елдің білікті ұстаздары, оқушыларға жан -жақты білім беру, олардың толыққанды білім алу барысында оқылықтарды болдырмау үшін, тығырықтан шығу жолдарын іздестіріп, әр түрлі платформада жұмыс жасай білді. Кейіннен өздерінің техникалық сауаттылығын арттырып, түрлі әдіс-тәсілдерді сабақта қолдана білді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында өзімнің жеке тәжірибеммен бөліскенді жөн көрдім. Қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың мүмкіндіктерін, интернет желісінің сапасын ескере отырып, барынша тиімді бағдарламаларды табуға тырыстым. Әр оқытушы өзінің білім алушыларына қандай платформада жұмыс жасау ыңғайлы екенін тандап алғаны дұрыс. Сол кезде ғана ол өзінің жұмысын жоспарлы түрде іске асыра алады деп ойлаймын.

Математика сабағын қашықтықтан оқыту оңай жұмыс емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Дегенмен стандартты орындау, оқушыға сапалы білім беруге міндеттіміз. Математика сабағын түсіндіру үшін әр мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануда. Бірі слайд жасап түсіндірсе, екіншісі WhatsApp желісі арқылы видео, аудио жіберіп жатты. Ал кейбіреулері білімленді платформасындағы дайын тапсырмаларды берсе, басқалары телесабақтар және маршруттық парақтармен жұмыс жасап жатты. Әрине бұл платформалардың

барлығын қолдана отырып оқушылардың білімін арттыру үшін жасаған ұстаздардың еңбегі ерен. Дегенмен оқушылар өз ұстаздарының бет бейнесін көріп дауысын есту оларға басқаша әсер қалдыратыны сөзсіз. Сондықтан мен **Zoom**- қосымшасы арқылы сабақ өтуді қолға алдым. Оны телефон, ноутбук , компьютерге жүткеп алу арқылы қолданады. Оның тегін және ақылы түрлері ұсынылады. Тегін жазылымының өзінде аз емес опциялар бар:

- 100 қатысушыға дейін арналған бейне конференция.
- 40 минуттық бейнежазба
- чат
- ақ тақта

Zoom өзінің қиын емес функцияларымен ерекшеленеді және қолдануға оңай болып табылады. Сабақтар Zoom алаңында өтеді. Оқушыларға сабақтың сілтемелерін ватсап мессенджері арқылы жіберіп отырады.

Google classroom - мұғалімдерге оқушылармен қарым қатынасты ұйымдастыруға, тапсырмалар мен сабақтарды өткізуді жеңілдетуге көмектесетін онлайн платформа. Бұл платформаны қолдану оқытушы үшін де, оқушы үшін де орын мен уақыт, жағдайды таңдамайтын бірден бір платформа ретінде қарастыруға болады, жазбаша тапсырма алмасуға өте ыңғайлы платформа. Google classroom интернет платформасын пайдалануды толықтай негіз етіп аламаса да, әрбір оқытушының білімді жеткізу, білім алушының қаншалықты деңгейде игергендігін тексеру және бағалау мақсатында осы платформада балама ретінде жұмыс жүргізуге болады. Оның көптеген функциялары бар. Соның ішінде кері байланыс құралы ретінде таптырмас интернет платформасы екенін айтуға болады. Сіз презентация, видеоматериал, қарастырылуы керек әдебиеттер сияқты барлық түсіндірме мәліметтеріңізді жүктеп қоя аласыз. Білім алушы кез келген уақытта онлайн, оффлайн режимде сол уақытта немесе кейін де мәліметтермен танысуына болады. Google classroom интернет платформасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп ойлаймын.

Қашықтықтан білім бері жүйесін іске асыру барысында көптеген интерактивті платформаларды зерттей отырып, математика пәні мұғалімі ретінде өз тәжірибемде қолданып жүрген **Idroo** онлайн интерактивті тақта платформасын ерекше атап айтқым келеді. Бұл тақтаның басқа да онлайн интерактивті тақталардан басты ерекшелігі математика сабағында қолдануға өте ыңғайлы екеніне көз жеткіздім. Оқушылармен бірлесе жұмыс жасау арқылы біз оқу үрдісін дұрыс ұйымдастырып , балаларға қажетті білім бере аламыз. Бұл онлайн интерактивті тақтаның негізгі артықшылықтары :

1. Тақтаның пайдаланушыларына кіру құқығын орнатуға болады.
2. Ішкі чат.
3. Мәтіндік блоктардың көрінісін реттеуге болады.
4. Математикалық тілді қолдануға болады.

Ешқандай қиындықсыз тіркеле аласыз. Көптеген математикалық кескіндерді, математикалық формулаларды жазуға өте ыңғайлы және онымен жұмыс жасау да оңай. Кері байланысты да тиімді жүргізуге болады. Алдымен idroo.com сайтына кіріп тіркелу қажет. Ақысыз түрде бес тақтаға дейін пайдалануға болады. Бұл мұғалім үшін толығымен жеткілікті. Тіркелу сәтті

аяқталған соң, таза тақта ашамыз, тақтаның 3 түрі болады: 1) clear board 2) old paper 3) squared paper. Математиктер үшін ең тиімдісі үшіншісі болып табылады. Ол тор көздерден тұрады. Тақтаның оң жақ жоғары бұрышындағы sharing батырмасын басу арқылы сілтемені өз оқушыларыңызға жіберу арқылы оларды шақыруыңызға болады. Олар сол сілтеме арқылы тіркеліп, бір мезетте өз мұғалімдерімен бірге бір тақтада жұмыс жасай алады. Бұл бағдарламада көптеген функциялар бар. Математикалық клеткалы парақ ашылады сол жерге кәдімгідей дәптерге жазғандай жазып, сызып тікелей жаңа сабақты үйретуге болады. Барлығы онлайн түрде көрініп тұрады. Өтілетін сабақты алдын ала жазып сілтеме жасап қоюға болады.

Idroo онлайн интерактивті тақтасы математика пәнін оқыту барысында функцияның графиктерін салуда, түрлендіруде, дайын материалды көрсету т.с.с қызметтер үшін өте ыңғайлы екеніне көз жеткіздім. Математика сабағын қашықтықтан оқытуда тиімді әрі қол жетімді бағдарламаларды қолданып, оқушылармен өз уақытында кері байланыс жасап отыру дұрыс деп санаймын. Қашықтықтан оқыту мен оқу барысында платформалар мен бағдарламаларды сауатты қолданудың арқасында оқушылардың техникалық, ақпараттық құзыреттілігі біршама артты. Сонымен қатар АКТ сауаттылықтары артып, әр түрлі ресурстармен жұмыс жасауға дағдыланды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі.
2. Ustaz_kz сайты
3. "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы.
4. Самеков М.Н, Избасаров Е.Х. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі-қашықтықтан оқыту технологиясы, Тараз қ.мақала.
5. Сапарова А.Ж, Жупболова У.Т. "Сабақтағы кері байланыстың тиімді тұстары" мақала.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық – III деңгей, (2016жыл).
7. Рефлексивті есептерді жазу және таныстырылым сөздерін дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар, Астана, (2013жыл).

МАТЕМАТИКАДА КЕЗДЕСЕТІН ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ЖАҒДАЯТТЫҚ ЕСЕПТЕР

Жуманова Гулназ

Балкибаев Ержан

Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған

мектеп- интернатының

математика пәні мұғалімдері

Мақалада талапкер оқушыларға жағдаяттық есептердің маңыздылығы көрсетіледі. Оқушылар үшін өзекті мәселерді шешуде және туындаған

жағдаяттарға сәйкес дербес әрекет ету туралы айтылады. Ең маңызды қаралатын мәселе сапалы білім, мәселені шешу және өз бетімен жұмыс жасап үйрену болып табылады. Қазіргі таңда оқушының өзін –өзі дамытуға, арналған теориялық білімдерін өмірмен байланыстыруға, оны қолдана білуге бағытталған жұмыстарға көңіл бөлінуде.

Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы қажет. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Жағдаяттық тапсырмалар- бұл өмірде кездесетін ситуацияларды шешуге қатысты пәндік білімін, біліктілігін, дағдысын жинақтап көрсету бейімділігі. Жағдайды түсіну, мәселерді шешу, дағдының белгілі біліктіліктің қалыптасуы мен қоса бірнеше құраушылар бар: ақпараттық көздері туралы хабардар болу, нақты іс-әрекетке қажетті біліктілік, теориялық және қолданбалы білім.

Жағдаяттық есептер- бірнеше функцияны қамтитын жас ұрпақты оқыту тәсілі. Жағдаяттық есептерді шешу бірнеше кезеңнен тұрады: арнаулы, актуализациялау, мәселелік, құрал таңдау, теориялы, нәтижелік, генерализациялық.

Әрқайсысына мінездеме берсек:

- Танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыру-жағдайға байланысты есептер оқушылардың физика пәнін мазмұнын меңгеруге ықпал етеді.

- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру- оқушылар өздігінен білім алуға мүмкіндік алады, өздерінің мүмкіндіктерін түрлі деңгейдегі тапсырмалар арқылы тексере алады, нәтиже есебін жүргізеді.

- Коррекциялық функциясы- кесте қорытындыны бағалап қана қоймай, коррекциялық рөлін атқара алады.

- Жағдаяттық есеп әңгіме түрінде де құрастырылады. Яғни шынайы өмірден алынады. Жағдаяттық есептерде әр түрлі ақпарат көздерінен алынған толық шынайы мәлімет болуы керек.

Өзара байланысқан есептер жүйесін қолданған өте ұтымды. Осы мәселелер жағдайға байланысты есептерді шешуде орындалады. Мысалдарға тоқталайық:

I. Мектепте тіл мерекесіне орай «Менің тілім- Бабам тілі» атты жас ақындар айтысы ұйымдастырылды. Айтысқа 10 ақын қатысты. Олардың алтауы ұл бала, төртеуі қыз бала.

1) Жеңген оқушының қыз бала болу ықтималдығын табыңыз

A)0,4 B)0,6 C)0,24 D)0,2 E)1

Шешуі: Жалпы айтысқа 10 ақын қатысты ($n = 10$). Оның ішіндегі қыз бала саны 4 ($m = 4$). Олай болса ықтималдықтың классикалық анықтамасы бойынша

$$P(A) = \frac{m}{n} = \frac{4}{10} = 0,4$$

2) Жеңген оқушының ұл бала болу ықтималдығын табыңыз

A)0,4 B)0,6 C)0,24 D)0,2 E)1

Шешуі: Жалпы айтысқа 10 ақын қатысты ($n = 10$). Оның ішіндегі ұл бала саны 6 ($m = 6$). Олай болса ықтималдықтың классикалық анықтамасы бойынша

$$P(A) = \frac{m}{n} = \frac{6}{10} = 0,6$$

3) Финалға шыққан екі жас ақынның әрқайсысының жақсы жыр айту ықтималдығы біріншісінікі 0,7, екіншісінікі 0,5. Кемінде бір жас ақынның жақсы жыр айту ықтималдығын табыңыз

А)0,2 В)0,4 С)0,85 Д)0,15 Е)1

Шешуі: Үйлесімді А және В оқиғаларының кемінде біреуінің пайда болу ықтималдығы $P(A+B)=P(A)+P(B)-P(A*B)$ формуласымен анықталады.
 $P=0,7+0,5-0,7*0,5=0,85$

4) Жүлдені 2 ұл бала мен 1 қыз балаға беру ықтималдығын табыңыз

А) $\frac{1}{3}$ В) $\frac{1}{4}$ С) $\frac{1}{5}$ Д) $\frac{1}{2}$ Е) $\frac{1}{7}$

Шешуі: 2ұл бала жүлделі болу $C_6^2 = \frac{6!}{2!(6-2)!} = 15$

1 қыз бала жүлделі болу саны $C_4^1 = \frac{4!}{1!(4-1)!} = 4$

Екеуі бірдей болу саны $15*4=60$. 2 ұл+1қыз=3 ақын жүлделі болу саны

$C_{10}^3 = \frac{10!}{3!(10-3)!} = 120$ $P(A) = \frac{60}{120} = 0,5$

5)Жүлдені 3 ұл бала мен 1 қыз балаға беру ықтималдығын табыңыз

А) $\frac{4}{21}$ В) $\frac{8}{21}$ С) $\frac{8}{21}$ Д) $\frac{2}{21}$ Е) $\frac{1}{21}$

Шешуі: 3ұл бала жүлделі болу саны $C_6^3 = \frac{6!}{3!(6-3)!} = 20$

1 қыз бала жүлделі болу саны $C_4^1 = \frac{4!}{1!(4-1)!} = 4$

Екеуі бірдей болу саны $20*4=80$. 3 ұл+1қыз=4 ақын жүлделі болу саны

$C_{10}^4 = \frac{10!}{4!(10-4)!} = 210$ $P(A) = \frac{80}{210} = \frac{8}{21}$

II. Елімізде көлік нөмірін жасау үшін ағылшынның 26 әрпінің 22 әрібі және 0,1,2,3,4,5,6,7,8,9 цифрлары қолданылады. Жеке азаматтардың көлік нөмірі үшін 3 цифр және 3 ағылшын әріпі, мемлекет орындарының нөмірлері үшін 3 цифр және 2 ағылшын әрпі қолданылады. Бірақ үш нөлі бар көлік нөмірі болмайды.

1) Алматы қаласына тіркелген мемлекет орындары көліктерінің нөмірлерінің цифрлары 0,1,2,3,4,5,6,7,8,9 қайталанбайтындай етіп жасаудың жолдары

А)720

В)14

С)21

Д)120

Е)49

Шешуі: Қайталанбайтындай етіп жасау үшін жүздік орындағы цифрды ондық пен бірлік орынға пайдалана алмаймыз. Онда жүздікке 10 цифрдың ала аламыз, ал ондыққа қалған 9 цифрдан аламыз, бірлікке екеуінен қалған 8 цифрдан аламыз $10*9*8=720$

2) Алматы қаласына тіркелген жеке азаматтардың көліктерінің нөмірлерінің цифрлары 0,1,2,3,4,5,6,7,8,9 цифрларын қолданудың неше тәсілі бар

A) **1000**

B) 999

C) 120

D) 1200

E) 10!

Шешуі: Бұл жерде қайталанбайтындай деген шарт берілген. Сондықтан цифрды қайталанатын деп қарастырамыз. Демек, әр орынға 10 цифрды пайдалана аламыз $10 \cdot 10 \cdot 10 = 1000$

3) Алматы қаласына тіркелген мемлекет орындарының көліктерінің әріптерін жасаудың тәсілдерінің санын табыңыз

A) 231

B) 462

C) **484**

D) 120

E) 22!

Шешуі: Мемлекет орындарының әріптер саны - 22. Орын саны - 2. Олай болса $22^2 = 484$

4) Алматы қаласына тіркелген жеке азаматтардың көліктерінің нөмірлерін жасау үшін ағылшын әріптері мен цифрлары қайталанбайтындай етіп неше тәсілмен топтастыруға болады

A) 10612

B) 180000

C) 22!

D) **6652800**

E) 484

Шешуі: Жеке азаматтар үшін 3 цифр, 3 әріп болу керек және қайталанбаса, онда цифрлар саны $10 \cdot 9 \cdot 8 = 720$. Ал әріптер $22 \cdot 21 \cdot 20 = 9240$. Енді топтастыру үшін $720 \cdot 9240 = 6652800$

5) Алматы қаласына тіркелген мемлекет орындарының көлік нөмірлерінің жасаудың тәсілдерінің санын табыңыз

A) 5318676

B) 9990

C) 10637352

D) 22!

E) **483516**

Шешуі: Мемлекет орындары үшін 3 цифр, 2 әріп болуы керек. Цифрлар қайталанса болады. Цифрлар саны $10 \cdot 10 \cdot 10 = 1000$. 000 қабылданбағандықтан $1000 - 1 = 999$. Әріптер $22 \cdot 22 = 484$. Онда жалпы нөмірлер саны $484 \cdot 999 = 483516$

Қорыта келе жағдаятты есептерді оқыту барысында қолдану оқушылардың қоршаған ортаны тануына мүмкіндік береді, зерттеу дағдыларын қалыптастыру қызметі негізінде жеке тұлға болып қалыптасуына, оқушы мен оқытушының бірігіп жұмыс істеуіне көмектеседі.

ОРТА БУЫН СЫНЫПТАРЫНДА МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУҒА БЕЙІМДЕУ

Ондыбаев Багдат Болатович
Н.Оңдасынов атындағы Түркістан
мамандандырылған мектеп-интернаты
математика пәні мұғалімі

Елбасының цифрлы Қазақстан Жолдауының жетінші бағытында «Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты ... жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды түрде кірістіруге көмектеседі» - деп көрсетілгендей, математика пәнін оқытуға және оқушылардың математикалық ойлауын дамытуға басым назар аударылып отыр. Қашықтан білім беруге көшу - коронавирустық инфекцияның таралуын азайтуға бағытталған шаралар аясында жүзеге асып жатқан шара. Өкінішке орай, басқа таңдау жоқ. Оқу процесі тоқтатылмауы тиіс.

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту. Қашықтан оқытудың тиімділігі оған енгізілген педагогикалық мағынамен анықталады, оның түсіндірулерінің ішінде екі түрлі көзқарасты бөліп көрсету керек. Біріншісі, бүгінгі күні кеңінен таралған, қашықтықтан оқыту арқылы мұғалім мен оқушы арасында ақпарат алмасуды білдіреді. Екінші тәсілде қашықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған оқушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді.


Қазіргі таңда оқушылардың әртүрлі білімдерін көтеру және оқушымен тұрақты байланыс орнату мақсатында жасалған интернет ресурстар мен құралдар жеткілікті. Дегенмен бұл ресурстардың басым көпшілігі математикаға бейімделмеген. Біз мұндай қиыншылықтан қалай шыға аламыз? Біз үйден интернет арқылы оқушыларға ресурстар мен тапсырмалар беріп, оның орындалуын бақылауды автоматтандыра аламыз. Біз қашықтықтан оқыту дегенді сырттай оқытумен шатастырмауымыз керек, және бұл үй жұмысы секілді күнделікті және үздіксіз процеске айнала алады.

Қашықтан оқытуға оқушыларды бейімдеуді жүзеге асыру үшін мұғалімге қажетті онлайн-құралдарға мысал келтірейік:

1. Ierningapps

Мұғалімдер оқушыға тесттің әртүрлі варианттарын ұсына алады. Тесттің 25-ке жуық түрі бар. Сәйкестендіру тесті, «Миллион кімге бұйырады?»,

кластарға жіктеу, көп дұрыс жауабы бар тест, «ат жарыс», т.б. ойын элементтері кірістірілген. Мұғалім алдын ала керекті ойындарын дайындап, сұрақтарын енгізіп қояды.



Керек уақытында сілтемесін алып оқушылардың чатына жіберуге болады, оқушылар сол чат арқылы кіріп ойын ойнап, тестке жауап беріп кете алады. (<https://learningapps.org/display?v=pgkykf56k20>)


Бұл платформаны әр түрлі мақсатта қолдана аламыз: қалыптастырушы бағалаудың жеке, жұптық, топтық түрлерінде, қашықтықта оқыту кезінде бөлім бойынша жиынтық бағалау алғанда және тоқсан бойынша жиынтық бағалау алғанда қатты көмектеседі.

2. zoom

Топтық бейнебайланыс бағдарламасы арқылы оқушыларға сабақтың түсінбеген тұстарын оқушылармен тікелей байланыс жасау арқылы жүзеге асыруға таптырмас құрал.

Бұл бағдарламаның тиімділігі оқушылардың бақылау, жүзбе жүз байланыса алу, чатта талқылау жасау, жеке –жеке топқа бөлу, қажет жағдайда экранды тақта ретінде немесе видеокөрсетілімдер үшін қолдану мүмкіндігі бар.

3. OnlineMekter платформасы.



Дәл қазіргі сәтте осы платформаның мұғалімге де оқушыға да өте үлкен қажеттілігі туындап отыр. Қашықта оқыту үшін арнайы ұйымдастырылған платформаның тиімді тұстары өте көп.

Сабақ кестесі

ДҮЙСЕНБІ СЕЙСЕНБІ СӘРСЕНБІ БЕЙСЕНБІ ЖҰМА ▶ Келесі апта

БҮГІН 01 ҚЫРКҮЙЕК [Сабақты қосу](#) [Пәнді қосу](#)

Пән	Сынып	Уақыт	Тақырып	Сабақ	Үй тапсырмасы
Геометрия	7 Г ҚАЗ	Еркін қатысу	Геометрияның негізгі ұғымдары	Көшу	Құру

Платформаға әркім өз аккаунтымен кіреді. Мектеп әкімшілігі мұғалім немесе оқушы мәртебесін беріп, алдын ала тіркейді. Мұғалім оқушыларға видео немесе басқа да ресурсты таратып, тақырыпқа сай тесттер құрастырып немесе платформадағы дайын тапсырмаларды орындауға бере алады. Сабақты жоспарлағанда не пайдаланатыныңызды алдын-ала дайындайсыз, оны платформада көрсетуіңіз керек.

САБАҚ **ЧАТ** МОНИТОРИНГ ВИДЕОКОНФЕРЕНЦИЯ

←

Геометрияның негізгі ұғымдары

0%

Сабаққа шолу

Геометрияның негізгі ұғымдары

Сабақтың қорытындысы

Сабаққа шолу

Сенің білетінің:

- планиметрияның негізгі фигураларын анықтау, сызу және белгілеу әдістері.

Сенің меңгеретінің:

- геометрияның негізгі фигураларын жазу және атау;
- геометриялық фигуралар мен олардың анықтамаларын ажырату.

Сабақтың мазмұны

- [Геометрияның негізгі ұғымдары](#)

Алға →

Активация Windows

Өтетін сабағыңызды оқушылар сол платформадан шықпай –ақ, чатта талқылай алады. Түсінбеген сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасуға арналған пікірлер алаңы бар.

Оқушылардың видеоның әр бөлімін қанша рет көргенін, қанша сұраққа дұрыс жауап бергенін бақылап отыра алады. Соңғы нәтиже бағалары да пән мұғаліміне көрініп тұрады. Қашықта оқытуда қалыптастырушы бағалау тоқсандық бағаның 25% құрағанын ескерсек, оқушының күнделікті ұпайларын күнделік.кз –ке енгізіп отыру қажеттілігі туындайды. Осы орайда онлайн-мектеп платформасындағы тапсырмалардың орындалу деңгейі мен алынған ұпайларын негізге аласыз.

Аты-жөні	Мәртебесі	Жаттығулар саны	Қорытынды баға	Баға	Әрекеттер
■ Мамадалиева Дана	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть
■ Хасенхан Қазына	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть
■ Файзулла Алина	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть
■ Файзулла Зарина	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть
■ Сұлтанбай Бекарыс	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть
■ Серікбай Рабия	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть
■ Нүрділлә Аяулым	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть
■ Қванышба Жамбыл	Бастамады	0	0%	-	Посмотреть

Егер сіздің өткелі жатқан тақыбырыңыз бойынша ресурстар жеткіліксіз деп тапсаңыз, сыныпты видеоконференцияға шақырып өзіңіз де түсіндірсеңіз болады.

Әрине, жаңа нәрсеге үйрену, комфорт аймағымыздан шыға қою әркімге оңай бола қоймайды. Бірақ, сеніңіз! Біз тынбай қимылдай бергенде ғана жұмысымыз алға басады. Оқушыдан бұрын қиыншылығын айтып өзіміз қорықсақ, ұстаз деген ізгі атымызға сын. Басында қиын болуы заңдылық екенін, оны тек қорықпай тізгіндеп көргенде ғана еңсеретінімізді біліңіз!

Қорыта келе, оқушылардың бірнеше ақпарат көздерінен ө/зекті ақпаратты таңдауға дағдыландыру қажет деген оймен, біз математика пәні мұғалімдерін жаңашылдыққа және үнемі ізденіске, қашықтықтан оқытуға бейімделуге шақырамыз. Алдағы қиын да қызық, ерекше креативпен басталып жатқан оқу жылымыз бәрімізге сәтті болсын, табысты болайық!

LIVEWORKSHEETS – ИНТЕРАКТИВТІ ЖҰМЫС ДИЗАЙНЕРІ

Тайжанова Динара, Әкімжанова Жайна

Түркістан қаласы, Нұртас Оңдасынов атындағы мамандандырылған мектеп- интернаты

Сіздерді интерактивті парақтардың ерекше дизайнерімен таныстырғымыз келеді. Әдетте, көптеген мұғалімдер интерактивті тапсырмалар мен тестілерді құрудың әлеуеті жоғары желілік қызметтермен жұмыс істейді. Бұл конструктордың артықшылығы – ол баспа парағының көрінісіне мүмкіндігінше жақын.

Авторлық-нәтижелі оқудың әдістемесі, сонымен қатар модульдік-редуктивті оқыту технологиясы оқушыларға арналған схемалар болды.


Әрине, көптеген мұғалімдерде осындай тапсырма карталары, жұмыс парақтары бар. Енді оларды жаңа цифрлық құралдар логикасына бағындырып, лақтырудың немесе түбегейлі өзгертудің қажеті жоқ.

Баспа дизайнын толыққанды интерактивті параққа айналдыруға мүмкіндік беретін және қолжетімді қызметті бар.

Қызметтің тікелей жұмыс кестесінің атауы (интерактивті жұмыс парағы) өздігінен көрінеді [1].

Бұл интерактивті жұмыс дизайнері «Liveworksheets» деп аталады. Бұл интерактивті жұмыс орнымен жұмыс жасаудың ең қажетті кезеңдері төменде көрсетілген.

- Кез-келген браузер арқылы «liveworksheets.com» сайтына өтіңіз. Экранға сайтқа тіркелу парағы шығады. Бос орындарды толтырып, тіркелеміз. (Сурет 1).



The image shows a registration form on the Liveworksheets website. It is divided into two columns: 'Необходимая информация:' (Required information) and 'Дополнительная информация (необязательно):' (Additional information (optional)).

Required information:

- Имя пользователя: Динара
- Пароль: [masked]
- Повторите пароль: [masked]
- Эл. адрес: ibko_5737@mail.ru
- Повторно отправить электронное письмо: ibko_5737@mail.ru
- Страна: Казахстан


Optional information:

- Полное имя: Динара Тайжанова
- Facebook: [empty]
- Twitter: [empty]
- Instagram: [empty]
- Веб-сайт или блог: [empty]
- Дата рождения: 30 / 03 / 1999 (например 31.06.1990)
- Больше о тебе: [empty]

At the bottom, there is a CAPTCHA 'Я не робот' and a checkbox 'Я прочитал и принимаю Условия использования'. A 'Зарегистрироваться' button is at the bottom center.

Сурет 1. Интерактивті жұмыс парағына тіркелу.

Интерактивті жұмыс парақтарын құру үшін Word мәтіндік редакторындағы жазбаларды, сондай-ақ PDF немесе JPEG кескіндерін пайдалануға болады. Тәжірибеден сізге PDF форматына ауыстырылған құжатты немесе суретті жүктеуге кеңес беремін. Аталған форматтағы белгілі бір мәтіндік құжатты жүктеңіз. (Сурет 2).




The image shows the Liveworksheets.com website interface. The header includes the logo 'LIVEWORKSHEETS' and navigation links: Главная, Об этом сайте, Интерактивные рабочие листы, Создавайте интерактивные рабочие листы, Создавайте интерактивные книги, Сообщество, Помогите. There is a search bar and a user profile dropdown for 'Динара Тайжанова'.

The main content area displays 'Шаг 1. Загрузите рабочий лист' (Step 1. Upload your worksheet). Below this, there is a file selection area with a 'Выберите файл' button, a 'Файл не выбран' status, and a 'Загрузить' button. The format is specified as 'Формат: pdf, jpg или png. Максимальный размер: 5 МБ.' There is also a link 'Как сохранить документы Word в формате PDF'.

Сурет 2. Интерактивті жұмыс парағына материал жүктеу.

- Әрі қарай біз «Интерактивті жұмыс парағын құру» командасын табамыз және оқушы өз жауабын енгізуі керек терезелерді енгіземіз. Интерактивті парақтарды интерактивті кітаптарға жинауға болады және сәйкесінше атау жұмыс парағына атау беріледі. Мысалы, «Математика, 7-сынып» немесе т.б..

Сабақ жоспарына сәйкес немесе қосымша тесттік жұмыстар, бақылау парақтарын осы жеке кітабыңызға жинақтауға болады [1].
(Сурет 3).




Сурет 3. Интерактивті жұмыс парағында жеке кітаптарды орналастыру.
- Келесі қадам оқушылардың аты-жөнін, жеке логинін және құпия сөзін енгізу арқылы тіркеп, сыныбымыздың жеке жұмыс парақтарын құрамыз.
(Сурет 4).

Полное имя	Имя пользователя	пароль
Амангазиева Алтынай	Amangazieva_A	Aman123
Шеримбек Азамат	Sherimbek_A	Sherim123
Құдайбергенов Ғалымжан	Kudaibergenov_G	Kuda123
Реметова Айымбала	Rametova_A	Ram123
Кенжехан Асылжан	Kenjehan_A	Kenj123

Сурет 4. Оқушыларға арналған жеке журнал құру.

Сіз оқушыларға арналған интерактивті жұмыс парағына сілтеме жібере аласыз немесе оны веб-сайтқа, блогқа орналастыра аласыз. Ал оқушылар жұмысқа кіріседі. Оқушылардың дайын жұмыс парағы төмендегі бесінші суретте көрсетілген (Сурет 5). Терезені басып, тапсырманы орындауға жол ашылды деген сөз [2].




Сурет 5. Сіздің жеке журналыңыз.

Көріп отырғаныңыздай, міне ашық жауаптар парағы деген осы. Жоғарыда айтылғандай, сіз тестке сурет сала аласыз немесе ашық жауаптарды енгізе аласыз. Сонымен қатар конструктор сізге сәйкестік тесттері мен талдау сынақтарын жасауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың енгізген жауаптары мұғалімнің журналына жіберіледі, онда әрбір орындалған жұмыс қадағаланады.


Жұмыс парақтарының құралдары толыққанды жұмыс үшін қажетті көлемді және мұғалім мен оқушыға таныс режимді ұсынады. Яғни, IRL баспа парағы ретінде ұсынылған.

Сонымен қатар, бағдарлама оқушының белсенділігін жазады.



Сурет 6. Оқушының жауап парағы.

Тапсырмаларды оқушыларға жеңіл болуы үшін баспаға шығарып алуға болады. Сонымен қатар жоғарыда көрініп тұрғандай бағалау сандық форматта болса, оны өзіміздің таңдауымызға қарай өзгертуімізге де болады (Сурет 7).



Сурет 7. Бағалау түрлері.

Сонымен қатар, интерактивті жұмыс парақтары білім беруде қолданылатын жаңа технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Олар: дыбыстар, бейнелер, сәйкестендіру, жебе байланыстары, бірнеше таңдау және тіпті микрофон көмегімен жүзеге асатын сөйлесу жаттығулары да кіреді.

Оқушылар жұмыс парақтарын желіде толтыра алады және мұғалімге жауаптарын жібере алады. Бұл оқушылар үшін ынталандыру рөлін атқарса, мұғалім үшін уақытты үнемдейді және қоршаған орта үшін қағазды үнемдейді.

Интерактивті жұмыс парақтарын құру үшін жұмыс парақтарын немесе басқа мұғалімдерге берілген кестелерді пайдалануға болады. Бұл жерде көптеген тілдер мен пәндерді қамтитын мыңдаған интерактивті парақтар жиынтығы бар. Қорытындылай келе, «Liveworksheets» конструкторы тиімді, түсінікті әрі қарапайымдылығымен ерекшеленетіндігін байқадық. Қазіргі таңдағы онлайн және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру барысындағы таптырмас құрал бола алатындығына көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://www.liveworksheets.com/>
2. <https://www.google.com/search?q=liveworksheets>

PISA ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Шерубаева А.К, Бекаева А.

Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған
мектеп-интернаты, Түркістан қаласы

Қазіргі қоғам математикалық білім беру мазмұны туралы өз көзқарасын өзгертеді. Негізгі міндет - оқушылардың өмірдегі жағдайдағы мектептегі білім мен дағдыларды қолдануға қабілеттілігін арттыру. Халықаралық зерттеулерде PISA (International Student Assessment арналған бағдарлама) математикалық сауаттылыққа тән, анықтау және түсіну, өмір сүріп жатқан әлемдегі математика

рөлін, сондай-ақ құрылған математикалық пайымдауларды білдіруге және ағымдағы болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін математиканы пайдалану адамның қабілеті ретінде анықталады. Математикадағы оқушыларды оқытуда білім беру қызметінің маңызды түрі - бұл проблемаларды шешу. Сондықтан PISA зерттеулерінде математикалық сауаттылықты тестілеуге арналған арнайы құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы негізгі құзыреттерді қалыптастыру ұсынылады. Сонымен қатар, оқулықтарда, оқу құралдарында, дидактикалық материалдарда осындай тапсырмалар аз.

PISA-2003 оқуларында оқушылардың математикалық дайындықтары «математикалық сауаттылық» ұғымы бойынша сыналады, ол «адам өмір сүретін әлемде математиканың рөлін анықтауға және түсінуге қабілетті, негізделген математикалық қорытындыларды білдіруге және қазіргі кездегі математиканы қанағаттандыруға мүмкіндік береді. [1, 7-б.].

Бұл мақалада «математикалық сауаттылық арқылы оқушылардың қабілеті түсініледі; математикамен шешілетін қоршаған ортамен туындайтын проблемаларды тану; математикада бұл мәселелерді қалыптастыру; математикалық білім мен әдістерді пайдалана отырып, осы мәселелерді шешуге; қолданылатын шешім әдістерін талдау; берілген мәселені ескере отырып алынған нәтижелерді түсіндіру; мәселені шешудің түпкілікті нәтижелерін қалыптастыру және жазу» [2, 15 б.]

Аппараттық дағдыларды қалыптастыруға назар аудару керек және практикалық маңызы бар білімнің рөлін күшейту қажет. математика 5-6 сынып барысында көрнекі геометрия көп көңіл берілген және зерттеулер (бағалау және нәтижелерін бағалау, түрлі нысандарда ұсынылған сандық деректерді талдау, құнына пропорционалды сыйақы есептеу,) қолданылуы тиіс. 7-9 сыныптарда бұл бағыттарды одан әрі дамыту қажет. Нақты жағдайларды сипаттауға байланысты практикалық мазмұндағы тапсырмалар санын көбейту керек» [6].

Салыстыра келсек, PISA-2015 халықаралық деректерге сәйкес математикалық сауаттылықтың 6-деңгейіне жеткен қатысушылардың ең жоғарғы пайызы 13,1% құрайды. Бұл сингапурлық қатысушылардың жетістігі. Қытай Тайбэйі (10,1%), Гонконг (7,7%) және Макао (5%) білім алушыларыда ең күрделі деңгейдің жоғарғы көрсеткіштерін көрсетеді. Қазақстандық білім алушылардың тек 0,8% ғана математикалық ойлау мен талқылау, математикалық амалдарды пайдалану мен жағдайларды шешу үшін жаңа тәсілдер мен стратегияларды әзірлеу қабілеттерін бағалайтын тапсырмаларды орындай алды. Күрделіліктің орташа 3-деңгейдің тапсырмаларын орындау көрсеткіші Қазақстандық қатысушыларда (38,1%), шетелдік қатарластарымен салыстырғанда екі есе кем. Алайда жылдан жылға көрсеткіш жоғарылап келетінін байқаймыз. Мектеп курсында математикалық сауаттылыққа қатысты есептерді қарастырайық.

1-есеп. Үйден саяжайға дейін автобуспен, трамваймен немесе маршрут таксимен баруға болады. Кестені пайдаланып үйден саяжайға дейінгі жолға жұмсалатын ең аз уақытты табындар.

Көлік түрі	Үйден аялдамаға дейінгі жұмсалатын уақыт	Көліктің жолдағы уақыты	Аялдамадан саяжайға дейінгі жұмсалатын уақыт
Автобус	20 минут	1 сағат 55 минут	5 минут
Трамвай	15 минут	1 сағат 30 минут	40 минут
Маршрут такси	25 минут	1 сағат 20 минут	30 минут

Шешуі: Кестені пайдаланып, үйден саяжайға дейінгі жолға жұмсалатын ең аз уақытты табайық.

1) Автобуспен барғанда $20 \text{ мин} + 1 \text{ сағ} 55 \text{ мин} + 5 \text{ мин} = 2 \text{ сағ} 20 \text{ мин}$ уақыт жұмсайды;

2) Трамваймен барғанда $15 \text{ мин} + 1 \text{ сағ} 30 \text{ мин} + 40 \text{ мин} = 2 \text{ сағ} 25 \text{ мин}$ уақыт жұмсайды;

3) Маршрут таксимен барғанда $25 \text{ мин} + 1 \text{ сағ} 20 \text{ мин} + 30 \text{ мин} = 2 \text{ сағ} 15 \text{ мин}$ уақыт жұмсайды.

Осы мәліметтерді салыстыру арқылы үйден саяжайға дейінгі жолға жұмсалатын ең аз уақыттың $2 \text{ сағ} 15 \text{ мин}$ екенін көреміз.

Демек, үйден саяжайға дейінгі жолға жұмсалатын ең аз уақыт $2 \text{ сағ} 15 \text{ минутқа}$ тең.

Жауабы: 2 сағ 15 минут

2-есеп. Кестеде интернет желісінің түрі мен төлемі берілген. Тұтынушы интернет желісінде Б тарифін айына 800 мб интернет желісін пайдаланғанда қанша теңге төлеу керек?

Тариф түрлері	Абоненттік төлем	Интернет желісінің төлемі
А	Жоқ	9 тенге – 1 мб
Б	500 мб- 3750 тенге	500 мб - тан асс, 1 мб -10 тенге
С	600 мб - 4000 тенге	600 мб –тан асса, 1 мб - 7 тенге

Шешуі: Есептің шарты бойынша табатынымыз:

500 мб-----3750 тенге

300 мб-----3000 тенге

Демек, тұтынушы интернет желісінде Б тарифін айына 800 мб интернет желісін пайдаланғаны үшін **6750** теңге төлеуі тиіс.

Жауабы: 6750 тг

3-есеп. Бірдей үш қорапқа бірдей өлшемді шарлар салынған. Бірінші қорапта 10 ақ, 5 қара, 3 қызыл, екінші қорапта 9 ақ, 16 қара, 11 қызыл, үшінші қорапта 7 ақ, 4 қара, 1 қызыл шарлар бар. Кез келген қораптан кез келген шар алынды. Алынған шардың қара шар болуының ықтималдығы қандай?

Шешуі: Мына оқиғаларды қарастырайық:

A - алынған шардың түсі қара;

B_1 - шар бірінші қораптан алынды;

B_2 - шар екінші қораптан алынды;

B_3 - шар үшінші қораптан алынды.

Қарастырып отырған B_1, B_2, B_3 оқиғалар үйлесімсіз. Расында, егер, айталық, шар екінші қораптан алынса, онда B_2 оқиғасы пайда болады да, B_1, B_3 оқиғалары пайда бола алмайды. Ойымызды осылай жалғастырып B_1, B_2, B_3 оқиғаларының үйлесімсіз екеніне көз жеткізуге болады. Ал A оқиғасы B_1, B_2, B_3 оқиғаларына тәуелді. Енді үш қораптың бірдей екенін ескеріп:

$$P(B_1) = 1/3 \qquad P_{B_1}(A) = 5/18$$

$$P(B_2) = 1/3 \qquad P_{B_2}(A) = 16/36$$

$$P(B_3) = 1/3 \qquad P_{B_3}(A) = 4/12$$

Осыдан
$$P(A) = \frac{1}{3} \left(\frac{5}{18} + \frac{16}{36} + \frac{4}{12} \right) = \frac{19}{54}.$$

4-есеп. Поезд семафор 16 минут кешікті, және жылдамдығын 10 км/сағ-қа арттыра отырып 192 км жол жүріп, белгіленген кесте бойынша уақытында келді. Кесте бойынша поезд жылдамдығы қандай?

Шешуі: Кесте бойынша поезд жылдамдығын x (км/сағ) $x > 0$ белгілейміз.

шамалар	Қозғалыс	
	Кесте б/ша	шын мәні
S (км)	192	192
V (км/сағ).	x	$x+10$
$T=S : V$ (сағ).	$192:x$	$192:(x+10)$

$16 \text{ мин} = 16:60 = 4:15 \text{ сағ.}$

Теңдеу құрып шешеміз: $192:x - 192:(x+10) = 4:15;$

$$48:x - 48:(x+10) = 1:15$$

$$x^2 + 10x - 7200 = 0$$

$$x_1 = 80$$


$$x_2 = -90 \text{ есеп шартын қанағаттандырмайды.}$$

Жауабы: 80 км/сағ.

5-есеп. Шетел тілдерін тереңдетіп оқытатын мектепте 100 оқушының арасында сауалнама жүргізілді. Оқушыларға «Қандай шетел тілдерін меңгерудесіңдер?» деген сұрақ қойылды. Нәтижесінде 48 оқушы ағылшын

тілін, 26 оқушы француз тілін, 28 оқушы неміс тілін, ағылшын және неміс тілдерін 8 оқушы, ағылшын және француз тілдерін 8 оқушы, француз және неміс тілдерін 13 оқушы меңгеретіндіктері анықталды. 24 оқушы ағылшын да, неміс те, француз да тілдерін оқымайды. Сауалнамаға қатысқан неше оқушы бір мезгілде үш тілді де меңгеруде?

Шешуі:



Бір мезгілде үш тілді де меңгеретіндерді (x) деп белгілейік.

Есеп шартында 24 оқушы ешқандай тілді оқымайтындығы айтылған. Ендеше $100 - 24 = 76$, яғни 76 оқушы шет тілдерін меңгеруде. Қанша оқушы екі тілді меңгергенін есептейік: $A + H = 8 - x$,

$$A + \Phi = 8 - x,$$

$$\Phi + H = 13 - x$$

Ендігі кезекті бір тілді ғана меңгерген оқушылар санын анықтаймыз:

$$A = 48 - (8 - x + 8 - x + x) = 32 + x$$

$$\Phi = 26 - (8 - x + 13 - x + x) = 5 + x$$

$$H = 28 - (8 - x + 13 - x + x) = 7 + x$$

Алынған есептеулерге қарап теңдеу құрамыз:

$$32 + x + 8 - x + 8 - x + x + 7 + x + 13 - x + 5 + x = 76. \text{ Осыдан } x = 3 \text{ екендігі шығады.}$$

Жауабы: 3

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал - Астана, ҰББСБО, 2013
2. А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж Бейсеков Ж, Мирсоатов А.
3. Шынтаева А, Математикалық сауаттылық және логикалық есептер жинағы 6-11 сынып оқушыларына арналған есептер.
4. Рамазан Баяр, Ернар Базаров, Логикалық сұрақтар. Алматы 2015
5. Жанасбаева Ұ.Б. Жанасбаев Ж.Б. Логикалық және комбинаторикалық есептер Алматы – 2017 ж
6. Д.Алиасқаров, Ж.Бейсеков, О.Маханбетов 7- сыныптағы оқушыларды математикалық олимпиадаға даярлау: Жалпы білім беретін

орта мектептің 7- сыныбына арналған факультативтік курс.
Шымкент, 2013.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН «GOOGLE» ФОРМАДА ЖҮРГІЗУ

Бакильбеков *Оркен*

Кентау қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы №1 мектеп-гимназиясы

Критериалды бағалау - оқушының оқу жетістігін бағалау болып есептелінеді. Бұл бүгінгі оқыту жүйесінде өзекті талаптардың бірі болып отыр. Критериалды бағалау екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Дүние жүзінде болып жатқан індеттің себептерінен қашықтықтан оқыту кезінде жиынтық бағалауды жүргізу оңайға түсіп жатқан жоқ. Сонда да білім алушылардың сапалы білім алу жағдайында бағалау үшін түрлі жағдайларда жиынтық бағалаулар синхронды және асинхронды жағдайда алынып жатыр. Соның ішінде жиынтық бағалауды алудың бірі «Гугл форм» платформасы. «Гугл форм» платформасының жиынтық бағалау алуда қолданудың тиімді екенін біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Гугл формасын түрлі бағытта қолдануға болады, соның ішінде жиынтық бағалауға да қолдану тиімді екен. Себебі, гугл формасы арқылы әр оқушы орындаған тапсырмалары үшін мұғалімнен тез кері байланыс ала алады, ал мұғалім үшін оқушы жұмысын тексеруді жеңілдетеді. Гугл формасын интернеті бар «андроид» құрылғылары мен компьютерлер арқылы қолдану қол жетімді, әрі оңай. Қашықтықтан оқыту «физика», «математика» пәндері үшін оңай болып жатқан жоқ, әсіресе жиынтық бағалаулар. Осы орайда, физика, математика пәндерінен жиынтық бағалау үшін дайын дидактикалық материалдарының тапшылығы немесе тапсырма жасауға болатын құрылғылардың аздығы, кейбірінің қол жетімсіздігі байқалып отыр. Сондықтан гугл формасын әдістемелік құрал ретінде де пайдалануға болады.

Гугл формасы арқылы жасауға болатын тапсырмалар түрлері:

1. Бір ғана жауапты таңдау
2. Бірнеше жауапты таңдау
3. Сәйкестендіру
4. Өз жауабын енгізу
5. Мәтін енгізу
6. Видео, аудио, сурет енгізу мүмкіндіктері бар.

Осы алты түрлі жауап енгізу түрін қолдана отырып, тапсырманы бірнеше түрлі етіп, түрлендіріп жасауға болады.

Негізгі бөлімі

Қашықтықтан оқыту кезінде әсіресе математика пәні бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын алуда көптеген қиындықтар болып жатыр. Солардың негізгі себептерінің бірі - математикадағы көптеген символдарды енгізу. Мұндай қиындықтарды шешуде көптеген ізденістер болып жатыр, атап айтсақ гугл формасы арқылы жиынтық бағалау алу тиімді болуда. Гугл

формасының өзінде математикалық символдарды енгізу платформасы жоқ, бірақ қосымша платформалар арқылы жүктеп енгізуге болады. Математикалық символдарды енгізудің бірнеше платформалары бар, солардың бірі «Nupatia create» платформасы.



Алайды бұл платформаны тапсырма дайындау үшін қолдануға болады, бірақ бұл «өз жауабыңды енгізу» бойынша тапсырма әзірлегенде дұрыс жауабына математикалық символдарды енгізу мүмкін емес. Сондықтан «өз жауабын енгізу» бойынша тапсырма дайындау кезінде есептің жауабы мүмкіндігінше пернетақтадағы бар символдардан болғаны дұрыс. Математика пәнінен жиынтық бағалау әзірлегенде алты мүмкіндікті қолданып тапсырмалар жасауға болады. Математикадан «бір таңдауы бар», «бірнеше таңдауы бар», «сәйкестендіру», «өз жауабын енгізу», «салыстыру», т.с.с. және де жұмыстарын дәптерлеріне орындап суретке түсіріп жүктеуге де болатынын ескеріп, мұғалім шығармашылығына байланысты түрлендіріп тапсырмалар дайындауға болады. Мысалы ретінде мынадай тапсырмалар дайындауға болады.

8-сынып алгебра пәні бойынша 2-тоқсандағы «Квадрат теңдеу» бөлімі бойынша дайындалған тапсырма

1-тапсырма: «бір жауабы бар (тест)»

Теңдеуді шешіп, дұрыс жауабын белгілеңдер

$$1) 7x^2 + 35x = 0$$

A) 7; 5 B) 0; 35 C) 0; -7 D) 0; -5

$$2) 3x^2 - 48 = 0$$

A) -4; 4 B) -16; 16 C) -3; 3 D) -6; 6

$$3) 2x^2 - 7x + 5 = 0$$

A) -2.5; 1 B) 2.5; -1 C) 2.5; 1 D) -2.5; -1

	A	B	C	D
1-тапсырма	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
2-тапсырма	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>
3-тапсырма	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>

2-тапсырма: «Өз жауабыңды

...

Берілген теңдеудің теріс сан болатын түбірін табыңдар

$$3x^2 + 5x = 24 - 2x - 2x^2$$

Краткий ответ

Квадрат үшмүшелікті көбейткіштерге жіктеңдер:

$$2x^2 + 7x - 4$$

Краткий ответ

енгізу»

5-сынып математика пәні бойынша 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға дайындалған тапсырмалар:

1-тапсырма: «Сәйкестендіру»

Берілген тапсырмалар бойынша сәйкестендір

$$a = \frac{7}{9}, \quad б = \frac{13}{12}, \quad в = 4, \quad г = \frac{21}{29}, \quad ғ = \frac{9}{9}, \quad д = \frac{101}{109}, \quad е = \frac{203}{202}, \quad ж = \frac{7}{31}$$

	а	б	в	г	ғ	д	е	ж
Дұрыс б...	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Бұрыс б...	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

2-тапсырма: «бірнеше жауабы бар»

Берілген бөлшек қандай сандарға қысқарады?

$$\frac{20}{36}$$

- 2
- 3
- 4
- 5
- 6
- 10

“Google form” платформасымен жұмыс жасағанда мұғалімдер үшін ескеретін жайттар:

- Тапсырма дайындағанда “бір рет тапсыру” ұяшығын таңдағанда, оқушыларға гугл дискілеріне тіркелу қажеттігін ескерту
- Оқушы бірнеше рет тапсырған жағдайда, олардың алғашқы жауабының қабылданатындығын ескерту
- Тапсырма орындау кезінде, оқушы үшін өз жауабын енгізу қажет болған жағдайда, есептің шешімінде пернетақталардағы бар символдардың болуын ескеру қажет.

Қорыта айтқанда, бұл гугл формасы арқылы математика немесе басқа да пәндер үшін кез келген тапсырмалар дайындауға болады.

IV.Нәтиже

- 1.Оқытудың асинхронды жағдайында оқушылардың жиынтық бағалауға деген жауапкершілігі артады.
2. Оқушылар тапсырмаларды орындағанға тез кері байланыс алады.
- 3.Мұғалімнің оқушы жұмыстарын тексеруін жеңілдетеді.
- 4.Мұғалім үшін оқушы жұмысының жауаптарын жинақтауға және сақтауға оңтайлы.
5. Мұғалім тапсырмаларын кез келген уақытта сақтап, қалаған уақытында өзгерте алады.
6. Дәстүрлі оқу кезінде де қолдануға болады.
7. Мұғалім жұмыстарын жинақтап, таратуға да болады

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ РӨЛІ

Сұлтан Нұржамал Бақытқызы

О.Жандосов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Республикалық мұғалімдер съезінде: «XX ғасырдың екінші жартысында белгілі болған нәрсе – XXI ғасырда алдыңғы саптағы елдер қатарына өз жастарының интеллектуалды және рухани әлеуетін барынша дамыта алатын мектептер мен жоғары оқу орындарының ең тиімді жүйесін жасаған ел ғана көтеріле алады» деп атап өткен болатын.

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: ... «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, мектептен балалардың көбірек білім алып шығуы, немесе білім сапасын көтеру арқылы нәтижелілікті арттырудың басты тетігі – кәсіби ұстаз, ұстаздың білім мазмұнының жаңаруы жағдайындағы педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, әдістемелік жаңалықтарды өз тәжірибесіне ендіре отырып, кәсіби дамуын, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігінің, педагогикалық – психологиялық дайындығы мен шығармашылық қызметке бейімділік деңгейінің заманауи талаптарға сай өзгеруіне, жетіліп отыруына біліктілік арттыру нәтижесінде қол жеткізу болып табылады.

Қазіргі мемлекетіміздің білім беру саласындағы алдына қойып отырған басты мақсаты – заман талабына сай кәсіби мұғалімді қалыптастыра отырып білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру. Бұл бағытта қазіргі гиперактивті балалардың энергиясын керекті бағытқа икемдеу, сол энергияны тұрақты, берік білім негізін қалыптастыруға бейімдеу, білім алу барысында меңгерген теориялық материалды өмірдің өзгермелі ситуацияларына қолдануға дайын жас ұрпақты дайындау – білім саласының басты мақсаты.

Ел болашағы – білімді ұрпақта. Технологияның күн сайын үздіксіз дамып, өзгеріп, жаңарып жатқан ақпарат заманында өмір сүру күрделі дайындықты талап етеді. Осындай ақпараттық кеңістікке баланы дайындау бүгінгі күні заман талабына айналып отыр. Оқушылардың ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау үшін оларды ойша ойлауға, талдау жасай білуге, коммуникативтік дағдыларын дамытуға, ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу қажет, олардың әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және олардың өзін-өзі жетілдіре отырып, қызмет субъектісі деңгейіне көтеруін қамтамасыз ету керек.

«Біліп қана қою – аз, сол білгеніңді істе қолдана білуің керек, ниеттену ғана аз, сол ниетіңді іске асыруың керек» - деп Иогани Вольфганг Гете

айтқандай әрбір мұғалім осы заманғы сабақ берудің жаңа үрдісін меңгеріп, қолданғаны жөн.

Қазіргі талап – оқушыларды ойландыру, сезіндіру, ақпаратты құралдар арқылы өз беттерінше еңбектеніп оқуға баулу. Әлемдік өркениеттің қарыштап алға дамуы білім беру саласының барлық деңгейіне әсер етіп, бала тәрбиесінің жаңа саласы педагогикалық инновацияны дүниеге әкелді. Педагогика ғылымының бұл бағыты ғылым жетістіктерін мектеп практикасына ендіру барысында білім беру процесін тұтастай ғылыми негіздеуді, оқу-тәрбие жұмыстарының барлық буындарын технологияландыруды қажет етеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру аясында білім беру ұйымдары педагогтеріне педагогикалық жүйені сапалы басқарудың стратегиялық жүйесін өзгертуге, педагогикалық түрлі бағыттарда білім беру сапасын арттыруға, сапалы басқару жүйесінің тиімділігін көтеруге, жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша оқыту мен тәрбиелеу процесін басқаруда көшбасшылық қабілеті бар менеджерлер дайындауға, қазіргі қоғамның сұраныстары мен Қазақстан Республикасының білім беру саясатын жүзеге асыруға бағытталады.

Білім берудегі негізгі мақсат - тек білімді, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Жаңа заман талабына сай жеке тұлғаны қалыптастыру білім беру мен тәрбие үдерісінде жүзеге асырылатындықтан, білім мазмұнын таңдауда әр баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру мәселесі тереңірек, әрі нақтырақ қарастырылады.

Зерттеу дағдысын барлық пәндердің аясында қарастыруымыз керек. Осы бағыттағы ерекшелік – сабақты жоспарлау барысында тапсырмаларды саралау. Ол да педагогикалық әдіс-тәсілдің бірі, яғни тапсырманы оқушының деңгейіне қарай беру. Сол тәсіл саралау деп есептеледі. Білім беру мазмұнындағы жаңалық – осы саралау тәсілі. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында пән бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасында оқу мақсаттарына сай сабақ мақсаттарын саралау жұмысы тұр. Ол оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру және кері байланыс жаңа оқу бағдарламасының оқу жоспарын рәсімдеуге маңызды рөл атқарады. Бірінші кезеңнің маңызы оқушылардың мықты тұстары мен олардың кездестіретін қиындықтарын анықтаудан тұрады. Бұл көп жағдайда оқушылардың ауызша жауаптарынан бақылау арқылы және жазбаша жұмыстарын оқып тексеру арқылы жүзеге асады. Сонымен қоса, бұл ақпарат әр оқушының үлгеріміне мықты тұстары мен олардың кездестіретін қиындықтарын анықтаудан тұрады. Бұл көп жағдайда оқушылардың ауызша жауаптарын бақылау арқылы және жазбаша жұмыстарын оқып тексеру арқылы жүзеге асады. Сонымен қоса, бұл ақпарат әр оқушының үлгеріміне көмектесетін педагогикалық қызметтерді қызметтерді жоспарлау үшін пайдаланылады. Бұл үдерісті нәтижелі етуге көмектесетін бірнеше элементтер бар:

- Мұғалімдер оқушылар қателік жіберсе де қорықпау керектігін қолдайды;
- Әр оқушының өздігінен шешім қабылдау мәдениетін қолдайды;

- Мұғалімдер барлық оқушымен қарым-қатынас жасайды, бұл оқушылар жұмысының сапасын бағалау тәсілдерін қалыптастыруға көмектеседі;
- Мұғалімдер оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін сабақ мақсаттарын құру және кеңейту арқылы, мақсаттарды бақылау және оқытуды түзету арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді;
- Мұғалімдер әртүрлі оқушылардың түрлі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін оқушылардың түсінуін бағалау тәсілдері мен оқытудың әртүрлі әдістерін үйлестіре қолданады;
- Мұғалімдер оқушылардың жұмыстары туралы ауызша және жазбаша пікір береді. Бұл пікір айқын және нақты критерийлерге негізделген болып табылады. Бұл элементтерді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) негіздеген болатын.

Заманауи қоғамға жан-жақты жаңашыл адам керек. Мұндай адамды қалыптастыруқазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Ендеше, «XXI ғасыр білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» - деген Н.Ә. Назарбаевтың сөзі әрбір адамның ойына түрткі салуы тиіс. Өйткені мұғалімнің бүгінгі күні жасап отырған еңбегінің нәтижесі қандай болса, еліміздің, қоғамымыздың болшағы да сондай болмақ.

Енді өз мектептерімізде жақсы бастама деп жаңартылған бағдарлама негізінде оқып бітірген мұғалімдеріміз өз миссияларын орындауда. Математикалық білім берудің негізгі міндеті – адамды ойлауға үйрету. Бұл бағыттағы білімдік бағдарламалардың табысты болып, іске асырылуы мына үш мәселеге байланысты:

1. Жоғарғы оқу орындарындағы математика пәні мұғалімінің дайындығы;
2. Сапалы оқулықтар мен оқу құралдардың болуы;
3. Таңдау еркіндігін беретін тұлғалық-бағдарлы оқыту.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, ғимарат биік болу үшін оның іргетасы мықты болу керек. Іргелі білім алған адам ғана қазіргі өмір жағдайларына тезірек бейімделіп, одан өз орнын таба алады. Осы іргелі білім алу жолы-оқушының жеке білім беру траекториясы негізінде айқындалады.

Елбасы Жолдауын жүзеге асыруда ұстаздарға артылар міндет зор. Мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы құндылықтары ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту, әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиімен сусындатуда сапалы білім мен жоғары нәтижеге бағытталуға міндеттіміз. Қазіргі уақытта әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі STEM және STEAM технологиясын пайдалану арқылы оқытудың сапасын көтеруді және сапалы қызмет көрсетуге міндеттіміз.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сабденова Айнұр Ыбырайқызы
Сарыағаш қаласы, №1 М.Әуезов мектеп-гимназия
математика пәнінің мұғалімі

Еліміздегі эпидемиялық төтенше жағдайдың жариялануына байланысты білім беру ұйымдары қашықтан оқытуға көшкендігі баршамызға мәлім. Қашықтан оқыту әлем елдерінің басым бөлігінде қолданылуда. Бұрын соңды кездеспеген, қалыпты жағдай болмағандықтан қашықтан оқыту барысында, әсіресе мектеп оқушылары мен ата-аналарында көптеген қиындықтар кездесіп жатыр. Адамдардың бойында осындай қиын кезеңде, жаңа әрі тәжірибемізде алғаш қолданылып жатқан нәрсеге деген қорқыныш сезімінің болуы-қалыпты жағдай. Дегенмен, бұл уақытша қиындықтарды да еңсеріп келеміз.

Мұғалім қай уақытта да заман ағымына қарай әрдайым жаңа әдістерге бейім болуы шарт. Дегенмен, қашықтан білім беруге көшу-коронавирустық індеттің таралуын азайтуға бағытталған қадамдардың бірі. Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы, нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт. Осы орайда әр ұстазға әрі жауапты, әрі ауыр жүк артылары сөзсіз.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Қазіргі білім саласындағы талап та оқушылардың білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр. Сондықтан да қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда тиімді тәсіл ретінде кейс технологиясын ұсынғым келіп отыр. Кейс технологиясы (ағылшынның case-портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады. Кейс технологиясына арналған материалдар түрлері мыналар:

Әдістемелік нұсқаулар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарлары бойынша электрондық тасымалдауыштарда материалдар кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері қолданылады. Мұндай әдістердің тыңдаушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін арттыруға септігі мол;

Жұмыс дәптері;

Анықтама;

Оқу, аудио, бейне материалдары.

Бақылау және емтихан материалдары (қазіргі білім саласында бжб, тжб тапсырмалары)

Кейс әдісінің көмегімен оқушылар өз беттерінше теорияны меңгере отырып, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Себебі оқушылардың көпшілігі естігеннің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпараттарды бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Сондай-ақ кейстің құрамында білгілі бір нормативті талаптар жоқ. Кең таралған құжаттар мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланады. Оқушы оқулықтың кез келген бетін қағазға басып шығара алады. Оқушы жағдаятқа талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабаққа қызығушылығы артады.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы, білімдар азаматтар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Оқушылардың назарын аудару және қиын тақырыптарды оңай түсіндіру - бұл үлкен шеберлік. Әсіресе, нақты ғылымдар туралы айтатын болсақ. Егер мектеп қабырғасында шығармашылық пен харизма көрсету оңай болса, онда оқушылардың назарын аударып, қашықтықтан сабақтарда сапалы білім беру-бұл тағы бір мәселе.


Бірақ қазіргі технологиямен онлайн сабақтар дәстүрлі мектеп сабақтарын алмастыра алады. Бұл сізге Skype-ті оқытуға арналған бағдарламалар, байланыс үшін арнайы жабдықтар, сабақты нақты жоспарлау мүмкіндігі көмектеседі.

Сондай-ақ, өз сабақтарымда мен онлайн тақталарды қолданамын. Математиканы қашықтықтан оқытуға арналған ең ыңғайлы онлайн-тақталар:

1. **"AWW BOARD"**. Бұл платформада геометриялық фигураларды салу оңай. 2. **«Scribblar»**. Формулаларды жазу үшін үлкен функционалдылық және көптеген таңбалар.

3. **«Draw Chat»**. Мұнда сіз тек тақтада жұмыс істеп қана қоймай, сөйлесе аласыз. Шын мәнінде, сіз бұл бағдарламаны сабақта масштабтау немесе Skype орнына қолдана аласыз, өйткені ол барлық функцияларды толығымен орындайды: байланыс, суретті экранға шығару, тақтада жұмыс.

4. **«WhiteboardFox»**. Сервис қызғылықты, өйткені жұмыс алаңы ұсақ тор көзді. Бұл графиктер мен геометриялық фигуралардың сызбаларын айтарлықтай жеңілдетеді. Онлайн тақталарсыз бүгін онлайн сабақ өткізу қиын.



Мен өз тәжірибемде, сабақтарымда онлайн режимінде Math playground сабағын өткізуге көмектесетін сайттар мен пайдалы ресурстарды қолданамын, онда 7-11 жас аралығындағы оқушыларға арналған логикалық және математикалық ойындар бар. Балаларға арналған білім беру бейнелері мен мұғалімдерге арналған материалдар маған қашықтықтан сабақ өткізуге көмектеседі. Тапсырмалар қызықты әрі түсінікті болғандықтан сынып оқушылары толыққанды жұмыс жасайды. Мұнда сіздер математикаға арналған ақысыз қосымшаларды таба аласыздар. Сайтта келесі санаттар бар:

"Математикалық сөздік карталар", "Ақша бөліктері", "Ақ тақтаға арналған қосымша", "Фракциялар", "Дана саны", "Нөмір", «Сандық жақтаулар», "Сандық жол", "Географиялық тақта", "Математикалық сағат", "Үлгі формалары". Оқушылардың жасына және тақырыбына байланысты сіз ұсынылған санаттардан тапсырмаларды таңдай аласыз. Мұнда жас ерекшеліктері жоқ, сондықтан мен бұл ресурсты негізгі мектеп оқушыларымен де, жоғары сынып оқушыларымен де жұмыс істеу үшін пайдаланамын. Сондай-ақ, мұнда сіз мұғалімдерге арналған әдебиеттер мен пайдалы ақпаратты таба аласыз.

GeoGebra бұл қосымша математикамен жұмыс істеуге арналған. Сабақта жұмысты интерактивті оқулықтармен, ойындармен және тапсырмалармен әртараптандырғысы келетіндерге тырысу керек. Мұнда мен өз әзірлемелерімді жүктеп, авторлық тапсырмаларыммен үнемі бөлісіп отырамын.

Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек. Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлексиялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек.

Қашықтан оқыту режимінде өткізілген сабақтар техникалық және әдістемелік жағынан үлкен қиындықтарға қарамастан көптеген жағымды жақтарды берді. Оқушыларға түрлі деңгейлі тапсырмалар беріледі. Белгілі бір кезеңде қол жетімді студенттерге арналған тапсырмалар таңдалады, содан кейін қиынырақ болады. Табысқа жетудің қуанышын сезінбестен, оқу қиындықтарын жеңудегі одан әрі жетістіктерге шынымен сену мүмкін емес. Балаға сәттілік пен жоғары қанағат әкелетін іс-шаралар ғана ол үшін даму факторына айналады.

Ойын-адамның бесіктен қартайғанға дейінгі серігі. 5-6 сыныптарда ойын формаларынсыз жасау мүмкін емес. Оқушыларға викториналық сабақтар, кроссвордтарды шешу үлкен рахат сыйлайды.

Нақты тақырыпқа арналған квесттерді пайдалануға ұсыныс берер едім. Апта соңында оқушылардың көңілдерін аулауға арналған тағы бір жақсы әдіс. Пәнге байланысты квесттің жеңіл не қиын болуын өздеріңіз шешіп алыңыз. Оқушыларды екі-екіден бөліп, оларға табулары тиіс заттардың тізімін беріңіз. Олар іздеу жұмыстары барысында тек өз күштеріне ғана сенулері керек. Осындай формадағы теориялық материалды меңгеру әлдеқайда жеңіл, ал практикалық тапсырмалар оқушылардың бар көңілдерін аулауға көмектеседі. Сізден бар талап етілетіні – сыныпта 20-30 зат жасырып қою және өз пәніңізбен байланысты тапсырмаларды ойлап табу. Бұл квест тапсырмаларын сабақты бекіту кезінде орындатқан өте тиімді болып табылады.

Әрбір жаңа дүниенің тиімді және тиімсіз тұстары болады. Қиын кезең кемел адамдарды қалыптастырады. Қашықтықтан оқытуда оқушылардың кең ауқымда жауап беруіне мүмкіндік аз болып тұр. Берілген тапсырманы

сыныптағыдай жан-жақты талқылап, сын пікір айтып, ойын жеткілікті деңгейде ашуда қиындық туындап отыр. Алайда, қашықтықтан оқыту – мектеп үшін де тиімді жүйе, ол барлық мұғалімдерге қолайлы. Қашықтықтан оқыту – оқушыдан қашықтықта болу деген емес, оқушыға бұрынғыдан да қатты жақындау. Оқушыға барынша түсінікті болатындай етіп жағдай жасау. Тек бұл жүйеде жақсы жұмыс істеу үшін ғаламтордың озық қосымшасы болу қажет. Алғашқы сабақтан бастап оқушылардың талпынысы, ынтасы одан сайын шабытымызға шабыт қосты, қанаттандырды. Әр сабағымызға бұрынғыдан бетер жауапкершілікпен дайындалып, үлкен ізденіс үстіндеміз. Түрлі білім порталдары арқылы да дайындығымызды пысықтап, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын одан әрі дамыта алдық деп ойлаймын. Оны оқушылардың жасаған кері байланысынан-ақ байқауға болады. Қашықтықтан оқу арқылы біз сақтық шараларын жасап қана қоймай, сонымен қатар өз шеберлігімізді шыңдай түсейік.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Концепция развития образования до 2015 г. - Астана, 2005.
2. Есполов Т.Е., Кунанбаева С.С., Курманалина Ш.Х., Моминбаев Б.К., Нурғалиева Г.К., Сулеев Д.К. Педагогическая технология информатизации образования. – Алматы: РЦИО,
3. Полат Е.С. Дистанционное обучение. - М. Владос,
4. Ахметова Г.Б. Методология и технология формирования сетевой готовности будущих специалистов. – Алматы, 2009.
5. Тажигулова А.И. Педагогическая методология и технология информатизации среднего образования. – Алматы, 2009.
6. Журнал «Информатика и образование». – 2006.
7. Журнал «Информатика и образование». – 2006.
8. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. – Б. 18-19; 38-39; 118-119;
9. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі /Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т.//Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

КВАДРАТ ФУНКЦИЯ ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ БЕЙНЕЛІ – ТІРЕК МОДЕЛІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нуралиев Айдос Жанболатұлы

Сарыағаш қаласы №34 Ш.Уалиханов атындағы жалпы
орта білім беретін мектебінің
математика пәнінің мұғалімі

Адамзаттық технологияның алға жылдам дамуы оқушылардың ойлау қабілеттерінің дамуының шегіне келдік. Сондықтан олардың өздерінің өмір сүру ортасында игерген тәжірибелерін бір – біріне беруі мен кейінгі ұрпаққа тікелей үлгі көрсету арқылы да, адамзаттың филогенезінде тапқан құралдары арқылы не басқалай әдіс – тәсілдері арқылы ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отыруы, яғни, игерілген іс - әрекеттерді одан ары дамыту үдерісіне мүмкіндік алуына жағдай туғызу. Сондай мүмкіндіктің бірі қоршаған ортадағы үдерістерді есептеу тәсілі, яғни математикалық моделдеу әдісі.

Математиканы оқытуға қойылатын заманауи талап – оқушыны субъект деп қарап, оларда білім қалыптастыру үдерісін бағдарлы негізде, жоспарлы түрде басқаруды іске асыру болып табылады.

Қазіргі кездегідей ақпараттың күн санап артып отырған заманында білім беру үдерісін бағдарлы басқару, дәстүрлі оқытудағыдай мұғалімнің дайын білімді ұсынуы немесе баяндауы ғана емес, «жаңалықты» оқушылардың өздеріне «аштырып», құбылыс үдерісінің себеп – салдарлы байланысына тән ерекшеліктері мен қасиеттерін анықтатуға дейін алып келетін іс – әрекеттерін басқару болмақ. БТМ модулдерінің қасиеттеріне тоқталсақ:

1 – модуль (M_1) – математикалық нысандарды (коэффициент, қатынас бірлігі т.б.) бейнелейді.

$$M_1 = M_{1,1} + \dots + M_{1,n} \text{ және } M_{1,n} = M_{3,n} : M_{2,n};$$

2 – модуль (M_2) – үдеріс себепін (санақ бірлігін, пропорция мүшесін, процент көрсеткішін, аргументті, т.б.) бейнелейді.

$$M_2 = M_{2,1} + \dots + M_{2,n} \text{ және } M_2 = M_3 : M_1;$$

3 – модуль (M_3) – үдеріс нәтижесін (көбейтіндіні, пропорция мен процентке сай санды, функцияны, т.б.) бейнелейді.

$$M_3 = M_{3,1} + \dots + M_{3,n} \text{ және } M_3 = M_1 \cdot M_2.$$

БТМ – мен оқытудағы негізгі ұстанымдарына тоқталсақ.

- Егіз есеп ұстанымы. Салыстырусыз тұжырым жасау жоқ. Сондықтан БТМ құруға кемінде екі мәтінді есеп ұсыну;
- Мәтін толық талданған соң ғана мәселені шешудің БТМ құрастыру;
- Әуелі құрастырған БТМ – нің қасиеттерін зерттеу;
- БТМ зерттелген соң ғана аналитикалық моделге көшіру;
- Теңдеудің (теңсіздіктің) БТМ – ін құру. Есептеу;
- Қолданыс өрісін кеңіту үшін өзінше есеп құрау, жаттығу;
- БТМ мен нәтижені қоса бағалау;
- Зерттеуге баулу арқылы оқу үдерісін өнімді іс - әрекетке айналдыру;
- Межелі бағытта жүйелі ойлай білуді, өзекті деген мәселені таба білу мен талдай білуді үйрету арқылы олардың тұлғасын қалыптастырып, құзіреттілігін арттыруды іске асыру.

Тапсырмаларға БТМ құру алгоритмі. Талдау, салыстыру, бағыт – бағдарын анықтау:

1 – әрекет. Мәтінді талдау. Модулдарын түгелдеу және орын - орнына орналастыру.

2 – әрекет. БТМ құрастыру. Мақсатты айқындау.


II. Компоненттерін анықтау, іс - әрекет жоспарын жасау, болжам құру:

3 – әрекет. Модулдарды бір бірлікке келтіру. Болжамды дәлелдеудің жоспарын жасау.


4 – әрекет. Изделінді модулді анықтау. Болжамды дәлелдеу.

Арифметикалық прогрессиялардың математиканы бейнелі – тірек моделімен көрсетсек: Қоршаған ортадағы үдемелі үдерістерді (бірсарынды тізбектер) математикалық моделдеуге БТМ – ін қолдану оқушылардың танымдық қабілетін дамытып қана қоймай, сонымен бірге, оқушының өзекті деген мәселелерді математикалық моделдеу икемін де қалыптастырады.

БТМ – ді бірсарынды үдемелі үдерістерге (тізбектерге) қолдану



11(a) – сурет



11(ә) – сурет

№1. Адамдар арасында 21 рет қол алысу болған болса, сәлемдескен кісілердің саны қанша ?

№2. Шахмат турнирінде 21 партия ойналды. Турнирге қанша кісі қатысқан ?

Талдау:

Алғашқы кісі ешкімді кездестірмейді, екіншісі бірінші кісімен с.с. кейінгілері алдыңғыларымен түгел кездесіп шығады, ең соңғысы, өзінен басқа барлық кісілермен сәлемдесіп шығады.

1(a) – сурет.

Жалпылау:

Кісі саны – нысан. Сәлемдесу – үдеріс себебі.

1. Нысандар саны – a ;
2. Максимал үдеріс – $(a - 1)$;
3. Үдерістердің жалпы саны – S . $S = 21$;
4. Мақсат нысандар саныны табу.

БТМ құрастыру


1(ә) – сурет. БТМ – ін анықтаймыз:

$2S_n = (a_1 + a_n) \cdot n$; немесе $S_n = (a_1 + a_n) \cdot n / 2$ өрнегіндегі $(a_1 + a_n) / 2$ мәні сан тізбектегінің бірінші және ең соңғы мүшелерінің арифметикалық ортасы (трапецияның орта сызығы) екендігін ескерсек, жоғарыдағы үшбұрыштың орта сызығы жөніндегі ойымыздың дұрыс екендігін көреміз.

a_1 – прогрессияның бірінші мүшесі, ал a_n – прогрессияның n -ші мүшесі. Мұндағы: $a_n = a_1 + (n - 1) \cdot d$;

БТМ – інің жәрдемімен квадрат функция, квадрат теңдеулер ұғымын қалыптастыру үшін екі айнымалы математикалық үдерістерді бейнелеу керек, ол үшін:

1. Әуелі функцияны;
2. Сонан соң $Y = ax^2$
3. Және $Y = ax^2 + vx + c$; функциясына біртіндеп алып келеміз.



X айнымалалары шаршының диагоналды бойымен өзгереді.


X айнымалысы нақты сандар жиынында жататынын көсетеміз.

I және III ширектерде функция шын, ал II және IV ширектерде жорамал мәндерге ??? ие болады.

Яғни, $Y = x^2$ үшін x саны табылса, онда $X_{1,2} = \pm \sqrt{Y}$

12 – сурет

$Y = ax^2 + vx + c$ жағдайы үшін,



13 – сурет

X және aX айнымалалары тіктөртбұрыштың диагоналды бойымен өзгереді.

X айнымалысы кез келген нақты сандар жиынында жататынын көсетеміз. I және III ширектерде функция нақты, ал II және IV ширектерде жорамал сандарға ие болады.

Яғни, $Y = ax^2 + vx + c$; квадрат теңдеудің I және III ширектерде $x_1 = k$ және $x_2 = L$ деген шешімдері болуы мүмкін. $aX^2 + bX + c = 0$ теңдеуіндегі $c = k \cdot L$ көбейтіндісін білдіреді

(13 – сурет)

Екі айнымалыны біріншісі ax , ал екіншісі x шамаға өзгертін болсын. Олардың әрқайсысынан aX_1

және X_2 шамадан шегерейік. Сондағы M_3 есептейік.


M_3 төрт құраушыдан тұратынын көреміз, олар:

(14 – сурет)

1. $aX \cdot X = aX^2$;
2. $aX \cdot (-X_2) = -aX \cdot X_2$;
3. $-aX_2 \cdot (-X_1) = aX_1 \cdot X_2$;
4. $-aX_1 \cdot X = -aX \cdot X_1$;

Сонымен, $Y = aX^2 - a(X_1+X_2) \cdot X + aX_1 \cdot X_2 =$

$$-a(X^2 - (X_1+X_2) \cdot X + X_1 \cdot X_2)$$



14 – сурет

Мысалы. $X_1 = 2$; $X_2 = -3$; $a = 3$ болсын дейік, онда


$$Y = 3(X^2 - (2-3) \cdot X + 2 \cdot (-3)) = 3(X^2 + X - 6);$$

яғни квадрат теңдеуіміз $Y = 3X^2 + 3X - 18$ түрге ие болады;

Осылайша оқушының өзі теңдеу құрастыра отырып ондағы коэффициенттердің қандай қызмет атқаратындығын алдын ала біліп отырады.

БТМ –ді квадрат теңделердің параметрлерін түрлендіруде БТМ – і қолдану әдістері

$$Ax^2 + Bx + C = 0$$



$Y = x^2$ функциясын қарастырайық.

Модульдар $M_1 = M_2 = X$ болсын. Ол кезде

M_3 модулі x^2 мәнін қабылдайды. $Y = x^2$; Суреттегі қызыл сызық $a = 1$ мәніне сай келетін диагональдың ұшымен беттеседі.

$a > 1$ болса шаршы диагональының ұшы жасыл, ал $a < 1$ болса, онда күлгін сызыққа қарай ығысады.

Тәуелді айнымалы Y – тің мәні I және III ширектерде « + » мәнді қабылдайды ???, ал II және IV ширектерде « – »

Мәтіндік есеп шығаруда бейнелі – тірек моделін (БТМ) құру оқушыны мақсатты, бағдарлы іс – әрекет жасауға бейімдейді. Оқушы БТМ арқылы өзіндік іс – әрекетін жоспарлауды игерсе, мұғалім сабақ үдерісіндегі оқушы іс – әрекетінің әр – бір қадамын бақылауға қол жеткізеді.

БТМ құру арқылы орындалған іс – әрекеттер баланың жүйелі ойлауына ықпал етіп, олардың дамуына жол ашады.

Оқытудың дәстүрлі әдісінде есеп шығару үдерісіндегі оқушының қай бағытта, қандай ой түйіндеп жатқандығын біле алмасақ, есеп шығару үдерісіне БТМ –ін құру іске асқан жағдайда ол мәселе өз – өзінен шешіледі.

Мәселенің математикалық нысаны мен себеп – салдарын талдауға негізделген БТМ – мен оқыту технологиясы, келешекте, математикалық үдерістің шешімін іздеуге қажетті іс – әрекеттің БТМ бөлігінің қысқарып, жалпыланған іс – әрекеттің теориялық бөлігінің дамуына жол ашады.

№ 462. Арақашықтығы 40 км А және В пункттерінен бір мезгілде бір – біріне қарама – қарсы екі жаяу жолға шықты. 4 сағ өткенде олардың кездесуіне дейін әлі 4 км қалды. Егер А пунктінен шыққан адам 1 сағ бұрын шықса, онда олар жол ортасында кездесер еді. Бұлардың әрқайсысы қандай жылдамдықпен жүрген? [1.145]

Есеп шығаруды жоспарлауды бейнелі – тірек моделін (БТМ) құру арқылы жүзеге асырайық.

Есеп шартында берілген ізделінді шамалар (жылдамдықтар) тұрақты шамалар болғандықтан

a және **b** әріптерімен белгілейміз.

I. БТМ – нің жәрдемімен анықтайтынымыз:

$$(a + b) \cdot 4 = 40 - 4;$$

$$a + b = 9;$$

$$a = 9 - b; \quad (1)$$

Мұндағы: $a > b > 0$.

II. БТМ – нің жәрдемімен анықтайтынымыз:

$$a \cdot x = 20;$$

$$x = 20/a; \quad (2)$$

$$b \cdot (x - 1) = 20;$$



$$x = 20/b - 1; \quad (3)$$

(2) мен (3) -ті салыстыра отырып,

$$20/a = 20/b - 1;$$

(1) – ді ескерсек, онда

$$20/(9 - b) = 20/b - 1$$



Квадрат теңдеуге берілген есепті жоспарлауға қолданылатын бейнелі – тірек моделінің (БТМ) бір парасы.

Мұнда оқушы орындайтын берілген мәтінді талдау, жобалау, т.б. танымдық үдерістерді ретімен орындаудан соңғы нәтижеге дейінгі операциялардың орындалу кезеңі көрсетілген

№ 463. Екі пойыз арақашықтығы 45 км М және N бекеттерінен бір мезгілде шыты да, 20 мин – тан кейін кездесті. М бекетінен шыққан пойыз N бекетіне екіншісінің М бекетіне келген уақытынан 9 мин бұрын жеткен. Әр пойыздың жылдамдығы қандай? [12.145]

№ тест кітабынан. Фирма әр килограммын 22 мың теңгеден сатқанда кезде 10% пайда тапқан, ал әр килограммын 18 мың теңгеден сатқанда 43 мың теңге зиян шеккен болса, онда қанша тонна сатқаны?


Сол сияқты алгебра бөліміндегі келтіру формулаларын материалдық модел арқылы қорытып шығару оқушылардың теориялық тұжырым жасауына көп жәрдемін тигізеді.

$$I. M_1 = 22; M_2 = x; M_{3,1} = 22x; M_{3,2} = ax + 0,1a;$$

$$\left\{ \begin{array}{l} M_1 \cdot M_2 = M_3 \text{ олай болса,} \\ \end{array} \right. \Rightarrow$$

$$\left\{ \begin{array}{ll} 22x = ax + 0,1a & 22x = (x + 0,1)a \\ 18x + 43000 = ax & 18x + 43000 = ax \end{array} \right.$$

$$22x / (x + 0,1) = a$$



17 - сурет

Қорыта айтқанда, осылайша, математика пәнін БТМ – мен оқытсақ, оқушыларда бастауыш пен орта буында қалыптасқан ұғымдарды одан ары дамытып, сабақтастықтығын сақтап, мектептің жоғарғы сатысы мен колледж, ЖОО – да берілетін білімге ұштастыруда оқушылардың саналы әрекет жасауына көптеп көмегі тиеді.

Математикалық білім қалыптастыру үдерісіне материалды БТМ – і қолдану оқушының өнімді іс - әрекет жасауына жол ашады. БТМ арқылы қалыптасқан білім толық та сапалы, терең де тиянақты өтеді және есте сақтауды жеңілдетіп, қолдануға қолайлы жағдай жасайды.

Білім өнімді іс – әрекетпен қалыптасқандықтан оқушының ойлау деңгейін, теориялық тұжырым жасау икемін дамытады және кез – келген жағдайдан шығудың жоспарын болжауды жүйелі жүргізуге ықпал етеді.

Қалыптасқан ұғымды бұзу өте қиын іс. Математиканың оқыту мазмұнын таңдағанда оқушылардың игеруге тиіс ұғымдарын кеңейтуге болатындай, бірақ өзгертуге болмайтындай етіп таңдау керек. Ол үшін оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап мәселенің БТМ – ін құруға бейімдеп, кез – келген өзекті деген мәселені жоспарлы түрде, белгіленген бағытта, шешуге үйрету керек.

5 – 8 сыныптар аралығында сызықтық функция, квадраттық функция, кері функциялар мен осыларға құрылған теңдеулер мен теңсіздіктер туралы, арифметикалық және геометриялық тізбектерді БТМ арқылы дәлелдеудің қарапайым тәсілдерін игеру олардың теориялық тұжырым жасау икемін оңтайландыруына байланысты бір қайталап, ал 9 – 11(12) сыныптарда теориялық тұрғыда толық абстракцияланған өрнектердің жәрдемімен екінші рет кең ауқымда қайталауды ұсынамыз

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Фридман Л. М., Волков К. Н. Психологическая наука – учителью. – М.: Просвещение, 1985. – 224 с., ил. – (Б – ка учителя по общ. Пробл. Теории обучения и воспитания).
2. Гальперин П.Я. Введение в психологию: учебное пособие /П.Я.Гальперин. – 7-е изд. – М.: КДУ, 2007. – 336 с.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание Личность. М., 1975.
4. А. Даулетов. «Математиканы бейнелі тірек моделімен оқыту». Үздіксіз білім берудің сапасын арттыру мәселелері: инновациялар және басымдықтар. //халқаралық ғылыми – практикалық конференцияның жинағы//. Қызылорда: БББАҚДИ, 2011ж.
5. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.:Педагогика, 1989. 192 с.:ил.
6. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. – М.: Педагогика, 1990. – 424 с.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРГЕ STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Бухарбаева Маншук Мырзахановна
«М.Әуезов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» КММ-і

«Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді»

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: « Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде . Орта мектеп пен колледждер және жоғары оқу орындары үздік оқытушыларының видеосабактары мен видеолекцияларын интернетте орналастыру керек. Бұл барлық қазақстандықтарға, оның ішінде шалғайдағы елді мекен тұрғындарына озық білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге жол ашады. Цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын

оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты. 2019 жылдан бастап 10-11-сыныптардағы жаратылыстану ғылымының жекелеген пәндерін оқытуды ағылшын тіліне көшіру басталды. Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады.» деген болатын. [1]

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.[2] Мұнда пәндерді жеке оқытпайды, әсіресе жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқушыларға әлемнің біртұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға басты назар аударады. Сондықтан қазір STEM оқыту бағытындағы кіріктірілген сабақтарды өткізу қарастырылған. Біздің мектебімізде де «Робототехника» курсы енгізілді. Арнайы жасақталған бұл кабинетте оқушылардың түрлі роботтар мен машиналар құрастырып жатқан кездерін үнемі көруге болады. Жалпы STEM білім беруде ағылшын тілін білу керек және оқыту балабақшадан басталу керек. Қазіргі жастарға есте ұстайтын басты мәселе тіл біле отырып сапалы, бәсекеге қабілетті маман бола отырып, өз Отанының патриоты болу. «STEM»– бұл дүние жүзіндегі білім саласындағы жаңа тренд. Қазіргі кезге дейін біз тек теориялық білімді ғана алып келдік. Бұрынғы кезде бізде пәндік білім беру өте жақсы дамыды. Мысалы: математика сабағында формулаларды жатқа айтып, есепті шығардық, график салдық т.б. Биология сабағында клетканы микроскоппен қарап талдадық, химияда Менделеев таблицасын жаттап реакцияларды әрекеттестірдік, физика сабағында тәжірибелер жасадық. Бірақ сол есептерді, алған теориялық білімді өмірде қай жерде, қалай қолдануды білмедік. Ал STEM – сол әр пән бойынша алған теорияны пайдаланып, өнім, зат жасауға, жаңа нәрсе ойлап табуға болатынын айтады. STEM бағыты оқушының алған теориялық білімін іс жүзінде тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытады. Бағдарлама төрт кезеңге бөлінген. Олар: инженерлік іс, бағдарлау, робототехника мен 3d моделдеу. Аталған бағдарламалар бүгінгі күнгі ең өзекті топтамалар мен Autodesk Solidworks, Scratch, Java, Python, C++ сынды бағдарлау тілдерін қамтиды.

STEM - білім беру білім саласы «Жаратылыстану», «Математика және информатика», робототехника, 3Д модельдеу, графикалық дизайн, технологиялық сауаттылық, инженерлік тәжірибе қабілеттіліктерін, дағдыларын дамытуға бағытталған. STEM оқыту бойынша пән мұғалімі әсіресе сабақта пәнаралық байланысқа көп көңіл бөлуі керек. Шығармашылық тапсырмаларға, шағын жобаларға, оның ішінде топтық, жұптық жоба қорғау жұмысына көп көңіл бөлу керек.

«STEM» - бұл заман талабына сай инновациялық жобалардың зертханасы. Қазіргі білім саласының негізгі алға қойған мақсаты-бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келген жастар шет елде алып келген білімдерін туған жерінде мектептерде қолдана бастады. Астана қаласында ашылған «STEM» орталығы қазір өзінің ауқымын кеңейтіп зертхана ашты, кітаптар шығара бастады және ойыншық конструкторлар шығара бастады. Осындай орталықтар Ақтөбеде, Қостанайда, Павлодарда және

Қарағандыда ашылып жатыр. Бала бір затты құрап шыққанда ол жерде математиканыда физиканыда қолданады. Жалпы «STEM» технологиясы балабақшадан басталады. Қазіргі балалар робототехникамен айналысқанды жақсы көреді. Өзінің жобасын құрады, бағдарламасын жасайды, құрастырады. Қазір балалар біліп, істей алумен қатар, өздері ойлап тауып, зерттеуді ұнатады. Біздің мақсатымыз-STEM технологиясын математика сабағында мысалдар келтіру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және шығармашылыққа баулу. Менің ойымша барлық мектептерде STEM зертханалары болса керемет болар еді. Бұл зертхана балалардың қиял ғажайып әлемдерін іске асыратын бірден-бір зертханасы болар еді. Бұл жерде мектептерге арналған бірнеше жобаларды математика сабағында қолдануға болады. Мысалы: 1. «Тірі табиғат пен өлі табиғатты зерттейтін» жоба. Бұл жобада табиғат құбылыстары вулканның атқылауын құм топырақ арқылы және жан-жақтан түсірілген түрлі сәулелердің көмегімен әдемі көрсетуге болады.




2. «Мен әлемді өз қолыммен жасаймын» атты мультстудия құруға болады. Онда балалар мультфильмдер түсіруді үйренеді. Өз қолымен түрлі ертегілер кейіпкерлерін немесе батырлардың бейнесін жасап оны арнайы құрылғы арқылы қозғалысқа келтіріп мультфильм жасайды. Бұрын қол жетпейтін нәрсе болып келген кез-келген нәрсені қолыменде жасауға болатынын түсінеді.



3. 3. «Беттегі симметрия» жобасы.


Бұл жобада әр оқушы өзінің бетінің суретін шығарып әкеледі, ал сабақта сол суреттің жартысын қиып тастап басқа парақпен жабыстырып,өзінің суретінің қалған жалғасын салады. Мұнда оқушы өсьтік симметрияның қасиеттерін қолданады.



Бұл сабақ балаларға өте керемет ұнайды деп ойлаймын. Бұл кезде тек адамның бейнесі ғана емес кез-келген нәрсенің суретін осылай жасауға болады.


Осьтік, центрлік симметрия тақырыбын өткенде қазақтың ою-өрнектерін түрлі бұйымдарда салып практикалық жұмыстар жүргізу өте қызықты болады. Табиғаттағы өсімдіктерде, жануарларда, құрылыста кездесетін симметриялар туралы видеороликтер көрсетіп оны қолмен қағазға сызып көрсетіп оқушылардың қызығушылығын оятуға болады.

4. «Бөлмедегі геометрия» жобасын іске асыруға болады. Мұнда бір бөлменің суретін баланың алдына қоямыз да, сол бөлмедегі геометриялық фигураларды тауып, 3Dформатта жекелеп чертежін салады.



Мына суреттегі әр заттың макетін жасап жаңа бөлме жабдықтарын жасайды. Геометриялық фигуралар параллелепипед пен призма макеттерін жасайды және оларды құрастырады. Ол жерде заттардың дизайнын жасайды

Сапалы білім беру қазіргі уақытта, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыруда жаңа әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалануды, білім беруді ақпараттандыруды талап етеді. Қандай да болмасын өтілген жаңа тақырып жаттығулар орындау арқылы бекітіледі. Мұғалімнің осы жұмысын жеңілдету үшін жаттығу бағдарламаларын пайдаланған тиімді. Пән мұғалімі өз пәндері бойынша үйретуші бағдарлама құруды талап ететін тақырыптарды іріктей білуі керек. Ал жоғарғы сыныпта алгебра мен геометрия пәндерін оқығанда көптеген түрлі дайын бағдарламаларды қолдануға болады. «Geo-Gebra» бағдарламасын график салуда, оқушыларға 9 сыныпта алгебрадан «Функция графигін түрлендіру», 10 сыныпта «Тригонометриялық функция графиктерін түрлендіру» тақырыбын өткенде өте көп көмегін тигізеді және әдемі көрнекі құрал бола алады. Синусоида, косинусоида, тангенсоида графиктері қай кезде, қандай өзгеріс енгізгенде түрленетінін көрсете аламыз. $y=\sin x$, $y=2\sin x$, $y=\sin 2x$ функция графиктерінің өзгерістерін айқын көре алады.



Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаева «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы 10.01.2018
2. Ж.Қараев «Компьютерді оқыту процесіне пайдалануға кіріспе» 1992
3. Интернет ресурстар : <https://youtu.be/yNAW4cMsyt0>
4. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова "Білімді ел - Образованная страна" №20 (57), 25.10.2016ж.

ДАРЫНДЫ ЖӘНЕ ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМУ

Аймаханов Ербол Адилбекович

Сарыағаш ауданы №39 Т. Айбергенов атындағы жалпы орта мектебі

Талантты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп еліміздің болашағы жастарға үлкен мән берген болатын. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын дамыту сияқты өзекті мәселелер енгізілген. Дарынды балалар қандай?

Олар әр түрлі, бір-біріне ұқсамайды. Дарынды баланы байқамау мүмкін емес, көпшіліктің ортасында ол өзінің іс-әрекетімен, бейімділігімен,

қабілеттілігімен бірден көзге түседі. Дарынды балаларды қалай тануға болады? Белгілі зерттеуші Натан Семёнович Лейтес қабілетті балалардың үш категориясын анықтап берді. Бірінші категория – қарым қабілеті ерте жастан байқалған оқушылар. Екінші категория – жеке бір іс-әрекет түрі мен белгілі бір мектептегі ғылым түріне қабілеттілігімен көзге түскен оқушылар. Үшінші категория – дарындылық, күш–қажырымен ерекшеленетін оқушылар.

Адам баласына, шын мінінде, білімді болу үшін үш қасиет: жан-жақты білім, ойлауға дағдыланғандығы және сезім дарқандығы қажет. Әрбір оқушының өн бойын осы қасиеттерді сіңіріп, жаңашыл үрдіспен еңбек ететін болсақ, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру да өз шешімін табады.

Қарапайымдылықтан күрделілікке ұмтылатын болсақ, онда жеке тұлғаның талпынысын оятып, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланысты нығайтуға болады.

Білім беру барысында оқушының жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін ескеру баланың өзін-өзі дамыту мәселесін оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. Орыстың ұлы педагогі В.А. Сухомлинский «Мектептің басты міндеті- әрбір адамның дарындылығын ашу, оны толыққанды шығармашылық, еңбек жолына бағдарлау. Әрбір оқушының қайталанбас дарынын дәл басып табу, аша түсу, қастерлеу-тұлғаны адамзат қадір-қасиетінің өркендеуінің жоғарғы деңгейіне дейін көтеру деген сөз», - деп атап көрсетеді.

Ой – өрістік қабілетімен ерте жастан көзге түскен оқушыларға мектептегі оқу кезіндегі қарқындылық тән. Кейбіреулерінің ақыл-ойы табанды түрде дамиды да, өз қатарластарын басып озады. Олардың ақыл – ойының кемеңгерлігі сонша – оларды байқамау мүмкін емес. Бала дарындылығының байқалмайтын жақтары да кездеседі. Кейде тіпті баланың есейген шағында сирек кездесетін қабілеттері көрініс тауып жатады. Бала бойындағы белгілі бір қабілеттің жарқын көрінісі ой – өріс деңгейінің жалпы дамуымен, ғылымның, өнердің арнайы бір саласына бейімделуімен сипатталады. Дарынды баланың өзгешелігі неде? Оқушы пікірінің ерекшелігі мен дербестігінде, сұрақты әр қырынан қарастыруында. Бала дарындылығының өзіндік қырларын білген педагог оны оқыту үрдісінде тиімді пайдалануына болады. Дарындылық – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет.

Дарындылық пен қабілеттіліктің не екенін, оқушы дарындылығын анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің тиімділігін, нәтижелілігін білетін мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс істей алады. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты— олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Әрбір дарынды бала еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен еңбек етеді. «Дарынды ұстаздан дарынды шәкірт шығады» демекші, дарынды оқушылардың көп болуы шығармашылықпен жұмыс жасайтын ұстаздарға байланысты. Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаз – теориялық жағынан білімді, әлемдік педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген үнемі

кәсіби шеберлікке ұмтылатын, тәлім-тәрбие ісінде жалықпайтын, баланы өзіне тарта алатын, шығармашылық ізденістегі адам.

Бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, ерекше қасиеттерін зерттеу, айқындау – заман талабы. Ал оқытудың түпкілікті нәтижесі – өз ойын дәлелдей алатын, жан – жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру. Математика пәнінің көп жақтылығын ескере отырып, оқушыларға тек қана дәрістік тәрбие беріп қоймай, сонымен бірге сыныптан тыс немесе сабақ өту барысында әр түрлі ғылыми жаңалықтарды пайдалану арқылы білім деңгейін көтеруге болады. Бүгінгі ақпараттық қоғамда өмір сүруге лайық жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектепте оқушының шығармашылық қабілетін дамытатын әртүрлі сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру қажет екені белгілі. Осындай жұмыс түрі математика курсы бойынша жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстардың бірі-оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру болып табылады.

Математика пәні бойынша сабақтан тыс жұмыстарды зерттеу мәселесі оқушылардың түрліше ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын математика пәнінен ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесін жасау математиканы оқыту әдістемесі теориясындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін математиканы оқыту процесінен тыс оқу жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Пән бойынша өткізілетін оқушылардың ғылыми зерттеу жұмысының мазмұны мен өткізілу формасын мұғалім қадағалап, бағыт беріп отыруы керек. Математика саласында еңбектену – ақыл-ойдың қабылдағыштығын абстрактілі ойлай білу, белгілі бір логикалық мәдениет болуын талап етеді.

Дарынды және талантты оқушылар кең өрісті қабілетке ие: олардың кейбірі, мәселен, ғылым мен техника саласындағы ерекше қабілетін көрсете алуы мүмкін, ал кейбіреулері өнерде немесе поэзияда, қоғамдық көшбасшылықта көрінеді. Қазіргі уақытта дарынды және талантты балаларды олардың тек жоғары зиятының болуымен ғана анықтамайды. Дарындылық пен таланттың тұжырымдамасына қатысты қағидаттар жүйесіне кең ауқымды жалпы зияткерлік, академиялық қабілеттерді, шығармашылық, көшбасшылық қабілеттерді жатқызуға болады. Сонымен қатар олар бір салада дарынды болса, басқа салаларды қиындыққа тап болуы мүмкін; олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерінде қабілеттерін танытпауы мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіктерін, біліктілігін, әлеуетті мүмкіндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет және де бұл олардың ерте жасында олар үшін өте қиынға соғуы мүмкін.

Макэлпайн мен Рид (1996) дарынды және талантты оқушылардың мінез-құлықтарының пайдалы тізімін жасап ұсынды. Шындығында, бірде бір дарынды оқушы келтірілген сипаттамалардың барлығына ие бола бермейді: олар барлығына ие болуы мүмкін немесе бір санаттағы барлық сипаттамаларға сәйкес болып, бірақ басқасында аздап «ақсауы» мүмкін.

Дарынды және талантты балалардың қалай оқытынының сипаттамасы:

- Логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған.
- Заңдылық пен өзара байланысты тез орнатады.
- Ақпаратты шұғыл өңдейді.
- Проблемаларды нақты және дұрыс шешуге ұмтылады.
- Түйінді қағидаттарды жеңіл игереді.
- Зияткерлік тапсырмаларды ұнатады.
- Оқудың жекелеген кезеңдерін аттап өтеді.
- Проблемаларды қайта қарауға ұмтылады, идеялар ұсынып, болжамдар жасайды.
- Проблемаларды анықтайды және шешеді.
- Барлығына талдау жасайды.
- Идея ұсынып, дәлелдермен айғақтайды.
- Кең ауқымды білімді пайдалана алады.
- Пікір айтуда тәуелсіз және «неге», «қалай» деген сұрақтар қойып, жаңалықтар ашуға ұмтылады.

Мектепте оқушылардың зияткерлік қабілетін дамыту жүйесін 3 деңгейде іске асыруға болады.

1 деңгей - сабақ үстінде. Қазіргі таңда озық технологиялар оқушылар шығармашылығын, дарындылығын дамытудың тиімді құралдарының бірі болып отыр, яғни жаратылыстану бағыттарында тереңдетіп оқытатын сыныптар арқылы дамыту. Бұл сыныптарды негізгі даму компоненті ретінде авторлық бағдарламалар арқылы жүргізілетін арнайы курстар болып отыр.

2 деңгей – сыныптан тыс жұмыстар. Факультатив, үйірме, қосымша қызметтер арқылы дамыту.

3 деңгей – оқушылардың ғылыми қоғамы. Оқушыларды олимпиадаға дайындық жұмыстары жүретін. «Олимпиадалық резерв мектебі», оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын қалыптастыру мақсатында ғылыми жобалар клубы, шешендік өнерін қалыптастыратын, арттыратын дебат клубы кіреді.

Математикадан үйірме жұмыстарында, факультативтік сабақтарда пәнге қызығушылық танытқан оқушыларға олимпиадалық, логикалық есептерді талдай отырып шығару. Бұл олардың ой-өрісін математикалық қабілетін дамытудағы тура жолдың бірі.

Оқушылардың математикаға қабілеттілігі - ол бір құбылыс. Ол қабілеттіліктердің төмендегідей 3 компонентін бөліп алуға болады: алгоритмдік, геометриялық және логикалық. Сондықтан оқушыларға осы 3 компонентті де қамтитындай есептер берген дұрыс. Осындай есептерді біртіндеп шығару арқылы олардың математикалық есеп шығару мәдениеті қалыптасады.

Арнайы дарынды балаларға арналған оқу бағдарламасының негізгі принциптері:

- Оқу бағдарламасы тереңдетілген болу керек, стандартты бағдарламада кездеспейтін тақырыптарды қарастыру қажет;
- Ең негізгі тақырыптарға көбірек сағат берілуі қажет;

•Бағдарлама оқушының ойлау қабілетін дамытатын және оны қолданатын болуы керек;

•Негізгі ақпарат көздерін емін-еркін пайдалана алуы керек, ақпаратты өздігінен іздеу (интернет)

•Тақырыпты өздігінен тереңдетіп оқу,а бағыттау және дамуында өзіндік үлесі бар оқушыларды көтермелеу, мадақтау керек;

•Олардың даму деңгейі міндетті түрде бағалану керек

•Оқушылар таңдаған тақырыптарды тереңдете оқыту мүмкіндіктерінің болуы; зерттеу жұмыстарын жүргізу тәсілдерін дамыту;

•Абстрактілі – логикалық, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру;

•Жаңа ой таба білуге ынталандыру;

Әр сабақ барысында оқушыларға мынадай талаптарды қоя отырып, жұмыс жасауға болады:

•Алдына мақсат қоя білу және оған жетуге ұмтылу;

•Өзін-өзі талдауы, өзін-өзі бағалай білуді меңгеру;

•Басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу;

Бәсекеге қабілетті интеллектуалды күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ.

Қорыта келген кезде, жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілет, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу- ұстаз парызы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал №3(5) 2013 ж.(107-108б)
2. «Әлеуметтік педагогика» Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал. №5 - 2011 ж. (30-31 б).
3. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ 2012 ж. (18-19 б)

Интернет ресурстары:

1. <http://e.edu.kz/>
2. <http://stud.kz/>
3. <https://bilimdinews.kz/>

ҚАШЫҚТЫҚТАН МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Аширбекова Жадыра

Бәйдібек ауданы, Шаян көпсалалы лицей-жалпы орта мектебі
математика пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары IV - тоқсанда қашықтықтан білім берудеміз. Алдымен "қашықтықтан оқыту" деген ұғымға тоқталатын болсақ, қашықтықтан оқыту адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар:

1. онлайн (синхрондық)
2. оффлайн (асинхрондық)
3. вебинар

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз- интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз- интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз- интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда біздің атқаратын роліміз орасан зор. Бізге әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеліп отыр. Біз оқытуға арналған қысқа мерзімді жоспарымызды дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен ұштастырып, жүзеге асырудамыз. Оқу үдерісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын жүргізіп отырмыз. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт болғандықтан жан-жақты ізденудеміз.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, яғни электрондық оқулық және бейнефильмдерді басқада оқытуға арналған бағдарламаларды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін болмай тұр. Сондықтан қашықтықтан білім беруде педагогтер, яғни біз мына кеңестерді еске алып жұмыс жасаудамыз.

1. Қашықтықтан сабақ өтуде, оқушылар материалды өз бетінше зерделеуге, мұқият болулары керек, себебі бағалау- олардың онлайн тапсырмаларын орындау арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларға материалды игеруге және тапсырмаларды орындауға арналған уақытты нақты анықтау, себебі басқада сабақтардың өтілуіне мүмкіндік беру үшін, оқу материалдарының көп жүктемеуді де еске алу.

2. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен кері байланыс ең маңызды болып табылады. Тапсырманың нақты болуын, оқу материалдарына толық қолжетімділікті болуын және кері байланыс алу үнемі бақылауды қажет

ететінін білеміз, себебі оқушылар кері байланысты дер кезінде алмаса, қашықтық сабаққа деген ынтасы мен маңыздылығын жоғалтады.

Алайда, математика сабағын қашықтықтан оқыту оңай жұмыс емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Дегенмен стандартты орындау , оқушыға сапалы білім беруге міндеттіміз.


Елімізде төтенше жағдай орын алып, індеттің дендегеніне байланысты қашықтықтан білім беру жүйесі енгізілді. Қашықтықтан оқыту жүйесі бұрында да білім алушылардың таңдауы бойынша әр түрлі себептермен жүзеге асырылып келген. Ал қазіргі таңда елімізге түскен қиындыққа қарамастан, білім саласы өз ісін тоқтатпай, қашықтықтан оқытуда барлық техника мен жаңа технологияларды қолдана отырып, білім алушыларға үздіксіз білім берудеміз. Күнделікті өткізіліп жатқан вебинарлар мен семинарлар, әр түрлі қиындықтармен оқылықтарды түзету барысында жасалынып жатқан іс-шаралардың барлығы да қашықтықтан әр түрлі платформалардың көмегімен іске асуда. Десек те, мектеп оқушыларына келсек, олардың жас ерекшелігін , елді мекенде тұратынын, интернет желісі мен техника ақауларын ескере отырып, көптеген оқушыларға ватсап желісі арқылы жұмыс жасау ыңғайлы болды.

Атап айтсақ, ең алдымен қашықтықтан білім беру жүйесі "Балапан", "Еларна" телеканалдарына оқушыларды тартып және WhatsApp- желісі арқылы өткіздім. WhatsApp- желісі арқылы электронды оқулықтарды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырдым, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырдым ,топ құрып, сұрақ- жауап алмастырдым. Онлайн режимді сабақтарды уақтысында белгілеуге, дискуссия жасап, бір шешімге келуге, топпен пікір талас жасауға ыңғайлы жүйе болды.Бұл оқушылар үшін өте тиімді білім алу жүйесі болды. Оқушыларға WhatsApp- пен өту барысында мынадай тәсілдерді (Миға шабуыл, Ыстық орындық т.б) қолдандым. Математиктер чатында да әртүрлі әдіс-тәсілдерді , электронды оқулықтар мен есептер жинағын тәжірибе алмасу арқылы алып, өз сабақтарымда пайдаландым. WhatsApp- арқылы жаңа сабақтарды видеокамера арқылы түсіндірме жасап, түсірдім, оны чатқа тастап, ары қарай оқушыларды үш топқа бөлдім. Ол топтың басшылары етіп, сыныптың белсенділерін сайладым. Мысалы: Бейбіт Дина,Додонова Диана, Шалқарқызы Ақмаржан сынды белсенді оқушыларды араластыра отырып, сабақты қызықты өтуіне ықпал жасадым.Бұл оқушылар орта оқитын оқушылардың қызығушылығын арттыруға көп үлестерін қосты. Бұл топтарға А,В,С деңгейіндегі деңгейлік тапсырмалар бердім .

Берілген тапсырмаларға бағалау критерийлері арқылы дер кезінде оқушылармен кері байланыс жасап отырдым.Оқушылардың жасаған жұмыстарының бағалауын күнделік кз-ке қондырып , ата -аналарға хабарландыру жасап отырдым. WhatsApp- пен өту оқушыларға өте тиімді дей отыра , WhatsApp- пен берілген жұмыстар смартфон жадысын толтырып, шамалы қиындықтар келтірді. Мысалы: Қашықтықтан сабақ өту тапсырмалары:

Білгенге маржан

Екі өрнектің квадраттарының айырмасы олардың айырмасы мен қосындысының көбейтіндісіне тең.



Мысал 1

$46^2 - 24^2$ өрнегінің мәнін есептеңіз.

Шешімі:
 $46^2 - 24^2 = (46 - 24)(46 + 24) = 22 \cdot 70 = 1540$

Енді сіздің кезеңіңіз
 $37^2 - 13^2$ өрнегінің мәнін есептеңіз.

Мысал 2

$(4 + 3mt)(4 - 3mt)$ өрнегін ықшамдаңыз.

Шешімі:
 $(4 + 3mt)(4 - 3mt) = 4^2 - (3mt)^2 = 16 - 9m^2n^2$

Енді сіздің кезеңіңіз
 $(6x - 5y)(6x + 5y)$ өрнегін ықшамдаңыз.

Мысал 3

$53 \cdot 47$ есептеңіз.

Шешімі:
 $53 \cdot 47 = (50 + 3)(50 - 3) = 50^2 - 3^2 = 2500 - 9 = 2491$

Енді сіздің кезеңіңіз

$102 \cdot 98$ есептеңіз.

Мысал 4

$t^2 - 64 = 0$ теңдеуін шешіңіз.

Шешімі:
 $t^2 - 64 = t^2 - 8^2 = (t - 8)(t + 8) = 0$

Соңғы теңдеудің екі түбірі бар: $t=8$ және $t=-8$

Енді сіздің кезеңіңіз

$b^2 - 49 = 0$ теңдеуін шешіңіз.

© «ЕбіСоп» басшылары

қысқаша көбейту формулалары

БЕКІТУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

№1

Білімді нығайту

Көбейткіштерге жіктеңіз:

1) $81a^2 - 36 =$

2) $36x^2 - 25y^2 =$

3) $9a^2b^2 - 4x^2 =$

4) $100a^2 - \frac{1}{9} =$

5) $49a^2 - \frac{a^2}{25} =$

№2

Білімді нығайту

Көпмүше түрінде жазыңыз:

1) $(3a - 2b)(3a + 2b) =$

2) $(4x^2 + 3y^2)(3y^2 - 4x^2) =$

3) $(a^m + 5b^{m+1})(a^m - 5b^{m+1}) =$

6) $(5a^m + 3b^m)(5a^m - 3b^m) =$

7) $(3a - b)(3a + b) =$

8) $(2x + y^3)(y^3 - 2x) =$

9) $(2a^m + 3b^m)(2a^m - 3b^m) =$

10) $(2a - 3)(2a + 3) =$

11) $(2x^2 + 5y)(5y - 2x^2) =$

12) $(7a^k + b^k)(7a^k - b^k) =$

© «ЕбіСоп» басшылары

№3

Білімді нығайту

Көбейткіштерге жіктеңіз:

1. $9x^2 - 25y^2 =$

2. $a^2b^6 - 16x^4 =$

3. $4x^2 - (x + 1)^2 =$

4. $(x^2 + 2)^2 - (3x - 1)^2 =$

5. $4x^2 - 49y^2 =$

Сонымен қатар , кейбір сабақтарды Zoom- қосымшасы арқылы өткіздім, бұл жүйеде мұғаліммен оқушылардың бір-бірімен жүздесіп, сабақ өтуіне тиімді тәсіл болды. Алайда математика пәні жазбаша өтетін болғандықтан, әрине, тақта мен борсыз елестету мүмкін емес, сонымен қатар формула, графикалық сызбалар қажет, сондықтан, интернет жүйесіне бұл тығырықтан да шығу жолын қарастырдым.

Ол- " Idroo " бағдарламасымен танысып, оны жүзеге асыру еді.

"Idroo" бағдарламасының ерекшелігі- бұл бағдарламада көптеген функциялар бар, математикалық клеткалы парақ ашылады, сол жерге кәдімгідей

дәптерге жазғандай жазып, сызып тікелей жаңа сабақты үйретуге болады. Барлығы онлайн түрде көрініп тұрады. Бұл бағдарламамен алдын- ала үйрететін сабақты жазып, ссыла жасап қоюға да болады екен. Ол ссылқаны оқушылардың чатына жіберіп, оқушылармен бірігіп, тақта бетінде жұмыс жасай алады екенсің. Мұны алдағы уақытта әлі де дамытып, оқушыларға осы жүйені қалыптастыруға жұмыс жасаймын.

Оқушылардың мүмкіндігін ескере отырып ,білім жүйесіне Online Мектеп- платформасы енді.Бұл платформа оқушылар мен мұғалімдердің жұмыс жасауына өте тиімді болды.Менің өзіме және оқушыларыма бұл платформа арқылы бетпе- бет жүздесіп, жаңа сабақты түсіндіру өте қолайлы болды. Мұнда өз сабағымды құруға, Bilimland.kz- платформасындағы дайын тапсырмаларды пайдалануыма, бжб, тжб- ны құрастыруыма және басқада педагогтармен тәжірибесімен алмасуыма тиімді болды және оны жүзеге де асырып келеміз,оқушыларда жеке код арқылы кіріп, кім қанша тест жасады, яғни сабақты қаншалықты түсінген - түсінбегенін көретін анализ бөліміне қарап біле алатындығымен және оқушыларға кері байланыс жасау үшін пікірін сұрағын жазатын "чат"бөлімі және де тағы басқа да көптеген бөлімдерімен ерекшеленді. Қашықтықтан оқыту мен оқу үшінгі бұл Online Мектеп- платформасы оқытушылармен оқушылардың техникалық, ақпараттық құзыреттілігін арттырды және де бәрінен бұрын қол жетімді болды.

Қорыта келгенде , қашықтықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында АКТ сауаттылығым артып, әр түрлі ресурстармен жұмыс жасауға үйреніп, оқушыларға қашықтықтан білім беру жүйесінде оқушының білім сапасын арттыруға үлес қостым.Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда оқытушының рөлі арта түсетінін және өзгеретінін түсіндік.

Бұл жүйеде мен оқушының жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескердім. Білім беру жүйесінің ортасында оқушы тұратынын ескеріп, оқушыға арналған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданадым. Берілген тапсырмада нақты уақытқа сай болуы керек екенін оқушылармен бірге тиімді пайдаландық.Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып, жүргізілетін білім беру сапасын бақылауда үнемі кері байланыс жасап отырдым.Математиктер чатында да әртүрлі әдіс-тәсілдерді , электронды оқулықтар мен есептер жинағын тәжірибе алмасу арқылы алып, өз сабақтарымда пайдаландым. Қазіргі жағдайға байланысты қашықтықтан оқыту жүйесіндегі тиімді әдістердің (электронды материалдар) бәрі өте ыңғайлы.Оқушылардың өздігінен жұмыс жасауға машықтанады.

Қашықтан оқытудың зиянды жақтары жетерлік, бірақ бұл толықтай алып тастауға себеп емес! Зиянынан бөлек пайдасын да көре білген дұрыс сияқты. Әр істен жақсылық іздей білген жөн.

Дәстүрлі білім беру жүйесіне ауысқан күннің өзінде педагог оқытудың жаңа технологиясын, техникалық сауаттылығымызды оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізуді дамытамыз.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқушыларымызбен бірге әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғастыруға,

ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға жұмыстар жасаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Журнал "Информатика образование" - 2006ж №7
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беру ақпараттандыру IV Халықаралық формуның мақалалар жинағы 18-19 бет
3. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі.
4. ustaz.kz сайты.
5. Алгоритм журналдары

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Байсеитова Жалғас
Тажиева Эльвира

Отырар ауданы, Жамбыл атындағы мектеп – лицейінің математика пәні мұғалімдері

Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытуды 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық – математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану болып табылады.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, **танымдық белсенділік**, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту мәселесін ғылыми жолға қою оңай мәселе емес.

Бастауыш баласы үшін жаңа роль - оқушы, жаңа әрекет - оқу болса, осы мәселелерге олардың шаршамай, жалықпай, қызығушылықпен араласып кетуіне, маңайы мен қарым-қатынасының күшеюіне жағдай жасау мұғалімнің

шеберлігін және осы жастағы оқушының психологиялық ерекшелігін жете білуін керек етеді.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу , оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру ,
- ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану

Оқыту тәсілдерінің түрлері :

- ой, зейін, ес, қабылдау, қиялды жақсарту тәсілдері;
- мәселелі жағдай тудыруға көмектесетін тәсілдер;
- оқушылардың сезімдеріне әсер ететін тәсілдер;
- жеке оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқару тәсілдері

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады :

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шындай түседі.

3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шындайды .

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі .

Математикалық ойлауды дамытуға арналған есептер талдауды, мәліметтер мен ізделетін шамаларды салыстыруды , шығарылатын есепті бұрын шығарылған есептермен салыстыруды, есептің карапайым моделін жасауды, есептің мәліметтерін синтездеуді және оларды график, таблица, сондай-ақ математикалық сөйлем түрінде өрнектеуді, табылған нәтижелерді нақтылауды, зерттеуді талап етеді. Алайда математикалық есептерді шығару оқушылардың жеке шығармашылық белсенділігіне байланысты. Сондықтан, есеп шығарудың басты мақсаттарының бірі-оқушылардың ойлау қызметін жандандыру.

Демек, оқушылардың ойлау қызметін жандандыру арқылы әр алуан түрлендірулерді, есептеулерді орындауды, математикалық сөйлемдерді тұжырымдауды үйретумен бірге, ойлап, талқылауға, математикалық фактілерді салыстыруға, ортақ немесе айрықша қасиеттерді көрсетуге, дұрыс қорытынды жасауға баулуы тиіс.

Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы — есептерді шығара білу, шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез

арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынасқа дегенде көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Бұл бағдарлама басқа технологиялардан өзінің құрылымы мен ерекшеленеді. Сабақ жоспарының құрылымы үш кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің өзінің қызметі бар.

Әрбір сыныптың бағдарламасы өткен жылға оқу материалын еске түсіріп, қайталау арқылы игеріледі. Қайталау бірте-бірте кеңейіп, жаңа материал өткен материалды кеңейтуге бейім болуы керек. Мысалы, 1 сыныпта «Алғашқы ондық» концентрін қайталау кезінде оқушылар разряд бірліктер туралы білімдерін (бірлік, ондық, жүздік) еске түсіріп, разряд туралы жаңа ұғым қалыптастырып, әрбір кластың ерекшелігімен танысса, 4 сыныпта сандарды дөңгелектеумен танысады. Таблицалық көбейту мен бөлуді қарастырғанда бірліктерді нольге көбейту мен бөлу жағдайлары қарастырылады.

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балалардың абстрактілі ойлауы әлсіз болғандықтан оқушылардың қорытындылау, бекіту жасау, ережелерге талдау жасау, заңдылықтарды бекітуді бағдарлама мазмұны мұғалімдерден кең көлемдегі көрнекі құралдарды, дидактикалық құралдарды қолдануын талап етеді.

Көмекші мектеп оқушылары меңгерген білімін жаңа, өзгерген жағдайға ауыстыруда қиналады, сондықтан оқытуды тәжірибе бағытында жүргізу өте маңызды. Бұл үшін басқа пәндермен пәнаралық байланыста болып, кәсіби еңбек циклін, экскурсия материалдарын, әр түрлі өмір жағдайлары оқу тапсырмасы ретінде пайдалану қажет.

Мұғалім математика сабақтары арқылы, балалар бойында мектепті бітірген соң өз мүмкіншілігіне қарай өмір сүре білу қасиеттерін қалыптастыру сияқты тәрбиелік міндетті шешуге мүмкіндік алады.

Сабақтың тиімділігін арттыру және оқушылардың математика пәніне қызығушылығын тудырудың жолдарының бірі – сабақ барысында оқушылардың алған білімін баяндауға ынталылығын, математика тарихының элементтерін енгізе отырып, есеп мазмұнының тартымдылығын арттыру керек. Математика туралы қызықты материалдар, әр түрлі қызықты есептер, ойындар сабақ үстінде өзінің орнын табады. Сондықтан сабақты дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушылардың білімін қалыптастыруға болады. Сонда олардың:

-ынтасы артады;

-қызығушылығы туындайды.

бекіту үшін оқушыларға ауызша жаттығулар орындатамын. Сабақ соңында денгейлеріне сәйкесті шығармашылық тапсырма беремін.

Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

Оларға:

1.Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру;

2. Пәнге қызығып, оған көңіл қойып тереңдете оқып үйрену;

3. Сабақ барысында қолданылатын ойындарға, математикалық сайыстарға қатысу жатады.

Күнделікті сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерге: математикалық ойындар, ауызша есептер, шығармашылық тапсырмалар беріп, сабақты қайталауға арналған есептер шығаруды, практикалық сабақтар кезінде ойын арқылы өткізіп отырамын.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушыларға топтық жұмысты ұйымдастыру үшін оларға білім беру ордасын құру керек. Ол үшін оқушыларды қарым-қатынасқа тартып жеке жұппен топтық және ұжымдық жұмыстарда жұмыс жасай білу керек. Оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану сабақты ұтымды жүргізудің тиімді тәсілі.

Топтық жұмыстың мақсаты: Топтық жұмыстарды ұйымдастырудың оқыту үшін оқушыларды шағын топтағы жұмысқа тарту, қызығушылықтарын арттыру мақсатында, әртүрлі мәселелерді шеше отырып, қызықты тапсырмаларды орындау.

Топ мүшесі өзінің тобының артта қалмауына жанталасады. Сыныптағы белсенділігі төмен оқушылар осы топтық жұмыстың арқасында жаңа қырынан жаңғырады.

Топтық жұмыстың ерекшелігі Топтық жұмыс оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, қиындықтарды шешіп жеңіске жетеді.

Жұмыстың өзектілігі:

Топтық жұмысты жүргізу кезінде сабақтарды ұтымды өткізудің бірі талқылау, талдау.

Топтық жұмыста сабақта оқушылардың жаңашылдық қабілеті ашылады. Топ арасында мұғалім мен топ мүшелері, топ мүшелері мен мұғалім арасында берік қарым-қатынас орнайды және сенімділік қалыптасады. Топ ішінде кері байланыс жүзеге асады.

Топтық жұмыс. «Ойлан, жұптас, бөліс»

1- топ. 2 сандықшаға 12 білезік теңдей бөлініп салынды. Әрбір сандықшаға неше білезіктен салынды?


2- топ. 12 білезікті әр сандықшаға 4 білезіктен салу қажет. Неше сандықша қажет болды?

3- топ. Мерекеге 16 түйреуіш сатып алынды 8 қызға тең бөлініп берілді. Қыздардың әр қайсысы неше түйреуіштен алды?


4-топ. Мерекеге 8 қамзол тігілді. Әр қамзолды сәндеуге 5 тоқыма бау жұмсалды. Барлығы неше метр тоқыма бау жұмсалды?

2. Жұптық жұмыс «Венн диаграммасы» әдісі

Жиындардың әр қайсысына сандар таңда.



бөлінеді



3.«Сұрақ –жауап» әдісі

1. Екі тышқанның неше құлағы бар? (4.)

2. Аулада қаздар жүрді. Дана 6 аяқ санады. Аулада қанша қаз бар? (3 қаз)

3. Ағашта бірнеше құс отыр. Оларда 8 қанат болды. Ағашта неше құс отыр? (4 құс)

Бұл сайыс балалардың тез ойлау қабілетін дамытуға, шапшаңдыққа, тапқырлыққа бейімдейді. Шығармашылық жұмыстар оқушылардың математика пәніне деген ынтасын арттырады, оқуға деген көзқарасын өзгертеді, математикалық ой-өрісін, сауаттылығын дамытады. Мен көп жағдайда оқушылардың дүниетанымын кеңейту арқылы шығармашылық қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстар жүргізудің маңызы зор деп түсінемін. Сабақ соңына қарай қызықты логикалық есептер, математикалық мазмұнды өлең есептер, мысалы:

"Он екі түйе, он екі жылқы,

Тоғыз сиыр, бес ешкі,

Екі қоян, үш түлкі,

Таба алмасаң бұл күлкі"-деген мәтіндегі математикалық жұмбақтар шығартамын. Сонымен бірге сандық ребустар, математикалық фокустар, логикалық сұрақтар мен есептер, арифметикалық викториналар орындатамын.

Қорытындылай келе, осылайша оқушылардың математикалық ойлау жүйесін дамытуда олардың: білімдерін игеру арқылы мүмкіндігін шындап, өз биігіне көтеретін; өз бетімен білім алып, дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыруымызға және оқушылардың сауаттылығын арттыруға болады деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы 2016-306 б.

2. А. Әлімов «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» 2015 жыл.

3. Kazbilim-edu.kz

4. Sabaq.kz

5. bilimdiler.kz

6. Bilimland.kz

7. Аймағамбетова Б Көңілге қонған көрнекілік Мектеп – 1989 №8 -14-17

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПӘНДЕРГЕ STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕҢГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Раманова Гулмира

Кентау қаласы А.Югнаки ат.ЖОМ математика пәнінің мұғалімі

Қазіргі заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді. Білім берудің басым бағыттарының бірі

оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру болып табылады. Компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру ғылым, техника, медицина, білім беру және мәдениет саласына негізгі әсерін тигізуі мүмкін.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. *Мұндай тәсілдің мақсаты* – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі.

Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009).

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.[1]

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу үшін Қазақ елі атқаруға тиісті 10 міндетті нақтылап беріп, оқытудың заманауи әдістемелер мен технологияларды қолдану керектігін баса айтты. Сол себепті, бәсекеге қабілетті елдер қатарында болу үшін STEM – білім беру мен оқуды бірдей бағытта ілгерілетуіміз қажет.[2]

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі.

Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату.

STEM білім беру дегеніміз не? Сұраққа жауап бермес бұрын, STEM деген сөздің мағынасын ашып алайық:

STEM қалай жіктеледі:

S – science (жаратылыстану ғылымы)

T – technology (технология)

E – engineering (инженерлік)

M – mathematics (математика), яғни осы салалардың жиынтығы.

STEM - білім беру білім саласы «Жаратылыстану», «Математика және информатика», робототехника, 3Д модельдеу, графикалық дизайн, технологиялық сауаттылық, инженерлік тәжірибе қабілеттіліктерін, дағдыларын дамытуға бағытталған. STEM оқыту бойынша пән мұғалімі әсіресе сабақта пәнаралық байланысқа көп көңіл бөлуі керек. Шығармашылық тапсырмаларға, шағын жобаларға, оның ішінде топтық, жұптық жоба қорғау жұмысына көп көңіл бөлуі керек. Ол оқушының әлеуметтенуіне үлкен үлес.[3]

STEM технологиясын мектепке енгізудің себебі, өзгеріс не үшін қажет деген сұраққа жауап беріп көрейік?

- Жалпы мектептік орын жайлардың жетіспеушілігі,
- оқу ұжымдарын құрылымды ұйымдастыру қажеттілігі,
- білім беру құрамының өзгерісі,
- мектеп учаскелерін тиімді пайдалану,
- ғылым мен техника жетістіктерін білім беру процесіне енгізу.

STEM технологиясын оқыту процесінде қалай жүзеге асыруға болады?

Пәнді тек негізгі оқыту – бейінді оқытып ғана емес, қосымша білім беру жүйесін қосу керек, соның ішінде таңдау және үйірме жұмыстарында, әртүрлі конкурстар мен олимпиадаларға дайындық кезінде.

Біздің мақсатымыз – STEM технологиясын математика сабағында проблемалық мысалдар келтіру арқылы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және шығармашылыққа баулу. Математика сабағында көркем еңбек пәнімен байланыстыра отырып, 5 сыныпта кеңістік фигураларының жазбалары бөлімінде балаларға тікбұрышты параллелепипед тақырыбында жағдаяттық сұрақтар қою арқылы функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Оқушылар тікбұрышты параллелепипедтің ені мен ұзындығын табуды біледі, ауданын есептей алады. Мысалы мектеп тұрғызу үшін немесе аспалы көпір, жер төселімдерін жасау үшін балалар қанша текшенің қажет екенін есептеп, нәтижесін жаза алады. 6 сынып математикасында координаталық жазықтық тақырыбында біз АКТ-ны және қосымша үлестірмелі қағаздарды пайдаланамыз, бірақ бала тек көзбен ғана көріп қояды, ал көркем еңбек пәнімен байланыстырып стринг арт жасауға болады. Оқушы қол мен ұстау арқылы координаталық қиылысу нүктелерін таба алады. Қалған басқа сыныптардың алгебра және геометрия пәндерінде де қолдануға болады. 7 сынып геометрия сабағында күнделікті өмірде пайдаланатын салқын тісбасарларға арналған таяқшаларды пайдалану арқылы түрлі кеңістік фигураларын жасауға болады. Мысалы: түзу, сәуле, кесінді, бұрыш, үшбұрыш, төртбұрыш. Демек, бұл технологияны шексіз пайдалануға болады деген сөз.

Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, STEM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады. Болжамдар бойынша STEM сегментіндегі жұмыс орындары

жұмыспен қамтудың басқа секторларымен салыстырғанда, алдағы он жылдықта екі есе қарқынмен өсуі мүмкін. Бұл дағдыларды бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақ кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі.

Оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру оқытушының өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетінің артуына септігін тигізеді. Сондықтан, ғылыми техникалық прогрестен қалмай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың негізгі міндеті.[4]

STEM бағдарламасы аясында үйірме немесе таңдау сабақтары ретінде оқушыларды шығармашылыққа баулу мақсатында болашақта авторлық бағдарлама жасап, ұсынғым келеді.

Сонымен қатар Функциональдық сауаттылық – ұлттың, мемлекеттің немесе адамдардың мәдени және гуманитарлық бағытта дамуы, өмір сүріп жатқан әр адамның жасына қарамай қоғамдық-саяси, мәдени қызметтерге белсене араласуы және бүгінгі жаһандану дәуірінде заман ағымынан қалыспай ілесіп отыруы, мамандығын, білімін үнемі жетілдіріп отыруы ретінде түсіндіріледі.

Функциональдық сауаттылыққа ЮНЕСКО -ның анықтамасы: "Қоғамның немесе өзінің дамуы үшін оқи, жаза және санай алатын, сонымен бірге оны жалғастыруға мүмкіндігі болатын адам функционалды сауатты болып саналады"

Ғалым А.С.Тангян функциональдық сауаттылыққа төмендегіше анықтама береді: "Өз елінің және қоғамның экономикалық, саяси, азаматтық, қоғамдық және мәдени өмірге толыққанды әсер ете алатын, оның дамуына, өзінің жетілуіне қажетті білім мен іскерлікті меңгеру ең төменгі функциональдық сауаттылық болып табылады" ХХІ ғасырдың соңғы ширегінде білім саласына арналған зерттеулерде тек үлкендердің ғана емес, мектеп оқушыларының да функционалды сауатсыздық, мәселелеріне көп көңіл бөліне бастады. ЮНЕСКО бойынша функциональдық сауатсыздық дегеніміз сауаттылық қажетті іс-әрекетте, яғни адамның өзінің, топтың, және ол мүше болып отырған қоғамның дамуына қатыса алмауы болып табылады. Сонымен, функционалды сауаттылықты (сауатсыздықты қарапайым сауаттылық) сауатсыздық құбылысына қатысты алғанда екінші ретті құбылыс ретінде қарастыру қажет. Қарапайым және функционалды сауаттылықтың байланысы туралы мәселе мектептің мүмкіндігі мен жағдайын зерттеу тұрғысынан алғанда қызығушылық туғызады, себебі онда оқытудағы үздіксіз мәселе ретінде тұлғаның дамуын, әлеуметтік бейімделуін және адамның өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз ету негізі болып табылады. Функциональдық сауатсыздық әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде, адам мен қоғам үшін жағымсыз салдар, феномен ретінде мысалы, қоғамның қажеттілігі мен адамның кәсіби мүмкіндігі арасындағы қарама-қайшылық ретіндегі жұмыссыздық қазіргі өркениеттегі қауып-қатер факторы ретінде философтар, әлеуметтанушылар, педагогтар, психологтар және т.б. тарапынан зерттелуде.

Бүгінгі оқушылардың функциональдық сауатты болуы еліміздің болашақта көздеген дамыған елдер қатарына енуіне әсер ететін факторлардың бірі

болатыны даусыз. Олай болса, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданған жөн.

Қорыта келгенде математика сабағында STEM технологиясын еңгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға болады.

ЕЛБАСЫ ИДЕЯСЫМЕН ЖАҢҒЫРҒАН ТҮРКІСТАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Садықов Сейдулла

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік
университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы,
Түркістанның еңбек сіңірген қызметкері**

Ұлт ретінде жұтылып кетудің кара бұлты торлаған ауыр саяси-экономикалық жағдайда еліміз өз Тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басқан болатын. Міне, осындай сын кезенде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев ел тұтқасын қолына алды.

Біздің республикамыз бен халқымыз қиын да қайғылы жолдан өтті. Сталинизм жылдарында Қазақстанда концентрациялық лагерьлер орналасып, оған кейбір халықтар тұтасымен жер аударылды, атом сынақтары жасалды. Космодром мен сынақ аландарының да көбі осында. Сырттан 2 миллион адам күштеп көшірілгендіктен көп ұлтты елге айналдық. Тағы 2 миллиондай адам тың көтеруге жіберілді. Бұл – әрине, демографиялық естен тандыру еді.

Ұзақ жылдар бойы адамзат көшінен көз жазып, азаттық, еркіндік дегеннің, иелік, қожалық, егемендік дегеннің байыбына барып көрмеген ұрпақ ойламаған жерден империяның казармалық бұғауынан босап, бостандық әлеміне шыққанда, қайда бет аларын білмей абыржып қалған-ды.

Бірінші кезекте тәуелсіздік жағдайында мемлекет ретінде қалыптасуға бағыт алу міндеті алға қойылды. Биліктің мемлекеттік институттарын құруға, түрлі деңгейдегі дүниежүзілік ұйымдарға кіруге алғашқы қадамдар жасау ауадай қажет еді. Осы орайда 1992 жылдың басында дүниеге келген «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» тұңғыш жоспарлау тәжірибесі болды. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен жасалған Стратегия қазақстандық ұлттың өзін-өзі танып білу жөніндегі мәселенің идеологиялық іргетасын қалаған республиканың тұңғыш ресми құжаттарының бірі еді.

Сол тұста жарық көрген Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» деп аталған тұғырнамасы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған, өтпелі кезенді жан-жақты сипаттаған, болашақтың бағдаршамы іспеттес аса маңызды еңбек болды. Онда азат елдің алдында тұрған ұлы міндеттер – тағдырдың ұрпақ мандайына жазған мемлекет құру, ел басқару ісін демократияландыру, осымен бір мезгілде нарықтық экономикаға көшу жан-жақты сараланды. Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында империялық шовинистік пиғылдағылар ұлттық мүддеге нұқсан келтіру, азаттық жолына түскен жергілікті халықтың тілін, дінін, мәдениетін, басқа да рухани қазыналарын жандандыруға қалай да тосқауыл жасау әрекеттеріне ашық түрде барып жатты. Олар Кеңестер Одағының құрамында болған республикаларға жөнсіз тиісіп, олардың ішкі өміріне араласуды дағдыға айналдырды.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында ғасырға пара-пар маңызды істер атқарылды. Республиканың тұңғыш Ата Заңы қабылданды. Қазақстан

өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар тәуелсіз дербес елге айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымына, Шанқай Ынтымақтастық Ұйымына, Ислам конференциясына, тағы басқа бірқатар беделді ұйымдарға мүше болды, шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды, шетелдік іскер адамдардың егемен елімізге деген ынтасы арта түсті. Осылардың бәрі тұтас ұлт болашағының алтын дінгектеріне айналды. Ұлттық сананың өрлеуі ұлттық жаңғырудың тұтас жүйесін қозғалысқа келтірді. Осынау ұлы істердің басы-қасында Тұңғыш Президент Н.Назарбаев жүрді, тендессіз маңызға ие болған сан қырлы игілікті шаралардың ұйытқысы болды. Республикамыз әлемдік дамуда өз орнын алып, оң-солын тани бастаған тұста, яғни 1997 жылы 10 қазанда еліміздің Парламентінде 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясы ресми түрде жарияланды. Сол күні Елбасы Қазақстан халқына ең алғашқы Жолдауын арнады. Бұл жыл сайынғы дәстүрге айналды.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың керегесін кеңге жайған тәуелсіз мемлекет құру идеясын жанына жалау ететіні, тұған халқына берген антына адалдығы осы кезге дейін атқарып келе жатқан жасампаздыққа толы айшықты істерінен айқын аңғарылады. Елбасының өз қолынан шыққан төл туындылары – «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Евразия жүрегінде», «Қазақстан жолы», Бейбітшілік кіндігі» атты еңбектеріндегі жүрекжарды ой-пікірлері, нақты тарихи тұжырым-толғаныстары кім-кімді болмасын терең ойларға жетелеп, көкірек көзін ашады.

Көпұлтты Қазақ елінің тәуелсіздік тұғырындағы ұлан-ғайыр табыстары, еңсесін көтеріп, әлемдік өркениет көшінде өзін-өзі әлемге таныта білуі ең алдымен сан алуан ұлттардың ынтымақ-бірлігінде, тізе қоса қамылдауында десек артық айтпаймыз. Республика халықтарының ұлтаралық, дінаралық, қоғамдық келісім-ынтымағы қалыпты өмір салтына, барлық жетістіктердің қайнар көзіне айналғаны нақты өмір шындығы. Қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттер – кеңпейілдік, дархандық, толеранттық өзге ұлттармен сыйластық, құрмет сезімінің негізіне айналған. Ынтымағы жарасқан елдегі жасампаздық салтанатының бүгінгі айшықты бейнесі әлем алдындағы беделді биікке көтеріп, алға бастауда. Қазақстан халқы Ассамблеясының Тәуелсіз еліміздегі алар маңызы да ерекше сипатқа ие болып отырғандығы да сондықтан.

Қазіргі қазақ қоғамындағы өркениетті елдер қатарына шүбәсіз алып баратын бірден-бір жол елдегі тыныштық, сан алуан ұлттар арасындағы өзара келісім болып табылатындығын арта түскен абырой-бедел, «Қазақстан» деген елдің, «қазақ» деген халықтың бет-бейнесі мен өзіндік үнінің асқақтай түсуі, еліміздің Орталық Азия көшбасшысы ретінде таныла бастауы айқын дәлелдегендей. Осы абыроймен көмкерілген ұлы жолда Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев әлем таныған шоқтығы биік тұлғаға айналды.

Кеңестік дәуірде қазақ халқының бастан кешірген ең үлкен қасіреттерінің бірі – өз жұртында жүріп-ақ азшылыққа айналуы. Қазақ тілінің толық мағынасында кең құлаш жаюы үшін ана тілінде сөйлеп, ойлай алатын ұлттық орта қажет. Патшалық-отаршылдық экспансия, сталиндік-голощекиндік геноцид, куғын-сүргін кезінде қатал тағдырдың тәлкегімен әлемнің түпкір-түпкіріне тарыдай шашырап кеткен қазақтарды Атажұртқа қайтару ғана ұлттық

ортаны қалыптастырудың ең маңызды шарты болмақ. Өзге елдердегі төрт миллионнан астам қандастарымызды құшағымызға басқанда ғана ана тілімізде сөйлейтін ортаның орнығары анық. Тұңғыш Президенттің пәрменімен Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Ұлы көш басталып кетті.

Қазақтардың идентификациялануы мен ұлттық бәсекелестікті, өзге ұлттармен пара-парлыққа ұмтылысты ту етіп көтерген Тұңғыш Президентіміз атажұртқа аңсап жеткен қандастардың Қазақстан азаматтығын алуына түпкілікті қоныстануына қолайлы жағдай туғызуды әрдайым басты назарда ұстап келеді. Қазіргі таңда Атажұртта қайта қауышып, азаматтығын алған бір миллионға жуық өз бауырларымыздың түтін түтетіп, шат-шадыман өмір сүріп отыруы осының айқын айғағы болып табылса керек.

Түркілік дәуірде бабаларымыз ұстанған ислам діні кеңестік дәуірде атеизмнің ұранымен құбыжық етіп көрсетілді. Патшалық Ресей мен кеңес заманында ислам дінін ығыстыру мақсатымен қаскөйлектің адам айтқысыз шаралары жүзеге асырылды. Мешіттер мен медреселер түгелге жуық жабылды, діни кітаптар өртелді, «дін – апиын» деген ұғым белең алып, қазақ қоғамын құдайсыздар жайлады, рухани жұтандық бел алды.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұғырына көтерілгенде ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген ислам дінінің гуманизмге толы бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтарын барынша дәріптеуге айқын бағыт алынды. Кеңес дәуірінде елімізде 25 мешіт қалса, тәуелсіз елімізде мешіттердің саны 2 мыңнан асты. Ел саясатында дінге кең жол ашылды.

Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына мүше Қазақ елінің соңғы онжылдықта әлем мұсылмандарының құрмет-қошеметіне ие болып отырғанын ешкім де теріске шығара алмайды. Тұңғыш Президент Н.Назарбаев діндераралық үнқатысуларға, ортақ келісімдер мен басқосуларға айрықша мән береді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен еліміздің Елордасында жүйелі түрде өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері қазіргі заманғы діндер арасындағы жаһандық үнқатысудың жарқын да іскерлік көрінісі ретінде әлемдік қоғамдастықтан жоғары баға алуда.

Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың Әлемдік ядролық қарусыздану бағытындағы тендесі жоқ еңбегі ел Тәуелсіздігінің елең - алаңында, яғни 1991 жылғы 29 тамызда «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойған күнінен бастау алады. Қазіргі таңда Қазақстанның Тұңғыш Президентінің осыдан жиырма сегіз жылдан астам уақыттағы тарихи Жарлығы жер шарында мойындалып отыр. Сол тұста Елбасының адамзат тарихында бұрын-сонды болмаған қадамға баруын асқан көрегендік пен даналықтың жарқын символы ретінде бағалаған жөн.

2012 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Оңтүстік Кореяның астанасы Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі екінші жаһандық Самитте әлемнің 53 мемлекет басшылары алдында сөйлеген сөздерінде АҚШ Президенті Барак Обама, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун, тағы басқа алып мемлекет басшылары Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жер бетінде ядролық қарусыздану жөнінде тұңғыш үн көтеріп, ядролық полигонды жапқанын, сөйтіп адамзат болашағына өлшеусіз үлес қосқанын зор ризашылық

сезімдерімен айтты. Осылайша, Тәуелсіз Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Жұмыр жер бетіндегі Бейбітшілік генераторына айналып отыр! Мұны көкірек-көзі ояу әр қазақтың, күллі Қазақстан халқының мақтан етуге хақысы бар. Президентіміздің әлемдік беделінің асқақтай түсуі Қазақ елінің, ұлтымыздың мәртебесін көтеріп, мерейін асыра түсті!

Қазақ елінің 2010 жылғы желтоқсан айында Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына байсалдықпен табысты төрағалық етуі ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының содан бергі аралықтағы сессияларында ұдайы айтылып келеді, Астана Саммитінде қабылданған Астана Декларациясының орасан зор маңызы лайықты бағалануда. Қазақ елінің әлем алдында танылып, мойындалуының бұдан асқан жарқын дәлелдерін келтіріп жатудың қажеті де бола қоймас!

Елін сүйген, елі сүйген Елбасы жөнінде, оның әлемдік деңгейдегі абырой-беделі тұрғысында аз жазылып жүрген жоқ. Осы орайда Қазақ елінің Тәуелсіздік жылдарында қалың оқырмандарына жол тартқан қабырғалы кітап-естеліктердің сөрелердің шырайын келтіріп тұрғанын ризалықпен айтуға тиіспіз.

Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың 2017 жылы сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рухани өрлеуіміздің нақты бағдарламасы ретінде қабылданғаны баршамызға аян. Елбасының елімізде үлкен серпіліс туғызған «Ұлы даланың жеті қыры» атты кезекті мақаласы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қабылданды.

Әрбір халықтың баршаға ортақ қасиетті жерлері болады. Осы тұрғыдан келгенде Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Идеяның түп төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және тағы басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді» деп ежелгі тарихи жәдігерлерімізді тілге тиек ете келе, мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін кұрайтынын айтады. Президент «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын әзірлеу барысында ішкі және сыртқы мәдени туризмді өркендету мақсатымен осы қастерлі мұраларға сүйене отырып, мәдени маңыздылығы тұрғысынан келгенде Түркістан мен Алтайдың ұлттық немесе кұрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы кұндылықтар екеніне баса назар аударады.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» атты екінші бөлімінде дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты жұмыстарды бастауға бағытталған ірі жобаларды ұсынады.

Адамзат баласы тарихындағы түркі әлемі деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани шаңырағы ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің отаны – қасиетті Түркістанда бабалар рухы жаңғырып жатыр. Ежелгі Түркістан – тегі бір, ділі бір, діні бір күллі түркі халықтарының рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы.

Қазіргі киелі Түркістанда классикалық философиялық, археологиялық, тағы да басқа бағыттарды кең өріс алдыру үлкен маңызға ие екенімен ешкім де дауласа алмайды. Бұған білім ордасының ғалымдары өз үлестерін қосуға дайын. Олай дейтініміз, ғылыми әлеует бар. Бір таңқаларлығы сол, күні бүгінге дейін Ахмет Ясауи терең зерттелмеген, ұлы ғұламаның жеке өмірі, тарихы жөнінде там-тұмдап қана білеміз. Ясауи музейі қажет-ақ. Сондай-ақ осында жерленген хандарға, батырлар мен билерге арналған ашық аспан музейін іске қоссақ, қала мәртебесінің биіктей түсері сөзсіз. Осы орайда мына мәселелерге де баса назар аударсақ нұр үстіне нұр болар еді. Біз «Түркістан – мұражай қала» концепциясын ұсынамыз. Түркістан атырабында ескі шаһарлар тұтасып жатыр. Дәлірек айтар болсақ, 60 шақырым жерде Арыстанбаб кесенесі, 40 шақырым жерде ежелгі Сауран қаласы, Қаратау бағытына қарай 50 шақырым жерде Үкаша ата, Жылаған ата және басқа да әулиелі жерлер, 40 шақырым жерде Сырдария өзені, жылы су көздері орналасқан. Туризмді дамытуға сұранып тұрған қолайлы аймақ.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында білімге айрықша назар аударады. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек, - дейді Мемлекет Басшысы. – Жастарымыз басымдық беретін мәселелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Тәуелсіздік жылдарында елімізде білім-ғылым саласына барынша мән беріліп, жан-жақты жағдай жасалуда. Мұның жарқын дәлелдерін жүздеп келтіруге болады. Осы ретте бір ғана мысал келтіре кетейік. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылғы 6 маусымда бұрын аудан орталығы болып келген шағын қалада Түркістан Мемлекеттік университетінің ашылып, оған ұлы ақын және ойшыл, алғашқы түрік ислам сопысы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімі берілуі күллі түркі дүниесінде тарихи оқиға еді. Келесі жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Келісім бойынша Түркістан Мемлекеттік университеті түркі дүниесіндегі тұңғыш Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесіне ие болды. Содан бері арада отыз жылға жуық уақыт өтті. Халықаралық білім ордасы Орта Азиядағы іргелі оқу орындарының бірінен саналады. Қазірге дейін оқу орнын 80 мыңнан астам жас бітіріп шықты. Олар елімізде және шетелдерде өндіріс, білім, бизнес секілді қызметтің көптеген өзекті салаларында жүр.

Жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – терең білімді, іс-тәжірибесін жүзеге асыруға қабілетті білікті маман даярлау. Киелі топырақта бой көтерген білім ордасы Италияның Болон университетінде үдерістің негізі болып қаланған университеттердің Ұлы Хартиясына қол қою арқылы білім берудің әлемдік кеңістігіне қосылды. Болон декларациясының талаптарына сәйкес құрылымға бірсыпыра өзгерістер енгізіліп, жаңа стратегиялық бағыттар белгіленді.

Университет әлемдік деңгейдегі білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша да білім тарататын,

тәжірибе алмасатын орталық болып табылады. Университет шетелдегі 50 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық келісім-шарттар жасаған.

Саналы ғұмырын білім және ғылым саласына арнап келе жатқан айтулы азамат Болатбек Серікбайұлы Абдрасиловтың университет басшылығына келуі тың үрдістерге кең өріс ашып отыр. Айталық, Түркістан қаласының облыс орталығы болуы – аймақты дамытуға, инфрақұрылымдық жобалардың қарқынды өсуіне тың серпін беретінін, алдағы уақытта білікті мамандарға деген сұраныс артатынын ескере отырып, педиатрия, құрылыс, архитектура, ветеринарлық медицина, агрономия, қоғамдық денсаулық сақтау, ақпараттық қауіпсіздік мамандықтарын ашу үшін жұмыс жүргізілуде.

Алдағы тұрған өзекті мәселенің бірі оқытушы-профессорлардың сапалық құрамын талапқа сай жоғары дәрежеге көтеру болып табылады. Оқу орнында 70-тен астам ғылым докторы, профессор, 300-ге жуық ғылым кандидаты, доцент, 200-ден астам ғылым магистрі қызмет етеді. Мұнан тыс Түркияның бірқатар университеттерінен 200-дей профессор кезек-кезегімен келіп, лекция оқуда.

Университетте қазіргі кезде 29 ұлт өкілі саналатын 10 мыңнан астам жас білім алуда. Оның ішінде түркітілдес 17 мемлекеттен келген 1200-дей студент пен тыңдаушы бар. Студенттер негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылады. Сондай-ақ барлығы 54 мамандық бойынша білім алуға мүмкіндік болса, 30 мамандық бойынша магистратура, 4 мамандық бойынша резидентура және 11 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылған.

Жыл сайын қазақстандық талапкерлерге Түркия Республикасы тарапынан 500 білім гранты бөлінеді. Түркия гранттары бірінші кезекте республика бойынша ҰБТ мен КТ қатысып, жоғары ұпай жинағанмен Қазақстан грантына түсе алмаған талапкерлерге беріледі.

Университетте аумағы 13 мың шаршы метр болатын 120 орындық жаңа клиника ашылған. Клиника Түркиядан арнайы алынған қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Халықаралық білім ордасында Ғылым орталығы жұмыс істейді. Оның құрамында Түркология, Ясауитану, Экология және Археология ғылыми-зерттеу институттары бар. Университеттің ғылыми-зерттеу институттары Елбасының ұлттық бәсекелестікке қол жеткізу үшін білім мен ғылымды өндіріспен ұштастыру, отандық инновация жүйесін қалыптастыру бағытындағы алға қойып отырған талаптарды орындау жөнінде ғылыми-зерттеу аясын кеңейте түсуде.

Елбасы – Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының екінші бөлімінде қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларды қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап ететіні алға тартылып, таяу жылдары атқарылуы тиіс міндеттер белгіленді. Осы орайда Елбасы ең бірінші қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажеттігіне тоқталды.

Тұңғыш Президенттің қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлығы Тәуелсіз еліміздегі ең басты оқиғалардың біріне айналып отыр. Білім ордасының оқытушы-профессорлары мен студенттері

латын әліпбиіне көшу – Қазақ елінің рухани жаңғыруындағы жаңа қадам екенін терең түсіністікпен қабылдап, барынша қолдауда.

Жарлықта нақты көрсетілгендей, латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің бекітілуі, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшуін қамтамасыз ету, осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы шаралар қабылдау мақсатындағы Қаулы баршамызды жігерлендіріп, қуанышқа бөлеуде.

Елбасының бағдарламалық мақаласында алға қойылып отырған ұлтымыздың рухани жаңғыруына бағытталған таяу жылдардағы міндеттер біртұтас ұлт болуға, мәдени және сана ашықтығына ұмтылуға, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлетуге бастайды. Сондықтан да білім ордасы студенттерінің рухани жан-дүниесін байыта түсудің маңызына мән бере отырып, Рухани жаңғыру орталығын ашты. Қазіргі таңда бұл орталық Түркістан облысы мен қаласының тиісті бөлімдерімен бірлесе отырып, өз жұмыстарын жандандыра түсуде.

Елбасы «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынына кәміл сене отырып, Қазақ елін мекендейтін әрбір жанның бойындағы туған жерге деген сүйіспеншіліктің Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласатынын қадап тұрып айтты. Әрбір қазақстандық өз елінің патриоты болуға міндетті. Патриотизм өз тарихы мен тамырын білумен тікелей байланысты болса керек.

Ежелгі Түркістанда шаңырақ көтерген Халықаралық білім ордасы тек ғылым мен білімнің нәрімен сусындатып қоймай, қалаға көрік беретін үздік сәулеткерлік шеберлікпен салынған оқу ғимараттарымен, оқытушы-профессорларға арнайы салынған коттеждерімен, спорттық сауықтыру кешендерімен, зәулім Мәдениет орталығымен, жатақхана, асхана және кітапхана кешендерімен де ерекшеленеді. Аумағы 160 гектарды алып жатқан таңғажайып ботаникалық бақ та қасиетті Түркістанның көркіне көрік қосып тұр.

Сан ұлтты студенттер арасындағы достық білім ордасының қабырғасыда жүргенде мәңгілік нығая түседі. Бүкіл түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылатын да солар. Олар өзара қарым- қатыныста жүріп, туыстас халықтардың тарихын, мәдениетін және тілін терең ұғынады. Білім ордасының студенттері өзге студенттерден білім сапасымен ғана емес, сонымен қатар патриоттық рухымен де ерекшеленеді. Университет еліміздің нағыз патриоттарын даярлауда. Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен салауаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз атындағы Халықаралық университеттің рухани астанамыз – қасиетті Түркістанда шаңырақ көтеруі жастар жүрегін нұрландырады.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің отыз жылға жуық уақыт ішінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгілікті істердің белең алуына бастауда.

Осыдан үш жыл бұрын Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Түркістан облысының дүниеге келіп, Түркістан қаласының облыс орталығына айналуы Түркі әлемінде тарихи оқиға болды. Бұрын аудан орталығы болып келген шағын шаһар қазір мәдени орталықтары көз тартатын жасыл желекті, көрікті қалаға айналып келеді. Қасиетті мекеннің жасарып-жаңғыруында, өсіп-өркендеуінде Қазақ елі Тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес. Білім ордасы еліміз Тәуелсіздігінің символына, түркі халықтарының білімі мен ғылымының, мәдениеті мен өнерінің алтын бесігіне айналды.

Елбасының киелі Түркістанға жиі-жиі ат басын бұратыны мәлім. Кеңес Одағының кезінде-ақ университетті ашу жөніндегі Жарлыққа қол қойған оның білім ордасының болашағына үміт-сеніммен қарағаны күмәнсіз. Әлем түркілерінің рух астанасы – қасиетті Түркістанның бүгінгідей жасарып-жаңғыруында білім ордасы жетекші рөл атқарып отырса, түркілер бірлігі жолындағы ұлы іске тас-түйін жұмылған мыңдаған шәкірттер университет қабырғасынан түлеп ұшып жатса, бұл сенімнің ақталғаны емес пе! Тұңғыш Президент қасиетті Түркістан топырағына қадам басқан сайын алдымен университетке соғып, оқытушы-профессорлармен, студенттермен жүздесетіні, өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі сұрастырып, аландаушылық білдіретіні де дәл сондықтан болар. Зиялы қауым мен шәкірттер білім ордасын мақтаныш сезіммен «Елбасы құрған университет» деп атайды.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫҚ БІЛІМДЕРДІ ҰШТАСТЫРЫРА ОТЫРЫП, ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫ ЖАҚСАРТУДА САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Шатырбаева Айнұр Манасқызы

Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы
орта мектеп-интернаты

Бірге жиналу – бұл бастама
бірге қалу – бұл алға жылжу,
ал бірге жұмыстану – бұл жетістік.

Генри Форд

Бүгінгі мұғалімнің жетістігін оқушыларға өзінің берген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймайды, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа белгісіз жағдайда әрекет етуіне, олардың өз бетіндік әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау мен тиімді пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай жасағандығымен бағалайды.

Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу–тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін, мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың, сабақтар жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасуы дәрежесі анықталады.

Қазіргі уақытта әрбір педагог үшін өз білімдерін жетілдіру,шыңдау, дамыту басты мақсат болып табылады. Себебі, білім бір орында тұрмайды, ол үздіксіз дамып отырады. Соңғы жылдары Қазақстандық білім беру үдерісіне енген тәжірибенің бірі- сабақты зерттеу әдісі – Lesson Study. Lesson Study – мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл.

Сабақты зерттеу, яғни Lesson Study әдісінің мазмұны бойынша құнды мәліметтер беріп, олардың тәжірибесінің жақсаруына көп септігін тигізетіндігі сөзсіз.Бұрынғы кезеңде сабаққа қатысушы басқа ұстаздар тек мұғалімнің әрекеттерін бақылап, олардың кем-кетік жерлерін тізбектеп, сабақ талқылауда сол кемшіліктерді тілге тиек етіп, мұғалімге ақыл айтып, нұсқау беретін. Ал бүгінде Lesson Study әдісі бойынша сабаққа қатысқандар өздері таңдаған зерттеу проблемасы ауқымында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда осыларды дерек ретінде қолданып, сабақты жақсартуға қолданады.

Мен тарих пәнінде Lesson Study әдісін қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру, бағалау және оқытуды жетілдіруді мақсат етіп қоя отырып 6 сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен 4 зерттеу сабағын жүргіздім.

Lesson Study циклін өткізу үшін зерттеу жұмыстарын жоспарлап, ұйымдастыратын тарих пәні мұғалімдерінің қатысуымен мұғалімдерден топ құрдық. Lesson Study тәсілін жүзеге асыру үшін топ мүшелерімен ақылдаса келе, 6 «б» сыныбы таңдалып алынды. Сыныпта-19 оқушы бар. Жалпы сыныптың білім көрсеткіші 45 %-ды құрайды. Сыныптың білім деңгейі мен белсенділігі, жарыса оқу деңгейі орташа. Сондықтан осы сыныпта зерттеу сабағын жүргізудегі басты мақсатымыз – әртүрлі оқыту әдістері арқылы сыныпта оқу мен оқыту үрдісінде белсенді, бәсекелестік атмосфера тудыру, оқушылардың таным белсенділігін, қызығушылығын, білім сапасын арттыру болды.

Lesson Study әдісін қолдану барысында мына негізгі ұстанымдарға сүйендім:

I. Сабаққа дейін.

1) Қоғамдық пәндер бірлестігіндегі 4 мұғаліммен бірлесе отырып Lesson Study тобы құрылды.

2) Lesson Study-дің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындадық.

3) Зерттеу тобымен бірлесе отырып,Қазақстан тарихы пәні бойынша 6 сыныпқа «Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы билігінің нығаюы», «Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы», «Орбұлақ шайқасы», «Тәуке хан

тұсындағы қазақтардың қоғамдық құқықтық жүйесі» атты тақырыптарға сабақты бірлесе жоспарладық.

4) Бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысы мен интервьюде қолданылатын құралдарды таңдап алдық.

5) Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алынды.

6) Оқушылардан алған интервью негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгізілді.

II. Сабақ кезінде. «Lesson study» топтамасындағы 6 сыныбында Қазақстан тарихы пәнінен өткізілген зерттеу сабақтарында оқыту әдістемесі бойынша тиімді деп табылған тапсырмалар алынды. Олар: «Рафт» стратегиясы, «Автобус аялдамасы» «Кім? Қайда? Қашан?», «Қар кесегі», «Миға шабуыл» стратегиялары, «PESTLE» талдау стратегиясы, «Кілт сөздер бойынша» мәтіндер құрастыру, тарихи қайраткердің қызметіне баға беру, «Дананың кілттері» әдістері, жұппен, топпен, жеке жұмыс, мәтінмен жұмыс тапсырмалары, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес практикалық және деңгейлік тапсырмалар көптеп берілді. Сабақтар сындарлы оқыту әдістемесі бойынша жеті модуль стратегиялары мен критериялы оқыту стратегиялары негізінде жүргізілді. Оқушылар өзін-өзі, топтар бір-бірін, сондай ақ сабақтың барлық кезеңдерінде қалыптастырушы бағалау жүргізіліп отырылды.

III. Сабақтан кейін.

Оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алу жүргізіліп, оқушы үні тыңдалды.

Сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау жұмыстары зерттеу тобының «бірлесу, ақылдасу, қолдау» ұғымдары аясында жүзеге асырылды.

Осылайша Lesson Study әдісі мұғалімдерді тұрақты түрде, толассыз кәсіби шеберлігін дамытуға ынталандырып, ұжымдағы ынтымақтастықты одан әрі дамыта түсті. Жұмыс соңында сабақты зерттеу топтарын тұрақты түрде өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі дамытатын мектептің құрамдас бөлігіне айналдыру, және де бұндай топтарға барша ұстаздар қауымын араластырған дұрыс деген пікірге келдік.

Lesson Study әдісін пайдаланған мұғалімнің сабаққа дайындалуы да сабаққа қатысу мәдениеті де өзгеретіні байқалды. Мәселен, мұғалімдер сабаққа «түнде, үйде, жалғыз» форматында дайындалса, біз, зерттеу тобы сабақ жоспарымызды «күндіз, мектепте және бірлесе» форматы ауқымында дайындадық. Нәтижесінде сынып оқушыларының сабаққа қатысуында айтарлықтай оң өзгерістер байқалды. Себебі әрбір оқушы сабаққа белсене атсалысуы үшін оқушыларды сабақты жоспарлауға қатыстырып отырдық. Ол үшін сабақ басталмастан бұрын таңдалған сыныппен, жекелеген оқушымен сұхбаттасып, оларға «Алдағы сабақтан не күтесіз? Не білгіңіз келеді? Осы тақырыптың ең басты ұғымдары қандай деп ойлайсыз? Осы сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді болады деп ойлайсыз? Топтарға қалай бөлу керек? Сіз кіммен бір топта болғыңыз келеді? Сізге сыныпта кім жақсы көмектеседі? Сабақтың нәтижесі қандай болуы керек деп ойлайсыз? Мұғалім болсаңыз, бұл сабақты қалай өткізер едіңіз?» сияқты сұрақтар қойып, жауап алдық.

Айтылған ұсыныстар мен жауаптар параққа және оқушы рұқсатымен аудиожазбаға жазылды. Ал біз зерттеу тобы алдағы сабақ жоспарын құру барысында айтылған ұсыныстарды міндетті түрде ескеріп отырдық. Сондай-ақ Lesson Study топтары мұғалімдердің ұстаздық шеберліктерін арттырудың негізгі құралы болғандықтан, туындаған проблеманың теориялық мәселелерін зерттеп, оны шешудің амалдары мен тәсілдерін сабақтар топтамасы басталмай тұрып айқындап алдық. Сондықтан да зерттеу тобы аталмыш проблеманы шешуге мүдделі және ынталы болып, қорытынды нәтижеге деген жоғары жауапкершілікті сезінді.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Қазіргі жаңартылған бағдарламаның мәні-баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Заманауи қоғамның қажеттілігі жоғары азаматына білім беру – әлеуеті жоғары дамыған, ізденімпаз, жаңаша ойлай алатын, өзіндік ұстанымы қалыптасқан, рухы мықты адамды тәрбиелеу. Сондықтан, ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Жаңартылған бағдарлама негізінде жұмыс істеп жатқан мұғалімдердің жаңаша көзқарасы қалыптасуда. Мұғалімдер оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін шебер қолданып, оқушының ішкі уәжін туғызып, белсенділігін көтере алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Ал, оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Қорыта айтқанда, қай кезде де мұғалім білім мекемелерінде негізгі тұлға болып қала береді, себебі оқушыға білімді өз бетімен үйренуі үшін жетекшілік қызметін атқарады. Мұғалім тек қана өз шәкірттеріне ғана емес, жан-жақты, білімді, заман ағымына сай жаңашыл ұстаз болса, өз идеяларымен, ой-мақсаттарымен өз әріптестері үшін соңынан ілестіреп көшбасшыларына айналады. Lesson Study-оқушыларға саналы білім берудің көздеген бір мақсатқа жұмсалған ұстаздар шеберханасы десекте артық етпейді.

Жапон елінен бастау алып, әлем елдері өткен ғасырдың аяқ кезінде өз білім жүйелеріне асқан белсенділікпен енгізген «Lesson study» оқыту топтамасы Қазақстанда да тиімді деп табылып, кең түрде практикаға енгізілуде. Себебі бұл зерттеудің ерекшелігі материалдардың тек теориялық баяндалмай, іс-тәжірибеде сыналған тәжірибе түрінде берілуі деп есептеймін. Заңғар жазушы М.Әуезов өткен ғасырда «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп, ұрпақтарының қай ғасырда да өркениет көшінен қалыспай, адами бәсекеде алда тұру қажеттігін ескерткен. Олай болса, Lesson Study-оқушыларға сапабілім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмсалған ұстаздар шеберханасы деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттері:

1. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана 2013
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей, 2012. www.cpm.kz
3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. Алматы 2010.
4. «Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» 30.12.2011. <http://bilimsite.kz/>
5. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Алматы, 2015-180 б.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тунгатова Акайша Темирхановна
Бәйдібек ауданы, Шаян көпсалалы лицейдің
тарих пәні мұғалімі
Усенбеков Марат Кабылханұлы
ОӘО тарих пәні әдіскері

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.[1] Қазіргі заман талабы – білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінің технологиялануы, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне қашықтан оқытудың енуі.

Қашықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Қашықтықтан оқыту ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар. Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов айтқандай еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуде. Қазіргі таңда жас ұрпаққа ХХІ ғасыр деңгейінде жан-жақты білім беру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып отыр. Яғни жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде мұғалімдер қауымына ерекше жауапкершілік пен міндет жүктеліп отыр. Соның бірі ұлттықтық тәрбие беру мен дүниетаным қалыптастыруда

тарихшы мұғалімдердің орны ерекше. Соңғы он бес жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін еркендетудің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана кедергілер туғызудан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жана істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады. **Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген болатын. Қашықтан оқыту үшін компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты: сапалы білім беру қызметін алуда азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту; олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету.**[2]

Өз тәжірибемде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану туралы тікелей айтпас бұрын, бүгінгі таңда тарих мұғалімін (және кез-келген басқа пәнді) білім беру қызметінде Интернет-технологияларды қолдануға дайындау мәселесін қозғағым келеді.

АКТ мен АТ-ны қолдану мақсаты

1. Мәтін, графика, аудио және видео сияқты әртүрлі форматтағы оқу материалдарын ұсыну мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

2. Компакт-дискілерде жазылған материалдарды пайдалана отырып, деректер базасына және Интернет

Жүзеге асыру

1. Интернет ресурстарын пайдалана отырып, оқушылар Power Point бағдарламасында тарихи тұлғалардың портрет-презентацияларын, репродукциялардың виртуалды альбомдарын жасайды.

2. Тарихи шайқастардың карталарын жасайды.

3. Гипермәтінді қолдану арқылы дәрістер түзеді. Power Point бағдарламасында презентация сабақтарын орындайды

АКТ қолдану маған өз еңбегімді және оқушылардың еңбегін жанаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мен жасаған электрондық ресурстарға сілтемелер

желісіндегі басқа да ақпарат каталогтары ерекше өзектілікке ие болады.
көздеріне қол жеткізуді - әр түрлі электронды энциклопедиялар
үйрету. - атластар («әлем атласы»);
-электрондық оқулықтар.

А.В.Хуторский берген Қашықтықтан оқытудың анықтамасына назар аударған жөн. Ол: «қашықтықтан оқыту, дәстүрлі сабақ формалары мен қағаз түріндегі оқыту құралдарын телекоммуникацияға бейімдейтін күндізгі немесе сырттай оқытудың электрондық нұсқасы емес. Қашықтықтан оқыту білім берудің шығармашылық компонентін дамытуға қатысты және қарапайым оқытуға қол жеткізу үшін қиын нақты міндеттерді шешуге арналған. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану, ең алдымен, мұғалімнің жұмысында АКТ мен АТ-ны қолданумен байланысты» дейді.

Қашықтан оқытудың басым бағыты – қазіргі заманғы телекоммуникация құралдарының көмегімен құрылған оқушының жеке танымдылығының қызметі. Бұл тәсіл білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылының интерактивтілігін және оқу процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық және педагогикалық технологияларды біріктіруді көздейді. Оқыту нақты уақытта синхронды түрде жүреді (чат, бейне байланыс, қашықтағы студенттер мен мұғалімдерге ортақ «виртуалды тақталар» және тағы басқалар), сонымен қатар асинхронды (электрондық пошта негізіндегі телеконференциялар).

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең негізгісі әрине АКТ құралдары:

WhatsApp Қазіргі кезде көбінесе аудандарда оқушылармен мұғалімдер ҚО ватцап желісі арқылы өтуде. Өйткені ол қол жетімді, ыңғайлы платформа болып тұр. Ал енді Online.Mектеп немесе Daгyn.onlinенан тек тапсырмаларды алып жатыр. Білім платформаларына оқушылар толық кірмейді.

WhatsApp арқылы кері байланысты әр оқушыға мұғалім жеке чатына жібереді. Оқушыларға тапсырмаларды бейнематериал, презентация, тест жұмысы және аудио-жазбалар түрінде оқытуды ұйымдастырылып жүргізулуде. WhatsApp арқылы мұғалімдер күнделікті сабақтағы тақырыпқа сәйкес оқушыларға тапсырмаларды жариялап, керібайланыс ала отырып жеке чат арқылы оқушылардың орындаған тапсырмаларын қабылдайды.

Zoom платформасы сабақта оқушылармен топтық, ұжымдық жұмыстар жасауға мұғалімдерге өте қолайлы екен. Себебі, біріншіден мұнда оқушылар арасындағы диалогтық оқыту іске асады және білмегендерін өзара талқылап, бір жағынан сабаққа деген ынтасы жоғарылай түседі, екінші жағынан оқушылар тақырыпты жетік меңгереді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында **Kundelik.kz** сайтының көмегімен мұғалімдер оқушыларға ұсынылған тапсырмаларын жүктеп, қайта кері байланыс алуға қолайлы платформа болып тұр.

Kundelik.kz – мұғалім тарапынан сабаққа қатысу белсенділігін бағалаудағы ұтымды платформалардың бірі деп мұғалімдер пікір білдірді.

Kundelik.kz ресурстарын қолдануға тиімді.

Kundelik.kzтен мұғалімдер видео сабақтарын жүктеп оқушыларға жіберуде.

Kundelik.kz платформасында барлық мұғалімдер жұмыс жасап жатыр.

Оқушыларда Kundelik.kzке кіріп, тапсырмалар алады, бағасын көреді, дегенімен кейбір оқушылар тапсырмаларды уақытылы орындап жүктеп отырмайды.

BilimLand (Online Mektep) Қазіргі таңда көбісі мектептер ыңғайлы BilimLand платформасымен оқып жатыр. Бірақ дегенімен бұл платформа ауылды жерде барлық оқушы білімлендікке кіруге мүмкіндіктері болмайды тұр әлеуметтік жағдайға, немесе интернет желісіне байланысты. Ондай жағдайда оқушылар ватцап пайдаланады.

BilimLand балаларға ыңғайлы платформа. Конспектілер, бейне роликтері түсінікті, арасында мұғалімдер қосымша түсіндіріп тапсырма бере алады, бұл жерде мәселе оқушылардың BilimLandке түгел кіре алмауы болып тұр.

Қашықтықтан оқытуда **Online Mektep** видеосабактары мен тапсырмалары өте тиімді, басқа платформаға қарағанда. Барлығы дайын, аудио, видео, конспект. Оқушы ешкімнің нұсқауынсыз тапсырманы орындап бағасын біле алады. Видеоконференция бар, пайдалануға интернет жақсы болса болды. Мұғалім үшін өте тиімді, дайын тапсырма. Қосымша тапсырмалар берседе болады.

Оқушыларға үй тапсырмасын BilimLandке кіріп орындау міндеттеледі, оған ауылда интернет жылдамдығы өте нашар, бұл білім үлгерімі төмен оқушылардың белсенділігі артып, керісінше үлгерімі жақсы оқушылардың білімінің төмендеуіне байланысты мұғалім формативті бағалауды жүргізуге қиналуы.

Жұмыс барысында өз тәжірибемнен байқағаным қашықтықтан оқытудың мынадай артықшылықтарын байқадық:

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық құралдардың әртүрін пайдалана алады және қолдануға үйренеді;
- Бала педагогпен ғана емес ата-анасының бақылауы арқылы тапсырманы орындайды;
- Бала өзіне жайлы орын таңдай алады;
- Оқу қызметін видео арқылы қызықты етіп әзірлесе, баланың қызығушылығы одан әрі артады:

• Дәстүрден тыс оқу үлгісіне көшеді:

- Уақытты өзі басқарады;
- Түсінбеген тұстарын видеоны қайта қосу арқылы тыңдау мүмкіндігі бар;
- Педагог-бала-ата-ана тығыз байланыста жұмыс жасайды.
- Баланың жауапкершілігі жоғарылайды.
- Өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады.

Кемшіліктері:

- Егер ата-ана тарапынан қадағалау болмаса оқу үлгерімі төмендейді;
- Педагогпен кері байланыс орнатылмаса толық түсіне алмайды;
- Командалық және коммуникативтік қабілеттері төмендейді;
- Оқу материалдарын түсіндіруге дәстүрлі оқу қызметімен салыстырғанда уақыттың шектеулі болуынан, балаға тақырып бойынша ақпарат аз беріліп қалады.

Қазіргі таңдағы қашықтықтан оқытудағы проблемалар:

- Оқушылардың көпшілігі жоғары балл алу үшін тапсырманы бірлесіп орындайды.
- Жана сабақпен таныспай ақ жұмыстарын асығыс орындай салады, тапсырманы орындасам болды деп.
- Ватсап желісі тиімсіз болып тұр. Жіберген видеоларды көп телефон ашпайды.
- Мұғалім еңбегі көріну үшін синхронды сабақты жиі өту керек. Бірақ оған барлық оқушы 100 пайыз қатыса алмайды. Оған көп оқушылар мегаб. кіретіндіктен инт әлсіз, тарифтері уақтысына жетпей тез таусылады.
- Онлайн.мектеп платформасын функционаларын төменгі сынып игере алатындай жеңілдету.
- Ауылдық жерлерде интернет желісінің дұрыс жұмыс жасауы тексеріліп, қолға алынса.
- Оқыту үшін мұғалімге де, оқушыға да ең басты кедергілердің бірі – интернет желісінің әлсіздігі, осыған байланысты суреттердің, аудио және видео жазбалардың жүктелмей қатып қалуы;
- Көп жағдайда оқушыларда МБ трафиктің таусылып қалуына байланысты сабаққа кіре алмай қалуы. Оқыту тапсырмаларын оқушылардың дер кезінде жібермей (ұмытып кету, интернеттің әлсіздігі, МБ таусылып қалуы, бір отбасыда бір смартфонмен бірнеше баланың сабаққа дайындалуы) келесі күні жіберіп, ал ол оқушының жұмысының мұғалім тарапынан аталған себептерге байланысты сол күні бағаланбай қалуы;

Қашықтықтан оқыту кезінде білім сапасын көтеру үшін мынандай ұсыныстар ескерілсе:

- Күнделік кз пен онлайн мектеп екеуі біріктірілсе, себебі мұғалім екеуін екі бөлек толтырып, бағаларын кеш толтырады.
- Телеграм мен сабақ өтілсе, ерекшелігі 100 мгб дейінгі материал жібере және қабылдай алуы, материалдар сақталып тұруы және функцияларының ерекшелігі.
- Мүмкіндік болса Zoom мен өткен қолайлы. Оқушы білім сапасын арттыруға лайық программа.
- Зум сияқты оқушыларға қолжетімді платформа болса.
- Ата-аналардың жуапкершілігін күшейтетін заң қабылданса
- Электрондық оқулықтар оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп жасалынса.
- Интернет «желілік» мұғалімдердің рөлін арттырады, өйткені телекоммуникациялардың көмегімен олардың әсер ету аймағы әдеттегі оқу процесімен салыстырғанда жүздеген және мыңдаған есе артады.

Қашықтан оқыту кезіндегі ата-ананың рөлі аса құнды екеніне назар аударуға болады. Себебі: ата-ана қадағалаушы, қолдаушы және қорғаушы. Қашықтан оқытуда, бала ата-ана мен ұстаздың қолдауына, көмегіне қаншалықты зәру болса, ата –ана мен ұстаздар да бір-бірімен тығыз байланыста болу керектігін көрсетті. Онлайн курста осы мәселелердәі де жауабын тапқандай болдым. Қорыта айтқанда ашық онлайн-курсы отандық ұстаздар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы болды. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың

оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйрендік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педогог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. <https://bilimdinews.kz/?p=108771>
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір, 2017. <http://online.zakon.kz/>.
4. <https://infourok.ru/mektepte-%D2%9Bashy%D2%9Bty%D2%9Btan-o%D2%9Btyudy%D2%A3-%D2%9Byr-syrlary-4666896.html>

ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМНІҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ

Салықбаева Сапаркүл Егембердіқызы

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, №39 «Асықата» ЖОМ

Білім – адам баласы дүниеге келген мерзімнен өлімге дейінгі үздіксіз процесс, оның мақсаты білімді тартуда емес, сананың кеңеюінде. Білім беру процесінде адам мәдени құндылықтарды игереді. Білім мазмұны әр түрлі елдер мен халықтардың мәдени мұрасынан, үнемі дамып келе жатқан ғылымның әр түрлі салаларынан, сондай-ақ адамның өмірі мен тәжірибесінен алынады және үнемі толықтырылып отырады. Бүгінде әлем азаматын және бүкіл ғаламшарды тәрбиелеуге ұмтыла отырып, білім беру саласындағы күш-жігерді біріктіреді. Әлемдік білім беру кеңістігі қарқынды дамып келеді. Сондықтан әлемдік қоғамдастықта адамның білім алуының жаһандық стратегиясын (оның тұратын жері мен еліне, білім алудың түрі мен деңгейіне қарамастан) қалыптастыру талаптары айтылады.

Уақыт бір орында тұрмайды, тіпті ғылым мен технологияны дамыту да бір орында тұрмайды. Тиісінше, біз он жыл бұрын білгеніміз іс жүзінде пайдасыз болуы мүмкін. Өйткені, кейбір механизмдер мен технологиялар соншалықты өзгерді, олар бұрын белгілі болғаннан түбегейлі ерекшеленуі мүмкін, дегенмен негізгі сәттер бірдей болуы мүмкін. Сондықтан, өз мамандығы бойынша жоғары білікті маман болып қалу үшін Сіз үнемі біліктілігіңізді арттырып, қажетті курстардан өтіп, өз бетіңізше білім алуыңыз керек.

Біз негізінен ақпараттық және компьютерлік технологиялардың әсерінен түбегейлі жаңа ойлау мен дүниетанымды қалыптастыратын қазіргі қоғамдағы жаһандық өзгерістер дәуірінде өмір сүріп жатырмыз.

Әлемдік қоғамдастықтың жалпы жаһандануы және әлеуметтік проблемалар туындау аясында қазақстандық білім беру жүйесін дамыту, оның алдына қойылған міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін табу барған сайын сұранысқа ие. Сондықтан білім беру жүйесінің дамуына, атап айтқанда, онда болып жатқан инновациялық процестерге теориялық талдау қажет.

Қазіргі білім берудің маңызды бағыты-бір ғылыми немесе білім беру саласына жататын, бірақ әртүрлі мәдениеттерге жататын мамандардың бірлескен қызметінде көрінетін интеграциялық процестер жағдайындағы мәдениетаралық өзара қатынас. Әр түрлі саладағы мамандар халықаралық бәсекелестіктің әсерін сезінеді. Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл өз кезегінде азаматтардың кез келген салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Түлек тек ішкі бәсекеге қабілетті ғана емес, сонымен қатар әлемдік еңбек нарығында сұранысқа ие болуы тиіс. Осы орайда, жаңа мәдениеттің әлеуметтік жағдайларына бейімделу және қарым-қатынас жасау мүмкіндігі қажетті шарттардың бірі болып табылады.

Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», -деп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын.

Қазіргі жағдайда сапалы білім беру мәнінің айтарлықтай өсуі инновациялық экономикаға көшумен байланысты. Халықаралық қоғамдастықтағы білім берудің қазіргі заманғы үрдістерімен негізделген білім беру қызметтерінің күтілетін нәтижелерге сәйкестігін арттыру мақсатында оларды дамытуға бағытталған қосымша мемлекеттік тетіктер бар. Экономиканың кеңеюі және еңбек нарығын жаппай қайта құрылымдау білімге тікелей әсер етеді. Білім беру реформалары әрдайым кәсіби қызметтегі жылдам өзгерістерге жете бермейді. Экономикалық өсу жағдайында білім берудің сыртқы тиімділігінің төмендігі іс жүзінде өндірісті одан әрі кеңейтуге және экономиканы жаңғыртуға негізгі кедергі болуы мүмкін.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндіктерін кеңейтуге байланысты. Тек білім, білік және дағдыларды жетілдіретін дәстүрлі білім жаңа заман талабын қанағаттандырмайды. Қазіргі заманғы жоғары білім оқушылардың жоғары зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталуы керек.

Білім алушылар өз бетінше білім ала алады, ал мұғалім оларды көптеген ақпаратқа бағыттап отырып, теориялық білімді саралау және ең дұрысын таңдау тәсілдерін көрсете білуі керек. Оқушыларға қажетті ақпаратты табу және оны өңдеу зерттеу дағдыларын дамыту қажет. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Мұғалімнің көмегінен оқытудың бастапқы деңгейінде білім беру проблемалары мен міндеттерін шешуден бастап, оқуда барынша дербес жұмыс атқару және оқушы мен педагог арасындағы қарым-қатынастың пайда болуына дейін белгілі бір жүйелілік бар. Тәлімгерліктен ынтымақтастыққа көшу кезінде оқушының мұғалімге деген құрметін сақтау маңызды.

Әлеуметтік-мәдени өмірдегі қарқынды өзгерістер және жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің педагогикада жаңа құндылықтардың пайда болуын алдын-

ала анықтады. Оқытушының жеке басына және сапасына қойылатын талаптар едәуір өсті. Студенттердің болашақ мамандыққа кәсіби мотивациясын қалыптастыру, кәсіби маңызды құзіреттіліктерді игеруге, еңбек қажеттіліктерін қанағаттандыруға ұмтылуға, өзін-өзі тануға және кәсіби шеберлікке жетуге талпындырмай ЖОО-да даярлау сапасын арттыру проблемасы шешілмейді. Бұл ретте педагогикалық жоғары оқу орындарының мамандары үшін кәсіби мотивацияның қалыптасуы ерекше маңызға ие: тұрақты мотивациясыз және осы саладағы әрбір маманның жетістігіне сүйенбей өскелең ұрпаққа лайықты білім беруді қамтамасыз ету мүмкін емес.

Бұл мәселенің өзектілігі даусыз, өйткені ғалымдардың зерттеулері мен тәжірибелер болашақ мұғалімдерді даярлау процесінің тиімділігі, оның ішінде олардың құзыреттілік кешенін қалыптастыру кәсіби дайындық барысында, көбінесе, олардың оқу үдерісіне деген оң мотивациясының даму деңгейіне байланысты болатынын көрсетті. Себебі, ең жауапты, ізгілікті мамандықтардың бірін абыроймен және құрметпен көрсетуге қабілетті білікті түлектерді тәрбиелеу және білім сапасы жақсарту мақсатында болашақ мұғалімдер жоғары талаптар қойылады.

Онымен қоса, жаңа талаптарға сәйкес, әр мұғалім тәжірибелі қолданушы деңгейінде заманауи ақпараттық коммуникацияларды, компьютерлер мен гаджеттерді жетік білуі керек. Цифрлі Қазақстанға өту барысында жұмыстың көп бөлігі: құжаттама, әр түрлі күнделіктер толтыру, тестілерді ұйымдастыру және өткізу (соның ішінде онлайн және оффлайн форматтарында), студенттердің қамқоршылары мен ғылыми жұмыстардың авторларына кеңес беру және т.б. электронды форматқа аударылды.

Өзгерістер тек білім беру үрдісіне ғана әсер етпей, білімді бағалау процесінде жанай өтті. Кез-келген жұмыстың нәтижесі бағалауды қажет етеді. Бұл оқытудың тиімділік деңгейін түсінуге көмектеседі. Оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалаудың классикалық моделі қолданыстан алынды. Енді білім беру мекемелерінде әр іс-әрекет үшін белгілі бір ұпай санын беру арқылы жеке тексеру және үлгерім алгоритмін жасау әдетке айналды.

Қорыта айтқанда, білім беруді дамытудың маңызды ерекшелігі оның жаһандықтығында. Бұл ерекшелік заманауи білім беру кеңістігінде интеграциялық процестердің, мемлекеттердің қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында интенсивті өзара әрекеттесуінің болуын көрсетеді. Жоғары дамыған елдердегі ұлттық басымдықтар санатынан білім беру әлемдік басымдықтар санатына көшуде. Қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті экономикамен бірге сапалы білім беру жүйесі қауіпсіздік пен қоғам мен мемлекет дамуының катализаторының негізі болып табылады. Білім беру қоғамдастығы мен билігі тұрақты білім беру жүйесі дағдарыс кезеңіндегі жұмыссыздықтың салдарын жеңілдететін қуатты механизм ғана емес, сонымен бірге елдің дағдарыстан және дағдарыстан кейінгі серпілісінен шығу үшін зияткерлік әлеуетті сақтау мен жинақтаудың тиімді механизмі екенін түсінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. -Астана, Ақорда. 14. 12. 2012 ж.

2. Мектепке дейінгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің негізгі көрсеткіштер. 2015 жыл. -Астана: «АТО» АҚ, 2015. – 85 б.

3.ҚұлтумановаА., Ноғайбаева Г., АлинаА., ҚұлназароваМ., Ибраимова Э. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 2014 жыл.– Астана: ҰБСБО, 2014. - 292 б.

4.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 63 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы. - Астана, 2016.

5.Облыстық, Алматы, Астана қалаларының білім басқармалары, аудандық және қалалық білім бөлімдері мен әдістемелік кабинет мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы.

6.Мұғалімге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей /екінші басылым/ 2014 ж.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Салимова Кенжегүл

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы №31Т.Бигелдинов
атындағы ЖОМ тарих пәнінің мұғалімі

Қазіргі ақпараттық қоғам түлектен өзгермелі жағдайларға бейімделуді, ақпараттық өрісте еркін шарлауды, кез-келген білім саласында жүйені құруды және өзінің дамуын жобалауды талап етеді. Қазіргі заман талабы тарих мұғалімінің алдына жаңа міндеттер қояды: мектеп оқушыларына фактілерді пассивті жаттауды және оларды бағалауды үйрету емес, тарихи ақпарат массасында өз бетінше бағдарлай білу, шығармашылық ойлауды қалыптастыру, өткенге сыни тұрғыдан талдау жасай білу және қазіргі кезде, тарихи дерек көздерін өз бетінше зерделеу негізінде өз қорытындыларын жасау, өткеннің оқиғаларын өзара байланыста түсіну және бағалау, әрбір жеке тарихи сәт үшін әлем мен қоғамның олардың тұтастығында үнемі өзгермелілігі туралы хабардар болу[1].

«Пирсонның кәсіби дамуы» жаңа жиырма бірінші ғасырға арналған оқытудың 21 түрлі ойлау дағдылары MiCOSA үлгісін ұсына отырып, американдық үлгідегі оқу дағдысын тарих сабақтарында қалай қолдану керек, триз әдісі,арнайы бағдарламаларды тарих сабақтарында қашықтықтан қалай өтуге және қолдануға болады деген түсінікті қалыптастыруға тырыстым.

Қашықтықтан оқыту - бұл білім беру түрі, ең алдымен оқушылардың өзіндік белсенділігін қамтамасыз ететін белгілі бір дидактикалық жүйемен жанама (қашықтықта) интерактивті байланыс арқылы білім алу тәсілі. Мен

қазіргі қоғамдағы қашықтықтан оқыту мәселелерін зерттеуге арналған жұмыстарды талдауда алған нәтижелерімді жүйелеуге тырыстым және британдық модель заманауи мектеп үшін ең қолайлы деген қорытындыға келдім, өйткені бұл оқушылардың жалпыға бірдей ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға және өз беттерінше білімін толықтыруға мүмкіндік беретін білім беру үдерісіне қатысушылардың көп санына қол жетімді аралас оқытуды көздейді. Соңғысы оқушылардың бойында өз білімдерін өмір бойы толықтыру дағдыларын қалыптастырады, т. олардың өзін-өзі тәрбиелеуге дайындығы. Біздің қоғам қазіргі заманғы мектеп оқушысының алдына ересек адам ретінде заманауи қоғамға еркін бейімделіп, кез-келген қол жетімді құралдармен өзінің кәсіби шеберлігінің сапасы мен деңгейін көтеру үшін қоятын дәл осы міндет. Қазіргі әлем шындығы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын цифрлық трансформация призмасы арқылы, компьютерлендіру мен ақпараттандырудың орнын басқан цифрлық технологияларды енгізу мен қолдану арқылы түсіндіреді[2].

Қашықтықтан оқыту кезеңінде менің басты мақсатым оқушылардың танымдық және ақпараттық іс-әрекеттерін белсенді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болды, оның жетістігі көбіне таным кеңістігінің әртүрлілігіне байланысты. Оқытудың ақпараттық технологиясы - бұл іске асыру құралы компьютерлік технологиялар (аппараттық құралдар) мен бағдарламалық қамтамасыздандыру болып табылатын ақпаратты дайындау және беру, оқушыларға беру процесі.

Тарих сабақтарын қашықтық оқытуда әдістер көп, бірақ сол әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатында мәселеге ойшыл және жауапты көтеру немесе мәселенің алдын алу үшін оқушыларды жауап беруден, реакциясын қашықтықтан қалай көруге болады, немесе өзара әрекеттесуден бұрын өздері көрген және естігенін бақылау үшін жан-жағына қарауды тоқтатып мен төмендегі пайдаланып жүрген әдістер нәтиже беретініне сенем. Тарих сабақтарын қашықтан оқытуда әдіс-тәсілдерді дұрыс пайдалана білу арқылы оқушының ойлау көпірі дұрыс қалыптасқанда ғана сіздің сабақ берудегі мықты әдістеріңіз үлкен көмек береді. Онлайн оқытуда MiCOSA әдісін дұрыс қолдану—оқушының ойлау көпірін, үй тапсырмасын қалай шешетіндігін және табысты сабақ болып жалғасуын ұстаздың сабақты алдын-ала жоспарлауымен, идеясымен байланыстырады. Білімнің тез ескіруінің қазіргі жағдайында оқушының заманауи өндірістік технологияларды игеру үшін өз бетінше білім алуға үйрету маңызды. Сондықтан оқу құралы оқушылардың тәуелсіз аудиториясына және аудиториядан тыс қызметіне арналған.

Қашықтықтан оқыту технологиялары оқушының өзіндік әлеуметтік тәжірибесін қалыптастырады, оның негізінде оқушы өзін-өзі басқара алады, қызметтің мақсаттары мен әдістерін өз бетінше және еркін таңдай алады, сонымен бірге өзін дамытып, қабілеттерін жетілдіреді. Бұл технологияларды қолдану Тарихи материалды өз бетінше талдауға және жалпылауға әкеледі, бұл оқушыларға өздерін зерттеуші-тарихшы ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Тек оқулықтар мен мұғалімдер тәуелсіз ойлауды қалыптастыру үшін жеткіліксіз, мәтін, графика, дыбыс, бейне, анимацияны қамтитын кең ауқымды

ақпарат қажет. Ақпараттың осы байлығын қағаз жүзінде елестету мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда, мультимедиялық нұсқаулықтың рөлі айқын[3].

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану тәжірибесі педагогикалық орындылықты растайды, бұл ең алдымен пәнді игеру сапасын арттыруда көрінеді және тарих сабақтарында балалардың мотивациясын, оларды дайындаудың тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осылайша, тарихты электронды оқытудың дәстүрлі оқыту формасынан артықшылығы бар. Сонымен қатар, электрондық оқыту ерекше балаларды білім беру процесіне тартады, егер қандай да бір себептермен балаларға дәстүрлі оқыту мүмкіндігі болмаса, толыққанды білім алуға және олардың сәтті әлеуметтік бейімделуіне көмектеседі. Электронды оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:

- өтілетін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;
- Оқушының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін өзі тексеруге;
- жұмысты тиянақты түрде орындап, мұғалімге файл түрінде тапсыруға;
- түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға;
- оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;

- қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Электронды оқыту тарих сабақтарында пайдаланудың артықшылықтары:

- өтіліп отырған тақырыпты жан-жақты меңгеруі;
- оқыту үрдісінің әр түрлілігі мен оқушының қызығушылығының артуы және жеке тұлға ретінде шығармашылығының артуы;
- оқушының шығармашылық қабілетінің артуына көмектеседі;
- мұғалімнің тиімді оқыту әдістерін таңдап алу мүмкіншілігін кеңейтеді.

Ақпараттық технологиялардың мүмкіндері пайдаланып жасалынған электронды баспа оқулығын пайдалану арқылы мұғалімдер мен оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алады. Әсіресе аталған электронды оқулықты пайдалану оқушылардың сабаққа деген ынтасын жоғарылатып, өздігінен мұғалімнің нұсқауынсыз тақырыптарды игеруіне және грамматикалық жұмыстарға алдын ала дайындалуларына мүмкіндік туғызады. Электронды оқулықты қолдану барысында графикалық безендірулер және сұқбат терезесі түрінде пайдаланушы интерфейсі оқушыларды бұл кітап пайдалануға деген қызығушылығын арттырады.

Электронды оқулықты қолдану саласы өте кең: электронды – оқыту жүйесі қашықтан оқыту үшін, өздігімен ізденіс барысында, жалпы білімге деген талпыныс бар оқушыларға өте тиімді. Қазіргі заман талабына сай мүмкіндігін көп дербес компьютерлерді өңдей отырып, тарау бойынша оқушылардың дағдыларды қалыптастыру, білім бақылауға мүмкіндік береді. Осы арқылы компьютерлік технологияның дамуының тереңдетілуі білім сапасын жоғарылата отырып, мұғалімнің жұмысын жеңілдеті түседі[4].

Электронды оқулықтың тиімді жағы көп: сабаққа қажетті материалдар, кестелер мен сызбалар, анимациялық көріністер, оқушыларды машықтандыру фильмдері, сөздік, оқушы білімін бекітетін дидактикалық материалдар бар. Әр

тараудағы тест сұрақтары, әр тапсырманың өзіндік жұмыстары оқушы білімін бақылауда және оқушының өз бетінше ізденісін туғызуда көмегі зор.



Тарих пәнін қашықтан оқытуда E-learning технологияларын оқу үрдісіне қолдану арқылы мынадай келесі мүмкіндіктерді алуға болады: берілген материалды меңгеруге жағдай жасау үшін өте қолайлы және ыңғайлы; оқу материалын меңгеруде қиындық деңгейін, уақытын және көлемін таңдаудағы жекешілдік; интерактивті, өйткені, мұғаліммен, сыныптастарымен синхронды (чат, скайп) және асинхронды (пошта, форум) әрекеттесу арқылы оқуға болады. Мұғалімнің оқу процесінде "қашықтықты" қолдануы оның кәсіби құзыреттілігінің өсуіне әсер етеді, бұл біздің елімізде білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Тарих пәнін қашықтан оқыту мен ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар. Тарих пәнін онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Тарих пәнін оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Тарих пәнін тағыда вебинар арқылы оқыту дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы. Тарих пәнін қашықтан оқыту процесінде сапалы ұйымдастырудың келесі түрі – «E-learning». E-Learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Яғни, мұғалім мен оқушының арасындағы байланыс өзгереді[5].

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Видео сабақтар – қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн-сабақ, бейне-конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Бүгінде интернет желісіне қосылу үшін көп уақытымызды алмайтын жағдайға жеттік. Интернет желісіне жылдам қосылып, уақытын тиімді қолданып, белсенді жұмыс істеп жүрген заманауи мұғалімдеріміз бар екені белгілі. Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында «Төңкерілген сабақ» әдісін тарих пәнінде қолдануға болады. Бұл білім алушының үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видеосы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен тарих пәні бойынша зерттеу жұмыстарын, тапсырмаларын ұйымдастыру процесін жасауға болады. Яғни, үйде – білу түсіну, қашықтан – білімді қолдану көрсету. Мұғалім бұл әдісінде балаларға теориялық материалдан тұратын бейне материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер, whatsapp арқылы оқушыға жібереді. Оқушылардың үй тапсырмасы – бейнежазбаны көріп, жаңа материалмен таныс болу, ұғыну. Шәкірттер сабаққа келгенде, олар теориялық материалмен танысып, практикалық тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен шешуге дайын болады.

Дәстүрлі сабақта мұғалім теориялық материалды түсіндіруге сабақтың басым бөлігін жұмсап, қалған уақытты тарих пәнінен оқушыға түсінгенін мазмұндауға уақыт қалдыратын. Ал «Төңкерілген сабақ» әдісін қолдану арқылы мұғалім оқушыларға өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландырумен қатар, әрқашан да оқып-білім алуға ұмтылуға бағыт-бағдар беріп отырады. «Төңкерілген сабақ» әдісі сабақты өткізудің және білім алушыларды қызықтырудың басқа жаңашыл қыры немесе бағыты екенін әдісті қолданғаннан кейін көрдім. Күрделі материал оқушыларға есте сақтауға қиындық туғызады. Осындай жағдайда мұғалімнің де, баланың да осы тақырыпқа қосымша уақыт бөлуіне тура келеді. Видео сабақтың білім алушыға тигізер көмегі – тақырыпты меңгере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс істеп, өзіне ыңғайлы уақытта видео сабақты қосып көре алады. Ал, мұғалім – осы видео сабақты бір рет қана дайындап қойып, қайта-қайта түсіндіріп отыруға кететін уақытын үнемдейді. «Төңкерілген сабақ» әдісінің ерекшеліктері: қашықтан оқушыларға, өткен материалды ноутбук немесе ұялы телефон арқылы жетік меңгеруге септігін тигізеді; қабылдау қабілеті баяу оқушыларға осы бейнежазбаны бірнеше рет қарап, қайталап, өз білімін керекті деңгейге жеткізіп алуға көп әсерін тигізеді; қашықтан сабақ өту үрдісінде материалды толық түсінбей қалған жағдайда үйде, көлікте, жалпы интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар жердің барлығында өз қалауынша қосып көре алады[5].

Егер ақпарат көзі немесе теория бөлімі ауқымды болса, біріншіден, толықтай оқып шығу керек. Екіншіден, негізгі ұғымдарды оқып шығуы керек, ал үшіншіден, тағы да қайталап оқып шығып, бөгде адамға немесе топқа түсінгенін айтып бергені өте қолайлы әдіс[6]. Үш ретті қайталау – қажетті

минимум болып саналады. Өзі түсініп, сосын басқаға түсіндіріп жеткізген ақпарат есте жақсы сақталады. Видео сабақтардың тек оқушыға ғана емес, мұғалімге де тигізер көмегі бар. Түсірілген видео сабақтардан тақырыпты түсіндіру мен сабақ өту процесін көріп, мұғалім өзінің сабақ жүргізу әдістемесіне және оқу процесінде қалай әрекет ететініне талдау жасай алады. Тарих сабақтарында қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері кез-келген сілтемемен керекті ақпаратты алып, келесі сабақта сұрақтары болса, қойып немесе тақырыпты меңгеріп отыра алады. Кейіннен үйреніп алғаннан кейін тіпті бейнежазбадан үзінді қайта қарап, материалды меңгеру оңайға соғады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу, «Қазақстан тарихы» №1 2006 ж.
2. Маркеева А. А. Проблема мотивации школьников в дистанционном обучении / А. А. Маркеева // Школьная педагогика. — 2020. — № 2 (18). С. 1–4.
3. Дистанционное обучение: Учебное пособие / Под ред. Е.С. Полат. – М.: ВЛАДОС, 1998.
4. Скибицкий Э.Г., Холина Л.И. Теоретические основы дистанционного обучения: Монография. – Новосибирск: Изд-во НГПУ, 2002. и др.
5. В.Ф.Шаталов «Тірек-сызбалары», Алматы, 1989жыл
6. <https://bilimdinews.kz/?p=115901>

ОНЛАЙН ОҚЫТУ: САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Қаражигитова Бота

Түркістан облысы, Кентау қаласы, «Бабайқорған» жалпы орта мектебі

Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман.

Н. Назарбаев

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», -деп Аристотель айтқандай білім мен өнер сіздің болашағыңыздың жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын-жазушының барлығы қалам тербеді. Ұлағатты ой айтып, нақыл, қанатты сөздері бізге мұра болып қалды.

Елімізде болып жатқан төтенше жағдайларға байланысты мектеп бағдарламасына қашықтықтан оқыту бағдарламасы енгізілді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету атап көрсетілген. Орта білім беруде оқушы, мұғалім қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білуі және интернет ақпараттарын пайдалана алуы тиіс. Білім беруді ақпараттандырудың жаңа бағыты – дәріс сабақтарын online режимінде өткізу болып табылады. IlluminateLive виртуалды сынып бөлмесі арқылы интерактивті онлайн сабақтары өткізіледі. Онлайн режиміндегі сабақтар өзіне тән әмбебаптығы, интерактивтілігі, қызметінің көп жақтылығымен ерекшеленеді.

Онлайн сабақтарын өткізу нұсқаулығы:

1.Онлайн сабақтар мен конференцияларға қосылу үшін Java бағдарламасы компьютеріңізде орнатылуы қажет.

Онлайн сабақтар (бұдан әрі-сабақтар) – қашықтықтан білім беру технологиясы мен бағдарламалық қамтуды жүзеге асыратын шынайы уақыт тәртібіндегі сабақтарға оқушылардың қатысуына мүмкіндік беретін сабақтар түрі. Пән бойынша онлайн сабақтарын жобалау мен өткізу әдістемесі цифрлық білімдік ресурстардың көрсетілген ерекшеліктерінің негізінде жасалуы тиіс.

Онлайн сабақ – нақты уақыт режимінде Интернет арқылы оқытушының демонстрациялық экраны көмегімен оқыту процессінің жүргізілуі. Барлық сабаққа қатысушылар бір уақытта өз компьютерлеріне жиналып, веб-қосымшаны жүктейді. Мұнда географиялық шектеу мүлдем жоқ. Қазіргі таңда байланысты орнатудың бірнеше әдістемелері бар – компьютерге қажетті программаны жүктеп, Интернеттегі адрестерді пайдалану. Бұл форма шалғай елді мекендер тұрғындары мен іскер адамдар үшін өте тығыз жұмыс кестесімен ерекшеленетін орын мен кестеге байланысты болмауына байланысты танымал болды. Бүгінгі күні американдық университеттер көптеген жылдар бойы оқушылар мен барлық келушілерге арналған қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеп жатыр. Әртүрлі елдердегі коммерциялық және коммерциялық емес компаниялар оқыту, біліктіліктерін арттыру немесе қоғамдық белсенділікті арттыру үшін қашықтықтан курстар мен бағдарламаларды жасайды және жүргізеді. **Қашықтықтан оқыту** – оқушы мен мұғалім алыстан немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау.

Білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы – білім порталдары болып табылады. Порталдың негізгі міндеті жоғары технологиялы оқу процесінің қолдауы арқылы бірыңғай білімді ақпараттандыру ортасын дамуына өз үлесін қосу.

Біріншіден. Теледидар арқылы сабақ өткізу. Бұл – тіптен жаңа формат. «Балапан», «Ел Арна», «Қазақстан» телеарналары бізге өздерінің эфирлік уақытын ұсынды.

Екіншіден. Арнайы мамандандырылған интернет-платформалары арқылы өткізілетін сабақтар. Бұл цифрлық жүйелер оқушыларға өткен сабақты немесе бұрын талқыланған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақ онлайн-сабақ өткізуге, кері байланыс орнатуға, жеке дара оқыту мен тапсырмаларды орындауға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл формат тестілеу жұмыстарын өткізуге және алған білімдерін бағалауға мүмкіндік жасайды. Бұрын мұндай компаниялардың білім беру контентіне қол жеткізу ақылы болса, осы кезеңде

біздің балалар барлық керек ақпаратты және платформаларды тегін пайдалана алады.

Төтенше жағдай кезінде біз қашықтықтан қалай оқытамыз. Платформаларды білу және тиімдісін пайдалану. Тапсырма қалай берілуі керек. Баланың жасына сай, шағын, бірақ қызығушылығын төмендететін өте жеңіл болмауы керек. Оқушыға қойылатын талаптар азайғанымен жауапкершілік төмендемеуі керек. Әр мұғалім өзінің шәкіртінің әлеуметтік жағдайын және интеллектуалдық деңгейін білуі шарт. Кейде оқушы шамасы келіп тұрған тапсырманың жартысын ғана орындап жібереді. Ондайға жол бермеуіміз керек. Сонда ғана білімнің сапасын жоғалтпаймыз. Бұл өте маңызды. Білімленд, Дарын онлайн, Orig.kz платформаларындағы электронды мәліметтерді лайықтап беру.

Нені ескеруіміз керек: Әр мұғалім оқушылардың ғана алдында тұрмағанын әрдайым естен шығармау керек. Өйткені әр тапсырманы оқушы ата-ана, туған туыстарымен бірге талқылайды. Соған байланысты мұғалім сабағын мұқият дайындауы керек. Кейбір жағдайда оқушыдан гөрі ата-аналардың абыржуы мен жоқтан кінә іздеуі орын алады. Сондықтан мұғалімнің ата-аналармен ынтымағы күшейіп, байланысы артуы керек. Оқушының үйінде жұмыс орны өзіне қолайлы жерде ұйымдастырылуы қажет. Оқушы үйінде жұмыс режимін сақтауы маңызды. Мысалы оқушы уақытымен оянып, уақытымен тамақтануы, бір пәннен тапсырманы орындап болғаннан соң 10 минутқа үзіліс жасауы, белсенді дем алуы сияқты қажеттіліктерді ата-аналары мұқият қадағалауы керек. Ал танымдық телеарналарды жібермей қарау шарт.

Сабағымыздың сапасын түсірмей, ертеңгі ел болашағы, оқушыларымыздың білімін табандылықпен арттыра берейік. Индеттен аман болу үшін үйде болайық.

Менің сабақты тиімді өткізу үшін көмекшілерім:

- Daryn.online платформасы;
- тарих және география мектеп әдістемелік бірлестігі;
- Balapan;
- WhatsApp;
- WhatAapp желісінде Республикалық ұстаздар қауымы.

- Tinglink бағдарламасы арқылы оқушы бейнежазбаны қарап, мұқият тыңдап отырады. Кенет бейнежазба тоқтап, бөлімде айтылған ақпаратқа қатысты сұрақтар қойылады. Оқушы дұрысын таңдайды. Бірнеше рет осылай қайталанып, соңында дұрыс жауаптар экранға шығады. Осылайша оқушы бейнежазбаны қаншалықты зер салып қарағанын біле алады және оның қажет жерін қиып сақтап алу мүмкіндігі қарастырылған.

Онлайн оқыту интернет, білім, компьютерге немесе интернетке қосылған басқа гаджетті пайдаланып білім мен дағдыларды игеру. Бұл форма қашықтан оқыту саласында пайда болды және интернеттің және цифрлық технологиялардың дамуымен оның логикалық жалғасы болды.

90-шы жылдардың соңында интернет желісінде дәріс видео пайда болды, бірақ олар 2010 жылдан кейін танымал болды. Сол кезде Coursera, Udacity және Udemu сияқты компаниялар ақшаны тартуға және өз курстарын жаппай және тегін және ақылы пайдалануға қол жеткізе алды. Содан бері, онлайн курстар

тек білім алуға және онлайн емтихандардан өтуге ғана емес, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы тікелей байланыс арнасына айналды.

Онлайн-білім беру оқушыларға білім беру ортасына толығымен енуіне мүмкіндік береді — дәріс оқып тыңдау, тапсырмаларды орындау, мұғалімдермен кеңесу және желіге қосылу арқасында сыныптастармен сөйлесу.

Онлайн оқыту мен қашықтықтан оқытудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтары.

Негізгі ұқсастық өз бетінше білім алу, яғни жаңа білім мен дағдыларды алу үдерісі. Сыныптан тыс және оқытушылармен тікелей байланыста болған бұл үдеріс оқушылардан өзін-өзі тану және хабардарлықты арттыруды талап етеді.

«Қашықтықтан оқыту» түсінігі оқушы мен мұғалім арасындағы қашықтықтың бар екенін көрсетеді. «Онлайн-оқыту» тақырыбы Интернет-байланыс арқылы жүреді.

Қазіргі уақытта «қашықтықтан оқыту» және «онлайн оқыту» ұғымдары тек қана жасына және пайдалану жиілігінде ерекшеленеді. Қалғандарында олар бірдей болып келеді және келесі қасиеттерге ие:

- жаттығу қарқыны топтар мен бағдарламаларға қарамастан, өзіңіздің қарқынды материалдарыңызды оқуға болады;

- кемді кесте күндізгі немесе түнгі кез келген уақытта жұмыс істейді, бұл жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі мен уақыт айырмашылығының мәселелерін шешеді.

Өзіндік жұмысқа арналған дәптерлерді жиі пайдалану. Өзіндік жұмысқа арналған дәптерлер оқушының өз біліміне деген жауапкершілігін арттыра түседі. Егер Сіз жұмыстың көп бөлігін оқушының өзіне жүктеп қойсаңыз, балаларда өз бетінше оқу және әрекет ету дағдысы дами бастайды. Балаларға барынша көп жауапкершілік жүктесек, олардың тұлғалық өсу барысындағы алға ұмтылушылық қасиеттері соншалықты жоғары болмақ.

Онлайн курстарға қатысар алдын бірнеше сұрақ қойып нақтылап алу қажет. Егер жауаптар қанағаттандырған болса, және жаттығу орындау түсінікті болса, онда сізге сабаққа қатысуға болады.

Оқу-ағарту саласында онлайн оқыту ұғымы қалыптаса бастады. Білім алушылар да бұл үрдісті қабылдамасқа шарасыз қалды. Бүгінде ғаламтор қолданушылары тікелей желіде білім алудың көл-көсір жақсылығын көріп жатыр. Тіпті Қытай, Жапония мемлекетінде, Еуропа елдерінде оқытудың бұл түрі ресми жолға қойыла бастады. Онлайн дәрістің пайдасын білеміз, ал, оқытудың бұл түрінде қандай кемшіліктер бар? Несімен ерекше және не кемдік етеді, осыған назар аударып көрейік.

«Жетекшісі» жоқ саяхатшының ай даланы кезіп, түкті де түсінбей қайтып келгені сияқты, онлайн оқытуда жоба-жоспар жоқтың қасы. Кім нені көргісі келсе, қайдан бастағысы келсе содан бастай береді. Бұл жағдай онлайн оқытуды ұсынып отырған барлық сайтқа ортақ. Оқушының көздеген мақсаты, деңгейі, қалауы сияқтылармен санаспайды.

Егер мен үйренуші болсам не істеймін? Алдымен үйретуші сайттарды іздеймін, керекті мақала немесе видеоны табамын. Уақытым болған кезде өз қалауыммен қараймын. Қалауым бойынша ұсынылған деректер дайын болған

соң, кейін көрермін деп қол сілтеп жүре беруім де мүмкін. Мұндай жағдай жас оқушыға қанағаттану сезімін туғызуы да ықтимал.

Оқушы ең алдымен оқыған дүниесінің керекке жарайтынын, өзінің жападан-жалғыз үйреніп отырмағанын білуі керек. Әрі оны білдіру үшін оқытушы сайттар тікелей оқыту әдісіне көшіп немесе деңгей бойынша өту мен тапсырмаларды қабылдау жүйесін жүзеге асыру керек.

Тәуелділік сезімінен «азаттық» алу

Дәстүрлі оқытуда оқушы шәкірт ұстазына, ата-анасына, мектепке (университетке) тәуелді болады. Ал, жаңа медиа арқылы оқыту барлыққа келгеннен кейін оқушылар бұл тәуелділіктен азат болады. Тәуелділіктен азат болды деген сөз-жауапкершіліктен де азат болды деген сөз. Ендеше, өз-өзіне қожа болып отырған оқушының өзі алғалы отырған біліміне деген жауапкершілігін арттыру ісі де онлайн оқытуды ұсынып отырған орталықтар мен мекемелердің ойланатын мәселесі.

Онлайн оқытудың әдістемесі дәстүрлі оқытуды ғаламторға көшіріп қоюдан аспай отыр. Қоғамдық қарым-қатынасты жүзеге асыра алмай отыр. Онлайн оқыту тек форма жағынан ғана емес, сонымен бір уақытта шәкірт пен ұстаздың арасындағы өзгеше байланысты да қамтиды. Ол ұстаздың шәкірт өміріне тіпті де ішкерлей кіріп кетуін талап етеді. Бір сөзбен айтқанда, оқушымен онлайнда бірге өмір сүресің.

Онлайн оқытуға күмән келтірген көптеген сұрақтардың ішінде ұстамдылық мәселесін айтпай кетуге болмайды. Солай, онлайн оқытудың өзі білермендікке салынуға жол ашады, бірақ бұл мәселені шешуге болатын амал да жоқ емес. Мысалы, сабақтың қызықты болуы, оқытушының сабақтан кейін өздігінен хабарласып тұруы дегендей. Бұл дәстүрлі оқытуда жоқ амалдар.

Онлайн оқуға байланысты арнайы маман мен ғаламтор қолданушыларының пікіріне назар салып көрейік.

Онлайн сабақтар мен конференцияларға қосылу үшін Java бағдарламасы компьютеріңізде орнатылуы қажет.

Онлайн сабақтар (бұдан әрі-сабақтар) – қашықтықтан білім беру технологиясы мен бағдарламалық қамтуды жүзеге асыратын шынайы уақыт тәртібіндегі сабақтарға оқушылардың қатысуына мүмкіндік беретін сабақтар түрі. Пән бойынша онлайн сабақтарын жобалау мен өткізу әдістемесі цифрлық білімдік ресурстардың көрсетілген ерекшеліктерінің негізінде жасалуы тиіс.

Онлайн сабақ – нақты уақыт режимінде Интернет арқылы оқытушының демонстрациялық экраны көмегімен оқыту процессінің жүргізілуі. Барлық сабаққа қатысушылар бір уақытта өз компьютерлеріне жиналып, веб-қосымшаны жүктейді. Мұнда географиялық шектеу мүлдем жоқ.

Бүгінгі таңда білім сапасы – бұл әлемдік білім беру қауымдастықтарының көпшілік пікірталастарының тақырыбы. Осыдан үш-төрт жыл бұрын бұл пікірталастар дәстүрлі білім беруге қатысты болса, қазір электронды оқытуға сапа ұғымы қолданылады.

Ең дамыған елдердің оқыту үдерісіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу тенденциясы қазіргі уақытта білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер үдерісі жүріп жатқанын көрсетеді. Білім беру сапасына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес білім беру мекемелерін қайта

жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерінің алдында тұрған жетекші міндеттердің бірі - қашықтықтан білім беру жүйесін енгізу ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялардың білім беру үдерісіне жағымды әсерін қамтамасыз ету, яғни. күшті жақтарын дамыту және жағымсыз жақтарын азайту қажеттілігі.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам білім беру жүйесіне өз талаптарын қояды, олардың негізгісі келесідей тұжырымдалуы мүмкін:

- ғылыми білімді өз бетінше табу, жинақтау және қайта қарау мүмкіндігі;
- оқушылардың қазіргі ақпараттық қоғамда өз бетінше бағдарлай алу қабілеті.

Қашықтықтан білім беруді енгізу және қолдану сапасын келесі көрсеткіштер арқылы бағалауға болады:

- тиімділік (білімді игеру дәрежесі, жинақталған білімді практикада қолдана білу, оқу үлгерімі);
- ресурстың қарқындылығы (қаржылық шығындар, материалдық ресурстар, сыныптар, мұғалімдер және т.б.);
- тиімділік (білімді игеру уақыты, оқушыларға есеп беру және т.б.);
- жоғарыда айтылғандардың барлығын қашықтықтан оқыту үдерісінің тиімділігі көрсеткіштеріне жатқызуға болады.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологияларды білім беру үдерісіне енгізу барысында бірнеше жағымсыз жағдайлар кездеседі.

Оқу процесінде адам факторы маңызды рөл атқарады, өйткені мұғалім оқушымен тікелей байланыста белгілі бір дағдыларды аударып алады және сіңіреді, ал қашықтықтан білім беру кезінде ол толығымен немесе ішінара жоғалады;

Бұрынғы оқыту әдістері жаңа технологияларға сәйкес келмейді, ал оқу мен оқу материалдарының көпшілігі қашықтықтан оқытуға жарамсыз;

Кейбір мамандықтар бойынша қашықтықтан оқу мүмкін емес, өйткені кейбір пәндер оқытушының бақылауымен өткізілетін күрделі зертханалық семинарларды қажет етеді.

Көптеген мұғалімдердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының жоқтығы. Осыған байланысты қашықтықтан білім беруде қолдануға жарамды оқу материалын дайындауда қиындықтар туындайды.

Қашықтықтан оқытуға қажетті ұсынылған оқу материалдарына қойылатын талаптарды стандарттау қажеттілігі.

Сондай-ақ, қашықтықтан оқытуды енгізу кезінде туындайтын мәселелердің бірі - оқушылар арасындағы білімнің болуын бақылау. Оқушының пәнді игеруге және білімнің бар екендігін растауға қажетті белгілі бір тапсырмаларды өз бетінше орындайтындығына толық кепілдік жоқ. Бұл мәселенің ішінара шешімі on-line бақылау немесе аралас оқыту технологияларын қолдану.

Оқушыларға бірсарынды тапсырма бере берген соң білім алушының жалығуы анық, осы орайда өткен сабақты пысықтау мақсатында түрлі ойындар арқылы тест сұрақтарын беріп пысықтауға болады. Ол үшін мұғалімде компьютер болуы міндетті емес, телефонда KAHOOT, QUIZZ, QUIZLET

программаларын плей маркет арқылы жүктеп, оқушылардың білімін жинақтап, білімдерін шыңдауға болады.

Айтылғандарды қорытындылай келе, қашықтықтан білім берудің барлық тиімді жақтарын пайдаланып, қолданыстағы ақпараттық технологияларды мектептердің оқу үрдісіне енгізуге және формасы жағынан анағұрлым жетілдірілген және Қазақстан жағдайларына бейімделген жана технологиялардың дамуына үміт білдіргім келеді және бұл уақытша сынақ кезеңінде қашықтықтан оқыту барысында оқушыларды сабақ өтуде, түрлі әдіс-тәсілдер пайдалану арқылы қызығушылығын арттырып, сапалы білім беруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bilimdiler.kz Білімділер порталы
2. Wikipedia порталы
3. Ustaz tilegi. Ғылыми-әдістемелік орталық.
4. Ziatker.kz. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым орталығы
5. Facebook әлеуметтік желісі
6. Білімді ел. Республиканская образовательная общественно-политическая газета 20.08.2020

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТҮРІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Тенлесбаева Салима Нурмахановна

Түркістан облысы, Кентау қаласы, «Достық» жалпы орта мектебі КММ

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек.

Иә, ХХІ ғасыр, әрине, ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі өзгерістер мен жаңалықтар соның нәтижесі деп айтсам болады. Бүгінгі білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлесі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім бағдарламасының өзгеруімен қатар жүреді. Қазіргі заманғы педагогикада педагогикалық шеберліктің маңызды критерийінің бірі мұғалімнің жұмысының нәтижелілігі болып табылады, мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік

және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Ол оқушылардың жүз пайыздық үлгерімінде және олардың пәнге қызығушылығында көрініс береді. Басқа сөзбен айтқанда, егер оқытушы барлық балаларды оқыта алатын болса, ол – шебер ұстаз, өз мамандығының майталман маманы. Осыған орай мұғалім оқушыны оқыту үрдісінде, әрбір сабақта өзінің оқу әрекетінің мақсат-міндеттерін анықтап, соларды іске асырудың нақты тәсілдерімен амалдарын қолданып, өзін-өзі бақылап отыруға тиіс. Міне, осындай жағдайда ғана балада білімге деген қажеттілік, талпыныс, қызығу, танымдық белсенділігі қалыптасады.

Қазіргі жас мамандардың белгілі бөлігінің кәсіби қалыптасуына кедергі келтіріп отырған қиыншылықтардың туындау себептері неде? Көптеген мұғалімдермен әңгімелесу, жұмыс барысындағы жетістіктері мен қиыншылықтарын талдау барысындағы байқалатын басты кемшілік – мұғалімдердің жыл сайынғы заманауи өзгерістермен бірге түрленіп отырған оқушы психологиясындағы айырмашылықты көре білу мен соған қатысты қызмет саласындағы бетбұрыстарды уақытында енгізіп отырудан сәл кеш қалуы немесе осы басымдықтарға толық мән бермеуі тәрізді. Бұл жерде көптеген мұғалімдердің басты қателігі - тек қана өз пәніне оқушыларды қызықтыруды, жеке пәні бойынша әріптестері арасында жоғары көрсеткіштерге жетуді ғана ойлап, жоғарыда аталған педагогикалық - психологиялық ерекшеліктерге толық мән бермеу нәтижесі екендігін көрсету. Мектептегі білім сапасы мұғалімнің кәсібилігі мен мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: ...«Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, мектептен балалардың көбірек білім алып шығуы, немесе білім сапасын көтеру арқылы нәтижелілікті арттырудың басты тетігі – кәсіби ұстаз, ұстаздың білім мазмұнының жаңаруы жағдайындағы педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, әдістемелік жаңалықтарды өз тәжірибесіне ендіре отырып, кәсіби дамуын, оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігінің, педагогикалық – психологиялық дайындығы мен шығармашылық қызметке бейімділік деңгейінің заманауи талаптарға сай өзгеруіне, жетіліп отыруына біліктілік арттыру нәтижесінде қол жеткізу болып табылады.

Л.М. Митинаның пікірінше *«Кәсіби құзіреттілік – білім, біліктілік, дағды мен оның тұлға қызметіндегі, қарым-қатынасы мен дамуы (өзіндік дамуындағы) барысындағы аталған мүмкіндіктерді пайдаға асыру тәсілдері мен әдістерін тыңғылықты меңгеру»* болып табылады. Немесе басқаша айтатын болсақ, *«Кәсіби құзіреттілік»* – бұл мұғалімнің қызметтік міндеттерін атқару барысында коммуникативтік, проблеманы шеше білу, ақпараттық және технологиялық білімі мен біліктілігін оқушы бойында болжамды нәтижені қалыптастыру жолдарын таңдай білуде тиімді пайдалана білуі» болып табылады.

Кәсіби күзіретті маңыздайтын мәселе – мұғалімнің өз қызметін ұтымды ұйымдастыра білуі. Аталған күзіретті мұғалім қалыптасуындағы келесі құрауыштарды бөліп көрсетуге болатын тәрізді.

Бұл:

1. мұғалімнің өз еңбегінің мемлекеттік деңгейдегі білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретіндегі қажеттілігін түсінуі;
2. кәсіби қажетті педагогикалық және психологиялық білімі;
3. кәсіби қажетті педагогикалық біліктілігі;
4. кәсіби мамандығына қажетті мұғалімнің негізгі психологиялық ұстанымдары, мұғалімдік көзқарасы;
5. оқушы білімі нәтижесі мен оның мінез – құлық өзгерістерінің себеп - салдарлық себептерін анықтау мүмкіндігі;
6. кәсіби білім мен біліктіліктің қалыптасуын қамтамасыз етуші мұғалімнің жеке тұлғалық ерекшеліктері;
7. өз мерзімінде педагогикалық, психологиялық және әдістемелік басым бағыттарды меңгертуге арналған біліктілік арттыру курстарынан өтуі.

Осы құрастырушыларының мұғалім бойындағы қалыптасуы мұғалімнің шығармашылдыққа бет бұрғандығының көрсеткіші бола алады. Алғашында оқушы алдындағы сенімге ие болу мен танылу, жаңашылдық пен шығармашылыққа ұмтылу, өзіндік жетілу мен өзіндік даму, баламен жұмыс жасау барысындағы қиыншылықтарды оңтайлы шешу, балада білімге деген талпынысты қалыптастыру, өзін өз ісінің шебері ретінде таныту мен адал қызмет жасау түрінде байқала бастаған қызмет түрткілері құзырлылықтың, кәсібиліктің негізіне айналады. Кәсіби құзырлылық деңгейіне жеткен маман шығармашылық жұмыс нәтижесінде өзіндік тәжірибесінің ерекшеліктерін көруге, өз тәжірибесінің мақсатқа жетудегі артықшылықтарын, оған жетудің тиімді жолдарын және болжамды нәтижені сипаттап, ұзақ уақыт тиімді де, жоғары нәтижені ұстап тұру мүмкіндігіне ие болады.

Бүгінгі күнгі басты міндет – балаларға өз мүмкіндіктерін аша алатын және бәсекелестік дүниеде өмірге дайындала алатын жағдай туғызуда болып отыр. Осы орайда, бастауыш мектепте білім сапасының берік негізін қалау басты мәселе болып табылады. Оқушылар өздерінің біліктері мен дағдыларын, сол сияқты, оқу қызметінің дағдыларын жетілдіруі керек.

Іс-тәжірибемнің жаңашылдығы-оқушыларды оқыту және дамыту құралдарын жетілдіру, шәкірттердің өздігінен жұмыс істеу құзыреттіліктерін қалыптастыру үрдісінде педагогикалық инновацияларды қолдану, балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану жүйесін жасау болып табылады. Әр мұғалімнің жұмысында оқыту мен тәрбиелеуде жетістікке жеткізетін педагогикалық идеялары мен белгілі бір өзіндік ашқан жаңалықтары бар. Бұл – ғылыми жүйеде дәлелденген әдіс-тәсілдерді сәтті қолдануға негізделген тәжірибе.

Сұрақ-жауап әдісі ең тиімді әдіс, оқушылардың көру қабілеттерін ойлау қабілеттерімен ұштастыра дамытады. Оқушыларды сөйлеуге үйрету үшін оқушыларға әр түрлі деңгейдегі сұрақтарды қоямын. Мысалы сұрақтар «Кім?, Не?» демей, «Неге?, Не себептен бұлай ойлайсыздар? Бұндағы менің мақсатым

әр оқушыға ой түрткі жасау. Жұмыстың нәтижеге бағытталуының өзі осында емес пе?!

Біріншіден, білім деңгейі, екіншіден, тіл меңгеруі, оны жеткізуі, үшіншіден, ынтасы мен қызығушылығы, төртіншіден, өзін көрсете алуы артады. Осы кезде баланың ынтасы мен деңгейін байқауға да әсерін тигізеді деп ойлаймын. Не себептен оқушы қиналды? Бұл оқушының оқу қабілеті аздығынан болғаны ма, әлде басқа себептер әсер етті ме? Әрине, бұл мені қатты ойландырады. Бұл менің алдымда тұрған үлкен мәселе. Бұны мен осылай қалдырмауым керек. Ендеше алдағы жұмыста осы проблеманы шешу жолын қарастырамын деген ойдамын. Менің келешектегі болжамдарым нұсқаулықтағы осы қағиданы негізге ала отырып, сабақтарымды түйіндей келе өз мақсатыма жетемін деп санаймын.

Мұғалім әр оқушы әлеміне үңіліп, оны түсінуге тырысуы тиіс, сеніміне ие болып, сәтсіздіктерден оқшаулауы қажет. Бұған тек бір жолмен, яғни, өзара сыйластық пен өзара түсіністік жолымен жүргенде ғана қол жеткізуге болады. Ең бастысы, өз оқушыларымен пікірлесе білуге үйрену, олардың жүрегіне жол табу. Сонда ғана әр сабақ нағыз өмір сабағына айналатыны анық. Заман көшіне ілесе отырып, жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу – барша ұстаз алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Осы міндеттерді жүзеге асыруда мектептің әдістемелік жұмысының алатын орны ерекше. Мектеп мұғалімдері арасында өтілетін түрлі әдістемелік отырыстар жаңаша түрде ұйымдастырып өткізуді дәстүрге айналдыру керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
2. Митина Л. М. Психология труда и профессионального развития учителя. М., Академия, 2004
3. Қ.Ж. Бұзаубақова. «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру». Алматы. Жазушы 2006, 258 – б
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА САБАҚ МАҚСАТЫН ДҰРЫС ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Матеева Бахтигуль Темирхановна

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
ПҚБАИ «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесінің»
аға оқытушысы

Бекеева Шынар Умирзакқызы

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, М.Ломоносов атындағы мектеп-
гимназиясының мұғалімі

Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені) [1].

Баланың болашағы, оның зият дамуы, мүддесі және оқуы, келешекте еңбек іс-әрекетіне қатынасы көп жағдайда білім беру мазмұнымен анықталады. Жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыру бағытында баланың әлеуметтік дамуын жүзеге асыруы мен тұлғаның қажеттілігі мен қабілеттерін ескере отырып, оның бірқалыпты қалыптасу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керектігі айтылады.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор.

«Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы осы үдерістің құрамдас бөлігі болып табылады. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде тарихи-құқықтық білім берудің аса үлкен маңызға ие болуы Қазақстан тарихы мен құқық негіздерін оқытудың оқушыларда тарихи сана мен құқықтық сауаттылықты қалыптастырудағы тәжірибелік тұрғыдан маңыздылығына байланысты.

Оқу-тәрбие үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына жәрдемдесуі тиіс. «Қазақстан тарихы» пәні оқушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, оған қоса ғасырлар бойы Ұлы дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды түсінуге жетелейді. Пән мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді. «Қазақстан тарихы» пәні «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, ал бұл өз кезегінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын, адамдар құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асады[2].

«Қазақстан тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерінің мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Оқу бағдарламасында пән бойынша оқушылар әр сынып аясында дамытады деп күтілетін білім, білік дағдылар оқу мақсаттары түрінде бейнеленеді. Осы оқу мақсаттарында білім беру бағдарламасының әр сыныпқа арналған мазмұны анықталады.

Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескереді. Қысқа мерзімді жоспар мұғалімнің сабақты тиімді құрылымдауына көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы керек.

Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасап отырады.

Қысқа мерзімді жоспарды дайындауда мұғалім төмендегі мәселелерге назар аударуы тиіс:

- оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын анықтау;

- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, уақытқа сай өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;

- Сабағымның мақсаты қандай? Сабақтың әрбір бөлімі оқушының мақсатқа жетуіне жетелей ме?

- Оқушылар іс жүзінде не істейді? Мен оқушыларға олар не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізу керектігін қалай түсіндіремін?

- Оқушылардың білімді игергенін қалай білемін?

- Оқушылар ұсынатын кері байланысқа қатысты, оны қалай жіктеп, жазып және талқылаймын? [3].

Сабақты жоспарлауды бастағанда мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек, бірақ оқу мақсаттарының барлық тармақтарын қамтымауы мүмкін. Мысалы, «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 9-сыныптағы «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімінің 1.1 - Этникалық қатынастар бөлімшесі аясындағы оқу мақсаттарының бірі: 9.1.1.3.- Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау[4]. Бұл оқу мақсаты бірнеше сабаққа негіз болуы, ал сабақ мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін. Сабақ мақсатында оқушының қадағалауға болатын іс-әрекеті, белсенділігі сипатталып, оқушылар оқу нәтижесінде не үйренуге тиіс екені туралы жазылады. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында оқушылардың сабақ соңында не істей алу керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстаңыз. Бұл:

- ойлау дағдыларының деңгейлеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарын игертуге бағытталған сабақ мақсатын жоспарлауға;

- сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға;

- оқуды бағалауды жеңілдетуге;

- оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі.

Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім сабақ мақсатына қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы керек.

Мысал ретінде 9-сыныпта «Қазақстан – 2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең» тақырыбының оқу мақсаттарының бірі: 9.1.1.3.- Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау - деген оқу мақсаттарына байланысты мұғалім барынша белсенді сабақ жоспарын әзірлей алады:

- мұғалім оқушыларға слайдтан «Қазақстан – 2030» Стратегиясын, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың, ҚР астанасы – Нұр-Сұлтан қаласының суреттерін көрсетіп, оқушыларға сұрақтар қойып, болжам жауаптарын тыңдайды;

- оқушылардың болжамдарын тыңдағаннан соң, мұғалім «Қазақстан – 2030» Даму Стратегиясының демографиялық саясаттың бағыттарын» анықтап, қазіргі демографиялық ахуалға талдау жасай отырып, Қазақстан халқы ассамблеясының барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырудағы ролін таныстырады.

Нәтижесінде оқушылар:

- ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауын анықтайды.

- Ел дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

- Қазақстанның қазіргі демографиялық ахуалына талдау жасайды.

- Қазақстан халқы ассамблеясының барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырудағы ролін сипаттайды.

Мұғалімдер сабақ мақсатын жүзеге асыру барысында төмендегідей бірқатар мәселелерді ескергені жөн:

- Сабақта көптеген жаттығу түрлерін жоспарлау. Бір сабақта мұғалім төрт, бес немесе одан да көп тапсырмалардың түрлерін қамти алады. Аз уақыт алатын, айталық, 10 минуттық жаттығу дайындауға болады. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

- Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Тапсырманы әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болу қажет. Мысалы, оқушылар бастапқыда жаттығуды бүкіл сынып болып орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шыңдай алады. Бұл оқушыларға жаңа тапсырманы орындауға біртіндеп көше отырып, алған білімдерін бекітіп, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

- Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, оқушыларда пікір таластырып, бір-бірінен үйренуге уақыт аз қалады. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс.

Сонымен қатар, сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, 27 шілде 2007 жыл, №319-III (өзгерістерімен және толықтыруларымен 19.05.2015 ж.)

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана: Назарбаев зияткерлік мектептері, 2016 ж.

3. Мұғалімге арналған үлестірме материалдар. Астана: Назарбаев зияткерлік мектептері, 2016 ж.

4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА STEM-ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Миндетбаева А.А.

Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты,
Түркістан қаласы, aknur71@mail.ru

Ниязова К.Ж.

«Көкмардан жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Отырар ауданы, Niyazova.klara@list.ru

Қазақстанда 2016 жылдан бастап орта білім беру реформасы жүзеге асырылуда, жалпы білім беретін мектептер жаңартылған білім беру стандарттарын енгізуде. Жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына және нақты пәннің оқу мақсаттары жүйесімен мектептен "шығу" нәтижелеріне негізделген тәрбие мен оқытудың бірлігі қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламаларының айрықша ерекшелігі олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы болып табылады [1].

Техника мен технологияның соңғы жетістіктерін білім беру үдерісімен кіріктіре оқытпау салдарынан мұғалімдер оқушылардың пәндерді оқуға деген қызығушылығын төмендету проблемасына тап болады. Мұғалімнің міндеті – қызығушылықты ояту, балаларды пәннің күрделілігімен қорқытпау, әсіресе физика курсының оқудың бастапқы кезеңінде. Модернизация бағыттары бойынша көптеген заманауи педагогикалық технологиялармен таныса отырып, мен студенттердің белсенділігін арттыру және күшейту негізінде технологияларды таңдадым. Оқу үдерісінде баланың белсенділігі ұстанымы негізгі болып келді және солай болып қала береді [2].

Мектепте оқытылатын жаратылыстану ғылымының, атап айтқанда, физика мен информатиканы оқытуға қоғамның қоятын талаптары мен оқытудың қалыптасқан жүйесінің (оқу-тәрбие процессінің мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдары мен ұйымдастыру формаларын қамтитын) арасындағы, яғни - қоғамның мектеп бітірушілерге қоятын талаптары мен олардың әрқайсысының нақты физика мен информатика ғылымдарындағы білім, дүниетаным, мәдениет, әлеуметтік белсенділігі; - жалпыға бірдей орта білім берудің міндеті мен оқыту нәтижесінің сапасы жоғары болуын талап ету; - мазмұнды ғылымиландыру талабы мен оның түсініктілігін қамтамасыз ету; - әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудың қажеттігі мен оқу пәндерінің алшақтығы; - әр жастағы білім алушының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен берілетін білім мазмұнының көлемі, оқыту мерзімі, реті, күрделілік деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтардың арта түскендігі оқыту мен тәрбиелеуде физика мен информатика пәнін оқытуды ұйымдастырудың жаңартылған формалары мен әдістерін қажет етеді [3].

Осы орайда, орта мектепте физика мен информатиканы оқытуда STEAM-технологиясын іске асыру білім берудің нәтижелі әрі белсенді дағдылардың қалыптастырылуына оң ықпал етеді. Қазір еңбек нарығындағы озықтық веб-

дизайнерлер, өнертапқыштар, зерттеушілерге тиесілі. Сондықтан жоғары технологиялы өндірісі дамыған елдерде STEAM-білім беруге басымдық беріледі. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында STEAM-білім беруді жүзеге асыруды үкіметтің деңгейінде шешуге тырысады. АҚШ-тағы барлық білім реформасы америкалық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға бағытталған. АҚШ-та соңғы 10 жыл ішінде STEAM саласына 100 мың мұғалімді даярлайтын ұлттық бағдарлама қабылданған. STEAM-орталықтары ұйымдарына мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Енгізілген бағдарлама білім беру мен спорттық робототехниканы дамытады, сонымен қатар балалар мен білім алушыларды оқытуда пәндік-бағытталған жобаны жүзеге асыру үшін бизнес-компанияларды белсенді қатыстыруды көздейді. STEAM саласындағы әрекетінің оң нәтижесі стратегиялық бағыттың дұрыстығын дәлелдейді. Демек, STEAM-білім беру білім алушыларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты XXI ғасыр дағдыларын меңгеруге көмектеседі.

STEAM аббревиатурасы келесідей: *S* — жаратылыстану ғылымдары (*science*), *T* — технология (*technology*), *E* — инженерлік іс (*engineering*), *A* — өнер (*art*), *M* — математика (*mathematics*).

STEM білімінің екі даму векторы бар:

1. Жеке блокқа біріктірілген оқу пәндерін академиялық оқудың маңыздылығын күшейту;

2. Жобалау және зерттеу міндеттерін шешуде әртүрлі пәндердің білімдері мен әдістерін интеграциялау (күнделікті, сондай-ақ қазіргі заманғы ғылым мен технологияларды дамыту міндеттері) [4].

STEAM-оқыту аралас оқыту ортасын білдіреді және білім алушыларға ғылыми әдісті күнделікті өмірге қалай қолдануға болатындығын көрсетеді. STEAM-бұл мектепте, мектептен тыс жерлерде жобалық және оқу-зерттеу қызметін жүзеге асырудың бір бағыты.

"STEAM" бағдарламасы бойынша білім алушылар физика мен информатиканы, робототехниканы, бағдарламалауды, құрастыруды және өз роботтарын бағдарламалауды үйренеді. Сабақта 3D-принтерлер, визуализация құралдары және өзге де жабдықтар сияқты арнайы технологиялық зертханалық және оқу жабдығы пайдаланылады.

STEM-оқытудың ерекшеліктері:

- пәндер бойынша емес, "тақырыптар" бойынша кіріктірілген оқыту.
- нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану.
- сыни ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын дамыту.
- өз күштеріне деген сенімділікті арттыру.
- белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс.
- техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту.
- келесі кезеңдерді қамтитын жобаларға креативті және инновациялық тәсілдер: сұрақ (тапсырма); талқылау; дизайн; құрылым; тестілеу; даму.
- оқу мен мансап арасындағы көпір.
- балаларды өмірдің технологиялық инновацияларына дайындау.
- STEM мектеп бағдарламасына қосымша ретінде [5].

STEM технологиясын орта мектепте физика мен информатиканы оқытуда іске асыруда білім берудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері аясында қарастыру маңызды.

Оқытудың цифрлық технологияларына көшу, оқытудың жаңа және дәстүрлі әдістерінің үйлесімін енгізу психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік және басқа да проблемалардың тұтас кешендерін шешуді талап етеді. Қазіргі кезеңдегі дамуды анықтайтын факторлар: мектеп, технологиялардағы өзгерістер, жаһандану, жаңа білім алушылар, мәдени және әлеуметтік әртүрлілік, отбасының, қоғамның, мемлекеттің жаңа тапсырыстары, білім беру нәтижелеріне қойылатын жаңа талаптар, білім берудің жаңа мазмұны, оқытудың жаңа нысандары, технологиялары мен құралдары, үздіксіз білім беру - әлеуметтік және кәсіби жетістіктің негізі ретінде мансаптық траектория.

Біздің ойымызша, білім берудің цифрлық трансформациясы - бұл цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуетін толық пайдалану негізінде оқытудың әдістемелік жүйесінің трансформациясы.

Осыған байланысты, білім берудегі цифрлық трансформация дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа көзқарасты талап етеді және оқыту әдістері мен формаларының жедел өзгеруіне әкеледі. Цифрлық оқыту мазмұнын құру, тарату және өңдеудің, студенттерге ұсынудың жаңа құралдары танымал бола бастады. Осыған байланысты оқытудың сандық мазмұнын қалыптастыруда желілік кәсіби платформаларды қолданған жөн. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер, желілік виртуалды оқыту алаңдары, цифрлық контент құруға арналған платформалар және т. б.

Қазіргі таңда STEM оқыту технологиясын іске асыруда көптеген онлайн жобалар ұсынылуда. Енді орта мектепте физика мен информатиканы оқытуда STEM технологиясын іске асырудағы тиімді платформалардың мүмкіндіктерін қарастырайық.

Онлайн жоба атауы

Мүмкіндіктері

Электронды адрес

[STEM — Microsoft Education](https://microsoft.com/ru-ru/education/educators/stem)

Білім беруге арналған Microsoft өнімдері білім алушыларға сабақтарда шынайы әлемді тануға және үлкен болашаққа дайындалуға көмектеседі. Тегін оқу материалдары, ресурстар, бағдарламалар және серіктес қолдау сіздің сыныбыңызға STEM білім әлеміне саяхат жасауға көмектеседі.

<https://microsoft.com/ru-ru/education/educators/stem>

Institute for Arts Integration and STEAM

Барлық курстар IACET арқылы аккредиттелген және CEU/teacher біліктілігін арттыру сағаттарына ұсынылады. Әрбір курс ұдайы қол жетімді. Білім алушы кез келген уақытта оқу курсына бастап және білім алуды жеделдете алады.

<https://educationcloset.com>

STEM оқыту порталы	Жергілікті мектеп мұғалімдерін қалаларда да, өңірлерде де онлайн/офлайн режимде бағдарламалау, робототехника, инженерлік математика және 3D модельдеу негіздеріне оқыту әдістемесін ұсынады.	https://platform.stem-academia.com/?lang=kk
ВКонтакте	Инженерлік сыныптар, технопарктер және конвергентті зертханалар үшін білім беру	https://vk.com/physics.stem

Физика мен информатика – бұл қызық, күрделі әрі жан-жақты ойлау мен топта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды қажет ететін қиын пәндер. Бұл мектеп мұғалімінен кәсіби және әдістемелік тұрғыда ұдайы ізденісті талап етеді. Осы орайда, мақаламызда мазмұндалған STEAM оқыту платформаларының мүмкіндіктерін пайдаланып оқытуды ұйымдастыру пәнге білім алушылардың қызығушылықтарын арттырып, ізденіс дағдыларын қалыптастыруға оң ықпал етері сөзсіз. Біздің мемлекетіміздің білім берудегі басымдық берілетін ғылыми педагогикалық қағидаттарын ұстану, бәсекеге қабілетті болу, уақыт талаптарына сәйкес өмірлік оқыту – бұл бүгінгі мұғалімге қойылатын талаптардың бір парасы. STEAM оқытудың заманауи мүмкіндіктерін іске асыру аталған талаптарды орындауға жол ашары айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Иманова А. Н., Самуратова Р.Т., Жуманбаева А. О. Steam - технологии: инновации в естественно-научном образовании // Достижения науки и образования. 2018. №8 (30). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/steam-tehnologii-innovatsii-v-estestvenno-nauchnom-obrazovanii> (дата обращения: 26.01.2021).
2. Урунбаев С.С. Новые подходы и методы обучения физике в современной школе // Современные инновации. 2018. №5 (27). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novye-podhody-i-metody-obucheniya-fizike-v-sovremennoy-shkole> (дата обращения: 26.01.2021).
3. Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптар) «Физика» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 120б.
4. Обухов Алексей Сергеевич, Ловягин Сергей Александрович Задания для практики STEM-образования: от суммы частных задач и учебных дисциплин к целостному деятельностному междисциплинарному подходу // Исследователь/Researcher. 2020. №2 (30)
5. Сабиева К.У., Абил А.А. [STEM – обучение как технология развития творческих способностей учащихся](#). «Білім берудегі балалар - балаларға білім беру» электронды газет басылым. <http://gazeta.ipksko.kz/>

Орта мектепте физикада STEM білім беруді оқытудың қадамдары

Азизханов Д.А.

Төрткүл-Төбе атындағы №15 жалпы орта мектебінің физика пәні мұғалімі,
6D011000-физика мамандығының докторанты,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, Түркістан,
Қазақстан., dima - 94_06@mail.ru

Сарыбаева Ә.Х.

П.ғ.к. , доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік
Университеті, Түркістан, Қазақстан., aliya_sar65@mail.ru

Түйін

Бұл зерттеу STEM-дің Қазақстандағы орта мектептердегі физика пәндерінде қолданылатын білім беру қызметін жобалау процесін дамытуға бағытталған. Зерттеушілер зерттеуді әдебиеттерге және онымен байланысты еңбектерге шолу жасау, физика мамандарымен сұхбаттасу, сәйкесінше процесті жобалау және қайта қарау және жобаланған процесті нақты сыныптарда тәжірибе жасау арқылы жүргізді. Бұл физика мұғалімдері нақты оқыту жағдайында қолданатын STEM білім беруді жобалаудың бес сатылы процесін жүзеге асырды. Мұғалімдерге проблемалар мен шешімдердің кейс-стадиін құру кезінде негіз ретінде ғылыми, математикалық, технологиялық және инженерлік жобалау процестерін біріктіру ұсынылды.

Кілт сөздер: STEM білім беру, электроскоп, жоба.

Резюме

Это исследование направлено на развитие процесса разработки образовательных услуг STEM, используемых в физике в средних школах Казахстана. Исследователи провели исследование, изучив литературу и связанные с ней работы, опросив физиков, спроектировав и соответствующим образом изменив процесс, а также экспериментируя с запланированным процессом в конкретных классах. В нем реализован пятиэтапный процесс разработки STEM-образования, который учителя физики используют в реальных учебных ситуациях. Учителей попросили объединить процессы научного, математического, технологического и инженерного проектирования в качестве основы для создания тематического исследования проблем и решений.

Ключевые слова: STEM-образование, электроскоп, проект.

Summary

This study aims to develop the process of designing STEM educational services used in physics in secondary schools in Kazakhstan. The researchers conducted the study by reviewing the literature and related works, interviewing physicists, designing and revising the process accordingly, and experimenting with the projected process in specific classrooms. It implemented a five-step process of designing STEM education that physics teachers use in real-world learning situations. Teachers were asked to combine scientific, mathematical, technological and engineering design processes as a basis for creating a case study of problems and solutions.

Keywords: STEM education, electroscope, project.

1. Кіріспе. 2015 жылғы Халықаралық студенттерді бағалау бағдарламасы қазақстандық студенттер бірнеше азия және еуропалық елдердегі студенттерге қарағанда үлгермеушілік танытты, өйткені олардың ұпайлары халықаралық

деңгейден бірнеше жыл бойы төмен болды. [1] Содан бері STEM білім беру бойынша оқыту мен білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатында оқу іс-әрекетіне интеграцияланды. [2] Алайда, әрбір жеке мектептің STEM білімін қолдануға кедергі келтіретін өзіндік проблемалар бар, сондықтан іс-шаралар әрбір оқыту мен оқу контекстіне сәйкес келетін етіп жасалған болуы керек. Сондықтан бұл зерттеу мұғалімдерге өз контекстімен сәйкес келетін STEM әрекеттерін жобалауға көмектесуге бағытталған. Бұл мәселе бойынша бірнеше зерттеулер жүргізілгені анықталды.

2. Зерттеу міндеттері. Зерттеудің міндеттері - Қазақстандағы орта мектептерде оқытылатын физикаға арналған STEM білім беру іс-әрекетінің процесін дамыту, мұғалімдер құратын STEM білім беру іс-шарасының сапасын бағалау және эксперименттен кейінгі қанағаттану деңгейін зерттеу. Студенттердің оқу нәтижелері олардың сыни ойлау қабілеттері мен физика пәніне деген қарым-қатынасын тестке дейінгі және тесттен кейінгі бағалау арқылы салыстыру үшін бағаланды.

3. Зерттеу әдістемесі. Зерттеушілер әдебиеттерді және онымен байланысты еңбектерді шолып, физиканы оқыту және STEM білім беру саласында мамандандырылған екі маманмен сұхбаттасу арқылы зерттеу жүргізді. Содан кейін STEM қызметінің процесі сарапшылармен өңделді және қайта қаралды. Осыдан кейін физика пәнінің бір мұғалімі ұсынылған үдерісті қолданып, өзінің оқу кабинеттерін өз сабақтарын жүргізді. Содан кейін қолданылған іс-шаралар сарапшылардың сапасына қайта қаралды. Физика пәнінің мұғаліміне де кез-келген сыртқы кедергілерді болдырмау үшін демалыс күндері 8-сынып оқушылардан тұратын шағын топтармен осындай процесті тәжірибе жасау ұсынылды. Мұғалім STEM білім беру қызметін құрып, өзінің 24 оқушысына апта ішінде жүргізді. Оқушылардың [3] сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері, олардың физикаға қатынасы және қолданылған белсенділіктерге қанағаттануы бағаланды.

4. Физика пәнінен STEM білім беру қызметін жобалау процесі. Нәтижелер көрсеткендей, қазақстандық мұғалімдер әрдайым ауыр жұмыс жүктемесіне ие болған жағдайда, STEM білім беру шаралары шарттар мен шектеулер берілген проблемалық жағдайларға негізделуі керек. Бұл оқушыларға ғылыми, математикалық және технологиялық білімдерін өз тәжірибелерімен және шығармашылықпен қолдана отырып, мүмкін болатын шешімдерді алу үшін инженерлік жобалау процесі негізінде мүмкіндік береді. Проблемалық жағдайды бірнеше сыныпқа бір уақытта қолдануға болады, сондықтан оқушылар өз жұмыстарын көшіре алмайды. Бұл уақытта мұғалімдердің дайындығы азаяды және олар тақырып бойынша көбірек тәжірибеге ие болады.

Физика STEM білім беруді жобалау процесі келесідей болды:

1-қадам: STEM білім беру тұжырымдамасын, анықтамасы мен міндеттерін оқып үйрену.

2-қадам: Инженерлік процестің дизайнын, сондай-ақ STEM білім берудің қолданылуын зерттеу. [4]

3-қадам: STEM білім беру қызметінің сипаттамаларын және әртүрлі мысалдарын зерттеу.

4-қадам: STEM білім беру қызметін келесідей жобалаңыз:

4.1 қадам: «Жоба»- берілген шарттар мен шектеулерге негізделген проблемалық жағдайды шешуге бағытталған тапсырма. Ол сонымен қатар оқушылардың барлық жас кезеңдеріне сәйкес келетін және уақытты қажет ететін өмірдегі жағдайға негізделуі керек. Жоба күрделі және бәсекеге қабілетті болуы керек. Мысал ретінде «Электроскоп» дизайнын алайық. Жағдай мынадай болды, студенттер кез-келген «Электроскоп» жасауы керек еді.

4.2 қадам: STEM қызметінің мақсаттары нақты анықталуы керек. Бұл міндеттер оқушыларды оқуға ынталандыруға және олардың жаратылыстану, математика және технологиялар туралы білімдерін арттыруға баса назар аударуы керек.

4.3 қадам:

STEM атауы	жобасының	Электроскоп
Жобаның мазмұны	қысқаша	Бұл STEM жобада оқушылар электроскоп жасайды және электр зарядының не екендігін үйренеді
Жобаның деңгейі	қиындық	орташа
Берілетін уақыт		40 мин
Жобаның түрі		топтық
Сабақтың ерекшеліктері		<input type="checkbox"/> STEM технологиясының техникасы
Оқушылардағы қалыптасатын дағдылар		<input checked="" type="checkbox"/> назардың шоғырлануы <input checked="" type="checkbox"/> шығармашылық <input checked="" type="checkbox"/> шығармашылық ойлау <input checked="" type="checkbox"/> байланыс

4.4 қадам: **Қажетті құрал-жабдықтар:**

(балалар санына байланысты 4-6 оқушыдан тұратын бір топ оқушыларына)

- 1 стақан банка
- фольга
- пластмассадан жасалған қақпақ (банка ашылатын жерді толығымен жабады)
- мыс сым
- қайшы
- шар

4.5 қадам:



5. Қорытынды. Бұл зерттеу тек физика пәні бойынша STEM білім беруді жобалау процесін ұсынды, оны кез-келген оқу жағдайына сәйкес қолдануға болады, сонымен қатар мұғалімдердің кейбірінің STEM білімін қолданудың білімі мен тәжірибесі жетіспейтіндігі, сонымен қатар интеграцияланатыны анықталды. Ғылым, математика және технологияның өзіндік оқыту және оқу жағдайына сәйкес келетін мәселелерді шешуге арналған принциптері. Кейбір мұғалімдер STEM білім берудің дамуына кедергі келтірген инженерлік жобалау процесін түсіне алмады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \ \ «Білімді ел - Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г
2. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \ \ «Білімді ел - Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.
3. Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org>
4. А.Дандибаев, А.Абдрахманова, С.Шагиров, Н.Дускалиев. «Робот техникасы негіздері»\ \Әдістемелік нұсқаулық. Орал 2017.

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫНА STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

*Марова Маржан Абдимоминовна
Сарыағаш қаласы, №1 М.Әуезов атындағы мектеп-гимназиясының
физика пәні мұғалімі*

Андатпа: Мақалада қазақстандық білім беруді дамытудың заманауи үрдістері көрсетілген. Оқу процесіне STEMтехнологиясын енгізудің маңыздылығы атап өтілді. STEM-білім беруді жүзеге асыруға педагогтарды даярлауда біліктілікті арттыру курстарының рөлі анықталды.

Түйін сөздер: STEM-технологиялар, робототехника, STEM-орталықтар, педагогтардың біліктілігін арттыру.

Қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуде, еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапасы жоғары технологиялық инновациялар арқылы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуде, компьютерлік сауатты, білім беруді ақпараттандыруда инновациялық ақпарат технологияларын өздігінен меңгере алатын, жеке тұлғаның қызығушылықтарын дамыту және қалыптастыру-басты міндет болып табылады.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр.[1].

Қазіргі уақытта 7-14 жас аралығындағы жас жеткіншектерімізді робототехника, роботтар құрастыру, бағдарламалау, модельдеу, 3D-жобалау және тағы басқа тәжірибелік-эксперименталдық таным әдістері қызықтырады. Бұл қызығушылықтарды жүзеге асыру үшін анағұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттер керек. Білу мен жасау ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап табу өте маңызды. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM-білім беру инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба, пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. *Ол оқушының* сыни тұрғысынан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және командамен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылығын арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқараспен қарауына, оқу мен карьераның ұштасуына мүмкіндік береді.[2].

«STEM» аббревиатурасын америкалық бактериолог Р.Колвэлл 1990 жылдары алғаш рет ұсынды, бірақ ол тек 2000 жылдарда ғана белсенді қолданыла бастады. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STEM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады. Технологиялардың қарқынды дамуының арқасында жаңа мамандықтар пайда болып жатыр, STEM мамандарына сұраныс жаппай өсіп жатыр. [2].

Қазақстанда да STEM-білім берудің белсене дамуы басталды. Бұны Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында STEM контекстінде мектептегі білім берудің мазмұнына

өту дәлелдейді. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерін енгізу жоспарланды.

STEM-білім беру негізінде ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі арқылы қазақстандық білім беру жүйесіндегі жетістіктер мен әлемдік тәжірибені ескеріп, пәнаралық кіріктіру және құрастыру, модельдеу, жобалау, робототехника жағдайларында пәндерді оқушылардың тәжірибелік-эксперименталдық таным әдістерімен құзіреттілік міндеттерін қарастырады.

Оқытудың жаңа пәнаралық және жобалық тәсілі енгізіледі, ол оқушыларға зерттеу және ғылыми-технологиялық әлеуетін күшейтуге, инновациялық және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу, коммуникация және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Елімізде білім беру робототехникасына ерекше көңіл бөлінуде. Жалпы білім беретін мектептерінің және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылар арасында жыл сайын Робототехникадан Республикалық олимпиада өтеді. Республикалық жарыстардың жеңімпаздарының Робототехникадан Дүниежүзілік олимпиадаға (WRO) қатысуға мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар, 2015 жылдан бері Қарағанды қаласында «RoboLand» Халықаралық робототехника фестивалі жыл сайын өтеді, оған басқа елдердің өкілдері де қатысады (Сербия, Ресей және т.б.).[2].

Робототехника курстарының бағдарламасымен әріптестік орнатқан мектептердегі педагогтер бұл оқушылардың логикасын дамытып, моторикасын жетілдіріп, басқа да қабілеттерін ашады деп есептейді. Әрі процесс қызықты болғандықтан, балалар жалықпайды. Көрнекі құрал ретінде бала күннен жақсы таныс құрастырғыш кубиктер пайдаланылатын сабақты жақсы көрмеу мүмкін емес. Оқудың қызықты бола түсуінің тағы бір себебі, міндеттерді шешу тек тәжірибені ғана емес, сонымен бірге шығармашылық көзқарастыққа жетелейді.[3].

Балалар мектептегі қандай да бір пәндерді ұнатпауы мүмкін, бірақ робототехника элементтерімен біріккен уақытта олар ойын формасында өтеді. Мектеп басшыларының бақылауынша, балалар Білім және ғылым министрлігінің жаңа бастамасын қуана қабылдаған: өйткені конструкторлар бала кезден-ақ уақытты қызықты өткізумен есте қалады. Оқушылар бұрынғыдан гөрі ынталы бола түскен, өйткені робототехника курсы тек оқу ғана емес, ойын да.

Бала робототехника арқылы механик, құрылысшы немесе роботты ойлап табатын адам бола алады, яғни баланың ой өрісі, логикасы жеткілікті түрде дамиды. Тіпті ол мамандыққа пайдасын тигізбеді деген күнде де, баланың ұсақ моторикасын дамытады. Моторикасы дамыған кезде мидың бөліктері әлбетте дамиды. Өйткені бала жұмыс барысында ойланады қандай элемент керек екенін сонымен қатар оларды өлшейді, неге не керек екенін табады, көлемін, енін есептейді. Мәселен, жылдамдық үшін қандай резина, қандай балон керек екенін және қай балонда жылдамдық тез болатынын, қай балонда жылдамдық баяу болатынын бала ойланып табады. Сонымен қатар бала тек ойланып қана қоймайды, бала роботты құрастыру барысында ұстап көру тері арқылы дамиды.

Кейде балаларға миға қонбайтын тапсырмалар да береміз. Ондай кезде олар қиялдарын дамытып, өзінің ойларының ұшқырлығын дәлелдейді. Қазіргі балалар кеңінен ойлайды. Біздің балалар тез өзгертін әлемде еркін өмір сүре алатын, өте қабілетті боларына күмәніміз жоқ. Робототехника - балалардың болашағы.

Робототехниканы зерттеу оқушылардың болашақта ізденісін одан әрі дамытуына ықпал етеді. Оқушылар робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, моделдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын қалыптастырады. Оқушылар нақты мақсат қоюға үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады. [3].


STEM – білім беру жағдайында ғылыми-жаратылыстану пәндерін жобалық оқыту тәсілі ретінде, мысалы физика пәніне робототехниканы кіріктіру арқылы, зерттеуші-өнертапқыш, шығармашыл шәкірттер тәрбиелеуге болады. Ақпараттық-білім беру кеңістігінде білім мен тәжірибені байланыстыра отырып, балаларды технологиялық дамыған әлемге дайындайды. Болашақтың кәсіпқойлары жаратылыстану ғылымдары, техника, технологиялар және білім беру салаларының алуан түрлі бағыттарынан кешенді дайындық пен білім алады.

STEM-білім беру саласында кәсіби даму үшін мұғалімдердің желілік қауымдастық жағдайында ынтымақтастық өзара әрекеттестік дағдыларын үздіксіз жетілдіріп отырулары қажет. Сабақ барысында видео-ойын элементтерімен, виртуальды лаборатория және де цифрлық білім ресурстарымен-ақпараттық білім беру сілтемелерімен Kahoot, Quiz let, Phet, Scorebaard, Khan academy, Phet Colorado білім беру платформаларын қолданып қызықты өткізуге болады.[4].

Физиканы оқытуда қуатты заманауи компьютерлерді және жаһандық компьютерлік желілерді оқу процесінде кеңінен қолданумен тығыз байланысты. Компьютер оқушыға физикалық құбылыспен бетпе-бет кездесіп онымен жанасуға мүмкіндік беретін “жанды” эксперименттерді көруге мүмкіндік береді.

Өз іс-тәжірибемнен оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын, өнімді нәтиже беріп жүрген Phet Colorado білім платформасын қолданып, сабақ жүргізудің тиімділігі зор екенін айтқым келеді.

Конфуцийдың : «Ауызша айтсаң – тез ұқтым, Көрсетсең – есте сақтаймын, Іске кіріссең – үйренемін» демекші білім алушылардың Phet Colorado платформасын қолдану арқылы, шығармашылық жұмысқа талпынысының артқандығын байқауға болады.



Ал робототехника курсы физиканы оқыту бағдарламасына кіріктіретін болса, онда түрлі зерттеу-есептеу жұмыстарын оқушылар үлкен қызығушылықпен орындайтын болады. Мысалы, физика сабақтарында жердің кернеуін өтеді, тақтаға формулалар арқылы түсіндіріледі, STEM оқушылары парашют, ракеталар немесе ұшақтар құрастырады және оларды ұшырып жұмыс істейді солай өз білімдерін нығайта алады. Оқушылар әрқашан көрмейтін немесе естіген терминдерді оңай түсінбейді. Мысалы, температура көтерілуіне байланысты қысым немесе көлемнің кеңеюі. STEM сыныптарында олар ойын-сауық эксперименттерін жасап жатқанда осы терминдерді оңай түсінеді. Сондықтан АҚШ, Канада, Ресей және басқа да орта мектептер сияқты көптеген елдер STEM орталықтарымен белсенділннтымақтасады. 7-сынып материалында «Жылдамдық. Орташа жылдамдықты есептеу» тақырыбында, бірнеше роботтарды қозғалысқа келтіру арқылы жылдамдықтарын есептеуге болады. Ал 8-сыныптағы «Өткізгіштер. Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау» тақырыбында роботтың бойындағы шамдарды тізбектеп немесе параллель жалғай отырып, жұмысты қызықты орындауға болады.

Физикада қандайда бір құбылысты оқып үйренуде моделдеу сияқты оқып үйрену әдісі өте жиі қолданылады. Компьютер көптеген физикалық мәселелерді меңгеруді жеңілдетіп, оларды көрнекі етуге арналған бағдарламалар жасауға және оларды оқу процесінде белсенді қолдануға мүмкіндік береді. 3 D модельдеу принтерлері арқылы кристалдық торларды жасауға, әртүрлі планеталардың макеттерін өзіміз жасап алуымызға болады.



Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен

жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.[5].

Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, STEM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болатын дағдыларды бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақ кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 160б

2. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 368 б.

3. Азизов Р. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования Электронный ресурс:URL: [https://ru.linkedin.com/pulse/ -stem-rufat-azizov](https://ru.linkedin.com/pulse/-stem-rufat-azizov)

4. .ТенА. С. Новыетрендывсовременномобразовании. Электронный ресурс:URL:<http://zkoipk.kz/ru/2016smart3/2541-conf.html>

5. Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане."Білімді ел - Образованная страна"№20 (57) от 25 октября 2016 г.

ФИЗИКА САБАҒЫНДА PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУ

Анарбекова Бибинур Агабековна

Сарыағаш ауданы, №70 С.Байғозиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің физика пәні мұғалімі

Жаңаша оқыту технологиясы негізінде интерактивті оқыту әдістерін пайдаланып, жан-жақты жұмыстана алатын, зерттеушілік қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектебінде шындалады. Ертең осы елге ие болып тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары.Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейімді етіп тәрбиелеу басты бағытымыз. Біздің міндетіміз дүниежүзіндегі жаңалықтармен, жауапкершілік, ерік күш сезімдерін сіңіру, яғни олардың дамуына үлкен мән беру. Ал дамудың негізі - білімде.

Жүсіпбек Аймауытов “Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседен бір жаңалық болуы керек”, - деп баса көрсеткен болатын. Қазіргі заман мектебі бала үшін қызмет ету керек, ол білімді өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындау керек.

Мақсаты – мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі біліп, іздеп табуға үйренуі, оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алатын болу керек. Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде.

PISA (*Programme for International Student Assessment*) зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық контексте саралау жұмысы жүргізіледі. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

PISA есептерінің шарты:

- 1) өмірден алынған қандай да бір ситуацияның жазбасы;
- 2) не есептің шарты, не сұрақтың мазмұны нақты бір пәндік білімге сүйенбейді;
- 3) есептің шарты тұлғалық тәжірибемен сәйкестендірілген – ашық;
- 4) әрбір есеп немесе тапсырма өзіндік шешімді талап ететін қандай да бір ситуация болып табылады.

Жаратылыстануға арналған тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан жаратылыстанудың тексерілетін бөлімдері бойынша негізгі түсініктерді, заңдар мен ұстанымдарды білуін көрсете алуы ғана емес, оларды мәселелерді шешуде пайдалана алу қабілеттері, табиғат құбылыстарына түсінік беруі, қарапайым зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін ұсынулары талап етіледі.

PISA тапсырмаларына мысал: ***ТОЛЫҚ ЖАРЫҚ КҮН***

Мәтінді оқып шығып, сұрақтарға жауап беріңдер.

2002 ЖЫЛДЫҢ 22 МАУСЫМДАҒЫ ТОЛЫҚ ЖАРЫҚ КҮН

Солтүстік жарты шарда 2002 жылы 22 маусымда ең ұзақ күнді атап өтсе, Австралияда - ең қысқа күнді атап өтеді.

Бұл күні Мельбурнда*, Австралияда, Күн 7 сағат 36 минутта шығып, 17 сағат 08 минутта батады және толық жарық күннің ұзақтығы 9 сағат 32 минутты құрайды. Осы жылы Австралияда 22 желтоқсанда ең ұзақ күн болады. Күн бұл күні 5 сағат 55 минутта шығып, 20 сағат 42 минутта батады, ал толық жарық күннің ұзақтығы 14 сағат 47 минутты құрайды.

Астрономиялық қоғамның Президенті Перри Вламос мырза Солтүстік және Оңтүстік жартышарларындағы жыл мезгілдерінің ауысу құбылысы, жер осінің 23 градусқа иілуімен байланысты екенін айтты.

*Мельбурн – шамамен 38 оңтүстік кеңістігінде орналасқан Австралиядағы қала.

Сұрақ 1: ТОЛЫҚ ЖАРЫҚ КҮН

Қай пайымдау Жердегі күн мен түннің ауысуын көрсетеді? Ал Жер өз осінен айналып тұрады.

- A) Жер өз осінен айналып тұрады.
- B) Күн өз осінен айналып тұрады.
- C) Жер осі иілген.
- D) ЖерКүнді айналып тұрады

Өз тәжірибемде кездесіп отыратын қиындықтар, оқушылар:

- Әр дайым алған білімдерін практикада қолдана алмайды;
- Таныс емес жағдай негізінде логикалық есептерді шешуде қиындықтарға кездеседі;
- Пәнаралық байланыс қолданылған тапсырмаларды орындай алмайды.

Физиканы оқыту үрдісінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін көтеру оқу уақытын көп жұмсауды қажет етеді. Осыған байланысты сабақта құрал-жабдықтардың, есептерді шығаруда дайын сызбалар мен жазулардың, қолдан жасалған дидактикалық материалдардың тиімділігі зор. Оқыту процесі шығармашылықпен ұйымдастырылса, онда оқушылардың білім дәрежесі оқытушы айтқан сөздерден емес, өздерінің ізденуі және есеп шығару әдістерін іздеу арқылы қалыптасады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен жұмыстана білуіне назар аударған жөн. Оқушы қызметін активтендіру негізінде өз тәжірибемде педагогикалық технологиялардың бірнешеуін - модульдік оқыту технологиясын, деңгейлік саралау, СТО технологиясының элементтерін қолданамын. Жалпы оқытудағы мақсат оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесі дамыта оқыту жүйесін іске асырады. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі - оқушыларға деңгейлік тапсырма беру. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Мен өз сабағымда 7 сынып оқушыларына физика пәнінен «Атмосфералық қысым» тақырыбына мынандай тапсырмаларды алдым. Ескеретін жайт: PISA тапсырмаларын біз өзіміз құрастыра алмаймыз.

Пән	физика
Бөлім	Қысым
Тақырыбы	Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу
Оқу мақсаты	7.3.1.9 – атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеудің әдістерін ұсыну
Тапсырма үлгісі	Атмосфералық қысым

Атмосфераның бар болуы Жердің табиғатына өте үлкен әсер береді.

Атмосферасыз Жерде тіршілік болмайды.

Атмосфера (атмос – ауа, сфера – шар)

1634 жылы Эванджелиста Торричелли алғаш рет атмосфералық қысымның мәнін анықтады. Бұл тәжірибені 7-сынып физика оқулығынан оқып шығуға болады.

Жердегі қалыпты атмосфералық қысым 760 мм.сын. бағ. немесе 10^5 Па.

Атмосфераны шартты түрде бірнеше қабаттарға бөледі:

тропосфера,

стратосфера, мезосфера, термосфера, экзосфера. Шартты қабаттардың шекаралары:

тропосфера – 16 км дейін;

стратосфера – 50 км дейін;

мезосфера – 80 км дейін;

термосфера – 150 км дейін;

экзосфера – 150 км және одан жоғары, одан әрі бұл қабат ғарыштық кеңістікке көшеді.

Ауаның 90% тропосферада

шоғырланған. Оның қалыңдығы әр түрлі ендіктерде түрліше болады.

Экватор үстінде – 17 км, полюстерде - 8-9 км, ал орташа ендіктерде – 10-11 км

Сұрақ 1. Неге Жердің әртүрлі аумақтарда атмосфераның қалыңдығы әр түрлі?

Жауап: Экваторлық ендіктерде ауа қатты қызады және оның көлемі ұлғаяды, ал полюс аумақтарында керісінше сығылады.

Сұрақ 2. Айда Торричелли тәжірибесінің нәтижесі қандай болар еді?

A. Жердегідей, сынап бағанасы 760 мм тең болады

B. Сынап ыдыстан төгіледі.

C. Сынаптың бағаны төмендейді

D. Сынаптың бағаны жоғары болады, себебі Айдың тартылыс күші

6 есе кем

Жауап: B. Айда атмосфера жоқ, сондықтан сынап төгіледі.

Сұрақ 3. Суретке қарап, атмосфераны оттекке байыту үшін қандай ағаштарды егу қажет?



Жауабы: емен орманы көп оттек шығарады, бірақ емендер өте баяу өседі, сондықтан қайындарды егу дұрыс.

Осы әрекеттерді ұйымдастыру нәтижесінде:

- Оқушылар зерттеу жұмыстары нәтижесінде физика сабағында алған білімдерін практикада қолдануға үйренеді;
- Оқу-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру негізінде оқушылардың жаратылыстану-ғылым сауаттылық деңгейі көтеріледі;
- Қиындығы жоғары есептерді шығару қабілеттері дамиды;
- Оқушының дүниетанымы кеңейеді, зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған Әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

Сонымен қорытындылай келе PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі тапсырмаларды ҮӘЖ технологиясының III кезеңдегі кері байланыс кезіндегі деңгейлік тапсырмаларға қолдануға болады, нәтижесінде осы тапсырмалар ретін тізбектей орындай отырып толық құзырлы тұлға қалыптасуына ықпал жасалынады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 07.12.2010ж
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты: Бастауыш білім. Жоба 2014 ж, наурыз
3. Международные исследования PISA: Национальный отчет по итогам международного исследования PISA-2009 в Казахстане [Электронный ресурс]. - URL: <http://naric.kz/index-49.php.htm>.

ФИЗИКА ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ КІРІКТІРКЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЖАҢА ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ- САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

Байболова Гаухар Сыдыковна

Қазығұрт ауданы, Қ.Сатпаев мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі
gauharita-85@mail.ru

Физика пәнін ағылшын тілінде кіріктірке оқытудың маңызы мен жаңа әдіс- тәсілдерін тиімді пайдалану-сапалы білім негізі.

Қазіргі заман талаптарына сай білім беру жүйесі де жетіліп, жаңа қырларын ашуда. Демек бұл орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді, жүзеге асыруды және оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі – «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Кіріктіріп оқыту дегенде ең алдымен сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды қарастыру маңызды екені ескеріледі. Тіл мен пәнді пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, оқушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасалады. Физика пәнін оқыту контексінде Қазақстандағы ең маңызды тіл – ағылшын тілі болып саналады, ағылшын тілін оқыту үрдісіне кіріктіруді енгізу – ең алдымен, оқушының сабақ үстінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайту мүмкіншіліктеріне бағытталған. Жалпы білім беретін жаратылыстану–математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. «CLIL әдісі»: физика пәнін ағылшын тілінде оқыту процесінде пән мен тілді кіріктіре оқыту” . Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, физика пәнінің терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамытуға болады. Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану–математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім. Сабақ барысында қосымша берілетін физика-техникалық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді деген сенімдемін. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. 8 сыныпта әр тақырыптың соңында 10 сөзден жаттаса, оқу жылының аяғында – 340 сөз, 9 сыныпта 15 сөзден жаттаса, жыл аяғында – 510 сөз, сонымен екі жылда барлығы – 850 сөз жаттайды және әр тарауда – 5 анықтама жаттаса, екі жылда–340 анықтама жаттайды. Оқушыға мектеп бағдарламасындағы физиканың кез–келген бес негізгі тарауларының бірімен (механика, молекулалық физика, электрлік және магниттік құбылыстар, электромагниттік толқындар және оптика, салыстырмалық теориясы және кванттық физика) жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Әрбір тараудан оқушы мынадай мәліметтерді ағылшын тілінде жеңіл түрде үйрене алады:

1. Тақырыпты формуласымен бірге түсіндіретін мәтіндерді;
2. Тақырыпқа қатысты суреттер мен сызбаларды, графиктерді;

3. Физикалық заңдылықтардың дұрыстығына көз жеткіздіру, формулалардың параметрлерін өзгерту арқылы нәтижесін бірден қадағалау;
4. Физика ғылымының дамуына ерекше үлесін қосқан ұлы ғалымдардың өмірі туралы мәліметтер.
5. Тақырып материалдарын меңгеруге арналған тесттік тапсырмалармен жұмыс;
6. Тақырып бойынша есептер шешуге;
7. Бірліктер жүйесі, негізгі физикалық тұрақтылар, физикалық шамалардың сандық мәндерінің кестесіне қатысты анықтамаларды кез –келген мезетте алуға;
8. Мектеп курсындағы математиканың негізгі формулаларының анықтамасы;
9. Физиканың негізгі формулалары жөнінде кеңес;
10. Калькуляторды шақыру мүмкіндігі;
11. Физика курсы бойынша әрбір тарауға күрделілігі жөнінен үш деңгейге бөлінген қорытынды тесттер мен есептер.

Физика пәндерінде оқушылардың бағдарламалық тілдегі сөз тіркестерін, командалар мен операторларды қостілде оқытуы үйретіледі. Қосымша берілетін терминдер сөздігімен оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қорын қалыптастыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерін атап көрсетер болсақ: Терминдерді есте сақтау үшін

«From Start to Finish» ойынын ойнатудың маңызы жоғары. Ойын кезінде оқушылар топтарға бөлініп, физикалық терминдердің қазақша, ағылшынша аудармаларын дұрыс тауып, баспалдақ түрінде орналастыру арқылы есте сақтай алады.

«Find the terminology» (терминдерді тап) ойын әдісінде ағылшын әріптерінің орындары ауыстырылып, оқушы дұрыс жазылуын табуы қажет.

«Tarsia» (Тарсия) әдісі арқылы оқушылар ағылшын тіліндегі анықтамаларды оқып, сәйкес орындарға терминдерді қояды.

«Matching» (сәйкестендіру) қазақ-ағылшын терминдерінің немесе ережелердің дұрыс сәйкестендірілуіне негізделген.

«True and False» (ақиқат және жалған) ойыны барысында оқушылар өздері сұрақ құрастырып, ағылшынша айтылған анықтамасының дұрыс не бұрыстығына байланысты бір-бірінен жауап алады.

«Cards» ойын әдісінде таратылып берілген карточкаларға сәйкес қандай тапсырма берілгенін анықтап, аудармасының жауабын табуы тиіс. Физика, информатика, биология пәндерін ағылшын тілінде оқыту үрдісінде оқушылардың әр тоқсандағы алған білімінің нәтижесін қадағалау мақсатында уақыт қорынан әр тоқсанда 1 сағат бөліп, оқушылардың терминдерді меңгеру мүмкіндігін тексеруді ұстанамыз. Мысалға алатын болсақ:



I. Физика сабағында

1. True/false questions

All matter consist of small particles	T/F
The particles aren't move	T/F
The particles don't interact with each other	T/F

Heat transfer of thermal energy from a hotter object to a cooler one until both objects are the same temperature. T/F

2.«Tarsia»әдісі:



3.«Полиглот» тапсырмаларын әрбір сабақта қолданамын.

Mass-масса-масса

Салмақсыздық-Невесомость-Weightlessness

Заряд-Заряд-Charge

Теріс заряд-Отрицательный заряд-negative charge

Оң заряд-положительный заряд-positive charge

Ендеше шәкіртерге терең де сапалы білім беруде жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, оқушылардың құзертiлiгiн дамытып, өз тәжірибемiзде шеберлiкпен қолдану – бiздiң басты мiндетiмiз. Тұңғыш елбасы Н.Ә. Назарбаев «XXI ғасыр бiлiмдi халықтың ғасыры болады....» деп сенiм артады. Сол сенiмнiң кiлтi бiлiктi де, бiлiмдi ұстаздар қауымының қолында екенiн бiр сәтте естен шығармауымыз керек.

Қорыта келгенде, мектеп жұмысы мен оқушы жетiстiктерiн өрiстетудегi негiзгi тұлға – мұғалiм екендiгiн айтқым келедi. Сондықтан, мұғалiм жаңашылдыққа бейiм болып, әрдайым iзденiсте болуы тиiс. Қоғамда ағылшын тiлiнiң өзiндiк алатын орны ерекше. Сол себептi оқушыларға бәсекелiстiкке қабiлеттi болуы үшiн, заман талабына сай бiлiм берiлу керек.

Осы орайда, физика пәнiнен ағылшын тiлiнде кiрiктiрке оқытудың маңызы мен жаңа әдiс- тәсiлдерiн тиiмдi пайдалану-сапалы бiлiм негiзiн қалыптастыратын оқыту мазмұны төмендегiдей мамандықтарға жоғары сынып оқушыларын бейiмдеуге икемделедi: физика, физика технология және өндiрiс, тұрмыстық физика, экологиялық физика, табиғи ресурстарды қорғау, нанотехнология бағыттары бойынша оқушыларды бейiналды және бейiндi дайындау.

Физика сабағында оқушылардың ағылшын тiлiнде кiрiктiрке оқытудың маңызы мен жаңа әдiс- тәсiлдерiн тиiмдi пайдалану-сапалы бiлiм негiзi н дамытуды жүзеге асыру мақсатында:

1. Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлi Блум таксономиясы негiзiнде құрып, ондағы бiлу, түсiну, қолданудан гөрi талдау, жинақтау, бағалауға мән беру.

2. Стандарт талаптарына сай берiлген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмiрде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңiл бөлу.

3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгертіп, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолданып, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру.

4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту.

5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

6. Бағалау критерийлерін ұсыну.

Осы іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады деп ойлаймын. Ол үшін мұғалімнің жан-жақтылығы, шығармашылығы, білімі жоғары деңгейде болуы керек. Физиканы оқытуда эксперименттік есептер шығарту ерекше орын алады, себебі ол физика сабағында оқушылардың ағылшын тілінде кіріктірке оқытудың маңызы мен жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану – сапалы білім негізін арттырудың негізгі жолдарының бірі. Эксперименттік есептерді шешуде әр түрлі заманауи технологияларды қолданып, соның ішінде орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. «CLIL әдісі»: физика пәнін ағылшын тілінде оқыту процесінде пән мен тілді кіріктіре оқыту». Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, физика пәнінің терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамытуға болады. Сондай ақ, АҚТ, СТО, деңгейлеп оқыту, интерактивті тақтаны тиімді пайдалану өз нәтижесін беруде. Интерактивті тақтада алдын – ала дайындалған эксперименттер, бейне тәжірибелерді көру арқылы оқушы тапсырманы терең меңгеріп, дұрыс тұжырым жасап, қорытынды шығара алады. Теориялық және практикалық мәселелерді қарастыруда оқушылардың өзіндік іс-әрекеттеріне, алған білімдері мен дағдыларын қолдана алуларына басымдық беріледі. Осы аталған маңызды сипаттар мұғалімнің жан-жақты ізденістегі шығармашылық тұлғасында тоғысып және де оқу үрдісінде ұтымды қолданылған жағдайда құзыреттілік қалыптастырудың сапалы да өрелі мақсатына жетуге өрісті ықпал етпек. Сонда ғана өскелең ұрпаққа сапалы білім алуына дұрыс бағыт-бағдар беріліп, оқушылардың өмірде таңдайтын кәсіби бағытына жетуде адастырмайтын жол ашылады әрі елшілдік ұстанымдағы зияткерлік тұлғасын қалыптастыруға айқындауға жол ашылады деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім беру жүйесін 2010-2015 жылдарға дейін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан мектебі журналы №11. 2010 ж
3. Физика және астрономия журналы
4. Физика және астрономия 8 сынып. «Мектеп» баспасы 2005ж.

- 5.«XXI ғасыр оқытудың жаңа технологиясы» М.Жанпейісова
6.Ақпараттық-компьютерлік технологиялардың болашақ мұғалімдерді даярлаудағы рөлі. //Қазақстан жоғары мектебі. – Алматы, 2010
7.Иманбекова Б, Әбдіреймова К, Мазаржанова Қ. «Сабақ – оқытудың негізгі формасы». Алматы, 2003 жыл

БЕЙІНДІК СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ШЕШУГЕ ҮЙРЕТУДЕ ӘРЕКЕТТІК ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Смагулова Жадра Нурбайқызы

Түркістан қаласы, А.С.Макаренко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Түйін

Физиканы оқыту әдістемесінде жаңа білімді бекіту мен қолдануда есеп шығаруға көңіл бөлінеді. Ол үшін біріншіден оқушының өз бетімен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруымыз керек. Осы қабілет оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін дамытуда пәндік оқуға деген мақсаттарын айқындау үшін сауалнама аламын. Сауалнама жауаптары арқылы әрбір оқушының жеке икемділігін айқындаймын. Олар: формальды бағытталған, қорытынды жасап, мақсатқа бағытталған, шығармашылыққа икемділікке, іс –әрекеттегі әдіс-тәсілдік ұйымдастырушылығы басым екендігін көрсететін бағыттар. Яғни олардың өз бетімен жұмыс істеу іс-әрекетіне қарай 4 деңгейге бөлуге болады. Осы әрбір деңгейдегі оқушылардың шығармашылық ізденістерін дамыту, жетілдіру, арттыру барсында оқытушы мен оқушының бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдік үдерісі төрт кезеңнен тұрады. Оқытушы осы әрбір кезеңдегі әрекеттік тәсілді қолдану әдістемесі арқылы оқушыларды бірінші кезеңнен бастап сатыдан – сатыға көтере отырып, төртінші кезеңге жеткізіп оқушылардың мектептен кейінгі өмірлік жолды таңдауға бейімдейді.

Кіріспе

Оқыту әдістемесінде пәнге деген қызуғушылықты туғызатын зерттеудегі қысқаша тәжірибелік жұмыстарды, есептерді ұсынуға болады. Кез – келген есепті шешу оқушыдан үлкен еңбекті, табандылықты, төзімділікті, сенімділікті талап етеді.Оқушының шығармашылық іс-әрекетке бейімдейтін,ақыл ойын дамытатын құрал логикалық қызықты есептер, қиындығы мол олимпиадалық есептер, формулалардың шығу жолын дәлелдеу және салу есептері. Оқушылардың есеп шешуге қызуғушылығын арттыру үшін, олардың жас ерекшелігіне байланысты сабақ жүргізудің әдістерін түрлендіріп отыру қажет.

Оқушының бойындағы есеп шығару қаблеті көбінесе байқап көру, іздену жүйесімен жүреді. Әрбір оқушы ойша болжай біледі. Бұл оқушы бойындағы ойлау тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады. Тапқырлық – шығармашылықтың ерекше көрінісі. Ал аңғарымпаздық – өз білімін кәдеге асыра білудің көрсеткіші.

Кілттік сөздер: формальды, SWOT, формула

Теориялық талдау

Бейіндік сынып оқушыларын физика есептерін шешуге үйретуде әрекеттік тәсіліді қолданып, шығармашылық іс – әрекетті дамыту үшін, оқушының пәнді оқудағы мақсатын зерттеу қажет. Ол үшін оқу мақсатымды сауалнама жүргізу арқылы анықтаймын. Сауалнама тапсырмалары:

1. Оқулықтағы тақырыпты ғана оқу
2. Тақырыптағы анықтамалар мен заңдылықты меңгеру
3. Қосымша деректер бойынша баяндама жасау
4. БЖБ жұмысына, ТЖБ жұмысына жақсы дайындалу
5. Тақырып бойынша өз бетімен зерттеу жүргізу
6. Тақырыптағы құбылыстарды түсіну және табиғатпен байланыстырып игеру.
7. Тақырыптағы нақты сұрақтарды тереңдетіп қарастыру
8. Зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеп, тәжірибе жасауды үйрену
9. Бойындағы іскерлік қабілетін көрсету және дамыту
10. Өзінің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру, мақсат қою, SWOT- жоспар жасау, орындау және оның нәтижесін бағалау
11. Тақырыптағы тереңдетілген деңгейдегі қосымша материалдар бойынша пікір таластыруға үйрену
12. Тапсырмалардан жақсы кері байланыс алу
13. Тақырып бойынша есептерді, теориялық және практикалық зерттеулерді орындау

Тәжірибелік бөлім

1,4,12 – сауалнама сұрақтарын таңдаған оқушылар оқуға формальды бағытталған, 2,7,11 – қорытынды жасап, мақсатқа бағытталған, 3,5,8 – шығармашылыққа икемділік, 6,9,10 іс-әрекеттегі әдіс-тәсілдік ұйымдастырушылығы басым екендігін көрсетеді. Оқушының пәнді оқуға деген мақсаттарын айқындай келе оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу әрекетін төрт деңгейге бөлуге болады:

I-ші деңгей – бар білімін қолдана білу. Оқушы, әсіресе жаттығу орындау кезінде керекті ережелер мен формулаларды қолданып, өз бетімен тапсырмаларды орындайды. Бұл деңгейдегі оқушылар есеп шығару үлгісі болмаса, яғни есеп үлгісіне сәйкес келмесе онда есепті шығара алмайды. Тіпті есепті шығарудың басқа әдістерін іздестіруге ұмтылмайды. Мұндай есептерді шығарған жоқпыз деп есепті қарастырмайды. Мұндай оқушылармен жеке тапсырма беру арқылы деңгейін көтеруге болады.

II-ші деңгей-бірнеше анықтамалармен формулаларды талқылап керегін өз бетімен алатын оқушылар. Оқушылар есепті шығару кезінде өзі есепке анализ жасай алады.

III-ші деңгейдегі оқушылар тиімді әдістерді таңдай отырып, есептерді шығарады. Бұл деңгейдегі оқушылар оқу әрекетін жоспарлап, өз бетімен есептерді шығара алады.

IV-деңгейдегі оқушылар қосымша оқулықтармен есептер шығарып, оқулықта қарастырылмайтын тақырыптарды өз бетімен оқитын оқушылар. Оқушылар бұл бағытта мектептен кейінгі өмірлік жолды таңдауға бейімделудің негізгі қадамдарын жасайды.

Нәтижелер мен талқылау.

Төрт деңгейдегі бейіндік сынып оқушыларының өз бетімен шығармашылықпен іс-әрекет жасауға бірінші деңгейден екінші деңгейге, екінші деңгейден үшінші деңгейге, үшінші деңгейден төртінші деңгейге біртіндеп көтеру үрдісін төрт кезеңге бөлдім. Олар:

I-ші кезеңде оқытушы оқушыға Ұлы ғалымдардың есептерінен, көне және ертегі есептерді, есептің берілгені мен шығару жолының әдістері көрсетілген есептерді топтастырып реферат дайындауға бағыттайды және тапсырма береді. Оқушының есеп шығаруға деген құлшынысын арттыру үшін жеңіл есептен бастап күрделі есепке бағыттау қажет. Яғни логикалық ойлауды қажет ететін, тапқырлыққа жетелейтін есептерді шығарту. Әрбір тапсырманы орындағанын қадағалап, мадақтап отырған жөн. Оқушыға жеке тапсырма беру арқылы кітаппен жұмыс істеуге, есептің берілгеніндегі әрбір сөйлемді түсініп талдауға, сол есепке ұқсас тапсырмаларды орындауға икемділігін, іскерлігін арттыру.

II-ші кезеңде оқытушы есепті шығарудың әртүрлі әдіс-тәсілдермен шығаруға бағыттап, оқушыларға талқылата отырып тиімдісін тандай білуге сенімділігін арттырады. Тапсырмаларды бере отырып оқытушы бірнеше әдіспен шығаруды талап етеді. Яғни бұл кезеңде оқушы өз бетімен ізденіп, әртүрлі қиындықтағы тапсырмаларды, оқу құралдарын, анықтамаларды пайдаланып есепті шығаруы керек.

III-кезеңде оқушыға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл кезеңде оқушы негізгі деңгейге көтеріледі. Оқушы өзінің жасаған есеп бере білу керек. Қателіктерді болдырмау үшін нені меңгермедім? Неден қате жібердім? Деген мақсатта өз жұмысын қорытындылап, алдағы жұмысына жоспар құруға дағдылану керек.

IV- кезеңде әрбір оқушының жұмысы өз бетімен есеп шешуге, өз ойын қорытындылай алуға, өз пікірін ортаға сала алуға, игерген білімдерін жаңа жағдайларға қолдана алуға, салыстырып кемшілігі мен артықшылығын көре алуға, дәлелдей білуге, заңдылықтар мен анықтамаларға есептеулер жүргізіп, бақылау тәжірибелерінің қорытындысы бойынша формула құрастыруға жетелеу керек.

Қорытынды

Бейіндік оқытудың ең басты ерекшеліктерінің бірі-білім, іскерлік, дағдылар қалыптастырудан құзыреттілік тұғырға көшу. Бейіндік сынып оқушылары өз бетінше білім алуларына, игерген білімдерін жаңа жағдайларға қолдана алуларына, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесімен, мектептен кейінгі білімін жалғастыру үшін қажет түйінді құзырлармен қарулануына ықпал ететін болады. Оқушының белгілі сала бойынша қабілетін ұштау, оның бойында келешекке қажет білік пен дағдының қалыптасуына мүмкіндік жасау.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985,208с.
- 2.Мәженова А.Б. Физиканы оқыту теориясы мен әдістемесін жетілдіру. //Халықаралық ғыл.-практ. конф. материалдары: «XXI ғасырда білім беру: жайы және даму болашағы». –Астана. 2002,211б.

3. Қарамурзин А. Физиканы мектепте оқытудың кейбір мәселелері. Алматы: Мектеп. 1984, 54б.
6. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1992, 112б.
5. Сариева А.К. Физиканы оқытудың ғылыми негізінде оқушылардың шығармашылығын дамыту // Материалы II Республиканских педагогических чтений: «Среднее образования XXI века: поиски, проблемы, перспективы». Алматы, 2004, 109б.
6. Бұжымбаева Қ.Т. 12 жылдық білім беру жүйесінде жаңа түйінді құзыреттіліктерді пайдалану // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде = Казакский язык в Казахской школе, 2011, №4, 34-38б.
7. Бейіндік мектеп: 12 жылдық білім беру жағдайындағы даму болашағы. Әдістемілік құрал. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013, 69б.

Физика сабағында танымдық қызығушылық пен шығармашылықты дамыту құралы ретінде қолданылатын - физикалық эксперимент

Самендилова Гульмира Жанабековна
Шаян көпсалалы лицей-жалпы орта мектебі
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы
gulmira.samendirova@bk.ru

Физиканы зерттеу қазіргі мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын жаратылыстану ғылымдарының бірінің негіздерін игеру үшін ғана қажет емес. Бұл тақырыпты оның тарихи дамуында білместен, адам қазіргі мәдениеттің басқа компоненттерінің қалыптасу тарихын түсінбейді.

Физиканы зерттеу адамға дүниетанымды қалыптастыру, ғылыми ойлау стилін дамыту үшін қажет. Физиканы оқыту процесі оқушылардың ойлау қабілетін үйлесімді дамытады. Табиғи процестерді зерттеудің физикалық әдістері бейнелі және логикалық ойлауға негізделген теориялық белсенділікпен эксперименттер жүргізу кезінде оқушылардың өзіндік пәндік іс-әрекетінің үйлесуіне негізделген. Физиктер қоғамның экономикалық және мәдени дамуындағы ғылымның ролін ашады, ғылыми дүниетанымның қалыптасуына ықпал етеді. Ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыру, оқушылардың зияткерлік қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамыту мәселелерін шешу үшін физиканы оқу процесінде дайын білімнің мөлшерін беруге емес, қоршаған әлемді ғылыми тану әдістерімен танысуға, оқушылардан оларды шешу үшін тәуелсіз әрекеттерді қажет ететін мәселелерді шешуге назар аудару керек.

Физика техниканың негізі бола отырып, қазіргі уақытта қазіргі өмірге көбірек еніп, дәстүрлі түрде одан алыс аудандарға көбірек енгізілуде. Табиғат өз туындыларында шексіз, бұл таңқаларлық сезімді ғана емес, сонымен бірге әр адамның жеке ерекшеліктерін терең білу қажеттілігін тудырады. Бұл мәселеде мектеп оқушыларын оқытуда өте өзекті болып отыр, - «Әрқайсысының оңтайлы дамуын қалай қамтамасыз етуге болады? Барлық

оқушылар қабілеттері бойынша оқып, бағдарламалық материалды мықтап игеруі үшін оқу процесін қалай ұйымдастыруға болады? Балаларды сыныптарға "күшті" және "әлсіз" деп бөлу және оларды осылай оқыту дұрыс па?». Осы және басқа да сұрақтар әр мұғалімді қатты алаңдатады[1].

Адамның кез-келген әрекеті белгілі бір мақсатқа ие. Мұғалім жұмысының негізгі мақсаты - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осы мақсатқа жету оқытудың көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Жалпы білім беретін мектепте физиканы оқытудың негізгі міндеті - оқушылардың физикалық білім, білік және дағды жүйесін берік және саналы игеруін қамтамасыз ету. Қазіргі мектеп үшін оқушылардың танымдық тәуелсіздігін дамыту мәселесі өте маңызды. Өздеріңіз білетіндей, қабілеттер, соның ішінде танымдық қабілеттер тек көрініп қана қоймайды, сонымен қатар белсенді қызмет процесінде қалыптасады және дамиды. Оқушылардың оқудағы жоғары белсенділігін, олардың оқу процесіндегі дербестігін қамтамасыз ететін әдістер мен әдістемелерді шебер қолдану оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту құралы болып табылады. Оқушылардың өзіндік іс-әрекеті - оқушының оқу, тәрбие, даму процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл танымдық белсенділікті, оқушының белсенділігін, мақсатына жетуге деген ұмтылысты білдіреді.

Мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі-ойланбастан ойлана білетін, білімді шығармашылықпен қолдана алатын оқушыны дайындау. Оқушы өз іс-әрекеттерінің мазмұнын нақты түсінуі керек, мақсаттар мен құралдардың жаңа нұсқаларының пайда болуымен олардың жоспарын өзгерте білуі, дәлелдемелерді құруы және тексеруі керек. Бұл оқушының интеллектінің, қалыптасқан зияткерлік қабілеттерінің жоғары дамуын білдіреді.

Тек есте сақтау қабілеті, оқу ақпаратын игерудің репродуктивті әдісі арқылы білім алған және ешқашан шығармашылық іс-әрекет барысында жаңа нәрсені білуге деген қызығушылығы, ізденіспаздылығын сезінбеген оқушыға өзгеретін оқу жағдайында жүру оңай болмайды. Қазіргі уақытта құбылыстарды терең талдау үшін жағдай жасау, өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту және өзін-өзі үйрену арқылы оқушылардың дамуына бағдарлану барған сайын маңызды бола түсуде. Қазіргі кезеңдегі мектеп көптеген жылдар бойы білім бере алмайды. Ол білімді үнемі толықтыру қажеттілігін оятуы керек.

Адамның өзін-өзі басқару тетіктері өз іс-әрекеті процестерінде қалыптасқан дәрежеде ғана ол тәуелсіз тұлға ретінде әрекет ете алады. Педагогика мен психологияда оқушылардың табиғи қабілеттері, қабылдау деңгейі, жұмыс қарқыны және ең бастысы ақыл-ой әрекетінің ерекшелігі бойынша бір-бірінен өте ерекшеленетіні анықталды. Бір сыныпта дамудың өте қарама-қарсы деңгейлері бар оқушыларды байқау сирек емес (өте жоғары деңгейден өте төмен деңгейге дейін). Бұл жағдайда мұғалім орта оқушының нәтижеге жетуіне бағытталған оқытудың формалары мен әдістерін таңдауға мәжбүр болады. Бірақ бұл ретте "әлсіз" оқушыларға жеткіліксіз көңіл бөлінеді, ал "мықты", талантты балалар мұғалімнің көзқарасынан мүлдем тыс қалады[2].

Осыған байланысты "мықты" оқушылар оқуға деген қызығушылығын жоғалтады, олағар сабақтар қызықсыз болады, нәтижесінде оқытудың

соңында дарынды балалар орта деңгейлі оқушыларға айналады. Олар өз қабілеттерін дамыту үшін жеткілікті материал ала алмайды. Олардың танымдық белсенділігі жеткіліксіз, олар оқу жұмысына күш салмауға үйренеді, өйткені олар стереотиптерді қиындықсыз игере алады.

"Әлсіз" балаларға келетін болсақ, орта деңгейдегі тапсырмалар оларға артық болып көрінеді. Пайда сезім олқылықтың қорқу айту соя пайымдаулар берген жауаптарында. Осыған байланысты, мұндай оқушылар кез-келген ақыл-ой әрекетінен бас тартады, айналып өту жолдарын қолданады: механикалық жаттау, кеңестерді күту, алдау. Нәтижесінде «әлсіз» оқушыларда оқуға деген негатив пайда болады.

Оқу процесі тиімді және білімі берік болу үшін мен физика экспериментін қолданамын. Бағдарлама материалы демонстрациялық тәжірибелердің міндетті минимумын қарастырады. Жақсы дайындалған және эстетикалық жағымды тәжірибелерді көрсету оқушыларды әрқашан қызықтырады. Физикалық ұғымдар мен теорияларды ойдағыдай қалыптастырудың шарттарының бірі - ұтымды, таңдалған және мұқият қойылған білім беру экспериментінің жүйесі. Мен бұл жүйені жалпы түрде қысқаша сипаттауға тырысамын[3].

Ең алдымен, қазіргі физиканың эксперименттік негізін құрайтын іргелі эксперименттердің аз бөлігі білім беру физикасы экспериментінің жүйесіне енгізілуі керек. Бұл эксперименттерді құру көп жағдайда ерекше эксперименталды шеберлікті талап етеді және өте күрделі жабдықты пайдалануды көздейді. Қазіргі уақытта қондырғылардың күрделілігіне, ауырлығына немесе қымбаттығына байланысты демонстрациялық эксперименттер түрінде әлі орындала алмайтын іргелі эксперименттердің бөлігі арнайы оқу фильмдеріне түсірілуі керек.

Көрнекіліктер кезінде және зертханада өзіндік жұмыс кезінде іргелі физикалық эксперименттерді зерттеу, фильмдердегі осындай эксперименттердің бір бөлігімен танысу физиканы оқуға қажетті эксперименттік базаны жасайды. Осы эксперименттерге сүйене отырып, қазіргі физиканың жағдайын нақты және дәйекті түрде көрсетуге болады. Осы эксперименттерді қою және түсіндіру асығыс және нақты болуы керек. Оқушылар бұл тәжірибелердің қазіргі физика біліміндегі орнын нақты түсінуі керек. Алайда, оқушылардың оқу материалын қабылдау ерекшелігі және физика курсының алдында тұрған педагогикалық міндеттер оқу физикалық экспериментін қазіргі физиканы түсіну үшін жеткілікті терең білімі бар тек іргелі тәжірибелерді құру және зерттеумен шектеуге мүмкіндік бермейді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, оқу үшін үлкен маңызы бар эксперименттердің келесі топтарын құру қажет.

Мұғалімнің түсіндірмесін суреттейтін тәжірибелер. Мысалы, шеңбер бойымен қозғалысты зерттеу кезінде бұл қозғалысты аудиторияда көрсетудің түбегейлі қажеттілігі жоқ, өйткені оқушылар бұл қозғалысты өмірде жиі кездестіреді. Алайда, әр мұғалім бұл қозғалысты көрсету сабақтың барысын жандандыратынын, оқу материалын қабылдау үшін жағымды эмоционалды фон құратынын біледі. Шамасы, мұндай эксперименттердің жоғары педагогикалық тиімділігі оқушылардың, олардың барысын оқытушы алдын-

ала таңдаған позициядан бақылайтындығына байланысты, ол оқушылардың назарын тек зерттелетін құбылысты түсіну үшін маңызды нәрсеге аударады.

Оқушылардың физикалық құбылыстар әлеміне қызығушылығын оятуға арналған тиімді тәжірибелер Луи де Бройль бейнелі түрде «қазіргі ғылым» әрдайым оның үздіксіз дамуын қамтамасыз ететін жасырын қозғаушы күштер болып табылатын таңданыс пен қызығушылықтың қызы". Тиімді тәжірибе оқушылардың физикаға деген қызығушылығын оята алады және оны ескеру керек. Тәжірибе, оның барысында мұғалім студенттерге осы сабақта жұмыс істеуге тура келетін мәселені қояды. Оқушылардың бірі мәселені талқылау кезінде айтқан қате пікірлерді тексеруге арналған тәжірибелер.

Оқушылар физикалық зертханадағы жұмыстың негізгі әдістерімен алғашқы танысуды және зертханалық жабдықтармен жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын сабақтардағы мұғалімнің жұмысын бақылаудан алады, бірақ тиісті дағдыларды дамыту оқушылардың зертханада өзіндік эксперименттік жұмысы процесінде жүреді. Сондықтан оқушылардың зертханалық жұмыстары оқу-физикалық эксперимент жүйесіне енгізілуі керек, оларға зерттеу сипаты берілуі керек. Сонымен, зерттеу сипатындағы ең күрделі жұмыстарды жүргізу үшін 2, кейде 4 сағат қажет, физикалық семинарға бөлген жөн. Осылайша, мектептегі физикалық эксперимент жүйесіне мыналар кіруі керек:

- қазіргі физиканың эксперименттік негізін құрайтын іргелі тәжірибелер (бөлігі мұғалім орындайтын демонстрациялар түрінде, ал бөлігі бір бөлігі өткізетін зертханалық тәжірибелер түрінде).

Педагогикалық көзқарастардан туындайтын демонстрациялық тәжірибелер:

- зертханалық жұмыстар.
- физикалық семинарлар[3.1].

Таным әдісі ретінде эксперимент қалыпты жағдайда байқалмайтын объектінің қасиеттері мен байланыстары туралы ақпарат алуға қызмет етеді. Эксперимент белгілі бір мәселені шешу және объект туралы жаңа мәліметтер алу мақсатында жасалады. Мұғалім физикалық құбылыстар мен заңдар туралы айтып қана қоймай, сонымен бірге осы құбылыстарды оқушыларға жақындатудың жолдарын табуға мүмкіндік алады, осылайша олар онымен бірге осы құбылыстарды зерттеуші болады. Бұл ереже эксперименттік заңдарға қатысты. Мысалы, Паскаль заңы, электр тогының заңдары, газ заңдары. Паскаль Заңын растайтын эксперименттерді талдай отырып, мен бірден Паскаль Заңын (тамшуыр, шприц, ішетін ыдыс) қолдану арқылы түсіндіретін құрылғылардың практикалық қолданылуын көрсетемін. Егер бала тақырыпқа қызығушылық танытса, онда эксперимент нәтижелерін алу әрқашан тәжірибемен байланысты: болжамды нәтиже мен алынған нәтижеге сәйкес келу қуанышы, сәтсіздіктің көңілі мен алаңдаушылығы, жаңа күтпеген нәтижеге таңдану. (Архимед Заңын, Ампер Заңын, Паскаль Заңын растайтын тәжірибелер).

Физиканы пәнін қашықтықтан оқытудың ерекшелігі-бұл оқушыға іс-әрекеттің белсенді дамуының шарттары мен ортасын, өзін және күш-жігерін сынап көру, қызығушылық пен қарым-қатынасты іздеу, өз ісін таңдау және

оны көрнекі материалдық нәтижеде аяқтау. Физика пәні -бұл үйлесімді, логикалық байланысты сабақтар жүйесі. Оқу процесі білім көлемін беруге емес, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға бағытталған. Физика пәнін дәйекті, кезең-кезеңімен зерттеу болашақ жасөсіпірім мен орта буын мамандарының техникалық ойлауының нақты логикалық әдісін жасайды, ол басқа ғылымдарда өте жемісті болады. Дәл физика қабілеттілікті дамытудың қуатты құралы болып табылады, ақпаратты талдаудың, өзін-өзі оқытудың практикалық дағдыларын қалыптастырады, оқушылардың өзіндік жұмысын ынталандырады.

Физиканы зерттеудің негізгі мақсаты - табиғи цикл ғылымдарына деген қызығушылыққа негізделген оқушылардың зияткерлік техникалық және шығармашылық әлеуетін дамыту [2.1],

Физиканы оқытудың негізгі міндеті - әр оқушының өзіндік ерекшелігін, психологиясын және әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, қызықты және тапқырлықпен оқыту, білім алушыға жеке тұлғаның еркін білімі мен дамуына ықпал ететін оқу процесінде жайлылық, Тәуелсіздік, шығармашылық сезімін беретін осындай әдістемелік әдістерді табу және іске асыру физика сабағында қолданылып еркіндікті білдіреді.

Физика бойынша қашықтықтан оқыту бағдарламасы мыналарды қарастырады:

- өзіндік және жеке жұмыстың үлкен көлемі.
- қашықтықтан физика пәні оқушылардың қызығушылықтарының ерекшелігін, олардың білімді меңгеру стилін, психологиялық және жас ерекшеліктерін ескереді;
- оқушының ойлау қызметін жандандыруға, абстрактілі ойлау мен ойлау операцияларын дамытуға ықпал етеді;
- талдау, синтездеу, жалпылау, салыстыру;
- ғылымның іргелі негіздерін және олардың қосымшаларын өз бетінше үйрену дағдыларын игеру;

Физиканы дистанциялық оқытуда зертханалық сабақтарды өткізу нысандары мен әдістерінің келесі ерекшеліктері бақылау:

- тақырыбына сәйкес жақын зертханалық жұмыстарды орындау;
- жеке зертханалық жұмысқа бөлінетін уақыттың қатаң регламенті жоқ;
- қиындықтар туындаған жағдайда кеңес алу мүмкіндігі;
- зертханалық жұмыстарды жеке орындау мүмкіндігі, нәтижелерді (чаттарда, форумдарда талқылау, тәжірибе алмасу);
- зертханалық жұмыстарға әртүрлі тапсырмалардың болуы.

Физиканы қашықтықтан оқыту кезінде зертханалық жұмыстарды орындауға арналған құралдар талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- зертханалық қондырғылардың модельдері көрнекі және қауіпсіз болуы тиіс;
- виртуалды зертханалық қондырғылар интерактивті және эргономикалық болуы керек;
- зертханалық жұмыстарға арналған нұсқаулықта жұмысты жүргізу үшін теориялық бөлім, сондай-ақ оқушылардың қызығушылықтарын белсендендіру элементтері жеткілікті болуы керек.

Міндеттерді шешу бойынша практикумды мынадай: трансляция режимінде, чаттарда, форумдарда, бейнеконференцияларда консультациялар режимінде жүргізген жөн.

Физика пәнінің мұғалімі өзінің пәндік саласын ғана емес, белгілі бір дәрежеде білімнің байланысты салаларын да, сонымен қатар педагогикалық, психологиялық өмірін, физиканы қашықтықтан оқыту тұжырымдамасын, сондай-ақ ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, оқу процесін қашықтықтан ұйымдастырудың ерекшеліктерін меңгеруі керек[4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллаев Ж., Асқаров П. Физика курсы. – Алматы: Ғылым: 2004.
2. «Физика» пәні бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Астана: «НЗМ» ДББҰ ПШО, 2016. 118б.
3. Иванова Л.А. Активизации понавательной деятельности учащихся при изучении физики. – Москва. 1983. -253б.
4. Волькенштейн. В.С. Сборник задач по общему курсу физики. – М.: наука, 2018. -211б.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ХИМИЯ ПӘНІН ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Жаркинбаева Гульзира Тынысбековна
Жетісай ауданы. Ә.Жангелдин атындағы №27 жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Керимбекова Айгерім Ахатовна
Түркістан облысы әдістемелік орталығының химия пәні әдіскері

Елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында.

Н.Ә.Назарбаев.

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуіне білім беру ісі басты құралы болып табылады. Сондықтан, Қазақстанның халықаралық зерттеулерге қатысуы білім саласын дамытуда стратегиялық маңызға ие. Зерттеу нәтижесінде алған мәліметтер еліміздің білім сапасы мен әлемдік білім беру жүйесіндегі орны жөнінде ой өрбітуге мүмкіндік береді. Педагогикалық әдіс –тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларын құру кезіндегі негізгі бағдар болып табылады. Қашықтықтан оқу – ерекше оқу түрі болып табылады. Себебі қашықтықтан оқу жағдайында мұғалім интернет желісінің көмегіне сүйеніп, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, сабақты ұйымдастырады.

1. Психологиялық дайындық
2. Жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым
3. Өзіндік жұмыс
4. Мәтін, қысқаша конспект, сілтеме
5. Экран, монитор
6. Кері байланыс

Оқыту мен оқудың мақсаты - бұл қажеттілік +өзіндік бақылау +уәж(мотивация) соңында **нәтиже көрсету**.

«Мұғалім өз білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі - **нәтижеге**», - деп айтқан К.Д Ушинский Мен қандай білім немесе дағдыны дамытқым келеді? Менің оған әлеуетім қандай? Енді не істеуім қажет?

Ертеде білмейтіні жоқ бір данышпан өмір сүріпті. Күннің бір күнінде бір адам осы данышпанның да білмейтіні бар шығар деп:

- «Ал, данышпан болсаң менің қолымдағы көбелек тірі ме, әлде өлі ме?» дейді. Ал өзі ішінен «егер тірі десе өлтіре саламын, өлі десе ұшырып жіберемін» деп ойлап тұрады. Данышпан ойланып барып: «Бәрі сенің қолыңда» деп жауап қайтарыпты .

Баланы бақытты ету, жетістіктерге жетелеу, ішкі уәжін жоғарлату, өзін сәтті сезінулері бәрі біздің қолымызда.

Қашықтықтан оқыту аясындағы сабақта оқушы уәжін оятудың жолы қандай? Оқушының қызығушылығын сабақтың басынан аяғына дейін қалай тұрақтандыруға болады?

Джон Келлер моделіне сүйенсек:

1. Назар аударту – внимание - attention
2. Өзектілігі – значимость – relevance
3. Сенімділік – уверенность - Confidence
4. Қанағаттану – удовлетворение - Satisfaction

«Адамға балық ұстауды үйретсең бір күн тоқ болар, ал аулап үйретсең өмірлік азық болар» - деген даналық сөз бекер айтылмаған. Оқу баланың негізгі дағдыларын қалай дамытады? Жазу дегеніміз оқу кезінде туындаған ойдың бейнекөрінісі.

- . Тапсырманы түрлендіріп беру
- . Кері байланыс
- . Оқыту сапасы

Ал біздің мақсатымыз – баланың сабақ үстіндегі оқу-әрекетін тиімді әрі қызықты болатындай етіп ұйымдастыру, әрекет нәтижесін байқау, бағалау және соның нәтижесінде алдағы жұмыстарды жоспарлау болып табылады.

« ... оқу мен оқытудың сапасы тікелей кері байланысқа тәуелді». Екі бағытта ықпал етеді:

1. Танымдық бағыт - **Нені үйренді?**
2. Инталандырушылық бағыт – **Қалай үйренді?**

Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері: оқушылардан білім алуға **ынтасы жоғары болу және оқу материалының көп бөлігін өз бетімен меңгеруі** керек, оқушыда өзін – өзі оқыту дағдысының жеткілікті болуы керек, өйткені бұл тікелей оқу сапасына әсер етеді. (**өзін – өзі оқытуға деген қабілеттілік**). Ұлы Абайдың 7-ші қара сөзінде : «Бала дүниеге келгенде әр түрлі мақсатта келеді. Ішсем, жесем, ұйықтасам – тән құмары, білсем, көрсем, үйренсем – жан құмары » деген даналық пікіріне сай келеді. Осыларды есепке алсақ, біздің қазағымыздың қанында да осы қасиеттерді дәріптеген ғұламаларымыз аз болмаған, дегенмен сол ғұламаларымыздың ойын жүзеге асыратын кез келген сияқты. Есте сақтау қабілеттерін дамытатын ойындарға көңіл бөлейік.

Есте сақтау қабілетін арттыруға арналған ойындар:

1. «Есте сақтау» ойыны. Алдын – ала сурет жіберу. Оны өшіріп тастау. Сөйтіп сұрақтар қою.

2. «Сөйлем құрастыру» ойыны. Оқушыларға сөйлемдер айтамыз. Мысалы:

Ғ а ж а й ы п н ә р с е х и м и я

1 2 3 2 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 13 15

Т ұ ң ғ и ы қ с ы р ы ә р а л у а н

16 17 18 1 13 5 19 10 5 9 5 8 9 2 20 21 2 7

Ж о ғ а л ы п б і р з а т з ы м з ы я

3 22 1 2 20 5 19 23 24 9 25 2 16 25 5 14 25 5 15

Ж а ң а л а п б і р і ж а р а л ғ а н

3 2 18 2 20 2 19 23 24 9 24 3 2 9 2 20 1 2 7

I. Хлор - 12.20.22.9

II. Мыс - 14.5.10

III. Жез - 3.11.25 т.б

3.«Мен кіммін?» ойыны. а). Күкірт қышқылы туралы не білеміз?

- екі негізді қышқыл;
- оттекті қышқыл;
- күшті қышқыл ;
- сандық құрамы: екі атом сутек, бір атом күкірт, төрт атом оттек;
- сапалық құрамы: сутек, оттек, күкірт атомдарынан тұрады;
- лакмусты қызыл түске бояйды;
- II валентті қышқыл қалдығы;
- оксидтері SO_2 ; SO_3 ;
- SO_4 қышқыл қалдығы;

Ә) Жазылуым бойынша оқысаң минералмын. Егер алғашқы екі әрпінді ауыстырып оқысаң, - улы газбын. Менен өндірістің ең қажетті деген заттарын алады. Ойландаршы, сонда мен кіммін?

4.«Ертегі әлемі» ойыны. Мұғалім: Бір кездерде химия патшалығында Су ханшайым мен Күкірт алты валентті Ханзада отбасында жас сәби дүниеге келіпті. Барлығы қуанып, көптен бері өзінің артынан мұрагер болып қалатын ұлды асыға күтіп жүрді. Медбике келіп ұл деп оған көк лента таққанда бірден қызарып кетті, дүниеге қыз келгенін жанындағылардың барлығы үнсіз түсінді.

5.«Төрт құбылыс» ойыны

«су» десе қолдарын алдарына қарай созады, «ауа» дегенде жоғары көтереді, «от» десе екі қолын айналдырады, «жер» десе қолдарын түсіреді, Кім шатасса сол ойыннан шығады. Шаршағанда бір серпіліс болады. Сабак ортасында жасауға болады.

6.«Сандар» ойыны.

118	7	96
7	15	22
28	8	14

Бұл сандарды химия пәнінде 8 сыныпта «Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесі» тақырыбымен байланыстыр т.б

Тапсырма көлемі шамадан тыс көп болмауы қажет. Ол оқушы үшін анық, әрі түсінікті болу керек. Көпсөздікке бой алдырмау керек.

Әл – Фарабидің: « Ұстаздық мінез – құлық нормасы былай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені аса қаталдық шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады» - делінген. Бастысы оқу мақсатына жетелейтін тапсырмалар болуы керек. Ол үшін қажет әдістерді таңдау – мұғалімнің шығармашылығы.

Ынта немесе **қызығушылықты ояту** кезеңінде қолданатын әдістер:

1.«Тұсау кесер» әдісі. Оқушылар өтілген материалдар бойынша түрлі ақпараттар жинақтап, слайд, видео жасайды. Өздері дауыстық хабарлама арқылы дыбыстап, берілген тақырып бойынша тұсаукесер жасайды. Оқушы өзі жасаған дүниеден көп нәрсе естерінде жақсы сақталады.

2.«Сұхбаттасу» әдісі. Оқушылар түсінген материалдар бойынша сұхбат жүргізеді. Сұхбат жүргізу барысында сұрақтар дайындайды. Сұхбат барысын видеоға, аудиожазба етіп таспаласа болады. Абай атамыздың 32 – ші қара

сөзінде: «Адамға ғылым – білімді көбейтуге екі қару керек: бірі пікірлеспек, екіншісі – берік сақтау. Жапырақ та өзді – өзі сыбырласады. Ой артынан ой туар, желге мінсең жеткізбес» - деген ойымен тура келеді.

3.«Білгеніңмен бөліс» әдісі – оқушылар алған материалын достарына, ұстаздарына, ата – анасына бөліседі. Мұғалім өз білгенімен бөлісетін адам. Көрнекті педагог А.С.Выготский баланы дамыту әрекеттері оқыту барысында іске асатынын дәлелдей келіп, бала дамуының екі түрлі ортасы болатыны жайында теория ұсынды. Бірінші ортасы – айналасындағы үлкендердің әсері, қабілетінше еркін атқара алатын іс-әрекеті болса, екінші ортасы – сабақ үстіндегі әрекеті.

Мысалы: **1.8 сыныпта «Су» тақырыбынан** судың маңызы туралы өз бауырыңа әңгімелеп бер. Сыныптасыңа **судың құрамын** айтып бер.

2. Азық – түлік өнеркәсібінде күкірт (IV) оксидін қолдану туралы әңгімелендер немесе эссе жазыңыз.

9 сыныпта «Аммиак және аммоний тұздары» тақырыбынан

1. Мүсәтір майлы дақтарды жақсы кетіреді, сондықтан оның ертіндісімен газ пешін жууға болады, әрине ол кезде газды қосуға болмайды.

2. Күміс, алтын және басқа да металдардан жасалған бұйымдарды мүсәтір ертіндісіне салып жалтыратып алуға болады.

3. Бор мен мүсәтір спиртінің қоспасы никельден және күміс пен мельхиордан жасалған асқасықтарды тазалауға көмектеседі.

4. Массасы 20 г бор немесе тіс ұнтағын 1 стакан суға салып, үстіне 1 ас қасық мүсәтір құйып айнаны тазалауға болады. Қоспаны айнаның бетіне жағып, жұмсақ шүберек немесе қағазбен сүртіп тастау керек.

4 Тоңазытқыш әдісі.

Бұл әдіс үй тапсырмасын сұрағанда қолдануға ыңғайлы. Қолданылуы:

Тоңазытқыш суретін салып, бір бетіне сұрақтар жазылған көкөніс суреттері салынған парақтарды жапсырасыз. Оқушылар өз қалауы бойынша көкөніс таңдайды және сол көкөністі орысша, ағылшын тіліне аударып айтады. Артында жазулы тұрған сұраққа жауап береді.

5.«Кейс - стади» әдісі – таңдау жасау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс. Ол нақты жағдайларды **практикалық** тұрғыдан талдау мен оларды **өмірде кезігетін түрінде** қайталауға негізделеді. **Қызықты тәжірибелер жасауға, көрсетуге болады.**

1 кезең – жағдаятпен танысу, оның ерекшелігі;

2 кезең – мәселені анықтау әсер ететін факторлар мен объектілер;

3 кезең – ой – доданы ұйымдастыру үшін тұжырымдаманы, ойларды ұсыну;

4 кезең – шешім қабылдау алдындағы талдау жұмысы;

5 кезең – кейстің шешімі – бірнеше нұсқадағы шешім, шешімдерге байланысты туындайтын мәселелерді ескеруді атау. Үйде жасауға болатын қарапайым тәжірибелерге мысал келтірейік.

Тақырыбы: «Бөтелкедегі лава»

Мақсаты: Оқушыларға бөтелке ішінде лава жасауды үйрету.

Қажетті заттар: көлемі 1 литрлік пластмасса бөтелке, құйғы, үлкен қолшам, тағамдық бояғыш, өсімдік майы, көпіргіш таблетка.

Тәжірибе: Көлемі 1 литрлік таза пластмасса бөтелкеге $\frac{3}{4}$ стакан су құй. Суға азғана тағамдық бояу сеуіп, әбден шайқап араластыр. Бояу еріген соң бөтелке аузына 2-3 см жетпейтіндей етіп, өсімдік майын құйып, сұйықтар бөлініп шыққанша бірнеше минут күт. Боялған сұйықтық бөтелкенің түбінде қалады. Көпіргіш таблетканы тең екіге бөліп, қолшамды өшіріп, бөтелкенің астыңғы жағына ұстап, жарты көпіргіш таблетканы бөтелкеге тастап жібер. Болған жайды бақылау.

Қорытынды: Бөтелкенің су бөлігіне түсе салысымен таблетка ери бастайды. Бөлінген газ көпіршіктері жоғары көтеріліп, өздерімен бірге боялған су тамшыларын май қабатынан ала жөнеледі. Ауа көпіршіктері бөтелке аузына жеткен соң, тамшылар кейін қарай ағады. Себебі, олар майда ери алмайды.


Тақырыбы: Қалқыған жұмыртқа.

Мақсаты: Жұмыртқа қабығы мен сірке қышқылының арасындағы реакция нәтижесін қызықты тәжірибе арқылы көрсету.

Қажетті заттар: піскен жұмыртқа, үлкен стакан, сірке қышқылының ертіндісі (1:1 қатынаста)

Тәжірибе: Үлкен стаканға сірке қышқылын толтырып, піскен жұмыртқаны саламыз. Жұмыртқаның ыдыстың түбінен жоғарыға қарай көтеріліп, жатқанын бақыла. Ол төменге түспей ұстап ал.

Ауырпай жасалған операция, сіріңкесіз жағылған от, отсыз түтін, шақпақ қантты қалай жағуға болады?, жанартау атқылауы тақырыбындағы қызықты тәжірибелер мысал бола алады. Оқушылардың логикалық ойлау деңгейін дамыту үшін логикалық суретпен жұмыс жүргізуге де болады.



Суы бар

стаканға бір текше мұз салынды. Суреттердің

қайсысында мұздың орны дұрыс көрсетілген? Суы бар стаканға бір текше мұз салынды. Суреттердің қайсысында мұздың орны дұрыс көрсетілген?

Қазақ ғұламасы Абайдың 15 – ші қара сөзіндегі: «Жүрекке де айна керек. Күніне бір мәрте немесе аптасына тым болмаса айына өз – өзіңнен есеп ал... Көкіректе сәулесі жоқтың, көңілде сенімі жоқ» - деген сөзін кері байланыс деп түсіну керек. Сол үшін кері байланыстың сабақтағы маңызы ерекше.

Тиімді кері байланыс беру. Кері байланыстың екі анықтамасы бар:

1. Оқушыларға өздерінің оқуының қай жерде екендігін түсінуге және танымдық жағынан енді қай бағытта даму керектігін айқындауға көмектеседі.

2. Оқушы қолдана алатындай ақпараттан тұрады және өздерінің деңгейін және нені жасай алатындығына сенімділіктерін арттырады.

Кері байланыс ұсыну ережелері мыналар:

Позитив болу, бағалаушы болмау, ынталандыруға ұмтылу, сыпайы болу, тең ұстау, сәттілікке бағыттау, мадақтау, ризашылық білдіру, тыңдай білу...

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, білімдерін онлайн

жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. А. Мырзабаев Н. Түрбекова «Химиядан кластан тыс жұмыстар және танымдық ойындар»
2. Абайдың қара сөздері
3. А. Әлімов «Интербелсенді әдістерді қолдану»
4. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
5. Журнал «Химия мектепте» № 1 – 2015 ж
6. Журнал «Химия мектепте» № 1 - 4 – 2019 ж
7. «Химия» оқулығы 11 сынып
8. А. Мырзабаев «Химияның қызығы» 1963 ж
9. Интернет материалдары

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ХИМИЯ ПӘНІНЕН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУ САПАСЫНЫҢ АРТУЫНА БІҚПАЛ ЕТУ

Сабденова Айнур

Жетісай ауданы. №5А. Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында оқушылардың үнемі өзгерістерге бейім болуы мен жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды басым бағыты ретінде айқындады. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан, жаңартылған білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыртын тың бағдарлама болды. Оқытудың парадигмасы өзгерді.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Осыған орай, жаңартылған оқу бағдарламаларын сынақтан өткізіп, оқу үдерісіне сатылай енгізіп, оқу-әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсетіп, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін таратып, жаңартылған білім беру мазмұны және жаңа оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудың жаңа бағдарламалары жасалынып, жаңартылған білім беру мазмұнын сынақтан өткізу және ендіру мәселелері бойынша мұғалімдерге арналған конференциялар мен оқыту семинарлары ұйымдастырылып, педагогтардың біліктіліктері арттырылуда.

Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің функционалдық

сауаттылығы – қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделуі. Педагогтарды бұл бағытта даярлау нәтижелі жүруде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты –білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс- тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттырып, ең бастысы оқушының өзіндігінен білім алып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру болып табылады.

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты –білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс- тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттырып, ең бастысы оқушының өзіндігінен білім алып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру болып табылады.

Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ.

Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау . Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. [МАН, 70 бет] Осы орайда оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын бірден бір тәсіл критериалды бағалау болып табылады.

Оқыту мазмұнын жаңарту жұмыстары бағдарламаға сай жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылды. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздардан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін және өзін-өзі және өзгені нақты берілген критерий арқылы бағалай алатын жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір - оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша бағалау.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі-білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді. Ендігі оқу жүйесінде, оқушы өзін – өзі бағалаумен қатар, өзінің білімінің қандай деңгейде екенін анықтай алады.

Негізгі бөлім.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты - бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;
4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз: – білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы; – мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы; – ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы; – басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну

Критерий арқылы бағалаудың оқыту үшін маңызы неде?

Оқушы өзін-өзі талдау мен рефлексия жасау тәжірибесін үйренуі, оқу үдерісі ғана емес, бағалау үдерісінің де белсенді қатысушысы болуы керек. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалауға баса назар аударылады.

Критериалды жүйе арқылы бағаның қойылуы:

Оқытуда зерттеушілік іс - әрекеттердің кеңінен қолданылуы қазіргі талаптарға сай келетін жаңаша бағалау жүйесін қажет етеді.

Критериалдық бағалау жүйесі арқылы:

1. Оқушының тұлғалық бағытын белсенділікке бағыттау
2. Тұлғаны нәтижеге жеткізу
3. Өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтау
4. Қалыптастырушылық және негізгі бағалау арқылы білімін анықтауға болады.

Химияны оқытуда критериалды бағалаудың мақсаты:

1. Химияны оқыту сапасын жоғарылату
2. Оқушылардың білімін міндетті деңгейден мүмкін деңгейге жетелеу.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

1. Сабактың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтау;
2. Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
3. Жеке оқушының даму жетістігін бақылау; әділ бағалау;
4. Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындау;

Критерийдің мазмұны:

Бағалау критерийлері - оқытудың мақсатын және ара-қатысының белгісі.

Дескриптор - жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Білім сапасын бағалау жүйесінде жаңарту мәселесі:

1. Оқушы танымындағы өзгерістер мен білім саласындағы қайшылықтар
2. Әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі

Ұстанымдар негіздері:

1. Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт.
2. Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.
3. Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Қалыптастырушы бағалау - күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды; негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейді;

Кездескен қиыншылықтарын қалыпқа келтіруге оқушыға мүмкіндік береді.

Негізгі бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады; негізгі бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады. Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек. Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады. Критериалды бағалау технологиясы (1- кесте) оқушы бойындағы үрейленуді басады, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпалетеді [МАН, 55 бет].

Критерийлер

Дескрипторлар

А. Білу, түсіну	Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу
В. Қолдану	Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану
С. Талдау, жинақтау	Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру.
Д. Рефлексия	Ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбашауыну.

1-кесте. Блум таксономиясы бойынша критериалды бағалау технологиясы

Мен өз сабақтарымда критериалды бағалауды жиі қолдану негізінде, яғни сабақтың басында оқушылар нені білуі тиіс, не нәрсеге қол жеткізу керек деген мақсатпен сабақтың критерийін анықтап немесе әр оқушыға қағазға жазылған күйде сабаққа құрылған критерийлерді таратамын. Жалпы критерийлерді әрдайым өзім құрастырып қана қоймай, кейбір тақырыптарды оқушылармен бірігіп құруға дағдыландым. Ең бастысы критерийлердің сабақтың оқу мақсаттарын жүзеге асыратынын оқушыда білу керектігін көздеймін.

Сабақта да оқушылар қандай дәрежеге жеткеніне көз жеткізу қашан да тиімді. Критериалды бағалау арқылы оқушылар өздерінің алған білім көлемін шамалай алады деп ойлаймын.

Критериалды бағалауда міндетті түрде дескрипторлар құрылуы керек.

Дескрипторда оқушының жетістік деңгейінің дәл сипаттамасын және оларға берілетін ұпай санын көрсетілу керек.

Мысалы, 9-сынып химия пәнінен берілген тапсырмаларды оқушылардың орындауын критерий арқылы бағалау.

Бөлім 9.1А Электролиттік диссоциация

Оқу мақсаты 9.4.1.2 Заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру

Бағалау

критерийі

Білім алушы

Ионды және ковалентті полності заттарға мысал келтіреді

Заттардың электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екенін түсіндіреді

Ойлау дағдыларының

деңгейі Білу және түсіну

Тапсырма 1.

Кестеге иондық және коваленттік полності байланысы бар заттарға мысал келтіріңіз және оларға тән байланыс типі мен және электрөткізгіштігін көрсетіңіз:

Заттар	Байланыс түрі	Электр тоғын өткізуі немесе өткізбейді

2. Берілген заттардың химиялық байланыс түрін және электрөткізгіштігін сәйкестендіріңіз:

KCl (қатты)
HCl
Cl ₂
Al
KOH (балқыма)
C (графит)

коваленттік байланыс
иондық байланыс
металдық байланыс

электр тоғын өткізбейді
электр тоғын өткізеді

Дескриптор Білім алушы

- иондық немесе коваленттік байланыс тән заттарға нақты мысалдар келтіріп, олардың электр тоғын өткізуін немесе өткізе алмауын анықтайды;
- берілген заттардың химиялық байланыс түрін анықтап, олардың электрөткізгіштігін сәйкестендіреді

А Бөлімі

9.3А «17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (VI) топ элементтері және олардың қосылыстары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты 9.3.3.5 Аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау
 9.2.1.16 Аммиакты алуды, қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру
 9.2.1.23 Фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру
 Топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау
 Хлордың химиялық қасиеттерін сипаттау: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі
 9.2.1.24 Кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру

Бағалау критерийі *Білім алушы*
 Өнеркәсіптік масштабтарда аммиактың қолайлы шығымына ықпал ететін факторларды қолдануды дәлелдейді
 Аммиактың алынуы мен физикалық және химиялық қасиеттерін, қолданылу салаларын сипаттайды
 Фосфордың, оның қосылыстарының химиялық қасиеттерін болжайды.
 Топ бойынша галогендердің қасиеттерінің өзгеруін көрсетеді
 Хлормен әрекеттесетін затты анықтайды
 Кремнийдің жартылай өткізгіштік қасиеттері мен қолданылуын бағалайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу, түсіну
 Қолдану
 Орындау уақыты 20 минут

1. а) Аммиакты өндірісте алыну жолының реакция теңдеуін жазып, теңестір:

.....


б) Келтірілген физикалық қасиеттердің арасынан қалыпты жағдайда аммиакқа тән физикалық қасиеттің астын сыз:


- Газ/ сұйық зат
- Өткір иісті/ иіссіз
- Суда ерімейді/ суда ерігіш
- Сары жасыл түсті/ түссіз

(с) Реакция теңдеулеріндегі бос орындарға қажетті формулаларды жаз:




(d) Аммиактың қолдану салаларын жазып, схеманы толықтыр.





[4]

2. Көрсетілген схемада аммиакты өндірудің технологиясы сипатталған.



(a)


Бастапқыда ауадан алынған азот пен табиғи газдан алынған сутек газдарының қандай қатынастағы қоспасын компрессорға бағыттау тиімді? Себебін түсіндір.

(b) Қыздыру мұнарасында схемада көрсетілгендей $t = 100^\circ\text{C}$ $p = 15\text{МПа}$ және катализатор ретінде Al_2O_3 қолданылғаны дұрыс па? Жауабыңды дәлелде.

[2]

3. Ақ фосфордың ауада тотығуы жасыл түсті жарық береді. «Фосфоресценция» термині элементтің жарық шығаруын білдіргенімен, шынайы процесс - тотығу болып табылады.

Айналымдағы X және Y заттарын анықтап, оны жүзеге асыр:



X -

Y -

[3]

4. Топ бойынша жоғарыдан төмен қарай галогендердің қасиеттерінің өзгеруін (атом радиусы, тотықтырғыш қасиет – «артады» немесе «кемиді» сөздерін, агрегаттық күй – «қатты», «сұйық» немесе «газ» сөздерін) кестеге жаз.


Галогендер	Атом радиусы	Тотықтырғыш қасиеті	Агрегаттық күйі
Фтор			
Хлор			
Бром			
Йод			
Астат			



[3]

5.

(а) А және В сынауықтары екі түрлі газбен толтырылған. В сынауықтың үстіне А сынауығын төңкеріп, олардың ауыздарын түйістіріп, газдар араластырылды. Әрі қарай, газдар қоспасын спиртшамның жалынында қыздырып болғаннан кейін, сынауықтарды су құйылған ыдысқа төңкергенде, сынауықтың бойымен судың көтерілгені байқалды. Пайда болған ерітіндіге метилоранж индикаторын тамызғанда, оның түсі қызарды.



<https://kk.wikipedia.org/wiki/Галогендер>

А және В сынауықтарында қандай газдар толтырылған?

А -

В -

Газдар қоспасын спиртшамның жалынында қыздырғанда жүрген реакция теңдеуін жаз:

Ерітіндегі заттың аты қандай?

(b) Айнур X және Y сынауықтарына 2 түрлі калий галогенидтерінің ерітінділерін құйды. Содан соң, екі сынауыққа да бірдей мөлшердегі хлорлы су қосты. Осы кезде, сынауықтарағы ерітінділердің түстері қоңыр-қызылға боялды. X сынауығындағы ерітіндіге аз мөлшерде крахмал қосқанда, оның түсі қара-көкке ауысты.

Сынауықтардағы заттарды ата.

X -

Y –

Сынауықтарда жүрген реакция теңдеулерін жаз:

(c) Төменде келтірілген реакция теңдеулерінде көпнүктенің орнына қажетті заттың формуласын жазып, оны теңестір:



6.

Кремний электронды құрылғыларда қолданылады, себебі ол өте ерекше қасиетке ие элемент. Оның ең маңызды қасиеттердің бірі - жартылай өткізгіштік қасиеті. Бұл дегеніміз, кремний кейбір жағдайда электр тогын өткізгіш, ал басқа жағдайда оқшаулағыш қасиетін көрсететінін білдіреді. Кремнийдің электрөткізгіштік қасиетін допинг деп аталатын процесс арқылы өзгертуге болады. Мұндай қабілет оны электр сигналдарын күшейтетін транзисторлар жасау үшін тамаша материал етеді.

Кремнийдің бұл қасиеті электронды құрылғылар жасауда қолданудың жалғыз себебі емес.

Неліктен кремнийді электронды құрылғыларын жасауда қолдану ыңғайлы?

[1]

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Ұпай
		<i>Білім алушы</i>	
Аммиактың алынуы мен физикалық және химиялық қасиеттерін,	1 (a)	аммиактың алыну реакция теңдеуін жазып, теңестіреді	1
	(b)	аммиакқа тән физикалық қасиеттердің астын сызады	1

қолданылу салаларын сипаттайды	(c)	реакция теңдеулеріндегі бос орындарға қажетті формулаларды жазады	1
	(d)	схемаға аммиактың қолданылу салаларын жазады	1
Өнеркәсіптік масштабтарда аммиактың қолайлы шығымына ықпал ететін факторларды қолдануды дәлелдейді	2 (a)	компрессорға бағытталатын газдар қоспасының қатынасын жазып, себебін айқындайды	1
	(b)	қолайлы факторларды санамалап, жауабына дәлелдеме келтіреді	1
Фосфордың, оның қосылыстарының химиялық қасиеттерін болжайды.	3	X затын анықтайды	1
		У затын анықтайды	1
		айналымдағы реакция теңдеулерін дұрыс жүзеге асырып, оларды теңестіреді	1
Топ бойынша галогендердің қасиеттерінің өзгеруін көрсетеді	4	атом радиусының өзгеруін дұрыс жазады	1
		тотықтырғыш қасиеттің өзгеруін дұрыс жазады	1
		агрегаттық күйлерді дұрыс көрсетеді	1
Хлормен әрекеттесетін затты анықтайды	5 (a)	А және В сынауықтарындағы газдарды анықтайды	1
		газдар арасында жүрген реакция теңдеуін жазады	1
		ерітіндідегі заттың атауын дұрыс жазады	1
	(b)	X сынауығындағы затты анықтайды	1
		У сынауығындағы затты анықтайды	1
		сынауықтарда жүрген реакция теңдеулерін жазады	1
	(c)	көпнүктенің орнына қажетті заттың формуласын дұрыс жазып, реакцияны теңестіреді	1
Кремнийдің жартылай өткізгіштік қасиеттері мен қолданылуын	6	кремнийді электронды құрылғыларды жасауда қолданудың қосымша себебін	1

бағалайды		келтіреді	
Барлығы			20

3-кесте. Тапсырманы бағалау критерийі

Ұпайлар	Проценттері	Баға
8	0-54 %	«2»
11	55-71 %	«3»
14	72-88 %	«4»
15-16	89-100 %	«5»

4-кесте. Критерий ұпайларын 5 балдық бағаға ауыстыру шкаласы

Оқушы осындай аралық бақылау жұмыстарды орындай отырып, өзінің жетістігін бағалайды, қорытынды бақылауға дайындалады.

Сондай-ақ, критериялды бағалауды оқушыларды ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға дайындағанда да қолдану өте тиімді.

Себебі мұнда оқушылар кері байланыс жасау кезінде

1)ненің жақсы болғанын;

2)нені жақсарту керектігін;

3) ескерту мен көрсетуден кейін қажетті түзетулер енгізу керектігін білу мүмкіндігіне ие болады.

(5-кесте).

Жетістік деңгейі	Таныстырылымы	Түсінуі	Дәлелдемесі
«Үлгілі»	Анық әрі толық зерттеу үшін нақты сұрақтар қояды. Жүйелі баяндайды.	Толық түсініктеме берілді. Дәлелдеме құру үшін ақпараттар кең пайдаланды.	Дәлелдемелері жеткілікті, нақты әрі сенімді тұжырымдады.
«Дәлме-дәл»	Зерттеуі ішінара анық, толықтыру қажет. Зерттеу үшін негізгі сұрақтар қойылды.	Ұсынылған зерттеуі іші-нара түсінікті. Дәлелде-мелеріне қолданған дерек-көздерін толықтыру қажет.	Дәлелдемелері қажетті, ратсауды қажет етеді.
«Түзетуді қажет етеді»	Зерттеуі көмескі. Тексерілмеген сұрақтар қояды.	Алынған мәліметтер қолдануға сай келмейді. түсінуі әлсіз.	Зерттеуі қажетті, растаулары әлсіз.

5-кесте. Зерттеу жұмыстарын бағалау үшін рубрика

Жоспарлы сабақтарға критерий құра отырып, берілген критерийлер арқылы мен оқушыларымның өзін-өзі бағалауда, бірін-бірі бағалауда олардың сабаққа деген ынтасының, өзіндік ойы, пікірі қалыптасқанын, есте сақтау қабілеттерінің, пайымдау, ажырату, жаңа бір ой түйю, бір-бірінің, мұғалімнің алдында жауапкершіліктері артқанын аңғардым. Оқушыларды бағалауда

әділдік пайда болды, берілген критерийлер бойынша неге қол жеткізгендерін, нені білу қажет екендіктерін біліп отырды. Критериалды бағалау арқылы оқушылар өз деңгейлерін анықтай алды. Бұл олардың білім деңгейлерін көтеруіне ықпалын тигізді. Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудың тиімділігі, бұрын тақтаға шығып, сабақ айтуға ұялатын оқушылар өздерін еркін ұстай бастады, сабаққа деген ынтасы артты, сенімділік пайда болды және олар бір-біріне көмектесе отырып және олар бір-бірін бағалау арқылы әділ баға қоя бастады.

Қорытынды.

«Тұжырым жасай білген адам, алдына мақсат та қоя біледі» деген екен белгілі шығыс ойшылы. Олай болса, бағалауға деген көзқарасымызды өзгертсек, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп, оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттасак, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге жеткізу, ал оқушыларымыз әр сабақта белгілі бір нәтижеге жету барысында еңбектенсе, оқушы да, мұғалім де өз еңбектерінің табысын көре алады деп ойлаймын.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын ала ұсынылған бағалау шкаласының ұсынылуы, оның анық айқындылығы, бағаның әділ қойылуы, өзін бағалауға мүмкіндіктердің берілуі. Критерий оқыған бағдарламаға сай алынады. Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады. Критериалды бағалау жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұсқаулық (II- негізгі деңгейге арналған) www.cpm.kz
2. Блум таксономиясын оқу үрдісінде пайдалану әдістемесі. Әдістемелік құрал, Орал қаласы 2013ж
3. Жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іскерлік сапалары Қазақстан мектебі журналы, №9 2011ж, 24-бет
4. Педагогикалық альманах журналы. №3, 2016жыл 53-бет, Оразаева З.Н;
5. Карманова К.М. «Қалыптастырушы бағалаудың оқуға ықпалы »
6. <http://zkoipk.kz/kz/2015smart1/1510-conf.html>
7. https://infourok.ru/matematika__sabaktarynda_kriterialdy_baalaudy__Oldanu

ОН-ЛАЙН ОҚЫТУ САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Алипбаева Нагима Наматжановна

Әлемдік білім-ғылым кеңістігінде қашықтықтан оқыту жүйесі қарқынды түрде дамып келеді. Қашықтықтан оқыту жүйесі – қазіргі таңда оқу-ағарту саласында білім алушының өзін-өзі өсіру мен тұлға ретінде дамытуға мүмкіндік беретін сала. Қашықтықтан оқыту жүйесі басты екі сала бойынша жүзеге асырылады. Онлайн және оффлайн жүйелері бойынша оқу бағыты ұйымдастырылады. Енді осы екі оқу жүйесінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталсақ. «Онлайн» термині ағылшын тілінің «to be on line» – желіде болу деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан[2,б.52]. Бұл термин ғаламтор жоқ кезде-ақ, яғни компьютер коммутаторлық телефонмен немесе желілік модем қосылатын уақытта пайда болған. Бұндай электронды (BBS) тақтаға осылайша қосылып, өздеріне жіберілген хабарламаны оқып, оған жауап беретін және пікір алмасатын еді. Байланыс үзілген жағдайда (BBS) тақтасын пайдаланушылар оффлайн жағдайына ауысатын. «Онлайн» термині барлық жағдайда екіжақтың тікелей байланысуы, пайдаланушылардың ғаламторда ашық қарым-қатынасқа түсуі болып табылады, ал оффлайнда бұндай мүмкіндік жоқ. «Оффлайн» термині де ағылшындардың «off line» сөзінен шыққан, мағынасы желіден үзілген, автономды деген мағынаны білдіреді.

Дәстүрлі білім берудің формасы - оффлайн білім беру. Яғни мұғалім мен оқушының тікелей қарым-қатынасы, сондай-ақ кел келген уақытта сұрақтарын қоя алатын. Онлайн білім беру формасы. Мұғалім мен оқушы немесе түсіндіруші мен тыңдаушы арасында тікелей қарым-қатынас болмағанымен бір-біріне сұрақ қою мен эмоциясын сезіну мүмкіндігі.

Ал қазіргі жаңа оқу жылында білім беру мекемелері қолданып жүрген формат – қашықтан білім беру. Қашықтан білім беру форматы бірнеше түрге бөлінеді. Теледидар немесе түрлі платформаларда алдын ала дайындалған сабақтар. Яғни мұнда сабақтар тақырыбы оқушысы жоқ аудиторияда түсіндіріліп, түсіріледі. Содан кейін ғана ол сабақтар теледидардан не белгілі бір сайттан көрсетіледі. Ары қарай оқушы осы бойынша берілген тапсырмаларды орындауы қажет. Яғни бұл алдын ала дайындалған контент.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Зерттей келетін болсам, онлайн оқыту жүйесі тікелей бүгінгі таңдағыдай сұарынысқа ие болмаса да, оны біз он шақты жылдар шамасында қолданып келе жатырмыз. Өйткені, оффлайн білім алу кезінде де электронды почтаны, ғаламторлық сайттарды, электронды журналды қолдана бастаған едік. Ал, енді пандемия кезінде жаппай әлем онлайн режимге көшкенде ғана біз толыққанды онлайн білім беру жүйесін сезіне бастадық. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші — адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс.

Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. «Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде.

Білім берудің сапасына келетін болсақ, сапасы да жоғарыдан төмен түсіп отырады. Оффлайн білім берудің сапасы онлайн білімнің сапасынан әлдеқайда жоғары. Ал онлайнның өзі қашықтан білім беруден жақсы. Ең төменгі саты - қашықтан білім беру. Десек те онлайн білім беруге мүмкіндік болмады. Оған интернеттің жылдамдығының болмауы мен халықтың ақпараттық сауаттылығы әсер етті.

Дәстүрлі білім беруде бізге аудитория, тақта, парта және басқа да жабдықтар қажет еді. Ал, дәл қазіргі қашықтан не онлайн білім беруге бізге не керек? 2-3 дүние ғана. Камерасы бар компьютер, жылдам интернет, планшет және смартфондар. Қабат-қабат мекемені тұрғызып не болмаса оны жалдаудың қажеті жоқ. Үйдің бір бөлмесінде мектепті қалыптастыруға толыққанды мүмкіндік бар. Тіпті үйдің бір бөлмесінде отырып, Гарвардтың білімін алуға да мүмкіндік бар. Яғни бізге қажетті жабдықтардың экономикалық мүмкіндігі әлдеқайда азаяды. Сонымен қатар онлайн оқыту кезінде сабақты қызықты етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал, білім алушы үшін екі ғана дүние керек. Оларға телефон және интернет болса жеткілікті. Байқағандарыңыздай, мұғалімге үш дүние керек болса, оқушыға тек екеуі ғана. Тіпті ноутбук та керек емес. Телефон арқылы өзіне қажетті білімді ала алады.

Қазір онлайн білім беру - әлемдік тренд. Қазіргі таңда көптеген онлайн білім алудың тиімді платформалары мен мобильды қосымшалары бар. Онлайн білім берудегі бірнеше тәжірибеде қолданысқа ие болып жүрген бағдарламалар:

1. **Zoom.** Оның тегін нұсқасы және ақылы нұсқалары бар. Тегін нұсқасында қолдану уақыты шектеулі. Әр 40 минут сайын эфир үзіліп отырады. Ал ақылы бөлімінде уақыт пен қолданушы санына шектеу жоқ.
2. **Skype.** Бұл желіде бір уақытта ондаған, жүздеген адам қосыла алатын жүйелері бар. Сондай-ақ, конференция құру мүмкіндігі де қарастырылған.
3. **Google Times** сияқты платформалармен де жұмыс істеуге болады.
4. **Әлеуметтік желілер** (Instagram, Telegram, Youtube, Facebook, V Kontakte).
5. **Daryn.online**- республикамыздағы жастар ресурсын әлеуметтік жағдайы мен қашықтыққа қарамай сапалы біліммен қамтамасыз ететін платформа. Әрбір тақырып 5 минуттық видеода түсіндіріледі. Видео соңында тақырыпты бекіту үшін тест сұрақтары қойылады.

6.Kundelik.kz – электронды журнал платформасы. Бірақ, бұл платформаның қағаз журналынан артықшылығы мен мүмкіндігі зор. «Ұстаз-оқушы-ата-ана» үштігі тиімді ұйымдастырылған. Егер де мектепте көпбалалы отбасылардың төрт, бес немесе одан көп оқитын балалардың ата-анасын дұрыс байланыстырса, бір мезетте барлық балаларының күнделігін көре алады және ұстаздармен қарым-қатынас орната алады. Сонымен қатар, мобильді құрылғысын өз смартфондарына жүктеп алса, баласының қайда және қандай баға алып отырғанын бақылай алады.

Әр мектеп және ұстаздар өздеріне ыңғайлы білім беру платформаларын таңдап алған. Ал, енді өзімнің тәжірибемде қолданып жүрген бір екі мобильді қосымшалардың артықшылығы мен ерекшеліктерімен таныстырып өтсем.

1.LiveBoard - бұл топтық және жеке оқыту, оқыту және ынтымақтастық үшін мобильді құрылғыларға (Android, iOS) арналған қолдануға ыңғайлы мобильді қосымша. Нақты уақыттағы интерактивті тақтаны тиімді STEM (жаратылыстану ғылымдары, технологиялар, инженерия, математика) және тілдерді оқыту үшін пайдаланыңыз. Сіз сондай-ақ фотосуреттерді жүктей аласыз, жазбалар жасай аласыз, контактілеріңізге одан әрі жіберу үшін жазбалар қалдыра аласыз.

Ұсыныстың артықшылықтарының бірі, онлайн трансляциядан басқа, қайта өңдеу мүмкіндігі. Бұл дегеніміз, сіз өзіңіздің барлық әрекеттеріңізді қадағалай отырып, ескі жазбаларды біртіндеп қайтып, өңдей аласыз.

- Шексіз кеңестер
- Қатысушылардың саны шектеусіз
- Қатынасты басқару
- Топты басқару
- 100 МБ бұлтты сақтау орны

2.AZ Screen Recorder - мобильді құрылғының экранынан бейне түсіруге арналған ең жақсы утилитта. Ол Root құқықтарын қажет етпейді, жарнамасыз немесе уақыт шектеулері жоқ және жазуды бір қадамда бастауды немесе тоқтатуды жеңілдетеді.

AZ Screen Recorder-тың негізгі ерекшеліктері:

- ✓ Толық HD және QHD бейне жазбасы;
- ✓ Экрандағы бейнені жазу үшін ажыратымдылықты таңдау;
- ✓ Жазу кезінде кідірту;
- ✓ Микрофоннан дыбыстық жазу;
- ✓ Видеода кликтер мен басқа ақпараттарды көрсету;
- ✓ Жазуға арналған таймерді орнату;
- ✓ Бейнеге өзіңіздің мәтініңіз бен кескіндеріңізді қосыңыз;
- ✓ Жазылған бейнені SD картасына сақтау мүмкіндігі;
- ✓ Бейне жылдамдығын таңдау.

AZ Screen Recorder қолмен немесе бастапқы параметрлерді қамтымайды, дегенмен экранға қол жетімділікті қамтамасыз ету қажет болады. Қосымшаның сілтемесін басқаннан кейін бірден экранның кез келген жағына бекітілетін батырма ашылады.

Оны басу арқылы скриншот алуға, бейне түсіруге, кіріктірілген галереяға кіруге, батырманы жасыруға және сәйкесінше қосымшаның өзін жабуға мүмкіндік беретін мәзір іске қосылады

Айтпақшы, параметрлерде дөңгелек пен панель арасындағы батырманың түрін таңдауға болады. Бірден айта кету керек, бұл батырма әлдеқайда ыңғайлы. Ол көп орын алмайды және экранның шетіне «тартылады», ал үлкен панель көрініске кедергі жасайды.

Сонымен қатар, жазуды күй жолағындағы панель арқылы басқаруға болады. Онда AZ Screen Recorder қосымшасын басқаруға мүмкіндік беретін функционалды батырмалар бар.

Қазіргі заманда адам өмірін жеңілдететін жаңа теориялар мен бейімделулер көптеп пайда болып жатыр. Қазақстанда қашықтықтан оқыту — бұл жаңалық емес. Қашықтықтан білім беруге білім реформасы ұзақ уақыт дайындалып келеді. Оқушыға да, ұстазға да уақытты үнемдеуге көмектесетін бұл жүйенің ерекшеліктері мен кемшіліктеріне тоқталуға болады. Мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың пікірлері білім берудің бұл формасында өзін-өзі тәрбиелеудің үлкен рөл атқаратындығын білдіретін ортақ ойға келді. Мысалы, қашықтықтан оқу басталғалы жауапкершілігі мықты шәкірттердің, сыныптардың білім сапасы жақсара бастаған. Сонымен қатар ұстаздардың бақылауынан, оқушылардың көзқарасынан қысылатын кейбір балалардың қашықтықтан оқыту кезінде сабақ үлгерімі ілгерілегенін де байқадым. Ауылдық жерлерде көп оқушылар сыныптастарынан қысылып, ойын еркін жеткізе алмайды. Онлайн білім алу барысында ондай оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін артқандығын сездім. Себебі, ол көп нәрсеге көңіл аудармай сабақ процесімен ғана әуре болады. Түрлі сылтаулармен сабақтан қалатын оқушылар да қашықтықтан оқыту кезінде еріксіз сабақ оқи бастағаны айқын. Оқушылар ауырып қалған жағдайда да смартфон, компьютерін қосып түрлі тапсырмаларды орындай беруіне ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан, қашықтықтан оқыту оқушының ұзақ уақыт ауырып қалған кезінде де немесе мектепке бара алмау жағдайында да жалпы оқушылар арасында қалып, мектеп бағдарламасымен оқуға көмектеседі. Сонымен онлайн оқытудың тиімді жақтарын санамалап көрейік:

1. Оқуға дайындалу, тапсырманы орындау уақытын оқушы өзі белгілейді.
2. Еркіндік пен шығармашылық ойлау дами бастайды. Оқушы өзін қаншалықты дамытқысы келседе, креативті ойларын жүзеге асырса да ешкім кедергі емес.
3. Қол жетімділік – оқушы үйде отырғанымен оған барлық нәрсе қол жетімді. Көрнекілік, қажетті құралдар т.б. Тек өзінің тәуелсіздігін тиімді пайдалана білгені дұрыс.
4. Ұтқырлық — мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру оқу процесінің табысты болуының негізгі талаптарының бірі болып табылады.
5. Технологиялық тиімділік — оқу үрдісінде оқушы мен ұстаз ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану.

6. Әлеуметтік теңдік — білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулығының жай-күйіне, элита мен материалдық қауіпсіздігіне қарамастан бірдей білім алу мүмкіндігі бар.

7. Шығармашылық — оқушының шығармашылық ойын дамытуға, жетілдіруге қолайлы жағдай.

Қорыта келгенде заман талабына сай білім беру, үнемі жаңалықтан құр қалмау, дамыған елдердің ізімен ілгерілеп отыру міндет болып табылады. Қазақстанның технологиясы озық елдерден көш бойы қалып қоймау саясатының оң нәтижесі де жетерлік. Соның бірі төтенше жағдай кезінде қашықтықтан оқытуды ақпараттық құралдар арқылы игеріп теледидар, интернет, түрлі бағдарламалар арқылы іске асыруы болды. Болашақ ұрпақ үшін жасалған дұрыс қадамдардың бірі деуге толық негіз бар.

Мұғалімдерге кеңес берер едім:

- Көп ізденіп, үйренулері керек;
- Жаңа бағдарламаларды қолдануды үйрену қажет.
- Он-лайн білім беру платформаны қолдануды кеңейту қажет.

Онлайн білім беру кезінде «шегінетін жол» жоқ. Қаласақ та, қаламасақ та осы бағытқа көшеміз. Жоғарыда айтқандай бәсекелес дәуірде кез келген ұстаз бір-бірімен бәсекелес бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Черемисин А.Г. [Интернетті дамыту — ақпараттық қоғамдағы білім] Білім берудегі инновациялар.-2005. -№5. –П.36-40.
2. [Zoom Video Communications Википедия ашық энциклопедиясы]
3. Соловьева Т.А. [Болашақ мұғалімдердің пәнді дайындаудағы қашықтықтан оқыту технологиясы]
4. Интернет желісі
5. <http://liveboard.online/>
6. <http://az-screenrecorder.online/>
7. www.kundelik.kz
8. www.daryn.online.kz

ОНЛАЙН ОҚЫТУ: САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУ ЖОЛДАРЫ

Халдарова Улжалғас Ильясбаевна

Сарыағаш қаласы №60 жалпы орта білім беретін мектебі

ulzhalgas1984@inbox.ru

Онлайн оқыту-бұл білім беру саласында жаңа өзгерістердің ғаламдық бетбұрысы. Қазіргі таңда әлемнің озық елдері бұл жүйені тұрақты түрде енгізіп, еш қиындықсыз игеріп әкеткен. Жалпы, соңғы жылда орын алған карантиндік шаралар негізінде біздің елдің білімі де дәстүрлі бағытын өзгертіп, инновациялық технологияларды қолдануға қадам басты.

Жалпы, түрлі дәріс видеолары, 90-шы жылдардың басында ғаламтор желісіне жүктелген болатын, алайда ол тек араға 20 жыл уақыт салып танымал бола бастады. Сол кезде Coursera, Udacity және Udemy сияқты компаниялар

ақшаны тартуға және өз курстарын жаппай және тегін және ақылы пайдалануға қол жеткізе алды. Содан бері, онлайн курстар тек білім алуға және онлайн емтихандардан өтуге ғана емес, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы тікелей байланыс арнасына айналды.

Онлайн оқуды әлемнің озық елдері пандемиядан бұрын, ертерек бастап кеткен болатын. Мәселен, 2015 жылы Оңтүстік Корея үкіметі қағаз түріндегі оқулықтардан толығымен бас тартты. Білім департаменті мектептерді өзгертетін жаңа сандық революцияға дайындалып жатқандығын хабарлады. Дәл осындай сандық революция әлемде бірінші зияткерлік ұлтты құруды мақсат тұтқан Сингапурға да қатысты. [1]

Дамыған Европа мемлекеттерінде қашықтан оқыту телеграф, пошта сервистері пайда болған XVIII ғасырдан бері қолданылып келген. Студенттер оқытушы тапсырмасын пошта арқылы алып, ғылыми жоба негізінде жазып тапсыратын болған. Әрине, ол кезде көшіретін интернет сайттар жоқ, кітапханаға барып, ізденіп жазып, пошта арқылы қайтадан жіберілетін болған. XX ғасырдан бастап, көптеген шетелдік жоғары оқу орындары қашықтан оқыту тәсілдерін іске қосып, тіпті, телеарналар мен радиолардың пайда болуы да бұл форматтың жандануына үлес қосқан. Ұлыбритания алғаш рет қашықтан оқытатын алып университет есіктерін ашты. Жаңа технологияның қарқынды дамуы қашықтан оқытуға үлкен серпін берді. Ендеше қазіргі адамзат басындағы ахуал біз үшін соншалықты жат дүние болмауы тиіс деп ойлаймын. [2]

2019-2020 оқу жылында біздің ел де төтеннен келген жұқпалы дерт әсерінен қашықтан білім алуға көшті. Бұдан бұрын қашықтан оқу әдісі қолданылмағандықтан, басында ұстаздардың да, оқушылардың да бойында қорқыныш сезімі болғаны жасырын емес. Осыған орай, бастапқыда күмәнмен қараушылар қатары да көп болды. Бірақ, «Көз-қорқақ, қол-батыр» демекші, қашықтан оқуға бар күш-жігерімізді сарқып, білек сыбана кірісіп кеттік. Әрине, бас кезінде қиындықтар мен кедергілер болғаны рас. Десек те, жаңа тәсілге көшуге педагогтар да, оқушылар да дайын болып шықты. Бұл ретте ең бастысы-компьютерлік сауаттылық, гаджеттерді ұтымды пайдалану екені мәлім. Ал, қазіргі заманда ұялы телефонды еркін меңгерген жастар, сауатты ұстаздар жаңашылдықты бірден іліп алып кетті.

Статистика бойынша Қазақстан халқының 70 пайыздан астамына интернет қол жетімді. Сарапшылардың пікірінше, елдегі интернет желісінің жылдамдығын тұтастай алғанда халықтың қажеттіліктерін қанағаттандырады, ал оның бағасы әлемдегі ең төмен көрсеткіштердің бірі болып табылады. [1]

Пандемия қарсаңында түрлі платформалар іске қосылып, оқытушылар мен оқушылардың жаңа жүйеге бет бұруына негіз болды. Білім министрлігінің арнайы ақпаратына сүйенсек, бүгінгі таңда «BilimLand» платформасында 42 пәннен 5 700 сабақ пен 140 мыңнан астам тапсырма әзірленген. Компания мәліметінше, күн сайын 1,5 млн бірегей қолданушы кіріп, ондағы мәліметтер 30 млн рет қаралады. 3500 мектеппен платформаны пайдалану туралы келісімшарт жасалған.

Одан бөлек «Daryn.Online» платформасына 2,7 млн астам оқушы мен 200 мұғалім тіркелген. Күн сайын 700 мыңнан астам оқушыға білім алуға мүмкіндік

жасалған. Күніне 60-тан астам арнайы бейнесабақтар түсіріліп, оқушыларға республикалық физика-математика және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, сондай-ақ орта мектептердің үздік мұғалімдері сабақ берді. Офлайн сабақтарға арналған мобильді қосымшасы да бар.

ZOOM платформасы арқылы оқушылар мен ұстаздарға өзара ақпарат алмасып, тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік туды. Біз қазір де аталмыш қосымша көмегімен сабақ өткізіп келеміз. Химия пәнінің ұстазы ретінде, оның артықшылықтарына да тоқталып өтсем деймін. Мен ZOOM платформасы арқылы білім беру барысында алдын ала - қызықты таныстырылым дайындап, оны конференция барысында көрсетемін. Әсіресе, формула жаттау барысында, оны жазу, қатемен жұмыс, теңестіру тәрізді жұмыстардың бәрі жазбаша түрде экранда көрсетілетіндіктен, балалардың есте сақтау қабілеті жылдам дамып, тез меңгеруге ықпал етеді.

Онлайн білім беру жүйесінде жоғарыда аталған платформалар көмегімен сабақты үнемі түрлендіріп, қызықты әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Бжб, ТЖБ үшін Google тіркемесін қолдана отырып тест тапсырмаларын жүргізетін болсам, сабақты қорытындылау үшін Edu Mark қосымшасын пайдалануды жөн көремін. Жалпы, бұл жүйенің де оңтайлы тұстары өте көп. Әсіресе, сан алуан көрнекілікті сабақ барысында тиімді қолдануға мүмкіндік зор. Бейне, аудио және жазбаша құжаттар еш қиындықсыз жүктеліп, тез арада оқушыларға қол жетімді болады. Бейнесабақта химиялық формулалар арқылы есептеу тәсілдері түгел айтылып, көрсетіліп отырылады. Бейнесабақтың артықшылығы сонда, оқушы оны қалаған уақытында қарап, түсінбеген жерлерін қайталап көруіне мүмкіндігі бар.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов те өзінің бір сөзінде әрбір мектеп сабақ өткізу үдерісінде қандай платформаны қолданатынын өзі шешетінін айтқан болатын. Бұл ретте білім басшысының сөзінше, бізде қашықтан оқыту жүргізілетін бірнеше интернет-платформа бар. Біріншіден, ол – Kundelik.kz. Оқушылардың, балалардың және ата-аналардың басым көпшілігі бұл жүйені біледі. Екінші платформа – Bilimland.kz. Үшіншісі – Daryn.online және басқа жүйелер. Бірақ, негізінен, білім саласында осы платформалар қолданылатын болады. Аталған интернет-платформалар барлық ғылымдар мен пәндер бойынша қажетті білімді алуға мүмкіндік береді.

Қашықтан білім беру барысында ұстазға жүктелетін міндет орасан зор. Сол себепті, мен «Қызықты химия», «Бір ауыз сөз», «Дұрыс емес фото», «Жылдам фото» тәрізді оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері көмегімен балалардың оқуға деген ынталарын арттырып, барынша сапалы білім беруді көздеймін.

Оқушылар үшін оқу материалдарының түрлі-түсті бояуда берілуі, графика мен мультипликациялық материалдар үлкен қызығушылық тудырады. Мысалы, өз сабағымдағы қолданған әдіс - тәсілдерге тоқталатын болсам, сутек атомының электрондық формуласы $1s^1$ құрылысының қалай жазылғанын және сутек молекуласындағы байланыстың түзілуін және атомдар арасында тартылыс және тебілу күштері пайда болатынын компьютерде анимация арқылы көрсеткенім балалар үшін өте қызық болды.

Сонымен қатар, «d-элементтердің жалпы сипаттамасы» тақырыбы бойынша үй тапсырмасын сұрау үшін өткен тақырыппен байланыс орнатуды

«Тез жауап» әдісін экранға шығару арқылы жүзеге асырдым.

Сабақты қорытындылау кезеңінде көбіне «Реакцияны жалғастыр» әдісін тиімді қолданамын. Игерілген білім негізінде жеңіл есептерді оқушылар тез-тез жазуы тиіс. Бұл жылдамдық қабілетін дамытып қана қоймай, формулалар, таңбаларды ойға түюге ықпал етіп, есте сақтау қабілетін дамытады.

Оқушылардың химия пәніне деген қызығуын арттыру, өз – өзіне деген сенімін күшейтіп, таным қабілетін дамыту үшін жаңа инновациялық технологияның маңызы зор. Химия сабақтарында үнемі жаңа технологиялық әдістерді қолданып, сабақты тартымды, есте қалатындай етіп түрлендіріп отырамын.

Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді.

Негізгі ережесі:

- 1.Адамдардың арасындағы қатынас өмірдің басты қажеттілігі екенін мойындау.
- 2.Барлық оқушыға тең мүмкіндіктер жасау.
- 3.Әлеуметтік – психологиялық кезеңдерде тиімді әдіске топтың даяр болуы.
- 4.Топпен жұмыс істей білу, шешім қабылдай алу.

Бұның балалардың сабақты жақсы қабылдап, оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруіне тигізер игі ықпалы мол. Ал қашықтан оқуға көшу сабақта көрнекі құралдарды барынша көп пайдалануға мүмкіндік берді. Бұл тәсілдер шәкірттеріміздің көңілінен шығып, өз нәтижесін беруде. Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің түлеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан болатын. Оқушылармен орнатылған кері байланыс, пән мұғалімі мен тәрбиеленуші арасындағы ынтымақтастықты арттырып, бір бағытта бағдарлауға жағдай жасайды.

Сонымен қатар онлайн сабақ барысында оқушы жырақта болса да, өзіне қажетті білім ресурстарын пайдаланып, оқытушымен тікелей байланыса алады. Оқу барысында түсінбеген сабақтың тұстарына, мазмұнына қатысты сұрақтарын сол сәтте-ақ қойып, сабаққа қатысты туындаған өзекті мәселелерді мұғаліммен, сыныптастарымен бірлесе отырып шеше алады.

Әрине, кез-келген жаңа істің өзіндік қиындықтары болады. Сол секілді, онлайн оқытудың дәстүрлі оқудан бірқатар айырмашылықтары да жоқ емес. Мәселен, білім алушы өзі жеке дара оқи алады, яғни тек ұстаздың көмегіне ғана жүгініп қоймай өзі ізденуге, жекелеген және жалпы пәндерден білім алуға дағдыланады. Оқушы өзінің білімін тереңдете отырып, өзін-өзі өсіру, жеке тұлға ретінде дамыту мүмкіндігіне қол жеткізе алады. Қашықтықтан білім алу үрдісі бір жыл көлемінде ғана қамтылғанымен, оқушылар да, мұғалімдер де жаңа тәсілді жақсы меңгеріп, оның тиімді тұстарын пайдалана бастады.

Онлайн оқытудың басты ерекшеліктері:

- 1) оқытудың онлайн форматы,
- 2) оқудың тікелей тәжірибеге бағытталуы,
- 3) өзіндік ізденіске жетелейтін кеңес-бағдар беруі болып табылады.

Білім беру саласында енгізілген тың өзгерістен әр адам өзіне қажетін

алуы тиіс. Ұстаздар қауымы өз біліктіліктерін жетілдіріп, заман ағымына орай, инновациялық технологияның тілін еркін меңгеруі қажет. Оқушылар болса, өз кезегінде мұғалімнің басшылығынсыз-ақ, ұстаздарына иек артпай өздігінен білім алуға талпынулары тиіс. Сабақты жақсы баға алу мақсатында емес, бойға құю саналы түрде жүзеге асырылатын болса, өз жемісін бермек. Ал, ата-аналар тарапына, өз балаларының қай пәнге деген икемдерінің барын аңғарып, болашағын бағдарлауына үлкен мүмкіндік туды. Сол себепті, «Әр істің қайыры бар», демекші, онлайн оқудың да артықшылықтарын жақсы жағынан аңғарып, қажетті тұстарын иемденуіміз қажет.

Онлайн оқытудың тағы бір артықшылығы, қағазбастылықтан арылу. Яғни, барлық ақпарат сандық негізде жүргізілетіндігі. Бұл өз кезегінде ұстаздардың да жұмысын біршама жеңілдетуге септігін тигізбек.

Бүгінгі таңда заманауи технологияларды меңгеру мақсатында ұстаздар үшін арнайы курстар, дәрістер, оқу бағдарламалары үнемі ұйымдастырылып, жетілдіріліп отырады. Педагогтардың біліктіліктерін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп, бар жағдай жасалған. Онлайн оқу жүйесі енгізілетін кезде де, біз алдын-ала жұмыстар тізбегімен танысып, жан-жақты ақпарат алып отырдық. Мектеп әкімшілігі, білім беру бөлімі тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп, білім министрлігінің бізге берген нұсқаулықтарын бір кісіше еркін меңгеріп кеттік.

Жалпы, арнайы статистикаға сүйенер болсақ, 2020-2021 оқу жылында 3,3 миллион оқушы білім алуға кірісті. Олардың 2,6 миллионы қашықтықтан оқитын балалар. Алғашқыдай емес, ұстаздардың да, оқушылардың да бойында қорқыныш сезімі сейіліп, ата-аналар тарапы да оқу үрдісін меңгеріп алған. Өткен жылмен салыстырып қарағанда айырмашылық бірден байқалады. Арнайы платформаларды пайдалану барысы, үй тапсырмасын жылдам орындау, жаңа тақырыпты меңгеру едәуір жақсарған. Алдағы уақытта да онлайн арқылы білім жалғасатын болса, орын алған олқылықтар мүлдем жойылып, қоғам бұл жүйені қалыпты қабылдайтын болады.

Онлайн білім беруді қызықты ұйымдастыру- ұстаздың алдында тұрған үлкен міндеті. Сабақты түрлендіре отыра әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану арқылы мұғалім өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқармақ.

Жалпы, онлайн оқу болсын, дәстүрлі оқу болсын, ең бастысы сапалы болуы шарт. Ел болашағы жастар қолында. Мемлекеттің мерейін үстем ететін білімді азаматтар мектеп қабырғасында тәрбиеленіп шығады. Озық елдермен тереземізді теңестіретін жігерлі жастарды тәрбиелеу үшін, ұстаз ретінде бойымдағы бар білімді оқушы бойына дарытуды басты мақсатым деп білемін. «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет», -деп Шоқан Уәлиханов атамыз айтып кеткендей, сапалы білімді, саналы ұрпақтарымыз көп болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://egemen.kz/article/239502-onlayn-oqu-onhtayly-ma>© egemen.kz
2. [https://massaget.kz/blogs/26385/\[2\]](https://massaget.kz/blogs/26385/[2])
3. «Химия» қайталауға арналған оқу құралы Ш.Медетов, А.Н.Аширова Астана 2016ж.

Үштілділік-білім беру мазмұнын жаңғыртудың негізгі факторларының бірі

Абишова Жангул

**№2.Қ.Сәтбаев атындағы мектеп – гимназиясы
Түркістан облысы. Созақ ауданы. Құмкент ауылы.
Электронды почта abishova_2015 mail.ru**

Тіл–қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді.

Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Қадыр ақын айтқан «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» қағидасы бүгінгі қоғамның талабы.

Үштілдік туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз» десе, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үштілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын.

Қоғамның бүгінгі әлеуметтік тапсырысы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлде қайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету; сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауында “Тілдердің үштұғырлығы” мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үштілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсеткен. Қазіргі таңда келешек ұрпақты интеллектуалды тұлға етіп дамыту, көптілді меңгерту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесі. Осы орайда үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) бірдей оқытуды білдіретін көптілді оқыту бағдарламасының бірегейлігін атап өту керек. Кез-келген қоғамда азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеудің негізгі факторлары өз елінің тіліне деген құрмет болып табылады. Бала тілді неғұрлым ерте жастан үйренсе, соғұрлым ол оны жеңіл меңгереді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңартуға сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін дамытуға және терең білім беруге, соның ішінде тілді үйрету мүмкіндіктерін кеңейтуге ерекше назар аударылады. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Қатынас» білім беру саласында

мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің алдына қойылған міндет - тілдің негізгі құндылықтарын меңгерген, ана тілінде және өзге тілде әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасқа дайын, сөздік және сөздік емес құралдардың көмегімен қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға қабілетті көпмәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Сонымен, әр білім беретін, балаларды тәрбиелейтін мекеменің басты міндеті - Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу болуы тиіс. Қазақстан кеңістігіндегі үштілділік бұл өтпелі кезеңнің талабы болып отыр. Егер осы үштілділік тиімді жұмыс істесін, үштілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда үштілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған екі тіл сол мемлекеттік тілмен таласпай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет етуде құрал ретінде пайдаланылуы керек. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта елімізде тіл саясаты мемлекеттің елбасы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда. Елбасы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында тіл саясатына, оның ішінде қоғамдағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мәселесіне тоқталмай өткен емес. Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деген болатын.

Қоғамның бүгінгі әлеуметтік тапсырысы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету; сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Қазіргі таңда келешек ұрпақты интеллектуалды тұлға етіп дамыту, көптілді меңгерту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр. Ағылшын тілінде химия пәнін оқытудың себебі шетел тіліндегі сөйлеудің пәндік мазмұны басқа білім салаларынан алынатын мағлұматтарға сүйенеді. Пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың білімдік әрекеттік нәтижесі оқушылардың универсалды сипаттағы білімдерін кеңейтуде, шет тілдік қарым-қатынастың пәндік мазмұндық аспектісін байытуда, оқу мотивациясын арттыруда, жеке тұлғаны және оның білім алу мен өзін-өзі жетілдіруін дамытуда көрінеді.

Білім беру саласында пәндерді кіріктіре оқыту тәсілі Қазақстан мектептерінде қолданысқа енгізіп жатыр. Бұл оқушының тек бір пәнді ғана меңгеріп қоймай, барлық пәндерді бірдей меңгеруіне көмегін тигізбек. Нақтырақ айтсақ кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазіргі оқыту үрдісі пәндердің мазмұнын кіріктіру өзектілігін одан әрі арттырып, осы үрдісті ақпараттық оқыту құралдарымен пән мазмұнына сай жасақталу мәселесін шешумен ұштастыруды керек етіп отыр. Өйткені, ақпараттандыру – бүгінде қоғамдық өмірдің өзге салаларындағыдай білім берудегі стратегиялық мақсат-міндеттерді орындауды интенсификациялауға мүмкіндік беріп отырған бірден-бір үрдіс.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді

білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, химиялық элемент терминдерін ана тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамуға болады. Сонымен бұл әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды және бір мезгілде екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылуы мүмкін. Сондай-ақ ағылшын тілін жаратылыстану бағыты пәндерімен кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерін атап көрсетер болсақ.

Олар:

1. Оқушылар арысында диктанттар жүргізу;
2. Диалогтік немесе монологтік түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау.
3. Жаңа мәтіндер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау.
4. Сөздер мен сөйлемдерді жаздыру арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу.
5. Қолданылған мәліметтің көлемін арттырып отыру.
6. Оқушыларды әр түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім.

Осыған орай жаратылыстану пәндерінің ішінде химия пәнін ағылшын тілінде оқытудың маңыздылығын айта кетер болсақ, ең алдымен оқушылардың химиялық терминдерге байланысты сөздік қорын кеңейте отырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, өмірде болып жатқан әрбір химиялық құбылыстарды ағылшын тілінде жеткізе білуге дағдылануға үлкен мүмкіндік туғызады.

Химия пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі.

Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысында қосымша берілетін химиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет-ақ. Мектептерде көптілді білім бере отырып тілді терең меңгерген шәкірттер білім алып шығуы тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту болса, екінші жағынан орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтау және


ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми – ақпарат алудағы желісін кеңейту.

Оқушылардың ой-өрісін дамыту мақсатында оқу құралдарын, кешендерді пайдалана отырып, зат туралы ұғымды толық игертіп, олардың белсенділігін арттыру мақсатымен сабақ барысында тәжірибе қою, бақылау жүргізу, талқылау жасау, қорытындылау жұмыстары кеңінен ұйымдастырылды. Бұл оқушылардың теориялық білімді дұрыс меңгеріп, оны қолдану біліктерінің қалыптасуына әсер етті.

Химия пәні бойынша әр сабақта тақырып бойынша глоссарий қолдануға болады. Мысалы 8 сыныпта өтілген «Химиялық элементтер», «Химиялық құбылыстар» , «Атом және молекула» тақырыптары бойынша және сайыс сабақтарда берілген тапсырмаларға тоқталып кетсем

I. Химиялық элементтерді қазақша, ағылшынша және орысша атауларымен сәйкестендір.

Oxygen sulfur gold iron tin copper silver hidrogen cardon
 Сера углерод кислород серебро медь водород железо олово золото
 Мыс темір сутегі күкірт күміс көміртегі оттегі алтын қалайы



Глоссариймен жүргізілетін жұмыстар.

II. Сөздерді аудармаларымен сәйкестендір.

Ұяшық	Product	продукт
Өнім	Interact	кислород
Оттегі	Shell	движение
Негіз	Oxygen	Кислоты
Қышқыл	Molecule	Ячейка
Қозғалыс	Bases	Молекула
Қосылыс	Motion	Основание
Әрекеттесу	Compound	Взаимодействие
Молекула	Acids	Соединение

III. Химиялық элемент таңбалары. Кесте толтыру.

Бұл кесте бойынша мұғалім кез келген кестедегі қажетті бағандарды толтырта

алады. Элементтердің қазақша атауын, орысша және ағылшын тіліндегі атауын, элемент таңбасын, оқылуын немесе салыстырмалы атомдық массасын толтыруға болады. Сонымен қатар тапсырмадағы бағандар да мұғалімнің қалауына қарай таңдалып алынады.

Кесте -1

Қазақша атауы	Орысша атауы	Ағылшынша атауы	Элемент таңбасы	Химиялық элементтің оқылуы	Салыстырмалы атомдық массасы
Сутегі	Водород		H	Аш	1
Оттегі	Кислород		O	O	16

Сынап	Ртуть		Hg	Гидраргирум	201
Алтын	Золото		Au	Аурум	197
Көміртек	Углерод		C	Це	12
Калий	Калий		K	Калий	39
Мыс	Медь		Cu	Купрум	64
Темір	Железо		Fe	Феррум	56
Күміс	Серебро		Ag	Аргентум	108
Қорғасын	Свинец		Pb	Плюмбум	207
Азот	Азот		N	Эн	14
Барий	Барий		Ba	Барий	137
Йод	Йод		I	Йод	127
Мырыш	Цинк		Zn	Цинк	65
Хлор	Хлор		Cl	Хлор	35,5
Фосфор	Фосфор		P	Пэ	31
Фтор	Фтор		F	Фтор	19
Марганец	Марганец		Mn	Марганец	55

IV. Кестені толтыр:

	Physical Change:	Chemical Change:
<i>Сүттің ашууы</i> <i>Milk breakdown</i>		
<i>Мұздың еруі</i> <i>Ice melting</i>		
<i>Күкірттің жануы</i> <i>Burning sulfur</i>		
<i>Жаңбырдың жаууы</i> <i>It's raining</i>		

Дұрысын «+» таңбасымен белгілейді.

It's marked with a "+" symbol.

Мектептегі білім алушылар арасында өтетін білім сайыстары мен пәндік кештердің де оқушылар болашағына әсері мен берері мол. Осындай кештер арқылы оқушылар білмегендерін үйреніп, білгендерін шындап жатады. Бұл топтар арасында өтетін сайыс. «Полиглот» деп аталады. Полиглот – лат. тілінен аударғанда көп тілді ғылым деген мағынаны береді. Бұл сайыс шарты бойынша оқушылар аудармамен жұмыс істейді. Осындай бір кештерге арналған тапсырмаларды жұмбақ немесе мақалар арқылы құрастыра отырып, қажетті жауапты үш тілде беру сұралады. Мысалы:

1. Өшпейтін өмір жоқ
Сынбайтын жоқ (темір – железо – iron Fe)
2. Өзім газбын менімен демаласың
Жоқ болсам ауа жетпей қиналасың (оттегі-кислород-оxygen O)
3. Осы затпен ескі үйді аластайды
Түріне қарасақ алтынға ұқсайды (күкірт-сера-sulfur S)
4. Арпа бидай ас екен.
Алтын тас екен. (күміс-серебро-silver Ag)

5. Сым болып ұзақ созылып
Өткізем тоқты бойдан мен
Жеткізіп, әнді хабард
Риза етем көпті мен (мыс-медь-copper)
6. Тіршілікті ешқашан қолдамайды
Сондықтан ол ауаның бөлігін көп құрайды (азот-азот-nitrogenium)
7. Бірі жанып, бірі қолдап жануды,
Екі элемент бізге бұрын танылды.
Өрт болып еді, сөндіруге көп адам,
Қосылсын алып соған ағылды (оттек, сутегі және су. Кислород, водород и вода. Oxygen, hydrogenandwater)
8. Өзім газбын менімен дем аласың,
Жоқ болсам ауа жетпей қиналасың (оттегі, кислород, oxygen)
9. Кең әлемді кернейді,
Бірақ көзім крмейді (ауа, воздух, air)
10. Иісі де, дәмі де жоқ ұсталмайды,
Ол болмаса, тіршілік өмір де жоқ.
Ол болмаса отын да тұтанбайды,
Қалада қарауытып көмір боп шоқ (оттегі, кислород, oxygen)

Жаңартылған білім беру мазмұнының құрамдас бөлігі болып саналатын көптілділік күннен күнге қарқынмен дамып келе жатқандықтан, педагогикалық қызметкерлердің ағылшын тілін меңгеру қажеттілігімен қатар қызығушылығыда артуда. Бүгінгі күні өзінде жоғарғы оқу орындарында көптілді топтардың саны көбейе бастағандықтан, 10-11 сыныпта оқитын мектеп түлектерінің физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде меңгеруі аса маңызды. Төрт пәнді ағылшын тілінде оқытуды енгізу кезең-кезеңімен – мұғалімдердің және оқушылардың дайындығына қарай жүзеге асырылатын болады және бұл талап мектеп мұғалімдерін кезең-кезеңмен ағылшын тілі курсынан өткізу арқылы жүзеге асырылуда. Курс барысында заманауи коммуникативтік педагогиканың негіздері мен ағылшын тілінде оқытудың әдістемесі үйретілуде. Үштілде білім беруді жаңартылған білім мазмұнының аясында жүзеге асыру мақсатында мұғалімдердің пәндік және коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктері қалыптастырылуда.

Жалпы пәнді үштілде оқыту қазіргі кезде көп қолдауға ие болып отыр. Бұл қажеттіліктен туындады. Мектеп оқушылары халықаралық олимпиадаларға көптеп қатысуда, ал осы олимпиадалар мен ғылыми жобалар ағылшын тілінде қорғауды қажет етеді. Көп жағдайда химия пәнін жақсы меңгерген оқушылар ағылшын тілін жетік білмегендіктен осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмай жатады. Осы кедергілерді жою мақсатында, мектепте өтілетін пәндерді үштілген егіздей отырып өткізген тиімді. Осыған орай елімізде ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдер дайындалуда. Көптеген Қазақстан мектептерінде пәндерді ағылшын тілінде жүргізу жүзеге асырылуда. Осының барлығын негізге ала отырып химия пәнін үштілді үндестіре оқытудың маңызыда зор.

Сонымен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытындылай келе, шұғылалы күніміз шуақты, қыран құсымыз қанатын кең жайсын десек,

барлығымыз жұмыла жұдырық болып Елбасымыздың ұсынған көп тілділік саясатын бір кісідей қолдап, межелі нәтижеге жету үшін барлығымызда өз үлесімізді тигізуіміз қажет-ақ ! Сондай-ақ сөзімнің соңында « Өз тілің бірлік үшін, Өзге тілің тірлік үшін керек»-дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы.
2. Химия. Орта мектептің 8-10 кластарына арналған оқулық. КазГ, 1961.- 429 бет.
3. Қазақстан мектебі. №6, 2006 жыл.
«Химия мектепте» жураналы сәуір-мамыр 2003ж
4. «Химия мектепте» жураналы 2010ж. №2 12 бет
5. «Химия мектепте» жураналы 2011ж. №2 23 бет
6. «Химия мектепте» журналы 2006ж-2. 44 – 64 бет.
7. Б.А.Бірімжанов, Н.Н.Нұрахметов. Жалпы химия. – А.: Рауан, 2001.

**ХИМИЯНЫҢ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН САБАҚТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫ**

Абдикаюмова Нодира Абдирахимовна

Түркістан облысы Сайрам ауданы №13 А.Навои атын. ЖОМ мұғалімі

E-mail: nodira.086@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша химияны үш тілде оқытудың тиімді әдістемесі қарастырылған. Өмірдің кез келген жағдайында қажет болған химия пәнін үш тілде оқытуда туындайтын мәселелерді жоюда әр тақырыпты білім алушыға жоғары дәрежеде меңгеру үшін көмектесетін озық педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды ұйымдастыру талап етіледі. Біз мақалада сапалы сабақты ұйымдастырудың маңызды факторларына ерекше назар аудардық.

Кілт сөздер: сапалы сабақ, дифференциалдық білім, құрылымдық формула, изомер, көмірсутектер

Аннотация: В статье рассмотрена эффективная методика преподавания химии на трех языках по обновленной образовательной программе. В устранении проблем, возникающих при преподавании химии на трех языках, необходимых в любой жизненной ситуации, требуется организация занятий с применением передовых педагогических технологий, которые помогут обучающемуся овладеть каждой темой на высоком уровне. Особое внимание в статье мы уделили важным факторам организации качественного урока.

Ключевые слова: качественный урок, дифференциальные знания, структурная формула, изомер, углеводороды.

Abstract: The article considers an effective method of teaching chemistry in three languages according to the updated educational program. In order to eliminate the problems that arise when teaching chemistry in three languages, which are

necessary in any life situation, it is necessary to organize classes using advanced pedagogical technologies that will help the student to master each topic at a high level. In this article, we paid special attention to the important factors of organizing a quality lesson.

Key words: quality lesson, differential knowledge, structural formula, isomer, hydrocarbons.

Білім беру жүйесінің бүгінгі таңдағы негізгі міндеті білім алушыларды функционалдық сауатты, Отанын сүйетін, өз біліміне сүйенетін және өздігінен заманауи ақпараттық- коммуникациялық технологияларын пайдалана отырып білім алатын, алған білімін өмірде тиімді қолдана алатын жеке тұлғаларды тәрбиелеу болып табылады. Осы міндеттер оң нәтижелі сабақтар арқылы жүзеге асырылады.

Тәлім – тәрбиенің бастапқы негізі сабақ болып есептеледі. Дәрістің алғашқы көрінісі бұдан 400 жыл алдын пайда болған. Тәлім- тәрбие берушілердің міндеттері мемлекет тарапынан бекітілген оқу бағдарламасы негізінде сабақты ұйымдастыру және күнтізбелік- тақырыптық жоспарда көрсетілген білімдерді оқушыға дидактиканың барлық бағыттарына сүйене отырып, бір қатар педагогикалық әдістерді және оқытудың техникалық құралдарын пайдалана отырып жеткізуден тұрады. Сабақтың мазмұны және сипатына қарап халқымыздың бай рухани мұрасын тиімді пайдалану орынды.

Сабақты бүкіл сынып және әр оқушымен, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін назарға ала отырып алып барылуы жоғары нәтиже береді. Оқытушы бұл үдерісте тұлғаның дамуы, қалыптасуы, білім алуы және тәрбиеленуіне жағдай жасайды, сонымен қатар көшбасшылық, бағыттаушылық міндетін атқарады. Білім беру үдерісінде оқушы негізгі фигураға айналады.

Сабақ балаларға білім беру және берілген білімдерді олардың дағдыларына айналдыруда негізгі қызмет атқарады. Сондықтан да оқу жаттығуларында ажыратылған уақыттың негізгі бөлігі сабақ өту үшін жұмсалады.

Химия сабағына қойылатын заманауи талаптар:

Химиядан білім беру- күрделі және өте маңызды саты: жақсы (сапалы) сабақ беру- тәжірибелі мұғалім үшін де оңай жұмыс емес. Сондықтан да химия сабақтарына мынадай талаптар қойылады:

1. Сабақтың мақсатына қол жеткізу нақты бағытталған болуы керек.
2. Мазмұнның ғылымилығы, нақты оқушыларға химияның негізгі түсініктері, заңдары және дәлелдерін теориялық тұрғыдан дұрыс ашу
3. Сабақтың жоғары идеялық- әлеуметтік деңгейі оқушыларды ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға қызмет ету
4. Пәнаралық байланысты есепке ала отырып оқытуды қамтамасыз ету.
5. Білім алушылардың логикалық ойлауы, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың ең маңызды шарттарының бірі болған оқу үдерісінің проблемалық жүйесі үшін оқыту әдістерінің барлық мүмкіншіліктерін пайдалану.
6. Сабақтың мақсаты және оқу материалының мазмұнына сай жеткілікті қиыншылықтар дәрежесінде оқытудың білім алушыларға қолжетімді түрлі әдістерін тереңдету, химиялық эксперименттердің барлық түрлері және оқыту құралдары жинағыдан пайдалану.

7. Сабақта оқушылардың өзіндік жұмыстарының салмағын арттыру, фронталдық, топтық және жеке орындалатын оқушылардың жұмыстарын тереңдету.

8. Сабақ кезеңдерінің өзара байланысты болуы, олардың негізгі оқу мақсатына жетуге бағытталуы және ажыратылған уақыттың дұрыс белгіленуі.

Сабақта мұғалім және оқушының өзара сенімі, шынайылыққа негізделген жылы ортаның болуы қажет. Сабақтың мақсаты және оның пәндік мазмұны мемлекеттік бағдарлама және оқулықпен анықталады. Сонымен қатар, оқытушы сабаққа дайындалу барысында қосымша ресурстарды пайдалану мүмкіншілігіне ие. Бірақ, маңыздысы, бұл таңдалған материалдардың білім алушының жас ерекшелігіне сай және бұл бағдарламада белгіленген түсініктерден басқа қосымша түсініктерден тұрмауы керек. Иллюстрациялық материалдар болса сабақта негізгі материалды меңгеруге кері әсер етпеуі қажет.

Дамыған мемлекеттерде танымал орта мектептерінің құрылуы білім беру дифференциациясы мәселесін одан әрі жандандырды. Мұндай жағдай жалпы білім беру диверсификациясы (әр түрлілігі) сапасы басқаша жүйе қажеттігін туындатты. Білім алушылардың дарындылығы, қызығушылығы, меңгеруге сәйкес дифференциалдық дайындықты күшейту және күрделендіру- заманауи мектептің ғаламдық бағытына айналды.

Дифференциацияның негізгі формалары- оқу орындарын түрлі типтерге, бір мектеп ішіндегі сыныптар және бағыттарға, сыныптағы топтарға бөлу болып табылады.

Дифференциалдық білім беру мәселесі бірдей шешімге ие болмайды және қарама- қайшылықтарға ие. Қоғамдық жағынан дифференциация қоғамдық таңдау әдісіне айналады. Ақылы білім беру және емтихандар жүйесі мұнда таңдау құралы болып есептелінеді.

Әдетте саралау (дифференциация) бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басталады. Ол түрлі типтегі білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады. Мысалы, Англияда грамматикалық және заманауи мектептерде, Германияда реал білім мекемесі, гимназия және негізгі мектептерде, Францияда технологиялық, кәсіби және жалпы орта лицейлерде, Ресейде жалпы орта мектеп, лицей, колледж, гимназия және т. б. Бұл оқу мекемелерінде дифференциацияның негізгі өзіне тән белгісі- бағдарламалар. Кейбір білім беру мекемелерінде дифференциация кеңінен таралған. Мысалы, АҚШ және Жапония үлкен орта мектептерінде арнайы бағдарламалар бар. Олар түрлі белгілерде оқушылардың түрлі топтарын үйретеді.

Әрбір технология немесе бағыттың өзіне тән ерекшеліктері болады. Білім беруде олардың оң әсерінен пайдалану, тәжірибеде қолдану қажет. Химия пәнінде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша үш тілде оқытуда дифференциалдық тәсілге негізделген түрлі әдістерді пайдалануға болады. Сыныпта оқушылардың химияны білу дәрежесі, оны ағылшынша қабылдауы әрқашан бірдей болмайды. Сондықтан да тапсырмалар білім алушылардың деңгейіне қарап құрастырылса, пәнге қатысты білім және компетенциялары көбірек пысықталады. Дифференциалдық білім беруде тапсырмалар 3 нұсқада - дәрежеде дайындалады. Жұмысты 1- дәрежелі тапсырмалардан бастау керек. Бұл дәрежедегі тапсырмалар білім алушылар өткен сабақта үйренген және

алған білімдері негізінде дайындалады.

I нұсқа (базалық стандартқа негізделген)

1. Мына көмірсутектердің қайсысы қаныққан көмірсутек болып есептелінеді: Which of the following hydrocarbons is a saturated hydrocarbon: C_7H_{14} , C_2H_2 , C_8H_{18} , C_6H_6 , $C_{10}H_{22}$?

2. Этен гомологтық қатарына тиесілі болған

а) 15 көміртек атомынан тұратын заттың молекулалық формуласын;

б) 20 көміртек атомынан тұратын заттың молекулалық формуласын

жазыңыз .


3. Төменде пентан формуласы берілген:








Олардың арасында қандай айырмашылық бар? Пентанның қанша изомері бар?

II нұсқа(себептерін іздеу)

1. Заттың электрондық формуласын табыңыз.






2. Қайсылары өзара изомер. Which isomer interacts:



3. C_6H_{12} қосылыстың изомерлерін құрылымдық формулаларын жазыңыз.

III нұсқа(зерттеу)

1. Төменде келтірілген формулаларда қанша зат көрсетілген:



C_4H_5Cl құрылымды заттың галогенді қосылыстарының құрылымдық формулаларын жазыңыз.

2. 1л. метан толық жанғанда қанша ауа жұмсалады? How much air is used when 1 l methane burns completely?

Органикалық химияны үш тілде оқытуды дамыту үшін мынадай дидактикалық ойындарды пайдалануға болады:

1- тапсырма. Үшіншісін табу керек.

Бұл ойында оқушылар қажет болған үшінші бөлігін жазады. Осы теңдеудан кейін екі мономердің қосылуынан алынған полимердің аталуын жазу керек.

а) фенол + формалдегид = б) мономер+температура=...

с) мочеви́на+формалдегид=...

Task 1. *We need to find a third one.*

In this game, students write the third part they need. After this equation, you need to write the name of the polymer obtained from the addition of two monomers.

a) phenol +formaldehyde=.... B) Monomer+temperature=...

c) urea+formaldehyde=...

2- тапсырма. «Сандар сөйлейді» әдісі. Бұнда доскада белгілі сандар жазылады. Білім алушылар сол сандарға байланысты химиялық түсініктер айтады.

10,50,5000,
3, 28

1. 10-бұл олигомерлер құрамындағы аминоқышқылдар саны.
2. 50-бұл пептидтер құрамындағы аминоқышқылдар саны.
3. 5000-бұл жоғары молекулалы қосылыстардың молекулалық массасы.
4. 3-бұл жоғары молекулалы қосылыстардың түрлерінің саны.
5. 28-бұл этиленнің молекулалық массасы...

Task 2. *The "numbers speak" method.* This is where certain numbers are written on the doska. Students express chemical concepts related to these numbers.

1. 10 is the number of aminocyclotenes contained in oligomers.
2. 50 is the number of aminocyclotenes in peptides.
3. 5000 is the molecular weight of high-molecular compounds.
4. 3 is the number of types of high-molecular compounds.
5. 28 is the molecular weight of ethylene...

Дәл осылайша бұл қатарды тағы жалғастыруымыз мүмкін. Әдістің артықшылығы білім алушының сандарды және оларға байланысты түсініктерді есте сақтауы, жалпы соңында сол сандармен байланысты түсініктерді табуы қажет болады.

Жоғарыда жалпы орта білім беру мектептерінде жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша органикалық химияны үш тілде оқытуда оқушылардың білім сапасының төмендеуіне әсер ететін проблемаларға тоқталып өттік. Әр проблеманы зерттеу барысында олардың шешімін табу және алдын алу үшін мұғалім педагогтарымыз белгілі, жүйелі тәсілдерді жасап шығуы және өз тәжірибесінде қолданулары қажет екендігін атап өтпесек болмас. Жасап шығарылған тәсілдер білім алушылардың жас ерекшеліктері, олар өмір сүретін орта, білу дәрежесі, қызығушылықтарын мақсатқа сай ескере отыру.

Қазіргі заман талабы заманауи білімге ие болған жас ұрпақты қажет етеді. Кез келген жағдайда химия пәнін үш тілде оқытуда туындайтын мәселелерді жоюда әр тақырыпты білім алушыға жоғары дәрежеде түсіндіру үшін көмектесетін озық педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды ұйымдастыру талап етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. (2007 жылғы 28 ақпан)

2. «Болашақ бағдарламасы»: <http://zkoipk.kz/confn1s/712-conf.html> (2012ж)
3. Кіріктірілген білім беру бағдарламасы: нәтижеге бағытталған оқу жүйесі: <http://kazmkpu.kz/kz/o-u-derisi-1/zho-ary-o-u-ornynan-kejingi-bilim-beru-b-limi/bolasha-ba-darlamasy> (2013-2017)
4. Javier Garc'ia-Mart'inez and Elena Serrano-Torregrosa Chemistry Education с 2015 Wiley-VCH Verlag GmbH & Co.KGaA, Boschstr. 12, 69469 Weinheim,Germany 795 p
5. Coyle D., Hood P., Marsh D., CLIL Content and Language Integrated Learning. CUP, (2012.-173б)
6. Қазақстанның білім жүйесіндегі көптілділік: <http://group-global.org/kk/node/27376> (07.11.2015 ж)
7. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология.- Алматы: Білім, 2000- 343с

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ НЕГІЗІ

Сайрам ауданы. Халикназарова Надира Абдуманнатовна
№81 Ұлықбек атындағы ЖОМ, химия пәні мұғалімі
[**Nka_nadira@mail.ru**](mailto:Nka_nadira@mail.ru)

Үздіксіз білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды және шұғыл міндеттердің бірі - оқыту барысында инновациялық білім беру технологияларын кеңінен қолдану, білімді, тапқыр, іскер, құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды, сондай-ақ кемел тұлғаны тәрбиелеу. Мұғалімді тиімді жұмыс істеуге итермелейтін сабақтың әдіснамалық дамуын ұқыпты жасаудан айырмашылығы, білім берудің қазіргі педагогикалық технологиясы оқушының іс-әрекетіне бағытталған, ол мұғалімнің жеке және бірлескен іс-әрекеттерін ескере отырып, оқушылардың өз бетінше білім алуына қажетті жағдай жасауға қызмет етеді. Қазіргі педагогикалық технологиялар - бұл ғылыми, теориялық және әдіснамалық бірыңғай жүйеге негізделген оқу процесінің жаңа формалары, әдістері мен құралдарының жиынтығы. Сонымен бірге жаңа мазмұн, форма, әдістер мен құралдардың интеграциясы мақсаттардың, міндеттердің, іс-әрекеттің және педагогикалық нәтижелердің тұтастығын, білім беру мақсаттарына жетуге кепілдік беретін оқу процесін жобалау мен іске асыруды қамтамасыз етеді. Технологиялық тәсіл ең алдымен сипаттамадан гөрі болжанған нәтижелерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін практикалық нұсқаулық құрылымда көрінеді. Қазіргі уақытта оқу процесінде интерактивті әдістерді (инновациялық педагогикалық және ақпараттық технологиялар) қолдана отырып, білім берудің тиімділігін арттыруға қызығушылық артып келеді. Заманауи технологияны қолданатын сабақтар оқушыларды ізденуге, алған білімдерін өз бетінше зерттеуге және талдауға, тіпті өз қорытындыларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл процесте мұғалім жеке тұлғаның және оқушының дамуына, қалыптасуына және тәрбиелеуіне жағдай

жасайды, сонымен қатар бағыттаушы ретінде әрекет етеді. Оқу үрдісіне педагогикалық технологияларды дұрыс енгізу оқушылардың бұл процесте негізгі ұйымдастырушы немесе кеңес беруші рөлін атқаруына әкеледі. Оқу үрдісінде кез-келген педагогикалық технологияны қолдану оқушыға және оқытушы оқытатын жеке тұлғаға байланысты. Педагогикалық технология негізіндегі сабақтар жастардың өмірлік маңызды жетістіктері мен проблемаларына өз көзқарастарын білдіруге, ойлануға, өз көзқарастарын негіздеуге деген ынтасын қанағаттандырады. Қазіргі инновациялық процестерде білім беру жүйесінің алдында тұрған мәселелерді шешу үшін жана ақпаратты игеріп, алған білімімен бөлісу қажет. Оқу үрдісінде инновациялық технологияларды, педагогикалық және ақпараттық технологияларды пайдалануға деген қызығушылық күн сайын артып келеді. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық реформалар, адам өміріне түрлі инновацияларды енгізу білім беру мен тәрбие саласындағы бірқатар өзгерістерді қажет етті. Бүгінгі білім мен тәрбие саласындағы жетістіктерді сақтай отырып, бір жүйеліктен, бір қалыпқа түсіп қалудан сақтану керек. Педагогикалық технологияда оқыту мен тәрбиелеу процесінің мақсатын анықтау керек, ол жоспарланған нәтижеге кепілдік беруі керек. Сондықтан мұғалімдер мақсатты нақты анықтауға ерекше назар аударулары керек. Біріншіден, әр мұғалім өзінің оқытатын пәнін, әр сабақтың мақсаттары мен міндеттерін және сабақтан тыс тәрбие жұмысының міндеттерін нақты анықтауы керек. Озық педагогикалық технологиялар оқу процесінің тиімділігін арттырады, оқушылардың өзіндік ойлау процесін қалыптастырады, оқушының білімге деген құштарлығы мен қызығушылығын арттырады, білімді берік игеру олардың іс-тәжірибеде қолдану дағдылары мен қабілеттерін дамытады. Бастауыш сыныптан бастап педагогикалық технологияларды қолдану әлдеқайда жақсы нәтижелер береді. Бастауыш сынып баланың өмірінде маңызды рөл атқарады. Бұл кезеңде педагогикалық технологиялар негізінде қызықты білім беру ұйымы баланы оқу-тәрбие процесінде белсенді етеді және білім беру тиімділігін арттырады. Бүгінгі таңда оқу процесі мен оның нәтижелері жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану деп айтуға болады. Еліміздің болашағы оқушылар мен оқытушылардың дүниетанымдық көзқарастарының өзгеруіне байланысты. Сондықтан жастарды жоғарыда аталған ойлау тұжырымдамасымен тәрбиелеу - заман талабы. Қазіргі кезде білім беру ұйымдарын компьютерлендіру, жана заманауи оқулықтар жасау, ақпараттық технологияларды оқу процесіне сәйкес пайдалану - кезек күттірмейтін мәселе. Бүгінгі таңда мұғалімнің үнемі міндеті - жана педагогикалық технологиялар негізінде оқытуды құруды, оқушыларға оқу процесінің түсінікті және қызықты бағыттарын құруды үнемі үйрету. Сондықтан оқушылар педагогикалық процестің белсенді субъектісіне айналуы керек. Білім беру процесін дамыту, алдыңғы қатарлы оқу орындарын аттестациялау және аккредитациялау, оқу орындарының жаңа типтерін ұйымдастыру және ең бастысы «Мемлекеттік оқыту бағдарламасы» Кадрлар даярлаудың моделін құру халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстанның заманауи дамуын қамтамасыз ете алатын батыл, тәуелсіз, шығармашыл, білікті, білімді мамандарды, сондай-ақ жеке қасиеттері бар жан-жақты кадрларды даярлауға бағытталған. «Білім туралы» Заңның және «Мемлекеттік оқыту

бағдарламасы» талаптарына сүйене отырып, өмірдің өзі білім мазмұны мен құралдарын қайта құруды талап етеді. Бұл фактор оқу процесінің құрамдас бөліктерін жаңа тәртіпте көрсетуді талап етеді. Дәл осы ұйымдастырушылық-педагогикалық процесте білім беру заңдылықтары мен қағидаларына сәйкес жаңа ұстанымдар, оқыту әдістерінің пайда болуы, оқу құралдарының жетілдірілуі, әсіресе оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруда мұғалім шеберлігінің дәстүрлі емес формаларын кеңінен енгізу. Айта кету керек, елімізде білім беру саласында инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу ерекше назар аударатын бағыттардың бірі болып табылады. Кез-келген педагогикалық технологияны оқыту және оқу процесінде қолдану оқушыға және мұғалім сабақ беретін жеке тұлғаға байланысты. Педагогикалық технология негізіндегі сабақтар жастардың өмірлік маңызды жетістіктері мен проблемаларына өз көзқарастарын білдіруге, ойлануға, өз көзқарастарын негіздеуге деген ынтасын қанағаттандырады. Педагогикалық технологиялардың білімі мен тәжірибесі және оларды білім беруде қолдану оқушылардың білімді және жетілген дағдыларын қамтамасыз етеді. Инновациялық педагогикалық технологияларға негізделген сабақ пен дәстүрлі сабақ арасындағы айырмашылық оның сабақта оқушы үшін еркіндік жағдайын жасауында. Бұл мүмкіндік оқушының жеке басына қол тигізбестен сұрақтар қойып, достық оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Инновациялық педагогикалық технология - бұл білім беру мазмұнының ұтымды жолдарын жасайтын, мұғалім басты жауапты тұлға. Себебі оның басты міндеті - оқушыларға ақпаратты тез әрі нақты жеткізу. Сабақта және мектептен тыс тәрбие іс-шараларында инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, оны жинақтау, ғылыми тұжырымдарды дайындау, кең тарату, педагогикалық ұжымдарға, ғылыми және педагогикалық қызметкерлерге тарату, жаңалықтарды қолдану және олардың ұсыныстарын және пікірлерін тыңдау негізінде әрі қарай жетілдіруде маңызды фактор болып табылады. Педагогикалық технология дегеніміз оқытудың тиімділігін арттыру үшін мұғалімнің технологиялық құралдарын, компьютерді, қашықтықтан оқытуды немесе әртүрлі әдістерді қолдану, анықталады, бұл тек ақпараттық технологиямен ғана емес, сонымен қатар оқу процесінде қолданылуы керек. Педагогикалық технологияның ең негізгі ол таңдаған технологияға байланысты, мұғалім мен оқушы алға қойылған мақсаттан кепілдендірілген нәтижеге жету үшін бірлесіп жұмыс жасай алатындығына байланысты. Яғни, оқу процесінде кепілдендірілген нәтижеге қол жеткізу үшін қолданылатын кез-келген білім беру технологиясы мұғалім-оқушы ынтымақтастығын ұйымдастыра алады, екеуі де оң нәтижеге қол жеткізе алады, оқушылар оқу процесінде, сыныпта өз бетінше ойлана алады және оларды бағалай алады, ал мұғалім өз іс-әрекеті үшін егер ол мүмкіндіктер мен жағдайлар жасай алса, бұл оқу процесінің негізі. Педагогикалық мамандықты жаңартпастан білім берудің тиімділігіне қол жеткізу мүмкін емес. Педагогикалық іс-әрекет туа біткен талант емес, тұқым қуалайтын қасиет емес, ол зерттеу мен шығармашылық жұмыстарға негізделген. Оқу үрдісіндегі инновациялар, алдыңғы қатарлы педагогикалық технологиялар, инновациялар, оқытудың интерактивті әдістері өздігінен білімге енбейді. Педагогикалық технологияда күтілетін нәтижелерге жету үшін оқытудың тиімділігін арттыру

үшін мұғалім ғана емес, оқушылардың жеке қажеттіліктері, талаптары мен сапалары тәрбиеші-мұғалім алдына мақсатты іске асыруды және оның тиімділігін жоспарлау міндетін қояды. Тәрбиеші-мұғалімнің беделін тек өзі ғана емес, сонымен бірге үйлесімді дамыған ұрпақ тәрбиесі мен елдің болашағы айқындайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы
2. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері А.Әлимов Алматы 2013
3. Оқудың иновациялық әдістері оқу әдістемелік құрал Сманқұлова Ж., Саметова Ф. Алматы 2014
4. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін артытыру курстарының бағдарламасы

«МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ (PISA) ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»

Химия пәнінің мұғалімі Тажбанова Гулжан Рантаевна
« С.Рахымов атындағы №4 жалпы орта мектебі » мемлекеттік мекемесі
Мырзакент кенті, Мақтаарал ауданы
Tazhbanova69 @mail.ru

Бүгінгі күні жер жүзінде білім беру саласындағы ғалымдар мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны «XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындаймыз?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі – оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында болып отыр.

PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Көптеген елдерде жасөспірімдер 15 жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті он бес жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларын анықтау болып табылады. Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы

оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан PISA халықаралық зерттеуіне қатысуда. [4]

PISA бағдарламасы міндетті білім алуды аяқтаудың алдында тұрған оқушылардың қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін қажетті белгілі бір білім мен машықтар жиынтығын қаншалықты жақсы меңгергенін бағалауды көздейді. Басқаша айтқанда, оқушылардың ересек өмірге араласуға дайындық дәрежесі бағаланады.

«Егер мұғалім ғылымға өзі беріліп, оны толық меңгеріп, сүйе білмесе, онда оқушыларды да ғылымға құлшындыра алмайды, мұғалімнің бұл саладағы еңбегі де жеміссіз болмақ», — деген ұлы ғалым Д.И.Менделеевтің өсиеті бар. Соған қарай қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалімнің қажырлы еңбегі және талантты балалармен жұмыс істеуі қажет.

Қазіргі білім беру үдерісі мұғалімнен балаға білімді «дайын күйінде» беруді емес, керісінше, білімді әр оқушы өз мүмкіндігі шегінде өзі ала алатындай орта туғызуды талап етеді.[3]

Оқушылар алған білімдерін өмірде қолдануға болатынын түсінген кезде, олардың оқуға және меңгерген білімдерін шығармашылықпен пайдалануға ішкі мотивациясы арта түседі.

PISA-2021 зерттеуінде қолданылатын тәсілдемелерге сәйкес «Креативті ойлау» бағытын енгізу оқыту тәжірибесіне және білім беру саясатына оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, бұл келешекте елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық міндеттерін шешуде оң ықпалын тигізеді.

2021 жылы өткізілетін PISA аясында креативті ойлауды бағалау баланың туғаннан берілген талантының маңыздылығынан гөрі және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға көбірек көңіл бөлуге бағытталатын болады.

PISA-2021 жылы 15 жастағы оқушылардан негізді түрде күтілетін креативті ойлау процестеріне бағытталған. Оның мақсаты тек шығармашыл тұлғаларды айқындау ғана емес, оқушылардың идеяларды іздеу және ұсыну барысында шығармашылық ойлауға қаншалықты қабілетті екенін және бұл қабілеттің оқыту тәсілдерімен, мектептің қызметімен және білім беру жүйесінің басқа да ерекшеліктерімен қалай байланысты екенін сипаттауға бағытталған.[3]

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Креативті ойлау – жетістікке жетелейтін интеллектуалдық үрдіс.

Креативтілік — маңызды сипатты ойлаудың ерекшелігі, ойлау процестерінің ерекше сапасы, адамның жоғары белсенділігі, индивидтің ерекше жаңа, біртума құндылықтарды құруға, стандартты емес ойлауға деген терең құрылымын бейнелеуші қабілет.[2]

Сабақ жүргізудің ең басты күрделі мәселелерінің бірі-сабақ үстінде оқушылардың әр қайсысының өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес оқушыларды әр деңгейлі тапсырмаларды орындауға баулу. Өзім сабақ беретін биология сабағы көптеген оқушылардың қызығушылықтарын тудыратын пән. Оқушылардың

жаңа білім алуға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер өте көп. Мысалға 8 сыныптағы «Витаминдер» тақырыбын өткен кезімде оқушыларды 4 топқа біріктіріп, сол топтарға топтық тапсырма ретінде түрлі көкөніс түрлерін беріп, өз ойларындағы витамині мол тамақ дайындауды тапсырғанымда, оқушылардың жүргізген жұмыстарының нәтижесінде мен ойламаған тамақ түрлері шыққан. Демек, сабақ барысында оқушыларға жаңа сабақты меңгерту кезінде тек оқулықпен шектелмей, қосымша әдіс-тәсілдер қолданған, оқушылардың дамуына көп ықпалы зор. Және де қазіргі кездегі жаңартылған білім беру бағдарламасының да көздеген мақсаты осы болса керек. [5]

Шығармашылық тапсырмалар оқушыларға зақым келмейтіндей және мәжбүрлемей, оқушының шынайы білімінің тереңдігін көрсетеді. Олар оқушының креативті ой-санасын дамытып ойлануды үйретеді. Сондықтан сабақ барысында «ойлап табыңыз», «құрастырыңыз», «салыстырыңыз», «түзетіңіз», «дәлелдеңіз», «жинақтаңыз», «мағынасына қарай бөліңіз» деген тапсырмаларды ұсынуды қажет етеді. PISA анықтамасы бойынша математикалық пайымдаулар етістіктерді дұрыс түсініп тапсырмаларды орындауға негізделеді. Оқушылар берілген тапсырманы орындамас бұрын тапсырманың етістігіне назар аудару қажет деп ойлаймын. Етістікке қарай тапсырманы орындауға көшуге болады. Мұны біз өз пәніміздегі ҚМЖ дан да байқауымызға болады. Жоспар жасау барысында сол тақырыптың ойлау дағдыларының деңгейлерін осы етістіктер арқылы жазамыз. Яғни, БЛУМ таксономиясы бойынша тапсырмаға сәйкестендіреміз.

PISA зерттеуіндегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және тағы басқалар туралы мәлімет ұсынады.

Мен сабақ беретін биология пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын қарап шықтым. Мысалға 8 сыныптағы «Тыныс алу» бөлімі бойынша «Тыныс алудың минуттық көлемі» тақырыбы бойынша оқу мақсатына сай тапсырмалар берілген. Тапсырманың мазмұны-көлем, тапсырманың мәнмәтіні-тұлғалық, тапсырманың ойлау процестері-жағдайды математикалық тұрғыдан тұжырымдау болып табылады. Демек берілген жұмыс бойынша математикалық сауаттылық аспектілері жеткілікті дәрежеде назарға алынған.«Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу» зертханалық жұмысында тәуелді және тәуелсіз айнымалыны анықтау, есептеулер жүргізу, кесте толтыру, график сызу дағдылары арқылы математикамен пәнаралық байланыс жасайды. [1]


Зертханалық жұмыс барысында оқушылар қалыпты жағдайдағы және отырып тұру немесе басқа түрдегі физикалық жаттығу жасағаннан кейінгі жүректің соғысын санау арқылы жүктемеге дейінгі және жүктемеден кейінгі жүрек жұмысын салыстырып қорытынды шығарады. Алынған деректерді кестеге толтырып, тиісті графикті тұрғызады.


Биология пәнін ғылым ретінде ашатын мұндай математика мысалдары көптеп кездеседі.

Ғылыми –жаратылыстану сауаттылығы аспектілерінің 4 аспектісін білеміз.Олар:

- Білім (мазмұндық, процедуралық, әдіснамалық)
- Құзіреттілік (құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру, ғылыми зерттеулерді бағалау, деректемелер мен дәлелдемелерге ғылыми түсініктеме беру)
- Мәнмәтіндер (тұлғалық, ғаламдық, әлеуметтік)
- Көзқарас (ғылымға қызығушылық, зерттеу жүргізудегі ғылыми тәсілдерді бағалау, экологиялық сауаттылық).

Оқушыларды оқытуда осы аспектілерді дамытуға болады. Оны дамыту үшін сабақ барысында оқушыларға берілетін тапсырмалар осы аспектілерді дамытатындай негізде бағытталуы және нақты өмірлік жағдайларға негізделіп құрастыруы керек. [5]

Мәнмәтіндер	Биология пәнінен 8 сыныптағы «Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» бөлімі	<p>Бұл бөлім бойынша оқушыларға төменде берілген тапсырманы беруге болады. Бірінші оқушы оқулықтағы ақпаратпен танысып шығу ұсынылады.</p> <p>1. Экологиялық проблемалардың туындау себептерін атаңыз.</p>  <p>A _____ B _____ F _____ _____</p> <p>(а) Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемаларды шешудің 2 не 3 жолын ұсыныңыз. 1. _____ 2. _____ 3. _____</p> <p>Дескриптор <i>Білім алушы</i> - экологиялық проблемалардың туындау себептерін атайды; - Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемаларды шешудің жолдарын ұсынады.</p> <p>Тапсырмада сипатталған проблемалық жағдаяттардың тақырыптық саласын мазмұндық мәнмәтін деп атауға болады. Мәтіндермен жұмыстану оқушылардың жеке қасиеттері мен қабілеттерінің пәнге қызығушылығы артатындығы байқалады, шығармашылық үдерісті меңгеруіне, жағдай жасалынады, тұлғаның өз ойын еркін білдіріп, жаза білу дағдысы қалыптастырылады.</p>
Білім	Биология пәнінен 9 сыныптағы «Жасушалық биология» бөлімі	Кластер әдісі арқылы мәтіндегі негізгі мағынаны білдіретін кілт сөздерді графикалық түрде топтастыру тапсырмасы. Кластерге оқушылар тақырып бойынша жасушаның негізгі компоненттері және қызметі туралы ойланып жазады.
Құзіреттер	Биология пәнінен 8 сыныптағы «Тірі ағзалардың көптүрлілігі» бөлімі	Деректерді талдау, түсіндіру және тиісті қорытындылар жасау үшін тапсырманы бердім

		<p>Тапсырма: 1. Суреттегі тұқымның құрылысына назар аударыңыз. Қай класқа жататындығын анықтаңыз.</p> <p>1. Суреттегі тұқымның құрылысына назар аударыңыз. Қай класқа жататындығын анықтаңыз.</p>  <p>A. _____</p> <p>B. _____</p> <p>(а) Екі кластың арасындағы айырмашылықты кестеде толтырыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="799 365 1489 517"> <thead> <tr> <th></th> <th>A</th> <th>B</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Тұқымындағы тұқым жарнақ саны</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Жапырақтарындағы жүйкелену</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Тамыр жүйесі</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>А)шығу тегіне қарай</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>В)ішіміне қарай</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Гүлдер саны</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор <i>Білім алушы</i></p> <p>- тұқымның суреті арқылы өсімдіктердің кластарын ажыратады; - А және В кластарының арасындағы айырмашылықты анықтайды.</p> <p>Оқушылар бұл тапсырманы орындау үшін мәтінді оқып, кестеге негізгі ұғымдарды жазып, сипаттама береді.</p>		A	B	Тұқымындағы тұқым жарнақ саны			Жапырақтарындағы жүйкелену			Тамыр жүйесі			А)шығу тегіне қарай			В)ішіміне қарай			Гүлдер саны		
	A	B																					
Тұқымындағы тұқым жарнақ саны																							
Жапырақтарындағы жүйкелену																							
Тамыр жүйесі																							
А)шығу тегіне қарай																							
В)ішіміне қарай																							
Гүлдер саны																							
Қарым-катынас (тәсіл)	Биология пәнінен 9 сыныптағы «Тыныс алу» бөлімі	Бұл аспекті бойынша оқушыларға оқулықтағы тақырып соңындағы деңгейлік тапсырмаларды беруге болады. Тапсырмаларды орындау барысында оқушы ойланады, негізгі ойды білдіретін сөздерді ажыратады, талдап барып сипаттайды және тақырыпқа деген қызығушылығы артады.																					

Осы тапсырма бойынша толықтыратын болсам: мұғалімдерді оқытуға арналған іс-шара ретінде мектепте әдістемелік үш күндік ұйымдастырса болады екен деген ой келді. Ол үш күндіктің бірінші күнін оқу сауаттылығына, екінші күнін математикалық сауаттылыққа және үшінші күнін жаратылыстану ғылыми пәндеріне арнаса. Осы күндері мұғалімдер өз сабақтарында оқушыларды оқытуда осы аспектілерді дамытуға болатындай түрлі тапсырмалардың түрлерін көрсетіп, тәжірибелерін ұсынса болады екен.

Біздің мақсатымыз – осы әдіс-тәсілдерді оңтайлы қолданып, халықаралық деңгейде жоғары білім көрсете алу. Осы ұлағатты жолда бәрімізге сәттілік, шығармашылық табыс тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Биология пәнінен 8-9 сыныпқа арналған PISA тапсырмалары(интернет желісі)
2. PISA халықаралық зерттеуі (әдістемелік құрал)2013
3. Ұстаз тілегі ғылыми әдістемелік орталық . PISA тапсырмалары
4. PISA TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту (Оқу-әдістемелік құрал)
5. PISA форматындағы тапсырмалар биология 8,11 сынып 2017 жыл

ҮШ ТІЛДІЛІК БАҒЫТ БОЙЫНША ХИМИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Айтбеков Абзалбек Турганбекович.
Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің химия,
биология пәні әдіскері
С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатының химия
пәнінің мұғалімі Бимбетова Бибсара Утегенқызы

Елімізде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты мектептер түгел қашықтан оқытуға көшті. Қашықтан оқудың қиындықтарымен бірге, бірқатар артықшылықтары да барлығын жаңа тәсілге көшкен кезден бері өткен уақыт көрсетіп отыр. Мен биология пәнінің мұғалімімін. Сабақтарымда түрлі көрнекі құралдарды көбірек пайдалануға тырысамын. Ал қашықтан оқуға көшкеннен кейін сабақтарымды PowerPoint бағдарламасы арқылы слайдсабақтар түрінде ұйымдастырып жүрмін. Оның артықшылығы сол – тақырыпты ашатын түрлі суреттер мен кескіндемелерді, жазбаларды пайдалануға болады.

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім беру сапалы білім беру қызметін алуда білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуді, олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз етуді мақсат етеді. [1]

Химия пәнінің үш тілде оқытудың өзектілігі

Химия пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қрапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысында қосымша білім берілетін химиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тиігзеді.



Қазақстан Республикасының шетелдермен халықаралық байланыстары күннен-күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шетел тілін білетін мамандар қажет-ақ. Мектепте көптілді білім бере отырып тілді терең меңгерген шәкірттер білім алып шығуы тиіс. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту болса, екінші жағынан орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтау және ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми-ақпарат алуудағы желісін кеңейту.[2]

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңарту мен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңа заман мұғалімі өз білімін қолданумен қатар, шәкірттерінде зерттеушілік, ізденушілік әрекетін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру керек. Жаңа технологияларды жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына, пәніне деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. [3]

Қазіргі таңда әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын мұғалім өз еркімен таңдайды. Орта мектепте білім алушы оқулық мазмұнынан тек ақпарат пен дайын білімді алумен ғана шектелмеуі тиіс, ол білім алушының қабілеттерін жан-жақты дамытатындай, өз қызығушылықтарын іске асыруға, шығармашылық ойлауын және өмірлік құзіреттіліктерін қалыптастыруға көмектесетіндей, сонымен бірге алған білімі өмірдегі өз қажеттілігіне жарамды болғаны жөн. Сонымен қатар қазіргі заман талабына сай білім мазмұнын іске асыра отырып, оқушылардың жалпы ақпарат көздерінен алған мәліметтерін бір жүйеге келтіріп, сабақ барысында пайдалану мүмкіндіктерін қаарастырып, күнделікті өздері қолданып жүрген интернет жүйесін, сонымен бірге мобильді телефоннан пайдаланатын аударма қызметтерін сабақ барысында қолдануды

қалыптастырсақ, оқушы сабақтағы күнделікті бос әрекетінен гөрі қажетті мәліметтер мен сөздерді іздеуге ауысар еді.

Оқытушылардың бүгінгі күні оқыту үрдісінде болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерден дер кезінде хабардар болып отыруы – сапалы білім берудің кепілі. Пән апталықтарының өткізілуі білім алушының пәнге деген ықыласы артып, қызығушылықтары анықтала бастаса, онда пәнді меңгеруге деген құштарлық тереңдей түседі. Мұндай жұмыстар оқушы білімін дамытып қана қоймайды, оларды жан-жақты тәрбиелеудің де міндеттерін шешеді. Оқушы бойындағы бейімділік пен икемдікті дамыту мақсатында аударма жұмыстары да қосымша тапсырма ретінде беріледі. Қазіргі таңда оқыту үрдісін жоспарлау, қолдану және бағалаудың тиімді әдістерін ұсынушы жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп, негізгі мақсаты – өз бетінше дами алатын жеке кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті оқушы. Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән беерілуде. Алайда, бізде қазақ және орыс тілдерін игеру сияқты ағылшын тілін үйрену, сондай-ақ осы тілде сабақ беру бірден жүзеге асуы мүмкін емес. Оның қиындығын барлық мұғалімдер сезініп отыр. Ал сабақ барысында ағылшын, орыс тілдерін пайдалана өткізу үш тілде оқытуға біртіндеп көшуге көмегін тигізеді. Көптілді білім беру жүйесі аясында білім саласындағы көптеген жұмыстар жүргізілуде. Осы негізде ағылшын тілінде сабақ беретін пән мұғалімдері дайындалуда. Кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тілді-қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген мұғалімдер де жоқ емес. Қазіргі кезде мамандардың өндірістің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық кеелісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады. Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интерактивті тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді. [4]

Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және методикалық тұрғыдан саралап алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады. Компьютерді қолдану барысында өздерін қызықтыратын әр түрлі мәселелерді шешуге болады және талқылайды. Компьютермен бала жазады, оқиды, түрлі тестер орындайды. Техникалық құралдарды пайдаланудың ең тиімді жағы уақытты ұтасың, дәл, тиянақты оқу материалдарын алдын-ала дайындап, оқушыға беріп отырсаң өзінен-өзі жасауға тырысады, қызығады, жасамай, үлгермей отырған оқушы болмайды, себебі оның алдында бәріі дайын тұр.

Қашықтықтан білім беруде химия пәнінде мұғалім қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio

бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қодана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттандырудың қажетті шартына айналып отыр. [5]

- Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.
- Жалпы айтқанда көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуге жол ашады. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.
- Химияны оқытуда оқушылардың шығармашылығын дамыту жолын студенттердің ақпараттық және коммуникативтік мәдениетін калыптастыруға бағыт беретін білім технологияларын қолдану арқылы дамыту керек деп білеміз.
- Қай пәнде болмасын сабақ барысында тақырыпқа негізделген мәтінмен жұмыс жүргізіледі. Мәтінді үш тілге негіздей отырып жұмыс істеу, оқушылардың тақырыпты меңгеруіне көмегін тигізумен бірге, өзге тілдерді ғылыми тілде үйренуіне ықпал етеді.

Химия пәнінде қашықтықтан оқытудағы өз тәжірибем

Қазіргі кезеңде жаңа заман талабына сай оқушыларға білім беру педагог мамандары үшін қашықтықтан болса да үздіксіз ізденісті қажет ететіні анық. Тіпті оқушылардың жоғары оқу орнындарына түсуі мен кең мүмкіндіктер ашылуы үшін тек ҰБТ-дан қажетті балды алу жеткіліксіз. Тіпті елбасымыздың өзі де жолдауында “Тілдердің үштұғырлы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алу ұсынылды. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Яғни, қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деп атап көрсетті. Сондықтан мұғалімдерге оқушыларды тек пәнге ғана емес, сонымен қатар олардың пәнді ағылшын тілінде игеруін қамтамасыз ету міндеті жүктелуде және әр түрлі заманауи оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануға тура келеді.

Оқушыларға осындай талаптарға сай білім беруге мүмкіндік туғызатын әдіс – CLIL әдісі. CLIL (Content and Language Integrated Learning) – пәнді өзге екінші немесе үшінші тілде оқыту мақсатында пән мен тіл кіріктірілген оқыту әдісі болып табылады.


Қашықтықтан химия пәні бойынша білім беруде CLIL әдістемесінің артықшылықтары:

- ✓ Тілді меңгеру пән мазмұнын оқыту арқылы жүзеге асады;
- ✓ Екінші тілді түсінуге және қолдануға оқушылардың ынтасы артады;
- ✓ Тіл мен оқу бағдарламасы кіріктіріледі;
- ✓ Тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың
- ✓ академиялық тілдік дағдылары дамиды;
- ✓ Оқушылардың сабаққа және пәнге деген қызығушылықтары мен ынтасын, талабын оятады;
- ✓ Екінші тілді меңгеру кезінде сол тілді ұстанушы елдер мәдениетімен танысып, дүниетанымы кеңейеді және т.б

CLIL тапсырмалары оқытудың Блум таксаномиясына сәйкес оқушылардың бойындағы төменгі деңгейдегі ойлау дағдыларын (білу, түсіну, қолдану) және жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын (анализ, синтез, бағалау) дамытуға мүмкіндік туғызады. Сондай ақ, CLIL әдістемесінің тағы бір қыры оқушылардың бойындағы төрт тілдік дағдыны (listening, writing, reading, speaking skills) дамыту болып табылады. Ол қашықтықтан онлайн сабақ барысында әр түрлі әдістермен жүзеге асырылады.

Оқушылардың алдында тұрған іргелі мәселелердің бірі - химия пәнін ағылшын тілінде жетік меңгеру. Оқушылар сыртқы емтиханда химия пәнін ағылшын тілінде тапсыратын болғандықтан негізгі пәндік терминдерді (subject-specific terminology) олардың меңгеруі үшін түрлі әдіс тәсілдер жүргізілуде. Аталған мақсат негізінде, оқушылардың химия пәнін ағылшын тілінде меңгеру дағдыларын арттыру мақсатында CLIL әдіс-тәсілдерін пайдалану 10-11 сыныптар бойынша бірінші және екінші тоқсанда әр сабақта жүргізіліп отырды және оқушылардың оқу үлгеріміндегі динамикасына әсері зерттелді.

Сабақтың құрылымы мен оқу мақсаттарының түрлілігіне байланысты CLIL әдіс тәсілдері түрлендіріліп отырды. Енді сол тапсырмалардың бірнеше мысалын қарастырып көрейік. Тапсырма 1. Тапсырма атауы: Find your pair
Тарау: 11.2A - Introduction to organic chemistry - alkanes Оқу мақсаты: - recognise and understand the use of a variety of formula types Find your pair



Тапсырманы орындауға қажетті уақыт: 1 мин Орынтау түрі: Жұптық жұмыс;

Қажетті ресурстар: қағаз, қайшы және т.б.

Активитиді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық: Активитидің мақсаты оқушыларды ватсап желісі бойынша жұптарға бөлу. Оқушылар әр түрлі формула атауы мен суреттері арасындағы сәйкестікті іздей отырып, өз жұбын табу керек. Бұл кезде оқушыларды мұғалім бағалайды.

Кілттері:

Formula of compound	a	b	c	d	e	f
Name	3	5	6	1	2	4

Тиімді жақтары:

- Оқушылар әр түрлі құрылымдық формулалар туралы білімін өзіне сәйкес дұрыс жұпты табу арқылы көрсетеді;
- Оқушылар әр түрлі құрылымдық формула түрлерін естеріне түсіреді;
- Мұғалімге оқушыларды сырттай бағалауға жағдай туғызады, себебі оқушылар өз жұбын табу үшін білімді қажет етеді;

Тапсырма 2.

Активити атауы: Solve the puzzle

Тарау: 11.2A - Introduction to organic chemistry - alkanes Оқу мақсаты: - recognise and understand the use of a variety of formula types

CLIL-ді жүзеге асыру:

- 1) Fill in the words that answer the clues and answer the question that relates to the “backbone” of this puzzle.

A One of the elements that makes up hydrocarbons.

B Some hydrocarbons are this because they contain only single carbon-carbon bonds.

C A hydrocarbon with ten carbon atoms and no double bonds.

D The general name for the series of hydrocarbons whose first member is methane.

E The fraction from the distillation of petroleum used to surface roads.

F The type of bonding in all hydrocarbons.

G The alcohol made by reacting ethene with steam.

H The general name for hydrocarbons with a double bond

Тапсырманы орындауға қажетті уақыт: 4-5 мин Орындау жолы:

Жұптық жұмыс;

Қажетті ресурстар: қағаз, қайшы және т.б.

Активитиді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық: Оқушылар қашықтықтан ватсап желісі бойынша жұптарға бөлінеді. Пазлды толтыру жұптар арасында жарыс түрінде ұйымдастырылады. Тапсырманы аяқтағаннан кейін әрбір жұп өз жұмыстарын басқа жұптарға ұсынады, кейін мұғалімнен дұрыс жауаптарды алу арқылы жұптар бір-бірін тексеріп, өзара кері байланыс береді және бағалайды.

Кілттері: A- Carbon; B-Saturated; C-Decane; D-Alkanes; E-Bitumen; F-Covalent;

G-Ethanol; H-Alkenes Тиімді жақтары:

- Оқушылар «Алкандар» тақырыбы бойынша ағылшынша негізгі кілтті сөздерді түсініп, білімін қол- дана алады;
- Оқушылардың пәнге және өткізілген сабаққа ынта- сын оятады;
- Жұптар арасында өзара бағалауды және кері байла- ныс беруді үйренеді;
- Оқушылардың жұпта жұмыс істеу жауапкершілігін арттыра түседі;

Тапсырма 3.



Активити атауы: Matching

Тарау: 11.2A - Introduction to organic chemistry - alkanes Оқу мақсаты: - understand that an organic compound gen- erally consists of a hydrocarbon component plus a functional group

CLIL-ді жүзеге асыру:

Link the molecular formulas to the correct name and state- ment about the compound.

Name	Formula of the func- tional groups	Statement
ALCOHOL	1 $C-C$	A This compound consists of an alkyl group attached to a halogen
CARBOXYL IC ACID	2 $\begin{array}{c} O \\ \parallel \\ -C-O-R \end{array}$	B Hydrocarbons that contain one or more carbon-carbon single bonds
KETONE	3 $-C \equiv N$	C These compounds have an alkyl group and two hydrogens at- tached to a nitrogen atom.
AMINE	4	D These compounds (or organo cyanides) have an alkyl group at- tached to a carbon- triple-bond-nitrogen function.
ALKANE	5 $C-O-C$	E These compounds have an -OH function attached to an R-CH ₂ - group.
AMIDE	$C-X$	
ALDEHYDE		
ESTER		
ETHER	$\begin{array}{c} NH_2 \\ \parallel \\ -C=O \end{array}$	
ALKYNE	$R-C \equiv C-R'$	

HALOALKANE				
NITRILE	6		F	These compounds have a pair of alkyl groups attached to a linking oxygen atom.

Орындауға қажетті уақыт: 10 мин Орындау түрі: Топтық жұмыс;

Қажетті ресурстар: қағаз, қайшы және т.б.

Активитиді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық: Оқушыларға кестеде көрсетілген тапсырма беріледі. Оқушылар топта орындап болғаннан кейін, әр топтың көшбасшысы басқа топтарды өз жұмыстарын жібереді. Мұғалім дұрыс жауаптарды береді. Көшбасшылар әр топты тексеріп, бағалайды және кері байланыстар береді. Мұғалім топтық жұмыс нәтижелерімен танысады.

Кілттері:

ALCOHOL	6	E	NITRILE	3	D
CARBOXYLIC ACID	10	L	ALKANE	1	B
KETONE	9	H	AMIDE	11	K
AMINE	5	C	ALDEHYDE	4	G
HALOALKANE	8	A	ESTER	2	J
ALKYNE	12	I	ETHER	7	F

Тиімді жақтары:

- Оқушылардың органикалық химия бойынша «Функционалды топтар» тақырыбын меңгергенін тексеруге мүмкіндік береді;
- Оқушылар анықтамаларды немесе негізгі кілтті сөздерді үйренеді;
- Оқушының өз білімін тексеруіне жол ашады;
- Сыныптастарынан өз біліміне бағалау мен кері байланыс алады;

Тапсырма 4.

Активити атауы: Filling gaps

Тарау: 11.2A - Introduction to organic chemistry - alkanes Оқу мақсаттары: - understand that an organic compound generally consists of a hydrocarbon component plus a functional group

CLIL-ді жүзеге асыру:

Complete the description by filling in the spaces in the text using the words given here:

distinguish chemistry alpha bonds alkanes covalent chemical Functional groups

The Role of Functional Groups

In organic (1), a functional group is a specific group

of atoms or (2) within a compound that is responsible for the characteristic ... (3) reactions of that compound (4) also play an important part in organic compound nomenclature; combining the names of the functional groups with the names of the parent

(5) provides a way to (6) compounds.

The atoms of a functional group are linked together and to the rest of the compound by (7) bonds. The first

carbon atom that attaches to the functional group is referred to as the (8)

carbon; the second, the beta carbon; the

third, the gamma carbon, etc.

Орындауға қажетті уақыт: 10 мин Орындау түрі: Жекелей

жұмыс;

Қажетті ресурстар: қағаз, қайшы және т.б.

Активитиді ұйымдастыру бойынша нұсқаулық: Берілген тапсырмалар бойынша оқушылар жекелей жұмыс істейді. Мұғалім берген дұрыс жауаптарымен тексеріп, өзіне-өзі кері байланыс береді және бағалайды.

Кілттері: chemistry (1), bonds (2), chemical (3), functional groups (4), alkanes (5), distinguish (6), covalent (7), alpha

(8)

Тиімді жақтары:

➤ Оқушылардың функционалды топтар бойынша білімін негізгі кілтті сөздермен тексеруге мүмкіндік береді;

➤ Оқушылар пәндік-спецификалық терминдерді қолданады;

Сонымен жоғарыда келтірілген тапсырмалар түрлері CLIL-сабақтарын жоғары сыныптарда ұйымдастыруда тапсырмалардың түрлерімен танысуға мүмкіндік береді. Тапсырмалар 11 сыныптағы «11.2A - Introduction to organic chemistry – alkanes» тарауы бойынша

➤ recognise and understand the use of a variety of formula types

➤ understand that an organic compound generally consists of a hydrocarbon component plus a functional group оқу мақсаттарына қатысты академиялық тілдің негізгі терминдерін қамтиды.

Мен химия пәнінің мұғалімімін. Әр пәннің өзіндік қиындығы бар десек те, химия біршама қиын, күрделі пән, сондықтан сабақ түсіндіргенде үнемі көрнекі құралдарды көбірек пайдалануға тырысамын және тәжірибе сабақтарын да жиі өткіземін. Бұның балалардың сабақты жақсы қабылдап, оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруіне тигізер игі ықпалы мол. Ал қашықтан оқуға көшу сабақта көрнекі құралдарды барынша көп пайдалануға мүмкіндік берді. PowerPoint бағдарламасын пайдаланып, слайдсабақтар дайындаймын. Онда суреттер мен, жазбалар, кескіндемелерді пайдаланып, жаңа сабақты видеоға түсіріп, оқушыларыма жіберемін. Онда үй тапсырмалары да қамтылады. Мәслен, 9 сыныпта өткізген «Газ тектес заттардың молекулалық формуласын есептеу» тақырыбы бойынша өткен сабағымда слайд түрінде формула арқылы есептеу тәсілдерін кескіндемемен көрсетіп бердім. Бейнесабақта химиялық формулалар арқылы есептеу тәсілдері түгел айтылып, көрсетіліп отырылады.

Бейнесабактың артықшылығы сонда, оқушы оны қалаған уақытында қарап және түсінбеген жерлерін қайталап көруіне мүмкіндігі бар. Бейнесабакта үй тапсырмалары да қамтылған.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін әр педагог өз пікірін жүйелі түрде жеткізе білетін, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интернет жүйесін пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген оқытушы болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – оқытушылар. Осы үрдіспен мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты оқытушылар қауымына зор міндеттер жүктейді.

Білім сапасы – оқытушылар қызметінің сапасы. Ал осы сапаға қол жеткізу үшін біліктілікті жетілдіру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру, сауықтыру орталығы, Түзеу педагогикасы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ облыстардың әдістемелік кабинеттері тарапынан өткізіліп жатқан көптеген қысқа және ұзақ мерзімді курстар, деңгейлік курстар, орта білім мазмұнын жаңарту аясында ұйымдастырылған біліктілік арттыру курстарының педагогтердің кәсіби даярлығын арттырып, өз ісін жоспарлай алуына, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көріп, баланың әрекетін ұйымдастыра алу шеберлігін шындауындағы маңызы өте зор.

Қазіргі таңда біліктілік арттыру курстары түгелімен онлайн режимде өткізіліп жатыр. Жалпы, бүгінгі күні қолда бар қашықтықтан онлайн-оқыту жүйелері ұстаздар мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнықтыруға мүмкіндік береді, әрі нақты сабақ беру үрдісін қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытудағы сандық білім беру тікелей ұстаздың сабақ беру шеберлігін, тәжірибелілігін арттырып қана қоймай, ғаламтор жүйесіндегі білім беру ресурстарымен сауатты сабақ өткізуге дағдыландырды. Сөз соңында айтарым, мұндай формат сабақ сапасына да жоғары деңгейге көтереді, өйткені әрбір сабақтың үдерісі оқушының да, ұстаздың да жауапкершілігін арттырады.

Сөз соңында айтарым қашықтықтан оқыту арқылы бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпағымыздың денсаулығын сақтап қана қоймай, осы карантиннің созылып кетпеуіне, студенттеріміздің сапалы білім алуына зор үлесін қосып жатқан еліміздің барлық ұстаздарына алғысымды білдіремін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. –Астана. 1997

2. Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях Республики Казахстан в 2015 -2016 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 232 с.
3. Ахметова Г.К., Семченко А.А., Мухамбетжанова С.Т. и др. Методика внедрения системы электронного обучения в организациях образования. Методическое пособие, Алматы: РИПК СО, 2012. -76 с.
4. О педагогической архитектуре системы управления обучением (LMS).– Алматы: АО «Национальный центр информатизации», . 2011. - 22 с.
5. Қашықтықтан білім беру ресурстары, ғаламтор материалдары

ҮШТІЛДІЛІК- БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ.

Жаппаркулова Салтанат Қасымқұлқызы

Келес ауданы №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мекемесі
[**dz_saltanat@mail.ru**](mailto:dz_saltanat@mail.ru)

«Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі
және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі»

Н.Ә.Назарбаев

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Қадыр ақын айтқан «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» қағидасы бүгінгі қоғамның талабы. Қоғамның бүгінгі әлеуметтік тапсырысы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету; сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Жолдауында “Тілдердің үштұғырлығы” мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсеткен. Қазіргі таңда келешек ұрпақты интеллектуалды тұлға етіп дамыту, көптілді меңгерту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесі.

Сондықтан да уақыт талабына сай қазіргі уақытта мектептерге қойылатын негізгі мақсат: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілдерін жетік меңгеру заманауи қоғамда адамның жеке және кәсіби іс-әрекетінің ажырамас бөлігіне айналып

отыр.«Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай оқушыларды көпұлтты және көпмәдениетті ортаға бейімделуіне, басқа мәдениетке құрметпен қарауға септігін тигізіп, бәсекеге қабілетті, өмірде белсенді, оң көзқарастағы тұлға болып қалыптасуына бейімдеп тәрбиелеуіміз қажет. Әрбір тілді меңгерген сайын біз рухани дүниемізді байытамыз.

Осы орайда Қазақстан Республикасындағы орта білім берудің мазмұнын жанарту шеңберінде информатика, физика, химияжәне биология пәндері бойынша жалпы білім беру мекемелері оқытушыларының тілдік құзыреттілігін арттыру бағдарламасы бойынша Шымкент қаласында Педагогикалық Шеберлік Орталығы тарапынан ұйымдастырылған он айлық курста (04.09.2017-30.06.2018ж аралығында) мен химия сабағын ағылшын тілінде оқытуды меңгердім.

Сабақ беру барысында мен АКТ мүмкіндіктерін, сандық сауаттылыққа негізделген программаларда жұмыс түрлерін қолдана отырып, оқушылардың танымдылық-коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін сабақтың түрлі кезеңінде оқушылардың үш тілде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуды негізгі мақсат етіп қойдым.

Осы орайда өзімнің сабақта қолданатын бірнеше әдіс-тісілдеріме тоқталсам деген едім.

Сабақта әр уақытта психологиялық жағдай туғызу мақсатында мен сабақты сәлемдесуді ағылшын тілінде бастаймын.

Good afternoon dear children! I'm very glad to see you! How are you today? What date is it today? Who is absent today?..Well, let's start our lesson. To divide into group

Яғни оларды осылайша сабақта ағылшынша сөйлеуге бейімдей бастаймын.Үй тапсырмасын сұрау кезеңінде нақты әрі қысқа жауап беретін сұрақтар дайындаймын. Кейде оқушылар жауап беруге қиналатын болса ол сұрақтарды қазақша талдап сосын бірлесе отырып ағылшынша сөйлеуге тырысамыз

Сөздерді жақсы жаттату үшін –Dominogame ойынын ойнатамын, бұл кезде олардың айтылым, оқылым дағдылары қалыптасады.

Ойынның бұл түрі домино қағидасы бойынша оқу процесінде қолданылады. Яғни, терминологияны шоғырландыру үшін домино түрінде алдын-ала дайындалған карталар қолданылады.Бірінші доминоның жартысында ағылшын тіліндегі термин, екінші доминоның екінші жартысында терминнің аудармасы орналасқан. Мәселен: бастау / reaction→ / зат → анион/ substance т.б.

Ойынның мақсаты - сөздер тізбегін тезірек аяқтау, бастау сөзінен бастап, аяқтау сөзімен аяқтау.Топтық жұмыс үшін жақсы. Бұл ойынды заттардың формулаларын үш тілде айту кезінде қолданса болады. Кейде оқушылар қздері құрастырып келген доминоларын ойнатамыз

Ойлан-жұптас-бөліс -Think-Pair-Share ойыны арқылы жазылым дағдыларын қалыптастырамын

Бұл әдіс терминологияны нығайтуға және бәрінің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі оқушылар(кім тапсырмаларды тез орындайды, ал кім баяу орындайды)

1. 3 баған стилінде әзірлеу керек: сөз - сөз анықтамасы аудару. Әзірлеу кезінде тек бір бағанды тіркеңіз, сонда студенттер жазады ,қалған екеуіне қосыңыз

2. Даму әр оқушыға таратылады. Ол мұны жеке жасайды (Ойлан)

3. Соңында көршісіне бұрылып, олардың жауаптарын бірге тексереді (Жұп)


4. Жұппен тексерілгендей, кезекпен оқи отырып, бүкіл топ бір-бірінің жауаптарын тексереді (Бөлісу)

Ал тыңдалым дағдыларын дамыту үшін оларға оқуға қысқаша тест дайындаймын **True-false questions** берілген тақырып бойынша олар оны оқып шамалары келгенше аударуға тырысады. Берілген анықтамаларды орыс тілінде айтуға тырысамыз, себебі оны айту ағылшынға қарағанда оқушыларға айту оңай.

Оқыту барысында әр тоқсанда білім сапасын анықтап отыруға тырыстым. Мысалы, 2018-2019 оқу жылында Білім сапасының көрсеткіші 42% болса, 2019-2020 оқу жылында Білім сапасының көрсеткіші 16%-ға өсу қарқыны - 71% жетті. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығының жоғары екенін көрсететіні сөзсіз.

9 – сынып оқушыларының білім сапасының мониторингі

Мерзімі	2018-2019	2019-2020
"5"	2	6
"4"	8	11
"3"	14	7
"2"		
Тапсырғандар саны	24	24
Орташа баға	3,5	4,0
Үлгерімі	100%	100%
Сапасы	42%	71%



Өз білімімді жетілдіру үшін маған НЗМ өтетін «English Summer School for teachers» семинарлары өте көп көмегін тигізеді. Ол жерде мұғалімдермен пікір алмасу арқылы өз тәжірибемді жетілдіріп отырамын.

Қорытындылай келе көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі деп ойлаймын. ҚР-сы орта білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік тұжырымдамасында айтылғандай «Кез келген білім бағдарламасының табысты орындалуы мұғалімге байланысты. Оның кәсіби шеберлігі нысаналы бағдарламаны да, оқу жоспарын да биік деңгейде жүзеге асыруға ықпал ете алады, ал кәсіби дәрменсіздігі істі құлдыратады». Сондықтан бұл бағдарламаны іске асыру мұғалім бойынан үлкен күш- жігер мен қажырлы еңбекті талап етеді. Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек» деген тұжырымында «Шығармашыл ұстаз шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой айқын аңғарылады.

Сонда жоғарыда аталған құзыреттіліктерді меңгерген мұғалім шығармашыл шәкірт дайындауға даяр деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2018 жыл.
2. НИШ оқу материалдары.
3. Н. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессия материалдары.

«ХИМИЯ ПӘНІН АҒЫЛШЫН ТІЛІМЕН КІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРЫ».

Мелдебаева Гульжамал Аристанбековна

Келес ауданы. «№40 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

e-mail пошта: meldebaeva7575@bk.ru

Бүгінгі күнде Қазақстандық Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - мектепте білім берудің сапасын жаңа деңгейге көтеру.

Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ десек, жахандану дәуірдің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе- білім беру, ғылымды дамыту. Қазіргі кезде заманауи талапқа сай білім беру жүйесі жаңа арнаға бет бұрған шақта жан-жақты шығармашылықпен, бастамшылдықпен жұмыс жасайтын жас ұрпақ қалыптастыру ұстаздар қауымы үшін аса маңызды. Еліміздің өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді.

Қазақстан Республикасы білім беру мазмұнын жаңғыртудағы «Тілдердің үш тұғырлылығы» Мәдени Жобасының жүзеге асырылуының маңыздылығына тоқталсақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 5- бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі мен бір шетел тілін үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген. Халқымыздың рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Идеяның негізгі түйіні: Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін - жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек. Осыған орай білім беру жүйесінде мұғалімдерге қойылатын басты талаптардың бірі- мемлекеттер арасында әлеуметтік-мәдени қатынастар жасай алатын, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі ғылым мен білім саласынан өз білім мен білігін көрсете алатын бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Үштілді оқыту бүгінгі жас ұрпақтың білім кеңістігіне еркін самғауына жол ашатын, әлемнің түрлі құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуға мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Жаңартылған білім беру мазмұнының міндеттері көп тілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру. Функционалды сауаттылық - тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ететін білімі, ептілігі, дағдылары.

Жоғарыда аталған Жобаны жүзеге асыру барысында кезең-кезеңмен жұмыстар атқарылуда. Қазіргі уақытта көптілділікті қалыптастыру мен оны іске асырудың негізгі құралы CLIL (Content and Language Intagrated Learning) кіріктірілген бағдарламасы болып табылады. CLIL өз мәнінде Content and Language Integrated Learning білдіреді – бұл дегеніміз шет тілдің басқа оқу пәндерімен кіріктіріліп оқытылуын көздейді.

CLIL технологиясы бойынша оқытудың мақсаттары:

- 1) оқытылатын пән арқылы шетел тілін зерделеу;
- 2) пәнді шетел тілі арқылы зерделеу.

Мектеп курсындағы жаратылыстану- математика бағытындағы (биология, информатика, физика, химия) пәндермен ағылшын тілінің кіріктіріліп оқытылуының ұстанымдары төмендегілер:

- 1) танымдылық көзқарас тұрғысынан түпнұсқалық оқу материалын кеңінен қолдану ұстанымы;
- 2) оқыту процесінде мұғалімге белсенді демеу және көмек көрсету ұстанымы;
- 3) екінші немесе шет тілді өнімді және қарқынды менгеру ұстанымы;
- 4) көпмәдениеттілік ұстанымы;
- 5) жоғары дәрежеде ойлау дағдыларын дамыту ұстанымы;
- б) оқытудың тұрақтылығы ұстанымы

Мен 2019 жылы «Үштілділік» бойынша біліктілік курсы оқып, А1, А2, В1, В2 деңгейін аяқтадым. 2020 жылдың қаңтары яғни ІІІ тоқсаннан бастап, 8 «в» сыныбында химия пәнін ағылшын тілінде өтуді қолға алдым. Алғашында кедергілер болды, оқушылардың қызығушылығында белсенділік байқалды, дегенмен тілдік дағдылары төмен болды. Дегенмен, сабақта оқушылардың мотивациясын көтеріп, күнделікті жаңа сөздерді жаттауды қадағалап, оқушылардың сабаққа деген ынтасын оятуға түрткі болдым. Оқулық жоқтығына қарамай, оқушыларға әр сабақта өтілетін тақырыптарды компьютерден шығарып келіп, жинақтауларын талап етіп отырдым.

03.03.2020 жылы 8 «в» сыныбына «Заттардың суда еруі» тақырыбына ашық сабағымда химия пәнін ағылшын тіліне кіріктіріп, сабақта белсенді оқыту әдістерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың топта және жұптық жұмыстарын ұйымдастырып, мақсатқа жетуге бағыттай алдым. Алайда оқушылардың ағылшын тіліндегі сөздік қорлары өте аздығы, өз ойларын еркін жеткізе алмай кідіріп қалғандығы да байқалып тұрды.

Бүкіл дүние жүзіне төнген пандемияға байланысты оқуды қашықтықтан жалғастырдық, сабағымды ағылшын тілінде жүргізуді тоқтатпай, жаңа тақырып бойынша ағылшын тілінде түсінік беріп отырдым, термин сөздерді жаттауларын қадағаладым, дегенмен оқушыларда селқостық пен алаңдаушылық, жауапкершілікті сезінбеу сияқты әдеттерді байқадым.

2020-2021 оқу жылдарында 8 «б», 9 «в» сыныптарына қашықтықтан химия пәніне ағылшын тілін кіріктіріп оқыта бастадым. Білім берудің ең тиімді тәсілі өзгелерді оқыта жүріп үйренесің дегендей, ізденушілік пен әрекеттің арқасында өз-өзімді дамытып келудемін.

Тәжірибемнен келіп шығып, өз ойыммен бөліскім келеді, қиындықтар мен кедергілерді жеңу жолдарын қарастырып өтсем деймін.

1. Мақсатқа жету үшін оқушы мұғалім тарапынан тиісті көмек пен қолдау көрсетіліп отыру керек, уақыт өте келе оқушыларда тілдік дағдылар қалыптасқаннан кейін мұғалімнің көмегінің көлемі мен қарқыны біртіндеп азаяды.

2. Екі пәнді кіріктіріп оқыту барысында тілдік дағдылардың тиянақты қалыптасуына қажетті ықпал ететін тілдік қызметтер: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымға үлкен назар аудару керек.

3. «Қарапайымнан күрделіге» принципін ұстана отырып, Б.Блум таксономиясына сәйкес, оқушы ұғымды есіне сақтамайынша жете түсіне алмайды, сонымен не жайлы айтылып жатқанын түсінбесе, алған білімін дұрыс қолдана алмайды. Аталған теория бойынша мұғалім оқушыларға ойлау дағдыларының төменгі дәрежесін жандандыратын сұрақтар (не?

қашан? қайда? қайсы? сөздерінен басталатын арнайы сұрақтар) қоюы тиіс. Оқушыларда танымдық үдерістер нәтижесінде белгілі дағдылар мен білік қалыптасқаннан кейін, талдау мен бағалау дағдыларын дамытатын сұрақтарды қоя отырып, оқушылар күрделі процестер мен жағдаяттарды ағылшын тілінде тұжырымдай алатын болады.

4. Мұғалім оқыту үдерісі барысында яғни тұрақты оқыту негізінде оқушыларда тілдік дағдылар қалыптасқан сайын пәннің мазмұнын тұжырымдап зерделей алады яғни тілдік ортаға енген сайын тақырып контекстінде тілді қолданудың маңыздылығы арта түседі.

5. Пән бойынша оқу материалы оқушылардың ана тіліндегі пәндік білім деңгейінен сәл төмен күрделірек деңгейінде іріктеп алынуы тиіс. Тапсырмалар оқушылардың түсіну деңгейіне сай құрастырылу керек. Әсіресе тірек-сызбалар, сызбанұсқалардан пайдалана отырып, салыстыру, дәйектеу, тұжырымдау арқылы пәндік құзыреттілігін арттыруға болады.

6. Сабақта белсенді оқыту әдістерінен тиімді пайдаланып, табысты оқыту ортасын құра отырып, оқушылардың коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, өзіншілдік пен бойкүйездік сияқты жағымсыз қасиеттерден арылту.

7. Термин сөздермен, глоссарийлермен тиімді жұмыс жүргізу.

2020-2021 оқу жылында 8,10- сыныптарға қостілділік яғни (қазақ тілі, ағылшын тілі) бойынша оқулық келді. Оқулық талапқа сай, оқушылардың пәнді ағылшынша тұжырымдап қорыта алатынына негізделіп құрастырылған. Одан басқа интернет желісінен қажетті материал мен көрнекіліктерді өз сабағымда жиі пайдаланамын. Оқушыларда алаңдаушылық пен зерігушіліктің алдын алу мақсатында және қызығушылығы мен талпынысын арттыру үшін әр түрлі әдіс –тәсілдерден, ойындардан пайдаланамын. «Broken phone», «Snowball» ойындары, «Smart learning», «Teachers pay teachers», «Guess», «Mind map» интернет желісіндегі ағылшын тілін меңгеру үшін тиімді танымдық қабілетін арттыратын бағдарламалар.

Сабақ барысындағы кедергілер:

1. Оқушылар мотивациясының төмендігі;
2. Ағылшын тілін бастауыш сыныптан өтіп келе жатқанына қарамай, ағылшын тілі бойынша сөздік қорларының аздығы;
3. Көптеген оқушылардың қызығушылығы мен ықыласының төмендігі;
4. Сабақты әрі қазақша, әрі ағылшын тілінде түсіндіретіндіктен уақыттың жетіспеушілігі

Кедергілер мен қиындықтарды қалай жоюға болады деген сұраққа өз ойыммен бөліскім келеді.

1. Балабақшадан бастап, бастауыш сыныпта оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығы мұғалім мен ата-ана тарапынан қадағаланса, оқу материалының игерілуіне көңіл аударылса;

2. Оқушының химия сабағын деген мотивациясын арттыра отырып, алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолындағы талпынысын, ынтасын

арттыру яғни өмірге бейім, кез- келген ортада өз- өзін, қабілет-қарымын көрсете алатын тұлға қалыптастыру.

3. Мектепте жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша вариативті курстар бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылса өте тиімді болар еді. Үйірме, қосымша сабақтар, факультатив сабақтар барысында күрделі тақырыптармен жұмыс жүргізіліп, оқушылардың химия пәні бойынша есептер шығара алу дағдыларын қалыптастыруға тиімді мүмкіндік.

Жаратылыстану бағытындағы ғылыми пәндерді ағылышын тілінде оқытылуының тиімділігі көптеген термин сөздердің дүние жүзі тілдерінде бірдей аталуы, халықаралық номенклатура бойынша атаулардың бірдей болуы, формула мен символдардың бірегейлігі.

Алдағы жоспарларым наурыз айында 9 «в» сыныбына пәнді тілмен кіріктіре отырып, ашық сабақ өту, ізденісімді, өз-өзімді жетілдіруді одан ары дамыту. 2020 жылдың қараша айында «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығы «Ұлы дала ұстазы» International Scientific-educational журналына 8 сыныбына «The Structure of Periodic Table» тақырыбына жазған қысқа мерзімді жоспарым жарияланып, «Алғыс хат» және I дәрежелі дипломмен марапатталдым.

Қорыта айтқанда: Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев: «Білім беру ісі біздің мемлекетімізде басты басымдық, дамуымыздың шешуші факторы», дей келе, еліміздің ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеп отырғандығы белгілі. «Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ» дегендей, әр педагог оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын ұстаз ғана бүгінгі қоғамның мүддесінен шыға алады. жаратылыстану- математика бағытындағы пәндерді оқытуда тілдік білім беру жүйесін қалыптастырып, жүйелі еңбек жасап ізденісі мен бағытын айқындай алған еліміздің барша педагог қауымына сәттілік тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XII сессии Ассамблеи народов Казахстана (Астана, 24 октября 2006 года) <http://www/zakon/kz?7763-vystuplenie-prezidenta-respubliki>
2. 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Елбасы Жолдауы.
3. CLIL Workbook 1st Edition Chemistry, for chemistry teachers
4. <https://www.youtube.com/watch?v=egi3bp3CCM> 2013 ж. 27 қазан

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Салиха Сүлейменова

Келес ауданы. №42 «Ақжар» шағын жинақты жалпы орта мектебі
Электронды пошта: salikh.suleymenova@mail.ru

Әлемді шарлаған пандемиядан сақтану мақсатында елімізде коронавирус індетінің таралуына байланысты төтенше жағдай енгізілді. Дәл сол төтенше жағдаймен қашықтықтан оқыта жүріп өткен оқу жылын тәмамдап үстіміздегі оқу жылының бірінші жартысында аяқталды.

Қашықтық оқуларының жүргізілуі әдістерімен жалпылама таныс болғанмен жаппай соған көшу кезінде көптеген қиындықтарда болды. Өйткені, қашықтықтан оқыту – оқушы мен мұғалімнің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту болғандықтан жаппай қашықтықтан оқытуға көшу бірқатар дағдылық әрекеттердің қалыптаспағандығы, байланыс құралдарымен интернетпен болған қиындықтарды туындатты. Осы уақыттар аралығында, коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шараларын негізге ала отырып мемлекет тарапынан орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар берілді. Ал білім беру ұйымдарындағы жұмысты біздер сол әдістемелік ұсынымдар негізінде жоспарлап жүргізіп жаттық. Қазіргі уақытта Келес ауданы білім бөліміне қарасты №42 «Ақжар» шжжо мектебінде орта білім беруді ұйымдастыру жұмыстары, 1-5-9-11-сыныптарда штаттық режимде, 2-3-4-6-7-8-10-сыныптарда қашықтықтан оқыту [ҚР БҒМ 15.12.2020 № 527 бұйрығымен «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына енген өзгерістер негізінде жүргізілуде.

Осы бұйрықтың 5-6 тарауларындағы ұсынымдар:

5 тарау: Қашықтан оқыту кезінде білім алушылардың оқу тапсырмаларының көлемін оңтайландыру

6 тарау: Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толықтыру ; | бойынша химия пәнінен білім сапасын арттыру үшін оқу тапсырмаларын оңтайландыра құрастыру тиімділікке жеткізеді. Оқу тапсырмаларының түрлері: химия пәні бойынша функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған мәтін бойынша тест тапсырмалары, ашық формадағы, бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары қолданылады.

Қашықтықтан оқыту кезінде функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тапсырмалардан химия пәні бойынша ақпараттық графика, сурет, кесте түрінде және сәйкестендіру, сызбаны тану, түсінуге, мәтінді бағамдау, сараптауға арналған тапсырмалар тиімді болды.

Ал ашық формадағы тест тапсырмалары- дұрыс жауапты жазуды қажет ететін тест тапсырмалары, сондай-ақ, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасындағы – берілген жауаптың ішінен дұрыс жауапты анықтауға арналған тест үлгілеріде білімді пысықтауға жақсы әсер етіп, өз кезегінде балалардың қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Тиімді құрастырылған тапсырмалар балаларды өздігінен оқуға, мәтіндермен жұмыс

жасауға итермелейді. Әйткенмен, біздердегі сияқты көптеген шалғайда орналасқан мектептердегі жағдайлар, атап айтқанда интернет желісінің жиілік төмендігі қашықтан синхронды оқытуға мүмкіндік бермейді. Ал асинхронды оқытуда жұмыс барысында баланың білім сапасын оқулықты өз бетімен оқуына, талдауына қозғаушы күш ретінде бағыттап жігерлендіретін бұл, жас ерекшелігіне қарай дұрыс құрастырылған тапсырмалармен тиімді кері байланыс екеніне көз жеткіздім. Сондықтан, төменде онлайн мектеп білім платформасында құрастырып қолданған тапсырмаларымның үлгісін ұсынып отырмын. Химия пәні бойынша білім анықтауға арналған тапсырмалар нұсқалары

1. Функционалдық сауаттылық.

1. Натрий карбонатының тұрмыста сабын ретінде қолданылу себебі

- A) күшті негізбен әлсіз қышқылдан түзілген тұз
- B) әлсіз электролит
- C) әлсіз негізбен күшті қышқылдан түзілген тұз
- D) күшті негізбен күшті қышқылдан түзілген тұз
- E) күшті электролит

2. Іс жүзінде аяғына дейін жүретін реакция

- A) $\text{Na}_2\text{SO}_4 + \text{BaCl}_2 \rightarrow$
- B) $\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 + \text{Na}_2\text{SO}_4 \rightarrow$
- C) $\text{NaNO}_3 + \text{KOH} \rightarrow$
- D) $\text{H}_2\text{SO}_4 + \text{KCl} \rightarrow$
- E) $\text{H}_2\text{SO}_4 + \text{KOH} \rightarrow$

3. Ток өткізетін зат

- A) Дистилденген су
- B) Кальций оксиді
- C) Теңіз суы
- D) Натрий хлориді (қатты)
- E) Қант

4. Заттар суда ерігенде иондарға ыдырайды, осы иондар су молекуласымен түзетін бөлшектер аты?

- A) Гидраттар
- B) Дипол
- C) Акцептор
- D) Донор
- E) Электролит

5. Заттардың иондарға ыдырау үлесін көрсететін шама


- A) диссоциация дәрежесі
- B) гидролиз дәрежесі
- C) тотығу дәрежесі
- D) диссоциация константасы
- E) молярлық массасы

6. Төмендегі суреттерден металл катиондарымен жалын түсінің боялуын сәйкестендіріңдер




Ca^{2+}	Сары-жасыл
Na^{+}	Таңқұрай түсті
Ba^{2+}	Шымқай қызыл
K^{+}	Сары
Sr^{2+}	Күлгін
Li^{+}	Кірпіш қызыл


7. Төмендегі кестедегі түсініктермен реакция теңдеулерімен сәйкестендіріңдер



Орын басу реакциясы



Қосылу реакциясы



Айырылу реакциясы



Алмасу реакциясы





8. Мәтіндік тапсырмалар

Диссоциациялану үдерісін сандық жағынан да сипаттауға болады.

Диссоциацияланудың қаншалықты толық жүретіндігін диссоциациялану дәрежесі α көрсетеді, α -ны сандық үлеспен (0-1) немесе пайызбен (0-100%) беруге болады.

$\alpha = \frac{\text{диссоциацияланған молекулалар саны}}{\text{жалпы еріген молекулалар саны}}$

Диссоциациялану дәрежесінің мәніне қарай электролиттер үш топқа бөлінеді:

$\alpha > 30\%$ күшті; $3\% < \alpha < 30\%$ - орташа күшті; $\alpha < 3\%$ - әлсіз. Күшті электролиттерге ерімтал тұздар, қышқылдар ($\text{HNO}_3, \text{H}_2\text{SO}_4, \text{HCl}$), сілтілер (NaOH , $\text{KOH}, \text{Ba}(\text{OH})_2$) жатады. Бұлар суда ерігенде иондарға толық ыдырайды.

Әлсіз электролиттерге H_2CO_3 , $\text{H}_2\text{S}, \text{H}_2\text{PO}_3$, CH_3COOH , NH_4OH , H_2O жатады. Олар суда еріген кезде иондарға толық ыдырамайды.

Орташа күші бар электролиттер т.б


Диссоциациялану дәрежесіне заттың және еріткіштің табиғаты, ерітіндінің концентрациясы, температура әсер етеді. Ерітінділерді сұйылтқанда және температураны көтергенде электролиттердің диссоциациялану дәрежесі артады.

Оқушы зертханада электролиттік диссоциация үдерісі бойынша тәжірибе жүргізді. Суреттегі үлгілерді дұрыс жауаптармен сәйкестендіріңдер

A

B

C



1. Дистилденген су

2. Натрий сульфидінің судағы ерітіндісі

3. Калий нитратының судағы ерітіндісі

Ал қашықтықтан оқыту кезінде орын алған кемшіліктер:

6.59. Білім беру ұйымдары білім алушылардың оқу үлгеріміндегі әлсіз тұстарын жою және білімін толықтыру жұмыстарын кезең-кезеңмен жүргізеді:

6.60. Іс-қимыл жоспары келесі бөлімдерді қамтиды:

- оқыту уәждемесін арттыру үшін пәндік онкүндіктерді өткізу;

- қосымша сабақтар аясында оқытудың саралау әдістерін іске асыру

- білім алушыларды жобалық және зерттеу жұмыстарына тарту;

Осы ұсынымдар негізінде пән онкүндіктерін өткізу, жобалық және зерттеу

жұмыстарын өткізу тиімді нәтиже береді. Атап айтқанда 7-сыныпта :Атом құрылысымен периодтық кесте тақырыптары; 8-сыныпта:Зат мөлшері,Моль,Авогадроzaңы, Бейорганикалық заттардың негізгі кластары;9-сыныпта Электрoлиттік диссоциация тарауы бойынша пән онкүндіктері және жобалық,зерттеу жұмыстарын өткізу білм алушыларды оқу мақсатына жеткізеді.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.ХИМИЯ 9 Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. /Усманова М.Б;Сақариянова Қ.Н;Сахариева Б.Н/ Алматы «Атамұра»2019
2. ХИМИЯ 10 Жалпы білім беретін мектептің жмб бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық 1-2-бөлім /Оспанова М.Қ;Аухадиева Қ.С;Белоусова Т.Г./ Алматы «Мектеп » 2019
- 3.ХИМИЯ жұмыс дәптері №1 ҰБТ-ға дайындыққа арналған./ Ермек Елемес, Ұлжан Оспанова, Ләззат Жақыпбекқызы, Жанар Доланбаева, Фархат Сұлтабаев / «Достық» Қазақстандық білім беру орталығы
- 4.ХИМИЯ. Оқу–әдістемелік құрал. - Астана: «Ұлттық тестілеу орталығы»РМҚК,2016
- 5.ҚР БҒМ 15.12.2020 № 527 бұйрығы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

ЗАМАНАУИ САБАҚ: ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

**Түлкібас ауданы. Жиынбай жалпы орта мектебінің химия пән мұғалімі
Досумбекова Меруерт Пернебаевна**

*Оқыту барысында шәкірттердің танымдық қызығушылығы мен ізденімпаздығын арттырудың маңызы зор.
Сократ*

Бүгінгі таңда қазақ білімінде өзгеріштік қағидасы жарияланды, бұл оқу орындарының педагогикалық ұжымдарына педагогикалық процесті кез-келген модельге, соның ішінде авторлық құқыққа сай таңдап, жобалауға мүмкіндік береді. Білім берудегі прогресс те осы бағытта жүреді: оның мазмұнына түрлі нұсқаларды жасау, білім беру құрылымдарының тиімділігін арттыруда қазіргі дидактиканың мүмкіндіктерін пайдалану; ғылыми идеялар мен жаңа идеялар мен технологияларды практикалық негіздеу.Сонымен бірге әртүрлі педагогикалық жүйелер мен оқыту технологиялары арасында өзіндік диалогты ұйымдастыру, мектеп оқушыларын оқытудың жаңа формаларын практикада сынап көру, қазіргі қазақ жағдайында өткен кезеңнің интегралды педагогикалық жүйелерін пайдалану маңызды.Мұндай жағдайда мұғалім

қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың, идеялардың, мектептердің, бағыттардың кең спектрін шарлап, бұрыннан белгілі болған уақытты ысырап етпей, барлық арсеналды, ең алдымен, қазақ тілін, қажет болған жағдайда шетелдік педагогикалық тәжірибені қолдануы керек.

Мемлекеттік білім беру стандартында белгіленген тәсілдер, талаптар және күтілетін нәтижелер кешенінде барлығы өте тығыз байланысты екенін атап өткім келеді. Егер біз жұмыста маңызды тетіктердің бірін қамтымасақ, онда белгілі бір сапаның нәтижесі шығады, бірақ ол талаптарға сай бола ма? Біздің ойымызша, заманауи білім беру технологиялары негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал етеді, табиғи сипатта білім алуға мүмкіндік береді, мектепті бала үшін әлеуметтік өмірге қолайлы орынға айналдырады, ал оқу әрекеті - білім беру стандартының ең төменгі деңгейінен бастап шығармашылыққа дейінгі жеке қасиеттерін жүзеге асыру және дамыту құралы.

Бүгінгі білім беруде біз ұстаздар білім берудегі жаңғыртуды байқаймыз. Осыған сәйкес, жалпы білім беретін мектеп қызметінің негізгі нәтижелері білімнің өзі емес, өмірдің негізгі салаларындағы әлеуметтік маңызды құзыреттіліктердің жиынтығы болып табылады. Мектеп түлектері саяси, зияткерлік, азаматтық-құқықтық, ақпараттық әлеуметтік құзыреттіліктердің белгілі бір жиынтығымен "үлкен өмірге" қадам басуы тиіс. Ғылымдарды оқыту ақпараттық түсініктерді қалыптастыруға, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға ықпал етеді. Білімді ұғынудағы маңызды сәт оқушылардың тұлғалық мәнін қабылдау болуы тиіс, бұл адамзаттың жаһандық мәселелерімен контекстінде химия ғылым ретінде өзін-өзі тануға алып келеді. Оқушылар бойында химиялық білімді дамыту ғылыми дүниетанымды, экологиялық ойлау мәдениетін және мінез-құлықты қалыптастыру үшін маңызды болып табылады.

Интерактивтіліктің кез келген түрі барлық оқушылардың белсенді қарым-қатынасын болжайды. Мұғалім мен оқушы бір үдеріспен айналысады: сабақты түсіну, одан өзі үшін білім алу, белсенді өмірлік ұстаным дағдыларын қалыптастыру, жағдайды сыни тұрғыдан түсіну, шындықты табу, дұрыс шешім қабылдау. Мұғалім, шын мәнінде, оқытуды ұйымдастырушы және оның көшбасшысы. Таным процесі оқушының білімін танудан тұрады. Сабақта оқушылар жаңа білімді қабылдауға оң көңіл бөлетін қондырғы құрылады. Жаңа материалды зерделеуді бастау үшін мұғалім оқушылардың материалды қабылдауға қызығушылығын тудыратын қызықты фактіні "іске қосады".

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқытудың әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану-сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Қазіргі білім саласының алдына қойылған талаптар-оқушыларға білімді жан-жақты тереңдетіп беру. Мұндай жағдайда мұғалімнің алдында үлкен мәселе: оқушыны қалайша шаршатпай, енжарлыққа салдырмай терең білім

беруге болады? Осы тұрғыдан алып қарағанда оқыту үрдісінде ойын әдісін қолдану – бұл проблеманы шешудің бірден-бір жолы.

Оқушылардың білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын, білім алу, еңбек ету – адамның негізгі іскерлік қасиеттері. Ойын – әрқашан шағын білім, ол шағын білім бола отырып, баланы білім алуға еңбекке дайындайды. Ойын оқушының ойлау қабілетін арттырады, білім-білік дағдылары, пәнге деген қызығушылығы артып, білім сапасының көтерілуіне ықпал етеді. Басқа балаларға оның сөзі маңызды болып, соларға бағынады. Жарысу, уақыттың қысқалығы, бір-бірімен ақылдасу-барлығы пәнге қызығушылықты арттырады.

Егер химия сабағында: ойын элементтері жиі және жүйелі, берілген уақытты тиімді пайдаланса, тапсырма әр оқушының мүмкіндігіне қарай берілсе, күтілетін нәтиже: сабақта тұрақты белсенділік, қызығушылық пайда болады. Оқушы тұлға ретінде өзін көрсете біледі, оның іс-әрекеті өзінің қабілеті мен деңгейіне байланысты болады. Ойын арқылы бір-бірімен тез тіл табысады, жақсы ұғысады, бір-бірінен ептілікті сергектікті үйренеді. Оқушылардың химия пәніне қабілеттіліктері айқындалады.

Химия пәнін оқыту барысында («Сақина тастау», «Ақсүйек», «Теңге алу», «Көрші-көрші» т.б.), баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады.

1. **«Кім үздік болғысы келеді?» ойыны.** Ойында 10 сұрақ беріледі. №6 және №8 жанбайтын сұрақтар. Сұрақтар экранға шығады. Ойыншы 3 көмек алуына болады: сыныптасынан 50/50 және сынып оқушылары көмегі. 1-жанбайтын балл. Егер ойыншы оны алса – «3» деген баға алады. 2-жанбайтын. Оны алса ойыншы – «4» бағасын алады. Барлық сұраққа жауап берсе, «5» деген баға алады. Кез келген оқушы ойыншы бола алады. Мұғалім оқушылардың аты жазылған барлық карточкалар ішінен кез келгенін суырып алады, сол ойыншы болып табылады. Бұл ойынды бақылау жұмысы алдында, тоқсан аяғында жүргізуге болады. Сұрақтар тест түрінде болады, оқушылар сұрақ дайындауға қатысады.
2. **«Домино» ойыны.** Қағаз екіге бөлініп, біреуіне сұрақ немесе реакцияға түскен заттар, екіншісіне басқа сұрақтың жауабы немесе реакция өнімдері жазылады. Оқушылар сұраққа дұрыс жауап тауып, құрастыруы керек. Егер тапсырма дұрыс орындалса, қағаздың екінші жағында белгілі бір сурет немесе мақал-мәтел шығады.
3. **«Сақина салу» ойыны.** Бұл ойын белгісіз затты табуға арналған (8-сынып) ойын. (химиялық өзгерістер: $K \rightarrow K_2O \rightarrow KOH \rightarrow KI \rightarrow KCl \rightarrow AgCl$). Ойынға толық сынып қатысады, дидактикалық мақсаты: берілген жаттығуды тақтаға шығарып, сақинаны өзі қалаған оқушыға салады. Ойын осылайша жылдам түрде жалғасады. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Ойында балалар әрнәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады.
4. **«Көрші-көрші» ойынының мақсаты:** элемент валенттіліктерін есте сақтау. 8-сынып оқушыларына әрбіріне 25 элементті карточкаға жазып әкелу тапсырылады. Мұғалім 1-үйде тұратын элементтер бірқатарға жылдам

тұрсын дейді, 1 валентті элементтер жазылған карточкасы бар оқушылар алдыңғы қатарға шығады. 2-ші үйде тұратын -2 валентті элементтер, 3-үйде тұратын – 3 валентті элементтер т.б.

5. **Жұмбақ есептер.** Темір атомы қатысатын реакция тізбегін шеш, химиялық реакция теңдеулерін жаз. $56 \rightarrow 127 \rightarrow 90 \rightarrow 72 \rightarrow 56$ Жауабы:



6. **«Химиялық футбол».** Сынып екі топқа бөлінеді. Әр команда өздеріне командир /басшы/, 3-шабуылшы /нападающий/, 3 – қорғаушы /защита/, 3-жартылай қорғаныс /полузащита/ және қақпашы сайлайды. Әр команда бір — біріне өткен тақырыптар бойынша сұрақтар дайындайды. Бірінші сұрақ шабуылшыға беріледі, егер жауап болмаса жартылай қорғанысқа беріледі, егер ол да жауап бермесе қорғаушыға беріледі, ең соңында қақпашыға беріледі. Сұраққа жауап болмаса ұпай, яғни гол соғылды деп есептеледі. Осылай командалар алма кезек бір-біріне сұрақтар қояды. Сұраққа жауап аз берген команда жеңілген болып саналады. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді.

Химия пәні бойынша ойын типтері: жаттығу, танымдық, сюжеттік-рөлдік, шығармашылық т.б. болып бөлінеді, қолдану мақсатына қарай: білімді қабылдау мен бекіту кезінде, білімді белсенді меңгеруге оқушыларды ынталандыру үшін, білімді үйлестіру, өз бетінше білім алуға және оларды шығармашылықпен қолдануға ынталандыру үшін қолдануға болады.

Химия пәнін оқытуда жиі қолданылып жүрген рөлдік ойын түрлері: (іскер-ойын сабақ, КВН, сот-сабақ, интеллектуалдық ойындар т.б.), тренажер – ойындар (логикалық тізбек, жұмбақтар, хим-лото, хим-биллиард, хим-бизнес, «жұбын тап», «көрші-көрші», «артығын тап» т.б.) [3].

Іскер ойын жаңа материалды игерудің кешенді міндеттерін шешу үшін, материалды бекіту үшін, шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін, жалпы білімдік біліктілерді қалыптастыру үшін қолданыла отырып, оқушылардың оқу материалын әртүрлі тұрғыдан ұғынып сіңіруге мүмкіндік береді. Ойын арқылы оқыту технологиясының мазмұны кездейсоқ емес, оқу процесінде өтіліп жатқан сабақ тақырыбына тікелей байланысты болуы керек.

Проблемалық жағдай – бұл белгілі бір оқу міндеттерін орындау барысында туындаған қиындық немесе қарама-қайшылық, оны шешу үшін тек бар білім ғана емес, жаңа білім талап етіледі. Жағдайды бүкіл сабақ бойы немесе оның бір бөлігін шешуге болады.

- Мұғалім материалды проблемалық баяндау кезінде оқушылардың танымдық процесін басқарады, оқушылардың назарын оқитын құбылыстың қарама-қайшылығына аударатын және оларды ойлануға мәжбүр ететін сұрақтарды қояды. Мұғалім қойылған сұраққа жауап берер алдында, оқушылар өзі туралы жауап бере алады және оны мұғалімнің пікірімен салыстыра алады.
- Ауа құрамын зерттеу кезінде. Ауа құрамын тәжірибелік дәлелдеуді ойлаңыз. Бұған қалай кірісуге болады? Мысалы, мұғалім күкірттің немесе оттегінің аллотропиялық түрін көрсетеді және олардың неге мүмкін екендігін түсіндіруді ұсынады

- Белгілі теорияның негізінде гипотезаны құру, содан кейін оны тексеру. Мысалы, сірке қышқылы органикалық қышқыл ретінде қышқылдың жалпы қасиеттерін көрсетеді ме? Оқушылар болжам айтады, мұғалім эксперимент қояды, содан кейін теориялық түсініктеме береді.
- Ең сәтті табылған проблемалық жағдай деп оқушылардың өздері мәселені тұжырымдайтындай етіп есептеу керек. Мысалы, химиялық байланысты зерттей отырып, оқушылар өз бетімен проблема қоя алады - неге металдар атомдары металл емес химиялық реакцияға түседі?
- Неге электр өткізгіштікке зат ерітіндісін сынау кезінде аспаптың шамдары жанып кетті т.б

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері химия пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерттеу – мектепте химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерттей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

-зертханалық тәжірибелер;

-компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);

-анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры);

-интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Тесттік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз – тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулаларды, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула-химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді.

Қорыта айтқанда химия пәнінде жаңартылған оқу бағдарламасын қолдану барысында оқушылардың пәнге ынтасы, белсенділігі артып, іздемаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттерін дамытамыз. Сөйлеу, дұрыс сұрақ қоя білу, өз ойын сауатты, толық жеткізу дағдылары одан әрі жетілдіреміз, алған білімдерін өмірде тиімді қолдану арқылы функционалды сауатты ұрпақ тәрбиелеуге жол ашамыз. Олай болса, білімді дәл осылай қолдану арқылы оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береміз. Ежелгі грек материалисті, философ Демокрит айтқандай, «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі». Олай болса, жас ұрпаққа үйретері мол аға - ұрпақтың ісі өрге жүзіп, еңбектері үстем болсын дегім келеді. **Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.**

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аймауытұлы Ж. Комплекспен оқыту жолдары (Мұғалімдерге, қайталама курстарға, тәрбие техникумдарына көмек) Қазақ баспасы, 1929 жыл
2. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Химия» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 жыл
3. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118.
4. Интернет желісі.

МӘСЕЛЕЛІК (ПРОБЛЕМАЛЫҚ) ОҚЫТУДАҒЫ ХИМИЯЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ

**Түркістан қаласы. Ш.Ниязов атындағы жалпы орта мектебінің
химия пәні мұғалімі, магистр оқытушы
Н.Х.Убайдуллаева**

Қазіргі таңда мәселелік оқытуға ерекше назар аударуда. Мәселелік оқытуды түрліше ұйымдастыруға болады. Көп тараған екі жолы: проблемалық мәселелер қоя білу және проблемалық ситуация қоя білу. Проблемалық мәселелер жеңілдеу келеді, мұнда ойдан ой туғызудың қажеті жоқ. Ой түйіні шағын әрі өздігінен туады.

Білім сапасын арттыру үшін өзіне тән ерекшелігі бар проблемалы оқытуды кеңінен қолдануға болады. Мұндай оқыту түрінің ерекшеліктері төмендегідей:

1. проблемалы жағдай тудыру;
2. проблеманы түсіне білу;
3. проблеманы шешу үшін іздену (теориялық білімін жетілдіру, толықтыру, тереңдету);
4. проблеманы шешуге арналған іс –әрекеттер жасау (жоспар құру, әртүрлі

әдебиеттерді қарастыру, теориялық тұрғыдан негіздеу, практикалық тұрғыдан жасап көру және көз жеткізу) [2].


Мәселелік эксперимент оқушылардың таным қабілетін күшейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың ақыл-ой әрекетіне байланысты оқу жұмысының тәсілдерін де тез қалыптастыруға мүмкіндік береді [3].

Мәселелік эксперимент-қандай да бір зерттеу барысында мәселелік сұрақ болатыны белгілі. Мәселені шешу зерттеуші идеяларын алғашқы болжамдарын жасауға әкеліп соқтырады. Алғашқы болжамдардан кейін қалыптастыру гипотезасы процестері басталады. Алғашқы болжамдарды болжау, ішкі түйсіктердің формасы негізінде туындайды. Мәселелерді шешу мүмкіндігі идея іздеу терең творчестволық ізденіс, оның біркелкі шешімі болмайды. Алғашқы болжам да негізсіз болжам, ол ғылымды жинақтау, зерттеу факторларының жемісі. Келтірілген факторлардың, зерттеулер нәтижелерімен сәйкестендірілуі. Бұл жерде талқылау алғашқы ұсыныс гипотезасы негізгі болса, шындығында қысқаша болжамдар болуы тиіс. Егер айтылған болжамдар мақсатқа сай бақылау негізінде, эксперимент практикалық іс - әрекетіне пайда болса онда гипотеза дәлелденген болады. Осындай іс - әрекетін көрсететін ерітінділерде ион болатындығы туралы гипотезасы дәлелденген. Жетістіктерге жету негізінде сабақтарда химиялық экспериментті пайдалану [4].

Проблемалық ситуация келесі жағдайларда тууы мүмкін:

1. Оқушыларда бар білімдерімен байқаған жаңа фактілер мен құбылыстар арасында алшақтық болған кезде. Мысалы, оқушыларға негіздер қышқылдармен әрекеттесетіні белгілі. Алюминий гидроксидімен натрий гидроксидінің әрекеттесуі оқушы үшін күдік туғызады, себебі реакцияға суда ерімейтін негіз бен суда еритін негіз түседі.

2. Теориялық және практикалық білімдері арасында алшақтық болған кезде. Мысалы, су барлық заттар үшін еріткіш болып келген. Тұздардың суда еруі физикалық құбылыс деп келген, ал тұздар гидролизін талдағанда оқушылардың белгілі білімдеріне қайшы келеді [5]. Сондай-ақ, жалпы металдар қышқылдармен әрекеттескенде сутегі бөлінеді деген ұғым қалыптасқан. Бірақ бұл ұғым барлық металдарға қатысты емес. Осы мәселелік сұрақты шешу үшін мәселелік эксперимент жүргізе отырып оқушылардың көзін жеткізуге болады. Мысалы, активтілігі жоғары металдар қышқылдармен әрекеттескенде сутегі бөлінеді.



Ал сутегінен кейін орналасқан металдар қышқылдармен әрекеттескенде сутегі бөлінбейді. Мыс концентрленген күкірт қышқылымен әрекеттескенде мыс сульфаты, күкірт диоксиді және су түзіледі. Сутегі газы бөлінбейді:



Бекетов ашқан металдардың электрохимиялық кернеу қатары:


Li, K, Ca, Na, Mg, Al, Mn, Zn, Fe, Co, Ni, Sn, Pb, **H₂**, Cu, Hg, Ag, Au

Мәселелік тәжірибелерді жасау кезінде Ю.В. Суриннің [5] ұсынған көрнекілік тәжірибесі пайдалануға болады. Оқушылардың (HNO_3) азот қышқылы металдармен реакцияласу кезінде H_2 бөлінеді деп қателесетіндігі белгілі. Бұл қателікті проблемалық сипатта қарап тәжірибе жүргізуде дәлелдемені жоюға болады. Алдын ала мұғалім оқушыға азот қышқылының металмен әрекеттесуі туралы аз болжамдарын ұсынады. Оқушылар металдар барлық жағдайда H_2SO_4 , HCl сияқты HNO_3 да сутегін бөліп шығарады деп ойлайды. Оны дәлелдеу үшін мұғалім оқушыға зерттелетін жұмысын жүргізіп, қорытынды шығара білу мүмкіндігін ұсынады. Ол үшін - сынауықтағы тұз қышқылына мырыш түйірін салады. Реакция жүру нәтижесінде сутегі бөліне бастайды, үстіне 1 – 2 тамшы азот қышқылын құяды. Оқушылар сутегі газының бөлінуі тоқталғанын байқайды. Оқушыларда бірнеше сұрақ туындауы мүмкін.


1) Бақыланған құбылыстың өзгеруінің себебі неде?

2) Тұз қышқылына азот қышқылын құйғанда сутегінің бөлінуіне қалай әсер етеді?


Оқушылар өз болжамдарын айта бастайды. Олай болса оқушылар қышқылдың қасиетін біле отырып проблеманы шеше бастайды, себебі олар тотығу - тотықсыздану реакцияларымен таныс. Гипотезасы - бөлініп жатқан сутегі газы азот қышқылын тотықсыздандыра бастайды, себебі сутек бөлінген кезде өте күшті тотықсыздандырғыш болады. HNO_3 -ның тотықсыздану реакция теңдеуін оқушылар жаза бастайды:



Онан әрі бөлінген аммиак тұз қышқылын әрекеттесіп аммоний хлоридін түзіп, сутегі бөлінуін тоқтатады:



Осылай болатындығын ерітіндідегі аммоний иондары болатындығын эксперименттік тәжірибелер жасау арқылы дәлелдейді. Ол үшін мырыш түйірін азот қышқылының сұйылтылған ерітіндісіне құю тәжірибесі арқылы дәлелдейді:



Оқушылар осылайша гипотеза (болжам) жасап жауап бере алады. Оқушы эксперименттік тәжірибелер жасауда зерттеуші ролін атқарады.

Мақсаты:

- 1) Білімділігі;
- 2) Мақсат қоя білу;
- 3) Теориялық анализ жасау;
- 4) Болжам (гипотеза) жасай білу;
- 5) Болжамды эксперименттік тәжірибелер арқылы зерттеу жоспарын жүргізу;
- 6) Экспериментті жасау;
- 7) Нәтижені талдап, қорытынды шығара білу[3].

Оқушылардың келесі проблемалық тапсырманы орындау барысы.
Тапсырма: Барлық металдар қышқылдармен әрекеттесе ме, осы кезде барлық жағдайда сутек бөліне ме, зерттеу жүргізеді.

Тәжірибенің орыдалуы: Үш сынауыққа әр түрлі металдарды салыңыздар: біріншісіне – мырыш түйірін, екіншісіне- темір жаңқасын, үшіншісіне – мыс сымын. Барлық сынауыққа 1 мл-ден тұз қышқылының сұйылтылған ерітіндісін құйыңыздар. Не байқадыңыздар? Егер сынауықтардың бірінде реакция байқалмаса, онда оны жайлап қыздырыңыздар. Қай сынауықта сутек газы бөлінгенін дәлелдеңіздер.

Металдардың қышқылдарға қатысына жалпы қорытында жасаңдар. Сәйкес реакция теңдеулерін жазыңыздар [5].

Сарамандық жұмыстың «3.5 кестеге сәйкес» сынақ нәтижесін және «3.3 суретіне сәйкес» тәжірибені орындау кезеңін көруге болады.

Кесте 3.5 – Сарамандық жұмыс есебі

Металл	Химиялық реакция	Қорытынды
Zn	$Zn + 2HCl \rightarrow ZnCl_2 + H_2$	Бекетовтың металдардың электрохимиялық кернеу қатарындағы сутекке дейін тұрған металдар сутекті ығыстыра алады. Ал мыс сутекті ығыстыра алмайды.
Fe	$Fe + 2HCl \rightarrow FeCl_2 + H_2$	
Cu	$Cu + 2HCl \rightarrow$ реакция жүрмейді	



Сурет - 1 Тәжірибені орындау кезеңі

Міне осындай көптеген проблемалық ситуацияларды құрып, шешудің әр түрлі әдістері бар. Солардың бірі – химиялық эксперимент. Осы проблемаларды шешуге оқушыларды үйрету керек. Ол үшін мұғалім проблемалық ситуацияны өзі қояды, оған жауапты өзі іздестіріп шешеді. Кейінгі тапсырмаларды (проблемалық ситуацияларды) оқушылар қатыстырып шешеді. Оқушылардың білімі толыққан сайын, олардың дербестігі артып, ситуацияларды өздігінен шешеді [1].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Есеева Г.Б. Химиялық экспериментті жүргізу әдістемесі. –Орал, 2009ж. -Б.20-37.
2. Құрманәлиев М.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары: Оқу құралы. –Алматы: ИП Волкова 2009. –Б.29.
3. Мельникова Е. Л. Проблемное обучение // Первое сентября. - 2002 г.- №2. - с.2
4. Сурин Ю.В. Проблемный эксперимент как одна из форм химического эксперимента. // Химия в школе. -2010. -№10. -С.57-61.
5. Баксанский О. Е. Проблемное обучение: обоснование и реализация // Наука и школа. – 2000. -№ 1. – С.19-25.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ.

Айбекова Раушан Бектұрсынқызы

Түркістан қаласы. М.Шоқай атындағы №24 жалпы орта мектебі, химия пәні мұғалімі

Қазіргі заманауи жағдайындағы білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын, ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңда оқу орындарындағы білім берудің сапасымен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін ұстаздардың ғана жұмысы жемісті болмақ.

Тәуелсіздік алған жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі — білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты іс болып қала береді. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы талапқа орай ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекшелігі - оның сабақты түрлендіріп, оқушының жүрегіне жол таба білуі.


Нарық жағдайындағы оқытушыларға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби біліктілігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Біздің мектебіміздің оқытушылар құрамы жоғарыда аталған талаптарға сай қызмет атқаруға тырысып баруда.

Біздің оқу- әдістемелік процесте пәнішілік және пәнаралық байланыстарға үлкен көңіл аударылуда. Соңғысы берілген материалды (тақырыпты) әр түрлі тақырыптарға интеграциялауға мүмкіндік береді.

Интеграцияның горизонталды типі мектептегі білім алушылардың өздерінің білімдерін және дағдыларын бір материалды (тақырыпты) әр түрлі пәндерден меңгеруге ие болады.

Өзімнің педагогикалық тәжірибемде интеграциялық оқытудың бір түрін бинарлық сабақты «Химия» мен «Биология» пәндерінен сабақ өттім. Бұл бинарлық сабақ бір тақырыпты екі пәннен ұштастыруға мүмкіндік берді: «Металдарға жалпы сипаттама». Осы технологияны ашып беру үшін өзіме жоспар құрып алдым.

Кесте 1.



Мен оқытушы ретінде негізгі таңдаған технологиям интеграциялық технология болып табылады.

Интеграциялық технологияның мазмұны интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру.


Интеграция латын «integratio»-қалыптастыру, толықтыру, бөліктерді бүтін біріктіру, оларды біртұтас болатындай етіп қосу деген мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан қарастырғанда, кейбір пәндерге қатысы бар материалдарды белгілі бір пән ауқымында жеке өткеннен гөрі, оның мазмұны кең қамтылатындай етіп, интеграцияланып оқытылғаны тиімді.

Интеграциялау-материалды жан-жақты игерту, оқушылардың сабақта алған білімдерін өмірлік практикада қолдануда тиімді әдіс.

Интеграциялық технологияның формасын тәжірибе сабағында пәнаралық байланысты қалыптастырдым. Бұл бинарлық сабақ болып бір тақырыпты екі пәннен ұштастыруға мүмкіндік берді: «Металдардың жалпы сипаттамасы».

Кесте 2.

Интеграцияда қолданылатын пәнаралық байланыстың формасы



Сабақ барысында интеграциялық технологиямен қатар басқа педагогикалық технологияларды да қолдандым, олар:

- ✚ Сыни тұрғыдан оқыту технология;
- ✚ Интерактивті технология;
- ✚ Ақпараттық- коммуникациялық технология.

Белгіленген технологияны іске асыру мақсатында мына стратегияларды пайдаландым:

- ☒ Көрнекілік құралдарды қолдану арқылы түсіндіру;
- ☒ Фронтальді сұрау;
- ☒ Ғынталандыру;
- ☒ Тестілеу;
- ☒ Логикалық ойлау;
- ☒ Тірек схемаларын қолдану;
- ☒ Венн диаграммасын құрастыру;
- ☒ Бақылау арқылы бағалау және мадақтау әдістері;
- ☒ Теорияны тәжірибемен ұштастыру;

Заман ағымына сай күнделікті сабақта құрал жабдықтары:

- Мультимедиа (электрондық оқулықтар);
- Компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивтік тақта);
- Интернет, актив студио және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану

айтарлықтай нәтиже береді.

Ең алдымен, интерактивті тақтаны қолдану тиімділігін атап өтер болсақ:

- оқытушының жұмысын жеңілдетіп, оқушылардың қызығушылығын тудырады;
- уақытты тиімді қолдануға мүмкіндік береді: бір бетті жазып біткен соң келесі бетке көшуге және оны сақтап қойып, келесі сабақта қолдануға мүмкіндік бар.
- түрлі сызба жұмыстарын ондағы құралдарды тез алып, орындай қоюға болады.

Слайд-фильмдерді, буклеттерді, сабаққа арналған электрондық қосымшаны жасау- оқытушының кәсіби шеберлігін арттыратын шығармашылық процесс. Осы интерактивті тақта арқылы мен теориялық білімді презентация арқылы фронтальді сұрақтарды слайдтармен келтірдім, оқушының өзіндік жұмысына тәжірибелік дағдыларды орындауға тірек

схемаларды, Венн диаграммаларды, кластер толтыру, тест сұрақтарды ақпараттық ресурстар арқылы іске асырдым.

Бұл сабақтың жоспары бойынша металдардың химиялық қасиеттерімен қатар, биологиялық маңыздылығын зерттеп және ары қарай қан жасушаларын (эритроцит) зерттеп, қанның құрамында темір элементінің барын анықтау болатын.

Кесте 3. Химия және Биологиядан пәнаралық байланыстардың іске асырылуы және бағдары

Пәнаралық байланыстардың бағдары	Өзара байланысқан анықтамалардың мазмұны	
	Химия	Биология
<i>Жасушалық құрылымның жалпы түсінігі және салыстыруы</i>		
Жалпы сипаттама	Металдар жылтыр сұр түсті, электр тоғын және жылуды жақсы өткізеді	Эритроцит- ядросыз жасуша болып, қабығы және цитоплазмадан тұрады.
Түрлері	Темір элементі Fe - ferrum	Эритроциттің құрамында гемоглобин заты гем темір және глобин ақуызынан тұрады
Қасиеті	Электронын оңай береді, теріс зарядқа ие болады	Қандағы оттегіні тасымалдайды
Зерттеу әдісі	<i>Зерттеудің бірыңғай ғылыми әдістер</i> Стакан суға темір шегені салып қойсақ ол таттанады яғни коррозияға ұшырайды. Бұл тотығу реакцияның жүруін көрсетеді	Гемоглобинде түрлерін микроскоп арқылы зерттейді.

«Ғылым қалғып кетсе қараңғылық бас көтереді» дегендей, заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс жүргізу алдымызда отырған бала тәрбиесіне зор ықпал ететіні белгілі. Бұндай пәнаралық байланыс тәжірибелік дағдыларға жол ашып беруге мүмкіндік береді және оқушылардың білімге деген ой өрісі кеңейді деп ойлаймын.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Жубаева Жанар

Түлкібас ауданы, «Түркібасы» жалпы орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Қазіргі таңда оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін бағалаудың бір жолы – PISA халықаралық зерттеуі. Бұл зерттеу- Экономикалық

ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment

– PISA) болып табылады. PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және т.б. әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.

PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқу сауаттылығы, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Оқу сауаттылығы – адамның жазбаша мәтіндерді түсінуі және пайдалануы, ол туралы ойлану және өз мақсатына жету, өз білімі мен мүмкіндігін кеңейту, әлеуметтік өмірге қатысуға қол жеткізу үшін оқумен айналысу қабілеті.

Математикалық сауаттылық - адамның өзі өмір сүретін дүниедегі математиканың рөлін анықтап, түсіне алатын, жақсы негізделген математикалық пікір айтатын және жасампаз, мүдделі және ойлай білетін азаматқа тән, қазіргі және болашақтағы қажеттілікті қанағаттандыру үшін математиканы пайдалана алатын қабілеті.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – мәселелерді анықтау, қою және жаңа білімді игеру үшін, адамзат танымының формасы ретінде жаратылыстанудың негізгі ерекшеліктерін түсіну, жаратылыстану ғылымдары мен технология қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаларына әсер ететіндігінен хабардар екенін көрсету; жаратылыстануға байланысты проблемаларды қарастырған кезде белсенді азаматтық ұстанымын көрсету секілді жаратылыстану-ғылыми мәселелер жиынтығына байланысты қорытындылардың ғылыми дәлелдеріне негізделген жаратылыстану-ғылыми құбылыстарды түсіндіру үшін адамның жаратылыстану-ғылыми білімді игеру және қолдану қабілеті.

Зерттеу айналым бойынша (үш жылда бір рет) жүргізіледі. Әрбір айналымда функциялық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады. PISA бағдарламасының фокусында 2009 жылы оқу сауаттылығы болды. 2009 жылы Қазақстан PISA зерттеуіне бірінші рет қатысты. Зерттеуге 184 жалпы білім беру мектептері мен 16 колледж, кәсіби- техникалық колледждердің оқушылары қатысты. Осы жылы қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша **орта балы 1000 балдық межелік бойынша 390 балл құрады, бұл ЭЫДҰ елдері бойынша орташа балдан (493 балл) статистикалық тұрғыдан төмен.** Сонымен еліміз 65 елдің ішінде 59 орынды

иемденді.

PISA зерттеулерінің нәтижелері қазақстандық оқушылардың төмендегі бірқатар маңызды біліктерінің төмендігін дәлелдейді:

қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін дәл пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларда бағдар алуға әзір қазақстандық оқушылардың үлесі - *оқу сауаттылығын* зерттеуге қатысушылар санының 5%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 28,6%);

1) нақты бір жағдай үшін нақты модельдермен тиімді жұмыс жасауға, әртүрлі тапсырмаларды дамыту мен кіріктіруге әзір қазақстандық оқушылардың үлесі – *математикалық сауаттылықты* зерттеуге қатысушылар санының 4,2%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 16% қатысушы);

2) жаратылыстану ғылымдарының рөлі туралы қорытынды жасауды талап ететін тиімді жұмыс жасауға, әртүрлі жаратылыстану пәндерінен түсініктемелерді таңдауға және біріктіруге, осы түсініктерді

өмірлік жағдаяттарға тікелей қолдануға дайын қазақстандық оқушылардың үлесі - *жаратылыстану ғылыми сауаттылығын* зерттеуге қатысушылар санының 3,6%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 20,5%). 2012 жылы PISA - 2012 нәтижелері ЭЫДҰ тарапынан қарастырылып, 65 мемлекет қатысуымен Қазақстан Республикасы

математика бойынша- 49, ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша - 52, ал оқу сауаттылығы бойынша 63-орынды иеленгені белгілі болды. Еліміздің төменгі деңгейде болуы білім беру жүйесіндегі талаптарды өзгертуге, стандарт талаптарын қайта қарауға итермелейтіні сөзсіз. Ол үшін білім саласының мамандарына жоғары білімді берумен қатар, оқушылардың ой-өрісін дамытуға, логикалық ойлануға, сыни көзқарас қалыптастыра отырып, функционалдық сауаттылыққа баулу құзыреттіліктерін қалыптастыруды міндеттейді.

Сонымен, Қазақстанның PISA халықаралық салыстырмалық зерттеулеріне қатысу нәтижесі республикадағы жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің мықты пәндік білім беретіндігін, бірақ оны нақты өмірдегі жағдайларда пайдалануға үйретпейтіндігін көрсетеді.

Мұғалімдер логикалық, сыни және конструктивті ойлау негіздері қалыптастырудың тиімді әдістерін жеткілікті деңгейде білмейтіндері аңғарылады.

Осыған орай PISA зерттеулерінің әдісімен тест тапсырмаларын құрудағы қиындықтарды анықтау үшін оқушылардың төмен нәтиже беруінің себептерін қарастыру керек, ол тестілеудің басқа формасының кездесуі, раммалар, кестелер, сызбалар мен карталардан тұратын іскерлік стильдегі мәтіндермен жұмыс жасай алмауы.

Ал Қазақстандық мектептердегі оқушылардың әртүрлі мазмұндағы, форматтағы мәтіндерді түсінуде және оларға рефлексия жасауда практикалық дағдыларды қалыптастыру мәселелері дұрыс жолға қойылмаған.

Отандық бағдарламалардағы оқу түсініктері PISA тапсырмаларында кездесетін зерттеудегі мәтіндермен сәйкес келмейді. Бұл оқушыларға тек

теориялық мәліметтерді ғана беріп қоймай, өз білімдерін қазіргі өмір жағдайларына қалай пайдаланатынын түсінуі қарастырылады.

Зерттеулер көрсеткендей, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы бойынша алынған нәтижелерді күнделікті өмірде шынайы жағдайларда пайдалану үшін ғылыми жаратылыстанудың негізгі ұғымдарына назар аудару, алған ақпаратты сыни бағалау, болжамдар жасау, өзіндік көзқарастарын негіздей білу қажет болды.

PISA зерттеулерінің әдісімен құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды құрудағы қиындықтарды **шешу жолдары ретінде мына мәселелерді атап өткен жөн:**

1. Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі синтез, анализ, бағалауға мән беру.
2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу.
3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 минут сайын жағдаятты өзгертіп отыру.
4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту.
5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

Осы іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады. Ол үшін мұғалімдердің жан-жақтылығы, шығармашылығы, білімі жоғары деңгейде болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Perkins, D. (1995). Outsmarting IQ: the emerging science of learnable intelligence [Ақыл-ой дамуының коэффициентінің тестілеуін алдау: білім алушы интеллектінің даму ғылымы]. New York: Free Press.
2. PISA халықаралық зерттеуінің тест тапсырмаларының үлгілері, Астана 2014

Мектеп оқушыларын халықаралық салыстырмалық зерттеулерге PISA тапсырмаларын дайындаудың тиімді жолдары

Спанова Шарипа Жасұзаққызы

Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің химия-биология пәні әдіскері

Елжанова Дина Ертілеуовна - «Мырзакент» мектеп-

гимназиясының химия пәні мұғалімі

15 жастағы оқушылардың білімін тексеруге арналған халықаралық тестілеу үш жылда бір рет өткізіледі және оқушылардың білім алудағы жетістіктерін бағалайды. 2021 жылғы PISA зерттеуінің негізгі бағыты математикалық сауаттылық болады.

PISA-2018 рейтингінде Қазақстан жаратылыстану ғылымдары бойынша 397 балл алған (69-орын). Бұл нәтижелер 2015 жылмен салыстырғанда төменірек. Сондықтан біз оқыту әдіс-тәсілдері мен түрлерін қайта қарау, сондай-ақ күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес сабақ жоспарлауға енгізу үшін, өткен жылдардағы зерттеулердің тапсырмаларын терең зерделеу қажет болады.

Креативтілік ақыл-ой қабілеті немесе оқуға қабілеттілік сияқты адамның бойында бар немесе жоқ деп кесіп айтатындай туа біткен қасиет емес. Оны дамытуға болады, сондықтан оқушыларды креативті болуға үйретуге болады.[1]









Оқушылар алған білімдерін өмірде қолдануға болатынын түсінген кезде, олардың оқуға және меңгерген білімдерін шығармашылықпен пайдалануға ішкі мотивациясы арта түседі.


2021 жылы өткізілетін PISA аясында креативті ойлауды бағалау баланың туғаннан берілген талантының маңыздылығынан гөрі және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға көбірек көңіл бөлуге бағытталатын болады (мысалы, отбасылық фотосуреттерді альбомда шығармашылықпен орналастыру; қолда бар азық-түлікпен дәмді тағам дайындау; жұмысты жоспарлаумен байланысты күрделі проблеманың шығармашылық шешімін табу). Мұндай нәтижеге шығармашылық ойлаумен айналысатын барлық адамдар қол жеткізе алады. Креативті ойлаудың бұл түрін креативті жазу немесе өнер сияқты өзінің ішкі ой сезімін білдіруді қажет ететін оқу мәнмәтінінде ғана емес, сонымен қатар идеяларды құру белгілі бір мәселелерді, жалпы тұтас қоғамның проблемаларын зерттеу үшін функционал болып табылатын басқа да салаларда қолдануға болады.

Өз сабақтарымда PISA тапсырмаларын қолданамын, оқушылар тек химияны ғана емес сонымен қатар биология, физика, жаратылыстану математика және т.б. пәндердегі білімін шыңдай түседі және PISA тапсырмалары тек бір пән бойынша ғана емес бірнеше пәннің байланысы бар екенін түсініп, терең ізденісте болады.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 10.4С Спирттер	Мектеп: №1 «Мырзакент» мектеп - гимназиясы	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 10	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Этил спиртіні өнеркәсіптік өндіру. Көрсетілім №2 «Глюкозаны ашыту арқылы этил спиртіні алу»	

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	10.4.2.33 Этанолды этиленді гидратациялау және глюкозаны ашыту арқылы алу реакциясының теңдеулерін құрастыру	
Сабақ мақсаттары	<p>Барлық оқушылар:Этанолды өнеркәсіптік өндіру жолдарын атап айтады, гидратация және ашу реакцияларын білу.</p> <p>Оқушылардың басым бөлігі:Этанолды өнеркәсіптік өндіру әдістерінің реакцияларын жаза алу.</p> <p>Кейбір оқушылар:Этанолды өндірісте және зертханада алу жолдарының ерекшеліктерін атау, салыстыру және талдау.</p>	
Бағалау критерийлері	<p>Білім алушы:</p> <p>.Этиленді гидратациялау арқылы этанол алу теңдеуін құрастыра алады.</p> <p>.Глюкозаны ашыту арқылы этил спиртіні алу реакциясының теңдеулерін құрастыра алады.</p>	
Ойлау дағдылары	Білу, түсіну және қолдану, жоғары деңгей	
Тілдік мақсаттар	<p>Сабақ барысында тақырыптың мазмұнына байланысты қажетті ұғымдар қолданылады</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Этил спирті, ашыту, ферменттер, гидратациялау, синтез, силикагель, этилен, өршіткі т.б.</p> <p>Диалог/ жазылым үшін қолданылатын сөз тіркестері: Өндірісте этанолды әртүрлі әдістермен алады. Глюкозаны және этиленді арқылы алу әдісі жетілдірілген әдіс болып саналады. Глюкозаны ашыту арқылы алған спирт болады. Бірақ этил спиртіні бұл әдіспен алу тағамдық өнімдердің жұмсауды қажет етеді.</p>	
Құндылықтарға баулу	<ul style="list-style-type: none"> - Зайырлы қоғам және жоғары руханият; - Өмір бойы оқуға баулу, денсаулықты сақтау, гигиеналық ережелерді ұстану; - Қарым-қатынас жасау қабілеті; 	
Пәнаралық байланыстар	Биология, физика.	
Алдыңғы білім	9.4.3.19 спирттердің жіктелуін , метанол мен этанолдың қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспар-ланған	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурста

кезендері		р																											
<p>Сабақтың басы 8 мин</p>	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі. а) оқушылармен амандасу, түгелдеу, ынтымақтастық атмосфера орнату. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында «Ақ тілек» сергіту сәтін өткіземін. Оқушылар кезекпен бір – біріне жылы лебіздерін білдіріп, бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. Топқа бөлу. «Атом-молекула» әдісі. Оқушылар атом боламыз дегенде жеке дара үздіксіз қозғалады, ал молекула боламыз дегенде бірігеді. Мұғалім 5 атомнан құралатын молекула боламыз дегенде, 5 оқушы бірігеді, 6-дан молекула боламыз, 6 оқушы бірігеді т.с.с. Оқушылар 6-дан біріккен кезде топ құрады. Үй тапсырмасын сұрау. «Сәйкестендіру» әдісі. Жеке жұмыс.</p> <table border="1" data-bbox="488 871 1321 1700"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Сұрақтар</th> <th>Жауаптар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td>Этиленгликоль</td> <td>Лавсан</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>$C_3H_5(OH)_3$</td> <td>$Cu(OH)_2$</td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>Көпатомды спирттерге сапалық реагент....</td> <td>Глицерин</td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>.... медицинада қантамырларын кеңейткіш ретінде пайдаланылады</td> <td>$C_2H_4(OH)_2$</td> </tr> <tr> <td>5</td> <td>Этиленгликоль өндіруде қолданылады</td> <td>Біратомды спирттерге</td> </tr> <tr> <td>6</td> <td>Көпатомды спирттер химиялық қасиеттері жағынан ұқсас болады</td> <td>Нитроглицериннің 1□-дық ерітіндісі мен таблеткалары</td> </tr> <tr> <td>7</td> <td>Пропантриол</td> <td></td> </tr> <tr> <td>8</td> <td>Этандиол</td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор: кестедегі сұрақтарды жауаптарымен сәйкестендіреді. ҚБ. «Өзара бағалау» әдісі. Жаңа сабақ Ширату жаттығуы: «Суреттер: Не болды?» оқушыларға слайд арқылы сурет көрсетем. Мұғалім(М), оқушылар(О) -М: оқушылар мына сурет не бейнеленген, не үшін қолданамыз</p>	№	Сұрақтар	Жауаптар	1	Этиленгликоль	Лавсан	2	$C_3H_5(OH)_3$	$Cu(OH)_2$	3	Көпатомды спирттерге сапалық реагент....	Глицерин	4 медицинада қантамырларын кеңейткіш ретінде пайдаланылады	$C_2H_4(OH)_2$	5	Этиленгликоль өндіруде қолданылады	Біратомды спирттерге	6	Көпатомды спирттер химиялық қасиеттері жағынан ұқсас болады	Нитроглицериннің 1□-дық ерітіндісі мен таблеткалары	7	Пропантриол		8	Этандиол		<p style="text-align: center;"></p> <p style="text-align: center;"></p> <p style="text-align: center;">Сәйкестендіру кестесі</p>
№	Сұрақтар	Жауаптар																											
1	Этиленгликоль	Лавсан																											
2	$C_3H_5(OH)_3$	$Cu(OH)_2$																											
3	Көпатомды спирттерге сапалық реагент....	Глицерин																											
4 медицинада қантамырларын кеңейткіш ретінде пайдаланылады	$C_2H_4(OH)_2$																											
5	Этиленгликоль өндіруде қолданылады	Біратомды спирттерге																											
6	Көпатомды спирттер химиялық қасиеттері жағынан ұқсас болады	Нитроглицериннің 1□-дық ерітіндісі мен таблеткалары																											
7	Пропантриол																												
8	Этандиол																												

	<p>-О:Этил спирті, ине егкенде қолданамыз. -М: келесі суретте нені өндіру сызбанұсқасы? - О: Этанолдың өндірістік сызбанұсқасы бейнеленген. -М: Иә, дұрыс айтасыңдар, сонда бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай? -О: Этил спирті өнеркәсіптік өндіру – деп жауап береді</p>  <p>1-тапсырма «Қазына іздеу жолында» әдісі. (Жұптық жұмыс) $C_2H_5OH \xrightarrow{C12 \text{ жарық}} A$ $OH-, H_2O \xrightarrow{KOH, \text{этил спирті, жылу}} B \xrightarrow{H_2O, H_3PO_4 \text{ (кат), жылу}} C$ C_2H_5OH</p> <p>Дескриптор: Айналымды жүзеге асыру арқылы этанол алу реакциясын жазады. ҚБ. «Стикер» әдісі.</p>	<p>Сурет Этил спирті Слайд</p> <p>Тақта мен жұмыс</p> <p>Слайд</p>
<p>Сабақтың ортасы 20 мин</p>	<p>2- тапсырма «Джигсо»әдісі. Топтық жұмыс I-топ: Глюкозаның ашу процесі дегеніміз не? Ол қандай жағдайда өтеді? II-топ: Глюкоза ағзада ашу процесіне ұшырайды. Ашу процесінің теңдеуін құрастырыңыз. III-топ: Глюкозаның ағза үшін қандай маңызы бар? Дескриптор: 1. Ашу процесінің мағынасын айтады және қалай өтетінін тұжырымдайды. 2. Глюкозаның ағзада ашу процесінің теңдеуін құрастырады. 3. Глюкозаның ағза үшін маңызын сипаттайды ҚБ. «Бағдаршам» әдісі. 3-тапсырма «Миға шабуыл» әдісі. (Топпен жұмыс) Дескриптор: Әр топ бейнефильм бойынша ой тұжырымдайды. ҚБ. «Бұрыштар» әдісі. 4-тапсырма PISA тапсырмалары (Топтық жұмыс) Мына мәтінді тиянақты оқып, төмендегі берілген сұрақтарға жауап бер.</p>	<p>Білімланд порталы https://bilimland.kz/kk/subject/ximiya/11-synyp/biratomdy</p>

	<p>А Аспазшы 1 мен 2 тәжірибені салыстыруы керек В Аспазшы 1 мен 3 тәжірибені салыстыруы керек С Аспазшы 2 мен 4 тәжірибені салыстыруы керек D Аспазшы 3 мен 4 тәжірибені салыстыруы керек</p> <p>Сұрақ 3: НАНҒА АРНАЛҒАН ҚАМЫР Химиялық реакция нәтижесінде қамырдағы ашытқы крахмал мен қантты көмірқышқыл газ бен спиртке айналдырады. Көмірқышқыл газ бен спирттің құрамындағы көміртек атомы қайдан пайда болады? Төменде келтірілген мүмкін пайымдауларды әр қатардан «Иә» немесе «Жоқ» деп айналдыра сызыңыз.</p> <p>Сұрақ 4: НАНҒА АРНАЛҒАН ҚАМЫР Ашытқан қамырды пешке салғанда, газ және</p>									
	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="475 869 1123 1003">Көміртек атомының пайда болуына келесі пайымдаулар дұрыс па?</td> <td data-bbox="1123 869 1321 1003">Иә немесе Жоқ</td> </tr> <tr> <td data-bbox="475 1003 1123 1088">Кейбір көміртек атомдары қанттан шығады.</td> <td data-bbox="1123 1003 1321 1088">Иә / Жоқ</td> </tr> <tr> <td data-bbox="475 1088 1123 1218">Кейбір көміртек атомдары тұз молекулаларының құрамына кіреді.</td> <td data-bbox="1123 1088 1321 1218">Иә / Жоқ</td> </tr> <tr> <td data-bbox="475 1218 1123 1303">Кейбір көміртек атомдары судан шығады</td> <td data-bbox="1123 1218 1321 1303">Иә / Жоқ</td> </tr> </table> <p>бу көпіршіктері қамырда ұлғая бастайды. Неліктен жылытқанда газ бен бу ұлғаяды?</p> <p>А Олардың молекулалары көбейеді В Олардың молекулалары жылдамырақ қозғалады С Молекулалар саны көбейеді D Олардың молекулалары сирек соқтығысады</p> <p>Дескриптор: Қамыр ашығанда этил спирті пайда болатынын пайымдайды. Глюкозаны ашыту арқылы этил спиртіні алу реакциясының теңдеулерін құрастыра алады. ҚБ «Ұшақ» әдісі.</p>	Көміртек атомының пайда болуына келесі пайымдаулар дұрыс па?	Иә немесе Жоқ	Кейбір көміртек атомдары қанттан шығады.	Иә / Жоқ	Кейбір көміртек атомдары тұз молекулаларының құрамына кіреді.	Иә / Жоқ	Кейбір көміртек атомдары судан шығады	Иә / Жоқ	
Көміртек атомының пайда болуына келесі пайымдаулар дұрыс па?	Иә немесе Жоқ									
Кейбір көміртек атомдары қанттан шығады.	Иә / Жоқ									
Кейбір көміртек атомдары тұз молекулаларының құрамына кіреді.	Иә / Жоқ									
Кейбір көміртек атомдары судан шығады	Иә / Жоқ									
<p>Сабақтың соңы 12 мин</p>	<p>Бекіту жаттығулары « Тізбектен не түсіп қалған?» әдісі. (Жеке жұмыс)</p> <p>1.Этил спиртіні қантты заттардың ашуынан түзілген айдау арқылы алады. 2.Глюкозаны ашыту арқылы алған спирт</p>	<p>Слайд</p>								

<p>Үйге тапсырма</p>	<p>болады және қолданылады. 3.Өндірісте глюкозадан алынған спирт бізге тиімсіз және оның орнына өндірісте әдіс қолданылады? 4.Спиртті алудың мейлінше жетілдірілген әдіс болып табылады. 5.Этиленді гидратациялаудың оңтайлы жағдайлары ..., .., .., ... қолдану болып табылады. ҚБ «Күту уақыты» әдісі Этил спиртінің өнеркәсіптік өндіру</p> <p style="text-align: center;">Кері байланыс</p> <p style="text-align: center;">Білдім Түсіндім Түсінбедім</p> <div style="text-align: center;">  </div>	<p>Гүл бейнесі бар парақша</p>
<p>Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Perkins, D. (1995). Outsmarting IQ: the emerging science of learnable intelligence [Ақыл-ой дамуының коэффициентінің тестілеуін алдау: білім алушы интеллектінің даму ғылымы]. New York: Free Press.
2. .PISA халықаралық зерттеуінің тест тапсырмаларының үлгілері, Астана 2014

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА МҰҒАЛІМНІҢ НЕГІЗГІ РӨЛІ

Бәкір Тамара Бахрамқызы
bakir.@ mail.ru

Ордабасы аудандық білім бөлімінің химия-биология пәні әдіскері
Бурисова Рахима Нарзилдаевна

«Атамекен» жалпы орта мектебінің химия пәні мұғалімі, химия магистрі
020680r@mail.ru

ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы 2020жылдың 27 шілдесінен ҚР педагогтарына арналған «Қашықтан оқытуды үйренемін»

асинхронды оқыту курсы өткізген болатын. Осы аталған курсты Ордабасы ауданының педагогтары және әдіскерлері оқып, сертификатталды.

Бұл курстың ерекшелігі, курс 5 модульді қамтыған.

1. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері
2. Оқушыларды оқу үдерісіне тарту
3. АКТ құралдары
4. Кәсіби серіктестік
5. Ата-аналарды педагогикалық қолдау [1].

Әр бөлім бойынша тапсырмалар өте жүйелі, түсінікті тілде берілген, соңында сұрақтарға жауап беру, өз пікіріңізді жазып қалдыру арқылы тәжірибеңізді толықтырасыз. Шын мәнінде, өткен 2019-2020 оқу жылындағы 4-тоқсанда қашықтан оқыту барысында туындаған мәселелердің, қиындықтардың шешімін осы курстағы әдістерді қолдану арқылы табуға болады. Оқушылармен қашықтан оқытуда іске асыруға болатын жағдайларды, атап айтқанда, оқушылармен қалай жұмыс жасау, ата-аналармен қалай байланыс жасауды ұйымдастыру, кәсіби қоғамдастық құрудың тиімділігі, кері байланыстың оқушыға ықпалы, күнделікті сабақ жоспарын құру үлгісі, ескертпе плакат, табыс парағы, бағалау, АКТ құралдарының түрлерімен жұмыс жасау тиімділігі т.б. қарастырылған. 5 модульдің барлығын оқи отырып құнды мағлұматтар алдық, сонымен қатар, 2020-2021 оқу жылына қашықтан оқыту үшін жүйелі жоспар құруға үлкен көмегі тиді.

2020-2021 оқу жылы жаңа бағытта, әртүрлі форматта басталды. 3-тоқсаннан бастап, бітіруші сыныптар (9,11-сыныптар) және 5-сыныптар штаттық режимде сабақтарын жалғастыруда. Дегенмен, қашықтан оқыту да өз жалғасын табуда. 6, 7, 8, 10-сыныптар сабақтарын қашықтан оқыту форматында өтіп жатыр.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың 2 түрлі формасы арқылы сабақтарды жүзеге асыруға болады. Синхронды (ZOOM, Teams, Google Meet), асинхронды (BilimLand, Kundelik kz, Darin online). Осы екі форматта сабақ өтіп, вебинар, ZOOM арқылы аудандық, облыстық пән әдіскерлерінің семинарлары мен тренингтеріне қатысып, тәжірибе алмасуда мұғалімнің рөлі орасан. Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі, күрделі мәселелерді жүзеге асыру арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруда мұғалімнің жүйелі жұмыс жасауы бірінші кезектегі мәселе. Осы жүйе бойынша қашықтан оқытуды әрбір мұғалім жүйелі түрде жоспарласа оқушылардың білім сапасын арттыруға септігі тиеді деген ойдамыз. Сондықтан да мұғалім ең алдымен мына төмендегі қадамдарды ретімен орындағаны абзал деген оймен өзіміздің практикада қолданған іс-әрекетімізді ұсынып отырмыз.

1. Дайындығы

Ең алдымен, сіз оқушылардың қашықтан оқытудың сыныптағыдай маңызды екендігіне көз жеткізуіңіз керек, бірақ, сіздің араңызда қашықтық болады, оқушылар материалды өз бетінше зерделеуге көз жеткізіңіз, бақылау олардың онлайн тапсырмаларын бағалау арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларға материалды игеруге және тапсырмаларды орындауға арналған уақытты нақты анықтаңыз. Сізден басқа да онлайн түрінде сабақтары бар екенін ұмытпаңыз, сондықтан да оқушыларға оқу материалдарының көп етіп жүктемеуге тырысыңыз. Қашықтан оқыту сабағында мұғалімнің қатысып

отырғанын сезіну үшін дауыс мәнері, бейнесабактарда бет-жүзіңіздің анық болуы, бөлмеңізде артық заттың болмауын қадағалау керек.

2. Оқу платформасын таңдауы

Өте маңызды сәт. Материалды игеру сапасы білім мазмұны бар платформаға байланысты. Оқушыларға тақырыпқа қатысты әртүрлі интернет-ресурстарға сілтемелер жасай аласыз. Сонымен қатар мәтіндер мен тест формаларын өзіңіз жасай аласыз. Егер сіз оқушыларды экранға жинай отырып, онлайн режимде сабақ өткізгіңіз келсе, сіз онлайн-веб-жүйелерді немесе онлайн журнал функциясын пайдаланып, жұмыс үстелін көрсетумен онлайн сабақтар өткізе аласыз. Оқу платформалары: BilimLand, Kundelik kz , Darin online. Бізде Ордабасы ауданы бойынша BilimLand және Kundelik kz платформасы бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді, әрі, тақырыптары өте түсінікті етіп жасалған. Егер сіз синхронды оқу режимін таңдасаңыз желі байланысы жақсы болса ZOOM-мен сабақ жүргізсеңіз өте тиімді.

3. Кері байланыс

Қашықтан оқыту кезінде оқушылармен байланыс ең маңыздысы болып табылады. Тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарына толық қол жетімді болуын үнемі бақылау қажет. Электрондық күнделікте топтық хабарламаларды жазып отырған дұрыс. Сонымен қатар, оқушыларға ең тиімді Whatsapp және т.б. әлеуметтік желілер арқылы оқушылармен сабақ жайлы кері байланыс алып отыруға болады. Сабақ кестесіндегі сабақты үнемі ескертіп отырған абзал, себебі, оқушы мектепте болмаған соң, сабаққа қатыспауы да мүмкін, химиядан BilimLand-гі түсінбеген тапсырмаларды Whatsapp арқылы талдауға да болады. Тексеруге қажетті есеп, тапсырмаларды кешіктірмей қалыптастырушы бағалау жүргізу керек, оқушылардан келген маңызды сұрақ, түсінбеген есептерге дер кезінде жауап берген дұрыс, әйтпесе, оқушылардың ынтасы жоғалады. Сонымен қатар, мотивация беретін көңіл-күй сыйлаңыз, «Масқара, не деген, сұмдық» деген сөздердің орнына ынталанлдыру, қолдау көрсететін сөздер жазған дұрыс.

4. Сабақ

Қашықтан сабақта дидактикалық бөлімі мектептегі сабақпен бірдей болатынын есте сақтау қажет, атап айтқанда:

а) Ұйымдастыру сәті және міндеттер мен мақсаттардың құрылымы-оқушыларға материалдарды игеру уақыты, сабақ кестесі және т.б. нақты тапсырмалармен анықталады.

ә) Үй тапсырмасын тексеру-оқушылардың жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жалпы шолу, қиын есептерді түсіндіру т.б.

б) Білімнің өзектілігі-жаңа материалды, бейнероликтерді оқу тапсырмасын оқуға деген ынтасын арттыру үшін түрлі әдістерді қолдану [2].

в) Жаңа білімді игеру- бұл жалпыға қол жетімді ресурстарға орналастырылған (бізде BilimLand платформасы) білім беру порталдарының немесе мұғалімнің әзірлеген ресурстарын пайдалану. Алайда, оқушыларға жаңа материалды өз бетінше зерттеу алдында міндеттер нақты қойылуы керек. Сабақты ZOOM арқылы өткізген кезде оқушылар жалпы залда демонстрация жасау арқылы жасаған жұмыстарын көрсете алады, ал, топқа бөлгенде кіші залдарға 4,5

оқушыдан бөліп, олардың не жайында талқылып жатқанын сыртынан бақылау аласыз.

Қашықтан оқытудағы топтық жұмыс

Жоба	Күрделі тапсырма	Зерттеу
Белгілі бір бөлімді өткенде	Шешімі күрделі есептер, 3-6 оқушымен бірлескен жұмыс	3-4 оқушының зерттеу нәтижелерін, химия пәнінен зертханалық, сарамандық жұмыстарды талдау, талқылау
оқушының жұмыс жүргізуі, берілген тапсырмалары	жұмыс үйге жоба	

г) Сабақты меңгеру және жіберген қателерді талдау және түзету-тесттер, тапсырмаларды уақытылы тексеруді және оқушыларға олардың жетістіктері мен қателіктері туралы топта немесе жеке ақпарат беріп отыру керек.

ғ) Үй тапсырмасы және кері байланыс, рефлексия- осы қадамды жасағанда өте абай болу керек, себебі, сіздің сабақтан басқа да сабақтардан үй тапсырмасы беріледі, сондықтан нақты, ниянақты және көп емес тапсырма беруге дағдыланған дұрыс.

Интерактивтілік.

Қашықтан оқыту кезінде топта пікірталас ұйымдастыра аламыз. Жаңа материалдар мен тапсырмаларды орындау кезінде сөйлесе алу үшін осы мақсатта білім беру порталын (BilimLand арқылы) таңдау керек немесе хабар алмасу, не болмаса чат арқылы сапалы кері байланыс құру керек. Топта орындау үшін бірнеше тапсырмаларды сапалы жасауға –жалпы жоба, рөлдерді бөліп беру арқылы күрделі тапсырма және т.б. Мұның бәрі ашық құжаттардың, вебинарлардың, желілік ресурстардың заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Ата-анамен байланысы

Оқушылардың қашықтан оқыту кезінде ата-аналарымен тығыз байланыс орнатқаны дұрыс. Себебі, үй жағдайында баласы сабақ оқуға дайын ба, сонымен қатар ата-анаға көмек ретінде күнделікті баласына сабақ оқуына ыңғайлы болу үшін арнайы кесте жасап беруге де болады

1. Күн тәртібін құру

Ұйқы, тамақтану, сабақ уақытын жоспарлау, өз бетінше оқу уақытын белгілеу;

2. Мұғаліммен кері байланыста болу

Материалды меңгеруде қиындыққа тап болсаңыз сынып жетекшісімен және пән мұғалімімен хабарласу

3. Оқуға жағдай жасау

Сабақ оқитын орын ыңғайлы, тыныш болу керек, артық зат болмау керек.

4. Тапсырмалардың орындалуын қадағалау

Үй жұмысын орындауда бақылауда ұстау керек, басқа іспен айналасып отырмауын қадағалау керек.

5. Балаларға барынша қолдау көрсету

Кеңес беріп, балаңызбен пікір алмасу, оқу барысында қиындықтар мен жетістіктер туралы сөйлесіп отыру керек.

Сонымен қатар, қашықтан оқыту кезінде мұғалімнің негізгі қызметі қалыптастырушы бағалау, БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын жүйелі құрастыру болып табылады. Химия пәнінен бағалау тапсырмаларын әзірлеудің нақты қадамдарын ұсынамыз:

Тапсырманы әзірлеудің **1-қадамында** оқу мақсаттарына талдау жасалынады.

- қандай пәндік білім-біліктер мен пән үсті дағдылар күтілетін нәтижелер ретінде қарастырылады?
- нені бағалау керек?

Тапсырма әзірлеудің **2-қадамы** - оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарының негізінде *бағалау критерийлерін құрастыру*

Тапсырма әзірлеудің **3-қадамында**, тапсырмаларды саралауды қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін *ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкестендіру* қажет

Тапсырма әзірлеудің **4-қадамы**- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес *тапсырмаларды әзірлеу*

Тапсырма әзірлеудің **5-қадамында** әр тапсырмаға *дескрипторлар құрастырылады*.

БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын құрастыруға бағыттаушы құралдар ретінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар мен жиынтық бағалауға арналған спецификацияға сүйеніп тапсырмаларды құрастыру керек. BilimLand платформасында осы қадамдар арқылы құрастырып, әр тоқсанда оқушыларға ұсынып отырдық.

Қорыта келгенде, қашықтан оқыту оқушыдан түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуді талап етеді, яғни мұғалім сабақты түсіндіру үшін сөйлеу уақыты да қысқаруы тиіс. Осы тұста педагогикасы мықты мұғалімнің шеберлігі айқын байқалады. Оқушыға бағыт беруші мұғалім, түрлі мультимедия, визуалды құралдар, бейне, аудиожазбалар мұғалімнің монологымен жасалады, сондықтан да оқушылардың білім сапасын арттыруда мұғалімнің ролі орасан зор. Әрине, бұл жағдайды ұтымды пайдалану үшін мұғалім, бала, ата-ана да бейімделген дұрыс. Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев «Қазақтың қаны бір, жаны бір, жолбасшысы-мұғалім» деген. Осы тұста қашықтан оқыту – мұғалімдер үшін жол бастайтын жаңа тәжірибе, жаңа дағды, әрі, тың мүмкіндік болуда. Қашықтан оқыту ұстаз еңбегінің қиын екендігін, оқушы мен ата-анаға ұғындырып, ұстаздың мәртебесі жоғары екендігін дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.cpm.kz педагогикалық шеберлік орталығы. «Қашықтан оқытуды үйренемін» курсы . 2020ж. Шілде.
2. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі /Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т.// Алматы: АҚ «ҰБАО» Өрлеу»,2013.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Түркістан облысы әдістемелік орталығы
география пәні әдіскері Тойшиева Жадыра*

Қазақстан Республикасының 2015-жылға дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Орта білім берудің мақсаты – терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін – өзі іске асыруға, өзін – өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген[1,46].

Осыған байланысты білім беру сапасы бойынша басты назар адамның алған білімін қолдануына қажетті және үздіксіз оқуға мүмкіндік беретін біліктер мен дағдыларды қамтитын сапалы білім беру жүйесін құруға бағытталуы қажет. Оқу үрдісін сапалы, әрі тиімді өткізудің басты алғы шарттарының бірі- әр түрлі инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланып сабақ беру болып табылады. Қазіргі заманда әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. Жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технология түрлерін оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

География пәнін оқушыларға оқытып үйретуде мұғалім үнемі өзінің ой – өрісін кеңейтуге,біліміне білім қосуға тиіс және оқытудың жаңа технологияларын меңгеруі қажет. Түсіндірме сөздікте: «Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы» делінген[2, 36].

Б.Лихачев: «Педагогикалық технология оқу үрдісінде белгілі бір мақсат көздейтін педагогикалық ықпал» десе, В.И.Беспалько: «Оқу үрдісін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы» деген анықтама береді[3,746].

М.Кларин: «Педагогикалық технология – белгілі мақсатқа қол жеткізу жолында қолданылатын барлық қисынды ілім, амалдар мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы» деп жазады[4,1806].

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Осыған орай мен өз сабақтарымда төмендегідей технологияларды қолданамын. Дамыта, модульдік, ойындық, проблемалық, оқу материалдарының сызбалық және белгілік үлгілерінің негізінде жеделдетіп оқыту, жекелеп, сынып ішінде салалап, ақпараттық оқыту технологиясы, т.б. Атап айтсам, «Сыни тұрғыдан ойлау» жобасының стратегияларын пайдаланудың өз сабақтарымда тиімділігі сол, оқушылар бұдан

өздерін бақылап, талдау жасап үйренеді. Білімді өз еңбектері арқылы ой елегінен өткізе отырып, алады.

Оқушының дербес ойлауын дамыту үшін география сабағында пікір алмасуды кең қолдануға болады. Пікір алмасуға қойылатын алғашқы талап – сабаққа қатысатын оқушылар екі топқа бөлінеді. Әр топ өз пікірін ортаға салып, дәлелдейді. Мұндағы мақсат- оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, аз уақыт жұмсап, нақты жағдайлар мен әдіс – тәсілдерді дұрыс таңдай білу негізінде жоғары нәтижеге жету.

Ақпараттандырылған қоғам талабына сай әр сабақта оқушының білімге ынтасы мен қызығушылығын арттыру жолында көп еңбекті қажет етеді.

География сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, электронды оқулықтарды, интернет желісін пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Әрбір ұстаз сабақты қызықты, тиімді, әрі жаңалығы мол етіп өткізгісі келеді. Сондықтан, ол көп ізденіс жасап, жаңа оқу үрдістерін сабаққа енгізеді. Сабақтың барлық құрылымы бір-бірімен тығыз ұштасуы шарт. Мұнда мұғалім оқушылармен ынтымақтастықта карта бойынша географиялық координаталарды, географиялық орынды, биіктік пен тереңдік қашықтықтарын, температура қозғалысын, өзен торларының конфигурациясын, атмосфералық қысым мен уақыт белдеулерінің айырмашылықтарын, елдер мен олардың астаналарын анықтау туралы сұрақтар мен тапсырмалардың айқын болуына, өз бетінше орындайтын жұмысына, ұжымдық қарым-қатынасына, жеке оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттерін есепке алып, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруға және уақытты тиімді пайдалануға айрықша мән беру керек [5,36].

Сабақ барысында баспасөз беттеріндегі ақпарат құралдарын, интернет желісін үнемі пайдалану - оқушының пәнге қызығушылығын арттырудың бірден – бір көзі.

«Әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде пайдаланудың маңызы зор [6,36].

Тиімділігі:

- Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- Табиғаттың таңғажайып процестерін көру, сезіну ;
- Қашықтықтан білім алып, уақытты тиімді пайдалану;
- Оқушының танымдық қызығушылығын арттыру;
- Оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту;
- Дербес қабілеттерін дамыту мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс - тәсілдерін меңгереді. Өз бетімен жұмыс істеп, білімін толықтыра отырып, әрбір оқушының белсенділігі артады.

Күнделікті сабақта мультимедианы, анықтамалық мәліметтерді, көрнекі материалдардың түрлерін пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауына және алған мәліметтерін нақтылайды.

География пәнін оқытуда тақырып бойынша кез- келген сабақ кезеңдерінде ақпараттық технологияны қолдануға болады. Ақпаратты технологияны пайдалану оқытудың дәстүрлі әдістеріне қарағанда тиімді:

- Оқу әдістерін қалыптастырады;
- Дара және жұп бойынша өз пікірлерін айтуға үйретеді;
- Тыңдау мүмкіншіліктері артады;
- Интернет желісінен алған материалдарды, интерактивті тақтаны пайдалана отырып, тірек схемаларды көрсету, видеороликтерді пайдалануға дағдыланады;
- Оқушылардың өзіндік жұмыстармен айналысуына мүмкіндік туады [7,3-46].

Мұғалімге жаңа материалды өте қызықты, әрі түсінікті етіп түсіндіру үшін қажетті құрал - интерактивті тақта. Ол арқылы сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды пайдалануға, салыстырмалы кестелер арқылы түсіндіруге, сабақты тартымды, әсерлі етіп көрсетуге болады. Интерактивті тақта арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас белсенді болады. Жекелей, топпен, жұппен жұмыс жасауда зор ықпалын тигізеді. Әр түрлі әдістерді пайдаланып өткізілген сабақтардың нәтижесі бойынша оқушылардың білім сапасын тексеру мақсатымен, өтілген тақырыптарды қамтитын тест тапсырмаларын дайындаймын. Тест қысқа да, түсінікті болғаны жөн.

Оқушыларға тест тапсырмаларын берудің ерекшелігі:

- Білім сапасын объективті түрде нақты шығаруға мүмкіндік туады;
- Оқушы үнемі үй тапсырмасын оқып, орындауға дағдыланады;
- Оқушыда жылдам ойлап шешу әрекетін қалыптастырады;
- Сұрақтарға қысқа, нақты жауап беруге машықтанады;
- Сынып оқушыларының білім сапасын тез айқындауға мүмкіндік береді;
- Оқушының қай тақырыпты меңгере алмағанын анықтауға болады.

География пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды, инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану-білім сапасын арттырудың бірден- бір жолы.

Нәтижесінде оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен жұмыс істеуге, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық – коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми - әдістемелік негіздері» Алматы ,2006 .
- 2.ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы .Егеменді Қазақстан, 28 желтоқсан, 2003.
3. В.П.Беспалько . Слагаемые педагогические технологии. М .1989.
- 4.М .В.Кларин. Технология обучения; идеал и реальность. Рига эксперимент ,1999.
5. «География және табиғат» журнал, Алматы, 2012, №2, Р.Әбішева.
6. «Білім кілті» журналы, 2013, №11(65), С.Ш.Молдабекова.
7. «Оқыту-тәрбиелеу технологиясы» журнал, 2012, №2, Г.Ә.Кудасова.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМДІ ЕСЕПКЕ АЛУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ҚЫЗМЕТІ

*Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің физика,
математика, информатика пән әдіскері Мырзабекова Гүлнара Сапарқызы*

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақ жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың оқу жүйесінде білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдының қалыптасу дәрежесі анықталады.

Осы тұрғында білім, білік, дағдыны есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше.

Бақылаудың тақырыптық түрін ұйымдастырудың практикалық мәселелері П. Горбунов, Е. С. Березняк, В. И. Иващенко, А. К. Исаков, Е. И. Перовский, С. Ф. Сухорский, Н. В. Чертинский, В. О. Онищуктің ғылыми - педагогикалық еңбектерінде талданған.

Бақылауды ұйымдастырудың жекеленген әдістемелік мәселелері жайында М. Р. Львов, Н. Н. Светловский, А. П. Пышкало, Т. Л. Коган және т.б. теориялық талдау жасаған .

Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады, себебі "есепке алу", "бақылау", "бағалауды" ұйымдастырудың мәні, олардың оқу-тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған.

Екіншіден, оқыту сапасын тексерудің "5" балдық жүйесі оқушылар білімдерінің нақтылы дайындық. дәрежесін барлық жағдайда дұрыс көрсетпейді. Ондағы негізгі кемшілік, оның жеткілікті түрде ішкі және сыртқы кері байланысты қамтамасыз ете алмауында, соның нәтижесінде оқыту процесінің сапасын арттыруда мұғалім әрқезде бағалау жүйесін дұрыс қолдана алмайды.

Жоғарыда айтылған тұжырымдамаға сүйене отырып, білім, білік пен дағды нәтижесін есепке алу, бақылау мен бағалаудың теориялық талдауы және практикада қолдану тәжірибесі арасында әлі де болса қарама- қайшылықтың бар екендігін байқаймыз.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау негізінде бұл мәселенің қалыптасуы мен даму динамикасын бірнеше кезеңге бөлуге болады.

XX ғасырдың 30 жылдары білім, білік пен дағды нәтижесін есепке алушы бақылау

(Е. В. Гурьянов) және тәрбиелік қызметіне (П. Г. Ананьев) көптеп көңіл аударыла бастады.

1940 - 1960 жылдары бұл мәселе төңірегінде отандық ғылым мен практика тәжірибесін жинақтау жұмыстары қолға алынды. Онда білімді бақылау (Е. И. Перовский), оқушыларды бақылау ретінде қарастырылды. Оқушыларды бақылау әрі оқытуды, әрі тәрбиелеуді көздесе, кейіннен оқушыны дамыту қызметі ойластырылды (Н. Т. Дайри) .

Осы мәселені дұрыс шешудегі оң қадам 70 жылдары Педагогика ғылымы Академиясының оқыту мазмұны мен әдістері ғылыми зерттеу институты қызметкерлерінің зерттеулері негізінде бастама алды. Мұнда оқу-тәрбие процесінің барлық буындарын басқару және тексерудің диагностикалық қызметі айқындалды.

1980 жылдардан бастап оқыту нәтижесін есепке алу, бақылау және бағалаудың мазмұны, амал-тәсілдері мен қызметінің дидактикалық-әдістемелік негіздерін талдап, жасау қолға алынды. Оның әділдігін, дәлдігін көтеруге бағытталған мәселелер, үлгерім нәтижесін есепке алуды қатаң және тәртіпке келтіру жүйесіне арналған жұмыстар қолға алына бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар күні бүгін де өз жалғасын табуда.

Дегенмен де, бүгінгі таңда оқыту теориясында бақылау немесе бағаның мәні, тәсілдері жайлы әлі де болса ортақ пікір қалыптаспай отыр.

Бақылау - бір нәрсені кең көлемде тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту процесінде оқушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың творчестволық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Бағалау - оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау, бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ, оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал.

Келесі кезекте білім, білік және дағдыны бақылау және бағалау **қызметіне** тоқталамыз. Ол негізінен **үш жақты сипатта** болып келеді: білім беру, тәрбиелеу және дамыту.

Бақылаудың білім беру қызметі негізінде оқушылар жаңа білімдерді қабылдайды, бұрын алған білімдерін толықтырып, жетілдіріп, белгілі бір жүйеге келтіреді.

Тәрбиелік қызметі оқушыларды жүйелі түрде жұмыс істеуге үйретеді. Бақылаудың нәтижесінде олар күнделікті сабаққа үзбей дайындалады, жауапкершілік сезімдері артады.

Дамыту қызметі барысында оқушылар өз бетінше оқу тапсырмаларын орындауда жаңа білімдерді қабылдайды, қорытынды жасайды, баяндамалар әзірлейді, хабарламалар жасайды.

Бағалаудың да қызметі **үш топқа** бөлінеді: хабарлаушылық (информирующие), басқарушылық (управляющие), тәрбиелеушілік (воспитывающие).

Бірінші топ өз алдына белгілеп қоюшылық (фиксирующая), бағдарлаушы (ориентирующая), бақылаушы (контролирующая) болып келеді. Бұл

топтың қызметі білім, білік және дағдыны бағалауды, әрбір бағаның көрсеткіштері мен өлшемдеріне мұғалім мен оқушылардың арқа сүйеуі жағдайында іске асады.

Екінші топ: ұйымдастырушылық (организующая), реттеушілік (регулирующая), түзетушілік (корректирующая) болып келеді. Осы топты жүзеге асырудың қажетті шарты бағадағы көрініс тек қана оқытудағы қол жеткізілген нәтиженің мөлшері ғана емес, сонымен бірге сапасын белгілейтін көрсеткіш.

Үшінші топ: қалыптастырушылық (формирующая), дамытушылық (развивающая), ынталандырушылық (стимулирующая) болып келеді. Бұл топтың қызметінің нәтижелі болуының кепілі, бағаның оқытудың нәтижесін нақты көрсете білуде.

1. Білімді бақылау және бағалаудың түрлері, әдістері мен формалары

Педагогика ғылымы саласында білім, білік, дағдыны бақылаудың көптеген түрлері кең тараған. Мысалы, ғалым-педагогтар Ю. К. Бабанский, Н. А. Сорокин бақылауды **күнделікті, оқтын-оқтын, қорытынды** деген пікірлер айтады. Ал Г. И. Щукина - күнделікті, тақырыптық, оқтын-оқтын, қорытынды және емтихан деген көзқарастарын білдіреді. Е. А. Дмитриев - күнделікті және тақырыптық қорытынды нәтижесі деген тұжырымға келген.

Күнделікті бақылау оқыту процесінде күнделікті қолданылады және сабақ барысында оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне басшылық жасайды. Ол ішкі және сыртқы байланысты жан-жақты жүзеге асырауға мүмкіндік туғызады, соның негізінде оқушылардың келесі оқу әрекетіне ықпал етеді.

Күнделікті бақылау мұғалімнің жалпы немесе жекелеген оқушылар жұмысына жүйелі түрде бақылау жасау көмегімен жүргізіледі. Бақылаудың бұл түрі оқушылардың сынып немесе үй тапсырмаларын өз бетінше орындауға деген ниеттері мен берілген тапсырманы орындауға деген олардың қызығушылығы және жауапкершілік сезімін ынталандыруда үлкен маңызға ие болады.

Тақырыптық бақылау - оқу бағдарламаларындағы белгілі тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдері негізінде оқушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны игеруі тексеріледі. Сонымен бірге, мұғалім жаңа тақырыптың кейбір басты мәселелерін өткен сабақтардағы оқу материалдарымен толықтырады, кейбір ұғымдарды, анықтамаларды, ғылыми ережелерді оқушылардың есіне салады.

Қорытынды бақылау - барлық пәндер бойынша жыл аяғында өткізіледі. Бақылау процесінде тақырыптық және тарау бойынша бақылау нәтижелері есепке алынады. Оқушылардың жыл бойында алған теориялық және тәжірибелік білімдері анықталады. Сондықтан қорытынды бақылаудың негізі емтихан және оқушылардың жылдық үлгерім бағалары болады. Емтихан мен жылдық үлгерім бағаларынан педагогикалық кеңестің шешімі бойынша қорытынды бағалар шығарылады. Бақылау әдістері арқылы оқушылар жұмысының тиімділігі мен мазмұны туралы кері байланыс қамтамасыз етіледі. Бақылау әдістеріне ауызша, жазбаша және графикалық бақылау әдістері жатады. Бұл әдістерге қарағанда бағдарламалап бақылау әдістерінің өзіндік

ерекшелігі бар. Олар **машинасыз және машиналы** бағдарламалап бақылау әдістеріне бөлінеді.

Бақылаудың тағы бір бөлігі, кейбір жағдайда, тапсырмалар түрі деп ұғынылады, мысалы жазбаша бақылау жұмысы, тестік жұмыс, зертханалық-тәжірибелік жұмыс, сынақ, шығарма, диктант т.б. немесе оқушылар әрекетінің барлық түрі баяндама, хабарлама, оқушы әңгімесі, мұғалім сұрағына жауап беру т.б. болып табылады.

Әділдік, шындық, білім сапасының нақтылығы, баға өлшемі мен ережесі нормасына қатысты субъективтік факторларды болдырмауды көздейді.

Жүйелік, бірізділік - әрбір сабақ, тақырып бойынша оқушылардың оқу әрекетінің басқа буындарымен байланыстыра қаралып, оқыту процесінің барлық кезеңдерінде бақылау жүргізуді көздейді: түйінді сұрақтар бойынша оқыту нәтижесін қортындылау; тақырыптық бақылау, сабақтар бойынша балл қою т.с.с.

Жеке-дара қатынас - әрбір оқушының ерекшелігін бағалау (оның қабілеті, бейімділігі, денсаулығы, оқу әрекеті т.б.) қарастырады.

Жан-жақты бақылау - оқу бағдарламасының барлық бөлігін қамтиды, оқушылардың теориялық білімдерін, интеллектуалдық және практикалық білік пен дағдысын бақылауды қамтамасыз етеді.

Дифференциалдық қатынас - әрбір пәннің ерекшелігін, жекелеген бөлімдерін, сонымен бірге оқушылардың жеке дара қасиетін ескеріп, соған сәйкес бақылаудың әртүрлі әдістері мен мұғалімнің педагогикалық әдеп сақтауын талап етеді.

Жоғарыда айтылған талаптарды орындау, ең алдымен бақылаудың сенімділігін және оқыту процесінде өздерінің алдында тұрған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді, бақылауда әр түрлі қателіктер мен сәтсіздіктердің болмауына кепілдік жасайды.

Оқушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау, бағалау педагогика ғылымы мен практикасында белгілі бір әдістерді қолдану негізінде жүзеге асады. Олар мыналар:

- ауызша баяндау (әңгіме, жеке-дара, топтық, фронтальдық сұрақ).
- жазбаша бақылау (диктант, шығарма, таблица, схема, суреттер кұрастыру).
- практикалық бақылау (лабораториялық жұмыстарын, еңбек операцияларын орындау, тәжірибе жүргізу).
- **машиналы** бағдарламалап бақылау (перфокарталар, бақылау карталарын, дұрыс жауаптарды, диафильмдерді қолдану).
- өзін-өзі бақылау, бағалау (қателерді болдырмау, оларды түзету, оқудағы өз жетістіктерін бағалау, соған сәйкес балл қою).

Оқыту процесінде бақылаудың **фронтальдық, топтық және дербес формалары** қалыптасқан. Оның тиімділігі мұғалімнің оларды дұрыс ұйымдастыруына байланысты.

Фронтальдық (жаппай) бақылау жағдайында барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылар арасында ынтымақтастық, жолдастық сезім пайда болады, бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын толықтырады, орындалған

жұмыстарды өзара тексеріп, іске асырады. Демек, ұжымдық іс-әрекетінде әлеуметтік құнды мотивтер қалыптасады.

Бақылаудың дербес формасы әрбір оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын терең, жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Дербес бақылау бағдарламалап және дифференциялы оқыту барысында жақсы нәтиже береді. Дербес бақылауда оқушылар жауабының логикалық бірізділігіне, олар өз пікірлерін қалай байымдайды, қалай дәлелдейді, міне, осы мәселелерге аса көңіл аудару керек.

Оқыту процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы өте қажет. Өзін-өзі бақылау, олардың оқу бағдарламасы материалы мен игерген іскерлігі және дағдысының беріктігі жайлы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Өзін-өзі тексеру арқылы оқушылардың алған біліміне сенімі артады, орындаған жаттығу, есеп шығару және тәжірибе жұмыстарының нәтижесін бағалайды. Баға білімді есепке алу ғана емес, ол тәрбиелік құрал, сондықтан, оқушы білімін бағалауда немқұрайлылыққа салынуға болмайды.

Баға "балл" есебінде көрсетіледі. Келесі кезекте *баға және оның өлшемі* қандай, соған тоқталамыз.

"5" бағасы - оқу материалын толық, дәл логикалық, бірізділікпен айтылған жауапқа қойылады;

"4" бағасы — оқу материалын толық біледі, бірақ болар-болмас кемшілігі бар жауапқа қойылады;

"3" бағасы — жауабы негізінен дұрыс, бірақ толық емес, білімінде кейбір проблемалар еске алынбаған жауапқа қойылады;

"2" бағасы — оқушы жауабында қателер, білімінде елеулі кемшіліктер бар жауапқа қойылады;

"1" бағасы — тексерілген оқу материалы бойынша білімі жоқ, толып жатқан өрескел қателер үшін қойылады.

Сынақ (зачет) - қорытынды бақылаудың айрықша түрі, ол белгілі бір тарау немесе тақырып бойынша атқарылған оқу жұмыстарының бүкіл өн бойында мұғалім қолданған тексерудің барлық түрлерін ескере отырып қойылады. Ол оқу бағдарламасының негізгі бөлімдері және тақырыптардағы білім, білік, дағдыларды жүйеге келтіру, тереңдету міндеттерін шешеді.

Сынақ 1959 жылдан енгізілген.

Емтихан - оқушылардың білімін қорытынды тексерудің және бағалаудың арнаулы формасы. Ол оқушылардың білімін жинақтауға және бір жүйеге келтіруге, оларды оқу жылы бойынша оқуға ынталандырады, оқу жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі. Емтихан 1944 жылдан енгізілген.

Емтихан мен жылдық үлгерім бағаларынан қорытынды бағалар шығарылады.

ПРИМЕНЕНИЕ ИКТ В ПРЕПОДАВАНИИ УЧЕБНЫХ ПРЕДМЕТОВ В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Ищанова Е.К. – учитель школы-лицея №15 имени Д.И.Менделеева;

В настоящее время многие граждане нашей страны активно проявляют интерес к современной системе образования. Зачастую многие из них – родители школьников, которые обеспокоены образованием своих детей. Даже люди, напрямую не связанные с образовательным процессом, могут замечать проблемы в сфере образования, но наиболее остро ощущают существующие проблемы и противоречия, конечно же, учителя. Информационные технологии используются во всех сферах человеческой деятельности, распространяются с помощью информационных потоков в обществе, образуют всемирное информационное пространство. В Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан изложено, что «...мир живет в период глобальных вызовов. Это новые технологические достижения и внедрение инноваций, ускоренное развитие IT-технологий и мобильность человеческих ресурсов». Результатом обучения школьников должно стать овладение ими навыками критического мышления, самостоятельного поиска и глубокого анализа информации».

Одной из особенностей обновленных учебных программ является новая структура, включающая 10 разделов и особенный интерес вызывает седьмой пункт: Компетентность в использовании информационно-коммуникационных технологий. Информационные технологии предоставляют возможность:

- сделать обучение эффективным, вовлекать все виды чувственного восприятия ученика в мультимедийный контекст;
- организовать рационально познавательную деятельность учащихся в ходе учебного процесса;
- построить открытую систему образования, обеспечивающую каждому индивиду собственную траекторию обучения;
- вовлечь в процесс активного обучения категории детей, отличающихся способностями и стилем учения;
- использовать специфические свойства компьютера, позволяющие индивидуализировать учебный процесс и обратиться к принципиально новым познавательным средствам;
- интенсифицировать все уровни учебно-воспитательного процесса.

Современный этап развития образования характеризуется рядом отличительных особенностей, связанных с научно-техническим прогрессом, стремительным ростом учебной информации. Необходимо использовать любознательность и высокую познавательную активность школьников для целенаправленного развития их личности. Формирование познавательного интереса учащихся имеет принципиальное значение для осознанного усвоения материала. На каждом школьном предмете компьютерные технологии могут оказать существенную помощь, предоставляя возможность продемонстрировать графические, аудио- и видеофайлы. Помимо этого, существуют множество различных программ, при помощи которых можно всесторонне рассмотреть модели объектов, произвести какие-либо сложные вычисления и выдать подробную аналитику. Это все позволяет существенно сэкономить время, которого так часто не хватает, это позволяет сделать то, что

в реальной жизни сделать зачастую либо сложно, либо вообще невозможно. Именно на современном этапе модернизации казахстанская система образования предполагает доступность для каждого - качественного школьного образования, где появляется возможность развить интеллектуальные и творческие компетенции. Новые подходы в области профессиональных компетенций у учителя расширяются. Это – междисциплинарная и проектная деятельность, использование информационно-коммуникационных технологий (далее – ИКТ) в обучении и т.д. Поэтому использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в процессе обучения языкам и математики является одним из важнейших направлений развития информационного общества. Особенности изучения языковых и естественно-научных дисциплин с использованием ИКТ должны формировать у обучающихся новые навыки - умение адаптироваться и найти себя в этом мире, умение самостоятельно собирать информацию, анализировать, обобщать и передавать ее другим людям, осваивать новые технологии. Поэтому, адекватным ответом на вызовы времени является реализация новой модели учебного процесса, ориентированного на самостоятельную работу обучающихся, коллективные формы обучения, формирование необходимых навыков.

Использование проектной деятельности, личностно-ориентированное обучение, информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), разноуровневое и проблемное обучение, помогают возбудить интерес учащихся к предмету, активизировать их учебно-познавательную деятельность. Применение новых информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе позволит направить интеллектуальный потенциал учащихся на позитивное развитие. Именно на уроках под руководством учителя школьники могут научиться использовать компьютерные технологии для всестороннего развития своего интеллекта, овладеть способами получения информации для решения учебных, а впоследствии и производственных задач, приобрести навыки, которые помогут продолжать образование в течение всей жизни. Такая интеграция позволяет разрабатывать новые подходы к обучению, сделав изучение предмета более мобильным, адаптированным к требованиям современного общества.

Использование компьютера в учебном процессе способствует совершенствованию методики преподавания в большей степени, чем любые другие технические средства, предоставляемые в распоряжение учителя. Введение информационных технологий в учебный процесс существенно меняет, и в конечном результате, повышает эффективность преподавания. Прежде всего, компьютер значительно расширяет доступ к источникам информации, которую учитель использует при подготовке к занятиям.

Одним из важнейших методических принципов, позволяющих эффективно использовать информационные и коммуникационные технологии (ИКТ), является совмещение компьютерных технологий с традиционными. Использование ИКТ на уроке должно быть целесообразно и методически обосновано. К информационным технологиям необходимо обращаться лишь в том случае, если они обеспечивают более высокий уровень образовательного

процесса по сравнению с другими методами обучения. Компьютер в состоянии заменить основную часть наглядных пособий и моделей (а они порой бывают слишком объёмными и громоздкими, к тому же количество пособий не всегда достаточно для обеспечения всего класса). При организации практических работ компьютер становится эффективным помощником. Электронные учебники, снабженные трёхмерными иллюстрациями, способствуют развитию пространственного мышления. Использование компьютерных моделей способствует образному мышлению и лучшему усвоению материала. На уроках использовать компьютерные технологии можно при изучении нового материала, при первичном закреплении полученных на уроке знаний и умений, при отработке умений и навыков (обучающее тестирование), во время проведения практикума, а также при контроле и коррекции знаний.

Применение слайдов во время уроков обеспечивает динамичность, наглядность, более высокий уровень и объём информации, по сравнению с традиционными методами. При подготовке слайдов к уроку можно использовать электронные учебники, информацию сети Интернет, а также создавать свои презентации. Если на уроке возникает необходимость обсуждения с учащимися нового материала, то можно провести комбинированный урок в форме беседы с использованием компьютерной презентации. Презентация позволяет сделать этот процесс более наглядным, ярким, способствует систематизации знаний, более успешному их усвоению. На слайдах презентации можно размещать необходимые формулы, схемы в соответствии с последовательностью изучения материала на уроке. В целях своевременного устранения пробелов в знаниях и закреплении наиболее важных вопросов темы на последнем слайде презентации нужно помещать контрольные вопросы или задания. Если учащиеся не могут ответить на какой-либо вопрос, то, используя специальную управляющую кнопку с гиперссылкой, можно возвратиться тот слайд, где есть сведения для правильного ответа. Таким образом, нужно осуществлять повторение материала, оказавшегося трудным для учащихся.

Мультимедиа – технологии, позволяющие не только выстраивать материал в виде последовательного изложения, но и создают возможность нелинейного перемещения между отдельными частями предмета. Учащиеся получают возможность работать в удобном ему темпе и обращать особое внимание на вопросы, которые вызывают затруднения именно у него. В это время можно проводить индивидуальную работу с учащимися, которые нуждаются в помощи. Благодаря этому школьники изучают материал в необходимой для них последовательности. Работая с обучающей программой, которая помогает ликвидировать пробелы в знаниях и не наказывает за неправильный ответ снижением оценки, школьники будут испытывать положительные эмоции, что очень важно для успешного усвоения материала. Применение компьютеров на уроках облегчает отработку материала, способствует повышению познавательного интереса к предмету, развитию желания и умения учиться, даёт возможность осуществлять индивидуальный подход в обучении и позволяет объективно оценить знания учащихся.

Наблюдения за процессом обучения показывают, что на уроках с использованием ИКТ даже «слабые» учащиеся работают более активно. Использование компьютерных технологий усиливает восприятие, облегчает усвоение и запоминание материала, воздействует сразу на несколько информационных каналов учащегося. При этом повышается интерес учащихся к урокам.

Основная образовательная ценность информационных технологий в том, что они позволяют создать неизмеримо более яркую мультисенсорную интерактивную среду обучения с почти неограниченными потенциальными возможностями, оказывающимися в распоряжении и учителя, и ученика. В отличие от обычных технических средств обучения информационные технологии позволяют не только насытить обучающегося большим количеством знаний, но и развить интеллектуальные, творческие способности учащихся, их умение самостоятельно приобретать новые знания, работать с различными источниками информации. Выделяют несколько типов компьютерных средств, используемых в обучении на основании их функционального назначения: презентации, энциклопедии, дидактические материалы, программы-тренажеры, программные системы контроля знаний, к которым относятся опросники и тесты.

✓ Применение презентаций расширяет диапазон условий для креативной деятельности учащихся и психологического роста личности, развивая самостоятельность и повышая самооценку. Презентации активно используются и для представления ученических проектов.

✓ Электронные энциклопедии обычно поддерживают удобную систему поиска по ключевым словам и понятиям, включают в себя аудио- и видеотрекеры.

✓ Дидактические материалы – сборники задач, диктантов, упражнений, а также примеров рефератов и сочинений, представленных в электронном виде.

✓ Программы-тренажеры выполняют функции дидактических материалов и могут отслеживать ход решения и сообщать об ошибках. Системы виртуального эксперимента – это программные комплексы, позволяющие обучающему проводить эксперименты в «виртуальной лаборатории». Главное их преимущество – они позволяют обучающему проводить такие эксперименты, которые в реальности были бы невозможны по соображениям безопасности, временным характеристикам и т.п. Главный недостаток подобных программ – естественная ограниченность заложенной в них модели, за пределы которой обучаемый выйти не может в рамках своего виртуального эксперимента.

✓ Программные системы контроля знаний, к которым относятся опросники и тесты. Главное их достоинство – быстрая удобная, беспристрастная и автоматизированная обработка полученных результатов. Главный недостаток – негибкая система ответов, не позволяющая испытуемому проявить свои творческие способности.

Электронные учебники и учебные курсы – объединяют в единый комплекс все или несколько вышеописанных типов. Например, обучающему сначала предлагается просмотреть обучающий курс (презентация), затем проставить виртуальный эксперимент на основе знаний, полученных при

просмотре обучающего курса (система виртуального эксперимента). Часто на этом этапе учащемуся доступен также электронный справочник/энциклопедия по изучаемому курсу, и в завершение он должен ответить на набор вопросов и/или решить несколько задач (программные системы контроля знаний).

Обучающие игры и развивающие программы – это интерактивные программы с игровым сценарием. Выполняя разнообразные задания в процессе игры, дети развивают тонкие двигательные навыки, пространственное воображение, память и, возможно, получают дополнительные навыки, например, обучаются работать на клавиатуре. В образовательном процессе компьютер может быть как объектом изучения, так и средством обучения, воспитания, развития и диагностики усвоения содержания обучения, т.е. возможны два направления использования компьютерных технологий в процессе обучения. Но сегодня определились еще две функции: компьютер как средство общения, компьютер как инструмент в управлении, компьютер как развивающая среда.

В образовательном процессе важно одновременное использование всех этих направлений. Существование и взаимодействие всех их одновременно не только в образовательном, но и в воспитательном процессе приводит к желаемому результату, который ставится обществом перед школой. В результате использования информационных технологий наблюдается динамика качества знаний учащихся, повышение мотивации учебной деятельности.

Литература

1. А.В.Дворецкая Основные типы компьютерных средств обучения // Школьные технологии. – 2004. -№ 3. – С. 25-40.
2. Кораблев, А.А. Информационно-коммуникационные технологии в образовательном процессе // Школа. – 2014. - № 2. – С. 37-39.
3. Г.К.Селевко “Энциклопедия образовательных технологий”. Том 1-2, М., НИИ школьных технологий, 2006 г.
4. С.В.Зенкина Информационно-образовательная среда как фактор повышения качества образования // Педагогика. - 2008. - № 6. - С. 22-28.
5. Поташник, М.М. Как подготовить и провести открытый урок (современная технология) / М.М. Поташник. – М.: Педагогическое общество России, 2013. – 144 с.

“Google Classroom” интернет платформасын қашықтан оқыту жүйесін

ұйымдастыруда пайдалану

Даулекова Айна Каратаевна

Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері

Қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингер өткізу формасы.

Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірмейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Мұндай оқу үрдісінің негізінде кейбір білім мекемелерінде өзіндік жекелей оқыту платформасы қарастырылғанымен, көпшілікке қолдануға ыңғайлы, қаражат тұрғысынан тиімді және пайдаланушы үшін функциялары күрделі емес интернет-платформаларымен жұмыс жасауға болады. Осы орайда, Google Classroom платформасын қолдану оқытушы мен оқушы үшін орын мен уақытты, жағдайды таңдамайтын бірден-бір платформа ретінде қарастыруға болады.

Google Class-бұл Google-дің мектептерге арналған ақысыз веб-қызметі, ол тапсырмаларды қағазсыз түрде құруды, таратуды және бағалауды жеңілдетуге арналған. Google сыныбының негізгі мақсаты-мұғалімдер мен оқушылар арасында құжат алмасу, кері байланыс алу жұмысын жеңілдетеді.

Google класс тапсырмаларды құруға және таратуға арналған Google дискісін, құжаттарды, презентациялар мен кестелерді құруға арналған Google қызметтерінің жиынтығын, хат алмасуға арналған Gmail және жоспарлауға арналған Google күнтізбесі арқылы біріктіреді. Оқушылар сабаққа бірегей код бойынша шақырылуы немесе мектеп доменінен автоматты түрде импортталуы мүмкін. Сабақты құру кезінде пайдаланушының тиісті дискісінде бөлек қалта жасалады, онда оқушы мұғалімге бағалау үшін жұмысты ұсына алады. IOS және Android құрылғыларында қолжетімді мобильді қосымшалар

пайдаланушыларға фотосуреттер түсіруге және оларды тапсырмаларға тіркеуге, басқа қолданбалардан файлдарды бөлісуге және офлайн режимде ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер әр оқушының үлгерімін бақылай алады, ал бағалаудан кейін мұғалімдер жұмысты түсініктемелермен бірге қайтара алады.

Google класс білім беру мекемелеріне қағазсыз оқыту жүйесіне көшуге көмектесу үшін Google Drive, Google Docs, Sheets and Slides және Gmail қосымшаларын біріктіреді.

Google күнтізбесі сабақтарды жоспарлауға көмектеседі. Оқушыларды курстарға мекеменің деректер базасы арқылы, бірегей код арқылы шақыруға болады, оны кейін оқушының пайдаланушы интерфейсіне қосуға немесе мектеп доменінен автоматты түрде импортталады. Google-мен жасалған әр курс сынып, сәйкес Пайдаланушының **Google Drive-да** жеке қалта жасайды, онда оқушы мұғалім бағалайтын жұмысты ұсынады.

Сабақ өтуді тағайындау тапсырмалар оқушының дискісіне орналастырылады, содан кейін бағалау үшін жіберіледі. Мұғалімдер шаблон ретінде қолдануға болатын файлды таңдай алады, осылайша әр оқушы өз көшірмесін өңдеп, содан кейін оны барлық оқушыларға бірдей құжатты қарауға, көшіруге немесе өңдеуге мүмкіндік берудің орнына бағалауға қайтарады.

Бағалауды ұйымдастыру: Google класс әр түрлі бағалау схемаларын қолдайды. Мұғалімдер оқушыларға жеке көшірмені көруге, өңдеуге немесе алуға болатын файлдарды тапсырмаға тіркей алады. Оқушылар файлдарды жасай алады, содан кейін мұғалім файлдың көшірмесін жасамаса, оларды тапсырмаға тіркей алады. Мұғалімдер түсініктеме қалдыра алатын тапсырмада әр оқушының үлгерімін бақылауға мүмкіндік алады. Алынған тапсырмаларды мұғалім бағалап, оқушыға тапсырманы қайта орындауға және оны мұғалімге қайта жіберуге мүмкіндік беру үшін түсініктемелермен қайтаруға болады. Бағалағаннан кейін, Егер мұғалім оларды қайтармаса, тапсырманы тек мұғалім өңдей алады.

Мобильді қосымшалар: 2015 жылдың қаңтарында енгізілген Google class мобильді қосымшалары iOS және Android құрылғыларында қол жетімді . Қолданбалар пайдаланушыларға фотосуреттер түсіруге және оларды тапсырмаларына тіркеуге, басқа қолданбалардан файлдарды бөлісуге және оффлайн қол жетімділікті сақтауға мүмкіндік береді.


Құпиялылық: Google-дің тұтынушылық қызметтерінен айырмашылығы, Google сыныбы білім алуға арналған G Suite бөлігі ретінде өзінің интерфейсінде оқушылар мен мұғалімдер үшін ешқандай жарнама көрсетпейді, ал пайдаланушы деректері сканерленбейді және жарнамалық мақсаттарда пайдаланылмайды.

Google туралы eLearningIndustry шолуында сыныпта кездесетін көптеген жағымды және жағымсыз жақтарын атап өтті. Сыныптың мықты жақтарының арасында шолуда қолданудың қарапайымдылығы, құрылғылардың әмбебап қол жетімділігі, Google Drive-ты мұғалімдерге тапсырмаларды оқушылармен тез бөлісудің тиімді әдісі ретінде пайдалану, қағазсыз процесс, сонымен қатар мұғалімдер мен оқушылар арасындағы жылдам кері байланыс жүйесі атап өтіледі. Сыныптағы кемшіліктердің арасында сыртқы файлдарға немесе қызметтерге шектеулі немесе жетіспейтін қолдауы бар Google қосымшалары мен қызметтерінің тығыз интеграциясы, автоматты тесттердің болмауы және кері байланысқа көмектесетін тірі чаттардың болмауы.


Алайда, бұл кедергілерді шешу үшін тесттер мен кері байланыс алуды арнайы шаблондар арқылы сауалнамалар арқылы Google Форма арқылы ұйымдастыруға болады. Сондай-ақ, кері байланыс алуды, оқыту үшін бағалауды ұйымдастыруда Quizlet, ZipGrade сияқты көптеген мобильді қосымшалар арқылы ұйымдастыру тиімді болмақ.

Google формаларымен жұмысты бастамас бұрын міндетті түрде *google*-де аккаунт (*gmail.com*) пошта ашып алу керек. Google парақшасына ашып, сол жерде *gmail.com* почтаға кіру керек. Таңдау торларын бассак, сол кезде бізге Google –дің негізгі сервистерінің тізімі ашылады.

Диск сервисін таңдау керек, егер сіз бұрын қолданбаған болсаңыз, орнатуға рұқсат сұрайды. Ол сіздің құжаттарды өзіңіздің құрылғыда да және бұлттық кеңістікте сақтау үшін қажет. Дискіге кіргеннен кейін сол жақ жоғары бұрыштан **Создать** батырмасын басамыз. Шыққан контекстік мәзірден **Форма** сервисін таңдап, форманы баптауға көшеміз.(2-сурет)




Бастапқыда Google формасы **Новая форма** деп ашылады Әуелі формаға атау беріледі. Сипаттау бөліміне қосымша мәліметтер енгізуге болады.




Тақырып бөлімінің оң жағында көрініп тұрған белгішелер арқылы сұрақ қосу, сұрақты импорттау, сипаттама атауын қосу, сурет қосу, бейнематериал қосу, бөлім қосу әрекеттерін орындауға болады. Сұрақ қосу кезінде сұрақтарды толтыру формасы ашылады. Сұрағымызды жазғаннан кейін, оған қандай формада жауап алғымыз келсе сол форманы таңдаймыз.

Берілген сұрақ немесе тапсырмалар түріне қарай жауаптардың белгілену түрлері таңдалады. Сонымен қатар жауаптарды сурет, бейнематериал түрінде қабылдауға болады. Ол үшін білім алушының да gmail.com арқылы аккаунт ашуы міндеттеледі. Егер сұрақтың немесе тапсырманың жауабы міндетті түрде жазылу керек болса **Обязательный вопрос** чек-боксын түртіп батырманы айқындау керек.

Енді келесі сұрақтарды енгізу үшін + батырмасын шерту керек. Сұрақтардың арасына сурет, бейнекескін, диаграмма, кесте және т.б. орналастыру қажет болған жағдайда **Вставка изображения** батырмасын басу арқылы орындауға болады. (6-сурет)



Барлық сұрақтар мен тапсырмаларды, оларға сәйкес жауаптарды орналастырып болған соң **Просмотр** арқылы форманың түрін қарап алуға болады. (7-сурет)



7-сурет

Форманың дұрыс толтырылғанын қарап өткеннен кейін, ол форманы орындау үшін білім алушыға жібере беруге болады. Ол үшін **Отправить** батырмасын қолданып, дайын форманы жеке оқушының электрондық поштасына жіберуге болады немесе сілтеме арқылы топтардың чаттарына жіберуге болады. Сілтемесін алу үшін **Короткий URL** хабарламасының тұсына белгі қою керек.

Бұл жасалған форманың нәтижесін басқа әріптестерге өз жұмыстарына қолдануға мүмкіндік беруге де болады. Ол үшін - **Google Дисктегі** қажетті форманы таңдап, тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы контекстік мәзірден **Совместный доступ** бөлігін таңдау керек.

Оқушылар орындап болған соң, жауаптар бөлімін басу арқылы барлық жауаптардың нәтижесі болады немесе әр оқушының мәтіндік жауаптарын жеке қарап шығуға болады. Сұрақтардың түрлеріне қарай оқушының жауаптарын тексеріп, қолмен тексерілетін жауаптардың қорытындысын хабарлау үшін оқушылардың электронды поштасының да қажет екендігін ескерген жөн.

Жауаптары автоматты түрде тексеріліп, оқушыға дереу хабарлануы үшін **Настройки** батырмасын басу арқылы баптау жасау керек. Жауаптардың нәтижесін Google таблицқа орналастыра отырып, қолдануға ыңғайлы етіп Excel бағдарламасына аударып алуға болады. Google формаларының мүмкіндіктері тек мұнымен шектелмейді, жұмыс жасау барысында басқа да артықшылықтарына көз жеткізуге болады.

Ғаламтор арқылы осындай өзімізге қолжетімді платформа арқылы, қажетті де пайдалы осындай сервистердің көмегімен қашықтан оқытуды оңтайлы пайдалана аламыз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ustaz tilegi ғылыми-әдістемелік журналы
2. Білімді ел республикалық білім беру, қоғамдық-саяси газеті
3. <https://kk.wikipedia.org> сайты
4. Adisteme.kz педагогикалық журналы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҰМЫСТАРЫН ЖОСПАРЛАУ

Тұрғанияз Нұрдаулет Әбдімажітұлы
Түркістан облысы Әдістемелік орталығының
«Практикалық дене тәрбиесін дамыту» бөлім басшысы
Турабеков Галымжан Октамулы дене тәрбиесі пән әдіскері

1.1. Жоспарлау жұмыстарын ұйымдастыру

Жас ұрпақтың жалпы дене қуатын дамыту үшін, үлкен өмірге, еңбек етуге, Отан қорғауға дайындау үшін, олардың мектепте оқыған кезеңдерінде мынандай негізгі міндеттерді орындауымыз керек:

- денсаулықтарын нығайту, мүсін түзулігін қалыптастыру, ағзаларын дамыту және шынықтыру;
- негізгі қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды әр түрлі өмір жағдайында қолдана білу шеберлігіне үйрету;
- жігер-күш, дене қасиеттерін дамыту, жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына үйрету.

Барлық міндеттерді орындаудың негізгі амалы - дене тәрбиесі жаттығулары мен теориялық білім. Ол амалдар дене тәрбиесі сабағында, оқу күні ішіндегі дене тәрбиесі-сауықтыру шараларында (сабаққа дейінгі гимнастика, ұзақ үзілістердегі қозғалмалы ойындар мен дене жаттығулары, сергектік сәттер) және сабақтан тыс уақыттардағы сыныптан тыс жұмыстар кезінде орындалады. Дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс түсінген мұғалім жеке оқушылардың таңдап алған спорт түрлерінен жоғарғы жетістіктерге жетуін ғана емес, барлық оқушылардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы оларды үлкен өмірге дайындайды.

Дұрыс ойластырылған барлық жұмыстар келісілген жоспар, жүйелі, тиянақты жұмыс тудырады.

Жалпы білім беретін мектептердегі жоспарлау құжаттары: жалпы дене тәрбиесі және спорт жұмыстары жоспары және дене тәрбиесі сабақтарының жоспары деп екіге бөлінеді.

1.2 Дене тәрбиесі және спорт жұмыстарының жалпы жылдық жоспары

Оны дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылының басталуына дейін құрастырады. Жалпы жылдық жоспар мынандай бөлімдерге бөлінеді:

1. Ұйымдастыру жұмыстары.
2. Оқу жұмыстары.
3. Күн тәртібіндегі дене тәрбиесі - сауықтыру шаралары.
4. Сабақтан тыс уақыттардағы спорттық - көпшілік жұмыстары.
5. Үгіт-насихат жұмыстары.
6. Дәрігерлік бақылау және тазалықты тексерулер.
7. Шаруашылық жұмыстары.

1.3 Дене тәрбиесі жұмыстарының құқығы мен міндеттері

- спорт түрлері секцияларында, жалпы дене дайындығы топтарында жаттығу, жарыстарға қатысу;
 - дене тәрбиесі ұжымы кеңесіне сайлану, комиссия жұмыстарына қатысу;
 - мектептің туристік, спорттық құрылыстарын, құрыл-жабдықтарын пайдалану.
- Дене тәрбиесі ұжымының міндеттері:
- дене тәрбиесімен, спортпен тұрақты шұғылдануды және мектептегі білім алуды қатар ұштастыру;
 - өзін тәрбие мен спорттық этика талаптарына сай ұстау;
 - дене тәрбиесі ұжымының жұмыстарына белсенді қатысу, кеңестің шешімдерін орындау, ұжымның намысын қорғау, мәртебесін көтеру;
 - өз жасына сай Президенттік сынама нормаларын тапсыруға дайындық, орындау;
 - мектептің барлық спорттық-сауықтыру шараларына белсенді қатысу;
 - мектептің спорт құрылыстарын, спорттық құрал-жабдықтарын, құрама командасының спорт киімдерін ұқыпты пайдалану, спорт құрылыстарына, құрал-жабдықтарды жөндеу жұмыстарына белсенді қатысу;
 - дене тәрбиесін, спортты туризмді насихаттау;
 - өз ағзасының дамуын бақылау және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау, мектеп медбикесінің нұсқауларын орындау.

2. Ойын және жарыс әдісі

2.1 Ойын әдісі

Дене тәрбиесі үрдісінде спорттық және қозғалмалы ойындардың элементтерін қолдану – ойын әдісі деп аталады. Ойын әдісінің мынандай өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар:

1. Белгілі бір мақсатқа (жеңіске) жету үшін ойынның жоспары мен тәртібі арқылы ойнаушыларды ұйымдастыру.
2. Ойын әрекеттері кезінде ойнаушылардың бәсекелестік, жеңіске деген ұмтылысының, көңіл-күйлерінің көтерілуі
3. Ойын барысында жаттығушылардың өз бетімен қимыл-әрекет жасауға шешім қабылдауы (ойынға қатысушы жүгірудің, секірудің, лақтырудың жолын өзі таңдайды).
4. Қимыл-әрекеттердің алуан түрлілігі, олардың ойын барысында, әр түрлі жаттығуларда кенеттен пайда болуы.
5. Ойын барысындағы ойынға қатысушылардың әр түрлі қарым-қатынастары. Ойын әдісінің көмегімен дене қасиеттерін (күш, төзімділік, шапшаңдық, ептілік) кешенді дамытуға, бұрын үйренген қимылдарды жетілдіру және оқушылардың өзіндік қасиеттерін тәрбиелеуге (батылдық, тапқырлық, ұйымдастырушылық, өз бетімен шешім қабылдаушылық), бұдан басқа да көптеген мақсаттарды жүзеге асыруға болады.

2.2 Жарыс әдісі

Дене тәрбиесі жаттығуларын жарыс, бәсеке түрінде орындауды жарыс әдісі дейміз. Жарыс әдісінің ең негізгі белгісі – біріншілікте қарсыласыңды, команданы, топты жеңу үшін бәсекелесу, күрес, күш сынасу жағдайында жоғарғы көрсеткіштерге жету. Бұл әдіс әр түрлі мақсаттарды орындауға

пайдаланылады. Мысалы, адамгершілік, жігерлілік, дене қасиеттерін тәрбиелеу, күрделі жағдайда қимылдың ептілігі мен дағдысын жетілдіру. Жарыс әдісі адам ағзасының мүмкіншіліктеріне жоғарғы талаптар қояды да, оның ары қарай тез дамуына ықпал етеді. Бұл жарыс әдісінің міндетті түрде орындалуы үшін керекті шарт: жарыс, бәсеке жаттығуларына оқушылар өте жақсы дайындықпен келулері керек, ол болмаса берілетін үлкен қарқынды жүктемелер олардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар бұл әдіс оқушылардан жаттығуды орындау кезінде пайда болатын міндетке өз шешімін тез қабылдауын талап етеді (өйткені, мұғалімнің, жаттықтырушының ақыл-кеңесін жарыс кезінде ести қою мүмкіндігі өте аз).

Дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсыныстар

1. БАСТАУЫШ, ОРТА, ЖОҒАРҒЫ СЫНЫПТАРДА ЖӘНЕ ӘР ТҮРЛІ ТИПТЕГІ МЕКТЕПТЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

1.1. Бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесі

Бастауыш сынып оқушыларының қатарына I-IV сыныпта оқитын 6-10 жастағы оқушылар жатады.

Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- денсаулықты нығайту, шынықтыру, жан-жақты дене дамуына көмектесу, жалпақ табандылықтың алдын алу, бала ағзасының жағымсыз сыртқы орта әсеріне қарсылық күшін қалыптастыру;
- Таза ауада дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу, ойнау, секіру, лақтыру, шаңғы тебу, жүгіру баланың бұлшық еттерін дамытады, жүрек-қан тамыры жүйесін, тыныс алу жүйесін, сүйек-тірек аппаратын т.б. ағза жүйелерін нығайтады, шынықтырады. Баланың мүсін, тұлға түзулігі қалыптасады. Сондықтан мектептің міндеті – балаларды дене тәрбиесімен жүйелі, белсенді шұғылдандыру;
- дене тәрбиесі жаттығулары, гигиеналық дағдылар, күн тәртібі туралы арнайы білім беру. Ол білімдер: дене тәрбиесі жаттығуларының ағзаға пайдалы әсері, гигиеналық ережелер. Тамақтану, демалу, жұмыс тәртіптері;
- оқушылардың өмірге керек қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды жаңа қозғалыстарға, қимыл-әрекеттерге үйрету. Бағдарламада берілген барлық негізгі спорт түрлерінің жаттығуларын дұрыс орындай білу;
- бастауыш сыныптарда қимыл үйлесімділігі, ептілік, икемділік қасиеттерін дамыту;
- оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап Президенттік сынама сынақтары жаттығуларын меңгеруге, орындауға дайындай бастағанымыз жөн;
- оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасын, қызығушылығын оятып, оларды спортпен тұрақты, жүйелі шұғылдануға дағдыландыру керек.

1.2. Бастауыш сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері

Оқушылар көп қимылдағысы келеді. Біркелкі, ұзаққа созылатын ойындар оларды жалықтырып жібереді. Сондықтан да ойындар, жаттығулар әр түрлі,

қысқа демалу аралықтарымен болса жақсы. 1-сынып оқушылары шыдамсыз, өздерін тоқтата алмайды, зейіні тұрақты емес. Бірте-бірте оларға жаттығуларды кеңістікте орындау түрінде бергенде ойланып, еске сақтап орындауға қызығып, ықыластана бастайды. Бастауыш сынып оқушыларына денені дамыту жаттығуларын бергенде, ұл балалар мен қыз балалардың дене дамуы ерекшеліктерін ескеру қажет.

Дене тәрбиесі сабағын жүргізудің төмендегідей ерекшеліктері бар:

1. Бастауыш сынып оқушыларына негізгі үйрететін жаттығулар тобы табиғи қимыл-әрекеттерді жетілдіру түрінде болып келеді. Олар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу т.с.с.
2. Бір сабақ кезінде оқу материалын меңгеру және жетілдіру үрдісінің 2-3 міндетін ғана орындаса жеткілікті болады.
3. Сынып төмен болған сайын табан бұлшық еттерін нығайту және түзу тұлға қалыптастыру жаттығуларын беруге айрықша көңіл бөлу қажет.
4. Әрбір сабақта міндетті түрде қозғалмалы ойындар ойнату керек. 3-4 сынып оқушыларымен сабақ өткізгенде ойын жаттығулары сабақтың 50% уақытын алса дұрыс болады.
5. Оқушыларға негізгі жаттығулардың техникасын үйреткенде, оны дұрыс және нақты орындауға көп көңіл бөлу керек. Оқу үрдісі кезінде жаттығуды үйрету және жетілдірумен бірге дене қасиеттерін дамытуға бірдей көңіл бөлген дұрыс.

Қимыл-әрекетке үйрету әдістерін қолданғанда көбінесе толық орындау әдісін пайдаланамыз. Жаттығуды бөлшектеп үйретуді анда-санда ғана, қосымша түрде қолданамыз.

Қозғалыс тапсырмасын берген кезде балалар дұрыс түсінуі үшін нақты не істейтінін, қалай істейтінін айту керек. Мысалы, ұстау, жетіп алу, допты ойыншыға тигізу және т.с.с. 2, 3 сыныптарда қимыл жиілігін дамыту жаттығуларын көбірек берген дұрыс болады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің міндеті:

- бағдарлама бойынша сапалы, әдістемелік тұрғыдан дұрыс сабақ өткізу;
- дәрігерлік бақылауды дәрігерлермен бірге өткізу, бақылау қорытындысын жұмыста пайдалану;
- сабақ өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық жағдай жасау;
- оқушылардың бәрі қолайлы спорт киім кигенін қадағалау;
- сыныптан тыс дене тәрбиесі жұмыстарына қатысу, оған барлық оқушыларды тарту;
- ата-аналар арасында тұрақты түрде дене тәрбиесі мен спорттың маңызы туралы әңгіме өткізу;
- балаларды дене тәрбиесі мен спортпен тұрақты айналысуға қызығушылығын арттырып, ынтасын ояту;

2. Орта сынып оқушыларының дене тәрбиесі

2.1. Орта сынып оқушылары дене тәрбиесінің міндеттері

Орта сынып оқушылары қатарына 5-8 сыныптарда оқитын 11-14 жастағы оқушылар жатады. Осы жастағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- негізгі базалық спорт түрлері жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындар, шаңғы спорты, суда жүзу жаттығуларын ары қарай үйрену, жетілдіру;
- дене қасиеттерін, кеңістікте үйлесімді, епті қозғалуды, жылдамдықты, күш-жылдамдығын, күшті, төзімділікті, икемділікті әрі қарай дамыту;
- негізгі спорт түрлері, жарыстар, снарядтар мен құрал-жабдықтар, сабақ кезіндегі техника қауіпсіздігі және жарақат алған кезде алғашқы көмек көрсету туралы мағлұматтарды тереңдете оқыту, іскерлік дағдысын қалыптастыру;
- таңдап алған спорт түрлерінің жаттығуларымен өз бетімен күнделікті дене тәрбиесі жаттығуларымен тұрақты, жүйелі айналысу әдеттерін тәрбиелеу;
- сабақ бөлімдерін, жарыстар, әр түрлі жаттықтыру жұмыстарын жүргізудегі төрешінің, команда капитанының, спорт нұсқаушысының ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыру;
- өзінің дене мүмкіншіліктерін бағалау біліктілігін қалыптастыру;
- тәртіптілікті, жауапкершілікті, дербестікті, ынталықты тәрбиелеу;
- психикалық үрдістерді дамыту, психикалық өзін-өзі реттеу негіздеріне үйрету.

Дене тәрбиесі әдістемесінің ерекшеліктері

Орта мектеп жасындағы оқушылармен дене тәрбиесі сабақтарын жүргізу әдістемесі негізгі базалық спорт түрлерінің (жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындар, шаңғы спорты, суда жүзу) жаттығуларын тереңдете үйрету, жетілдіруге бағытталған.

Орта сыныптарда оқушылардың жеке қасиеттері айқындала бастайды. Олардың дене қасиеттерінің даму деңгейлері, қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктері, психикалық қалыптары мен қасиеттері, ағзаларының физиологиялық даму деңгейлері әр түрлі болып келеді. Дене тәрбиесі мұғалімі, спорт бапкері осы ерекшеліктерді жақсы білуі, балалардың бойынан осы қасиеттерді көре, тани білулері қажет. Өздерінің сабақ, жаттықтырулар жүргізу барысындағы жаттығулар техникасын үйрету, жетілдіру, дене қасиеттерін дамыту кездерінде осы ерекшеліктерді ескере жұмыс жүргізу керек. Әсіресе, дене дайындығы жоғары және төмен оқушылармен жұмыс жүргізгенде жекелілік, даралық әдістерді, қағидаларды қолдану қажет болады.

Орта мектеп жасындағы оқушылармен жұмыс жүргізудің тағы бір әдістемелік ерекшелігі – олардың жыныс ерекшеліктерін ескеру. Қазіргі кезде ол ерекшеліктерге өте жоғары деңгейде мән берілуде. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 21 маусым 2002 жылғы № 506 бұйрығында: «5-сыныптан бастап дене тәрбиесі сабақтары қыздар мен ұлдар арасында бөлек жүргізілуі керек», - деп жазылған министрліктің осы бұйрығы орындалуда.

3. Жоғары сынып оқушыларының дене тәрбиесі

3.1. Жоғары сынып оқушылары дене тәрбиесінің міндеттері

Жоғары сынып оқушылары қатарына 9-11 сыныптарда оқитын 15-17 жастағы оқушылар жатады. Осы жастағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- денені мақсатты түрде жан-жақты, үйлесімді дамыту; дене тәрбиесі жаттығуларын, гигиеналық және сыртқы орта әсерлерін денсаулықты

нығайтуға қолдану іскерлігін, қобалжуға (стресс) қарсылық мүмкіншіліктерін қалыптастыру; жоғары денсаулық деңгейінің, жан-жақты дене дайындығының қазіргі қоғамға да, өзі үшін де қажет екенін саналарында қалыптастыру;

- дене қасиеттерін, күшті, күш-жылдамдығын, төзімділікті, икемділікті, қозғалыс әрекеттерін тез басқара, құра алу ептілігін, ағзаның тез қалпына келе алу қабілеттілігін т.б. қасиет, қабілеттерді ары қарай дамыту;

- дене тәрбиесі жаттығуларымен, өздерінің айналысып жүрген спорт түрлерімен тұрақты, жүйелі жаттығу әдеттері мен дағдыларын қалыптастыру; бекіту;

- өнегелік, көпшілдік, өмірге дұрыс көзқарас, өзін-өзі бағалай білу қасиеттерін қалыптастыру, алдыға қойған мақсатқа ұмтылушылық, өзіне сенімділік, шыдамдылық, ұстамдылық, сабырлылық қасиеттерін дамыту;

- тұлға ретінде психикалық және өзіндік қасиеттерін ары қарай дамытуға көмектесу, психикалық өзін-өзі реттеу негіздеріне үйрету.

Дене тәрбиесі әдістемесінің ерекшеліктері

Жоғары мектеп жасында дене тәрбиесі сабақтары қыздар мен жас жігіттер арасында бөлек жүргізіледі. Олардың ағзаларының анатомиялық, физиологиялық және психологиялық өзгешеліктері, ерекшеліктері дене тәрбиесі жаттығуларын үйрету, дене қасиеттерін дамыту амалдары мен әдістерін әр түрлі түрде таңдауды, жүктемені әр түрлі беруді, сабақты бөлек ұйымдастыруды талап етеді.

Жоғары сынып жасындағы оқушылармен өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары көбінесе жаттықтыру түрінде жүргізіледі. Жаттығуларды ойын әдісімен орындаулар азайтылып, сабақтарда көбінесе жарыс әдістері қолданылады.

Осы жас кезеңінде олардың дене құрылымдарын, дене және техникалық дайындықтарын ескеріп, жеке тапсырма беру әдістерін көбірек қолданамыз

4. Әр түрлі мектептердегі дене тәрбиесі

4.1. Аз комплектілі ауыл мектептеріндегі дене тәрбиесі

Аз комплектілі мектептер дегеніміз -сыныптардағы бала саны толмауы, аз болуы. Сондықтан мектеп басшылары сыныптарды екі-екіден, кейде үш-үштен қосып оқытады. Олар бір кешенді, екі кешенді деп аталады. Бір кешенді кезінде бір мұғалім үш сынып оқушыларын, екі кешенді кезінде екі мұғалім үш сынып оқушыларын қосып оқытады.

Дене тәрбиесі сабағына байланысты ерекшеліктер:

1.Спорт зал болмауы мүмкін, онда сабақтар көбіне таза ауада мектеп ауласында өткізіледі.

2.Сабақтарды ұйымдастыру күрделілігінде. Сабақтар аралас түрлерде, көбінесе ойын түрінде жүргізіледі. Дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыру кездерінде бұрыннан қолданып келген әдістер, көбінесе айналмалы, топтық, жеке дербес тапсырма беру әдістері қолданылады. Мысалы: дене деңгейіне байланысты бөліп жаттықтырғанда, кіші шеңберде әлсіз оқушылар, үлкен шеңберде күшті, мықты оқушылар жасайды. Сапта оң жақ қатарда үлкен сынып, одан кейін төменгі сынып оқушылары тұрғызылады. Кіріспе бөлімінде

жалпы бой қыздыру жаттығулары бірге жүргізіледі. Негізгі бөлімде сыныптар бойынша топтарға бөлініп, оларға мектеп бағдарламасындағы материалдар бойынша спорт түрлері, жаттығулары беріледі. Мұғалім барлық топтарға барып қателерін түзеп, әдістемелік нұсқаулар беріп отырады.

Сабақтан тыс уақыттарда сынып, мектеп спорт белсенділерін, мұғалім көмекшілерін дайындауға күш салу керек. Дене тәрбиесі үйірмесінің сабақтары жетісіне 3 рет бір сағаттан өткізіледі. Үйірме сабақтары оқушылар оқу бағдарламасындағы спорт түрлерінің негізгі жаттығуларының техникасын жетілдіру, дене дайындығының деңгейін жоғарылату және сынақ жаттығуларын орындауға дайындайды. Басқа барлық жұмыстар дене тәрбиесі мұғалімінің тапқырлығымен, білімділігімен, біліктілігімен, ұйымдастыру белсенділігі және шеберлігімен үлкен мектептердегі жұмыстарға ұқсас жүргізіле береді.

Мазмұны

Әдіскерлер секциясы

1.	Турсынбаев А.З. Алғы сөз	3
2.	Садықов С. Елбасы идеясымен жаңғырған түркістан - тәуелсіздік жемісі	4
3.	Султанбеков О.У., Танкыбаев М.А., Уразымбетова А.Е. Қазақ елінің тәуелсіздігіне – 30 жыл	11
4.	Басқараева Р.Т. Тәуелсіздік-халықтың үні, ұлттың тілі, ділі	13
5.	Темирбаева А.М. Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне үлес қосқан тұлғалар	15
6.	Панова А.Н. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту-оқушылардың білім сапасын арттырудың басты факторы	17
7.	Орынбасар Д.Ш. Әдіскер - бағыттаушы, ізденуші, шығармашыл тұлға	20
8.	Саипов Д.А. Біттібаева Г.М. Қашықтықтан оқыту жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, өз бетінше білімін көтеруге әдістемелік қолдау көрсету	24
9.	Түйебаев М. Критериалды бағалауды меңгеруде блум таксономиясына Л.Андерсон енгізген өзгерістерді қолдану	27
10.	Кульбаева Г.А. Педагогтің кәсіби өсуі-білім сапасының жоғары деңгейіне қол	32

	жеткізу шарты	
11.	Орынбасарова Г.О. Еомуратова У.Я. Педагогтің бәсекеге қабілетті тұлғасын дамытудағы кәсіби құзыреттіліктің маңызы	36
12.	Сапарбаева З.А. Бейсебаева У.Ж. Қашықтан оқыту: сабақты тиімді өту жолдары	39
13.	Қалиева Х.А. Жаңартылған білім беру мазмұны: Ізденіс пен тәжірибе-шешу жолдарына апарар жол	43
14.	Тлеубердиева Г.С. Қашықтықтан оқытуда диагностика, түзету-дамыту, кеңес беру, алдын алу жұмыстарының оқушы-ата-ана-мұғаліммен онлайн жағдайында ұйымдастырылуы	45
15.	Айменов Н.К. Мираманов А.А. Жеткіншек жасындағы балалардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары	49
16.	Мусабаева М.Т. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету	53
17.	Тағаева Г.Б. Қашықтан сабақ өтудің тиімді тәсілдері	57
18.	Усенбеков М.К. Сапалы білім – болашақтың кепілі	62
19.	Тойшыбеков Р.Е. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары	67
20.	Жунисова Н.Д. Сердалиева А.М. Дуйсебаева Ж.Ж. Студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудағы жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімділігі	71
21.	Байдарбекова Э.С. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері	74
22.	Джалгасбаев А.Т. Физика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	76
23.	Төлеубекова М.Қ. Жекенова Ә.С. Қостаншаева А.Т. Мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілетін арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыс түрлері	81
24.	Зейденова Р.О. Математика пәнінен оқушыларды ұлттық бірыңғай тестке дайындаудың әдістемелік негіздері	87
25.	Нұрымбетова Г.Х. Қашықтықтан оқыту кезінде топтық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері	90
26.	Есенбаева У.Б. Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білім сапасын	94

	арттыру: үздік тәжірибелер мен инновациялар	
27.	Оңғарбаева Р. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - заман талабы	99
28.	Алимбекова Г.А. Нәтижеге бағытталған білім беруде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	103
29.	Рендібаева С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім сапасының негізі	108
30.	Қабылова Қ.Д. Білім сапасын арттырудағы әдіскердің қадамдары	112
31.	Туркебаева Ж.Т. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруда әдістемелік қызметтің рөлі	116
32.	Надирбаева Д.О. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы қашықтан сабақты зерттеудің (lesson study) тиімділігі	118
33.	Оспанова З.А. Қашықтықтан оқыту жағдайында химия сабақтарында жаңа тәсілдерді қолданудың тиімділігі	124
34.	Алпысбай Н.Ж. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруда әдістемелік қызметтің әдіскерлік рөлі	130
	Биология секциясы	
35.	Тажипбаева М. М. Roqed Science бағдарламасымен оқытуды ұйымдастыру.	136
36.	Сексенова З. Н. Заманауи сабақ: оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрлері.	141
37.	Сахова Б.О. Жаратылыстану пәндері бағыты бойынша білім сапасын арттыру; үздік тәжірибелер мен инновациялар.	145
38.	Назарбаева Д. Биология пәнін қашықтықтан оқытудың тиімділігі мен кемшіліктері.	149
39.	Әбілда Ш. Ж. Биология сабағында жаңартылған бағдарлама бойынша оқушылардың білім жетістіктерін критериалды бағалау.	153
40.	Мухамедяров А. Х. Қашықтықтан оқыту жағдайында білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері.	157
41.	Кубегенова Ж. К. Биология сабағында зертханалық жұмыс пен модельдеуде STEM элементтерін қолдану.	160
42.	Сейдахмет Д. Ә.	163

	CLIL- пәндік тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы сабақтарда...	
43.	Тұрат А. Н. Оқушының білім сапасын көтеруде интербелсенді әдістердің маңыздылығы.	166
44.	Абзелова Б. Ж. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамытуарқылы оқушылардың білім сапасын арттыру.	171
45.	Қалтаева Г. Онлайн оқыту: сабақты қызықты өту жолдары.	174
46.	Жамбаева А. Ш. Онлайн оқыту: сабақты қызықты өту жолдары.	179
47.	Бақтиярқызы А. Жаратылыстану бағытындығы пәндер бойынша білім сапасын арттыру: үздік тәжірибелер мен инновациялар.	184
48.	Кулумбетова С. Б. CLIL әдістемесі бойынша оқушылардың тілдік біліктілігін дамытуға бағыталған биология пәніне арналған тапсырмалар.	189
	География секциясы	
49.	Карнакбаева И.О. Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы аясында география пәнін оқытудың тиімді технологиялары	194
50.	Парпиева Ж.С. География пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін дамыту арқылы білім сапасын арттыру	198
51.	Атабаева Г.Ә. Жаратылыстану бағытындағы пәндерге STEM технологиясын енгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	202
52.	Утекулова Б.А. География пәні бойынша білім сапасын арттыруда мұғалімнің белсенді рөлі	206
53.	Нурбекова К., Сарсенбаев Т. PISA халықаралық зерттеуі аясында оқушылардың география сабағында оқу сауаттылын дамыту жолдары	209
54.	Абдыхадыров Ш.Ж. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы кері байланыстың маңыздылығы мен ерекшелігі	214
55.	Аманбаев Н.С. Географияны оқыту технологиясындағы геоақпараттық жүйелер. Географиялық карталар мен глобустың алатын орны	217
56.	Есенбаева У.Б. Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша білім сапасын арттыру: үздік тәжірибелер мен инновациялар	222
57.	Торгаутова А.Ж. Қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың дидактикалық	227

	мүмкіндіктері	
58.	Оспанова Ф.К., Қалекеева А. Трендтегі STEM білім беру арқылы оқушылардың цифрлық сауаттылығы мен ғылымға деген қызығушылығын арттыру	231
59.	Кулбекова С.Е. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттыру	234
60.	Омиралиева М.Б. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері	239
61.	Байдаулетова А.М. География сабағында әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалану жолдары	243
62.	Нурлыбай Ә.Л. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	246
63.	Жанбатырова А. Ш. География пәнінде білім сапасын арттыру: үздік тәжірибелер мен инновациялар	248
64.	Оналбаева Ш.Б. География пәнінен білім сапасын арттыруда рөлдік ойындардың тиімділігі	253
65.	Тучиева И.К. Оқу туризмі арқылы мектеп оқушыларын географияны оқуға ынталандыру	257
66.	Нурғалиев С.Ж. География сабағында PISA халықаралық зерттеуі тапсырмаларын тиімді қолдану арқылы - білім сапасын арттыру	261
67.	Аманбаева Г. Математика сабақтарында ойын элементтерін пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	264
	Информатика секциясы	
68.	Имашева Қ.С. Stem технологиясымен оқыту - болашақ био және нанотехнологтарды оқыту.	269
69.	Қуанышбаева М.Д. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттыруда қолданылатын әдіс тәсілдер.	271
70.	Ажиходжаева Г.А. Акт қолдану арқылы оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру.	277
71.	Бейсекова У.А. Информатика пәнінен қашықтықтан қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын әзірлеудің тиімділігі.	282

72.	Асембеков Р.А. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері.	288
73.	Ургешбаева Л.А. Мектеп оқушыларына халықаралық салыстырмалық зерттеулерге ісін дайындаудың тиімді жолдары.	290
74.	Ажибекова Ж.Д. Үштілділік-білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі факторларының бірі.	296
75.	Керимбаев А.А. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері.	299
76.	Өзен М.А. Google forms ортасында жиынтық бағалауды ұйымдастыру әдісі.	304
77.	Исаева А.Е. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби күзіреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	309
78.	Ахметова Б.А. Қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері	314
79.	Ахметова Д.Қ. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында информатика сабағында оқушылардың жобалық және зерттеушілік дағдыларын дамыту.	318
Көркем еңбек секциясы		
80.	Бейсенова А.Т. Педагогтердің кәсіби шеберлігі – саналы тәрбие мен сапалы білім негізі	324
81.	Жумадилова Г.А. Көркем еңбек пәнінде қашықтықтан оқытуды жүргізудегі мұғалім ролі	328
82.	Акимбекова Н.Б. Қашықтықтан оқыту жағдайында көркем еңбек пәнінің өзекті мәселелері	333
83.	Ташенова Г.С. Қашықтықтан білім беруде кері Байланыстың тиімділігі	337
84.	Абдыраманова А.А. Жаңа білім мазмұны бойынша оқушыларға білім беруде мұғалімнің кәсіби қасиеттерін дамыту жолдары	341
85.	Сандыбаева Л.А. Көркем еңбек пәнінде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып оқушыларды шығармашылыққа баулу	344
86.	Кемешова Ш.	349

	Мектеп бағдарламасында stem-білім беру Жүйесінің тиімділігі	
87.	Раджапова А. Заманауи сабақ: оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрлері	352
88.	Шалданбай Р.А. Қашықтықтан білім алудың өзекті мәселелері	354
89.	Алиева Т.С. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын артырудың өзекті мәселелері.	357
	Математика секциясы	
90.	Омирбекова У.С. Математика пәнін қашықтан тиімді оқыту және оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану	362
91.	Жуманова Г., Балкибаев Е. Математикада кездесетін жаңа форматтағы жағдаяттық есептер	364
92.	Ондыбаев Б.Б. Орта буын сыныптарында математика пәнінде оқушыларды қашықтықтан оқытуға бейімдеу	368
93.	Тайжанова Д., Әкімжанова Ж. Liveworksheets – интерактивті жұмыс дизайнері	371
94.	Шерубаева А.К., Бекаева А. Pisa зерттеулеріндегі математикалық сауаттылық тұжырымдамасы	375
95.	Бакильбеков О. Математика пәнінде жиынтық бағалау жұмыстарын «google» формада жүргізу	380
96.	Сұлтан Н.Б. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруда әдістемелік қызметтің рөлі	384
97.	Сабденова А.Ы. Математика пәнінен қашықтықтан оқытудың өзекті мәселелері	387
98.	Нуралиев А.Ж. Квадрат функция ұғымын қалыптастыруда математикалық бейнелі – тірек моделін пайдаланудың тиімділігі	390
99.	Бухарбаева М. М. Жаратылыстану бағытындағы пәндерге stem технологиясын енгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	397
100.	Аймаханов Е. А. Дарынды және талантты балаларды қолдау және дамыту	402
101.	Аширбекова Ж. Қашықтықтан математика пәнін оқыту жолдары	406
102.	Байсеитова Ж. Тажиева Э. Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту - заман	411

	талабы	
103.	Раманова Г. Жаратылыстану бағытындағы пәндерге stem технологиясын еңгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	415
Тарих секциясы		
104.	Садықов С. Елбасы идеясымен жаңғырған Түркістан – Тәуелсіздік жемісі	420
105.	Шатырбаева А. Педагогикалық және мазмұндық білімдерді ұштастырыра отырып, оқу мен оқытуды жақсартуда сабақты зерттеу әдісінің маңызы	427
106.	Тунгатова А., Усенбеков М. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері	231
107.	Салықбаева С. Жаһандану заманындағы жаңартылған білімнің жалпы көрінісі	436
108.	Салимова К. Тарих сабақтарында қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелер	439
109.	Қаражигитова Б. Онлайн оқыту: сабақты қызықты өту жолдары	444
110.	Тенлесбаева С. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтардың кәсіби күзіреттілігін дамыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру	450
111.	Матекова Б., Бекеева Ш. Жаңартылған білім мазмұны аясында сабақ мақсатын дұрыс құрудың маңыздылығы	453
Физика секциясы		
112.	Миндетбаева А.А. Ниязова К.Ж. Орта мектепте жаратылыстану пәндерін оқытуда stem-оқыту технологиясын іске асырудың мүмкіндіктері	458
113.	Азизханов Д.А. Сарыбаева Ә.Х. Орта мектепте физикада STEM білім беруді оқытудың қадамдары.	461
114.	Марова М.А. Физиканы оқыту бағдарламасына stem технологиясын еңгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	465
115.	Анарбекова Б.А. Физика сабағында pisa халықаралық зерттеу тапсырмаларын еңгізу арқылы оқушылардың ғылыми ой-өрісін дамыту	470
116.	Байболова Г.С. Физика пәнін ағылшын тілінде кіріктірке оқытудың маңызы мен жаңа әдіс- тәсілдерін тиімді пайдалану-сапалы білім негізі	474
117.	Смагулова Ж.Н.	479

	Бейіндік сынып оқушыларын физика есептерін шешуге үйретуде әрекеттік тәсілді қолдану әдістемесі	
118.	Самендинова Г.Ж. Физика сабағында танымдық қызығушылық пен шығармашылықты дамыту құралы ретінде қолданылатын - физикалық эксперимент.	482
	Химия секциясы	
119.	Жаркинбаева Г.Т. Керимбекова А.А. Қашықтықтан оқыту жағдайында химия пәнін қызықты өту жолдары	488
120.	Сабденова А. Жаңартылған бағдарлама негізінде химия пәнінен критериалды бағалау арқылы оқу сапасының артуына ықпал ету	493
121.	Алипбаева Н.Н. Он-лайн оқыту сабақты қызықты өту жолдары	504
122.	Халдарова У.И. Онлайн оқыту: сабақты қызықты өту жолдары	509
123.	Абишова Ж. Үштілділік-білім беру мазмұнын жаңғыртудың негізгі факторларының бірі.	514
124.	Абдикаюмова Н.А. Химияның үш тілде оқытылатын сабақтарын ұйымдастырудың маңызды факторлары	520
125.	Халикназарова Н.А. Заманауи педагогикалық технологиялар - білім беру мазмұнының негізі	525
126.	Тажбанова Г.Р. Мектеп оқушыларын халықаралық салыстырмалық зерттеулерге (pisa) тапсырмаларын дайындаудың тиімді жолдары	528
127.	Бимбетова Б.У. Айтбеков А.Т. Үш тілділік бағыт бойынша химия пәнін қашықтан оқытудың тиімді тәсілдері	532
128.	Жаппарқұлова С.Қ. Үштілділік- білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі факторларының бірі	543
129.	Мелдебаева Г.А. Химия пәнін ағылшын тілімен кіріктіріп оқытудың мүмкіндіктері мен қиындықтары	546
130.	Сүлейменова С. Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушылардың білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері	550
131.	Досумбекова М.П. Заманауи сабақ: оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрлері	555
132.	Убайдуллаева Н.Х. Мәселелік (проблемалық) оқытудағы химиялық эксперимент	560

133.	Айбекова Р.Б Химия сабағында интеграциялық технологияны ұтымды пайдалану жолдары.	564
134.	Жубаева Ж. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда халықаралық салыстырмалық зерттеулерінің рөлі	567
135.	Елжанова Д.Е. Спанова Ш.Ж. Мектеп оқушыларын халықаралық салыстырмалық зерттеулерге рiса тапсырмаларын дайындаудың тиімді жолдары	570
136.	Бурисова Р.Н. Бәкір Т.Б. Қашықтан оқыту жағдайындағы оқушылардың білім сапасын арттыруда мұғалімнің негізгі рөлі	577
137.	Тойшиева Ж. География сабағында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі	582
138.	Мырзабекова Г.С. Оқыту процесінде білімді есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы, қызметі	585
139.	Рыжкова О.Б. Ищанова Е.К. Применение икт в преподавании учебных предметов в рамках обновленного содержания образования	590
140.	Даулекова А.К. “Google Classroom” интернет платформасын қашықтан оқыту жүйесін ұйымдастыруда пайдалану	594
141.	Тұрнияз Н.Ә. Турабеков Г.О. Дене тәрбиесі жұмыстарын жоспарлау	600